

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

7





ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАРЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1980

ҚАЗАҚ ССР ФЫЛЫМ АҚАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАРЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘҮЕЗОВ

ЖЕТИНШІ ТОМ

994.372-34
2-90



*Очерктер мен „Өскен өркен“
романы*

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ

1980



Қаз 2
Ә 90

Редакциялық коллегия:

АХМЕТОВ З., ӘУЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р.,
ҚАРАТАЕВ М., МУСРЕПОВ Ф., НҮРПЕЙІСОВ Ә.,
ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.

754342-4
Фылыми түсінікті жазып, томды
баспаға әзірлекендер:

[САХАРИЕВ Б.,] ӘКІМОВ Т.

Әуезов Мұхтар.

Ә 90 Жиырма томдық шығармалар жинағы.—
Алматы, Жазушы, 7 том, 1980. Очерктер мен «Өскен өр-
кен» романы.— 472 бет.

Қаз2

Ә 70700—157
402(05)80 доп. 80 4702023020

ГОС. БИБЛИОГЕКА
ҚазССР им. А. С. ҚОДАМА

Инв. № 56721

ОЧЕРКТЕР

«ТҮРКІСТАН» СОЛАЙ ТУҒАН¹ (ДИРЕКТОР ТУРАЛЫ ОЧЕРК)

Жолсызда жүрген вагон

Бүгін таң атқалы үшінші тәулік те толды. Үздіксіз ауыр, шабан, мимырт жүріс әлі аяқталған жоқ. Тек тасбақадай тырбанып бірқалыпты шақыр-шұқыр, тарсылықтар салып, айдалада жалғыз әлектенген «ДТ-54» тракторын көресің. Айнала құлан елсіз, мұлде меніреу. Трактор тына қалса, теңіз түбіндегі үнсіздік әлемі басады, ол мелшиген жым-жырт.

Өткен тәуліктер ішінде бұл трактор көрмеген азап қалған жоқ. Қалың қатпар Қаратау, қала берді аяғы жоқ, басы жоқ бүгіле, созыла жатқан ұзак қатар Ақтау таусылар да емес. Тегістеліп, оңайлар да емес. Сондай бейнетті меніреу кешудің тағы бір қын өрін майталман батыр трактор жанаға фана бар пәрменімен жеңіп шықты. Әуелі шаршы өрдің жиегіне төстабандап жабысты. Құртілдеген үніне бұрқылдаған көк түтіні үзіле-үзіле ілесіп, алыптың өзі жотаға шыққан.

Сәлден соң бұған ере артына тіркелген адам айтпас келенсіз жүгі көріне берді. Қарауытып, қаңқып, аба-жадай үлкен қалпымен қалтылдаپ, қалықтап о да келіп жотаның қырына ілінді. Трактордың үш күшнегі бері сүйрегені, осы бір ақылға сыймас, келенсіз жүк. Ол.— үлкен бір қызыл үй. Тек қана дөңгелегі жоқ, кәдімгі өз орны, өз рельсінде, өрекшелі жоқ үлкен қызыл вагон.

¹ Бұл очерктиң бар дерегі нақтылы болмыс шындықтан алыша да, кейбір адам аттары өзгертуіліп аталауды. Автор.

Төменде бес рельстен шана табанындағы табан жасап орнатқан қызыл вагон екен. «Үш ұйықтаса ойна кірмеген» құлан елсіз жолсызда «ақ қар, көк мұзда» Жон аталған үлкен өлкенің жиегіне жаңа ғана кеп иек артты.

Трактордың қасында жаяу жай ғана басқаш аласа бойлы, шүнегт көк көзді, шолақ ақ тонды, ақ пималы жүргінші жүндес қолғабын жоғары созып көтерді де, төмен сілікті. Тракторшыға «тоқта» дегені. Трактор тоқтай берді, бірақ мотор өшірілген жоқ, тек әлсіреткен күйде ол діріл қағып, бұлк-бұлк, дүңк-дүңк соғып түр. Екеуіне де мәлім қатты бір байлау бар. Не де болса, бұлар ешуақытта моторды тоқтатып, өшірмек емес. «Не глушить мотор, только не глушить!»¹— дескен екеуінің өлімнен қайтпастай, айнымастай байлауы болатын.

Тракторшы Новиковтың өңін жел қаққан, аяз сорған. Ұйқысыз жүдеген қалпында оның реңі қазір қара көк тартқан. Соның есебіне кішкене шошақтау көздерінің жасыл бояуы қоюланып, айқындағы түскен. Жаңағы бүйрек бойынша тоқтаған тракторшы моторды әлсіретіп қоя салысымен жерге түсті.

— Ух, құрып кетсін бұл Джон! Ит Джон. Бұған жетеміз бе, жолдас директор, жоқ па?— дей берді.

Қажығаның мойындағысы келмеген жолдасы қысқа ғана үн қатты.

— Жонға жеттік, Жонға шықтық міне! Әйрап ол әлі қуантпайды, Новиков сені!— деп артқы қызыл вагонге қарай жүрді.

Бұлардың ендігі әңгімесі жол азығын салған қаптың қасында созыла берді. Кепкен нанды сырты бозғыл тартқан колбасамен қосып жеседі. Тоңазып қатқан сары майды бұлар томар-томар омырып жейді. Тұн бойы ас ішпеген екеуі танертең елең-алаңда тамақтанбай шыққан. «Жонға ілініп жетіп алып, сәскелік асты сонда іш-йік» дескен. Тоқтаған жайлары да осы еді.

Аспан ыланы әлі айықпаған. Жақын заманда айығардай түрі де жоқ. Жұмарланған қою сүр бұлт қана қаптаған. Жотадан айналға көз жіберсе көз тоқтарлық бірде-бір қарауытқан бұдыр жоқ. Тек қана ақ көрпесін қалың жамылған, дүңкіген қалың-қалың жоталар жа-

¹ «Не глушить мотор, только не глушить!»—«Тек мотор өшпесін, мотор!»

тыр. Кей жакта көк жиекке шейін созылып жатқан ұшан-төңіз ақсүр дала, сұық дала. Жүргіншілерге әлі соншалық жат, жұмбақ дала. Бірде-бір жерде адам жайы білінбейді. Қала, село былай тұрсын, қалқиған жалғыз-жарым қора да жоқ. Алдыңғы күн мен кешелер сирек те болса ес болғандай мал фермалары кездесуші еді. Адамы аз жалғыз-жарым үйлері ғана бар сирек отар, қашарлар болып еді.

Екі жүргіншінің көңіліне бүгін елсіз құлазыған жапан түз жәйі әбден мәлім. Олар бұл маңнан, бүгінгі жолдан адам мекенін күтпейді де. Бірақ көз бен көңілге соншалық жат, жайын дүние аса сұық тартып, орасан өгейлік аңдатады.

Екі ұртын мұздақ колбаса мен қара нанға көмейлете толтырып алған Новиков, зорға сөйлесе де, бұл жол мен Жонға қатты наразылығын айтады.

— Құншуақты Қазақстан... Қақсы-ақ екен, несін айтасың!

Жолдасы қостай түсті:

— Тым құрыса Қостанай мен Павлодар облысы болса бір сәрі. Февральдың аяғында Қазақстанның жылы жағында, Жамбыл облысында бүндай қалың қар, бүндай ұзақ қыс болар ма? — деді. Новиковтан гөрі көбірек билетін де түсінетін қалпы бар. Өзімен өзі ойланған сөйлескендегі боп біраз жайларды таратып айтып кетті.

— Рас, был «отыз жылдан бері болмаған ауыр қыс болды» деді маған облыс қызыметкерлері. Бұл жолдың қыындығын көп айтысып еді. Бірақ сонда да дәл сен екеуміз көргендегі, мұншалық қалың қар, мұндаілық меніреу дүниені күткен емеспін. Біз қазір «Жон» деген жерге жеттік. Осы жаңағы шыққан өрден былай қарай, анау ұзаққа кетіп жатқан жота, мынау көлбеп жатқан адырлар, төбелер бәрі енді сол біздің болашақ совхоздың жер шегіне кіреді. Бірақ не керек, әлі де, Новиков, екеуміз алда тататын ашы азап көп. Мынау жүк, мынау ақырын жүріс, ауыр жолсыздық жағдайында екеуміз бүгін түнге шейін алдағы кішкене пунктке жете аламыз деп сенбеймін. Одан да асай тұс колбасаны! Майды және молырак аса, болмаса өзінің моторын да әлсірен жүрмесін. «Не глушить мотор!» Ол тракторға ғана айтылған емес! Қажымасқа, берілмеске, тоқтамасқа сен екеумізге де арналған ұран! — деді.

Ширақ бойы сергіп, ұсақ тістерін ақситып өзгеше

бір сілкінгендей бол қатты күліп алды. Шұнет қабағынан ішінде терең орнаған үлкен көздері Новиковке қадала қарайды. Дем бере, жандана барлап, жылы сәуле текті. Бұның көзі өзгеше бір қажырдың, сабырлы ақылдың көреген көздері тәрізді. Көз реңі жасыл көк емес, ақшыл көк. Адамның түсіне ғана емес, ішіне де қарағыш шыншыл көзінде сирек бір саналы оттар байқалушы еді.

Новиков бұның жаңағы айтқан жайларын ұфына тыңдап тұрып, өзінше бір долбар айтты.

— Осы күндерде көп совхоздар Қазақстанның ең сұық жағы солтүстік облыстарға орнап жатыр ғой. Оларға бізден де қызын шығар!

Бұған оның жолдасы екі ұдай жауап берді.

— Қызыны да бар, бізден жеңілірек жәйі де бар!

Ол өзі Қазақстанға жүрерден бұрын жалпы осы республиканың экономикалық, географиялық жайларынан әдейілеп оқып алған көп кітаптар мәліметін еске туғарді.

— Рас, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, тіпті Қекшетау, Ақмола облыстарының бәрі де бұл жақтардан сұық. Қары қалың, бораны да көп. Бізде мынау қар, мынау ұзақ қыс сирек болатын жәй! Бірақ сонымен қатар ол жақта таулар аз. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, көп жерінде Қекшетау, Ақмолада тегіс далалар мол. Онда трактор, сенің тракторың, көрген қорлық азапты дәл бұндай көрмейді. Біз сияқты поезд станциясынан тоқсан километр жерге орнаған және жолының бәрі тау, ой-шұңқыр, тас-қия, жар-жыра болған совхоз жоқ деуге болады. Нé деген сөз? Бір ғана вагонды болашақ совхоз орталығына жеткізу үшін екеуміз трактормен бүгін үш күн сүйреп келеміз! Осы жолдың әрі жырақтық, әрі ой-шұңқыр, тау-тасты қындықтары Солтүстік Қазақстандағы совхоздарда жоқ деуге болады. Біздін жайсыз жағымыз дегенім осы. Сондықтан әлі де баса бер, Новиков, тарта бер! — деп өзінің термосындағы ыстық шайының ең соңғы кружкесін Новиковке төңкере құйып берді.

Сәл тынысып, тамақтанып бой жылдытып серги түсін қалпында ауыр жолдың жолаушылары тағы да миморыт жүріске басты. Аяздал қалған машина шықырлай шықырлап, сықырлай күтірлеп қалың қарды жентектеген күйде екі жағына ыршыта шапшытып, лақтыра оты-

рып Жонның күдір жотасымен баяулап тарта берді. Бұлынғыр құнгірт сәуле арасында айнала айқын көрінбейді. Сұрқай аспан мен ақсұр дала ұласып, кілегей сүйік сұрғылт бір бояуға батқан.

Жон маңы жүргіншілерге тағы бір тың әлек әкеле бастады. Бұрынғы ойда, сай-қолатта келе жатқандай емес, жотаның үсті қатты ызғырық аязды жел аңқытуға айналды.

Новиков тракторды жүргізе отыра енді жиі-жиі аузы-мұрның уқалай бермесе үсінетін тәрізі бар. Жолдасты жел өтіне тоңа бастаған беті-мұрның сақтау үшін сырт айналып, арқасымен шегіне жүріп беті-қолын уқалай берді.

Жон үсті жақында жауған қарын құғылайды. Алпыс жиек қана емес, жақын жерлердің өзінде де ирек-ирек күртіктер үстінде тұтіндей, құйындаі бұралып шалқы түсіп, жаяу боран — ақжорға жүре бастады.

Құн анық аязды, желді борасынға айнала берді. Жонның қарының да бұрынғыдан әлде қайда қалындаі түскенін Новиков түйілген қабақпен ақысталап келеді. Айқын жол жоқ. Бұларды бастап келе жатқан бірер машинаның есікі сүрлеуі ғана. Ол кей жерлерде боран астында басылып қалады. Кей тұстарда омырылған томар-томар қар кесектерін, үлкенді-кішілі қырышықтарын көрсетіп қояды. Кешке де, таңғы елең-алаңда да, қазіргі жаяу боранда да жат жолдағы жатырқағыш жолаушы-тракторшыны бастап келе жатқан соқыр жол осы.

Жон енді біразда кей тұстарда жақпар тастандарды, қатпарлы қатар тәбелерді, сирек бұталарды жиілетті. Боран қаратастан да, қалтылдаған тікенді шенгелдің үсті-басынан да, бауырынан да үйытқып өтіп жатыр.

Новиковтың көзі тек қана алда, соқыр жолда болатын. Ал жолдасты соңғы сәтте сол жақтағы бір жайға қадалып, тоқтай қарап қап еді. Оның көзіне сонау селдір аласа бұтаның түбінен көтеріліп, қалқып тұрып қайта құлап түскен бір жан иесі елестеді. Көрінді де құлап жоқ болып кетті. Аспанға созылған қолдар бай-қалған тәрізді. Әуелде жолаушы бұл көрінген тау ешкі бола ма, анау мүйізі ме деп қалып еді. Қейін жиырыла құлаған бейнені көргенде көңілде күдік қалған жоқ. Жылдам басып трактордың қатарына омбылай жүгіріп кеп жетті де, тағы да дағдысынча қолрапты қолын жо-

ғары көтеріп, төмен бір-ақ сілкіп «тоқта!»— деген бүй-рық берді.

Новиков тоқтады да, таңдана қарады. Жолдасы сол қолымен жаңағы жақты нұсқап тұрып: «Анау жерде біреу жатыр! Меніңше сол адам!»— деп еді.

Новиков бұның неге тоқтағанына қайран болып: «болса болсын!»— деп қайтадан барапкеге қолын сала берді.

— Тоқта, ол адам болғанда боранда үсіп жатқан адам болу керек!

— Но, несі бар, біз не істейміз?

— Не істеу керек? Тұндегі боранда адасып, ұшып өлгелі жатқан адам болса, біз көмек етпейміз бе?!

— Қандай көмек?! Не айтасыз? Қемекті менің өзіме етсін, мен де ұшып өлгелі келем, жолдас директор! Бөгелмейік!— деп тракторды журіске қайта басты.

Директор оны иығынан қақты да қайта тоқтатты. Енді даусы шашыла ширап, қатаң шығып еді.

— Мен көмек ету керек деймін, құтқару керек деймін! Үқтың ба? Ол адам! Мүмкін өлгелі жатыр.

— Қалай көмек ет дейсіз?

— Бұр тракторды.

— Но... жолдас директор, тастаңыз ол қылжакты!

Директор өткір көзін қабак түйе зілдене қарады.

— Бұрылып барамыз, бұрыңыз тракторды! Түсінесіз бе, адам өлгелі жатыр дегем жоқ па мен сізге?!

Новиков те тістеніп, ашуулана тұсті.

— Қайдан бұрам, жолдан шықсақ қайтадан таппаймыз мынау ит ізді, адасамыз. Өлген адамды айтсанызы, алда да, біздің өзіміздің совхоздың адамы да өлгелі жатыр. Үш күн болды азықсыз! Біз болсақ жете алмай келеміз.

Директор өзінің нық байлауына енді ашумен түйілген еді. Қарды тепсіне тұрып:

— Бәрібір біз қауіпке түскен адамды тастап кете алмаймыз. Түсінесің бе, біз совет адамымыз. Бұр деймін қазір тракторды!

Новиков те ызамен қарсылыққа басты.

— Машина үшін мен жауап беремін. Алмаймын мойныма ол жауаптылықты. Жолда тағы тас, бұрыла алмаймын!— деп жағын тістеніп, тракторды қозғай берді.

Қазір тотықсан сарғыш жүзіне қып-қызыл ашу қа-

ны ойнаған, кішкене ширақ денелі ақ тонды адам енді жүгіріп ұшып, трактордың алдына шығып тұра қалды. Новиков тақалса да ол тапжылған жоқ. Тракторшы бас шайқап, қызыр жолдасын жасыл көзімен оқтай атып тоқтай берді. Сол кезде саңқ еткен қатты үнмен қысқа ғана жалғыз бүйрық айтты директор:

— Мен бүйрымым, бұр!

Трактор жиыны екі жұз метрдей жерде көрінген жаңағы жалғыз селдір бұтаға соңшалық жай жылжып, қиналып, шықырлап, байбайын сала, бар лағнет қарғысын айта зорға жетті. Тікен түбіне директор үмтұла жүгіріп бұрын жетіп еді. Қалың қардың ойылған құдықша түбінде бұк түсіп жатқан кішкене дene көрінді. Адам... қазақ киімді. Басында шуберек, үстінде шапан. Эйел! Директор құдыққа үзіле келіп, бұны екі жағынан қаусыра құшып, жоғары көтеріп алды. Жұзіне қараса тасқа түскен таңбадай күрысып сұрланып-сұрланнып түскен қалың қатпар ажымы бар арық, жүдеу, кішкене кемпір екен. Қазақ кемпірі. Қабағын сәл ғана жиыра көтеріп, көзін болымсыз ғана ашты да: «алла!»— деді. Екі жағы қалтылдаپ, өне бойы дір-дір қаққан, ұшып жаурап біткен сорлы жан, адам қолы бойына тие бере, сіресіп, есінен айрылып талып кетті.

Енді трактордан түскен Новиков те көмекке келген еді. Екі ерек шүйкедей кемпірді көтеріп алып, вагонге әкелді де тоңазыған есігін шықырлата ашып жіберіп төменгі аласа полкаға әкеліп жатқызды. Енді екеуі бірдей «спирт, спирт!»— десіп тезінен кемпірдің екі қолын, кеудесін, аяғын, өн бойын спиртпен ысқылай бастады..

Салқын вагон ішінде аузына да спирт тамызды. Бойы сәл қызынып, жан кіріп жылына берген кемпір аузына ашы спирт тамшылары сирек тістері арасынан еткенде барлық бет-жүзін тыжырта, ышқына «үн» деді. Жарты сағаттай бұның өн бойын уқалап, ысқылап жан шақыртқан екі ерек енді кемпірдің есі кіре бастағанын андады. Рені онған, бозғыл қоңыр тартқан ажарлы көздерін енді анық ашып, екі орыс адамына ұғына қараған кемпір алғыс белгісіне ишарат жасап, басын щұлғи берді.

Директор енді одан орысша жөн сұрап: «Сенің атың кім? Сен кім?»— деп өді, кемпір түсінбеді. Құлағы да көмексі естиді. Ол өз жанынан көкейін тескен бір ауыз сөзін айттуға ынтығады.

— Сада... Садаға... Садағаң кетейін. Садаға!..— дей береді.

Директор мен Новиков оның атын «Садаға» қойып алды.

— Садаға, сен қай колхоз?— деп сұраған директорға:

— «Ждан!».. «Жданов!»— деді.

Екі жолаушы «Жданов» деген колхоз атын естігенде қатарынан елең етісті.

— Біздің көрші колхоз!.. Біздің база қасындағы колхоз! Жолдағы Жданов атындағы колхоз!— деп кемпірге екеуі кезегімен бас шүлғыды. Қолдарымен өз кеуделерін үрып, алға қарай, Жданов атындағы колхозға қарай қол сілтеді.

«Біз де сол Жданов атындағы колхозға қарай барамыз!» дегендей кемпірге түсінікті белгі жасады.

Бір тірі жанды өз қолдарымен өлімнен құтқарғанына қазір тракторшы Новиков та өзгеріп, көтеріле сергіп қалған. Ол енді бұрыштағы азық қапшығы ішінен өзінің термосын алып кеп кемпірге үлкен шыны шай ұсынды. Екі жақтан нан, май берісп жатты.

— Садаға, іш! Сен өлмейсің, көп жасайтын кемпір Садаға!— деп енді директор мен Новиков өздері құтқарған саналы жүзді кемпірге әзіл де айта бастады.

Осы күні Жонның ұзак, сар жотасын аса баяу жүріспен даңғаза қып зорға шырлаған үлкен-көлік кешке шейін жүрді. Әлі де Жон деп аталғанмен бұл өлкे бір тегіс емес екен. Үш-төрт рет Новиковты аса қатты қинаған, әуре-сарсаң еткен тік шанышылған құлаберіс те болды. Ұзак қөлбеп созылған шаршы өр де кездесті. Тоңы қатып, құлай түсіп, кемерленіп жатқан шүңет сай, гар жыралар да табанынан тартқандай бол «ДТ-54» тракторына тістесе жабысты. Сіреле қысып, жібермей жатып алған жерлер көп болды. Ең соңғы, бейнетті бір жер, бұлар баратын база болмысқа екі жарым-ақ километр жердегі терең жар еді. Дәл сол араға кеш бата кеп ілінген, мейлінше қажыған жүргіншілер төрт сағаттай кесел жардың тұтқынынан шыға алмай әлеккे түсті.

Бүгін күні бойы вагон ішінде үлкен тонға оралған кішкентай кемпір бүрісіп құнысты да жан шақырып жата берді. Жолдың ор, жыралары, өр-қиялары вагонның еденінде оны әрлі-берлі көп домалатқан еді. Кемпір әй-теуір қалың тонға шымқана оранған күйінде сол тоны-

мен бірге «Алла, құдай!», «Ойпырым», «Садағаң кете-йін», «Алда, жасағаң!» дей түсіп жата берді, қала берді.

Тек жеттүн мейлінше болып, айнала қоңырқай қара қошқыл дүниеге әбден ауысқан шақта ғана жүргіншілер алдынан кішкентай терезелердің қызғылт сары оттары көріне берді. Жақын жердегі адам жайы бес-алты жерден көрінді. Енді бір азда үнсіз меніреу жотаны өзінше оятып, көп иттің үре жүгірген үндері естілді.

Директор күні бойғы омбы қардағы жаяу жүрісте өне бойы үйып, талып, шаршаған болса да енді сақылдап құліп жіберді.

— Иттер! Туғандар, сүйікті иттер! Үріндер, келіңдер, тек үріндер!— дегенде сұық жүзді Новиков те балаша құлді.

Адамзат мекеніне өлі дүниеден зорға құтылып жеткендері үшін бұлар сондай қуанышты еді. Жүргіншілер мақсат еткен мекеніне жете берді. Бұл арада өңшең кішкене аласа қазақ қорасы болатын. Жиыны он шақты қора болғанда бәрінде де кішкентай аласа терезелерде әлсіз жарық қызғылт сары сәуле береді. Кешкі оттар сөнбеген, ауыл әлі жатпаған екен.

Күрілдеп дүрсілдеген трактор ауылға тақай бергенде, жаңағы иттерге ілесе алдан ереуілдеп шыққан адам саны да мол екен. Осы көлікті жүргіншілерді асыфа тоқсан адам тобы андыздал жүгірісе, дабырлап сейлесе алдан шығып қоршалай берді.

Директорды тани бере жүгіре кеп құшақтай алған жас қыздар, еркектер дабырлап қуана қарсы алып жатыр.

— Алексей Иванович, родной!

— Директор, қымбаттым!

— Туған әкем! Неге мұнша кешіктіңіз?

— Біз сізді сағынып, көксеп өлер болдық қой!

— Сіз шыққалы үш күн, үш түн. Біз біліп отырмыз.

— Боранда адасып, үшып өлді ғой деп те қорқып едік.

— Жеткениңіз қандай жақсы!— десіп Новиковты да, директорды да қамап қоршап алған жүрт әлі бұлардың аузын ашырмай дабырлап шуласты, таласа сөйлеп жатты.

Директор жол қыншылығын қатты бір қарғап, қысқа атап алды да қарсы алған адамдардан өз жөндерін сұрай бастады.

— Сендер тегіс тірімісіңдер? Аштан өлгеү жоқсындар ма?— дегенде бірнеше жастар даусы ашы үнмен жарыса шықты.

— Ашпыз! Нан кеше бітті.

— Істық тамақ ішпегелі үшінші суткә.

— Нан әкелдіңіз бе? Азық келді ме?— дескенде барлық отыз-қырық ерек, әйел аныра анталасты.

— Келді! Нан да, ет те, май да, колбаса да, тары, күріш — бәрі де бар... Одан өзгесі де бар. Енді өлмей-сіндер!— деп Новиков те қалжындасты.

Директор ашық үніне салып қатты дауыстап күле түсті де:

— Өлмейсіндер! Сендер түгіл далада үсіп өлгелі жатқан кемпір Садаға да өлген жоқ. Міне мұны көріңдер! Білдіңдер ме, біз боранда ұшып өлгелі жатқан колхозшы кемпірді де құтқардық. Осы колхоздың бір кемпірін де өлімнен айырып алып келдік!— деді.

Ол барып вагонның есігін ашқанда кемпір тонға оранған күйінде жерде шоқшиып отыр екен. Енді жаңағы жынын ішінде үнсіз тұрган бес-алты қазақ әйелі, еркектер де бар екен. Солардың арасынан кемпірді шырамытып, қатты дабыстап, ұмтыла жугірген жас әйел үні шықты.

— Апа! Апатай! Тірімісің, бармысың!— деп кемпірді бассалып құшақтай жылап, бір жас әйел жабысты.

— Не дейді, апа-ау, бармысың? Қайран апа!— деп тұлкі бөрік киген биік бойлы қара сақал Сәлмен деген колхозшы ұмтылды.

Енді директор мен Новиковты қарсы алған достары тегіс анырып, үнсіз ғана тұрып қалып еді. Өйткені бұлар көрген ендігі жайлар өзгеше қызық, окшаша хал болды. Бірі үстіне бірі ұмтылып, біреу «апа» деп, біреуі «әже» деп, бір әйелдер «Сақа», «Сақыш» апа, «ойбай тірі ме ең, біз саған жаназа оқып қойып ек?», «Шарламаған жеріміз, шапқыламаған тау-тасымыз қалды ма?»

— Сені адасып кетті деп екі күннен бері барлық осы ауыл ат үстінде сабылумен болғамыз жоқ па?— деседі.

Ендігі барлық жайларды жыласқан, қуанып күліс-кен қартас әйел мен еркектер, жастау жігіт, келіншектер, мектеп жасындағы қыздар, ұлдар қалың шуға айналдырыды.

Кемпірді қара сақал Сәлмен құшақтап көтеріп апты. Соның қолында тұрып кемпір өз қолын көтеріп, шула-

ған жүрттың үнін басты. Енді сәл бір жым-жырт халден соң бетін директор мен Новиковке бұрды. Екі қолының саусақтарын соларға қарай соза бергенде кәрі көздерінің ыстық жастары да сорағытты.

— Айналайын!.. Бар алғысым мынау екі орысайма. Баламнан көрмеген, байымнан көрмеген, құдайымнан көрмеген рахым мен достықты осы екеуінен көрдім! Садағаң кетейін, мен десендер күте көріндер. Өліп қалып ем... Қар астында қалып ем. Иманымды айтып, үзіліп болып ем... Екеуі көрден аршып алды. Қатып қалған, мұз бол қалған өлі денеме жан берді. Мен дегенің, осындағы өрен-жараның мен үшін сендер де осыларға қарыздарсың. Садағаң кетейін, садаға!..— деп екі кішкентай қолымен директордың қолын қысып алыш өзіне тартты, оның қолынан сүйгісі келіп еді.

Директор сақылдан күлді де, бұл қимылға қысылып ұялып:

— Е, ол жарамайды, Садаға, ол керек емес!— деп күлген бойында қолын жұлып тартып алды. Сол қалпында кемпірді құшақтап, арқасынан қағып-қағып қойды.

Жолаушылар мен ауылдағы жандардың ең алғаш кездескен минуттары осындағы еді. Сәлден кейін он шақтыға қоралы ауыл үйдің бәрінде ойда жоқ тамаша бір мейірлі, көңілді жылылық, достық сезілді. Он үйдің бесеуі сол сәтте, сол түнде ауысып, келесі бес үйге көшті. Бұрыннан кеп осы арада сүйкі кенеп шатыр астында жатқан отыз-қырық адам барынша қуанды. Алғыстарын айтып Жданов атындағы колхоздың колхозшылары әдебій босатып берген бес қорага — жылы баспанана жа-пирлай кірісті.

Директор жақсы біледі, осы он қорада отырған қой фермасындағы шаруа үйлері совхоздың жаңа келген жүрттына барынша жақсы пейілмен, дос ажармен қарасада, әлі де сүйкі қыс өздерін де жүдегіп түрғандықтан көп көмек көрсете алмай отырған. Рас, олар ерте-кеш демей өздерінде бар азығымен ыстық ас әзірлеп беріседі. Жиі-жиі самауыр қойып, әр топ адамды бөліп-бөліп, әр үйге шайға шақырысады. Алғаш келген аз толты аудан қызметкерлері кеп қарсы алғанда мұндағы колхозшылар да жамырасып, жылы шыраймен тосып алған. Бірақ, сонда да үй-жайдан жәрдем ете алмай тұрысқан.

Енді Сақыш кемпір келісімен өз жайын айта берген-

де бұл ауылдың бар үй адамдары совхоздың директорын соншалық мейірленіп қатты сүйсіне дос көрісken. Ал, Сақыш болса осы он қораның екеуінде оның балалары тұратын. Біреуінде ертеде ұзатылған қызы, тағы екі қорада қадірлес қайындары және бір үш қорада өзінің бауыры, төркіндері болатын. Қысқасы бұл осы колхоздың ырысты бір анасындағы тегіс қадірлі кемпірі еді. Ол «Актогайдың» көрі абысыны шақырып барған да, сол «Актогайдың» бір жас әйелімен, ат-шанамен жолға шықкан еді. Жолшыбай боран басталғанда бұлар жолдан адасқан. Кейін шана бір оқапқа соққанда келіншек пен кемпір қатарынан жығылып, асаулау ат шанасын тепкілеп қашып кеткен-ди.

Содан кешегі күн таңертеңнен кемпір мен келіншек ақборан ішінде адасып қаңғып, көп кезген. Ақыры кемпір әлі бітіп, келіншектен айрылған да «осы арада өлдім» деп екі рақағат намазын оқып, сол анау бұтаның түбінде ұшып тоңып қалып қойған-ды.

Енді кемпір ғана жылы жайға жеткен жоқ. Осы күн түн жарымына шейін бес қораның он шақты жылы тамдарына қырық шамалы совхоз адамдары мәз-мейрам боп жайғасып жатты. Бұлардың да жылы жайға бойы қуанып, мейірленгені сонша, әкелген тамакты да ұзақ уақыт асып, ыстық ішіп, оған бір қуанысады. Өздері үйнен шығып, мекендерін босатып берген «Жданов» колхозшыларына кең сарайға кіргізгеннен бетер алғыстарын айтысады. Олай ететін орны да бар...

Осыдан бес күн бұрын директор бастаған алғашқы үш машина, бораннан бұрын осы адамдарды мынау сүйк панасыз жат жотаға әкеліп тастаған еді.

Бұл арада мынау ақ қар, ақ боранда ең алдымен адамдарын сақтау ең үлкен міндет екенін біліп, директор сол күні қайта шапқан-ды. Ол неқылса әуелі қызыл вагон, вагондар жеткізіп алмақ еді. Сонымен бірінші қызыл вагонды бірінші «ДТ-54» тракторымен сүйреп келген болатын. Эрі азық, әрі алғашқы басспана алып жеткені осы. Оны бұнда тосқан адамдары да болашақ совхоздың ең басты, ең қажет қымбат жандары. Бұнда осы директордың қарамағына, жауаптылығына өздерінің еңбегін, болашағын, ендігі өмірін, тірлік тағдырын да тапсырған бас агроном, жай агрономдар, бас инженер, партия үймының секретары, комсомол қызметкер-

лері, механизатор, тракторшы, комбайншы, өңшең ереккәйел қымбат жандар, асыл мамандар болатын.

Бұғінгі кеште жылы жайға бойлары сүйсінген, іштепіне ыстық, дәмді ас түскен осы топ әр қора, әр бөлмеде, ас жанында, төсек-орын үстінде отырысып айтысқандары Алексей Иванович жайы. «Қажырлы, төзімді, құрышмығын директор Строгов» жайы ұзақ еске алынған-ды.

Жамбыл облысы, Сарысу ауданында Жон дейтін елсіз, ессіз құладүзге орнаї бастаған «Түркістан» атты (үлкен атты) болашақ совхоздың директоры — күндізгі біздің танысымыз, директор Алексей Иванович Строгов сол болатын.

Бас уайым — баспана

Келер күн тағы да айнымаған жүдеу сүр аспан қабабы ашылған жоқ. Желдеткен аязы бар айналада әлі де ақжорға жүріп жатыр. Жақсы тынығып, ерте түрған Строгов қасына партия үйымының секретары қазақ жігіті Тұрсынов дейтін қызылт сары серігін ертіп алып, қазақ қораларын аралай бастады. Бұлар жүре бере көңілді бір жайға таң қалысты.

Бірнеше күннен бері жұмыссыз, амалсыз құста болып, айласыз тұсаулы отырған әр сала істің адамдары қазір Строговтан да бұрын тұрып, жаппай іске кіріспіті. Тұрсынов та Строговтан бұрын таң қыландай бере тұрып, бұл жайлардың шет-жағасын көріп, кейбір жолдастарға әлдебір қора, әлдебір баспана жайларды · көрсетіскең болатын. Енді өздеріне тиғен бес қора жайға талай түрлі тіршілік іргесі орнап жатыр. Бір қорага поча — байланыс орнатып, соған ілес бір бөлмесіне дәрігерлік пунктін кіргізілті. Тағы бір қорага рабкооп¹ өзінің лавкасын жайғастырып жатыр. Бұл арада, әсіресе осы келген жұртқа өзгеше қажет болған, асхана орнап жатыр.

Тұрсынов өзі белгілеп, бір кішкене үйдің екі бөлмесін совхоз дирекциясы қызмет етуге жарайтын баспанаға айналдырыпты. Бұнда директор, бас агроном, бас инженер, партия үйымы, комсомол, кәсіподақ орындарының ырымдары ең алғашқы ұя үйшігін құрып жатыр.

¹ Рабкооп — жұмыскерлер кооперативы.

Әзірge соншалық тар жерге талай тірліктің басы сығылыса, жайғаса бастауы өздеріне қызық та, бірақ сонша қымбат та көрінеді. Тар қабықтың ішіне талай дүние амалсыз тоқайласып, бастарын түйістіріп тұр.

Осы бес қораның қатарына бұрынырақ келген палаткалар да қайта келіп қанат жайып, орналаса берді. Кейбірінің сырты боз, тағы бірі сұрғылт және біреулері көк түсті палаткалар орналасқанда солардың тап ортасына тұнде жеткен қызыл вагон да жайғасты. Қазір оның темір пешінің мұржасынан будак-будак тұтіні шығып, ең алғашқы мәдениет елшісі өзіне бөлек жылы мекен боп жүртты «кел мұндалап» шақырып турғандай.

Құнтиған тиянадай бойы мен жаңа қызыл бояуы, ұқыпты терезелері, кіре беріс басқышы — бәрі де бұл вагон үйді өзгеше жаңа тірліктің ең алғашқы кесек ұрығы, қызық бір үйтқысы сияқты көрсетеді.

Жаңа тірлік үйстыруға бар ынта-бейілдерімен кіріскең мамандар, басшы қызметкерлер, ер-әйелдер, үй қызметіндегі әйелдер болсын бәрі де бес қораның төбесі жабық, пана лыпасы болса, соның бәрін толтыра керней пайдаланып жатыр. Сол ретте сиыр қора, шошала, тардалаң, етқана болсын бәрі де адам жайына айналып, ауыз үй түгел кернеп толып қапты. Тіршілік қазаны жақсы, сау, қызу бір ырғаққа түсіп, әр жерде жаңа өмір, жаңа дүниенің жан тамырлары қызған қазандай шымыр-шымыр қайнайды.

Бұдан бұрынғы, Строгов келер алдындағы құндердің ең үлкен қынышылығы отын еді. Қораларын босатқан колхозшылар үйген қиласын, сақтаған жапаларын, шенгел, томарларын да келген қонақтарына ырзалық, дос мырзалықпен бөліп беріп жатыр.

Осы жайлардың бәрін әр жерге бас сұғып, шолақ қана тілге келіп, аңғарып шолып алған Строгов енді Тұрсыновқа бар жүртты атынан колхозшыларға алғыс айтуды тапсырды.

Тұрсынов Сәлмен бастаған қарасақал, бисақалдың, әр жастағы әйелдердің жиырма шақты кісілік тобын жинап алып өз жанынан да қазақша бапты достық, сыйластық сөздер айтты. Строговтың көп атынан білдірген ырзалығы мен алғысын жеткізді. Осыдан кейін қалған жайды Тұрсынов пен басқа көмекші жолдастарына тапсырып, Строгов қазір тезінен қайтадан кешегі жолмен, тоқсан километр жердегі сонау Шолақтауға және асыға

жөнелетін болды. Ол жерде болашақ совхоздың алғашкы базасы. Темір жолдың үзілген жері болғандықтан сонда соңғы он күннің ішінде осы совхозға ариалып келіп жатқан дүние мұлік көп екен. Сонымен қатар Жамбылдан және Ташкенттен осы совхозды құрушы қалың топ, көп маман ер-әйел қайраткерлер ағылып келе бастаған. Олар келе орнайтын баспана қажет. Ол үшін енді Строговтың және Новиковтей мықты тракторшылардың жақын үш тәулік ішінде бар істейтіні бір-ақ шаруа. Ол — мынау алғашқы келген қызыл вагон жолымен дәл сондай он, он бес вагон және талай палаткалар жеткізу.

Шолактауға келген «ДТ-54», «С-80» тракторларын кешегі бірінші вагонды әкелген ретпен, сол тәжірибе бойынша Строгов өзі енді бірі артынан бірін үздіксіз жөнелтпек. Бұл жерден қайта трактор айдамайды. Ол жерге келіп тоқтағаниң бәрін кешегі Новиковше, соның тракторынша жолға салады, іске қосады. Осы жайды бас инженер, бас агроном және Тұрсынов үшеуіне байлау етіп айтты да, Строгов қазір қызыл вагон алдына кеп тоқтаған өз машинасы «Газ-69» ға қарай бет қойды.

Бұл тоқтағанда машинадан агроном әйел Нина Петровна секіріп тусты де, шофердің қасына кеп, оның иығына өзінің екі қолын салды да, бетін басып жылап жіберді. Шофердің де кесек жүзінде, жудеу қабағында қатты кейіс бар. Бір ерекк, бір әйел бұның екеуі де қайғылы жылаулар екен.

Строгов өзі отыратын жақтан шофердің қасына лып етіп секіріп, шапшаң отыра қалды да, жаңағы екі мұңлы жанға бар еңсесімен бұрылды. Бір қолымен шоферді құшақтап, екінші қолымен әйелді басынан, бетінен сипады. Оның ыстық, толық жүзіне салқын алақанымен майда қағып, жұбату айтты.

— Нина Петровна, алтыным, жыламаңыз! Тек жыламаңыз, мықты болыңыз. Ал Васяға айтатынмы мен қазір айтамын. Одан да кішкене қызыңызға, ана Надяға шапшаң барыңыз. Соны сақтаңыз!

Нина Петровна қалың, жасы мөлтілдеп сорғалаған ып-ыстық, қып-қызыл жүзін Васяның иығынан көтеріп ала берді. Бұл шақта шофер Вася да танауын қос-қостап тартып, үлкен қара көздерімен кесек-кесек ыстық тамшыларын ірікпестен ағызып отыр еді.

Нина Петровна бұдан үзіле бере, Строговке жасты жүзін тұра қаратты да, соңғы ғана сөздерін айтты.

— Мен мына Васяға үйде отырма дедім. Қазір Алексей Ивановичке ер де, өз руліце отыр да жүріп кет, тез кет дедім. Мен соны бұйырдым! Болмаса, бұл менің қасымда отырса Алешаны ойлап тек жылай беретін, қайғыра беретін. Тура отқа түскендей жана беретін болды. Барсын! Енді Алеша жоқ, бізге ол қайтпайды. Бар, Вася, милый... Мен туралы уайымдама! Барындар, жүріп келіндер!— деп, сөзінің аяғында — біз бұл жерге уайым тәгеміз деп келгеміз жоқ. Шыдау үшін, дегенімізге жету үшін келдік! Бар, Вася, милый, ұмытпа осынымды!— деп қала берді.

«ГАЗ-69» ойнақы батыр машина, кешегі трактор келген ізбен жүйткі тартып жөнелді. Машинаның артқы орнында, бұл жердегі тракторшыдан Строгов таңдал, әдейі ертіп алған комсомол тракторшы Ткаченко деген жігіт бар еді. Артқы орнында ол үнсіз жалғыз отырды.

Базадан үзіліп шыға бере Алексей Иванович шофердің арқасынан құшқан қолын әлі де алмай, оны арқаға қағып отырып, аса бір жақын жан, жанашыр дос үнімен сөйледі.

— Вася, Василий Захарович, мен Нина Петровнаға жаңағы сөздері үшін... сені бүгін осылай жүргізгені үшін соншалық ырзамын да қайранмын! Мен ол үшін қуаныш қайран қалдым. Қандай қайратты жан, жақсы жан! Ал ол сенің сондай жақсы эйелің. Ана да сол! Алеша жақсы бала еді. Кім ойлаған бүндай бллады деп. Ол кеше ғана өліп, сендер бірің әке, бірің шеше, сондай жақсы баланды мынадай бөтен шетте, сұық жат далаға, сұық жердің бауырына кеше ғана бергендерің аса ауыр. Мені де сондай қинайтын қаза. Бірақ Нина Петровна саған да, бәрімізге де барды айтты. Сенің мынау қазіргі шығысың, Вася, сенің өзіңің де азаматтық қасиетің, батылдығың. Мен сені осындай шакта дәл осындай батылдыққа, қайратқа табылатын жас дейтүғым. Ал сен екеуміз көп жылдық жолдастырыз, білесін ғой. Талай қынышылықтардан да өткен едік қой. Қайғына мен ортақпын. Менің достығым, менің көмегім әрқашан сенің жолыңнан табылады. Енді шыда... Қайратқа бас!

Вася үнде мей ғана Алексей Ивановичтің қолын қатты қысып сілікті де:

— Рахмет, Алексей Иванович, түсіндім. Болды, бәрі болды!— деп кеудесі дірілден, демі де қатты бір өксікеп шығып, абы ауыр бір күрсініп алды. Сөйтті де үн-

деместен алдағы жолды бағып, машинасын алпыс километрлік шапшандыққа мегзеп алып, тістене тарта берді.

Жаңағы Строговтың «көп жыл жолдас болған едік», «сынақсан едік» дегені шын болатын. Осыдан бес жыл бұрын, Москва түбіндегі Чехов атындағы МТС-те Строгов директор болып тұрған шақ еді. Бір күні оның кабинетіне, күтпеген шығыс адамы, жақсы киінген, биік бойлы, жалпақ қалың бетті бір жігіт кеп кірген еді. Устінде қара көк велюр құздік пальтосы бар, басында сұр велюр шляпа, қолында жұқа сафьян перчатка. Ол келіп кіргенде Строгов орнынан тұрып, қабылдап отырғызып, жән сұрардан бұрын, ең әуелі, Совет Одағына шеттен келген қонақ екен деп ойлаған. Кореядан ба, Қытайдан ба, не-қылса Россияның шығыс жақтағы дос көршілерінен келген қонақ деп білген. Бірақ сөйлесе келе жаңағы шығыс жүзді жас, орысша ағып тұр. Қасына ерген нөкері, көмекшісі де жоқ. Содан әрі сөйлесе бере ол Строговты мұлде таң қылған. Соғыстан қайтқан, Совет Армиясының қатарынан шофер-механик бол қайтқан өзіміздің Совет Одағының азаматы екен. Аты Василий Захарович болғанмен фамилиясы Матайбаев. Шығыс адамы екендігін фамилиясы айтты.

— Сіз қай үлтсыз? — дегенде, жас жігіт өзін: «қазақпын» — деді.

Сол Матайбаев Вася жеті жасар бала шағында 1931 жылы Семей облысында Ново-Шульба ауданында әкешешесінен бірдей айрылып детдомға түскен екен. Оның осыдан кейінгі бар өмірі армияға барғанша дәтдомда, совет мектебінде, әралуан интернатта өткен. Соғыстан ол әрі механик, әрі бірінші категория шофер бол келген соң Москвандың түбінде тірлік бастаған. Сол шақта агрономдық окуды бітіргелі жүрген жас орыс қызы Нина-ға үйленген.

Строгов басқарған МТС-ке Матайбаев өзі жақсы шофер, әйелі жақсы агроном бол, екі бірдей қымбат маман бол кіріскең. Содан бері бес жыл ішінде бұлардан Алеша деген үл туған. Қазір үш жасқа келген Надя деген қыз да туған-ды. Бірін-бірі сонша жақсы көріскең екі жас аса бір сау, таза мәдениетті және үлгілі өмір күрді. Олардың өздеріне меншікті Москва түбінде, Чехов МТС-інің жерінде кішкене көл қасында қарағайлы тоғай арасында төрт бөлмелі жақсы дачасы да бар еді.

Бұлар білімге де ынтық, тәжірибесі де таза, өздері аса тату мінезді бір семья болып алған. Сол себепті Строгов үй ішімен, Матаibaевтармен жақын туыстай ежелгі достай қатты табысып, араласып кеткен болатын.

Әткен қыстың басында Москва облыстық партия комитетінің басшы адамының бірі Строговты шақырып алды, Москва партия үйімінің атынан тыңға аттану тапсырмасын білдірген. Бұл тапсырма қандайлық жаупты, қадірлі, бірақ сонымен қатар қаншалық қажыр, қайратты, төзім, бейнетті керек қылатын сын сапар, зор тапсырма екенін басшы жолдас Строговқа аз сөзben қатты түйдірген.

Ойда жоқта үстіне құлағандай үлкен өндіріс басталғалы тұрғанын көлкө шейін үндемей, жауап қатпай, шашшан ойлап шыққан Строгов, сол кабинеттен шықпай-ақ қысқа ғана сөзben ырзалығын, баруға bekінгенін айтқан.

Рас, үйіне келіп әйеліне білдіргенде көздің жасы да болды. Алғаш бүркырап шыққан наразылық та айтылды. Строговтың мінезін қабылдамау, сынау, кіналауда болмай қалған жоқ. Бірақ Строгов тез жиналыш сапарға аттануға да беттеді. Сол кунде өзге адам емес, МТС-тің бар қызметкерлері арасынан тек Вася Матаibaевқа ғана ол сөз қатқан.

— Мен Қазақстанға барамын. Сенің тұған жеріңе, тұған еліңе барамын. Суық жақ, тұрмысқа аса қолайсыз дейді. Алғашқы айлар есіресе, неше түрлі жабайылық жағдайға да шыдауды керек етер. Бірақ мен барамын. Шынымды айтайын партия тапсырды: «ол жақ та сенің Отаның! Жақсы болсан, сүйікті мекенің де бола алады!» деп тапсырды. Мен бұл жаққа қайтамын деп бармаймын, бәлки шын-ақ ендігі бақытымды сол жақтан іздермін. Маған тек сенімді, қайратты жолдас қана серік бола алады. Ешкімді үгіттемек, ертпек емеспін. Әйелімді, үйімді де осында қалдырамын. Олар сол мен тұрған жерге өздері қызығып, куанып баратын болғанша мен тіпті шақырмаймын да. Бірақ түбінде солар барады деп сеніп кетемін. Білім бар, еңбек етуге қол төзімді, жарымды! Қалғаның бәрін мезгіл көрсетеді. Ересің бе? Жалғыз сени ғана шақырмаққа бекініп ем!..

Сонда Вася Матаibaев салған жерден өз басы қызынып, сүйсіне көнген болатын. Ол да Москва түбіндегі өздерінің қазіргі рахат үясынан қыны қияға кететінін

жақсы түсініп отырып-ақ, Строговқа еруге құлшына түскен. Жалғыз-ақ оның салған жерден ауызға алғаны, шарт қып сөйлегені Нина Петровна болатын.

— Эрине, мен сіздей айтпаймын. Нина Петровнаны наразы күйінде қалдырып кете алмаймын. Оған менің батылым бармайды. Біз екеуміз өмірде ешнәрсені біре-үіміздің қарсылығымызға қарамай істеуге баспаймыз деп, ант-sert беріске міз. Сондықтан, әрине, Алексей Иванович, ол қарсылығымыз да жақсы болса мен бармаймын. Бірақ ойлаймын, ол өзі агроном, жақсы агроном, өзіңіз білесіз. Баратын жағы менің туған жағым, оның білім көмегін тілеп отырган Отанымыз. Және тіпті, менің балаларымның да жартылай Отаны ғой. Нина Петровна барады деп ойлаймын! Мен сізбен бірге ала кетем деп ойлаймын!

Мінезді, ойлы дос, жас ана, өнерлі агроном, кешкі шай басында Васяның аузынан жаңағы айтқан жайларды үнсіз тыңдап шықты. Сөйтті де біраз ойланып кіріпшығып жүріп кеп Васяны мойнынан құшақтағанда қасына жабыса отырып кеп:

— Вася, қымбаттым, мен бекіндім, мен көндім. Эйда, ереміз Алексей Ивановичке. Барамыз сенің туған өлкене, күншуакты Қазақстанға! — деген болатын.

Сондағы Нина Петровна жаңа Васяны жылап женелтіп салған қайғылы ана. Сондағы Василий Захарович Матайбаев міне қазір үнсіз күйде қалың қабағын түйе түсіп «ГАЗ-69» машинасын күн ұзын алпыс километрлік шапшаңдықпен жазбай айдалап Жоннан өткен. «Ақтогай» шегінен асқан. Тұс ауа берген кезде межелі Шолақтау станциясына тақап келген өнерлі шофер болатын.

Осы бетте Шолақтаудағы базасына жету-ақ мүңекең, асыға, қауырт істейтін істер басталды. Мезгіл де тығыз-таяң болатын. Февраль аяқталып келеді. Ал бұл жақтағы жылдағы мерзім бойынша марттың басынан жер айдауға кірісу керек. Сонымен бір жақтан осы Шолақтауға соңғы күндерде жаңа совхозға арналған аспап, машина, зат-бүйім және әсіресе Жамбыл мен Ташкенттен екі жақтап тыңдағы іске кірісуге беттеген көп адамдар лек-легімен ағылып келіп жатқан.

Әйтеуір Строговтың бір ғана жұбаныш етер тірегі сол болды — келген адамдардың арасында әзір тұрган: шофер, тракторшы, комбайншы, әр алуан механизаторлар

табыла-табыла кетті. Бұлар жүргізіп әкететін әр түрлі жүк машиналар, самосвалдар, тракторлар тағы да жапжаңа қалпымен үрдіс келіп, Түркістан совхозына жөнелтуге әзір еді. Осы қатарда базадағы адамдармен жаңа баратын жандарға әсіреле азықтан, тұрмыс-жайдан қатты тығыз қам жасау қажет болатын. Сол себепті Строгов базаға қарай ертеңді-кеш, сәт сайын, күн-түн сайын төрт тәулік бойында тыным алмастан машина, мұлік, сан алуан жүк заттарын жөнелтумен болды.

Адам атаулысына азықтан басқа отын қамын да, жарық жайын да, жататын төсек-орын, жатын жай, көрпежастық, простиныға шейін бас-басына санап, арнап тыяналадай етіп түгел қамдаш жөнелтуді ұдайы өзі бақылады. Бұл жөнде қасына ере келген Матаibaев, шофер Ткаченко екеуі де үздіксіз көмегінде болып еді.

Осы төрт күн ішінде өзі мен Матаibaев екеуі Жонға қарай созылған, салқар-салқар көштей болған автомашиналарды, тракторларды үзатып салып, базаға екі рет келіп қайтысты. Соңғы төртінші күнде қайтадан базаға тағы бір айналып келе жатқан жолда Строговтың көзі Вася Матаibaевтың қырын отырған өңіне тоқтал еді. Ол бұл күндерде өзгеше қарайып апты. Онсыз да кесек мұрны зорайып, сорая түсіпті. Жақтары солып, соншалық шүғыл жүдеп өзгеріп кеткен екен. Бұл халде жас жігіттің үйқысыз, тынымсыз, ашпа-жалап күйсіз, тынымсыз өткен күндері де белгі берген болу керек. Бірақ сонымен қатар жаңадан ғана өз қолынан сүйк қара жерде жапан тұз, жат жакта, жалғыз ғана томпиган мола боп қалған Алешадай бес жасар ұлының қайғысы да қатты зардабын батырған тәрізді.

Ол уайым орны, бітпес жарададай. Ең алғаш бұл татқан ашы үдай. Оның аты — әсте үмытылмас аталаң үайым! Сол жара сырттан жасырынып, қазір бұның ішіне, жалғыз өзінің ғана өзегіне түсіпті. Өзге дүниеден үрланған құпия сирьи өз ішіне аса терендең батып алған. Негұрлым солай болған сайын, іші-бауырға жайылған үдай болып, ауырлап, киындалп алған. Бірақ сол қалпында осы жас сырттай, құрыш темірдей шынырып апты. Сууы жеткен асылдай қатайып, шымырап алған.

Аз үйқитайтын Строгов бүгін «Ақтогай» колхозына тақай бергенде Матаibaевтың жаңа анық байқалған қатты өзгеріс, ерекше жүдеулігін андады.

— Вася, сен бірнеше күннен бері жөнді үйқитаған

жоқсын. Кел, осы «Ақтогайда» тоқтап, бір үш сағат үйіктап алайық, не дейсін?— деп еді.

Мезгіл кешке тақап келе жатқан. Вася бұл ұсыныстың әдейі осы Васяның халін аяғаннан айтылған ұсыныс екенін сезді де, директордың айтқанына мойындағысы келмеді.

— Жок, Алексей Иванович, оныңыз не, керек емес! Мен!.. Мен бе? Үйқы түк емес. Одан да жұрт жатқанша базаға жетеміз!— деді. Тағы да сілкінгендей бойына қайрат жиып алды да, тұнге қарай ширай түсіп, тарта берді.

Кешкі ауа тағы да қатты ызырықтап, аяз қатайып келеді. Әнеугі Жонда Сақыш кемпірді тауып алған жотаға бұлар кеп ілінгенде дәл сондағы көріністей бол тағы бір қызыл вагонды және бір алып батыр «ДТ-54» тартып барады екен. Ақырын басып жылжыса да жазбай, талмай ілгері басып барады. Шолақтаудан шыққала жүрдек машиналы бұлар жолдағы алдыңғы күндерде өздері жөнелткен көп тракторларды, кейбір жук машиналарын әлсін-әлсін басып озып келе жатқан. Өз әдеті бойынша әсіресе вагондарды әкеле жатқан тракторлардың тұстарына жеткенде Строгов машинадан түсіп, әрбір тракторшымен амандастып, сейлесіп, жай-куйін жете сұрап, тракторлардың бабын, майын, моторын анықтап, тексере біліп алады. Әсіресе үзак сағаттар, күндер бойы шоферлардың, тракторшылардың азық-жайларын, киім-бұйымын, тоңған-тоңбағанын үнемі сұрастырады. Әр адамның аты-жөнін іс үстінде жақсы біліп келе жатқан. Ал адам атына зейіні сондай алғыр екен. Әзір өзінің тракторшылары, болашақ шоферлары кімдер екенін, қандай жандар екенін де аныстаиды. Іс үстінде жақсы танысумен барлап, андал келеді.

Бұлар Жонның жотасына жана бір ілінген кезінде базаға қарай бара жатқан қызыл вагондардың орта тұстасы біреуін күп жетті. Строговтың мөлшері бойынша осы бара жатқан бесінші вагон болу керек. Оны тартқан тракторды жүргізуші әнеуқұні базадан өзі алып келген, жас тракторшы Ткаченко болуға тиіс.

«ГАЗ-69» омбы қарды осып отырып гүрлдетіп кеп қызыл вагоннан өтіп, трактордың қатарына жеткенде Строгов машинадан секіріп түсті. Қараса Ткаченко дегені анық екен. Ол зорға дегендеге езу тартып, таныс директорына амандасты да, сәл тоқтай берді. Беті, иегі

ісінгендей, көгере қызарып барбыып алған Ткаченко Строгов көзіне соншалық қатты тоңған адам тәрізденді. Киіміне де жаңа көз салып еді. Мынау аязды желдің өтіндегүңзак жүріп келе жатқан жастың адам сияқты киімі де жоқ екен. Строгов оның бойына қарап шошып кетті. Жаңы ашып, сескенең сондай күшті еді. Ткаченконың үстіне кигені жалғыз ғана фуфайка. Строговтың даусы қатты, шапшаң шықты.

— Ткаченко, сен мұлде мұздагасың ғой. Киімің қандай жүқа, неге айтпады? — дей сала өзінің тонының сыртынан мойны, жағын орай салған кең қалың шарфысын өз мойнынан лездे жұлып алды, Ткаченконың иышына жаба берді.

Ткаченко осы кезде Строгов пен Васяны қайран қалдырып, сақылдағанда күлді де, кесек, ажарлы үнімен:

— «Ничево, товарищ директор, все в порядке!»¹ деп. Сондай ширақ жүзбен басын сілкіте қайратты ажар көрсетті. Қажитын түрі жоқ, мойымас отты жастың қызыны көрінді.

Вася сүйсінгеннең күліп жіберді:

— Бұл әр уақытта осылай. Алдыңғы күні кетерінде мен «Киімің жүқа» дегенімде және де осы сөзді айтқан. «Ничево, товарищ шофер, все в порядке!» деп.

Ол Ткаченконың мінезінен, қайсаrlығынан өзі де қайрат алғандай қуана күлді. Адам үшін... Қайратты, қажымас жас қуаты үшін, жігері үшін қуанып, сүйсіну бар еді. Бұл жайларды Строгов та жақсы аңғарды.

Мынау қасында тұрған екі жас, екі комсомол бір сәтке бұның өзінің мықты талмас қанаттарындағы аңғарлып қалды. Екеуі де өзінің вахтасында сақ тұрған, сергек тұрған қажымас та, қырағы да сақшылар тәрізді. Бұндай адамдармен істесуге болады. «Тек осындай-ларым көбірек болса екен» деп қалған еді. Құле түсті де көп сәйлемей Ткаченко үнсіз ғана бас шұлғып, жымия тұрып қоштасып, Строгов машинаға қайта мінді.

Сол күні таңға жақын базаға қызыл вагонын сүйреген күйде Ткаченко да жеткен. Келесі күн сәл күншүақ шақ, тұс ауған кезде адамды, дүниені сәл қуантқандай болды. Аз сәтке жарқырай қалған еді. Көруші көзі енді

¹ Ничево товарищ директор, все в порядке! Оқа емес жолдас директор, шүкір!

аңдаса, Жонда ең алғашқы өзгеше бір алуан кішкене көшे пайда болған тәрізді. Жиыны он шақты қызыл ватон қатарласа, қарсыласа тұрып қапты. Бәрі де жіңішке, аласа темір мұржаларын түтіндеп тұр. Іштерінде ұядай-ұядай жылы мекен-жайлар туып жатқаны аңғарылады.

Сол вагондарга жалғас біреуі көкшіл, біреулері сарыш, сұрқыл, біреулері аппақ шатырлар жалғаса тігіліп қалыпты. Бұл шатырдың бәрінің де сырты брезент, астары қалың шұға және үшінші қабат бол ақ мата ұсталған. Осында үш қабат жамылшысы бар палаткалардың жылуы мен жайлыштыры суық күнде соңшалық көңілдегідей болмағанмен, бұның да аты қын күннің қолдан келген баспанасы болатын. Сол бар палатканың ішіне жағалай, тиянадай, таза койкалар тұрып қалған. Бәрінде жатын орын, төсек-жәй, бүйым-жабдығы жап-жаңа да, тап-таза.

Осылайша елсіз, жөнсіз қу дала Жон жотада бұрын әлсіз орнаған он шақты жұпның қоралардың жандары на жаңаша тіршілік үйткесін орнай бастағы. Әзір о да әлсіз. Уақытша женіл орнап жатқап болашағы үлкен, мол тіршілік алғашқы уыз қабыршағы есепті. Строгов бастаған тың өмірдің ең алғашқы шақтары, таң сәрісі есепті тұңғыш сәттері осылай болатын.

Ту далада тұңғыш борозда

Март айының алғашқы күндері жетсе де Жон әлі қыстан арылған жоқ. Құн болар-болмас қана жылынғандықтан қар өте баяу, сылбырғана еріп жатыр. Бұл кезде базада болашақ совхозға жұмысқа жиналған жүрт саны жүзге тартып еді. Совхозға керек адам саны үш жұз шамалы болғанда, соның үштен бірі жетті де, қалған екі жұз шамалы адамды Строгов асыға күтетін. Ол селектор арқылы Шолақтауға да «келген бар ма?» деп ертеңді-кеш көп сұрау салады. Атаған адамдарды жеткізбей жатқан болашақ облыстық совхоз трест басшылығына да маза бермей дігір салады. Қысылған бір кезінде облыстық басшылыққа да наразы болды. Құйғен, асықкан сөздерін айтып, қысталана жайларын білдірді.

Егісті, совхоздық жоспарлы істі сан салада асыға бастау шарт. Облыс және совхоз министрлігі уәдені

орындаамай, дегенін бере алмай түр. Онсыз да аса ауыр, жайсыз көктемде басталатын қалың еңбек, қауырт істердің кедергісі өздері болып барады. Обкоммен сөйлескен бір кезінде Строговтың аузынан шапшаш, күйгелек сөздер шықты. Ол Москвадагы ең үлкен бір адамның атын да атады. Сол кісі өз аузымен тапсырма беріп, өз бүйрығымен тыңға жіберген қайраткерлердің біреуі осы Строгов еді. Сонда қажет көмекті өзі бермек бол серт еткен-ді. Күйіне сөйлесіп отырып, Строгов шыдай алмай жаңағы үлкен кісіні ауызға алған.

— Сіздер көмекті керекті шақта бермейтіп болсаныздар мен ана кісінің өзіне тұра ариап мүң шағатын болармын! — дегенге шейін барған еді.

Қысылғаннан, күйгешін айтқан. Сол айтқанына кейін өзі «женілдік, үшқарлық болды-ау» деп өкінген де болатын. Ал іс жөнінде облыстық партия басшылығына қатты қынжылып айтқан сөзінің әсері болмай қалған жоқ. Облыс бойынша беретін адамдарын табыс етіп болған облыс басшылары осы «Түркістан» совхозына кеп болған адам күштері қайдан келетінін, қашан жететінін барынша жіті іздестіріп, деректер алды. Қеше түнде облыстық Совхозтрест Строговке хабар етті. Бұның совхозына беттеген қосымша адамдар Қавказдан, Ереваннан — жалпы Армениядан жіберілген екен. Жақында сол топтың келуін тосып, Строгов қолында бар жұз шақты адамымен әр сала шаруасын бастай беру шарт дескен.

Осы хабар бүгін таңертең құлақтарына тиді ме, болмаса бірталай күннен бері жетер Жонға келіп алыш, тек қарлы даға қимылсыз қарап отырудан қажыды ма? Таңертеңгі астан кейін бір топ тракторшы Строгов отырған қызыл вагонге кеп кірді. Бұлардың алдында келе жатқандар — Новиков, Ткаченко болатын. Соларға іле-се амандаса дабырлай кірген әскер қатарында танкист болып Ташкент жағынан келген комсомол мүшелері: Целигородцев, Кокарев, Попов бар. Олар сөздерін баптап, созып бастамай-ак, салған жерден келген мақсаттарын айтты. Екеу-үшеуі дабырлап қатар да сөйледі. Алғаш бастаған Новиков пен Ткаченко болатын.

— Жолдас директор, Алексей Иванович, жолдас Строгов, келіціз бастайық! Егісті! Болды! Қашанғы қуыс аспанға қараймыз да отырамыз. Рұқсат етіңіз! Тракторшыларымыз даяр, жырта бастаймыз! — десті.

Строгов бұл кезде екінші бөлмеде отырған бас агроном Трегубовты үнсіз ғана белгі етіп қасына шақырып ап еді. Сол бөлмеде отырған Вася Матайбаев пен Нина екеуін де бірге шақырды. Тракторшылар аз емес. Бір жақсысы әзірге жиылған жұрттың ішінде трактордың санына жететін тракторшылар мол еді. Бұлардан өткен күндерде төрт бригаданың алғашқы топтары қуалған. Енді зерігу ғана емес, бойларына қайрат-қажыр жиған, алдағы енбекке қызыға, қызына кіріскісі кеп тұрған анық жастардың ажары аңғарылды.

Строгов Трегубов пен Нинаға тракторшылардың талабын теріс көрмеген ажармен, ақыл сала сөйлесті.

— Қалай көресіздер, мотор, маман күштеріміз міне келіп, сіз бен біздің есігімізді дүсірлетіп тұр. Бағтаймыз ба, жоқ па?

— Әлі қар қалыңғой,— деп бас агроном байлау айта алмай құдіктене берді.

Нина да құптай қоймады.

— Бұл жердің жылдағы мерзімді сырын білу керек, жергілікті адамдармен ақылдасқан жөн.

Бұл сөзді Трегубов аса мақұл көрді.

— Қар қалай кетеді, лайсаң батпақ ұзак жата ма? Біз Жонды да, жалпы Қазақстаниң бұл жағын да әлі аз білеміз. Ақылдасқан теріс емес!— деген.

Строгов тракторшыларды аз бөгеді де Васяға: «енде-ше осы ауылдың үлкендерін шақырып кел!»— деді. Ана тілін Вася үмытқан жоқ еді. Рас, ол тілі қазақша, әсіре-се кексе адамға келенціздеу болғанмен Вася орысша ой-лаған ойларын қазақша жақсы жеткізе алатын. Ол көңілденіп:

— Жақсы. Мен сіздерге қазір аксакалский совет жиып әкеп берем!

Оның «аксакалский» деген сөзін түсінбей қалғандар көп еді. Нина Петровна «шалдардың советі» деп жұртты құлдіре түсіндіріп берді. Арада біраз уақыт өткенде Вася бір топ колхозшыны ертіп келді. Енді вагон тарлық ететін болған соң қазақ колхозшыларды, тракторшыларды ертіп директор далаға шықты.

Келген колхозшылардың аттары Строговқа өлең сияқты естілді. Олар: ағайынды Әлмен, Бәрмен, Сәлмен болатын. Бұлардың Сәлмені Сақыштың қайындары. Ал екі шал Досан, Есен — Сақыштың төркіні, бауырла-

ры. Қазір де құнақ, сөзшең, ширақ кемпір Сақыштың өзі де қасына келген қара кемпір Әселді ерте кепті. Строгов осы қарттар тобын жағалай қол алдысып, құле сөйлеп, жақсы қабыл алды. Анық «ақсақалский совет» деп жаңағы Васяның қалжың сөзін өзіне үйреншікті сөз етті. «Аксакалский совет», оның председателі Садаға!— деп Сақыш кемпірдің қолын көп, ұзақ сілікті. Сақыш та бас изеп, бұған үлкен дос мейірмен қарай түсіп, «садаға, садаға»— деді.

Директор мен бұл кемпір екеуі анадағы боран күннен бастап бірін-бірі құле түсіп «Садаға» деп айтысатын.

Жердің қоктемің жөнін сұрасқанда Досан қарт, Элмен, Сәлмен үшеуі ойланған, біріне бірі ақыл қоса сөйлесті. Артынан олардың байлауын екі кемпір де, Есен мен Бәрмен де қостады. Вася орысшаға аударғанда олардың ақылы бір жерден шыққан. Ең әуелі бұлардың айтуыша осы араның жері, топырағы қар кетісімен аса тез құрғайды екен. Сондықтан бұлар өздері білуінше жылда неғұрлым жерді ерте айдаса сол жақсы десуші еді. Тіпті қармен аралас іле-шала жыртып тастаса содан әбзелі болмас еді. Осыны өздері жылда айтса да маңындағы колхоздар шабан-шардақ болып, әр жылда кеш қимылданап, кеш салады екен. Және бір айтқан жайлары: бұл арада жерге су онша терең сіңбейді. Нанбасандар осы бір метрдей жерді қазып көріндерші. — Тереңге батқан суды көрмейсін. Ал жер бетіне жақын дым бұл араның күні қөктем шыға, қатты қыза жөнелгендеге тез құрғап кетеді десті.

Строгов мынау сөздерде үлкен тәжірибе және ақылды байқағыштық бар екенін қатты еске алды қалды. Талы да әзілдеп: «Садаға» деп кемпір Сақышты иыққа қақты да:

— Садаға, сен қалай дейсің, егінді бүгін егуге бата бересің бе?— деді.

Вася әуелі «благоволить қыласың ба?» деп алды да бата деген сөз аузына түспей, қос қолымен бетін сипап «дұға бересің бе?»— деді.

Сақыш түсінді де күліп:

— Ал, ек бүгін! Жақсылап ек, дихан баба жәрдемшің болсын, бісмылда алдауакпар!— деп жүртты ду күлдірді.

Жергілікті колхозшылардың сөзін өзінше жеке ойы-

мен мұқтап ескеріп ішке түйген Строгов, қазір сол естігсін анықтамақ болды да Ткачонконы бір тракторға мінгізіп, өзір плугті тіркеп, аңдау үшін әр алуан тереңдікпен жерді айырта бастады. Бар тракторшылар мен агрономдар қасына ерген күде, Строгов трактордың, плугтің ізімен жүріп отырып, қолдагы метрмен жерді өлшеді. Кейін тракторды тоқтатып, бір-екі жерді тереңдете қазғызып көріп еді, жанағы қарттардың айтқаны рас бол шықты.

Топырақтың дымдануы 35—40 сантиметрден ары емес. Ал 60—70 сантиметрге барған терендікте топырақ мүлде күп-күргақ, әсте сыз өтпегендей. Бұл байқау Строговке де, екі агрономга да анық бір байлауға көлерлік тәжірибе көрсетті. Осы сағатта әр жерде қадауқадау барысып жаңағыдай шұңқырлар қазып, жердің дымын өлшеп, сыйып аңдал шығысты да, бағанадан тракторшыларға бермеген жауабын Строгов енді келіп ишк байлан, бір-ақ айтты.

— Россияның кей қырларындағы крестьяндар айттып бір мақал бар еді. «Сей в грязь, будешь князь»— деген. Мен «аксакалский советтің» теріс айтпағанын аңдал түрмени. Жолдас тракторшылар, сіздер дұрыс қозғалған екенсіздер бүгін. Рақмет оларыца! Ал ендеше қазір-ақ бірінші боразданы Малец бригадасы атынан Целигородцев, сіз бастаңыз. «ДТ-54» тракторы сіздікі гой.

— Менікі. Ол әзір түр!— деп Целигородцев рапорт бергендей сақ етіп ажарлы жауап айтты.

Бұрын төрт бригаданың ішінде Малец бригадасы осы базаның жақын маңайын алған болатын. Базадағы бүгінгі жынын жүзге тартқан жұртшылық енді біраз миңнұттың ішінде көнілдене дабырлап, сергек қозғалып бір араға топталған берді. «Жданов» фермасының кәрі-жасы, бала-шагасына шейін және жүгірісе, жиналыш ентелей келісті. Осы топтың алдында «Түркістан» атты несіз Жонға келіп ірге тебе бастаған совхоздың тыңды айырған бірінші бораздасты тартыла жөнелді. «Уралаған» көнілді топтың алдында қары аралас кара жерді қарыс айыра жөнелген бұрынғы жақсы танқист, бүгінгі сеімді тракторшы комсомолец Целигородцевтің «ДТ-54» тракторы.

Келесі күні қатардагы бірінші бригадада бірінші боразданы Воробик тартып жөнелді. Үшінші, төртінші,

бригадалар да бұдан бірнеше күн бұрын үлескен өлкегеріне барып орнаш алған. Дәл осы күні бір сағатта бастамаса да, біреуі елең-алаң ертеде, біреуі сәскеде, тағы біреуі түске тақау кіріссе де, бар бригада алғашқы бораздаларын сыйырта тартып бастаган-ды.

Строгов қасына Трегубовты, Нина Петровнаны ертіп алғып күні бойы «ГАЗ-69» машинасымен жортты. Васяның тынымсыз жүрісіне түсіп, алғашқы егіс күнін өз көздерімен атқаруда, бастауда болатын. Сонымен алғашқы екі-үш күн ішінде барлық пәлен мың гектар болатын қоқтемдік егіс, Жонның совхозға тиген бар шегіне жайыла тарап, айқын іздермен сзыла, созыла бастады. Жонның жотасы мен қобысын, үлкен-үлкен беткейі мен белесін, жазығы мен қойын-қолтығын бөлек-бөлек квадраттарға өлшеп кесіп бөліп тастасып еді. Құлше қоңыр топырақтың кей жерде қар аралас қатпарын аудара, саралай тіліп, күйлі машиналар тынымсыз ыргакты күйге басты.

Осымен уш күн ұдайынан көсілген еңбек күндері алғашқы жемісті өнімді цифrlарға сайды. Бұл күндерде біреуіне біреуі тіркес келе жатқан көп тракторшылардың алдына ұзап түскен, бірінші боразданы тартқан Целигородцев. Ол уш күн ұдайымен күндік норманы үш жүз проценттен асырып ада қылды.

Төрт бригада да нормаңы екі жүз проценттен түсірмей істеп келгендер бар. Бірде-бір тракторшы норманы жүз слу проценттен кем бастаган жоқ. Бұл күнде аттары Строговтың, агрономдардың аузынан жиі естілетін тракторшылар: Новиков, Ткаченко, Воробик, Пешкин, Леонтьев сияқтылар.

Целигородцевтің үшінші күн кеш бата жұмыс тоқтатып қайтар шағында Строговтар қасына келіп еді. Бригадир Малец те осы араға келді. Оның қасына жаңа құрылған комсомол үйімінің секретары механик Геннадий Безродный ұзын бойымен кең адымдаپ, ширак жүріп кесле жатқан.

Целигородцев тақай берे машинасынан түсін келіп, Строгов жақын күндердегі бір жайды есіне алды.

— Мен басында құдіктеніп ем. Егіске ерте шыгар деп ем. Сендердің істегі өнімдерің бар құдікті жоққа сайды. Жонның қысын Целигородцевтің тракторы мықтап қуды. Күннің жылыша бастаганын, бүгін қардың

көп ерігенін байқадындар ма?—дегенде Целигородцев қатыл жуан даусымен қысқа ғана сөз қайырды:

— Земля подсказывает. Тракторшылар соны сезген болар.

Нина Петровна өзінін агрономдық тәжірибесіне мынау енбек адамының магыналы бір шыныңдықты айтып косқанына сүйсіне күлді.

Безродный үмітшіл, сенімді жұзімен жаңағы сөзді қатты күтіп қостады да, қысқа бір жаксы байлауын айтты.

— Кім батыл болса, сол жеңеді. Ол біздің дәстүріміз. Инженер, агрономдар ол батылдықты бастамай тұр еді. Олардан тракторшының колы батыр болды!— деп агрономдарға әзілмен соктыға сөйлеген.

Трегубов агроном, әуелде тартынған өздері емес, инженер Богданов екенін ескертті. Бұған Строгов өзі ара түсіп еді.

— Богданов жас инженер! Мүмкін бұрынғы ескі традицияларды аз білер. Бірақ сол күні ол барлық курделі плугтер түгел іске қосылады деп сене алмады. Сондыктан ғана тартынған. Жас болсын бірақ, бұрынғы традицияны білмесе де оқа емес. Богданов иен біз, сіздер бол, бәріміз өз традициямызды, жаңа традициямызды жасаймыз!— деді. Ширак үнмен көтеріле, жұдырығын түйе, қолын сілкіп сөйледі.

Осы күні кешке кішкене базаның көше болмыс алаңында жатын үйлер бойларында лек-легімен жүрген енбек ерлері мол қөрінді. Олар тракторшылар, механиктер, шоферлар, әлі саны аз болса да бірінде келе бастаған құрылышылар, су, электр мамандары болатын.

Осы кеште алғашкы қүндер тәжірибесін ақылдаса андал алу үшін Строгов пен агрономдар, бас инженер Богданов, партия ұйымының секретары Тұрсынов асханасын алдында, ашық аспап астында, аяққа басып тұрған күйде алғашкы бір шолақ жиын жасады.

Строгов енбек қундерінің әуелгі жақсы дерегін тракторшылар мен мамандарға, бригада бастықтарына тез айтып білдірді де, енді бұдан былайғы қундерде үдей түсетін бір шаруа шарасын атады. Тракторлар күндіз ғана емес, қар кетіп болғанды тоспай-ақ, соңғы қундердегі күндізгі тәжірибелі еске алып, түндеге де істейтін болу керек. Соған әр тракторға, жеткенінше қолда бар тракторшыларды қос-қостан бөліп беру керек. Брига-

дирлерге осы арада, осы кеште сол іс нақтылы шешілуі тайсырылады. Бірақ дәл осымен жалғас әлі, адам саны қатты жеткіліксіз бол жатканы, әсірессе тракторшылар жетпей аз бол жатканы көп аталды. Қыска-қыска сөзбен Малең тे, агрономдар да, инженер Богданов та адам жетпей жатканын үлкен олқылық есебінде, сәл наразылықпей де атап өтісті.

Бірақ бұлар білуші еді, кейінгі көп топтың келмеуіне, бөгелуіне бұндагы жүрттың бірде-бірі жазыкты емес. Әсірессе директор Строгов бұл жөнде жауапты емес. Соңдыктан бұлар өз наразылығын сыртқа арнай айттықсан. Бірақ осы минуттерде бір бұл жай емес, енді Строговты қысатын басқа халді бүгін өзін сүйсіндірген жаксы тракторшылар да айтып жіберді.

«Ең әуелі асхана мезгілімен тамактандыра алмайды. Жатын орын суық. Күндіз ыстық ас іше алмайды. Түнде үйқы шала. Бар астың өзі де мезгілімен ауызға тимейді. Мынау кішкентай лашыкта ас деп кезек күтіп тұрса, жұмысқа бару емес, тек қана шіретте күнелту керек. Әлі талай күн осы араға арнай бастаса да, дәрігерлік орын көмекке жарамай тұр. Керек десе ішетін су да, кара судың өзі де ылай және сол да, үнемі бола бермейді».

Біреулер темекі жоқтығын да үлкен наразылықпен айттып қалды. Бұл наразылықтардың бәрінің орын бар. Әлі рабкооп дүкенін құра алмай үйлиғын жатыр. Орналасып алмай құр қантардың ішінен кол-колға сатуға да орай жоқ. Асхана күп жылына ма деген үмітпен Сәлмен корасына орнады.

Тамдары ғана емес, бұрынғы шошаласы, сиыр қорасына шейін тақтай жайып кеңігенсіп еді. Бірақ жүзден аса адамды шын-ақ мезгілімен тамактандыра алмай тұр. Әрбір сибекке жегілген жаксы азаматтар аузына жаңағы естілген наразылықтар Строговты қатты ширықтырып қинал тұр. Ол ешкіммен де дауласқан жоқ. Өзі де акталмады. Асхананың, жатын орынның, рабкооптың кемшіліктерін жаңағы тракторшылардан да бетер сыйнап, өз жаңынан қосып, айта түсті де, енді барынша сол күйді түзеу үшін істеліп жаткан әрекеттерді айттып берді. Жүрттап өтінгені, бірнеше күнге сенім, тоғзімнен түгел айрылмауды ғана сұрайды.

Өзі казір-ақ бөгелмesten Шолактауға жөнслмекин. Бұндагы әр алуан қыйышылық пән жокиылдықты түзеу-

ге жөнелмекші, Дегеніндегі, Нина мен Васяның қасында отырып, шала-шарны тамақтанып алған Строгов және де қасына Васяны ертіп жеттүнде Шолактауға тартты. Жамбатына мұз батқандай, «астынан су шыққандай» дейтін тынымсыз күндер мен түндер үздікесінде карбалас қам-кареңет үстінде өтті. Шолактауға жеткен соң Вася түн бойы үйкемдеме сабепті, Строгов оны тынығуга қалдырып, өзі жалғыз кеткен.

Түнде машинада мызғыған еді. Бүгін таңертең кеңеслерде қызмет басталар шақта Строгов жұмысқа кірісті. Тың түяқ, тілті күйлі тәрізді. Оқыған бұрынғы мамандығы механизация, электрификация факультеті болғандықтан Строгов тегінде бұл жүрген механизмдердің көптен көбін үйренишкіті атайды. Чехов МТС-інде бес жыл бойы басшылық қызметте болғанмен, ол кейін шыққан машиналарды да үнемі өзі жүргізіп талдан, ізтерлеп, оқып, танып, біліп ала жүрестін. Сонысы қазір көп кезде бұның бүгінгі енбегінде кішілеу пәтердің жалғызы төсегіне Васяны жатқызып, ол «ГАЗ-69»ға өзі көліп отырып, өздігімен жүргізіп кеткен.

Строгов бүгінгі аспанға қарай бере, көңілденін женилді. Күн ашық, жылы. Аса бір жайлары, ерте көктем шағын танытып түр екен. Ішінен «тек Жонда да осындағы ашық күн болса екен. Тракторшылар тым құрыса жылы ашық аспан астында сәл сүйеніш, қуат алғандай болар еді» деп қалды.

Шынында бүгін Жонда да күнүзын тамаша бір маузыраган күншуақты ұзақ шақ болды. Барлық Жонның бойына шанжай-шанжай тарарап түсіп, өз квадраттарын көмкере-көртіп жүрген тракторшылар бүгін бұл жатжақтың тамаша бір жайларын, молынан көрісіп жүр.

Түпсіз кең, мөлдір көк аспанда шырқау бір блікте салқар-салқар топтарымен ак қанаттары күнге шағылыша соңшалық мол аккуулар өтіп жатты. Сүңқыл-сыңғыл әдемі бір үндегі кейде тына қалып, тындағаң жайлар ақ қанаттардың сұтырлаған үндегімен ілесе жетеді. Егіс даласында жүрген Нина Петровнаға мынау аккуулардың қатарлары гажайып бол сезілді. Әсіресе олардың сүңқыл үндегі — жоғарғы октавамен анық, әсем естіледі. «Акқу әні деген осы ма екен? Өмірде алғаш көрген, аспанда жүзген топ аккууларым осы еді, қандай гажайып?» деп өзімен өзі сөйлескендегі. Аккуулар бір сэтте, бұның қызыққан көңіліне жер мен аспан арасы-

ның өзінше ортақ елшісі тәрізденді. Бұғін таң сәскеден бәрі сымпылдап асыға үшкан, үшкіл қатарлы үшқыр үйректер де жоғары-төмен самған кетіп жатты.

Тракторшылардың көбі білмеууші еді, Жонның терістікке қараған еңіс деңгейінде үлкен шалқар тұщы көл болатын. Оның айналасы, аралдары қазіргі көктем күндерінде сыйығап үйрек, қаз, акқу, акқұтап тәрізді үлкен құстарға сыймайтұғын. Кейде ақкулардың ізімен, асықпай баяулап тагы бір тоңтар маңады. Олар үйірліп ойнағандай құбыла құйқылжиды. Бұл көп оралып, аса қатты қиқулап, құраулап үшкан тырналар. Бұндай тоңтар бұлтша ауып жәйлап кетіп жатыр.

Тағы бір тракторшылардың үстінен салмақты, сұлу қатармен, байыпты үн салып, қоңыр қаз тобы кетті. Ауа жөңкіле созылып, жағағы көл жаққа қарай отіседі.

Машиналарында жүрген шоферлар, тракторшылар, әр алуан мамандар, агрономдар бүгінгі мейірлі күншуақ шаққа көп сүйсінеді. Аспан әлеміне жан бере кестелеп әр алуан әсем сәнімен өтіп жатқан жыл құстарын тың айыруышылар қуана тамашалайды. Ткаченко, Воробик, Новиковтер жыл құстарын жаз нышанын әкеле жатқан жақсы келгіндердегі қарсы алды.

Тағы біразда қардан мүлде арылған бозғыл көделі күнсес қыраң да, кей беткейде қыр құстары да көрінс бастады. Ғажап қызық мінезі бар көкшіл сарғыш дәу дуадақтар кезікті. Шұрылдап үшатын қара бауыр бұлдырық та келді. Әсіресе қызық құстар: безгелдек пең үзын сирақ, бадырақ көз тарғактар. Осы құстардың көл тракторшыларға бұрын мүлде мәлім болмаған мінездагдылары ерекше көрінеді. Ен әуелі бұл құстардың бәрі де машинадан қорықпайды, кашпайды. Трактордың сартылдағаны, түтінде, тасырлатып жүргені оларға бейнебір әсіре қызық, тамашадай. Адам техникасын, Жонның бұл құстары аса бір ацырған, тамашалаған халде қарсы алғандай. Олар кетпей отырып алысады. Жерден жемде алмайды. Барынгасымен машинады қозғалыска қызыққан жәндіктей көрінеді.

Тарғақ, безгелдек сияқтылар өздері де тың айыруышыларға аса бір қызық, жұмбақ құс тәрізденді. Олар жерде отырғанда, жорғалап жүргенде жер қылаң, бозғыл, қонырқай болып бір көрініс береді. Ал ұша жөнелес болды, тарғактар қара ала бол, жарқылдап үшады. Қоңыр сүр безгелдек атаулы ұша жөнелгенде әлдеқан-

дай сиқырдаій, ертегілік құбылысқа ауысады. Бейнебір цирктең фокусшінің алалы құбылысында жаңағы көп-коңыр күс көз алдынан дырылдаپ ұшып, аспандай бергенде өншең аппақ құска айналып кетеді.

Әрі сұық, әрі жансыз жат көрінген Жон атаулы жетінен үлкен бүгін тағы да бір қызық түрде жаңданғаны байкалды. Осы Жоннан терістікке қарай ұзап барғанда, көлденең кезігетін мол құм бар. Сол құм көп жай жаңуарлардың қысқы-жазғы мекені. Әсіресе ол құмдарда соңғы жылдарда мұлде мыңғырып өсіп кеткен бөкен қалың болатын. Жонның өзінің де кейбір кия шаттарында және жакындағы Каратая, Ақтау сілемдерінде арқар, таутеке бар-ды. Бұлар Жонның байырғы аңдары.

Ал осы өткен қыста Жамбыл облысына қалың түсінек ақ көрпе қыс аяғын ұзартты. Қалың қар құмға да түсті. Сұық одан да ерен қатты болды. Сонымен барлық Сарысу, Талас аталған ауданины елі, бұрын өздері көрмеген ауғын бөкен топтарын көрстін. Әсіресе февраль ортасынан бері қарай малда жүрген, жолға шыққан жүргінші, малшылармен Жон жотаға шыққан аңшылар: «бынл бөкен ауып келді» деп көп әңгіме етісетін. Кейбіреулер тобымен жүрген мол санын көреді. Тағы біреулер кем қойғанда 10—15 тен жүрген шашыранды топтарын таниды. Бүгінгі ашық құнде, айнала дүние айқын көрінген шакта, тракторшылар жаңа қызық көре бастады.

Бір бригада емес, төрт бригаданың бар тракторшылары байкаса бұрынғы елсіз жым-жырт боз дала бүгін қызық бір қозгалыс қимылдарға ауысыпты. Қыбырлап, жайылып ешкілер кетіп бара жатады. Жақыннан үркекашып, трактордың даңғырынан орғып секіріп, безіп жонелген асас тағылар ойнақ сап кетеді.

Кейбір шақта әлденеше рет трактордың алдарын көлденең кесіп, ағыза жортып, актаңлақ арқар тобы жосып өтеді. Бастарындағы дағарадай нір мүйіздері соншалық жаразтықты. Бөлек сәнді бас киім, бескадалық сән киімін сақтай безген тәрізденеді.

Ақтаңлақ, топтарымен жүйіткіп жосылған бөкендердің бауырларында жаңа ғана туған ши аяқ лактары да қалыспайды. Ұшкан құстай ағындаиды.

Аспаны мен даласы, жер-көгі осындаій неше алуан әрі күшті, әрі сұлу жан иесіне толы Жон бүгін тынды менгеруге келген жаңа жүртқа әлдеқайда жақын, жылы кө-

рінді. Жылды шақ, әсем күншуақ үдайы үш күнге созылды. Сол үш күнде тыңды айырган тракторлардың еңбек өнімдері алғаш күндерде және де үдең, аса түсті.

Өз машинасының сонынан ерген әлденеше жұқ машиналарын азық-түлік пең бұйым аспалтарға сықап алған Строгов, суткеге жетпей қайта оралды. Соңғы карды қатты кетірген жылды күндерді ол мол пайдаланды. Арада төрт-бес күн өткенде енді бір бригаданың өзіндік «дала қостары» орнады. Азық-ас айналасындағы, база басындағы таршылық сейіле түсті. Әр қостың жатын жайларын, ас қазаның да өзді-өзі аймагына апарып шапшаң орнаттырган еді.

Істің дамуы, тіршіліктің орынға бастаганы бір жаңалыққа тың жаңалық қоса берді. Жана совхоздың жанжақты жаңды тіршілігі Строговтың бастап нұскап, қозғау салуы арқылы өз ариасына түсе бастады.

«Түркістан» атты қабырға газетінің Безродный басшылығымен шығып қалғанын жүрт көрді. Кейбір трактор бригадасы орнаган костарда — «жауынгерлік листоктар» ең алғашкы қадамын бастады. Қошшілік кайратты қызмет атқарған орындарда, әр түста, корсеткіш тақталар үйімдестерірлұды. Тұрсынов пең Безродный, Строговтың өзіндегі тынымсыз, дамылсыз әрекетке ерте-лі-кеш демей аудықсан. Енді Жониң ұзак бойына сан километрге созылып түскен костар атаулының бәрінде демалыста дауыстап газет оқылатын-болды. Кішкене базаның бір корасына жаңа келіп қатарын түзен орнай бастаган кітапхана аса бір қомағайлықпен оқитын окушыларын таба бастады.

Кар кетіп бола бере электрші Селестин, Қитаевтар аз гана базага тұңғыш жарығын беріп, сұық жайларды жылды жарықпен қуанта жайната бастады. Инженер Гольдин маңайдағы өзенсімақ, болымсыз бұлак-бастау атаулыны есепке алды... Кар сұынан туып, жар-жыраны толтыра сарқырап ағып жаткан «күркілдек», «сарқырамаларды» үнемі өлшеп, көктем күнінің су режимін тынымсыз зерттеумен жүрді. Строговты дәл осы түста қатты қызықтыратын азын-аулак жер шегі бар. Ол үш судың арасы. Осы база орнаган аз гана аукым болатын.

Құрғак қырат, биік жонға келе бере Строговтың қатты ойлаганы су, су гана. Соңда осы өнірдегі тәуір су аталаған үш бұлак-бастау дәл осы база тұрган жерге

жан-жақтаи жамырай ағып, тақау келуші еді. Олар Жамансары, Үшбас, Ақбұлак деп аталатын кішкене озен, Ұзынбұлак, көзді бастаулар еді.

Қазір су маманы инженер Гольдин осы сұларды теңгіс өлшеп, ізэрлеп танып болып қалған. Қай тұстап бұлақты бөгеп көл жасайды. Совхоз орталығына кай арадаи арық тартады. Ауыз су, суарғыш су, кейін жайлы пәтер, жаксы үйлерге кіретін су тартқыштар сұы қайдан алышады. Сол жөнінде оның Строговқа ақылдаса мәлім сте бастаған жайлары Строговтың көnlін қатты жұбатқандай.

Жамансары деген ұзыниша бұлақтың аяғын, Гольдин бұл өнірде өмір-баки егіліп көрмеген: картоп, овош бау-бақша дақылдарын суаруга арнайды. Бының жылдың өзі үшін он гектардай бөлекіце жер меншіктеп алышты.

Қарды кетіріп, көктемді жылдықтан бес-алты күн алғаш түйілген қабакты, жүдеу жұздерді де мейірлендірген. Кейбір көңілді жылдытып, жұбата бастаған. Еңбек те, тірлік те тың өлкеде күйлі трактордың жүрісідей өз ырғағына түсіп, жылжып ага бастады.

Егістің көктемдік жоспары үшін күндіз-түн істейтін егіншілер бұл міндетті орталап кеп еді. Дәл осы шакта Шолактаудан кінкене базага қарай тартылған Жота жолдарды бүркүратып, шаңдатып көп жүк машиналары ағылды. Саны 200-ге тартатын адам ақтарыла келе берді.

Строговтың көнтең күткен топтары. Бірақ көп қындық олардың қатарында, қосарында ілесе келмеқ. Себебі, олар мұнда соңашалық тығыз керек болумен қатар бүндагы тұрмыс: азық бабы, баспаана, мекен жайы әлі де әзір емес. Әлі де таршылық та қысталан. Бұндағы таршылықты, тәк соңғы күндердің жылдылығын пайдаланып, қос-қостарға бөле таратып, сәл сейілтіп келе жатыр еді. Енді қалың топ үзіле-созыла келмей, барлық ауыр селімен, бар салмағымен ақтарыла құлады.

Бұл келгендер Кавказдай жылы жактан жиналған жаңдар. Осылар келе бере бір Строгов емес, оның серіктері — агроном Трегубов, бас инженер Богданов, партия үйімінің секретары Тұрсынов, комсомол үйімінің секретары Безродный және рабкооп бастығы, әсіресе, алғашқы ауыр салмақ оның иығына түсетін Мендияров үзак сагаттар-тынымнац, тыныштықтан айрылды.

Кат-қабат

Көптен күтілсе де шұғыл ошарыла, қауырт келген топ, өзімен бірге күн райының жайсыздығын да ала келгендей болды. Қеш бата күн ызырықтап сұық жел ишкітты. Құндізгі ашық, жылы күн беймаза сұық кешкес ауыса берді. Бұл жай, орналаса алмай жатқан көвшіліктің күйін әсіреле кетіре түсті. Ашыгу, тоңу, қажып талу — бәрі араласа келген соң көвшіліктің арасынан наразымылғық сөздер, қатаң ұндер, тіпті сұық салқын, тұрнайы мінездер таңыла бастады. Бұрынғы жұз кісіге көп нірет жасап, сақал-мұрты өскен, жүдеу жүзді адамдарға толып кетті.

Шаң-ищүн, ұрыс-қағыс сөздер естіліп жатыр. Строгов қазір қасына рабочком¹ Березинді және Васяны ертіп алған еді. Келген адамдармен бір жерде агроном Третубов, бір топта инженер Богданов жайгастыру қамына кірісіп жүр. Соңғы құндерде сактықпен қатарлап тіккізген палаткалар бар еді. Соларға апарып ең алдымен жатын-тұргын жайларын көрсету, бірінші кезек іс болды.

Бұл ретте палаткалар екі жұз кісіге лық толған еді. Содан кейінгі бір кезек ас-азық жөнінде болғандықтан, жаңағы сәл жайласқан топтар онсыз да тар, аласа ас үйлерді кернеп алған. Келген топтың тракторшысын, механизаторын, комбайншыларын, шфферлерін және құрылышшыларын, өз тізімдері бойынша болек-болек жіктел алысты. Мамандық ыңғайларына қарай бригадаларға, тиісті топтарға бөліп жатты. Төрт бригадаға бөлініп тараитын жаңа тракторшылар, шфферлар, механизаторлар қазір ең алдымен өзді-өз бригадаларын, бригадирлерін бөліп алысты. Бұндайда салғанипан салмақты мінезден өз жайын түсініп, тез ұғына кеткен адамдар аз болған жоқ.

Тракторшы Погосян, Геворгиян, шофер Қазарян, комбайншы механизатор Старовойтов, Агаян сияқты талаій адамдар салғанипан-ақ екшеліп, бұнда қарсы алған жұртқа жылы жүзбен бой тарта береді... Еңбек жөнінен, жатын-жай жагынан да атап берген қалыпта даусыз қабыл алысты.

Бірақ Строговта тыным жоқ. Ол палатканан палат-

¹ Рабочком — жұмыскерлер комитеті.

каға, асханаға, рабкоопқа жүре түсіп, тығыз істер тапсырып, рет түзеп жүрген шакта, келген адамдардың арасынан бір шоғыр адам бұның артынан қалмай, ұдайы наразылық сөздер тастанап, үнемі шұбырып жүр. Қараңғыда жүздері де айқын көрінбейді. Қара көз адамдардың сақал мұрттары ескен қалында, ашулы сөздері мен аппак тістері жарқ-жарқ ашылады. Жан-жақтан қатар жарыса саңғырлап, қатты айтқан сөздері өте шапшаң. Аласа бойлы, ұсақтау денелі Строговқа олар бүгінгі кештің қара сұық желіндегі, қаптай соғады. Наразылық сөздер, ауыр айыптар да тасталып жатыр.

— Мынадай сұық, мынау қыста бәрімізді тек шұберектің астына малша қамамақсыз?!

— Сіз тыңды жыртуға көмек күткен директор смессіз. «Келгені ауыра берсін, мұздап қата бәрсін» деген адамсыз!..

— Осындағ қыншылықта, мұншалық адамға жаңы ашымас бюрократ қана сіздей болады!

Ашулы бес-алты кісінің сырт жағында осындағ шолақ-шолақ наразылық сөздер айтылып жатыр.

— Қызыл вагондарға өздері кіріп алған!

— Жылы қоралардың бәрін өзінің сүйіктілеріне берген бұлар.

— Мына палаткаларда қандай аязды жел аңырап тұр, кіріп көрші.

— Қүні бойы ашығып келдік, тоңып келдік, тым күрыса ыстық су да әзірлемегенсіз?!

— Бұл келген адам ба, жоқ мал ма?

— Біз жылы жақтаң келдік. Киімдеріміз жүқа. Палаткада бір түнде тегіс ауырып шығамыз!..

— Бәріміздің жауаптылығымыз ертең сенің мойныңа түседі!— дегендегі ұрысқақ, ызалы шытынаған сөздер Строговтың аузын да аштырмайды. Бағанадан бір сағат бойында қас қарайғаша Строгов, Березин, Васяның соңынан жауар бұлттай үсіз түйіліп жүрген қалың бір шоғыр бар. Жаңағыдай тұтас қамап, қаптаған әділетсіз, ызалы сөздер осы топтан шықты.

Строгов ең әуелі бұлардың кімдер екенін білмек болды. Кейбір қатты сөзді айғайлап айтқан бір-екі ұзын бойлы, ашан жүзді адамдардан:

— Сіз кімсіз? Сіздің фамилияңыз кім?— деп жөн сұрап еді. Жаңағылар айтпады. Оларды жақыннан қор-

шалай тұрған, бас киім киісі өте сүйкімсіз көрінген бір тығыз топ, жөн айтпай қаптай шулаш қоя берді.

— Фамилиямыз неге керек?

— Кейін кінәлан, жазаламақ боласыз ба?

— Біз бәріміз тең адамбыз. Айтылмайды фамилиямыз!

— Бәріміз де путевкамен келген, тыңда еңбек стуге келген совет адамымыз! Сол біздің атымыз!

— Жайғастырыңыз бізді!

— Анау жылы қоралар тұр, соңда жайғастырыңыз!— десіп тағы да қамап алды.

Оршелене сөйлеген бір-екі адамның аты-жөнін ақырындаң, білмес боп, Вася мен Березин өздеріне тақау тұрған кісілерден сұрап еді. Олар да айтпады.

Осы кездे дәл осы бір араға түйіліп үйіріліп қалған тоңтың дәл сыртынан, бар жұрттың дабырын баса, салқын, салмақты үймен сөз қатқан көлденең бір адамның даусы шықты.

— Жолдастар, тоқтаңдар! Жылы жай ма? Қазір соңың жөнін біз шешіп көрсійк. Қәне, былай тұра тұрыңыздар! Жол беріңіз!— деді де, биік, кесек бойлы, батыл жүзді, қазақ пішінді бір жігіт ортага кеп кірді. Строгов, Березин, Матаїбаев сиякты бұндағы таныстарымен көлді қатты қысыл амандаста берді.

— Жолдас Сандыбаев, қашан келдіңіз? Жолдас Сандыбаев, мінс мезгілімен келдіңіз!— деп Строгов жаңа келген адамга айнала жұртты мегзеп, алаканың дәнгеленге созып, көрсете берді.

Сандыбаев орысша жақсы сөйлейді екен. Мынау тұрған бар жиынға анық естіртіп, нық байлаудай сөз қатты. Бар өрекиуді басқаңдай жайлар айтты.

— Мен баганадан естіп тұрмын. Энгіме жылы мекен жөні гой? Бұл жолдастар алыстан келді, күн ұзын тоцын келді. Қазір сүйк түн болып келе жатқаны және рас. Жайларын қатты ұғынамыз. Бұлар Шолактаудан шықты дегенді ести сала Сарысудаң, Байқадамдағы райком-нан әдейі келдім. Мәлім етейін, жолдастар, бұл арада сіздерден жасырып аяп тұрған жайлар жоқ екенин, ақылдарың бар, жақсы түсінесіңдер! Бірақ жаңа мен ең соңғы шараны істеп келдім. Мынау жерде бүрын бес корасын совхозга беріп, бес қорага ауысып тарнишлықта қысылып отырган қазақ колхозшылары — «Жданов» колхозының мүшелері бар еді. Мен жаңа солармен тегіс

сойлесіп келдім... Бұғын түн ғана шыдаи, сабыр етулеріңді өтінеміз. Таңертең сол колхозшылардың он семьясы түгелімен өздерінің жазғы киіз үйіне шықпақшы да, бар қораларың, тамдарың сендерге босатып бермекші! Алыстан келгей киімі жұқа, науқастау адамдар болса, қазір тізімге ал да, таң атып, күн шығысымен там, қораларға жайғастырындар, Строгов, Березин!— деген еді.

Осы сөздің социна ілестіре қалтасынан электр фонарын алды да жаңа Строговқа жөнін айтпай тұрган адамдардың жүздерін жағалай жарық етіп өзі де таныды, жолдастарына да танытты.

— Рақмет бұл көмегіне, жолдас секретарь, дұрыс айтасыз,— деді де, Строгов алдындағы топқа қайта бұрылды.

— Ал кәне, жаңа: «ауырамыз, нашармыз, кімдеріміз жоқ» деген сіздер, сіздер едіңіздер гой!— деп жаңа сінігे камалаған адамдардың бәрін қолымен нұскап тұрып:— жүріңіздер, сіздердің тізіміңізді жасайық! Өздеріңізбен бірге жасайық!— деді. Топты енді өзі шақырып, Сандыбаев, Березин үшеуі жарығы бар вагонға қарай тартты.

Бірақ бұрыла бергенде, жаңа ол нұскап көрсеткен жеті-сегіз сұық жүзді адамдар әдейі іркіле берді. Топқа араласып, кейінде тарарап-тарарап, бой тасалап кетті. Өздері оқшаулаппін бөліпсіз бере Строгов Сандыбаевтың білегін қатты қысты.

— Мезгілімен келгенің қандай жақсы болды. Колхозшылар оцай көнді мә? Өздеріне қын емес пе? Балалары да бар. Кемпір-шалдары да аз емес. Мыналар болса штінен ірі, сау, мықты еркектер ғой!— деп еді.

Сандыбаев оны тыныштандыра сөйледі:

— Қазақ колхозшылары сені жақсы көріп, жақын тұтып алты. Олар қонақыл халық. Бірақ мынау келгендерге бермейді, саган береді! Өздері ертең киіз үйлериңе сұық та болса шығады. Оларды қалай көндіргенімді мен саған кейін айтам. Ал осының орайына «Ждановка» сен туған әкесінен бетер, қарыздарсың! Соны дәл осы кеште әдейі есіңе саламын, Строгов!

Строгов көңілдене күліп, көне берді.

— Оны сен маган айтпай-ақ қой! Мен әнене күні айтып, ем ғой саган. Атаусыз, шартсыз-ақ мен «Ждановка» шефтік етем. Есіңде болсын, ол менің еркектік сертім.

Ал совхоз тек аяққа басып алсын, сонаң соң «Жданов» колхозы емес, осы арадағы «Үшбас», «Жданов», «Акбулақ» колхозының бәрі де менен сондай, ойларында жоқ көмек алғанын көресіп. Осыны істемесем мен Строгов болмайын. Ал мынау лагнет суық түнде сондайлыш жылы достық жәрдем еткен «аксакальский советке» мен өзімді баласындаи қарыздармын деп білемін. Осыны сен біліп қой, Сандыбаев!— деді.

Екеуі, бірі райкомның бірінші секретары, біреуі жаңа совхоздың директоры боп, айтып жатқан жаңағы сезідерінде, ииет, бағыттары бір болғанмен, өзді-өз жүртіштылығының қамы үшін де үздіксіз ойлайтындарын туспалмен айтысып қалды. Және сол жайларын анғарыса бере, қарқылдаң күлісіп алды.

Сандыбаев «Шолактаудан екі жұз кісі Жонга бір-ак аттанды» деген хабарды өзінің кеңесесінде отырып, Жамбылдың обкомынаң соккан телефон хабарынаң біліп сді. Ауданның Шолактауда тұратын өкілі арқылы тіпті анықтап, келер сағатына шейін білген. Солардың жетуімен жалғас тұатын ең алғашкы қыныштылықты ол алдын ала жақсы аңдаған. Строговқа ол: «Қысылған шактарында райисполком бастығы Алпысбаев екеуміз үнемі қасынан табыламыз» деп қалжың аралас серт беретін. Жолаушылар тобы келерден бір сағат бұрын ол Сәлмен, Бәрмен сияқты анау бес корадағы колхозшылардың ортасына келген. Солардың кемпір-шалын, жас-кәрісін жиып отырып, мейлінше мол сөйлесіп, нақтыладап келісіп шыққан-ды.

Райком секретары тыңға орнаган совхоздың қасындағы қазақ колхозшыларымен осы кездесуде жайғана емес, мәнді-жөнді қажет сөз сөйлескен. Келелі кеңес күрган-ды.

Сандыбаев бұл әңгімені Бәрмен қарттың үйінде жасаған. Жалғыз бұл жер емес, аудан орталығында, әр жиылыста, көп колхоздарда, осы қыс ішінде өзі айтып жүретін бір жайды бүнда колхозшыға ұғымды етіп баптап айтты.

— Сендерге мын да бір рақмет. Ақ қар, көк мұздақысылып келген, толып жатқан жаңа жүртқа өз мекен жайларынды бердің. Өздерің қысыла, қымтырыла отыруға шыдадындар. Неге солай істедіңдер? Аудан сіздерден соны неге өтінді? Онымыз, осы совхоздың өзгеден бұрын дәл осы кешеге шейін тек көшпелі болып, тек қа-

на мал бакқан елге ерекше пайдасы тиеді, үлгісі ауысады дескеміз. Өздерін айтсы, осы совхоз күн санаң өз тірлігін, еңбегін бастағалы бұрын бұл өңірде болмаған өнеге, үлгі барын байқамайсындар ма? Кәне сондайдың андадыңдар ма?— деп сұрап бір тоқтап еді.

Үй нессі Бәрмен сөзге шашаң араласып, секретардың сөзін костай жөнелді:

— Бәрекелді, көріп отырмыз! Ең әуелі елдің сидігі берекелі тірлігі, машиналы аспаптың құдіретіндеге екенін көріп тұрмыз!— дегенде, Сәлмен де күнде өзі тамаша етіп жүрген бір жайын айтты.

— Шіркін, мынау өнерлі қолмен жерге енбек еткенде осылай етсін! Біз айырсақ жердің шымы мен топырағы қойтас-қойтас бол тамырланып қала беретін. Мыналар топырақты құлдей етіп, ұнтақтай майдалайды екенғой. Қарашы, жыртқан жерлері үндай, ұлпадай бол жатыр ғой!

Досан, Есен, Әлмен, Бәрмен де қатарынан таңдағы қағып, бастарын шүлғып, аса сүйсінген ажар танытты.

Сандыбаев бұлардың әрқайсысының жүзін барлап, қадала қарап отырып, шын сүйсінген күйлерін таныды. Қатар сөйлеген жұрт бірінен бірі үдетіп, совхоз еңбегін мадақтан жатыр.

— Ұлтарақтай ала қалдырмайтынын қайтерсің?

— Егістің қызығы майдалау екен ғой!

— Жерді қандай терең айырады!..

— Бұларға қарасаң біздің жыртқанымыз жыртқан емес?

— Біз тек жердің бетін ғана тырналап жүріпдіз!

— Ой, тағы бір қасиетін көрдің бе? Осы маңдағы су атаулының бір шелегін шетке жібермей, тағы есепкес алып, керекке жаратқалы жатыр ғой!

— Екпейтін дәні болмаса керек. Некыса Жоның қызығын бұлар өзі де көргелі жатыр, елге де иғілігін берер-ақ.

— Тек қана жыл жақсы бол, дегені өнғарылсын. Жон ғана емес, бұл атырапта бұрын жан көрмеген жақсылық әкеле ме деп тұрмын!— деген соңғы сөзді Сәлмен түйгенде, Бәрмен Сандыбаевқа бас изеп қадала отырып, байлау сөзін айтты.

— Міне, Мардан жолдас! Бұлардан жақсылықты осылай күтіп отырған еліңіз біз!

Колхозшыларды осылайша біраз сөйлетіп алған соң, Сандыбаев және бір көптің есінде қалар сөзді айтты.

— Бұл ориап жатқан жүрт тек егіншілік қана емес, біздің аудан колхозшыларына әлі талай өнеге көрсетеді. Тек тани біл де, үйрене біл. Бұлар әлі үйді қалай салғанды, баланы қалай бакқанды, ауруды қалай си-деуді көрсетеді. Дәл осы үйіндегі жарығың, отын-суың, жатын-жайың — бәріне де өнерлі жүрттың үлгісін әкеп қосады,— дегенде колхозшылар, өздері ішінара білісіп жүрген бір жайларын айта бастады.

— Строгов айтып жүр,— деп Сәлмен директордың өзіне оңаша бір айтқан үәдесін сейледі.— Мынау алған үйлерін үшін кең сарайдай үйлер салып береміз! — дейді.

Бәрмсі мен Әлмен қостай жөнелді:

— Балаларың оқитын мектепті келістіреміз! Клуб, кино, аурухана, монша атаулыны да жақсыладап салуға көмектесеміз,— дейді.

Осы кезде Сакыш та Строговтың бір сөздерін еске алады.

— Отырған үй-іштерің, бүйымдарың, жатын-жайларың әзір бәрі де ескі, жақсы емес. Колхоз бүндай болмау керек, колхозшы жақсы тұру керек,— деп өзіме кездескен сайын: «жақында болады, бәрі басқа болады» дейді. Мені ылғи сөзбен семіртіп жүреді, жолың болғыр,— деп күліп қойды.

Осылайша өрбіген әнгіме аяғында Сандыбаев бүгін әдейі келген шаруасын бұл жүрттың кеңесіне салған. Совхозга бүгін тагы толып жатқан адамның қауырт кеп қалғаны, олардың сендей соғылып, айдалада жатқаны үлкен қысымшылық бол отырғанын айтты. Сонымен, биыл сәл ертерек болса да, жылда осы үйлердің киіз үйге шығып, жақын судың бойына қонып отыратын әдеттін ескертті. Сөйтіп мынау қалған бес кораны да ертең-нен бастап босатып, дос көмекті, Строговқа дос көмегін жасауды кеңеске салып еді. Бұл жайлардың сөз біраз созылғанмен, ақыры колхозшылар тегіс қонді де, байлау жасасты.

— Жыл шықты гой, күн жылынған деген осы да! Бұрын да осы кезде киіз үйге шыға берестінбіз.

Бес қорага он үй бол қысымын-қымтырылып отырғанша, байлау осы болсын.

— Әр үй аузы-мұрнынаң шытып, бала-шагасымен,

ыдыс-аягымен, жатын, жайларымен қысылып-қымтырылышп отырғанша, келіңдер, киіз үйге шығып алайық!— дескен ді.

Осы байлау көптің аузымен, көп атынаң жасалған байлау болған соң Сандыбаев елдің ықласына ырзалық айтты. Және Строговтың атынан бұл жұртқа берік уәде сияқты жақсы бір жорамал білдірді. Онысы, совхоз күзеге шейін осылай көшірген колхозшыларға «Жданов» орталығынан үлгілі орын-жай жасап берестінін ауызға алды. Осы істің орындаудың райком өзі үнемі ескермек. Мына карттарға сол сөзін анық түсіндірді. Бұл колхозшылар көрсеткен меймандостық, тілектекстік жәрдемді барлық ауданға үлгі етіп жеткізетінін Сандыбаев тағы да айтқан.

Колхозшылармен осындай байлауды жасап алған соң гана жағагы қысталада шақта, Строговқа райком секретары мезгілді көмегін жеткізген. Осының орайына енді Строгов, Березин, Тұрсынов сияқты кіслерді онаша алып отырып, бүгінгі келгендер туралы жауапты бір байлаулар жасасқан.

Бұл кеңес бойынша олар ертең жарық шақта бірнеше жиналыстар өткізбек. Комсомолдар, кәсіподак мүшелерінін жиналыстары болмақшы. Келген жұртты анық ақысталап, алғаш күнисен танып алмақшы.

Облыстың басқа аудандарына да келіп жатқан қалың топтардың арасында көп жақсылардың ішінде, әлдеқалай жаман жандар бірге сұғынып кетіп жүргені бұларға мейлінше мәлім.

Луговой ауданының жаңа совхозында бір-әкі бұзық сотталып та кетті. Жыртқыштық, бұзарлық, әрекеттері жұртшылық алдына мойындарына қойылды. Шыққан жайлары бұлдырып, алаяқтар, бұзакы бұзықтар да осындаі қалың жұрт арасына сұңғіп кірмек болады. Сол жайды қысқа гана түспалдан атаган Строгов, Сандыбаев екеуі бір ойларын анықтай түсті.

«Жаңа әралуан сөз тастап, аты-жөндерін әдейі айтпай, жалтарып кеткен адамдардың, тегі аңқау көпті алғашқы қыншылық сәтінде адастырып кетуі қынин емес. Бәрі де путевкамен келгені рас. Бірақ сол путевкалар кейбір қалалық үйымдарда көп талғаусыз асығып беріліп кеткені де бар».

Сондықтан да, үлкен, иғі істің бойына ілесіп жүре түсsetін ошағандар болады, болын та жүр. Оқшау жат-

қан шет ауданға бұл совхоз тек астық өндіру үшін ғана келгенін, әрбір жауапты адам өте жауапты түрде аңғару шарт. Бұл совхоз колективі барлық ісімен, бар колективтік мінезімен, жеке адамдарының үлгісі, отаншылдығы, бас қасиеттерімен де анық социалистік шаруаның, социалистік мәдениеттің, советтік мінез-қасиеттердің де үлгісі болсын. Сол үшін де бүгінгідей шын қынышылықты пайдаланып, жат сөз, жаман мінез байқатушыларды әсте слеусіз қалдырмау керек. Дер кезінде, сагатында анықтаپ, әйгілеп танып та, танысып та отыру шарт екенін айтысқан.

Бұл кеңестің сонына қараңғы жердегі жатын орынна жалғыз келіп сүйк төсегіне киімшеш жантайған Строговтың ойында қөп жайдың қам-қарекеті бар еді. Солар бірі үстінен бірі кат-қабаттап, көпке шейін тыным алдырымады. Әзіргі шақтың бәрі, дәл бүгінгі осы Жондағы күн мен түн тәрізді. Тамаша боп маужыраған көңіл ашар, жарқын күннің кеші кара сүйк. Түні қатал. Аңқыған аязды жел. Айнала наразылық және бой көрсетеді. Қоңіл жұбатар алдағы үлкен үміт! Бұлттан шыққан айдай, кейде ол қуантып, дем беріп, қанат бітіріп қалғандай болады. Қысқасы өз жайы дәл осы шақтарда отқа бір түсіп, суға бір шомып, сол ыстық пен сүйк арасында амалсыз, алма-көзек-жүйіп, тоңу қалпында екенін ойлады. Бірақ дағдылы кен мінезі, ашық ойы қайтадан өз ариасына келіп, өз халіне өзі езу тарғып күле түсті де: «шыдай түс, шираі түс!»— деді.

Көзі үйқыға бара жатқан соңғы бір секундтар шынында, жанағы қараңғы кештеге өзін қамап алып, әділетсіз қатал кінәлар актарған уш-төрт сүйк жандардың жылтылдаған көздерін, жарқырап аксиган тістерін көз алдына келтіре-келтіре барып үйқыға кетті. Ауыр үйқыга батты.

Етекке оралған ошаған

Таң атысымен, деген жерінен шығып, бес қораны босатқан колхозшылар он шақты киіз үйлерін тігіп алды.

Строгов сол сэтте бес қораның бар қуысын түгелімен ақтатып, жыртық есік-терезе, тесік жабыншы болса, соның бәрін бітеп, бүтіндең шапшаң әзірледті. Енді қыс аяғы таусыла бастаған шақта пеші жоқ болса да мал қора, далап, шошала тәрізді қуыс атаулының бәрі-

не тақтай жайғызы. Нар жасатып асығыс әрекетпен көп адам жайларын әзірлетіп алды. Сонымен осы күні кешке «шатырда тұрмаймыз, палатка сұық» деп кешеден наразылық айтып жүргендердің көбін жана жайларға әкелді. Тәсек-орындарын бас-басына таза күйде ариап беріп, ойда жоқтаң, өзі күтпеген халде жап-жаксы орналастырды.

Осы коралардың бір үлкен мал қорасын жақсылап ақтап, төбесін клеенкамен ұқыпты етіп қаптатып жіберіп, ұзын тақтайлардан стол, орындықтар жасатып, жана келгендердің ас үйін де бөліп жайлап алды. Бір отырғанда 50—60 кісі сыйярлық ас үй, баспанада да шықты. Осылайша ас үйі, жатын жайы тегіс ретке келіп алған соң, кеше ойлаған жиынтық бір молшын Березин басқарып, рабочком жиынтысы ашылды.

Өткен түн мен бүгінгі күнүздін Тұрсынов партия мүшелерін жиып, кең сөйлесіп алған. Безродный комсомол мүшелерімен көп жайдай мол әңгімелесіп, қажет бір мәжіліс өткізген. Қалай да күні бойы Строгов, Тұрсынов, Безродный, Березиндер келген адамдардың бәрін де әр сала мамандық істеріне жіктеп, топтап бөліп-бөліп алған-ды.

Агроном Трегубов, Нина Петровна Матайбаева көп адаммен өз беттерімен танысып, анықтап білген деректерін, әр адамға аталған тапсырмаларын Строговка мәлімдеп отырды.

Бүгін ерте келген төрт бригада бастықтары өздеріне тиетін шоферді, тракторшыны, механизатор, комбайншыларды бөлісіп, танысып өз топтарына орайлад алды. Шоферлердің біразымен Вася Матайбаев та кезек-кезек сөйлесті. Қайдан келгенін, кім болғандарын жақсы біліп, біразының аттарын да жадында сақтап қалды.

Тракторшы Новиков, Целигородцев, Воробик, Ткаченколар да өз мамандық ретіндегі серіктерімен көп сөйлесіп, білісіп қалған-ды. Бұл шақ тегінде көктемдік егіс жоспарын совхоздың орталап, орындал қалған кезі еді. Енді қалған 50 проценттік көктемдік егіс жоспарын, алдыңғы істелген кезден жітірек, азырақ уақыт ішінде, тіпті аз күн ішінде аяқтауға керек.

Кешкі жиынтыста осы жәнде Березин мен Строгов өздері алдын ала сөйледі. Бұрынғылар мен жана келгендердің тұтас міндеттін айтып шықкан соң, жана келген адамдар арасынан бірнеше кісі жазыла сөйледі.

Тракторшылардан Петросян, Мазарян, Дафтян, механизатор Старовойтов енді өздеріне қадірлі міндет алғандарын бұл жақта бар ықласпен, бар қажыр-қуатпен сапалы еңбек ететіндерін айтып өтті.

Петросян мен Старовойтов өз сөздерінде, осы совхозга бір жолғы егіске ғана емес, мұлде осы Жонды, Қазақстанды ұзақ түрғын мекені етпекке келгендерін айтты. Петросян, бар жиынды өзгеше жылы көңілмен тұтас сүйсіндірген бір сырны да ашты. Ол өзін Советтік Қазақстанға қүншуақты Армениядан әдейілеп жіберілген өкілі деп түсінеді. Соны айта келе, жиынға өте мейірлесне қараған ажарлы, сұлу қара көзін жиі қағып қалып, аса қымбат жайды айтты.

— Мен туысқан Армения республикасына, туған Ереван қаласына туысқан Қазақстан сахрасына айрықша белгі әкелдім. Қүншуақты Ереван ана тонырагы гасырлар бойында өсіріп келгең жақсы сорт үзімнің бір топ лозасын, туған Қазақстаниң бұрын жеміс өсірмеген Жон деген даласына туғандық белгісі есебінде әкеліп, өз қолыммен орнатпақтын. Сол лозадан үзім өсірмекпі! Бұрын капуста өсіріп көрмеген Жоннан Ереван үзіміне жана, жақсы рахат, мекен жасамақтын! — дегенде, барлық жиын соншалық үлкен қызулы достық ынтымақпен дулатын соғып қол шапалактады.

Келген көпшілік пеп бұрынғы түңғыш азырылық совет азаматтары дагдылы мерзімді жолмен таныса табысты. Мәжіліс жамырасын қосылған жақындардың жиынныңдай боп басталып еді. Бірақ сол жиында бір үш адам жайсыз сөздерге басты.

Вася шегірек тұрып кеше түнде түстерін нобайлап қалған адамдар осылар сияқты. Кешегі ішір қараңғылығында Строговты қысып қирап, қатты қатал үндер қатқан тоptың ішінде осы үшеуі анық тәрізді. Бүгін солар бірі артынан бірі сөйледі. Жайнаң көз, үзын тіс Шарафьянов пеп коңыр қасты, қызыл шырай, сарғыш көзді, сирек тісті Ағабеков және анық сотқар көзді, шолак мұрынды, балуан деңеслі, зор басты Мотов. Бұлардың үшеуі де түндегі бетпен: «Бұл совхоз, келетін адамдарға мұлде көніл бөлмеген. Тұқым мен машина, аспаптан басқа түкті ойламаған. Біз оңтүстіктің — жылы жақтың адамымыз. Бұнда түндерде Сибирьдің аязы. Ал бізді апарат, әлдескайда сиыр қораға, құс күстарына, шошқа тұрмайтын түкпірлерге тыкты. Оны «қамқорлығым,

мезгілімен сткен әрекетім» дейді. Колхозшыларда бізге деген жанашу болмаса, олар еркімен сол жаман пана-ларын бермесе не болар едік? Элі біз тамаққа да қана-гаттанғанымыз жоқ. Үш күнине бері ашизы! Енді бәрі-мізді бөліп-бөліп тағы да қарлы, сұық далаға, палатка-ларға айдамак. Біз директордан жауап талап етеміз! Барлық келген екі жұз кісі атынан айтамыз! Қайда экелдің бізді? Біз адам ба, мал ма?.. Совет адамдары үшін жауап беріңіз. Біз барлық келген жұрттың тапсы-руы бойынша сөйлеп тұрмыз. Өзіміз гана емес, көптің атынан сөйлеп тұрмыз!»— деп үшеуі «е» дескендей қай-та-қайта баса сөйледі.

Шарафьянов алғаш пәле сөзді өзі бастап айтып өтіп, енді Ағабеков, Мотов қостаган соң орнынан атқып тұ-рып биік бойымен біресе шалқын, біресе құлашын жая, сінірлі саусактарын Строговтарға қарай лактыра, нұс-кай сейлеп, кезек күтпей лактыра берді. Мотов сөзінің аяғында ол тағы да көніне анық кесір жұқтыра айғай-лады:

— Откен түн бойы екі жұз кісі жалаңқабат сұық ша-тыр астында бүрісіп отырдық. Таң атқанда талай жұрт жөтеліп, сұық тиіп ауырып та шықты. Осы үшін жауап бересіз, жолдас директор. Қазір жауап тілейміз көп атынан!— деп тенсіне түскен.

Бұның бүлік айғайы өзгені емес, ең алдымен өздері-мен келген Ереванның қалың көпшілігін қатты ыза қыл-ды. Сол көптің ішінен үш-төрт адамын сріксіз сөйлетті. Олар бірі артынан бірі шықты. Ең алдымен бұлар, жа-нағы үшеуін «көпшілік білмейді» дегенді айтты. Және «оларға көп атынан осындағы сөзді сөйле деп ешкім тап-сырган емес. Көптің атын бұлай пайдалануга оларға право берілген жоқ». Біз білеміз, бұл жерге тыңға кел-дік. Тың деген сөз — барды баян етеді, өзір тұрған нәр-се жоқ, барды қолмен өзіміз тұрғызамыз!— десті.

«Шарафьяновтар бұл жақтан курорт, санаторий, сән-сарайлар іздең келсе, адасып келген. Бұлардың тегі ба-ратын адресі, есте Қазақстан, Жамбыл облысы, осы Жон болмау керек!»— деген сөзді қатты мықыл ажа-рымен Геворгиян айтқанда, зал тағы да ду күліп, бар жиын қол соқты. Жаңағы арзан айғайшыларды кінәлап, синап өткендей болды.

Бірақ осымен қатар аңғарылған тағы бір жай бар. Шарафьянов жалғыз емес көрінеді. Залдың әр жерінде

Строговтың байқауынша әдейі тарап отырган он шақты кісі бар сияқты. Олар әр алуан айғай үн қатып, жаңағы үшеуін ақтап, қостап қойысады. Қалың ду ішінде Строгов сол қарсы сөйлегендерді ұға түскісі келіп еді. Үлкен, сергек ойлы көздерін үзік-үзік сөз тастап тұрган айғайшыларға кезек-кезек тастап өтті. Олар: «Шарафьянов дұрыс айтады», «бәріміз үшін сөйлемді», «сиыр кораға қуанып жалған айтасыңдар ма?»— деп Геворкиянға бет бұрып, кекесін сөздер айтып жатыр. Бірақ бұлар долы, соткар көрінгенмен, саны аз ғана. Қөшшілік алдыңғы Петросян, кейінгі Погасяндар бетінен бұлжымай, ойдағыдай шықты.

Строгов бұл жайында Тұрсынов пен Березиндер сөйлеген соң жиылдыстың жабылуын мәслихат етті. Өзі әдейі сөйлеген жок. Қөптің талабын әлі келгенше аз күн ішінде, барынша орындақ пиеті барын айтты. Сол жолда ешиәрсесін аямай, қам-қарекет ететінін қыска ғана, нақтылы ғана білдірді де, әдейі сол аз сөзben тоқтады. Іс адамының, қам-қарекет, үздіксіз қымыл үстіндегі енбек адамының, көлке тез байқалатын ажары мен дағдысын танытты.

Осыдан кейін жаңа келген тоңта жұмысқа басты. Енді бір-екі күн өткенде мамандығы жок екені анықталған Шарафьянов, айғайшы Ағабеков, Мотов, Дюзов, Пыжов деген тәрізді кісілер қалың топтан бар жайлары бөтендеу бол көрінді. Олар шофер да емес, тракторшы да емес, механизатор да емес, ешбір білім, мамандық алған да адамдар емес бол шықты. Шын мамандықтарын жасырса да ғажап емес. Енді осылар «біз де келдік» деген бол, «біз де әдейі тың айырысуға келдік» дескен сөздерді сағат сайын айта жүрді. Сөйтін орайын тауып осы базаңың басындағы жұмыста қалды.

Біреулері құрылымынан, тағы бірі электр монтерлігіне және бірі киномеханиктің қасына, енді бірі бухгалтерия маңына орналасты. Жақын жерден үнемі бақылай, аиди жүру үшін бұлардың бригадаларға бармай орталықта қалғанын Строгов бір есептен теріс те көрген жок. Бірақ олардың әрқайсысымен кейде өзі сөйлеседі. Бірде сырттай жөндерін сұрастырады. Тағы бірде ойдағыларын айтқызады. Некылса өзге топтан бөлек көрін, осыларды қатты ескере бағып жүрді.

Шарафьянов болса өз тобымен енді тез ғана өзгерген, ақылы кірген кісілердің қалының көрсетіп жүрді.

Орналасқан жұмыстарында үш-төрт күннен соң олар тегіс ширап, күжіндап аса үлкен бейіл бере лыпыл қақты. Бірак осы күде төрт-бес күн өте сала Шарафьяновтың тұртуімен Мотов, Пыжов екеуі және Ағабеков косылып үшеу болып, Строговтан подъемный сұрай бастады. Сөздері сондай орынды, қонымды-ақ. Ол жақта біреулерің көрі шешесі қалыпты. Енді біреуінің жас балалы әйелі қалыпты. Олар онда жалаңаш, ас-азық коры жоқ. Бұлардың өздерінің де үстінде лыпасы, аяқта шарығы жоқ дегендей. Шынында өздерінің көптен бөлек жерден шыққан белгісі есепті жыртық-жамау кімдерін Строговқа көлденендетіп көрсете берісті.

Тагы бір сәтте бұлардың өтінішіне Шарафьяновтың отініші де сондай косылды. Кейде олар Строговқа жұмыс кезінде мезгілсіз жайларда, тіпті далада да мазасыздықпен орала берді. Бұларды басқарып істетіп журген дұрыс адамдардан Строгов әрқайсысының еңбек жөнін сұрайтын. Сұрағай сайын бәрінің жұмыс жайға; еңбек әрекетке соңашылқ ынталы, пысық, ширак екенін есітеді.

Строгоған ен-әуелі осылардың бәрін де өзінің бір еркінен көндірді. Онысы көшеде, кез келген жерде орала беріп, өз бастарының жұмысымен Строговты алаң сте бергендеріне тыйым салды.

— Мен тындалмаймын! Қенседен тыс жерде өздерің жұмыстарыңды тастан, мені ісімнен бөгеп, бұлай орала беруді мұлде тоқтатындар! Айтпақ жайларынды мен отырған ана кішкене орын бар, қызыл вагон іші, соған келіп отырып сөйлесіңдер. Болмаса сендер үш жұз адамсыңдар, ойландар, сол үш жұзін мені жұмыс уақытында бір-бір минуттан бөгесендер де менің еңбек күнімпің бес сағаты соған кету керек. Жұмыс участогі үлкен, білесіңдер! Осы, соңғы сөз болсын! Енді маған да-лада оралмандар — деп Шарафьяновты бастық етіп, бес кіслік топтарына нық, салқын бір ажар тапытқан.

Осыдан кейін тагы үш күн өтті. Жаңағы адамдар ту-зелген ажар байқатып, Строговтың мазасын да алмады. Ол сұрастырса жұмыстың да қара қыртысын айналдырып, жұлқина істеп жүрген боп шығады. Осы тәрізді өзгерістерін, мінез өзгерістерін көрсеткен осы жүдеу топқа Строгов бір күн амалсыз жалынды. Олар тагы кепті. Шарафьянов көзіне жас алып, жыламсырап жа-лына сұрғаган соң директор сендей де дегендерін берді. Ол

топ осыдан соң да үнсіз, мінсіз, қатардағы қайрат адамдары болып ап, адал, тұзу еңбекке басты.

Осы шакта апрельдің бесі де жеткен еді. Қектемгі егіс жоспары пәлең мың гектарға барды. Жон деген үлкен өңірдің қалың сауырын бұл күнде ұшан-теніз қоңыр барқыт жабыныши жапқандай. Игі еңбектің ізімен толды.

Атаған санның элдекайда артық бол орындалған егіс, жоспары өлі Жонның жотасына жаңа, басқаша тірлік дәнін көмді.

Тұңғыш жоспарды осылайша мезгілімен және мөлшерден асыра аяқтауы, жаңадан орнал жатқан совхоздың өктеп жеткен жеңісі бол танылды. Елсізге, қиян алысқа, тау сыртына ақ қар, көк мұз аралас барып орнаған жұрт, тек алғаш ірге тебуғана емес, дегенине жеттіп, мойындарына жүктелген Отан міндеттін ада қып, үдел шықты. Облыс басшылығы мен аудан жұртшылығы бұл жайды шынымен қуаныш етті. Сол көшілік сұрындардың тілекtes көнілін білдіріп, Сарысудың аудандық комсомол комитеті достық әрекет жасады. Қектемдік егіс жоспары біткен күні аудан орталығы Байқадамиан аттандырыған комсомолдар тобы, базаға келіп құттықтап, қуанысқан сөздер мен сый белгі де экеліп тартты.

Келген жолдастар база басындағы қызмет адамдарын жиып алып, жарқын жүзбен жақсы талаптар да, тілектер де айтысты. Бұларга жауап берген сөзінде Безродный, союз жұртшылығы атынан анық жас жалынын, жаңа қауым үмітін, өршіл, әсем сөздермен айтын шықты. «Шөлді — көлге, даланы — дәнгे толтырамыз, базаны ғұлғе ораймыз. Ауырды — жеңілге, шалынкты — айдынға айналдырамыз»— деген сөздері сепімді тоңтың ұраны есепті еді.

Ауданиң келген жастар атынан сөйлеген жас оқытушы комсомолка Жанаева, осы сөзді айтқызатындағы озғеше бір талап та койған.

— Біздің аудан сияқты шеткегі жатқан, бұрын көнпелі болған аудан совхоздан көп жаңаалық пей жақсылық күтеді. Сіздер тек қана астықты аймақ емес, советтік социалистік мәденистті аймақ жасауға мол жаңаалық қесатын топсыздар. Қөп совхоздан бөлекине, ерекшე осындаї, тарихтық қадірлі міндеттерің де бар қауымсыздар! — деген.

Бұл екі жастың осылайша алма-кезек айтысқан тілек, талаптарын Строгов аса бір сүйсінген ажармен тыңдаған. Аудан жастарының сыйын да бұндағы жынын үлкен алғыс ажарымен қабыл алды. Кол соғып тұрған көпшілікке көрсете түсіп, Жанаева өз сыйларының алды етіп «Родина» атты радиоқабылдағышын көтеріп шыкты. Бұған ерген жеті-сегіз ер-әйел жолдастары да қолдарына бір-бір сый бүйымдарын әкеп ұсынды. Онда патефон, сагат, шахмат, домино тәрізді көпшілікке керек бүйым, сыйлар бар еді. Осыларын өткізе сала Жанаева бар совхоз жұртшылығына аудан халкы атынан жіберілген ен үлкен, ең қадірлі сыйды жақсы серпіп, жалғ еткізіп желліне көтерді. Ол — Казакстан республикасының Қызыл Тың болатын. Осы туды жастар атынан қабылдан алып тұрған Безродный тың бір серт айтты. «Енді 20-ыныш майға дейін бір жарым ай ішінде алдағы үлкен міндет — пар айдау жоспарын жоғары сапада орындан шығамыз!» — деді. Барлық совхоз жұртшылығы атынан кең үймен, үлкен сеніммен сол уәдені пашқылды да, серт етті.

Енді күн жылдынып, көпшілік тіршілігі арнаға түскендей бол өз ырғағын тапты. Сау механизм қалпында күн санап дами берді. Атаған мезгілде сол жоспар, мол жоспар да орындалды. Нелер ұзақ-далалар ойдағыдаи жыртылды да, мындаған тракторлар совхоз женсінің, табысының кең іргесін нық орнатты.

Енді егіс үстіндегі еңбекпен қатар, құрылым ісі де күн санап көп үйлер іргесін қалап келеді. Және бір сала — қызық келешегі бар еңбекті инженер мелиораторлар бастаған. Бірнеше ай бұрын алыс қана қиялдай көрінген бір жоспар, іс болуға тақап келеді. Тегі совхоз қаласының ен үлкен арманы да, ауыртпалығы да судың жайы екені Строговқа былтыр осы араға қыс басында келген шағынан өте мәлім болатын. Сол күннен бастап ол болашақ база, қала жанында су қоймасы ретінде көл жасап алуды шарт еткен. Сонымен қазір, Жамансары дейтін кішкене бастаудан, қала қасында көл жасау ісі қолға алынды. Бірақ көлдің көлемін, табанын қай жерден қалай етіп алу әңгімесі Гольдин мен Строгов арасындағы көп кеңеске айналған.

Казір Гольдин белгілеген жерде Строгов өз көңілін нық бекіту үшін Вася Матайбаевты өз машинасымен Сөлмендерге жіберді.

— Менің бес-алты досым «ақсақал советтін» жиып әкел, Вася! Ақыл-көмектері, дос кеңестері қатты керек болды, соны айт! — деген.

Сол шалдар келіп көлге өлшенген жерлерді жағалай көріп шығын Гольдин мен Строговқа өздерінің кеңесін қорытқан байлауын айтты. Олардың ойлары бойынша инженердің көлге белгіленген жері қолайсыз. Жамансарының бастауын бұлар жақсы біледі. Ол, жолшыбай қосылып отыратын үлкенді-кішілі көз-көз, көп бұлактан құралады. Осы жердің топырагына ба, тасына ба, кей бұлактар, сол көзбұлактар кей жылдарда бітеліп калады. Жамансарыға, ортақ ариага су бермей қалатын кездер болады. Ондайда Жамансары осы совхоз орталығы түрған жерге де үзіле-үзіле зорға жетіп жығылатып.

Ал көлді Гольдин сондай екі бұлак үстінен салмак бопты. Қөлдің табанының астына бұлактың көзі түскен соң, ол үнемі біtelмей тұрса жақсы, ал кей жылдардай өздігінен бітіп қалатын болса көзей алмайсын. Қөліне түсsetін судан тапшы боласын! Одан да ақсақалдар ақылын алатын болса, қөлдің табанын әлі де екі километрдей төмен түсірсін. Бұлактар біtelіп қалған шакта көзеп отыру оцай. Олардың кеудесі ашық тұрсын. Ал көлің қалаңа жақындаі түседі.

Өздерінің туған жерін жақсы пайдаланбаса да бар жағдайы жағына жақсы біletін қарұтар Строговқа бұл жолғы кеңесімен де қатты қажет ақыл қосты. Ол ақсақал кеңесінің байлауын нық жақтады да, жас инженер жолдастына «ақсақалский советтін» айтқанын іste деп қатты бүйірган.

Сол кеңеспен істеңе бастаған көл де аяқтауға тақан келеді. Көл біte салысымен болашақ каланың бар көшеслеріне арық жүргізу, ал арықтар жағасына тек қана жеміс ағаштарына бақшалар, көк қатарлар орнату жоспары да жасалып жатты.

Строгоғов бұл жайға өзінің тағы бір алысқа өрлең, үдей түскен қиялымын қосады. Суды айтса, болашақ жеміс бақтарын, көк өсімдік қатарын атай бастаса, «алыс бір қиялым сол — өзіміздің жердің үзак айналасына, көлденең 50 метрлік қоршау тоған орнатсам. Совхоз жөнніндегі ең бір ыстық қиялым сол» дейтүғын.

Бұнысы да жас совхоздың қыны кешегісі мен жылы күндегі бүгінінен тұкан қиял. Эсірессе тамаша келешек-

ті андаған жігерлі ойдың көрікті өрісі. Өзгеше бір күлім қағып, бұлың беріп, қуанта тартып тұрған болашағы.

Осындаïй әр тарапты мол тірлікті, әр тараптан келіп туыса табысқан еңбек елі күн санап алға бастыра бас-тады. Еңбек, тілек жанды тірлік иғілігінің бәрін қосып ізденген жақсы тоptың тұтас тірлігі күн санап дамып келе жатты. Бірак сонымен қатар осы табыстардың бәріне бір сәт іштерімен шындал жылынбаған, дең қоймаған кейбір кесір жандар да, әр кезек, әр түрлі сүмқай мінездер көрсетіп қап жүрді.

Олардың ортасына бұл күнде оқшауланып шыккан Шарафьянов. Ол өзі сөзшең-ақ: Ілінісетін, кесір шығаралының кездерді жақсы біледі. Тәсілкой да айлакер. Подъемныйын алып, онысы бойға сініп болған соң енді Ағабеков, Мотов, Пыжов, Дивов сияқты адамдарын өзіне мұлде еліктеғіш етіп алған. Әрқайсысы өздері жүрген ортада қайдағы бір қыны, қысталан шақта, ауыздары көпіріп көріне қалады.

Әлі совхозда арылмаған қынышылық, женілмей жатқан ауыртпалық сондайлық көп. Қазір де таршылық пен тапшылық мол-ақ. Адам басы женіл палаткаларды амалсыз панарап, жайғасқан тәрізді болса да, әлі де мәдениет орындарына, көшшілік мекемелері мен әр бөлек кеңсеге, үйымға жай жеткіліксіз. Шолақтау сияқты азық-түлік, пұл-зат, аспап-мұлік беретін ең жақын орталық болса 90 километр жерде, қиян үзак алыста жатыр. Сондықтан да күн санап, бірде азық жетпей, бірде жағармай, зат-бүйим болмай қалады. Аса ділгір қажет аспап-сайман тапшылықтары да күн санап, кейде сәт санап кезектеп қысып, қинап отырады. Сондықтан да Строговтың өзі, жақын көмекшілері әлі біртұтас күн қыспақсыз, қиналусыз толық тыным алып көрген емес.

Ал Шарафьяновтар болса бойы үйренген сайын айлакер, тәсілқойлықпен Строговқа өшігіп алған кісідей әр алуан кесір-кеселдер жасап қойысады. Әрдайым совхоз коллективінің белсендісі көрінбек боп, шағын жынындарда сөйлеуік, сиғнал бергіш кісім болады.

Бұлардан үзілді-кесілді арылып алайық десе, өздеріне көп пұл-қаражат беріліп қалған. Және жүре түзеледі, жөнге келеді деген үміттен Строговтың совет адамына сенгіш көңілі арылмай да жүрді. Енді тағы бір

кезектерде Шарафьяновтың араласпайтын сөзі, кірісисейтін жері болмауға айналды. Ол рабкоопқа да сын айтады. Рабочкомға да белсенді сөйлейді. Мәдениет кешінес ырза болмай, іріткі жасайды. Кейде дирекцияның жаупты адамдарының басшылық ісіне де сұғанақ тұмысының сұға кіріп, іздегені әрдайым әлек пен бүлік бола беруге айналды. Сирек те болса кей шакта ол ішін төбелескіш те. Осы мінездерін әркімге әйгілі, сүйкімсіз адам есебінде таныта жүрсе де, ол өз жайын анық, қаталга, сынға ұшырататын кезеңдерге соқпай жүр. Тек бір күні гана рабкооптың лавкесінен қант-шай ала келген бір колхозшыны сыртынан кеп желкесінен алғы, сүйрөй жөнелген еді.

Лавкеде тұрған Мерқадіровты айғаймен синкеролемен кісі бол айыпта, балағатта та сөйледі. Бұл сөзінде қазақ сатушы, қазақ алушыға гана жасырын сататын дүниелік бар, дейді. Бізге көрестінейді, совхоздың өз жұмысшыларына жоқ деген нөрсөні колхозшыға неге сатады? Қазақ Мерқадіров қазақça гана неге сатады? — дегендегі ұлт арасының да сұық сөзін айғайлап айтты, әлек бастанады. Ол желкесінен тартқан колхозшы Сәлменнін жиені Жақып дейтін мыкты жігіт болатын. Өзін сүйрелеп, тілге келмей масқаралаған Шарафьяновты ол топшысымен бір-ақ қағып ұшырып жіберді. А나у боктық жұмсал, қайта ұмтылайын дегенде Жақып ызалы, оқты көзін сүзе қарап «келіп көр!» деп қолындағы дырау қамшысының өрімін қыса білеп тұрып алды.

Шарафьянов айғай мен пәле сөзді айттып, көп бажылдаса да төбелеске бата алмай, тайки берді.

Строгов біліп, бағып, тізіп жүрген Шарафьяновтар мінезінің соңғы бірі осы еді. Бұл жөннен оны рабочком әдебій соңғы жасаган сотқарлығы үшін көп алдында талқыға салатын болды. Сол жиылдың ертеңде белгіленген сыйбысын алдын ала біліп алған Шарафьянов кешкө Строговтың үстіне сұраусыз кіріп, бес жолдасын ерте келді. Қолында жеті кісі қол қойған арыз бар. Сөзі, бұліктен таймас кесірдің сөзі. «Сендер, бұл жердегі басшылық — дирекция тыңға келген, өзі тілениң келген жүртты репжітіп отырсындар. Мынау жеті кіслік қалың тобымыз наразымыз. Сендер өзара сынды айтушының аузын басып, өшіруге дағдыланғансындар. Соңдықтан айыптысындар және директор Строгов өз басың көпші-

тікті алладың! Келген шактан осы қунге шейін екі жа-
зым ай өткенше саналы совет адамдарының Отанышы
галабын жокқа сайдындар! Ылғи алдаумен келесің. Сол үлдау мен қоркыту сенің, директор Строговтың жалғыз
солданатын құралың мен әдісің. Осы себепті біз кетеміз,
кол қаражатымызды бер. Біз Ереванга қайтамыз!—
деп сұық түспен сөйлеген әлек сөзін аяктасты.

Строгов сол арада Березинде және орынбасарларын
шакырып алды да, жаңағы Шарафьянов ұсынған арыз-
дығана оқып беріп:

— Міне жай осындай. Ертеңге арналған жиынды екі
сагаттан соң екінші палаткаға бүгін шақырайық. Мынау
жолдастардың талабына, топталып берген арызына жа-
уап берейік. Ол міндеттіміз. Түсінікті гой!— деді де бүн-
дайдағы қайратты тапқыр мінезі бойниша, қыскағана
сөйлеп, өзге сөзді тыйып доғарып койды.

— Сіздерді тыңдал болдық. Сөзді екі сагаттан соң
сөйлесеміз, жауапты сонда естисіз!— деді де Шарафья-
новтарға өткір көзін қадалта, тік қарады. Сызды, сал-
қын қараган бойымен ұзатып салды.

Жиында сөз ұзакқа барған жоқ-ты. Строгов өз сөзі-
нін кезегінде бір-ак нәрсепі айтты. Қысқағана, тұжы-
рымды үкімдей басып айтты.

— Сендер Ереванин келдік, Ереванға қайтамыз!—
дедіңдер гой. Ал мен айтайын, осы арызга қол қойған
Шарафьянов, Ағабеков, Дивов, Мотов, Пыжов, сіздер
Ереванға қайтпайсыздар. Рас, тың жерден кетесіздер,
бірақ сіздердің баратын жерлерініз Ереван емес. Біз бі-
леміз, біліп болдық, сіздер Ереванин келген жоксыз-
дар! Сіздер ешбір тұрақты мекен-жайдан шықкан кісі-
лер емессіздер. Бәрініз де бар жерде жүретін, бірақ бір
жерге де орынқайтын, біздің қауымнаң түгелімен ары-
лып бітпеген, соңғы бір сүйкімсіз «қалдық» аталған
жаңдарсыз. Бірақ қайда барсаңдар да мынау тізім сіз-
дердің сондарыныздан ере жүретін тізім! Ереваниң
жаксы жүртшылығын, қаспетті совет халқын біз сендер-
ге былғатпаймыз. Ол қаланың қауымы атына жала жап-
тырмас үшін мен мына тізімді сактаймын. Сендердің
шындарыңды шынымен әйгілеп отыру үшін сактаймын.
Және естеріңде болсын, осындаң қүндерде мынау ты-
нын, адал совет жүртінің азаматтық асыл еңбегінің
үстінде жасаған әр әлектерің үшін, бұл қунге дейін іс-
теген еңбектең, сан есе артық еңбек етуге сендер мәжбур

боласындар! Бұғін мынадай арыз жазып, жасаған айыптарынды, айлар бойына түзеймін деп ойламаңдар. Дәл осындаған бір гана оңбағандық, іріткілік сүм мінездің өзі үшін кем койса бір жыл, әйтпесе жылдар бойы тек кешірімнің гана, айыптың гана еңбегін істейтін боласын шектеріңен!

Осы сөздер Строговтың өзінің гана арлы, памысты, ызалы жүргегі атқан жириеніш сөз емес, адаптацияның ызырынан, куана берілген үш жұз кісілік қалың жиын, қасиетті қауымның сөзі мен сезімі еді. Бар жиын бірнеше адамның аузымен, көптің шынайы қосылған ызалы, әділ ашу демімен де бұліктеді таңбалап, әйгілеп шықты!

Строгов сол арқылы ашудың созін үлкен бір шешенде дікпен сөйлеген. Тәжірибелі, іскер адам болу үстіне бұл білімді, өнерлі, ойлы адам қалында кейде осындаған жиындарда қалың топтан қара үзіп, шоктығы асып шығып кете алатын. Ол тілге, ойлы сынға шеберлігін осындауда өз коллективін таптаған жүрстін.

Жұрт бұның саналы да ызалы сөзін барынша құлтап, өзін қостап шықты. Бірақ жиылды соңында өзінің қаранғы, тар гана жатын жайына келгендеге Строговтың қоңліндегі әлі айтылып болмаған және бір ызалы наразылық бар еді. Жында оны айтуға болмайды. Бірақ сол Шарафьянов, Ағабеков, Мотов сияқты алайқ сүм адамдарды осы жаққа жіберген адамдарды кінәлады. Осыларды тоқа косып жіберген кейбір үйымдардың өкілдерін Строгов бұғінгі сэтте жалғыз жеке ойында қатты айынтай отыр. Сол адамдардың бірде-бірін жұз көрсе, дәл кездессе Строгов нелер қатал сын айтып, ар сотына тартар еді. Тыңға... осындаі өзгеше даңқ алған тыңға, ел, Отан жорығына кің болса соны жіберуге қайтып батылы барған?! Әлде салғырт, үстірт жауапсыз оймен:—«тілсінің жүр, бара берсін» десті ме? Немесе «неміз кетеді, ол жерде түзсі алар, құтылайық» деп әркімді жете тексермей, кім екенін білмей-ақ жібере салу болды ма?

Бір мұнда, «Түркістан» совхозында гана емес, Строгов былтырғы, биылғы қоңілсіз тәжірибелерді жақсы біледі. Әр облыста, әр совхозда бірен-саран сүмдар болып отырған, бұған де болып отыр. Сотталғандары, аласталып қуылғандары да бар. Сырлары мен шындары

ашылуға тақағанда бірен-сарал қашып кетіп жургендері де белгілі. Солардың көбі бұрынғы үры, хулиган¹, ішкіш, жалқау тәрізді әлдекімдер.

Оларды тыңға қарай жібере салғандар Строгов көзінде Отан алдындағы жауапсыздығы үшін айыпты адамдар болып көрінеді. Осында шыншыл ойы әділ ызамен улана түскен Строгов, бүгін түн ортасына шейін көп аунақшып үйіктай алмай, тыным таба алмай жатты.

Сол жиын соңынан үш-төрт күн өткенде Ағабеков, Мотов, Дивов үшеуі совхоздан қашып та кетті. Бұлар подъемный ақшаларын актамай үкімет сыйбағасын жеп қашқан қылмысты жандар еді. Солар кетісімен Шарофьянов шұғыл өзгерді. Ол жаңағы кеткендер мінезін қатты сынап, ұдайы ұрсып, балағаттаумен болды. «Теріс айтқан едік, кетеміз дегенді тек директорға оңай әсер етеміз деп айтқан ек. Болмаса шынымен кетеміз деу менің өз ойымда болған емес-ті. Мен әнеугі жиын соңынан үялғам да, тоқтағам! Мыналар иттер екен! Білмедім, олар жөнінде адасыптын. Жауларды, жауыздарды совет адамы екен деп адасып, танымай қаппын!»— деген сөздерді тыңдауши жиын таппаса да, базадағы бірнеше жұз адамның жарымынан көбіне сусылдап, тыным таптай шешен қып, ашы өкініш етіп айтып жүр.

Ал өз басы осыдан соң көпке дейін бұрынғы бүлік мінез, бәле сөздерін тоқтатып, тапсырған жұмыстарға лыпыл қағып жүретін көнбіс те, елгезек адам бол алды.

Салқын белде сары алтын

Жонға келіп орнағанына бес-алты ай болған, адал еңбек сауған совхоз жұртшылығы, жаз ортасынан аса берді. Бұл шакта игі еңбек өзінің мол жемісін бере бастап еді. Самал тау, салқын бел Жон деген өлке үшантесіз алқапты басқан сары алтындаі астық даласына айналды. Бұрын адам еңбегі қыртысына қол тигізбеген олі өлке, қан қазына өнірі боп жаңара, жаңғыра берді.

Қазір ендігі шакта Строговтың өз көңлінше соңшалық баяу басса да, совхоз қаласының құрылышы да көрнекке шығып, дамып келеді. Қішкене қала туып өсіп жатыр. Бірнеше үлкен үйлерін Строгов өзі өтініш етіп

¹ Хулиган — бұ

тастан да салғызған. Алты пәтерлі үйлердің тас іргесін, сыртын, көл табанын қазғаңда сындырып шығарған тастардан әдейі салғызды.

Болашақ қаланың көшелері бірнеше катар болып қалған торт пәтерлі, жалғыз қабат стандарт агаши үйлерден тізіле бастады. Рас, бұл үйлердің алдағы үмттей қызықтырып тұрган болашағы жақын, жақсы көрінсе де, әлі анық біткен бірде бір үй жоқ. Тұратын үй былай тұрсын, әлі кеңсеге, мәдениет орындарына, көншілік мекемелеріне де арналып салынып жаткан жайлар аяқталған жоқ. Бұл совхоздың құрылышын өз міндеттіңе, шефтік ретіндеги серттесін алған Түркістан әскерлік округі еді. Оның әскер тәртібімен, өз налатка-ларымен, машина, күш-көлік аспаптарымен, мамандарымен келген топтары жаз шыға іске кіріскең-ді. Басталып, істеліп жатқан үйлері, мекен-жайлары көп-ак. Бірақ Строговтың ішін қыз-қыз қайнататыны олардың темпісінің¹ шабандығы.

Оз қолына берілген совхоз міндеттерін егіс ретінде, басқа құрылыш жөнінде өзінің ырқына көндіріп, әрі жіті, әрі ширак, шашаң істеуге тырысқан Строгов, мынау құрылыш жөніне келгенде шарасыз. Сол амалсыздық іштей көп толқытып, қинап жүр. Жігерлі, шашаң, іскер адам қашалық тынымсыз тынырласа да құліреті жетпейді.

Барлық совхоз болмысының осы бір үлкен саласындағы шабандық, Строговтың ендігі дерті десе болғандай. Қазір соның үстіне тағы бір үлкен алаң, беймазалық косылды.

Астық орылып жатыр, бірақ жабық қырмандары жоқ. Ал тазаланып әзір тұрган астығы тау болып үйілін келеді. Міне бүгінгі күн бір қырманың өзінде тап 12 мың центнер бидайы қызыл тау бол үйіліп, жабусыз, қоршаусыз тұр. Облыстық совхоз треске бұның бәрі мәлім. «Союзтранс» машиналарын жіберуге әлдеқашан серт етсе де, міндеттің орындарында, кешігін отыр. Жауын жауса не болмақ. Тек биылғы жаз ортасынан бергі құрғақшылық қана көзілге демеу болады. Бірақ соңдай күйде, шарасыздық қүйде отыру, соған көну де Строговтың жаратылышына, барлық іскер дагдысына қарсы, ерсі жайлар.

¹ Теми — карын.

Осы күй мұны қатты қинаған себепті, ол облыстағы жаңағы екі үлкен жауапты орынмен қатты айғайласып, ұрысып та қалды. Қөп күнин бері айықпай жүрген және бір ауыр уайым тарғы бар. Совхоздың қолына тиген бар комбайны мінсіз, ақаусыз бар санымен түгел қызмет етіп жүр. Астық науқаны алдында, Строгов өзіндегі маман атаулысын түгел жаз бойы жұмылдырып, комбайндары мен тракторларын барыша түп-түгел жаксы әзірлеп алған. Бұл жөнде өзінің де білімі механизация, электрофикация факультетін бітірген сенімді мамандық болатын. Әсіресе бүгінгі орны мен міндеттіне бұл табылып қойылған басшы. Алғыр, білгір командир болатын.

Бұның күрделі комбайндары мен өзі жүретін комбайндары және сабан үйгіш тіркеуі, қысқасы бар агрегаттары егіске өте бапты боп, сай күйде түгел араласқан. Бірақ сонда да күйлі комбайндарың толық ісі әзір үдайы арылмаған бөгеттерге тіреліп жүр.

Әрбір үлкен егін даласының саржайқын беткейінде, не мол жазығында, не қырат жотасында әлсін-әлсін боздал түрған комбайндар үні естілгенде Строговтың шекесіне шық еткендей тиеді. Не жоқ, комбайнның бункері дәнге толады да, сол дәнді алатын самосвалды шақырып тұрып алады. Ал самосвал болса жеткілікіз, аз гана. Оны облыстан сан сұрап, тагы да жетерлік қып алған алмай жатыр. Бұл жөнде болып жатқан хал, Строгоз шындағы қиналып ойлаған шақта қылмысқа барабар көрінеді.

Не деген сөз? Комбайндар күйлі тұр, күні-түні істеүгे егіні де бар, әзір тұр. Ал өнімсіз, қыбырсыз тоқтауға сәт сайын үшырауда. Барды, оқайды, асылды аламын десе, қол жетпей түрған дәрменсіздік қинайды.

Осы соңғы халдің барлық аңы күйін Строгов бүгін Сарысу ауданының секретары Сандыбаевқа түгел санап айттып отыр.

— Облысқа барада маған соғып, жайымды біліп кет те, обком мен облисполкомға әдейілеп айта бар! — деп Строгов Сандыбаевқа өтініш айтқан.

Сандыбаев кешкі жұмыс аяқтай берген кезде совхозға келген де, еркінірек сөйлесіп алу үшін Строговты жақындағы «Жданов» колхозына ертіп әкеткен. «Ждановқа» келгенде Строгов Сәлмен үйінің сыртына тоқтаған машинасынан секіре түсіп, киіз үйдің сыртынан еркін дауыстап, үйреншікті әзілмен дабыс берді.

— Қайда! Меники Садаға қайда?

Ійдеп Сақыш қатты күліп, қарсы жүре бастаң:

— Е-е, келе бер, Садаға! — деді.

— Садаға, қалай, қол-аяқ сау ма?

— Айналайын Садаға, қол-аяқ сау, өзінің де деңін-
карының сау ма? — десіп екеуінің аманасуы Васяны,
Сәлменді және әсіресе Сандыбаев пеп оның шофері
Әбішті қатты құлдірді.

Жаңағыдай жақсы шыраймен шұрқырасын амандаса
бастағандары болмаса Строгов қазақшаны осыдан
ары білмейді. Сақыш болса орысшаны мұлде білгесі
емес. Сонымен екеуінің жақсы бейілдері амалсыз тілсіз
тоқырап қалатын. Қазір секретарь мен директор Сәл-
менінің, Садаға кемпірдің үйінде. Дәмді шайды ұзақ ішे-
отырып, екеуі совхоз әңгімесін қастарындағы Вася мен
Әбіш шоферден жасырмай-ақ айтысып алған. Орысша
тілді шала білетін Сәлмен мен Садаға-Сақыш бұлардың
әңгімесіне мұлде бөгет болған жок.

Жасырын айтатын да жайлар емес. Жаңағы қын-
шылықтарды Строгов Васяға әбден иландырганы сон-
ша, Вася өзі де әрбір комбайн боздаған сайын қабағын
шытып Строговтан бетер қыңжылып, қишаға түсетін.

Енді біразда совхоздың бүгінгі қыншылығын әңгі-
меледі аяқтасқан еді. Строгов осыдан әрі қазақ кол-
хоздарына және де өзінің синшыл достық талаптарын
қадалта, қатты қып айтып отырды. Ол Васяны тілмаш-
қып Сәлменмен қызық әңгімелеседі.

«Колхоздарында орнатқан бірде-бір жеміс бақшасы
жоқ. Үйлерің нашар салынған. Кора жайларың да бу-
рынғы көшпелі қазақтан озған жоқ. Қызыл отау дегенің
ток¹ басындағы жыртық үй. Жауын да жауады, жел де
соғады, алтындаі асыл қазына, жақсы кітаптарды оку-
шыдан бұрын солар тоздырып жыртып жатыр. Клубтар
жоқ, мектеп те бұзау қамайтын үйшікten артық емес,
бүйтіп тұруға болмайды. Ертең қастарында совхоздың
үйлері тегіс салынып, қаласы тұрғанда миллионер кол-
хозсындар, өз тұрмыстарың үшін ұялатын боласын-
дар!» — деген. Бұл сөзді Сәлмен мен оның шешесіне «со-
лай, Садаға!» деп қойып, «айтқаным рас емес пе, Сада-
ға? — деп Сақышқа макұлдатып, сақылдап күліп, әзіл
етіп айтады.

¹ Ток — қырман.

Онын атаған, әділ айтқан сыйндары мен мінездері бір ғана «Жданов» колхозы емес, Сарысу ауданындағы талай колхоздарға түгел жетіп жатқан әділ талап, қажет сыйн еді.

Сандыбаев бұл тәрізді қамқор азamat талабына моянындағаннан басқа дау айтқан жоқ, айтпақ та емес, «Жданов» колхозы ғана емес, көршілес «Ушбас», «Акторай» колхоздарына да Строговтың досжар атагы мол жайылған. Бұл күндерде, ол өздері қыста Жоннан көпшірген он, он бір семьяға бұрын бұл өңірдің колхозшылары салып көрмеген жақсы-жаксы үйлер салғызғанды. Сәлмен мен Сақыштың, Бәрмен, Әлменнің тағы басқалардың да көңілдері дән ырза. Олар күн санап колхоз ортасындағы еңсесі биік, өзі жарық, өзі кең екі бөлмелі, уш бөлмелі үйлеріне кіргелі отырган.

Строгов бұл колхозшылармен көп айлар бойында жиі араласа жүріп, қазақ тіршілігін жақсы біліп алған. Осы үйлерге келе қалса мынау ыстық шақта Вася екеуі ғана Сақыштың бір самауыр шайын түгел ішіп кете беріседі. Ол қымызды казақша іshedі. Түстік, кештік асты да қатты сүйсініп, мақтай отырып жейтін.

Осы кештегі әнгімедс Строгов және де Сандыбаев пен Сәлменге қаратып, бұл өлке халқының шөлге жақын отырса да су қадірін аз білетінің сынға салды. Қішкентай ғана өзенше «Уштастың» совхоз касынан ағатын болымсыз бойын совхоздың әйелдер бригадасы бақшага айналдырған еді. Қазір міне 12 гектар сол бақшада мынау Матаїбаевтың әйелі Нина Петровна бастап көрсетіп берген агрономдық үлгі бойыниша жас әйелдер бригадасы тамаша бау-бақша өсіріп алыпты.

Алдағы қыска совхоздың барлық жандары картоп, капуста, қияр, помидор, сәбіз сияқты өсімдіктерге мейлінше қамтамасыз етілген. «Қазір дінкіл өскен қауын мен қарбыздар қандай көз тартады, көніл ашады. Бұндай істі «Жданов» колхозы қолға алмаған!»— дей отырып, Строгов бұрын өзі істеген Чехов атындағы МТС-ті де сынап сөйледі:

— Енді ғана ойыма келеді, өзім де өкінем! Соншалық мол су, көл, өзен, бұлақ атаулының ортасында отырып, керек десе бір шелек суды не бақшага, не жеміс бағына жақсыладап пайдалану бірде-бір жанның ойына келген емес.

Жоң жайына, совхоз көлешегінде қайтада ауысқанда ол биыл алган егіске тұлық ырза еместігін айтты:— Рас, биыл жауыны аз, шөлге бейім ауыр жаз болды. Бірақ соңда да еккен егін шықпай қалған бірде бір гектар жер болған жок. Себебі бұл жақтың құні ұдайы салқын болғандықтан, құндіз қандай ыстық, шөл болса да сол түн салқыны егінді ұдайы демесін отырады екен. Бұдан соң келесі жылдарда мен гектар басына биылдан екі есе артық астық алғып отыруды партия мен үкіметке алдын ала серт етем! Оған осы биылдың өзінде жасаган Түр^{ХСР} губер, Матаїбаева үшешуіміздің бір тәжірибеміз обден көзімізді жеткізді!— дей отырын, ол соңғы бір қызық сырын ашты.

— Мен мына Сәлменнің бір сөзінен көп тәжірибе түйіп едім. Ол Васяға: «керегі не, біз ойдағыдан жыртпаймыз. Бұл арада жер қыртысы тез кеуін кетеді. Егіске адал енбек сінірем деген кісі негұрлым терен жыртса, сол жетіседі» деген екен. Біз сол сөзден агротехникалық түйін түйдік. Сонымен алғыс гектар жерлі әдейі байқау ретінде терен жыртқызып ек. Сол гектарлар қазір өзге барлық жерлерімізден екі есе артық өнім беріп отыр. Алдағы жылдардың міндеті не болатынын біздің совхоз биыл барлан алды деп отырмын!— деді. Осыны мәлімдей кеп жақсы бір қиялга сайды.

— Жоң деген өлкे мені отқа бір, сұға бір салып қинап жүрсө де, мен бұны соңша жақсы көріп алдым. Ен-дігөрі бұдан ешқайда кетпес тұргыны етуге айналдым. Мен мұның тастарында ортқып жүрген арқарларын да сүйемін. Совхоздың жақын заманда жарқырап гүлденетін болашагын да аңсаймын. Және сол совхоз тапқай, жеткен жақсылықтың бәріне, бар үлгісіне, дәстүріне осы «Жданов», «Ушбас», «Ақтогай» колхоздарын да жеткізу-ді арман етемін. Сол үшін бір жылдан соң, мен Садағамен Вася арқылы емес, өздігімisen сөйлесетін боп, оның тіліне де үйренирмін!— деді.

Строговтың бүгін бар қынышылығын сәл сәтке сілкіп тастап, осылайша дүр сілкінгендей қалпына Сандыбаев сүйсіне қарады.

Шабан шаруалы ауданына, қалың колхоз жүртшылығына Строгов өз совхозымен әдейі бір келген^{иглік}-тей. Бірақ солай сүйсіне тұра ол Строговқа әзіл айтты.

— Сен осында алғаш келгендеге жуан, балғын, қалың сияқты едің. Қазір жуқарып, қатайып, кішірейп кетіп-

сің. Осындай тынымсыз ойдан жұқардың-ау? Бойдағы артық жүктен арылып, тек алға қарай қашат қагуга әзірленіп, өзіңді өзің ширатып алған тәріздісің. Жақсы да болса жағағыдай мазасыз ойды ойлай жүре артық салмақты тастап үлгердің-ау, солай ма?— деги еді.

Строгов сақылдаپ күлін жіберіп, Сандыбаевтың ойлы әзіліне сүйсінді де, оның көзіне өзінің шынышыл, анық көреген көзімен қадала қарады. Сандыбаевтың әзілін Строгов құп көргендей белгі етіп өзінің жұқарып жүдеген жүзін сипап, кеуде, қарын тұсын да қолымен пүсқады.

Тынымсыз күндер, жұмалар, айлар Строговтың қайратын жаңып, ой мен бой қуатын өткірлесіп, шынықтыра түссе де ет дене көп қажыған, жүдеген еді. Жағы солып, үлкен көздері шүциреп, терец қабақ астына бата түскен. Ол сол халін шаққан жоқ. Бірақ бұрын да әste семіз емес деңесінің ауыр салмақтар себебінен арыған, жадағанып айтты.

— Білесің бе, мен беймаза, сол жағағы өзің айтқан себептермен қазір он алты килограмм салмағымды кеміттім!— деген еді.

Сандыбаевтың көзіліне бұл жайлар бүгінгі әңгіме сонында аса бір жақсы ой салды. «Түркістан» совхозының бұл өлкеге әкелген партиялық, советтік, социалистік бүгінгі, жарқын келешегі дегеңді жинаң айтса, соның бір қымбат жиын тұлғасы осы Строговтың өз бойынан да көрінгендей.

Партияның әдейілеп жіберген өкілі — бұл директор, үлкен сепімді анық ақтай алатын үлгілі азаматтың өзі.

Бұлар ас ішін болғанда жарық айлы түн өте жайлы, салқын самалымен «Жданов» колхозының үйқылы өлкесін желін түр еді. Жайлы үйқының кезегін жымжырт бағын тұрғаңдай. Бірақ алдарында асығыс міндеттері тыным бермес екі азамат, самаладай жарық түнде аз толастап ап және де асықтыра шақырган еңбекке қарай тарта берді.

Үйқы, тыныштық орнына Строгов пең Сандыбаевтың шығып, екі машина аралығында қатты ғана қолқысысып, дос бейілмен қоштасты. Машинадарына мінесті де, екінші екі жаққа қарай, түн тыныштығын бұзып, үрген иттер мен будактаған шаңдарын сондарынаң ілестіріп, шұбатып, алдагы күнге қарай тарта берді...

ОНДҮСТІК САПАРЫНАН

I. Талап та, тақырып та — тек макта

Бұл сапармен Оңтүстік Қазақстан облысына аса бір қызыу және қызулығымен қызықты, қайнар ыстық шакта барған едім. Облыс тіршілігінің әсерлі лебін ең алдымен Шымкенттің өзіндегі ұлы, мол тіршілік демінен-ақ сезерліктей. Облыстық партия комитетіне, облыстық атқару комитетіне, қалалық партия комитеті мен қалалық Совет басшыларының кабинеттеріне кірсек, ең алғаш тіл қатысып, жөн біліскең минуттардан бастап жаңағы айтылған бар облыс тіршілігін бір күйге, бір талапқа төндірген қауырт еңбек майданы атала, сапала береді.

Әр кабинеттен нұсқалып жіберіліп жатқан басшылық талап, жігер сол бір жайды таңертсө де, түсте де, кеште де естірте-естірте береді. Облыс бір адамның үнімсін бір ғана: «мақта», «мақта теру», «мақта жоспарын орындау» деген ұран шақырады.

Обком секретары ертсілік сағаттарын дамыл алмай Шаян, Созак, Түркістан, Тұлкібас, Қаратас сияқты аудандармен алма-кезек сөйлесуге ариған. Қажырлы талап сөздері, жана басталғалы отырған еңбек шабуылы екпінді өнкүндік жайын баяндайды.

Биылғы жыл облыстың көп аудандарында макта жетік, бітік шыққан. Алды ашылып та келе жатыр. Жинауна барлық жұртшылық жігері жұмылады. Екпінді он-күндік жарияланып, облыстың шартарапынан ер азамат, жас жеткіншектерден бастап, ересек аға-апалар, қайраты күшті әкес-шешелер болып түстік үш ауданға қарай лек-лек аттану керек.

Соғылған телефондар; аузыша берген шұсқаулар бәрбәрі де алыс-жақын аудандар, қалалар, өндірістер — барлығынан да топ-топ көмекшілерді арнаулы күнге түгелімен жеткізу қамында.

Қалалық Совет, қалалық партия комитетінің басшылары әр бөлек колективтен лек-лек адам топтарын жіті, жедел жөнелту сонында.

Шымкентке алғаш келген күннен, күн гана емес сән алғашқы сағаттан сана-сезіміңе түгел жетіп толған халық мұддесі енді қай жерге барсаң да көкейінен кетпестей. Өзінің мерзімді, салмақты ырғағымен енбек күндерін кешіп келе жатқан қорғасын заводына барсаң, оның өзгеше өз дүниe тірлік әрекетінің бәр-бәрімен қатар мақта бар цехтарда, қайнар қазандар жапында да еске алышып тілге оралып жүреді. Мактаға қорғасын заводы кімдерді, қалай жіберіп жатканын және жіберетінін бас инженер Малкин де, партия үйімі секретарының орынбасары Сапаев та айта жүреді. Өздерінің айлық, апталық, күнделік қам-қарекетімен қатар облыс жүртшылығының мына бүгінгі талап-тілегі олардың сана-сезіміне де мықтап сінгепін көресін.

Облыстың онкүнідік серті — мақта теру жұмысын 50 процентке жеткізбек. Бар облыстың шарты, серті бар қорғасыншылардың да арманы болғанын андайсын. Дәл осындағы күйді ұлы өндіріс ошақтары мол Шымкентте химфармзаводта да, пресс-автомат заводында да, үлкен коллективі бар тоқыма фабрикасында да, көптеген колективті жаңадан құрылған, зор ұлы құрылымы цемент заводында да түгел танысын. Ұбып қана қоймайсый. Жұмылған жүртшылық аттанысының шын саналы скінін, жігерлі арынын аңғарасын, сүйсіне сезесін.

Облыс орталығындағы екі жоғары дәрежелі оқу орны да барлық оқушы, оқытушы топтарымен түгел оқтустікке қарай жол тартқан. Барша орта мектептердің ересек кластары және де тегіс жұмыла мақталы өлкे магниты тартқаңдай болып тұтас жөнеліскең.

Осылайша облыстың өзге аудандарына шықпай тұрып-ак, әлі мақталы тақтаны, картаны, атводтарды, мол гектарлар квадраттарын көрмей тұрып-ак бір Шымкенттің өз ішінде барлық тірлік ырғағы бір қалыпта толқи соға бастағанын сезесін. Мұндай қажырлы тірлік жігері жоғарыда айтылған мындаған, көп жүзденген колективтер толқын тынысынан бір танылса, партия, совет

орындарының ой-жігер қызуынан онан сайын әсерлі сезіледі.

Әрбір жеке үй ішінің де жеке тірлігіне де осы ұлы ат-тапыстың айқын сезілестіп жайлары мөлім. Қейір үйлерден жұмысшы жастар, тағы бірінен студенттер, сиді біреулерінен орта мектеп ересек кластарының ұл, қыздары аттаңған. Сол себепті тіпті үйде қалған, пенсияда отырган карт, көрі ата-анаалар да кайнар қызу күйдерін өздері отырган болмелерінде, жатыс-жайларында, ас-су айналасында түгел сезінуде, ертенді-кеш есте тұтуда.

Біздің де сидігің көпіл көзіміз сол екпінді онкүндік сертінің майданы болып жаткан макталы аудандарда. Бірақ Шымкенттен шығып облыс аудандарын аралауға бастегендес, біздің сапарымыз өзі де барған сайын қызыы қызығы үдсей, дами түскен кейбір оқигалы шығарманың бітім болмысы торізденді. Ең әуслі мактасыз Шымкентте біз макта ағымына жоғарыда саналғандай қосылдық та, одан әрі басқан сайын макта жөніпdegі қажырлы сибектің үдсей берген ариасына түстік.

Тек әуслі біз макта түгіл бидайы жок, жалғыз жаксы жүгегісі бар, малы мол Шаян ауданына бардық. Одан Қаратай асып, Созакты араладық. Қаратауды кайта асып Қентауга келдік. Содан Түркістанға жеткесине мактаниң озін біз әлі көрлеміз жок. Бұл өлкелерден мақтаны күткеміз де жок. Шаян ауданының басшылары бізбен көрісер сөттөн бастап, бізді аудандарынан аттаңырғаша қысылла камышыланыш, тек қана макта камында болды. Олар обкомға берген уәделі қүнге серттегі адам сандарын түгел аттаңырып жеткізу үстінде.

Біз қаракөл қойлары жұз мындаған, әр совхозы өзінен бөлек-бөлек ен дүниенің еркін кожасы бол жаткан Созак совхоздарында жүрдік. Қаратаудан күмға карай асып, макталы түстіктен шырқау алыска кетсек те және макта-макта ұранына, талабына алыстағамыз жок.

Облыстық партия комитетінде, касында отырып, өзін міз естіген жолдас Юуповтың немесе осы науқап үстінде обкомда әзір көбінше жалғыз отыратын Бегімбетов Сәлім жолдастардың үйдерін Қаратаудың терістігінде: Құмкент, Шолаккорған, Қызылкол, Созак, Бабатақыстақ, ауыл, совхоз жайларының бәр-бәрінде үздіксіз естіп жүргендей болдык.

Сол жолымызда, он-ақ жыл бойында көпіл мен коздің қызықтыра қуантқандай болып тұған тамаша кала Қен-

тау бар. Аз жыл ішінде бар көшсіне аефалыт жайып, арық ағызып, жас еменің тығызы қатарларын өсірген бул қала қорғасын кепінің мол байлығы тудырган әсем қала! Бар болмысына, жайнаған жаразтығына қарағанда, өнерлі, өскелец балғын қауым тірлігі көшсіндегі балғын өскең жас емен бейнесіндей. Өзге қөрген аудан жайлардай Кентау жөніне де біз кейін ариай ораламыз. Әзіршіе жалғыз ғана ойға ала кетеріміз: қакпагы ашық сағаттың механизмі сиякты боп, өзі де сан алуап қайнар ыргагымен жүріп жатқан осы қала тірлігі, жайшылықта және де мактадан жырақ екені даусыз. Бірақ осы Кентаудан кай орынға барсаң да макталы оңтүстікке топтарын, лектерін, жас буын жеткіштектеріп «жіберіп, жөнелгіп жатырмыз» деген үндер есітесіз. Сандар, ақнарлар аңгарасыз. Бұл қала халқы да, жаңағы облыс жүргышы бар жігерін бір арнаға салған үлкен ағым ішінде. Сол бір үлкен өмір ыргагына қосыла соққан бір жүректей топ жүргегін, көп жүргегін сезессін.

Енді бір кезек біздің сапарымыз, алыстан атын көп естіген, көкейімізге мейлінше сіңген мактаның өзіне оралды. Ол облыс көлемінде маган, өсірсек жақынырақ таныс Түркістан ауданы. Түркістан — макталы аудандардың шеті. Облыс көлемінде сүбелі аудандардың бірі.

Сексен мың халқы бар, колхоздарының көбі ірі, адам базы мол және макта егуде мол тәжірибе-тәсіл алған өскелец аудан мұнда колхозныларга көп көмегің, әр алудан күш-көмегің қосып отыратын қала, өндіріс орындары бар. Сексен мың жаңыңың қырық мыңдашы қалалы, темір жолды, өндірісті орындарда сцбек етеді. Сондықтан өз мактасы мол болса да, өз мұны, қам-карекеті өзіне, басына аса жетерлік болса да, Түркістан ауданы өзге бұдан бұрын біз қөрген аудандардан белекше скі үдай күй кешеді.

Ауданиның тәжірибелі, салмақты секретары Кадіркул Мәуленов пен іскер, жігерлі атқару комитеті председателі Сасбұқаев Әділ екесінде әрі өз мактасына күш-жігерді жұмылтып жүр. Әрі оңтүстіктегі макталы аудандарға тағы да талай тон жаңдарды бөліп жіктең, іріктең жіберу әрекетімен әуреленуде. Ал ауданиның өз ішіне, ісіне үциле түссен макталы далаларында қайнар қызу, қызғап қызық сцбек жарысы көз де, көніл де тартады.

Біз си әуслі дәл осы күнге аудан бойында озып тұрған «Победа» колхозына келдік. Соңан соц «Коммуна» колхоз-

зына ауыстық. Алдыңғы колхоз басшылары «біз алдамыз» десе, «Коммуианың» бастығы Эбдірахманов Эбдіразақ: «дәл бүгін-ертең біз «Победа» колхозына жетеміз, көзір біз үшінші орында тұрганмен дәл бір күнде 6,5 процент алғалы отырмыз», — деп күле отырып барынша сенімді күйде:

— Бүгін «Победа» алда болса, екі күннен кейін алға біздің шыққанымызды есітесіз! — дейді.

«Коммуна» колхозында атақты макташы қыз Зұлпіщ бар (Исмирова Зұлпия). Ол жалпы норма сексен килограмм болғанда, кешегі күні 511 килограмм теріп, алты нормапы бір өзі бір күнде беріп шықты. Зұлпіштің макта теруі таң қалдырады. Қолдарының қозгалысы соңша шапшаш. Әрі өсіп тұрган мактадан әрі макта жишиятын қапшығынан қолдары мүлде үзілмейді. Екі ғана көл емес, Зұлпіштің төрт-бес қолы бар тәрізді. Бейне бір индунизм, буддизмің көп қолды құдайларының бәрі әрекет етіп жүр дерсің. Осындағы өнерлі жігер бір Зұлпіште емес, көп жаңда барлығы Түркістаның бар колхозынан байқалса да, Эбдіразақтың сенімі мен арынында анық берік қанат бар. Ол дегеніндей екі-үш күннен соң колхозының аудан бойынша алға шыққанын облыс жүртшылығына тегіс мәлім етуге жарады.

Осылайша мақталы ауданға кіре берсе біз жарысын келе жатқан бейгелдердегі кайнар жігер, ыстық қызу арнасына түстік. Аудан мен аудан жарысады, аудан ішінде колхоз бен совхоз үзенгі қағысып, үздік-создық келе жатады. Колхоздар даласында бригадалар, сан Зұлпіштер бір күн емес, бір апта бойы саңлақтай самғап барады. Енді бір кезек оларды басқа тасқын жігер асқан еңбегімен, құштердің қайнар еңбек қызуы енді онтүстікке қарай ауғанда одан да үдей түседі. Ыстық азарт лебімен тұла бойынды еліктіре шарығандай бола береді.

Түркістанда біз ең алғашқы мақталы ауданға аралас-сақ та, онтүстікегі атақты мақталы үші ауданың сапары әлі алыс. Түркістаннан соң біз көрші аудан Шәуілдірге ауыстық. Бұл да өзгеше мол мал шаруасымен, жүгерісімен пық мақтана алатын келісті аудап. Шәуілдірдің қаракөл қой совхозы «Темірдe» тек қойдың өзінің саны жүз екі мың. Өзі таза қаракөл қойы. Мұнда әлденеше асыл текті түйенің де екі мыңға тартқан мол басы бар. Сондай өзіндік өзгешелігі бір ауданға мол жетерлік қан қазынасы бола тұра, атақты онкүндікке кірісер күндерде

бұл аудан және де «мақта-мақта» деумен танды атырып, кешті батырады.

«Темір» совхозының жас оқушылар, жұмысшы қызметкерлер кауымының бір араласқан мол бір жиылсысында бұл ауданың партия комитетінің бірінші секретары Эшір Момынов жолдас сөз сөйлеп еді. Аудан жұртшылығына беделді, алғыр Эшір бұл жолғы сөзін және де бір фана мақтаға ариады. Максат — тағы да оңтүстік аудандарға әлі кетіп, жетіп болмаған соңғы топтарды тез, тығызы жинау да жөнелту. Обком, облисполком басшылары енді оңтүстіктің өзіне барып тарап, бірі Жетісайдан, бірі Славянкадан, тағы бірі Бағарадаң, Ильичевтан асыға, асықтыра күш-көмек шақырып, құрастырып жатқанын есітеміз, сезінеміз.

Облыс басшылары кәзір түгел оңтүстіктес. Олар өздерімен қатар әр ауданнаң, қалалардан, үлкен өндірістерден кейбір басшы қызметкерлерді қоса шақырып, өз топтарына қолма-қол басшылық етуге шұсқаған.

Осылайша алыс-жақын атыраптардың бәрімен оңтүстік аудандарға ағыла аттанып жатқан көмекші топтарды көре жүре, үлкен ағынды ариага қоса түскен қалпынызда бір шакта, біз де сол оңтүстік аудандарға жеттік.

Ай бойына аттарын дамылсыз естіп келе жатқан макталы үш ауданың өзіне келдік. Ильич, Киров, Мактаарал аудандары мәні-жөні бөлек: шөлді — шүлең еткен, жоқты — бар, болымсызды — мол еткен, біріне бірі сай, ырыс өлкелері.

Алғашқы кеш біз дәл осы күндерде атақ-абыроның алдымен шығып түрған «Үшінші Интернационал» колхозында болдық. Уш ауданың көп колхоз-совхоздарының бәйгесінде, осы бір кезеңінде, макта жоспарын елден бүрін 100 процент толтырып отырған осы колхоз.

Бар мінезі ұстамды талай да талай ыстық-суық майданды кешіп өткен Алтынбеков Садық біздің құттықтай келген көзілімізге баяу қабакпен үн қатады. Оның мәні бар. Бар ауданың алдынаң келген сәтін айтпақ болсақ, ол ен алғашқы әзіл-әңгіменің өзінде-ақ соңшалық куана алмай, күйбен тартып түрған дәл бүгінгі соңғы сафаттағы кірбен жайын айтады. Өз күйіне өзі ашы бір мыскылмен құле сөйлейді.

— Алдымен келуін келген едік. Обком секретары куанып кеп құшақтай алып: «Айналайын, бар жаңыммен құттықтаймын» деген-ақ еді. Бірақ сол қызығымыз бір-

ақ күнге жетті. Келесі күні мақта теруде, құдай ұрып, жай күндердегі табысымыздың үштен бірінсі зорға ілінің қаппызы. Соған күйіп, қиналған аудандық партия комитетінің секретары Тасаибасев Егемкүл өзімді оңдырмай ұялтты. Аудан үшін де, біз үшін де күйгесін сондай. «Сен партия алдында, бар өзіңде қымбатты барыңмен жауап берерлік халге жеттің. Кеше гана өз жұртыңың алдында обком секретары сошалық алғысын айтқанда, бүгін өз бастарыңды солша көр естерсіндер ме!» дегендес, үн катар шамам болмады,— дейді.

Осындай шынышыл қоцілмен айтылар жайлар көп-ак. Бір күн ст, бір күн судай ыстық-суық жалын арасында жан қуаттарын, ар-жігерін, бар шындарымен сарапка салып жатқан жеке жандар, бригадалар, колхоздар, мол совхоздар көрсөн.

Біз Мырзашөлдің Оңтүстік Қазакстанға қараган ұзын өлкесін түгел шолдық. Бәрінде Өнерлі еңбек тудырған: тогайлы, сулы, мақталы, қалалы, қыстақты берекелі жемісті мәдениет орнатқан өлкелер танисың. Сол көгерген, жетіскең өлкенің бір шеті көне «князь арығының» тұсындағы «Коммунизм» колхозының аймақтары. Бұл колхозда Мырзашөлдің кажырлы, қайсар колхоз ері, алпыска жасы ілінсе де тұғырында балғын басып отырған Тәңірберген Жәйлібеков бар. Өнерлі өлкенің екінші шеті, дәл соңғы екі жарым жылдан бері кең, кемел мол мұлікпен орнаш жатқан атақты да бәзөрген шөлдің бермесін алып, ұзақ жылдар кайрат-жігерін, ақыл-білімін үзбей жұмсаудан жазбай келген Арысланов Ахмед. Екеуі де жиырма-отыз жыл өмірлерін шөл шабуылына ариғап асыл жандар.

Осылайша, жеңілген шөлдің екі шестінде екі балғын босағадай бол Мырзашөл алыштары екі шаруа отыр. Сол өлкелер аралығында көп колхоздардың, бірнеше совхоздардың мақталы далалары жатыр. Олардын биік, зеулім, тығыз өскен ағаш қоршауларының араларындағы квадраттары, атводтары, карталары, барлық оңтүстік шартараипен атташып келген көмекшілерге және әсіресе осы колхоздардың, совхоздардың өздерінен шыққан мақта терушілер топтарына толы. Мұнда жалғыз облыс қана смес, Алматының да және тағы басқа көрші облыстардың да үлкен колективтері жіберген көмекшілер леклек, тұман-тұман дегендей. Қауырт еңбек шағында Ильич ауданы мен Қироғ ауданының арасында жоспар-

ды бұрын толтыру жолында күн санаған, сағат сайын алма-кезек тайталаскан, бәсеке жарыс бар. Эр аудан өз ішіндегі колхоз бен колхоз арасында, совхоз бен совхоз арасында және де ыстық жалын жанталаста.

Ильич аудандық партия комитеті секретары Социалистік Еңбек Ері Тасанбаев Егемқұл, аудандық атқару комитетінің председателі Элжанов өз аудандарына тиісті «Заря коммунизма» колхозында тынымсыз еңбек күнінің соңында бізбен бір үшіншесті. Ленин атындағы совхозда Ахмед Арысланов мен кездескен сағатымызда, Егемқұл өз бетімен ол совхоз ісін барлай келіп, күндізгі еңбек сағаттарында тағы бір кездесті. Келер күні, атағы көпкі мәлім, барлық макта шаруашылығының ішіндегі сің табысты, ең ескі абырайлы совхоз «Мактааралда» біз тағы үшіншесті. Бұл совхоздың дәл сол күндердегі ең табысты озғын болімі Дзержинский атындағы алтынның болім болғандықтан біз сол болімнің басшысы Социалистік Еңбек Ері Есентас Еңбек аудандарының жоғарыда аталған іскер, қажырлы екі басшы азаматы бірге болған еді.

Бұл ауданда біз «Шілінің Интернационал» колхозын, «Путь коммунизма», «Заря коммунизма», «Аманкелді» сияқты ірі колхоздарын және «Мактаарал» мен «Ленин» совхозы сияқты бірі көне, бірі жаңа екі балғын-балғын совхоздарын аралап өттік. Макта тергіш машиналың озғын шебері болып тұрған Морозов Владимирандің «СХС-1-2» машинасымен ең үлкен табыстар беріліп тұрған өнерлі еңбекін көрдік. Осы көргештің бәрі бойынша қоңілімізге сінген, нық орнаган бір наым бар еді. Ильич ауданы бұл өлкеде биылғы жылы макта жоспарын ең алдымен бітіреді, бітірмеске шара жок дегендей едік.

Кейін Киров ауданына ауысканда тек қана цифrlар, проценттер, тоналар тілімен дәл деректерін салмақты, байышты қып баяндаған аудандық партия комитетінің секретары Мұқатай Жармұхамбетов жолдас иеп осы ауданға облыстан өкіл бол келген Жарқынбеков Каржаубек жолдастар өз ауданының мығым күшін, асқын-дай түскен табыстармен танытты.

Біз бұл күндердегі жүрісте ерессек кластар балаларының макта тери нормасын толтыруға енген, біриене есе арттыра атқарып жатқанын көрдік. Бір жерде Шымкенттегі қалалық атқару комитетінің председателі тынымсыз Айтқожиниң өзі де жүргенін есітгік. Шымкенттік кол-

лективтердің мол-мол табысты сибектер етіп жатқанын білдік. Сондай ретте корғасын заводының, пресс-автомат заводының, Педагогика институты колективтерінің төс-табандап тырысып, жұмыла қайрат көрсетіп жатқанын да көрдік. «Мактаарал» совхозының Дзержинский бөлімінде бір тактада, биік өскен мақталар арасында жондары мен бастары көрінеш-көрінбес күйде жабыса тыртысып, табысты еңбек үшін карысып жатқан Алматының Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің студенттерін де көрдік. Олар өздерінін оқытушылар тобының өкілі болған мені көргенде, төркіп алғаш келгсек жаңадан ұзатылған қыздардан жамырай жапырласты. Еңбек арасында сәл қабақ ашкан жадырау сэттер, еңбек жайларынан айтқан деректерімен бізді де сүйсіндірді. «Алдымыз 150 килограмға шейін теретіп де болдық, төссліп қалдық. Дөңгелек есепкес келгенде де көмекке келген ешбір колективтегі олқы емеспіз», — дескен еді.

Уш ауданының өз колхоздарының, совхоздарының сресек кластар балаларыға емес, тіпті алтынышы, жетінші клас балалары да сабактарынан шығып, окуларын әзірлеп алысымен, ойындарын тастап, омырау қалталарын ала-сала мақта тақталарына қарай жүгіреді. Осылайша көнте де, сапы аз топта да, тіпті ариап алған міндегі болмаса да, өз беттерімен, өздігінен домалана жүгірген жас жеткіншек балалар да бір бағытта, қызу қалыпта толқыған баяғы бір сибек скпін аринасынан сезесін. Бар жүрек пеп саңада, бар білекте партия мен Отан берген бірғана бағытқа мензеп, маңыстай тартқан күрес бар.

Біз уш ауданды аралағанда қай аудан жекерін, озарын өз бетімізben байлан болжай алмай кеткен едік. Бірақ кировшылардың сенимі басымырак сезіліп еді.

Жолай біз аса қызық болашағы бар, ерекше аудан, Сарыағашқа соқтық. Және басқа аудандардан бөлек, ерек түрған Келес ауданын да жолшыбай сәл аралай қайттық. Дәл макта жөнінде ол екі ауданың базары әлі көтеріле қойған жоқ еді. Бұл жарыста әлі бәйгелі шағы ашыла да қоймаған. Оны ашпай түрған анық айқын себеп бар. Бұл аудандардың және Сайрамның біз жүрген шакта мақтасы ашылған жоқ-ты. Теру жұмысы сондықтан саябыр. Қөсектер көп болып, толық болып көрінгенмен ішіндегі мақтасын сараңтаға сақтап, іркіп тұр.

Кейіп біздің сапарымыз бар жарыс, бар акпардың сарқылар сағасы — білгір қала Шымкентке қарай оралды. Мұнда жеткеп күні ең әуелі Киров ауданы озып шықканын естідік. Алғашқы онкүндікті слуғана емес, слуға екі процентке жеткізіп, облыс өзі де атаған жерінен шығыпты. Сеніммен қатар Шымкенттегі біз аттанар 11 октябрь күні бар облыс бойынша макта теру жоспары 80,07 процентке жетіпті. Тұысқан көршілес макталы бір республика бүл күнге 66,33 процент, оның ең жақын көрші облысы 65,14 процентте жүр еді.

Шымкенттен жүрер шақта барлық көрген, білген жайлардың бәрін жия келе облыстың мактаға арнаған аттапысын аңдай отырып, ең соғығ бір ұшырасу үстінде, ең алғашқы ой қорытқандай болыстық. Тері осы сөздің басынан бері қарай көрген-сезгеніміздің барлығын бір тенеумен түюге болғандай екен. Ол, 924 мың жаны бар, жалпылай айтқанда — миллионға жуық халқы бар облыс образы — тұтас бір ғана алып бейне боп, бір зор импульс үстінде сезілуі жөнінде. Сол мол денеде үдайы бір ырғақпен соғып түрған қан тамырлар танисын. Кезіп, сезіп жүргеніңің бәрінде, өз ықтиярынан тыс-ақ сол тамырларды бірде Шаян, бірде Шолаккорған, бірде Кентау, кейде «Лепин» совхозында көргенсің. Эр сәтте ыстық тірлік қапы, сау денеде айпымадан жігерлі ырғақпен соғады. Біртұтас ұлы дене облыс болса, бір жері — қол, бір жері — аяқ, бір жері — бас болғанда, кей тұста күре тамырлар, кей жерде жан тамырлар, кей жерде жіңішке нәзік жай тамырлар соға-соға береді. Ал сол мол денеге көп тамырлы қандардың бәрін таратып, бәр-бәрін жайжайына өз ырғақтарымен соқтыра дем беріп жатқан бір жүрек бар. Ол жүрек қайнар күшпен, ашық, айқын дәл ырғақпен соғып түрған Отан жүргегі — партия журегі.

Осындай жайды үғына келе жазушы есебінде өз басың және бір шындық теңеуді ойға аласың. Облыс еңбекші жүртшылығы көрсеткен еңбек пен жазушы біздің еңбегімізде сан алуан жақындық, текстестік байланыстармен қатар бір айырмыс бар. Макташы жүртшылығымыз, диханышы еліміз макта егеді де, макта өсіріп алады; жүгері егіп жүгері алады да, бидай егіп бидай алады. Сол асыл жүртимыз өз еңбегімен біздің жанымызға жақсы макта сортының, жақсы жүгері, бидай сорттарының ұрықтарын көміп, дәнддерін егеді. Улгісін егеді. Ал жазушылықтың соғап орай сәтті, шабытты шагы туа қал-

са, күба-күп. Бірақ сонымен қатар, аңы шындықты атасақ, шығаруышылық сүбсегіміздің кейде ғарыптық, жарымжандық жайы тағы бар. Біздің сана мен сезімімізге халқымыздың өмірі мен еңбегі еккен жақсы мақтасынан, жақсы бидайынан, кейде мақта да, бидай да шыға алмай, тіпті жаман капустаның өзі де өне алмай бықсып, бұксіп жататыны болады. Сондай бір шақ шындықты, ауыр шындықты әзілмен еске алыстық.

Содан әрі көңілге оралған ой, көргешен туған асыл арманда! Ол арман үлкені: шын шабыт туса, ол шабыт шығапданап, шаққан тартып, акты бозды түріле кетер сәттін тапса. Сонда сауран көктің тобындай, шарқ ұра самғай шыққаны, жай шабыт емес, жабайы жортакы шабыт та емес, анық бақытты шабыт шырқау барған ырысты өріс болар еді-ау дегендейсің.

II. Қадімнен мәлім Қарататуда

Жамбыл облысы мен Оңтүстік Қазақстан облысының жансарынан басталып, шығыстаң батысқа қарай сұлай созылған қалың тау — Қаратату. Оңтүстік Қазақстан облысының Шаяи, Туркістан аудандары Қарататудың күңгей бетін бауыр — өлкесін алғанда, теріскей жағы — иен алыска созылған Созақ ауданы. Қарататудың түстік бектерінде, қойнауларында қалың қазыналы көндер жатыр. Байжансай тобы, Ашысай тоңтары, Мырғалымсай, Хантагы, Баялдыр бұл шақта Қентау дейтін асыл атка не болған.

Сәл бүрінғы шежіресін еске алсак, бұл Қарататудың басынан исі қазақ баласына мәлім сонада кешкен бір «көш келетін». Содан бері қарай Қарататудың теріскейі мен түстігі аңыз-әңгімелеге, дастан-хикаяға толы дерсіз.

Шаяи мен Созақтағы ескі тұрғын әңгімелілер аңызы бойынша Созақтан қазақтың үш жүзі тараган. Созақ ауданында Қекмұрын — той деген көс төбеде қазақтың көп рулашының тасқа шабылған таңбалары бар. Қарататудың теріскейіндегі қадім заманда ойран болған көп қаланың бірі Құмкент. Жаңағы аңыз бойынша Қөрүглі өзінің асыранды батыр баласы Эуезханды осы Құмкенттес, алғаш қашып алған. Сол Құмкенттің жанында дәл бұл күнде Құмкент совхозының қасында Баба түкті Шашты Әзіздің моласы түр.

Аңыз емес, батыр жыры Қобланды.

Мен кетсем сізді тастамас,
Қараспаң тауын жайлаган
Қалың қыпшақ қарында...

дәйтін Қараспаң тауы осы — Қаратая.

Өз туғаң өлкесінің арғы-бергі шежіресін жақсы, бапты баяндайтын сельсовет бастыры Кенжеғұл Берденов тіпті Қарақасқа атты Қамбардың да тұлпарын жосылтып, құмайын жүгіртіп, қырапын шүйгеп көлдері қазіргі Созак ауданындағы Ақжар, Қаракөл, Үсіктас маңы дейді. Құмкент, Шолаққорғаш, Созак, Саудакент (бүгінгі Сарысу ауданының орталығы Байқадаминың ескі аты), Бабата тағы соңдай сан ата бәрі де әүлие-ишаңдардың мазалары орнаса да, арғы көне замандардан, әр дәуірден келе жатқан кәрі кеңістер екені даусыз. Соңдықтан да қазақтың әлденеше батыр жырларының бірінің туған жері, бірінің соғыс салған, тағы бірінің мерзімді мекен еткен тұрағы осы Қаратаудың арғы-бергі беттері, сілемдері болады. Дәл кешегі күнде де Сұлушақызы «Сұрша қыздың» әнінде келетін «бірде қарлы, бірде қарсыз» Қаратая тағы осы. Сөйтіп арғы аныз бергі әпімен қазақ халқы көп атаған Қаратая сол.

Ал бүгінгі Қаратауды біз әрине ескі анызымен емес бүгінгі бар бағалы маңызымен білеміз. Ол маңызы, өзге аудандар мен өндіріс, қала колхоздардың қатарында сүбелі орындар алатын, әр аудан, әр колхоз, совхоз әр өндірісті қала өнерімен, өндірер нәр табысына танылады. Осы жөнде алдыңғы мысал біздің жолымызда ең алдымен ұшырасқан Шаян ауданының өзі дейік. Шаянда шаруа негізі мал, әсірссе қаракөл қойы. Екінші діңгегі — әпімді мол жүгері.

Шаян — совхоз-колхоздары біркелкі қатар өніп өскен аудан. Бес совхоз, төрт колхозы бар. Колхоздарының әрқайсысы өзі бірнеше колхоздан бірінің ірілеген. Әр колхозы өзі де мол совхозға барабар. Мысалы ауданының ең ірі смес, орта колхозы «Алғабастың» өзің алсақ та бұл колхоздың байыпты, мығым өнерлі бастыры Қарабасов Жұманиның айтуыша, отыз бір мың қойы бар, мыңдан аса сиры, жарым мыңдай жылқысы, екі жүзге тарта түйесі, шошиқ, тауық, кояны да бар.

Совхоздарының қатарынан «Лепин» совхозы, көптеген табысты кірісі бойынша одақтық бәйге алған. Аудан көп жерлерде тас қоралар салып, биылғы бір жылдың өзінде бір миллион сомға курылыш жасаған. Аудан бойынша бесс

орта мектеси бар. Қөп совхоздары мен колхоздарында жұмышы шаруаларға үй салу шаралары аудан бастықтарының, совхоз, колхоз бастықтарының барыша зер салып, қатты қадағалап, қайта-қайта айтатын қамдары скенін есітсесіц. Аудан мәдениеті тірлік жолында күресуде скені күмәнсіз. Орталықта аурухана бар. Ауданының жиын шаруа ортасында дәрігерлік пункттер де жоқ емес. Бұл ауданды орталығымен түгсл қинайтын — су, су... Шаянның суын бөгесе де, баска не түрлі шара істесе де аудан басшылығының, әсіресе зер салатыны судың жайы скейі үнемі есітсеп әңгімеп.

Бұл аудан көркем өнерді де көп қадірлайді. Шаян ауданының көркем өнерпаздар үйірмесі жасаған оркестр облыс бәйгесінде даңқ алып, бәйгеге не болған. Күндізгі сибек сагаттарынан кешкі сәл тыным алар сәтке ауысқанда Шаян ауданының скінші секретары Аманқұл, үшінші секретары Шәкірова Мұхлиса екеуі де көп әнді көрікті айта алатын өнерлерін көрсетеді. Сонымен қатар таң атып, еңбек күні бастала бере, әрине, бұлардың көңілі де, көздері де малдары мен егісті далаларында.

Бізді Шаян ауданының Қаратай бөктеріндегі «Алғабас» колхозына қарай шығарып салған Шәкірова Мұхлиса машина ішінде отырып әрдайым жайылған мал тобын көре бере көзі шалған кемшіліктерін айта жөнеледі. Бір жерде қойды шаңдақ жерге ніріп қойған, тағы бір топ қойды мезгілдең бұрын шанды жолмен жакын пунктке айдал бара жатқап күйді көреді. Бірессе коралы қойды жайылыс өрістен ерте ніріп жатқап отарды байқайды. Сол жолда кездескен, өрекелдік күйлер болса, бәрінде алғаш көргенен-ак аңдай сала айта бастайды. Мұхлиса, өз мамандығы бойынша зоотехник. Сондықтан жүрттап бұрын көргіш, осы жөндегі көргенін және елден бұрын айтып қалғыш. Сол мінезін өзі де кейде аңдай қалып: «Маған райком секретары болып ойлайтын ойларымнан мамандық ойларым әрқашан бұрынырақ келеді!», — дейді

Біз көргенде ауданда, бір шолып өткен шактын өзінде көзге де, көнілге де күйкі көріңген — мәдениет жайы. Әсіресе мектептер күйі. Шаянның өз орталығындағы қазак орта мектебінде кітапханадағы бар кітап саны 1300 ғана дана екен. Бұл аудан орталығында өзге үлкен мәдениет орны жоқ. Мардымды кітапхана мектептен тыс жерде тағы да жоқ екені мәлім.

Ойдана қалсаң орта мектепте оқитын баланың ертең

кәмелеттік аттестат алатын тәрбиеші ортасы осы мектеп болғанда, сол кәмелеттік білімді бұл мектепті бітірген қазақ баласы қайдаи алмақ? Оқушы оқытушы барлығының білім алар талшығы — қоры 1300 данаға кітап болу орта мектеп атына қаңдайлық кедейлік, жұтаңдық! Сол сияқты бақташылар айрууларын емдейтіп дәрігерлік орындар да орташаадан әлдеқайда төмен жатыр. Аптека болса онда мысалы, антибиотик аталағаш дәрілердің ең қажеттісі үдайы жоқ болады екен.

“ Қажетті мамандығы бар дәрігерлердің де орынып, байыздап тұрған жайы жоқ. Қебі екі жылға келіп, стипендия бойынша міндettі екі жылды ада қылып, азын-аулақ тәжірибе алады да ауданды тастап, жол тарта береді екен. Осындағы-осындағы көңілсіз күйлер Шаянда айқын олқылыктай орала берді.

Шаяннан соң Қаратай асып Созаққа ауыстық. Түндес журмек болып ек. Кешке біз Қаратайдың «Алғабастаң» шыққан соңғы ет бөктерін басып, күнгей жағымен бірталай жүрдік. Әншнейінде Қаратай тақыр тасты, қойнауы сусыз, сараң, тау көрінуші еді. Ал әзірге біздің келе жатқан жолымызда әр белден ассаң төскейдеп аққап бұлақбастау, саң бойы шалғынды көгал, бел-белестері күйқалы, шымы тұтас, тегіс тұкті өлкелер, мал ырысы өнірлер екені айқын тапылады.

Жыланды, Кіші Шаян, Үлкен Шаян, Қекбас өлкеслері Қаратайдың өзге талаї қымбат қасиеттерін білмей тұрып-ақ көз қуаңтып, көніл сүйсіндіреді. Сонының сүйінген елі, Ақпамбетпен айтысқанда Мәделі қожапың мына сөзін бүгін де айтады:

Жаужұмыры құмғандай,
Жесең көңілің тынғандай,
Осындаң жерді жамандап
Неден болдың қу маңдай.
Жуасы бар таяқтай,
Әр бутаның түбінде
Еті жатыр табактай..

деп қоянына шейін бәйгеге қосқан.

Қаратай елі көне тауын көптең сүйеді. Құлмаабетпен айтысқанда Дулат Майкөт ақын да Қаратайға аузы тола сөйлейді.

Кекшекүм деген жерім бар,
Жуасы бар таяқтай,
Қаратай деген жерім бар

Алмасы бар аяктай.
Осындај жерді жамандап,
Атана нәлет Күлмамбет,
Ақылың сенің қаяқта-ай.—

деген.

4:

Бірак сол жақсы Қаратаудың ішіне ымырт жабыла кіре бере, біз жаман адастық. Екі машина толы жеті-сөгіз кісі түнде жолдан адасқанда қандай қауқорік келеді. Айда-санда тектасып алып, екі машина бір арага бас қөрсип шуласа кенесsemіз. Қебінше дауласамыз. Бірсұйміз: си жаққа жұру керек десек, бірсұйміз оған қарсы; сол жақты көрсеміз. Менің көрмеген жерім. Ал менің қасымдағы үдайы сапарда айрылыспай тізе косып жүрген жолдас достарым «Онтүстік Қазакстан» газетінің редакторы Әділбай Омаров, онтүстікте облыстың барлық жай-жапсарын ақ тас пен көк тастай сарапал айырып айтып бере алады. Өз облысын сондай жақсы білеттің әзірліктеріне мен әрқашан сүйсіне таң қалатынын. Бірак дегенмен олар түн жүрестің жылқышы, не машина жүргізетін шоферлар емес, кашша айтқаимен қаланың адамдары. Бұл күнге дейінгі си білгіш достарым сиді си адасқақ достарым болып шықты. Ал адасқан адамға ашық аснаңда «мен мұндалап» тұрған Темірказықтың да түк сентігі болмайды екен. Ол түнгі Темірказық бір тараған емес, торт тараңта бірдей тұрды. Бірсес біздің маңдаймызыда тұра тұрып, сиді бір шакта он иығымызға шығады. Тағы бірде соған қарсы сол иығымызыда отырып алады, тағы бір шак болады, онда тіпті қыр желкемізге шықты. Бірак бар адасуда әйтеуір толып жаткан ишір жолдардың бірі болмаса біріне түсіп қаңғығанымыздан ақыр дегенде жарым түн адаса жүріп, түн бұтасындаған ел таптық. Бұл шакта біз Созак ауданының шегіне ілінген екенібіз.

Сұрастыра жүре кеп, көне Құмкент қаласының жаңына, тарихтық ескі атисен ориаган «Құмкент» совхозына келген елік. Осыдан кейінгі бірнеше күнді біз Созак ауданымен танысуға арнадық.

Жалны ауданының жайын аудандық партия комитетінің бірінші секретары Шәріп Құсманбетов, аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Елбергеновтен күндер бойы үдайы естіп білуден баска, өзге де әр сала шаруада, мәдениет орындарында сцбек сткен адамдардан көп жайларды аңгардық.

«Құмкент» совхозының директоры, мамандық нығызы білімі бар Уәйда өз совхозының жайында әлденеше есте қалар жайлар баяндады. Бұл совхоздың өзге де Созақ совхоздарынан жас қана тарихы бар. Осы Құмкентке орнағанына үш-ақ жыл болса да орталық усадьбада кәзір екі жарым мындаған жан тұрады. Кой саны 66 мыңға жеткен. Тұқымы іріктеліп, таза қаракөлге айналған шаруа. Орталықта жұмысшы, малшы көпшілігіне ариалып, өңшең жана, жақсы үйлер салынған да, салынып та жатыр.

Ауданиның атак алған тәжірибелі, қымбат багалы карт шопандары бар. Бұл қатарда жасы 63-кес келген Сәрсенбай Ерғазисевті, Тәжібай Құшікбасұты, жастардан Сәрсенбайдың баласы Атан Сәрсенбаев, Бақатаев, 100 спырдан 100 бұзау алып одақтық көрмеге барып қайтқан Ысқақов сияқты мал шаруасына бейіл берген жақсы жастар көп.

Сәрсенбай шопан өзінің Атан дейтін баласына өз таянын тапсырыған. Сол Атан 100 саулықтан 123 қозы алған. «Құмкент» совхозында онжылдық мектеп бар. Қітап саны сідагыдай болмаса да Шаяндағыдай емес. Онда 1650 кітап бар. Алдағы уақытта, биылдың өзінде 2 мыңдай кітап аламыз десін отыр.

Койларын көбінше жайып бағатын бұл ауданиң совхоздары ертеден бергі жер-суды пайдалану тәжірибелерін молынаи ескеріп, барлық аудан жерін төрт маусымға болған, жайлыш қоныс етеді. Жайлауы — Қаратудың жоны. Қөсегенің көк жоны болғанда, қыс Мойынқұмда, көктемде тау бауырында, сұық пен жылының арасында, күзсүі — құмның шеті кемержиек жағада болады. Мұндағы мал есіруші оқыған мамандар месін өскелең тәжірибелі шопандар, жақындағы құмдарының көбіне көп сенім артын, әрдайым жыныс сөйлейді. Олардың айтуында құм қүйқалы, жақын атырапта Қаракөл дейтін сан бөлек — тіпті жүздеген көл жатыр. Талас, Аса сулары со-лай құяды. Созақ шаруалары Сарысуды да пайдаланады. Құм ішіндегі шоқат шабыр тәжірибелі шопандардың, зоотехниктердің бөріне дағдылы қыстауындағы мәлім. Сырттаң, алыстан қараган көзге тұлдыр көрінетін құмда шопандар санаса толып жатқан мал құты шөптөр бар. Оларды шетінен шұбырта санағанда: ерек, жусан, жүзген, қандым, еблесек, көде, түйе қарын, изен, құртқашаш,

жау жүмшір деген мәлдайта береді. Арада баялыш, сексуелік сезі бір алуан.

Тек Созактың кейбір совхоздары мем Шаяниң мал шаруашылығына өсім жағынан қатты батып жүрген бір орасан шығын бар. Ол әзірге емі табылмай жатқан секіртпе ауру — жыбырлак. Ветеринарияда мұның атын — интратоксомия деп мамандар атын атағанмен, себебінде, емін де әлі күнге таппай жүр. Маман жағы мұны топырақтың срекшелігінен десе, мал ішіндегі адамдар шөнтен дейді. Эр өрісте осы індегі жайы жиі-жіні сөз болады. Соңда біреуі қазақша осы «ылан» емес пе десе, ол емес, ыланда мал қалмайды деседі. «Топалацин көшкен құтылады» дегенмен, кей отарлар жиі-жіні көшіп те көрген. Бірақ індегі арылмай жүр. Бір тәуірі Созактың құм ішіне жақын отырған «Жуантөбе», «Тасты» сияқты совхоздарында бұл індегі жоқ.

Ол совхоздардың жайлауы да Арқаға қараі, Қаранды облысына шейін шырқай барады. Бетпақты басып Жетіқоңырға барып жайлау етеді. Шаруаның осындағы иен өлкені, тау мем дала, қалың құм ішін еркінше пайдаланып жүргенін айта келе, бұл ауданның барлық шаруа мұның өзгеше біліп, тыңдаушының құлағына есте қалдыра құя отыратын тәжірибелі секретарь, жолдас Құсман-бетов Шәріп жалпы бір ой түйеді.

Соңғы үш жылдың ішінде аудап көлеміндегі қой саны 170 мың болғанда біз был ет тәпсируды ада қылғанишан соң таза саны 333 мың қой өсіріп отырмыз. Жетіжылдықта қой саны 635 мыңға жеткізу міндептіміз. Осымен қатар ауданның мүмкіндігін алсақ, бірнеше косымша жағдайларға жәрдем болса, мал басып бір миллионға жеткізер мүмкіндігіміз де бар дейді. Соңда керектің керегі — суда су!.. Созактың ұзак жолдарында, сүзы азганашол далаларында Шәріптің қайта-қайта ауызга алатыны артезиан құдықтары. Бұл шаққа шейін аудан жүртшылығы сол үшін қатты зер салып алысада. Құм ішінде 13 артезиан құдырының, жайша 5 құдық қазған. Дәл жақын шақтың өзінде 18 артезиан құдығы керек. Шу менин Бетпақ, Созактың мал кіндігі боларлық иен ұзак өлкелерін өнерлі, берекелі менгеру үшін — теренің сараң сүзын соза тарту шарт. Бұл жөнде аудан шаруашылығын бірнеше жерден плотина салып та жатыр: Құмкент плотовинасы бар.

Тастақта құритын Қарабұлактың сүзы бар. Шәріптің

деректі қиялында соған плотина жасап, ауданға қарай тартсақ үш-төрт мың гектар жайылым даласы да болар еді. Ескі Құмкенттен Шолаққорғанға қарай көсліп жатқан Мырзабай даласында бұрын түгел, мол егіндік болған екен деседі.

Құмкент пен Созактың даласын ескі лақап бойынша бұрын қалып тоғайлы «түлей» болған екен деседі. Жабайы ақиап орман сулы мекіру өлкеден пеше алуан аң атаулы өріп шығады екен. Жолбарысқа шейін болған дейді. Ауданды көгалдаңдыру арманы қөкейіп кескен Шәріп, осы аңыздардың бәріне де ертең Созақ далаларын көгертетін шаралар жасаудың есебіндегі сапайды.

Созактың агрономы Балтабай, бас дәрігері Жақай Құсанбаев пен алдағы айлар, жылдарға өз совхозының көп құрылым мұдделерін атап сапайтын Үәйде — бәрі де Созақ жайын айтқаңда бір қындықты баса сөйлейді. Ол қатынас, қатынас жайы. Мұнда қыста Қаратая асулатарын қалып қаралған шакта, бүкіл Созақ ауданы барлық дүниеден қатынасын үзіп шарасыз болады. Алыстагы облыс орталығы Шымкент қана емес, тіпті Қаратаудың аргы бөктеріндегі Кентау, Аңысайларға да қатынасуы мүшкіл.

Созақ жолдарымен жүргенде жәлини бұл ауданда керек десе бір километр бойында мәденистті жолдың ісінде білмейсің. Біраз жерде жол түземек бол бұрынғы өз жолдарын бұзып, дағдылы жол бойындағы сылбырлыққа салып, бастап тұрып тастан кеткен, жол түзерлік емес, «жол бұзарлық» жайлар көресін. Созактың су жағынан, жол қатынасы жағынан облыс орталығына жырақтық, шет-шалғай жайына қараганда облыс басшыларының, тіпті республика орталығының да аса көңіл бөлерлік, қындығы көп аудан.

Еірақ соған қарамай аудан орталығы Шолакқорғанда көз сүйсіндіріп, көңіл жұбатарлық әлденеше жақсы күйлер көресін. Мысалы, мұндағы аурухана қай аудан болса да мақтан етерлік. Осы ауданның өзінен шығып, өзіне қайтқан бас дәрігер Жақап Құсанбаев бастаған тоғыз дәрігер бар. Аурулардың жататын орны елу төсек. Аурухананың рентген кабинеті, жақсы емханасы, жұқпалы аурулар корпусы бәлек-бәлек орнаған. Аурухана жайын айта келе аудан азаматтары осы аурухананың Нұртас Оңдасынов өзі келіп кеткеннен кейін, осындей қып салғызуға жәрдем етіп еді деп, оның атын алғыспен еске

алады. Өтс түсінікті хал. Мысалы, өзге басыны азаматтарда, айталық Оку, Мәдениет министрлері, әсіресе Денсаулық сақтау министрі, жолдас Шәріпов Әди, Қанапин Эмір, Қарыбаев Сибагат өздері көздерімен Созактың, Шаяниң, Келестің, Шәуілдірдің мектептерін, мәдениет орындарын, ауруханаларын көріп қайтса, жанағы Нұртастың келіп кетісіндей, иғлікті іс қылса, халықтан қандай алғыс алысад еді.

Созактың мектебін көргендеге де көңіл көнишігендегі боласың. Мұнда 850 бала оқығанда, биыл 98 қазак жастары бітірген. Соның жиырмасы биылдың өзінде жоғары оқу орындарына орналасқан. Шолаққорғанда аудандық кітапхана тіпті жақсы. Оның қоры — 11—12 мың кітап болады. Мектептің өзінде де 5 мыңға жуық кітап бар. Аудан орталығы — Шолаққорғанда ариаулы асхана, бапты бол салынған наихана, жастар үшін ариаулы футбол, би майданшасы және қалалық парк бар.

Ауданың жұмышы қайраткерлерінің қошшілігі мал басындағы шопандар болғандықтан облыстық профсовет комегімен аудандық партия комитеті, атқару комитеті зер салып журіп, өткен жазда Қарататудың қалың ортасындағы мол тогайлы жемісті «балықшы өулие» атапған мөлдір бұлақ басына шопандардың демалыс үйін құрғап. Ол да әлі көбінше киіз үйлі демалыс жайы болғандықтан, Созактың жолдарында, азыр қатынасында, артезиан құдықтар қамындаі, көмек, тілек етеді.

Бірақ кейбір істі қалай аяқтағанынан ғана емес, қалайша бастағанынан да бағалау керек деген Абай айтқан бір нақыл бар еді. Соған бағын біз, жағдайы ауыр. Созакта қынды, қынсызды жеңе бастаған қажырлы, табанды талай жақсы бастамалар көрдік.

Көп жағынан көңілдегідей көгеріп қалған Қарататудың бұл беттері көңс өңірі, жақын шакта мемлекеттік көп көңілді аударатын жарқын шаққа жетерінс күмән жок.

III. Қаратату тажы — Кентау

Біз Кентауға Балықшынады шопандар демалыс үйінен шығып Қарататудың қалың катпарын аралай отырып жеткен едік. Қарататудың біздің бұл жолымыздың асуы жолшыбай әлденесе бұлақ-бастау, тау өзендерін, көп

коныс қойнау, жеке биік жоталар, қырқаларын басып отеді.

Каратаудың іші-тысын, бар жерін жақсы білестін Со-зак совхозының агрономы Балтабайға осы өнірдегі Қара-таудың Кентауга шейін кездесстін көріністерін айтқызын ек. Ол сапаған жер аттары өзі бір шежіредей. Бұл жолда кезігстіңдер: Қөктөбе, Ақтөбе, Ақназар, Сапаның сазы, Қыздәккен (бұл бір қыз, бір жігіттің өлімін баяндайтын ақызыбен байланысты жер), содан әрі Балықшы әулие, Бекенбай әулие, Құлметей әулие (аттарына қарағапда бір дәүірде Қаратауды кернеген ишан-пірлердің, кожа-молданың қарапайым казектан да қас әулислер жасап жүргендегі танытады) тағы да жолдағы жерлер аттарын атасақ Бөжіпің белі, Жамантас, Мұзбел, Когашық өзені, Қексарай (Қойтас) бол сапалады да, содан әрі қарай Түркістан ауданына кететін еңіс, бөктер бастанады.

Бұл аталған жерлердің көбінде өзен мен бұлакты бойлаған ағаш кездесіп отырады. Ертерек кездерде қалың-қалың тоғайлар болғанын танытатын нслер зәулім биік, кең саялы түп-түп ағаштар кездеседі.

«Қыздәккен» сиякты ерте күндерде сл жастарының бастанынан кешкен қазалы қүйлерді аңғартатын өзгеше аттар да ұшырап отырады. Сол жөнде Қаратаудың теріс-кей жақ бетінде шұбытылған қырқа тас бар. Ол ұзак салқар түйслі көшті бейнесітін «Келіншек» аталған таутас. Аныз бойыниша көп түйелі отауын, жасау-жабдығын ұзын керуен етіп, артып-тартып көшін өзі бастап келе жатқан жас келін ата қарғысымен тылсым буып, тас бол қалған деседі. Қаратаудың бұл тұсы «Келіншек» аталағын себебін Созактың жазылмаған шежіресі солай баяндайды.

Таудан шығып күнгей жақ бөктерді әрі жайсыз, қалың шанды, киын жолмен көп кезе отырын, тұс ауган шакта біз Кентауга кеп кіріп едік.

Каланың біз кірген шетінен бастап-ак, асфальт көше кездесті де, қалай бұрылсақ та бар көшесі біркелкі тек асфальт қана жайылған шан-тозансыз бол шықты. Қалың жас ағашты, сылдыраған таза сулы өншең тастап салынған екі-үш қабат әсем қатарлы жақсы кварталдар тізілс берді. Барлық үйлердің терезе алды оюлы, жақсы өрнекті бояулы шарбактар. Қала үткен. Қөшесірдің октай түзу қатарлары ұзак-ұзак.

Біз қалалық партия комитетінің үйін іздеумен көп көшлерді, сан кварталдарды аралап шыктық. Ұзак жолдан шаң басып келген машинада үстері үйпаланған, шаңдаған жолаушылар әрдайым мәдениетті, жақсы көшелі қалаға кеп кіргенде, өз-өзінен қысылу, қымсыну болады.

Бұгін біз Кентау көшелерінде көп жүрген шақтың өзінде сол адасу үстінде мына қала көрінісіне, көркіне сүйсінгеннен еріксіз мақтай бастадық. Бар тарихы он-ак жыл болса да Ащысады қосқанды 48 мың халқы болып, ертеғідей екпіндеп ескеп осы қала екенін еситүғымыз. Бірақ ең алғашқы жолай көрудін өзінде көріктене оралған қала паркі, ішіндегі фонтаны, бассейні, кинотеатр, лекторий, әдемі мектептер, архитектуралық әп-әсsem стильмен салынған үйлері, үқыпты, тап-таза түрғын үйлер, жас агаш саясЫнда жайғасқан жаңа жайлар. Жас қала болса да балғын, жақсы көрікпен жайғасқан жұрттың қадірлі, мол мекепін айқын таңытады.

Өзіміз ыстық күннен шөліркеп, шалдығып өз-өзімізден, басы-көзімізден тітіркене жүрсек те мына қалаға қуана қызыққанымыз сошалық, ырзалық әзілмен: «қолың жетсе қорғасын тап», — десеміз. «Кені байдың — елі бай», Ащысай, Мырғалымсай, тары талай қазыналы сай мен таулар осындаі әсем Кентауды тудырған.

Қаратай, дәл Кентаудың тұсында мәңгі-бақи заманшаң қойны бауырына іріккен кан қазынасын, қызықтыра ашип жайып сарапқа салып: «мен мына осындаі сыр-сипатта да бола аламын!» деп түрғандай.

Сонда аргы-бергі замандарда болып өтті деген Сауда-кент, Құмкент, тағы әлденеше «кенттердің» бәрінің дәуірін өткен-кеткен анызға айналдырған қиялдың, біздің социалистік алтын дәүірімізде акталған арманы — осы өскелес қалапың өзіндей.

Қаратай мұнда өзінің бар мүмкіндігін, бұрын тұсіне кірмеген болашағын, бұгін жарқын жарастығымен жасара тапқандай. Қаратаудың қойын-қойнауында, Кентаудың басқа да сай-сала сілемінде Ащысай, Байжансай сияқты шынайы бай кенттер бар. Және де Қаратаудың Жамбыл облысына қараган бір жамбасында, о да өзгеше жайнаған жас қала — Шолактау бар. Кентау, сол аталған мол қазыналы кеңдер үстінен орнағанин кейін туса да, кемсліне келген қызықты қала.

Біз бет-басымызды шаң-тозаңнан арылтып ала-сала

тыным алмай; қаланы аралауға кірістік. Қызықты қала сағат сайын сән-сырымен ыстық тарта берді.

Мезгіл кешкірсе де біз, бар көшесі жарқырап түрған қалапың қозметтерінде ыстықты орындарын арала кеттік. Ен алдымен пионерлер үйіне келген едік. Бұл анық, толық «сарай» деп айтуға келетін көркем жай. Өзінің ішінде балаларға музика үйрететін класс залы да бар.

Көптен атын естігемен анық жақсы жайғасқан қалапын көре қоймаған, біздің Отаң кейінгі дәүірде зор көңіл беліп, жыл санаң көбейте жасап келе жатқан мектеп-интернат та Кентауда кең жайғасқан екен. Қазақ балаларына ариалған интернат алдымен ашылған. Биыл орыс балаларына ариалған белегі, жаңадан ашылып жатыр. Қазақ балаларының интернатына маңайдағы мал өсірген аудандардың колхоз, совхоздарында жырақ тауда, күмдә, қырда жүрген шопандардың балалары бәрінен көп алынған.

Біз сол жас балалардың жатар алдында жуынып үй ішілік жұпшыны ғана киімдер киіп жүрген кезінде келіп ек. Олар тегі қонақты таңертеңдер, өздерінің формаларын киіп қабылдайды екен. Әр класта екі-екі тәрбиеші-апалар бізді, балалардың қонақ күтпеген жайларын айта отырып қабылдаған еді.

Өндөрі қүйлі, жүздері көңілді томпандаған кішкене үл мен қыздар, көктемде айқын ажарлары қозметтерінде ыстық тартады. Интернаттың да жоғары класс ересек балалары мақта теруге кеткен. Бізге кездескен директор Бапиев бастап интернаттың барлық оқытушы-тәрбиешілері сырт-ажар, ішкі білім-нәр, үлгі-өнегс жағынан өз міндеттеріне аса жауапты қарайтын адамдар тәрізденді. Әрине мектеп-интернат тәрбиешісі деген аса зор жауапты профессия. Ол бала бақшасының «апайы» да емес, оқытушы да емес, өзіне мүлде бөлек міндет артылатын пансион ана, пансион ата болмақ шарт. Жалғыз Кентау емес, әлі бар Қазақстан, тіпті бір одақ ұлы Отаңда да біз сол интернат тәрбиешілерінің жолы-жөні бөлек-ерек мамандығын өсіріп болғамыз жок. Бұл жөнінде Кентау интернаттың бағушы, баптаушы адамдар, орындар көп-көп зер сала журу шарт. Мектеп интернат тәрбиешісі, ең алдымен, мейірлі ана да ата, зор үлгілі ұстаз. Сондай ұлы адамгершілік шартқа жауап ұрарлық тәрбиешінің тәрбиелеп өсіруіміз міндет.

Сол күні кешке біз биыл ғана бітіп, енді оқушыларын күтіп тұрған, ең жаңа үлгіде салынған, орта мектеп үйін көрдік. Орыс тіліндегі бұл мектеп бар үлттар балаларын тәрбиелейді. Мектеп қорасының іші ариаулы газондан басқа аландарында түгел асфальтталған. Мектеп ауласының айналасы түгел темір бетондан балғын етіп оюолап салынған, білкішे көркем коршаулар. Ал мектептің өз ішінде жас балалар кластарына аналарының ұқынты камқор қолымен әкеліп қойылған үлкен құмыралардағы ғұлдер. Рекі жаңаша тап-таза парталардың үстінде сол аналар жұп-жұка, жеңіл клесенкалар жайған. Эр кластың ішінде аспантар қоятын жаппалы шкафттар. Класс бас сайын кранды қол жуғыш. Бұл мектептің астының қатарында механикалық мастерской, қол сибебі кластары жайғасқан. Усте өзгеше биік, кең, бапты етіп салынған спорт залы. Оқушылар ыстық тамак іншін асхана, бөлекше тап-таза буфет жайы да келісті.

Ал оку кабинеттерінен физика кабинеті, биология, химия кабинеттері, кітапхана жайлары тегіс барынша, керегінше мол жабдықталған қаланың қандай орта мектеп оқытушысы болса да қуана қиялдайтың, қызғана сүйсінестің анық армансыз жақсы жайғасқан мектеп.

Кентаудың мектеп мәдениет құрылышы партиялық, үлкен қамқорлық ойлардан туған үлкен программаны тапытады. Қала аталары интернационалдық тәрбиенің шарттарын айқын әділ негізділікпен ойлан бастаған, баяттаган. Дәл жаңағы біз суреттеген мектептей ең бірінші жаңа үлгілі мектеп үйі бұлтырығы жылы салынған екен. Онда Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі ашылған.

Облыс орталығы Шымкент қана емес, Қазақстаның онерлі үлкен астанасы Алматының өзінде де дәл осындей, Алтынсарин атындағы мектептей қазақ мектебін көрген емессіз.

Мектептер жөніндес, көңіл ойынды тағы бір қатты сүйсіндірстің жай аңдадық. Кентаудағы орысша орта мектептің біреуі Абай атында болғанда, қазақша екі орта мектеп Пушкин мен Горький атында. Алтынсарин атындағы мектептің директоры Бақтияров Аппакша мен аудандық оқу бөлімінің бастығы Райымқұлов Төлеген өздерінін бар оқытушы — тәрбиеші топтарымен Та什кентте, Алматыда жоғары дәрежелі оқу бітірген, шын мәдениетті тәрбиешілер, бақытты, балалар, жеткіншектер атаулы-

ның айық міндетіне сәй, үлгілі оқытушылар екені байқалды.

Келген күні кеш бойы, ертеңінде күн бойы аралаганда біз Кентаудың әрі балғын, әрі көрікті, үлгілі құрылышқа тоя алмадық. Осының бәрі он-ақ жыл ішіндегі сперлі, қажырлы қолдармен жасалғаны әсіресе өзгеше.

Онідірісті Кентауды біз қалалық партия комитетінің бірінші секретары Зенков Александр Ильинчің бастауымен араладық. Жалпы қала қалпани, көшелер аралаганда екінші секретарь Тілеубердиев Ыдырысмен жүрген едік.

Біз Кентаудың өзіндегі үлкен құрылышты байыту фабрикасынан бастап, компрессорлық және экскаватор заводын аралап шықтық. Кентаудың мол боліктегі санаатыны: Байылдыр, және әсіресе Хантағы тәрізді қосымша қала дерлік үлкен бөлімдерін көрдік.

Хантағыда бу электр станциясы, киім тігу фабрикасы, мәдениет үйі, Пушкин атындағы казақ мектебі бар.

Кентаудың жас қала қалыны Зенков: «Бұл бүтінгі көрінісі гана! Шынымен мол жоспарға карасақ қаланың өсуі әлі алда, жақын жылдарда болады»,— деп бізді қалының күибатыс жақ шетіндегі 49-шы, 50-шы кварталдар дең аталатын күрделі үлкен құрылыштарға алғып келді. Осы жактарда жоспарлы ретпен катар-катар салынып болған, салынып жатқан жеке үйлер де ете көп. Бұл Кентаудағы жұмысшылардың, қызметкерлердің, мамандардың өз үйлері.

Ол үйлердің барлығы шатырлы, терезе алдарына тегіш шарбакты ағаш өсірген, кораларына үзім тіккен. Шынылы террасаларында қазактың алаша, кілем, шагидунис көрпелері жайылын, жана үй иелері кімдер екенін аңдатып тұрған көріністер жіп ұшырайды. Әдette өздері мен малдарын коса жайғастыра жүрестіп қазак колхозшы, жұмысшыларының үйлеріне бау-бакша аз болатыны белгілі десек те, Кентаудағы казак жұмысшыларының үй-жайлары көніл ашар, қалың көкке бөленген.

Кентаушылар әлі қаланы салып болдық демейді. Қала халқының жақын шактағы мыкты мұддесі Қаратаудың сусыз бөктеріне орнаған көлемді Кентауга енді ойдағыдан үлкен де терең, мөлдір сулы көл салмақшы.

Хантағы сиякты Кентаудың ертерек орнаған бөлімінің бір мол жағында, туысқан көп үлттар кварталдары арасынан түр. Мұнда қазак тұрғындары салған көп темір ша-

тырлы үйлер кварталдарымен жалғас шиферлі азербайжан, түріктер, чечендердің де көп үйлерінің топтары бар.

Зенков Кентауда жиырма жеті ұлт бар дейді. Бірақ бар тірлігі айның сибек, өнерлі, тауанды сибек ыргағына мағыналы күйде бағынған бұл дәңгелек қаланың бар халқының арасында ынтымакты татулық, тәртіпті, ұстамды тәрбиелік бар.

Құндізгі, кешкі шақтардың қайсысында болса да тәртіп бұзып ұрысып, қагысқан ішкен-ләйліген, шырық бұзар жаңдар көзге түсепейді. Тап-таза қалада, сау сергек өмір тынысы танылады. Қәшелерде әрбір ұлкен өнерлі қалалардың орталық көшелеріндегідей жақсы сыйайы киінген еркек, әйел, жас-кәрі, бала атаулының беті-жүзі байқалады.

Әр үй алдында боялып орнаган әсем шарбақтар ішінде ғұл газондары, арнаулы ғұл алаңдары, ғұл бағы бар. Бұл қалада «Дружба» атты, еннесі биік сұлу салтанатпен салынған кинотеатр, қандайлық ұлкен қаланың болса да орталық алаңын көркейтуге түрарлық сән сарайы. Осын-дайлық шартарапы түгелдей сәтті жайғасқап жас қаланың көшесіндегі, күле қараған ғұл бағының көркіндей қала халқы қауымының да жас пәсіл қауымындај ажары бар.

Осы қаладағы өз жағдайларына мейлінше ырза инженер, партия, совет қызметкерлері, оқытушылар, ұлкендікішілі оқушылар, үй шаруасының иелері, ата-ана — бәрі тегіс Кентаудағы қазіргі тіршіліктеріне анық қалтқысыз ырзалақ айттысады.

Өзі Ташкентте оку бітірген мұғалім, немесе күйеуі Мирғалымсайды инженерлік ететін, жасынан Ташкентте өскен жас ана, биыл ғана Алматының мемлекеттік университетін бітіріпті, оку-тәрбие орынының табалдырығынан енді өзі тәрбиеші болатын өмірге қарай аттанған жас оқытушы қыз — бәрі-бәрі де Кентауга сүйсіне сөйлемеді.

— Мен Алматыда өстім, бірақ Кентауга келгеніме сошишалық ырзамын!

— Мен Ташкентте өстім, бірақ Кентау маған Ташкенттен де артық ұнайды! — деседі.

Бұл алуаидас жас қайраткерлердің, жар-жолдас жастардың әп-сауығы да, сезімді сұлу, сыршыл ыргақты әндерді талғап тыңдайды.

Кентаудың болашагы Қаратау көнінің көпшілігіндегі алдағы көп көрікті өнерлі күйлерге жете берестінше, өр-

лей беретініне күмән жоқ. Соншалық сүйсіндірген Қентауды біз бар қазыналы Қаратаудың тағы десек: Созак, Шаян, Түркістан орталықтары қызгана коймас. Ұлы Отаның әкелік өнерлі қамқорлығы шөл белдерге он-ақ жыл ішінде әкеп орнатқан Кентауға ой-қиялың көп-көп оралады.

Сондықтан мен болашақ күндерде Оңтүстік жайынан роман жазар болсам, ең қымбат жас геройларым бірін бірі ең алғаш сүйгендес осы Кентауда сүйсін дер едім.

IV. Баға жетпес қасиеттер жайында

Басқа көп еңбек майдандарындаі мал айналасындағы сибектің де анық ұлкең геройлықты, қажымас қажыр қайратты, қала берсе оташыл зор азаматтық санағы талап ететін талай қысталалаң қын шактары болады. Осындаі ойдың өте айқын бір мысалдарын біз Шәуілдір ауданында еске көбірек алдық. Оның себебі Шәуілдірдегі барлық шаруа тірлігінің ең маңызды салмағы малға арналған. Оның үстінен Шәуілдір өлкесінде күз бен қыс маусымында, кейде тіпті жазда да мал басындағы адамдарды қатты қын бейнетке салатын күтыргаң дауыл, катты қырысқа жел болады.

Мұны арыстанды Қарабастың желі, біресе Қаратаудың арғы-бергі алыс жон-жоталарын қыдырыстай, үзілмей орай соғатын қара дауыл, қайсар жел дейді.

Шәуілдір үстінде бұл нақты дауыл кей кездерде күндер бойы, тіпті апталар бойы азынай соғатының болады. Осындаі адам мен мал пәлесі жайын, дүләй соққынан туған талай ерлік, табандылық, қайраттар жайын, Шәуілдірде бір кезек арнай әңгіме етіп ек. Сонда ат-атағы баяғының батырындаі ауыздап ауызға тараған ер шопандар кимылы біздің бүгінгі күннің анық аңызына айналған. Шәуілдір шопандарының ішінен барлық аудан көрі-жасы бұл жөнде ең алдымен Социалистік Еңбек Ері Бойтанов Төлегеннің атын ұдайы ауызға алады. Мұның басынан кешкен ауыр бейнет шағы өзі бір дастан дерлік. Үздіксіз қатты суық боран астында Төлеген 100 қоймен ығып кетеді. Сол кеткеннен ел-жүрттаған, өз ауданы, облысынан үзіліп ұзап кете-кете барады. 100 километр, 175, ақыры 200 километрге дейін үздіксіз қара боран, қара дауыл астында 18 күндей ығады. Артынан түйеге мінін іздеген жұрт талай күн көшпелі құм ішінде арлы-берлі

көп шарлағанмен таптай қояды. Ол дауылды құмда Төлегенді қуып жету үшін жүрісі шапшаң ат мінсе керек еді. Бірақ Шәуілдірдің құм дауылында көзі-мұрыны құмға толып, жылқы баласы жүре алмайды. Сондықтан жоғалған жаңды іздегендеге тек түйсмен іздесе де, жетпейтаптай арттағы ел Төлегенниң түгел құдер үзеді.

Іздеушілердің барып жеткен жырақ шегі 70 километр шамасы болады да қала береді. Өзі жаяу күйінде 100 қоймен ыққап Төлеген ол қойдың да екі атасы болғанынан айрықша бейнет шегеді. 100 қойдың жарымы қазақ қойы болғанда, екінші жарымы қаракөл қойы екен. Қазақ қойы ықса да боран астында жай қозғалғаңда, өзі сергек, өзі жүрдек қаракөл қойы бөліне жырылып, озғында жоси береді. 100 қойға әрі жаяу, әрі құм кешуде жаңағыдай қилюсыз күйде ие болу тек Төлегенниң ғана қажырлы, қайратты жанының құдіреті деуге болады.

Ол құм шоқат ішіне оқта-текте қойды паналатып, иіріп тұрып, сәл тыным ала жүреді. Ашыққап соң жолшыбай бір қойды сойып, 18 қүнінс азық-талшық етеді. Сөйтіп дамылсыз дауыл астында ыға-ыға береді.

Сол Төлеген кейіп аман-ессен 100 қоймен түгел табысып, қайта өз шаруасына, өз жеріне оралады. Осындағы жүрек нең жігер, қажыр-қайрат үшін Бойтанов Төлеген Отанынан Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ алады. Төлегенді ауызға ала отыра Шәуілдір шаруалары мал баққап Қазақстан, Қыргызстан шопан ерлерінің ат-атақтарын ауызға алып аңыз етіседі.

Оңтүстік Қазақстандай малы көп облыстың бірі Қазақстаниң батыс шетіндегі Гурьев облысы. Сонда, қысқы боранда бір шопан әйсл өзі екіқабат күйінде, алты қүн, алты түпдегі қоймен бірге ығып, ақыры күн ашылғанда малын аман айдал қайтқан.

Қыргызда да төрт күн, төрт түн бойында бір кора қойды ыға жүріп аман алып қалған, үш қүн бойында пәртаптаған атақты бір қойшыны Шәуілдір аңыз етеді. Ол қойши да Социалистік Еңбек Ері атағын алған.

«Момын ғана қойдың мимырт қаңа аяқымен елсіз, есіз тыныш далаларда, тау мен құмда кешіп жүрген шопандар еңбегінде бейнет, көп болса да, ерлік болмас»,— деп ойлайтын салғырт ойлар болуға мүмкін де, және ол түсінікті де. Бірақ жаңағыдай қажырлы, қайсар қамқор еңбек батыр көңілден шықпай, жай ғана жасық, қорғашақ, аяқкес жашаң шыға ма?

Шэуілдірдің шопан ері Төлегендер жайы қаңдаі қалып, оқиғалы, қызық тартысты романдар болса да олардың талай беттерін, оқушыны толқыта толтырар мәнінәрі бар десең! Кейде тіпті Хемингуэйдің бүгінгі бар әлем оқушысы тацырқай даңқтандырып жүрген «Шалмен теніз» романына барабар тартыс, жаңағы аталған адамдар жайынан да танылып тұрған жоқ на!

Бұл жандардың сабактарынан дағы тағы өзгеше ерекшелік — олар өздері неленіп жүрген малдарын сүйеді. Алдындағы маңына шопан жұрты әрдайым жапы ашып, қамқорлық, достық бейілмен қарайды.

Кейбір мал тегі мен түрін сөз қылғанда шопандардың өздері гана смес, совхоздың, ауданың ұлкенді-кішілі шаруаларын басқарып жүрген аудандық партия комитетінің Әшір Момышов сияқты секретары «Темір» кой совхозының 102 мың қаракөл қойын және екі мың түйсін өсіріп, басқарып отырган совхоз директоры Ермапов Шері, сондағы партия үйімінің секретары Амантур Мұсаев немесе осы аудандары азамат соғысының ветераны, аудандық партархив бастығы Ерімбетов Дүйсен сияқты азаматтардың әңгімелерінен де мал басы туралы, малда жүрген шопандар туралы нелер төрсөн ойлы, қамқор сөздер, әңгімелер есітсіз.

«Темір» совхозында түйсінің басы аса мол. Бұрын Шәуілдірде арнаулы түйе совхозы да болған. Соның екі мыңдай түйесі қазір осы совхозда. Біз бір күнгі жолда сол түйслер арасын аралап өттік. Мұнда нар, бір туған, қоспақ, мая, үлек атанатын түйе тегінің өркештері балаңдай гана смес, жөп-шөпді семіз кісідей болған мал көркіп көрдік.

Түйе шаруасының бар жайын жақсы біlestін директор Ермапов бар түйе тегін үшке бөліп сөйлейді. Бірінші тегі түркпен тұқымды нар — қылқи. Ол ерең сүтті мал. 10 литрден 25 литрге дейін сүт беретін болады. Екінші тегі, Астрахань айыры, бұл да қазақтың жай айыр өркешінен ірі келеді. Айыры кең, мұның тегі Монголстанин келген. Үшінші тегін таза монгол дейді екен. Бұл ете жүндес. Көбі 7—8 килограмм жүн мен шуда бергендеге, кейбіреулері 18 килограмма дейін жүп беретін болады.

Түйе сүті көп елдерге мәлім емес. Ал оның ішіндегі май проценті сегізге дейін жетеді екен. Сыр сүтінің майы бұның жарымындағы-ақ. Сүті майлар буйвол сыр болса оның да проценті жетіден артық емес. Осы сынаты

себеп шығар, түйенің сүтінен аштылған қымыз (оңтүстікте — қымран) бие қымызынан әлдеқайда артық сапалы және асыл ем екенін түйенің қадырын, жөнін біletін жүрттап сұрау керек.

Жері жайлы, шобі түйе баласы үшін сонша шүйгін «Темір» совхозында көп түйелерге қарап мұндай да түйелер болады екен-ау деп тацырқасың. Улкендігі, бітімі бар келбесті бәр-бәріне қарап, түйенің «жампозы» дейтін осылар дерсің. Бұғынгі социалистік мал шаруасында қай түлігін алсаң да баяғы бақташы қазактың ғасырлар бойы қиял еткен, арманы асыл малдары Қазакстаниң социалистік сахараасына келгені анық.

Бұрынғы бақташы қазак кошиелі тірлігінде арман еткен: түйеде —«жампоз», жылқыда —«тұлпар», сиырда —«тыңжы», қойда —«құтпан», «келепан» десе, итте —«құмай», адамда —«алып», ал мал дұшпаны қасқырда —«сырттан» дейтін. Сондай-сондай ерен-ерек жаш пелерін атаушы еді.

Хиял-ғажайып ертегілік батырлық дастан шеңберіне апарып өсірелен сиаттайтын қиял малдары мен жаңада-ры сондай болушы еді.

Шәуілдір совхозының қейбір болмыстары осындай ойлар оралтады. Мал адамиң бейілінс бағынышты болғаңда, адам өзі де малға бейімді, малды күткен шопанд атаулысына қамқор жауаптылықпен қарауға қарыздар.

Шәуілдір шаруаларының көзге күйкі өкінішті бір қиын жайы не десек, сол мал бақсан шаруалар тұратын үй-жайлар әлі көбінше ескі, жаман жеркепеге жуық, жыртық-тесік қора-жай, жарты лашықтар көп. Бұл ретте «Темір» совхозының орталығында салынып жатқан едәуір мол, жаңа үйлерге сүйсінесің. Қоктемде Сырдың суы алып кеткен көп қора-жайларды енді қыратқа шыгарып, шопандар мен совхоз жұмысшыларына жүзденеген жаңа үйлер салыныпты. Бұл да жақсы бастаманың бірі. Бірак Шәуілдірдің жалны ауыр шыныдың атасақ, мұнда жаман да жаман — жол, жол жаман! Және әлі қалың көпшілік — еңбек елінің тұргын жайлары жаман.

Бұл күйлер «Темір» совхозында байқалаған жақсы бір белгілерге қарағанда оңай оңалар деген үміт бар. Осы совхоздың партия үйімінің секретары өте іскер, қамқор ашық сапалы Амантур Мұсаев малдағы шопандарға білім тәрбие ретінде газет, журнандар, топ-топ кітаптар жөнелтіп тұрады екен. Оны біз совхоз орталы-

ғындағы кітапханаға кіргенде андадық. Төмсіңгі еденінен кітапхана төбесіне дейін бөлек-бөлек, буда-буда болып буылған жаңа кітаптар топтары көп екен. Сол кітаптардың бәрі де совхоздың малда жүрген көп шопандарына аттары жазылып ариалып жіберілген тұрған кітап, бұмалары екен. Бұл алуандас қамқорлық, шопандарының да ғындағы аттарынан салынған. Сол жүртішілік, шопандардың балаларын оқытуда және өздерінің тұрмысын өнерлендіріп, тазалығын, деңсаулығын сактау салтына баулуда, үй-жайларын түзеуде жақын шақта үлкен шаралар қолдануға жұмылар деген сеніммен жеттік.

Қайта бір оралған сапарда Шаян, Созақ, Шәуілдір, Келес те, өзге өнерлірек аудандардан өздерінің үзіліп қалғандай артта қалған, күйкі күйлерін сейілтер деген үміттеміз.

Жоғарыда біз, бүгінгі біздің адам басындағы кей қасиет сипатты айттық. Сол адам өсіріп өзгеше сапа таптырган мал баласындағы баға жетпес қасиет сипатты да еске алдық.

Осыған жалғас енді бір басқа сапалы және бір қасиеттер енді жерден шығып жатқан қазына дейміз. Оны біз Оңтүстіктің Ташкент жапындағы келісті ауданы Сарыағашқа барғанда көзбе-көз таныдық. Бұл жөнде ең алдымен айтартымыз — Сарыағаштың ыстық сұзы.

Қазақстан жері көп болса да жетіскең курорты көп республика смес. Табиғаты мен жері беріп отырған әзір байлығын өзінен өзі аяңғандай бол саран-сырдаң үстайтын біздің республика. Кейбір «Аяққалған», «Сарыағаш» сияқты шипалық сапасы аса зор байлықтарды еске алғып, соны әлі күнге жұрт пайдасына жақсы жаратады. Қазақстанның курорты — деңсаулық орындарының мінездерін қандай тоғышарлық деп атасан да болғандай. Ішінде алтыны бар сандықты жауып алғып, ешбір керекке жаратпай үстінде мізбақпай отырып алған қаперсіздік жайларға көп күйінесін.

Бүгінгі Сарыағаштың радиоактивтік ем сұын тек қапа сусын су етіп пайдаланса, бар Қазақстанның қай түпкірінде болса да, тамшысы жерге тамбай, қадірлі ішімдік бол халық атаулыны қарқ қылар еді. Бұл күнде әлсіз ғана бір артель шығарып отырған, саны азғана бөтөлкелдердің сұына, ыстық күндерде ұшырасқан шағында суды сүйсініп, су исесіп ұрсып ішесін.

Бүкіл одак көлемінде жерден шыққан минералды сұлар саны көп болғанымен боржомға жетер, тайталасар тең су жок. Ол Сарыагаштың сұы сол боржомшан дәмгеде, емге де бар сырттымен артық болмаса, кем емес. Орта Азия көлемінде Сарыагаш сұына барабар су ешбір өзге республикада жок. Бұғынгі көптен сатылып жүрген боржом тәрізді сулар сол ауданға, республика шаруасына қашалық қалың сома қазына қосар еді. Оны андауғдан оңай пәрсе жок. Тек аты завод дерлік бірер өндіріс орнын Сарыагаш ауданына орнату керек те, миллиондаған бөтелкелерді шығара беріп, арзан ақшаны күреп ала беру керек.

Мен бұл тұста Сарыагаш сұының әлденеше ауруға іздеп тапиас ем екенін айтуды қажет деп білмеймін. Бұл жөнде Сарыагаш курорты, одактық үлкен курорттың бірі болып өсуі шарт та және солай болар да. Биылғы жыл Сарыагаш курорттың қажымас қамқор исесі — бас дәрігер Қасымбековтың талабымен келесі жылға санаторий құрылышына республика 14 миллион сом қаржы шығарып отыр екен. Жоспар бойынша салынбақ төрт корпустың жағағы сомага екеуі салынса бірнеше жұз адам емделуге мүмкіндік жасалмақшы. Бірақ Сарыагаштың курорты тұрған жер кең болғанымен әлі көгі, көлеңкесі жок алаң ашиқ. Жай суга да тапшы! Сондыктан үлкен санаторийлар салыныш, кемеліне келіп болғаша күз демей, көктем демей бүкіл курорт өлкесіне бақ атаулыны мол етін егі, тіге беру керек!

Мен Сарыагаш ауданын айтқанда, әсіресе Сарыагаштың сусын сүйн өндіріп, бүкіл ауыл шаруасын бұғынгіден он есе ондырып әкетерлік шаруа сеебін айтамын. Бұл ауданың көптен келе жатқан тәжірибелі сергек ойлы, істер кер және шын жауапты адамы — аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ұлтубай Бейсенбаев. Ол Сарыагаш сұы аудан болашагына не беретінін аса жаксы түсінеді де, көп жайды арман ете сөйлейді. Дәрменсіздік сыйзы білінеді. Себебі мұнда завод салу ісі облыстық немесе республикалық орталықтардың байлауы, қатынасымен істеледі.

Сарыагаш ауданының бір шетінде сол Сарыагаштың сұы болса, скінні бір бүйірінде тағы да өзгеше қызықты қазынадай бір совхоз бар, ол үзім мен үзім шарабының совхозы атакты —«Қапланбек». Бұл совхоздың көлжылдық тәжірибесімен жасалып шыққан шаралтарының кей-

бір сорттары бүкіл әлемдік көрмелерде бірнеше рет алтын медальдар мен күміс медаль байгелер алды. Тек бұлтырығы өткен 1958 жылдың бір жылғы таза кірісі 8 миллион сом болған.

Сарыагаштың сұзы мен «Қапланбектің» үзім бактары сақтаған отырған қасиетті қазыналықтарды еске ала отырып, біз Ұлтубайға: «екі жақ бүйірінде ертеңі қиялы тудырған көдімгі скі бөлек «ат басындаі алтының» жатыр!» дейміз.

Үлкен мәдениетті Ташкент қаласының іргесіндегі Сарыагаш ауданы Қазақстаниң үлгісін көрсететін «Мынау Қазақстан» дегірлік, абырой беделін бағалы сапада танытарлық анық көрікті аудан болу шарт. Бұл аудан басшылары өздерінің қолынан келген аудан шамасы жеткен, істерінің бәрін сол аңгарда сондай жауапты санада үстауга қатты тырысады. Республика намысын да, социалистік мәдениет санасын да анық, жақсы мағынадағы социалистік жарыс, бәсекедей бағалап, сол сананды өз еңбектеріне ту қып үстағысы келеді.

Мысалы, «Қапланбек» совхозының директоры Тищенко мен шарап сапасының білгір маманы Катаева жолдастар, өз майданындағы істерін Ташкент маңындағы гана емес, бүкіл одақ көлеміндегі шарап шығарар заводтардың бірде-бірінен кем соғады демейді. Сол сияқты аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің аудан орталысы Сарыагашты көркейту жолындағы істері да анық мәдениетті аудан орталығының сала, сыйратын танытады.

Сарыагаш қыстағының көп көшесіне асфальт жайылған. Мұнда Оңтүстіктің ешбір ауданында біз көрмеген анық жақсы гостиница бар. Кәзір аудан орталығында өзгеше үлкен, келісті мәдениет сарайы салынып жатыр. Аурухана, қітапхана, өсірсе мектептер мұнда көнілдегідей. Орыс, қазақ балалары оқытып бір орталық мектепте кітап саны төрт мың. Сарыагаш ауданында совхоздар директорларының мектебі бар. Онда бір мын студент оқиды. «Қапланбекте» жайғасқан мал дәрігерлік оку комбинаты бар. Бұлар осы ауданда көнтеген орын тенкен үлгілі оқу орындары деп саналады. Шаруашылығы мактта, мал, бау-бақша, жеміс табыстарының құралған Сарыагаш ауданы облыс көлеміндегі, қатардағы орта кеуде ауданының бірі боп та қала бере алады. Бірақ Сарыагаштың сұындаі барлық одаққа, қала берсе дүниене жүзіне де ертең мәлім бола аларлық табигат байлығы қасиетті қа-

зынасы тұрған аудан өз мүмкіндігін өрісіне жеткізе өсіру шарт.

Сөйтіп осы жолғы сөзде Шәуілдірдегі мал соңындағы ардақты адам жапының кей сыпаттарын қасиетті қазына деп санағаңда, мал сапасын өзгерте өсіргенді социалистік шаруамыздағы және де қасиетті сыпат деп атадык.

Сарығашқа келгенде сол қазыналық қасиеттер жер байлығы ретінде бар сыпатымен толып, болып тұрса да, соны барагына толық барғыза алмай жатқан шабаншардақ күйлерді өкінішпен еске аламыз.

Бір жерде, бір салада мүмкіндіктер бар да, сол мүмкіндіктердің тірлікте шаруаға жүзеге аскапы бар. Енді бір жерде мүмкіндік сондай сыпатта, қасиетте болса да, тек мүмкіндік қана дәрежесінде іске аса алмай, асырылмай жатқаны бар. Мұндай қасиеттер алдағы аз айлар, жылдар ішінде өмірден өзінің бағалы орнын, өрісін табағын, акталатын қасиеттер деп еске аламыз.

ШАЯНДАҒЫ ШЕШЕН ҚЕРЕКЕҢ ОЧЕРК

...Оған сөз берілді дегендеге қалың жиын ду қол сокты. Қолшапалактау қызу да ұзак болды. Себебі ол орнынан тұрып, мінбеке жеткенше бірталай уакыт керек еді. Адам лық толы, аса ұлкен зал облыстың бар белгілі азамат-активін жиган құрметті жиналас болатын. Қол соғудың қызы мол болғаны адамның көптігінен. Шешениң мінбеке кешігін шығуы, қатарлардан сыйылуы, мінбеке жетуі онай болмагандығынаи. Бұл жайлардың үстіне оның күнгей бешпесті ұзындау да қалың болғандықтан жолда ілініп, қысылып-қымтырылып жүруі де ерікіз шұбалан болған. Ақыры ол мінбеке жетті. Үстінде сарғыш курец рецді ши барқыт бешпест, басында жаңа сырма қара тақия. Шашын жаңада алғызғандықтан акқүйқа басына қара тақиясы зал көпшілігіне оқшаулау да болса өзініне жарапастық береді.

Шешен өте ақырын дауыспен мінгірлесп сөйлей бастады. Зал жым-жырт отыреа де жөнді сөз естіп жарымады. Естігепі сөз мәнісін де ұғының қана алмады. Шешен өзінің зал жүйкесін оншалық босатып, аузына қаратын,

үйытып бара жатпағанын сезген бе қалай! Қара тақиясын оң қолымен қозғалақтатып, бірсесе мәндайына түсіріп, бірсесе желкесіне қарай жылжытып, тағы бір колымен бешпетінің иғыны да сипалақтай берді.

Зал жым-жырт болған қалпында құлакқа жеткені:

— Бірінші мәрте... сексен кило еді, енді ояқ-бүяқ айлағасын... өкіметіміз, басшылығымыз айтқасын иғып, екінші мәрте...— деп біраз үнсіз тоқтап қалды. Зал үнде-мей тынған күйде көпшілік басын тәмсіл салды. Кейбіреулер жымияды, тағы бір тұстар томсарады. Өзге совхоздан келген сейлеуік Шақабаев Әзімхан сияқты өзі шешен, өзі озат шопандар шешениң жүзіне ажырая қарап, ақсия күліп, кадалып отыр.

Залда жым-жырттық біраз созылған соң шешен сөзін ілгері жалғап:

— Екінші мәрте слді иғып... ояқ-бүяқты ойлап кеп биыл тоқсан килоны атап отырмыз!..— деп тағы тоқтап, бірталайға шейін үнсіз күйде қара тақияны тақыр базында ілгерілі-кейінді жортактата түсіп, аяғында келелі сөзін аяқтағаны:

— Анау-мынау әңгімеге қызықпайым! Малды еріпбей бағам. Қой он серіз сағат жайылат!— деп біраз тұрды да, ши барқыт бешпетінің екі жағын сипалақтай түсіп, ақыры сөзінің аяғын айтпастан мінбеден түсті де тартада берді.

Зал қысылғаппан болса да қол соққапның мезіретісін жасады. Осы кездे облыстың құрметті үлкен жиналышын басқарып отырган басшы азамат орынан тұрды да, өзі орыс болса да, жанағы шешениң сөзін қазақша түсінбейтіп жолдастарға: «мен аударамын» деп алып, орысша шешен тілдес айта жөнелді.

— «Мың қойдан биылғы жыл жағалай тоқсан килограмдық салмақ беремін. Қой басы алты-жеті килограмман жүн беремін. Мал шығыны болмайды. Менің шаруампан жалқауды таппайсыз! Құн жаксы, көніл шат, уәдеге берікпін. Алғап міндетті артығымен орындал шығамын деп облыстың осы кадірлі жиналышының құрметті мүшелерін барынша сендеремін!..»— деді Шаяннан келген Шалдар совхозының қадірлі шопаны — біздің құрметті Маманов Керексн!..— деп ашық, айқын қатты дауыспен, суырылған шешендікпен саңқ-санқ етіп айтып

шықты. Жұрт ду қол соға бергенде, айгайлап тұрып:— Побольше бы таких!— деген сөзді ұрапдай қызумен тастады мәжіліс бастығы.

Баяу басып келе жатқан Қерімқұл алыстағы орнына жетіп барып отырганша зал тыным алмай қол сокты.

Әрине, шопаниң бәрі Қерекендей емес. Біреулері Қерекендей болса, біреулері одан сол шешенірек болса, тағы біреулері Шымқорғаниң атакты шопаны Шақабасев Әзімхандай болады. Ол 1959 жылы 100 саулыктан 176 қозы берген. 1960 жылы 183, ал қазіргі алғаш міндеттесіндегі 205 қозыдан беруді өзіне шарт еткен. Ол қойды жіңі қоздату шарасын сондай жақсы, жетік біледі. Ұзын бойлы, қызыл сары, ашық жүзді Әзімхан үлкен жиында ақсия күле тұрып, еркін кемел сөйлейді. Ашаңдау ұзын көлдарын кең жая, сілтей-сермей түсіп, СЖК-лардың жайын айтқанда, барыс жалғау, жатыс жалғауларының бәрін деңгелек айналдырады. Бірак әнгіме әзіршіе Әзімхан жайында емес, Қерекен жайында.

Майдың ортасында самал сокқан бұлшынғырлау бір күні біз Шалдар совхозындағы атакты Желтиместе жатқан Қерімқұл Мамановтың отарына келе жаттық. Шаян ауданының бірінің секретары, ашық жүзді әнгімені Мұртаза Ысемайлов Қерекендерін шаруасы жайын өзі де сүйсіне, тыңдаушыны да сүйсіндіре әнгіме етіп келе жатқан еді.

Біз Қерімқұлдың мінбеге шыққанын еске алдык. Соңда Нұргаза барыниң сақылдарап қуана күлгендей, жарқырай жадыраи алғып, былтырғы бір болған жайды айтты.

— 1959 жылдың жазында шопандар тойы болды. Қоңүйлер тігіліп, көн жаңи жиылып, мәз-мереке бол жатыр. Қерекендер өз үйлерін де екеп тігіп тастаган. Тағы да отары күйлі, жақсы көрестікішін бәрі мығым болғандықтан, қой басы сексен кило салмақ бергендейтін; Қерекенді бас етіп, қоң шопандың сый беретін болдық. Сол орайда Қерекене ертең мына жиын алдында бір-екі ауыз сөз сөйлесін деген едім. Ертеңінде жұрт бас қосар алдында Қерекен ауырып қалыпты. «Әттегене-ай... аныр-ай, бұл қалай болды екен, негін, не ауру екен?» деп мен барып, қоңілін сұрауга шықтым. Үйіне барып кірсем, естігендей рас, Қерекен наукас, төсек салғызын, басын көрлемен қымтап алғып, бұктусіп жатыр. Кейін дәрігер жібермек бол, жайын сұрап, аз сөйлесіп отырып шығып кеттім. Қе-

лер күндері Керекең тәуір болды деді. Шопандар тойы өтіл кетті. Ал кейін бір кісі әңгіме айтады. Сол шопандар тойында Керекең наукас емес, сау екен. «Өзіміздің әңгімелесіп, жайрандап, жақсы отырганда, сіз келе жатыр дегенді біреу тыстан айтып келе қойып еді, төсекке жантая кетіп, арка-басын қымтап, ауру бола қойды. О кісі мұлдем қызық етпелді ме солай!»— деп маған айтушы Керекенің сондай бір «шешендей пәлесінен» ауру да болған жайын айткан!— деп Нұртаза тағы да сақ-сак күлді.

...Мыңга тартқан саны бар Керекеңнің ісек қойлары Желтіместің алқүрең бір қырқасынаң бері қарай асып келеді екен. Қойды көрсөн сонда көр! Әрбір қойы қөзіңе сонадайдан бадырайып, бадаңдан басылады. Сәл оқыс машина жүре қап, жүргінші шыға қап, бөгде адам ұшырай қалса қойлары сергек-үркек. Шаяинның желіндегі шалқы береді. Оты-суын жетістірген өңшең аттай кесек ісектер май айының өзінде-ак секспенде алқындыратындағы семіз-куйлі. Бұл Керекенің малышың жайы.

Үйіне келдік. Керекенің кең үйі өтс әдемі жасаулы. Жалтыр жүк-аяқтарға ораған үлкен-үлкеп сәнді жалтыр сандықтар үстіне үйілген текемет, сырмак, көрпес-жастық, бінк үйдің сопау үйгінен карына барып тірелген. Үй айнала кілем ұсталған. Отзызың ішіне кірген әйелі Керекенің өзге ұсақ балаларына тағы бір жаңа жас нәресте қосқан екен. Ол бебегін ораған күйде, үйден өзі шықпай, қонақты күту жайын меймандос көңіл-қабакпен басқарып отырды.

Керекең өзі болса, үй тола қонақты үпсіз ғана жылы жүзбен бірауыз сөз қатпастан, бар бабын таба қалтқысыз күтеді. Бұл үйде шай да дәмді, бар ас та бапты. Керекең тіпті киіз үйге сырт үйлесімі аз сияқты көрінетін конъяк, шампанский бөтөлкелерінің мойындарынан толғай тартып, дастарханға ұсынған шагында да бірауыз асыл сөзін шығын еткен жок.

Бірақ сөз — сөздің ішіндегі ең шешені, ең бағалысы оның мәні гой, мазмұны гой. Керекең сөзі қорғасындағы салмақты сөз. Ол оның бүкіл Қазақстаниң көлемінс үлгі берердей мыңга тарта кой санын жағалай тоқсан килодан тапсырамын деген серті мен ісінде. Жақында Шаян ауданынан алған хабарымыз бойынша, қырқу айқталғанда, Керімқұл отары қой басына 6,5 килодан жүп беріпті.

Серт те, сөз де, бар шешендік те осында. Бұл шешендік болғанда, өзінше бір стиль десе болғандай! Сөзіңің мәні: көптігінде емес, сомдығында. Сөз сұлулығы көркінде емес, сырында. Шопандар ішіндегі бір алуапы Шаяның Қерімқұлы өзге — өзге емес, кейде ойласақ, жазушылық шеберлік стильге де сөз үлгісін берсе не етер! Аз сөзде көп мағына болса-шы! Сол ретте, бір есептен, шешендер шешені Шаяндағы Қерекең дерсің!..

ӨСКЕН ӨРКЕН

РОМАН

Бірінші тарау

1

Күн мезгілі кешке қарай бейімдеген шақта Ілеңің жолмен Алматыға қарай жіті ағызып, қара түсті «ЗИЛ» жүйткіп келс жатты. Айнала пішепендік, егіндік далалар реніне қарағанды мезгіл жаздың аяқтаи, күз басталуға тақаған шағы.

Батысқа қарай сіккейген күннің көлбей түскен сәулесі «ЗИЛ» дің айқын қара бояуын шұғыласымен жарқыратып, алдындағы ак металл әшекейлерін шакырайта жалтыратып құбылта құлпырытып келеді. Қөп жерінде тұра тартылған кең асфальт жолдың үстінде ызыста жортқан ұзын қара машина бейнес жолды жұтып, метрлеп емес, километрлесп қылғып жұтып өтіп жатқандай.

Машинада үш адам. Шофердың қасында отырган жасы 45 шамасындағы сұр шляпалы, ақшыл қызылт жүзінде ажымы аз болса да самайлары бурыл тартқан Қарпов Нил Петрович. Артқы кең орында екі адам. Оның бірі жалаң бас, кең мандайлы, қасқа жүзінде кесек мұрны, үлкен мүйізді көзілдірігі жарасқап қара торы, ғалым пішіндес адам. Ол пенсияндағы, 60 ішіне жаңа кірген доктор Асанов Жандос Асанович (Жәкең). Соның қасында то-лық ақсұр жүзді, коңырқаң шашы бүйралаңған, қысықтау козінде көзілдірігі бар, қалындау ериңін сәл қызартқан интеллигент жүзді отызың ішіндегі қазак әйелі, ол Эсия Әлимова.

Бұл үш адам қазір алдарынан қолденен созылып, кең ашиллып көрінетін аспанмен тілдескен дейтін Алатау көркіне көз алмай қарасып келеді.

Күн ашық болса да Алатаудың кейбір қатар, қатпар тауларының үстінде созыла шөккен бір жағы ақшыл, бір

жерлері қоңырқаї бұлттар бар. Олар таудың кейбір қатарын, тағы бір қатпарларын қоңыр көлеңкемен жапқан. Ал бергі таулар қатарлары және ең арғы заңғар биіктегі, қарлы асқарлар сол бұлттардың үстінен күн шуақ астында өзгеше жарқырап сәулеге боленеді. Сөйтіп көп қатарлы алыс-жақын үлкен тау кешке бейімдеген шақта өзінше бір қоңыр ала болып көрінеді. Тенбіл ала дегендегі немесе қоңыр ала кеш дегізгендей ажар аңғартады. Сол тауларға қызығып ойланған қарағап қалпында Карпов бір үлкен күрделі жайды ойлады да арттагы жолдастарына сол ойны білдіргісі келді.

— Мына таулардың осы бар көрінісін кейде мешің ойымша бір сәтке баяғы өткен адамзат тарихы, әлемдік тарихымен салғастырса болғыдай,— деп біраз отырды. Жолдастарына әлі аяқтамаған ойы пәлен деп жауап айтқыза қойған жоқ.

Карповтың көңіліне алысқа көлбеп, ұзақ шырқау кетіп жатқап тарих, көніл болмаса, көзге слес берген емес. Енді сол көлбеп кетіп жатқан тарихты бір сәтке басын көтертіп, қырынан қоя қараса деп ойлап келді де жолдастарына тағы бұрыла сөйледі.

— Айтайық, тарихты қырынап тіктең қойып көз жіберсем... Соңда әр тау, әр жота, әр бөлек биіктегі адамзат есінде қалған әртүрлі тарихтың ұлы оқиғалардың ұлы адамдардың, ұлы өнер ескерткіштерінің бейне-бейнесі болып елестемес пе еді, ә? Қалай дейсіздер?— деп бір тоқтады.

Жандос Карповтың тенеуін мейлінше жақсы ұғына бастады.

— Рас, таулар оқиғалар мен адамдар десек... онда талай пәрсөні ойга салатын көріністер бар дер едік алдымызда.

Карпов оған сәл бас изеді де өз ойларын енді таратып айта түсті.

— Таудың бәрі сұлу емес, биіктің бәрі бірдей биік те, нәрлі де емес. Қөресіз бе, кейбір таудың бояуы қара қоңыр, ең биік басы қисық. Жартасы болса күдір біткен, өзінше қызыр біткен тұтас шоқылар, тектүрлар да бар.

Карпов бұл тұста сәл күле түсті де: «Олар тарих тілесе, тілемесе де, көп адамдар сүймесе де сол тарихта өз аттарын еріксіз қалдырган әр алуан айтайық Атила, Нерон, ксий Людовиктер, кейбір Романовтар, әлдебір Гогенцоллерндер болуға мүмкін. Ал кейбір қалың түкті

жоталар, бөлек биіктер бар. Басынан етегіне дейін қарағай басқан. Олар олкеге иғлік, ырыс беріп тұрған. Айнала таулардың өзіне де кар ұстап, су беріп, әр алуан нәр беріп тұрған таулар. Бұлар өз заманында, кейінгі заманда, тіпті біздің бүгінгі күшімізге шейін үзілмес інсілдерге, таусылмае жақсылығын тигізіп тұрған әр алуан ұлы жандар» деді.

Бұл тұста Карповтың ойын Әсия да қостады:

— Олай болса анау алыс, аппак, қарлығындағы ұзаққа шырқап шарықтап барып ориған әлдекандай илиадалар тәрізденеді. Ал олармен салыстырғанда бергі таулар да қызық. Әрікті, алмалы, жабайы жемісті балак таулар бар той. Болмаса әнде біреулердей көгалды, көк майсалы аласарап шоқылар, қырқалар, дөңес-белестер болып бері қарай сатыладап түссе береді. Олар тіпті бүгін мен кешегі, бергі заман оқиғалары мен адамдары, мұралары. Әлі биіктемеген перспектива заңына түсіп, әзірше жырактап болмаған болмыстар тәрізді.

Үш жолаушы әзір алдағы таулармен осылайша өзгеше тың бір көзкарасын, жаңаша танумен тілдескендей бол келеді. Карпов адамдарды айтса-ақ алыс тарихта Индияның Ашокасы, Египеттің әлдекандай Тутанхамоны, Қытай тарихынан Таи, Сун династиялары, болмаса Александр Македонский бар дегендес, Жандос:

— Темір, тіпті Леонид Фермоильскийді санаасақ тарихта жақсылар да бар, жамандар да бар. Ал тау басындағы жаңа Нил Петрович айтқандай кейбір жартастардың, кей шоқылардың қиқиып, бұкшип ңемсесе сүйк катпар бол түйілін тұрып қалғандарында, рас, неше алуан жауыз, қаталдық жиынтығы болған Аттила, Шыңғыс, Нерондар бар екені даусыз.

Әсия бұған күлді де: «олай десеңіз кей биік басында кейбір шошайған сирек тас әлдекандай санаасыз грек Геростратты да еске түсіреді. Әнебіреу бұкшип қиқиған қаражақтар тас әр алуан дельфийский Оракульдердің әлдекандай пифиялары да үқсайды.

Кейде бұлар тұтас тауға қарал қалғанда ең биік жоталар катарлары, катпары алтын өлкедей жарқыраған сары әлемге аудысады. Онда Карповтың көзіне бергі қоңыр қөлеңке басқан таулар өлкесі қоқшіл корғасындар тәріздене мс. Ұлытау бүндаіда алтынды, корғасынды қоңыр ала көріністі де еске түсіреді.

Жолаушылар осындаій ойлармен бірталай мезгіл жүр-

гең соң тауга жақындаған түсіп еді. Енді бақса кеш тақаған сайын, сөт сайын тау реңі ғажап құбылып өзгеріп барады екен. Бояу реңі ертеңідей шапшандықпен ауысатасыса береді.

Карпов ендігі осы көріністі өзгеше тамашалады да жолдастарына маслихат салды. Машинаны аз тоқтатып, таудың мынау бояуы өзгеру сәттерін жерге түсіп тамашалау жайын айтып еді. Жолдастары мақұл көрді де, машина тез тоқтап, уш жолаушы бірдей жай басып өзді-өз ойларымен тау реңіне үнсіз көз қадады. Кешкі жазғы Алатау ашық кеште, күн батарға тақағанда бейне ертегінің диолары көзге көрінбес қолмен бояуларды сиқырдай-құбылтып, өзгертіп тұрган спияқты.

Жолаушылардың үшеуінің де бала шақтарынан естіген дио алыштары болушы еді гой. Олар сәтте сарай салады. Бір түнде тогай орнатады. Тауды қөшіреді, көлді келтіреді. Сондай сиқырлы күш песі диолар Алатау бояуларын ғажап құбылтып барады. Таулар әуелі ақшыл қызығылт болып еді. Қарлы биіктөр ол сәтте анық айқын қызығылт болатын. Содап барлық тау әлемі реңіп өзгерте бере қоңыркай қызығылт тартты. Енді біразда көкшіл қызығылт, тағы бір сәттен соң қошқыл қызығылт, содан барып күн батқаң шақта қоңыр көк реңге ауысты. Жолаушылар машинага мініп жүріп келе жатқаң кезде тау енді қара көк тарта бастады. Тағы біразда қара кошқыл, одан әрі сәт соңында қара барқын, қара қоңыр түстерге ауысты. Бұл шақта кіші Алматы сайы, Талғар сайы, Үлкен Алматы сайлары, одан аргы Ақсайлар, Ремизов сайы, Бутаков сайлары қарақолтық болып қап-қара түн тудыра бастаған терең қара түн сырласы қойшауларға айналған.

Бүгінгі кешті жол бойында осындаған үлкен қиялды табигат әсерімен сезінген жолаушылар қалаға тақап қалып еді. Эр жайға өздігімен, қейде өз бетімен тың ойлар айтқыш Жандос қазір жанаша бір ой таstadtы. Ол басында Карповты сүйсіне тыңдаған-ды. Оған окта-текте үнде-мей қарап құптай келген-ді. Қейін Әсияменек скуїнің тәңеулеріне қызығып, сүйсіне күле түсіп тыңдаған да болатын. Бірақ қазір сол құптасқан жайларына қарсы сойледі.

— Сіздер бүгіншін баяғыға қарай маңдырыз. Тау жайын айтқандагы тәңеулеріңізді еске алып отырмын. Ал бір сәтке сол тауларға кавап бүгіншін откенғе калай

көз жібермей, бұғашнен келешекке қарай ой тастасак не етер еді? Сонда да болашақ суреттерін, ұлы өзгерістерін, табыстарын, адамзат тарихы шығар биіктегі осы таулардың арғы-бергісімен салыстыруға болmas па еді! Және сонда ең арғы таулар төрінде алтын күнмен күмбезделген алтын арай ғажап шатыр коммунизмің болашақ білгі сонау көрінеді десек болmas па!— деді.

Карпов Жандосқа мол бұрылып, сүйсінген жұзбен қарады. Бірақ оның ойларын түгел құптай қойған жоқ.

— Бұлай ойлауға да болар. Бірақ таулар дымырақ айқын конкрет реалдық бейнелер ғой. Ал біз әдette болашақты оншалық айқын шешіп айтпаймыз ғой. Оның өзінің тұсындағы заманы қалыптайды. Біз жалпы аңғарынғана, бейнесінғана мөлшермен айтамыз. Сондықтан мысалы Талгар биігі коммунизм тұсындағы пәлен жай, Комсомол биігі пәлендей болашақ оқиғасы, Үлкен Алматы биігі айтайық түгендей адамзаттың мәдениетінде де озғын қиялға кетерміз де, бұлдыры күйге жетерміз. Сәуегейлікке ауысып кетерміз,— деп екі жолдасымен қоса құлді де алға қарай бұрылды. Қазір машина қала ішіне кірген еді.

Бұлар Коммунист проспектімен жоғары өрлең келе жатты. Екі жағадағы үйлер өздері ағыза жортын қарсы келе жатқандай. Кей жерлерде жарықтар жаңған. Машинадар оттары ақшылы да, қызығылты да көше жарығымен бояуларын молайта түскең. Қала сыртынан келген адамға кешкі қала халқы өзгеше таза, жинақы, сыпайы; мың бояулы сәнді жүрген тәрізденеді. Бұлардың да Коммунист проспектінде, Киров көшелерінде, Қалинин көшесінен бұрылар шақта ұшырасқан қалың-қалың әйсл, ерек, жас-желең топтарына көздері жылы қарағандай. Сүйсіне қарағандай.

Машина Коммунист проспектіндегі министрлер үйлесін өтіш, солдагы анық зор сұлулық, үлкен сән-салтап жиын бейнесі тәрізденген Үкімет үйінен өтті. Фонтандар бұл кеште ашық аспанға батыл шашыла, әсем жарастықпен шашыла, төгіле түрған бір көркем құйылысты аңғартатын. Қозға аз уақыт көрінсе де зор қаланың жүрегіндей бол ортасында Ленин бейнесі ориған гүл аланы жақсы жарқырап елес беріп өтті.

Алматыға жаңада келіп, қаланы әлі аз көрген Карпов өзі одақтың ең үлкен қалаларынан келсе де мына көріністерді аса жақсы бағалады.

— Алматы жақсы қала, көркем қала. Соңша ғажап өскен,— деді.

Машина Калиниң көшесімен бұрылып, Ленин көшесіне қарай тартқан еді. Жәкең Карповтың пығына қарай сүккейе түсті де:

— Сіз Алматыны жақсы мақтадыңыз рой. Бірақ жаңағы Орталық көшесі, мына Калиниң көшесінің біраз жері тұтас Алматы қаласы десек, ол айтқаныңыз дұрыс. Мен сінді сізге дәл осы Калиниң көшесімен жүріп бара жатқандағы Фурманов көшесінен аргы көшелерді екі жаққа бірдей тек қана көз тастап қарай отыруыңызды маслихат етсейін. Алматы соңда қаңдай болады екен,— деді де, осыдан соң Абай¹ көшесінен өте бергенде Карповтың он жақ, сол жаққа көз салуын өтінді.

Карпов оның өтінішін орындал, Абай көшесін шолып отті. Келесі көшені Карл Маркс көшесі дейді, одан кейін Красин көшесі, содан әрі Пушкин, ақыры Ленин көшесі. Бұлардың бәрінін тұсынан өткендеге он жақ, сол жақта жоғарғы тәмем көше бойларында өңшөң жалғыз қабат, аласа кәдімгі үлкен қыстақ үлгісінде салынған кішілсуз үйлер қаптаған еді. Құймалары, қақпалары, кішкене төрзес бар, ажарсыз шатыр мен үй қалыптары бұл көшелердің тұсында қала әлі өзгермеген, өспеген қалынта екендігін аңғартты. Қөше бойларындағы биік теректер әр үйдің қорасынан көрінген жеміс ағаш жапырактары сырт көзге сынсыз қараган шакта қаланы жасыл әсем бақ тәрізді көрсеткендей болса да анық үйлер құрылышын, қаланы қала дегізетін мекеп-жайларды бақылағанда әр көзге де күйікі көрінетін ескілік қалпы тарпы бұркеуге болмластай айқын еді.

Жандос Ленин көшесімен тауға қарай бұрылған шақта Қарповқа тағы пілді де:

— Нил Петрович, сіздің жаңағы жақсы деген қалалыздың мына Ленин көшесінен былай кететін және бірнеше көшесі бар. Олар Пролетарская, 8-ос Марта, Талгарская, Алма-Атинская көшелері деп аталады. Сол бір шеті Алматинка сұзы, скінші шеті айтайық Абай көшесі, осы екі арадагы бар көшелер қаланың ортасы. Ал ортасында баяғы Верный болған замандағы осыдан 40 жыл бұрынғы үйлер қалпында тұрса, ол қаланың қатты өзгергені бола ма? Орталық көшелері тіпті көп көшелерінің өзімен де, жаңағынан жарты лашық хибарка үйлерімен

¹ Қазіргі М. Төлебаев атындағы көше.

баяғы генерал Фальбаум қалдырған қалыпта тұрса қаланың жақсы өскені бола ма?

Әсия мен Карпов бұның қатал сыйын онша құптамады. Ең алдымен Әсия: «Неге олай дейсіз, Жәке! Алматының бұл жағы өспесе өзге талай жерлерінде, әлденеше үлкен топ үйлер бар, кварталдар бар. Галамат жанғырған жайлар бар емес пе? Асфальтты қошелер, алаңдар із салынды ма!— Карпов та соны қостап:

— Қазір қаланың өзінде онын аса жоғары дәрежелі оқу орны бар. Академия, театрлар, кинолар бар. Жаңағы қошелерді ғана көрмей сол өзгерген кварталдарды, үлкен-үлкен үйлерді қоса сөйлеу керек пе?

— Бәсс, скуйің де дұрыс нәрсслерді айтып отырсыз. Дұрыстығы неде? Жеке топ-топ үйлер бар дейсіздер, кварталдар бар дейсіз. Ал, бірақ, Коммунист проспектінің аз жері, Фурманов қошесінің жартылайы, Калинин қошесінің үштен бірі демессөніздер, тұтас өзгерген, қайтаң салынған қошелер бар деп айта аласыз ба? Қала ір жерге шашылып салынған. Қебінше жаңағы аталған орталықтардан бейне бір үріккендей бол жырақ-жырақ шеттерге рас, үлкен-үлкен топ-топ бол салынған үйлермен, оқшау кварталдармен жалны қала көлемі өсіп келеді. Кеше қырық жыл бүршін қырық мындаған ғана халқы бар Алматыда бұл күнде жарым миллиондай халқы бар жепі де рас. Бірақ тұтас жаңғырып салынған анық бес қошесе жоқ. Бас-аяғы бірдей жаңа туған жаңа қала тұтас құрылышы жоқ.

Бұл тұста Әсия қала құрылышы туралы өз естігепін еске алып дауласа сөйлейді:

— Аз уақытта сол сіз өзіңіз айтып отырған бөлек топтар, жарым қошелер, жеке жаңа кварталдар тұтасып ғарыш біріне бірі қосылған шакта қаланың тек орталығы емес, шартарабы түгел бірдей қап-қатар өскен қалпын көреміз.

Жандос бұған да дау айтты.

— Олай өсу болар. Бірақ ол бұл заманың темір емес. Қала салудын бүгінгі жолы емес... Қаланы қошес-қошемен салу керек. Әр жерден шашырап салған топтар-да қала тез өспейді.

Бұл сөзге Әсия дау айта алған жоқ. Тек әзілмен жылды да өзінің кесектеу мағыналы күлкісімсін аралас Грибоедов айтқызыған Софияның әзілін айтты. «Гонение на Москву, гонение на Алмату» десеңізші, Жәке!» деді.

Біз отырганшан кейін Жандос тағы бір өзінің сыйға бейім ойын айтты.

— Нені айтасыз?— деп сұраған Әсияга, ол ойындағы қалған сыйның жеткізе түскен еді.

— Осы қала сіздер айтқандай шеттерге салынған топ-топ үлкен үйлермен ғана өсіп жатқан жок. Толып жатқан линиялар — Тастанғармен де өсіп жатыр. Ал сол жерлерге салынған үйлердің бәрі бұрынғы қыстак Верныйдың айнымаган өз үлгісіндегі жартылай жеркепе, жарым лашық «избушки на куриных пожках» дейтіндер. Ана Ташкент аллеясының бойына барып қаралызы, Жұмысшы поселкесі деңгел тағы бір поселке туды. Туып үлгайып барады. Сейтіп бұрынғы поселка Верный көбінше поселка Алматының есебіне үлгайып бара жатқаны және бар. Мен қала күрылышы жақсы емес деңгелде осыларды айтамын. Болмаса Үкімет үйі мен Академияны, Академия театрын мен де көрем, мен де ғақтаң етем.

Қарнов бұл сөзді көбінше үндемей, ойланғандаған еді.

— Уақыт, уақыт керек қой. Қаланың өсуі күни, ауыр жұмыс. Үлкен завод, фабрикалар, үлкен өндірістер жаңа туып, жаңа орнаған жерлерде одақта және әсірессе осы Казақстанның өзіндегі қырық жыл емес, жиырма жыл, он бес жыл, тіпті он-ак жыл ішінде туып қалыптасқан қырық мың, елу мың, тіпті жұз мыңдаған халқы бар гажа-жыл сулу, социалистік қалалар барын да білсесіз.

Жандос бұл сөзге мейлінине дең қойып: «Әрине, әлбетте ол дұрыс. Бірақ ол қалаларда қала салудың жөспарын снерлі, мәдениетті және жауапты бастар басқарады. Ал бұл қаланың серы деп айтамын тұра, 1929 жылдан бері қарай мінс дәл отыз жыл бойында соңғы уақыттарға шешіп осы қаланы салуды жақсы бас басқармаған. Жауапты ой жеткілікті түрде дәл осы астананы қалай салуды егер салып ойламаған», — деді де тоқтаң қалды.

Біздің жолаушылар мінгеп машина қалаға тоқтамай тауға қарай Қіші Алматы сайнына бетеп жөнелген. Олар сол бетінде Министрлер Советінің бірінші демалыс үйінде келді. Тері Қарпов бұл қалаға жаңа келген адам болса, Жандос пен Әсия осы демалыс үйінде біраздан бері тынығын жатқан қызметтесін бос адамдар болатын. Үшсүі де сондай күнделік қызмет адамы болмаған қалпында демалыс үйінде жатқаңдықтан бүгінгі бір күндерін жоғарыдағы Ілеге барып қайтқан сапарға арнасқан-ды.

Қазір қоңыр кеште қалың бақтар коршаған скі қатар көлемі үлкен демалыс үйінің алдындағы асфальт алаңға машиналары кеп тоқтаған соң үйге кіруге асықпай, жолдағы гүл бағының қасындағы орындықтардың біріне отырысын қалды. Бұғаш осында жаңа кипосурет болмақшы. Сол басталар шақта үйге кіреміз десек.

Қазір таудың жайлы, баяу ғана білінген қоңыр лебінде үлкен үй алдындағы тамаша көп түсті гүл бағының иістері қосылып әрбір тыныс демді соншалық рақат күйге айналдырады.

Әсияның қасына бір шеттегі баяу басын биік бойлы, өң-сымбаты сүйкімді жас жігіт келді. Ол үлкендерге жақсы құрметтеп сыпайы ғана бас иіп, Әсия жак шеттегі орындыққа отырды. Бұл Әсияның інісі, медицина институтының бесінші курсына биыл енді шыққан Ильяс дейтін студент. Ол Әсиядан жүргіншілердің қалай жүріп қайтқаны жөніп қыска ғана сұрақпен сұрады да өзі сөйлеген жоқ. Әсия үлкендердің тау суретін бүгіші күншуақ кеште қашалық ғажап таңданып тамашалағанын қыска ғана айтты. Осы кезде екінші шетте отырған Жәкециңің қасына ұзынша бойлы, ақ жұзді, қоңырқай ұзын шашты жас қыз Айсұлу келген еді. Ол да бұл үлкендермен таныс екен. Бірақ өте акырын ғана үймен ұялып амандастып, Жәкециңің үлкен денесінің ығына тасалай отырды.

Жандос одан күндіз тамақты қалай ішкендері жөнінде сұрады.

— Анаң қайда? — деп қазақша сөз қатып: — ол кісі қаяқта жүр. Ауқатты дачада іштіңдер ме, жоқ мында кеп іштіңдер ме? — дег сұрады.

Қазақша сөйлеген осы сөздерінен Жәкециңің тегі Оңтүстік Қазақстаннан екендігі байқалды. Айсұлу қалаша киінбеген. Сұлу бойына онша кона қоймайтын ұзын жең, эн бойы жең, о да оңтүстік үлгісінде пішілген жібек хөйлек киген еді. Аяғындағысы оншалық талғаумен алышбагап жалпақ тұмсықтау жұпны ғана қара туфли болатын. Оның шұлығы да жай ғана жіптен тоқылған зәл қалыңдау, қала үлгісіне қонымысыздау көрінді.

Айсұлу тегі түстіктен, колхоздан шешесімен бірге Жәкендейкіне келген қонақ болатын.

Әсия Айсұлуға қызыға қараушы еді. Ойынан іштей ақыстағанда: «Жақсы киіндірсе, өңінің түстік күніне тоғыққан сол қоңырқай бояуын кетіріп, өзінің жаратылысы-

тағы ақ сарғыш жүзіне жұқалаң қызылы білінген сұлу ажарып берсе Айсұлу қандай шын сұлу, нұр сұлу болар еді» деп ойлайтын.

Әзірше ұян, қорғаншак, үнемі ақырын ғана қызара, қысыла сөйлейтін Айсұлуды Әсия әрдайым бауыр тартып, жақын жүреді. Оны сөйлеткісі де келеді. Соңдықтан қазір Айсұлуға қарай денесін бұрып, оның жүзіне үзіле түсіп:

— Айсұлу, біз жаңа қаланы аралап келе жатып Жандос Асаповичен дауласып келдік. Мен мысалы Алматыны сұлу, жақсы қала деймін. Ал Жәкең «олай емес» дейді. Қөп сынайды, қатал сынайды. Сен де жаңа келген адамсың. «Алматыны алғаш көргенім осы» дедің, солай ма еді?

— Солай,— деп ақырын ғана қысыла қызырып Айсұлу жауап берді. Ол Әсияны сыйласа да «осы кісі маган несіне сұрақтар беріп ерікіз өйлектікісі келеді» деп іштей дүрдараздау еді.

Әсия тағы да қадала тусты.

— Ендеше сенін көзіңе қала қалай көрінеді? Алматыны қандай қала дейсің? Сен айтшы?

Айсұлу сәл қабағын шытып қалып, аз жымнып қайтадан томсарып, Әсияның жүзіне көз тастады. Қара қас, қара кірпік астындағы үлкен нұрлы көзінің түсі сұрғылт болатып. Сонысы ақ жүзінде аса оқыс бір жарастық белгісіндей. Үлкен көздері сол жасқа толынқырағандай бол бір ағарып, бір қызырып қысылған Айсұлу:

— Менінше қала жүдә жақсы,— деп бір пәрсә айтқысы келсе де үяңдық жасап тоқтаң қалды.

Әсия Жандоска өзінің кішілік, бірақ сыйластық қалпынша қайтадан әзіл тастаі:

— Жәке, көрдіңіз бе, Алматыны сізге жамандауға біздің көп-көп жасымыз, кәріміз де жол бергіміз келмейді. Енді мына Ильястан сұрақызышы. Бұл не дер екен?— деді.

Айсұлу сөздің беті өзінен бұрылғанына ырза бол ақырын ғана сызыла созылып орынап тұрды да, өзі отырган шет жаққа қарай бұрыла, баяу басып жүріп кетті. Ол Ильястың Алматы жөніндегі пікірін білуге оншалық құштар емес тәрізді. Өзінің үлкендер қасындағы срікіз сөйлеу міндеттінен құтылғанына ырза бол барады.

Ильяс болса Айсұлудай емес, өзі туып, оқып, азамат

бес келе жатқан қаласы, туған қаласы, бесігінде Алматының ашық қорғады.

— Алматы әрине жақсы қала. Москвадан, Киевтен, Ленинградтан, тіпті Ташкенттей Орта Азияның өзіндегі қалалардан Алматыға алғаш келген кісілерден сұраңызыбы. Алматының табигаты, тау, тоғайлары, бау-бақтары, көшелер пландары дұрыс емес, жаман деп кім айтады екен. Бәрі мақтайды,— деп өзінің шүбесіз сенімін ашық, анық айтты.— Бұл қаланы жаман деушілер әділ айтады деп ойламаймын,— деп калды. Соңғы сезінің түсінде Жандос пен Карповқа салқындау қарап, кою қасты қа-бақтарын түйе түсіп сөз тастаған.

Бірақ Жандостың қазір мына жастармен дауласқысы келген жоқ-ты. Карпов болса Ильястай медицина институтының үйлері, жатақханаалары, лаборатория, аудиториялары, кітапханаалары жөнінде, профессурасы жайынан анық жоғары дәрежелі оқу орындарының нақтылы жайларын сұрастырып қысқа болса да қанықты, дәл де-ректі, орынқы жауаптар алғып отырды.

Айсұлу ғұл бағының қасына жалғыз, ақырын басып барып бұрын өзі көрмеген көп ғұлдерге үціліп таңдана қарап қалды. Бұнда львиный зев, капы, көп бояулы георгин, алуан түсті розалар оның көзін магнитпен тартқаңдай өздеріне қараң бұрып, бар жас ықласын, сүйсіну сезімін өздеріне аударды. Ол жаңағы үлкендерді де ұмытты. Өзі ғұлғе тақап барғанда екінші ұзын орындықта отырған бір топ әйелдің сөздерін де естіп ұққап жок. Бірақ осы орындықтардағы әйелдерге қиғаш та болса жақындау отырған Әсияларға мышau орындықтағы әйелдердің сөздері күлақ салса естілерлік еді.

Карпов Ильяс екеуі әңгімелескенде ол сөзге араласпай отырып қалған Әсия өзінің еркінен тыс бір құлағымен жаңағы Айсұлудың сыртында отырған әйелдердің сөздерін амалсыз естіп тыңдады. Бұл әйелдер төртеу еді. Бәрі де қырықтан асқап, жалпыныңы, жуандай динелері бар. Бойларын онша сыпайы күткен кісілер емес. Бірақ үндегі айқын, сөздері саңылдаپ, күлкілері әсірессе сықылықтап, шашқылдаш шашыла шығады.

Әсияның андауыша бұл әйелдердің ортадағы қоңыр-кай жүзді, жалнақ бетті, жасы слуге тақаған әйел осы демалыс үйінде тұратын белгілі мәдениет қайраткерінің жолдасы. Өзге әйелдер жоғарыдағы екінші демалыс үйінен жаңағы әйелге қонаққа келгендер тәрізді. Осы отыр-

ған төрт әйелдің күйеулері жаңа Карповтар машинадаң келіп тұскенде оқшауырак бір беседканың ішінде префранс соғып отырған төрт еркек болатын.

Олар Әсиялар таңертең Ілеге қарай жөнелгендеге сол орында осы отырыстарымен карта соғып отырғандар еді. Әлі әрекеттерінің желісі үзілмеген екен. Карпов машинадаң түсіп келе жатып соларды көріп, басын шайқап таң қалған.

— Мына кісілер таңертеңгі отырыстаң әлі өзгерменті ау,— деген еді.

Жаңдас сол шакта:

— Бұл сурет бір күн емес, сіз бірнеше күн бойында осы беседка ішінде айнымай көретін сурет болады. Мен сонғы екі жұма ішінде анау жоғарыдағы екінші демалыс үйіне үш рет барып қайтып ем. Ушесуінде де кейде ағаштар көлсеккесінде, кейбір тоң беседкада, тагы бір-екі топ үйдің ішіндегі қонақ жайларда, тағы бірнеше топ мәденист адамдары салып алған стандарт үйлерде, қыскасы төрт-бес жерде күні бойы, ұдайы шарт-шарт картаны ұрып, сірессіп отырған преферансшыларды көрсіз. Мен бұл жағынан қарағапда преферанс біздің алматылықтардың үлкен дерті, соры деп те санаїмын. Кейін әлі өзіңіз де көрерсіз, бұл бір айырықша қоңіл болуді, сөз етуді тілейтін жаман жай,— деген.

Сөз арасында сол еркектердің көбінің әйелдері де топ-топ болып, коп-көнтеп ақша салып дамылсыз карта ойнаумен демалыссымагын откізгененін және де Жаңдас пен Әсияның жүре сөйлесген жайлары болатын.

Әздерінің картасын аяқтаган жаңағы көршілес төрт әйел кипоны тосып отыр екен. Олар сиді ғұл бағына үциліп тұрған Айсұлуды сөз қылады.

Төрт әйелдің бір шетіндегі аласа бойлы, қайқы төсті, бақырайған семізшіе, қайқы тұмсық, қайқы еріп әйел қайта-қайта папиросын аузына тістеп Айсұлуға қоңыр бойбішсінің, ұзыниша ашаң қызғылт жұзді екінші қонақ әйелдің және семіз сары, көк көз апайдың қоңілдерін аударды.

— Қарандарны, мына біреу әйелдің шашы қандай, қарағым-ау! Өкшесіне жеткендей. Қос өрімінің скусі бірдей жуан. Шашының рені қандай еді. Қара да, сары да емес, қызғылт қоңыр түсінің өзін қарашы,— деп еді, семіз қоңыр әйел қоса сөз-қатты:

— Қызғылт қоңыр ма, қызғылт сарғыш па! Өзінің бойы, жүзі — бәрі нәзік, сұлу-ақ қой мынау бір.

— Мен осының күші бойы бағып жүрмін. Білдіңдер ме? — деп темекісіп сора түсіп, қайқы тұмсық қара қатын енді өзінің дағдылы қалпыша ауыса бастады. Ол сұлудың дегендемесе жаңа жабушы. Әрбір өнді де, өзгеден бөлекше окуы, көркі, сыпайылығы, тәрбис-тәлімі бөлек әйсл болса бұның өші мен қасы сол. Некылса соғап бір күйені жақпай, бір жаланы жаппай жаны тыныштық тарапайтын. Ол сол дағдысына басып, мына әйелдерге саңқылдаш күле түсіп бір тұрпайы сөзін қойып қалды.

— Бұндай жерге осындай қыздар бай ізден келеді.

Озге әйелдер енді Айсұлуға қараң түсіп, әр сөзге шапшаң араласа бастады. Ашаң жүзді қонақ әйел: «ауданаш окуга кепті гой» деді.

Семіз сары әйел қара қатынмен көз қысысты да:

— Окуга келе ме, сені мен біздің көзімізді шокуға келсе ме? Мынаған еркектердің көзі түспесін де тек! — десін сакылдай күлді.

Қоңыр бәйбішес қатал үкімін іріккен жоқ.

— Бай ізден келгенде де окуға келдім, емделуге келдім, туғанымға қонаққа келдім десін жамбастай келеді гой.

Кара қатын етті қолының саусақтарын сілтей отырып, әр сүмдикты ойлап кени:

— Осы күнде ауданды сонау ит байласа тұргысыз жерде неғын жүреді мұндай сұлу қыздар. Столицаға, Алматыға келу керек. Машниасы бар, жауапты орны бар, мықты қызметкерлерге тио керек,— дегендеге семіз сары қосыла түсіп:

— Жақсы пәтер, кербез киім, ән-сәп, би-күй,— десін бар әйелді құлларға кеп:— соны іздемей иені іздейді бұлар,— деді.

Есекші қара қатын тағы бір тың сөз тасталды:

— Мен күндіз осы қызды бағып жүрген жігітті де ацадым. Бірақ ол жастау, окушы тәрізді. Әзір жетістірер жағдайы болмау керек. Соңдықтан да мына қызы бойын аулак салып қашақдаш жүрді,— деп қойды.

Осы кездес Ильяс жаңағы үлкендер қасына тұрып, гүл бағының жаңындағы Айсұлуға тақай беріп еді. Төрт әйел сырттан бірін-бірі жуан шынтақтарымен қағыса тұртсін үшін шықпайтына қалысты.

Айсұлу Ильястың тықырын естіп бұрыла берді. Ол

өзін ұмытқандай гүл бағына қадалып жабысып қалған екен. Ильяс тақай бере:

— Айсұлу, биология факультетіне түскенде сіз әлде ботаникамен шұғылданар ма екенсіз! Гүлдерге сіз тіпті мамандарша қарайсыз гой,— дей беріп еді. Айсұлу оған қабак түйе шапшаң жалт қарап, салқын көз тастады. АナンЫң сөзін кекессін көріп ызалағандай да. Некылса наразы тәрізді, жауап бермей тек аナンЫң бір сөзін мәзактай түсіп: «Маман-маман»— деді де оқыс жалт беріп сырт айналып ілгері басып кетті.

Ильяс Айсұлудың бұл мінезінен сасып қалды. Екінші жағынаң өзінің жазықсыздығын ойладап ызалаған жайы да бар еді. Өз ішінен:

— Аудаңда өскен қызы, жай әдеп тәрбисін білмесін, түрпайылық стіні ме!— дегендегі болды.

Жас қызы бен мына жігіт арасындағы сырт көзге байқалған шалғайлықты қылп еткізбей бағып тапын отырған төрт апай және сөзге басты.

Сырты ұстамды тәрізденсе де аузы әр жайға оңай барып қалатын жуаш қоңыр апай жастар жайынаң байлау жасап жатыр:

— Эне өзіндегі тені десе дегендегі студент жігіт жана саіын деп еді көрдіңдер ме, оны топшысымен қағып, сыртын бір-ақ берді,— дегендегі төртеуі бірдей сақылдай күлді.

Әсия осы құлқіні естіп, сидігі сөздеріне іштей ашулаға құлақ салып еді.

Қайқы тұмсық қара қатын өсекші байлауын жасап жатыр екен.

— Оңдайы да тегіп болмайды мұндай қыздың. «Іздегенім сендей емес шілтиген. Еркек болса серкессі керек» дегенін гой, білдің бе?— деп тағы да құптаса күлісті.

Әсия осы кездे орынаң үйдемей шапшаң түрді да гүл бағының екінші бір жеріне барып жалғыз қарап түрған Айсұлудың қасына келді. Оны иығынаң бір қолымен құшақтап ішіне тартып, баурай жүрді. Жаңағы сөзуар апайлар көзінше мынау жас қызға әдейі ариаулы апалық ілтипат жасап өз қасына ертіп алды.

Киноға барад алдында Карпов өз бөлмессіне кеткен еді. Әсия Айсұлуды «киноға апаңды ертіп кел» деп бұл жерден, өз қасынан екінші қамқор адамның қасына жіберді. Ишінен: «оңаша болмасын, мынау жерде көп түрлі көп жан жиылжатын демалыс үйіпде, әсіресек кино кешінде

Айсұлудай оқшау ажарлы жас қыз жалғыз болмасын»,— деп қамқорлық, қорғаушылық ойдан туған апалық-агалық еткен еді.

Жәкен екеуі оқшау қалғанда Әсия бірталай оңаша ойлайтын сын ойларын өзіне сенімді, мінезді ағаға ашып айтты.

— Бүгінгі біздің қауымда нелер жақсы, мәдениетті оқымыстылар, жауапты қызметкерлер, жазушылар, мамандар арасында да кейбір оқымаған апайлар бар. Бұлар өмірде ешбір коллективте жұмыс істеп көрмегендер. Бірақ өздерінің күйеулерімен бірге бармаған қаласы, көрмеген курорты, жүрмеғен ортасы болмайды. Театрларда бірінші, екінші қатар алдыңғы орын олардікі. Банкетте, жай қонактарда төрге де талас отырысатын солар. Әсіресе ательєлерде орашолақ тілдерімен қыскы-жазғы мода-фасон дегендерді де айтқышызы со-лар. Кейбіреулері осы күнде күйеулерімен шетелдерге де шығатын болды. Ол енді Треневтиң «Любовь Яровая» пьесасындағы профессор Горностаев айтатын: «Пустите Дуньку в Европу» дегенинің дәл өзі. Өздері мектеп көр-меген, кітап бетін ашпайтын жандар. Бірақ көп жыл бірге тұрған тірлікте балалар табысқан. Құлакпен есті-гениен шала-пұла алған әр жайдан ала-құла түсінігі болады. Міне осы апайларыныз...— деп Жандосты құл-діре түсіп Әсия аңы мысқылын соза түсті.— Хасіретке карай осы апайлар осындай жерлерде алдыныздан көп оралады, көзге көп түседі,— деді.

Жандос Әсияның сиңшы тын ойына сүйсіне, таңдана-карап, оның жүзіне жымия, құптаі тұрып бас изеді. Әсия өз сөзінің Жәкене орынды көрінгенін түсініп, тағы біраз ойлар кости.

— Тағы бір аңы шындық бар. Жалғыз Қазақстан емес, бүкіл Орта Азия республикаларының жауапты қызметкерлер, жауапты мәдениетті интеллигенциялары орта-сын көрсегіз біздің сол жағағы апайлар бәрінде де көп үшірайды. Шашы, жүзі, киген кімі мәдениетті адамдар тәріздепін жүреді. Фасонды платье-пальтолар мәденистті кескін көрсеткендей болады. Бірақ не керек ол портий-лар берген мәденист. Ал дәлінде мысалы қазақты алсақ, біздің бар қауымызың ішіндегі ең артта қалған тоң осылар.

Жандос мынаңдай сиңшы пікірге әрдайым қызыққыш болатын. Енді ол қарқылдан күлді.

Әсия өз ойын аяқтап келе жатыр еді. Сонысын тауыспак болды.

— Бұлар ие бүрүнғы халықтың дағдылы, көшиелі дейтін байсалды мінезді, өз сыйнайылық жолын білген аналар емес. Немесе бүгінгі тәлім-тәрбие қонған европалық үлгі іштеріне, бойларына сіңген адамдар емес. Ал осылардың кейде араласпайтын сөзі болмайды. Әсірессе күйеулерінің бәсекесін, олардың үлкенді-кішілі дәрежесін, орын жағдайларын — қысқасы, өмірдің жабайы жөндекі таразысын өте жаксы айыра біletін сөзуарлар. Бұлардың әсірессе бір жамапы қазақтың жаңа осіп келе жатқан жас әйелдерін, жас қауымын танымайды. Түсініп аңдамайды да және оларды аямайды. Қебінің өздері қыз бер үл туып өсірген бол отырса да, өзге жастарға ана есепті бола тұра есек-аялан олардың ешқайсыны аямайды, қорғамай қинайды.

Екеуінің әңгімесінің бұл жөндегі аяғын Жандос кешегі құні осы демалыс үйінде белгілі халық артисі айтқан мысқыл аңектотын аяқтатты. Ол кеше екінші этаждағы залға кірсе бір топ тынығуны адамдар ортасында атақты артист құлдіргі әңгімелер сөйлесіп отыр екен. Ол сонда өзі жапынаң қызық құлқі, мысқыл бір әңгіме шығарыпты. Кешегі сол артистің әңгімесі былай еді:

— Мақшар таразысы құрылған күн екен. Адамзат жер үстінде істеген зұлымдық, сұмдықтың бәрі бөлек-бөек таразыға тартылып, жаниамға топ-тобымен жіберіліп жатқан шақтың өзі. Енді бір сәтте сұрапыл сорын үрін алладаң жарлықты жеткізіп. «Айда бүгін ғайбатшыларды, өсекшілерді жазалаймыз» денті. Бір топ перінште Қазақстанның ғайбатшы әйелдерін бөліп айдан жүр екен. Семіз қоңыр бәйбішеге қолында от гүрзісі үшкінші атқан иеріште тақай беріп, демалыс үйінде жатқанда «пәлен артиска пәлен министрмен жақын» деп жалған есек таратқан сенсің бе? Сен едің ғой!» — деп тап беріпти.

Қоңыр бәйбішеге бетін басып айғайладап: «Ойбай, оны айтқан мен емес» деп қалышылдан шошып зарлана берінші. Сонда жалаңаш етіпсі гүрзінің күйіп тұрған жүзін шаш дегізіп басып жібергенде баж етіп айғайладап: «Оны айтқан басқа қатын, ойбай». «Кім» деп тагы тап бергенде: «Айтқан Гүлқаныс — Гуля дейтін қатын», — деп бақырыпты.

Гүрзі ұстаган періште екінші періштеден: «Ол қай қатын?» деп сұрапты. Сонда ол: «Анау қайқы түм-

сық, қайқы ерін, ұзын бойлы темекші қара катын»,— дейді.

Сонда баяғы «Ревизордағыдай»: «Әпкел Ляпкин-Тяпкинді» дегендей, «Әпкел қайқы тұмсық қара катынды» депті. Немесе бір сәтте дедектестіп, желкелеп өсекші қатынды экеле береді. Тергеуге алып жібереді. «Айттың ба, сенсің бе, өсек таратқаң, әлгі өсекті таратқаң»,— дей бергенде, өсекші қатын бола ма, тана жөнеліпті. «Олда оңбайың, айтқаным жоқ. Қашап айттым, кім көріпті? Айтқан кісіні магап келтірші, мойныма салғызыши, таксыр!»— деп бажылдай беріпті. Бірақ ол өзі надаң, құдай-дың агенттері каталаспайтының қайдан білсін. Дересу екі періште Қароман-Катибаң оң нық пен сол ныкта тұрып, бар қылмысты жазып тұратын екі періште книжкаларын суырып алып жайын салыпты. «Ш-ның үйінде айтқаның қайда? Тауда Ж-ның үйінде айтқаның қайда? Қала-да май мейрамы күні К-ның үйінде айтқаның қайда?»— деп мөймілдестіп мойнына салып-салып жібереді.

Содан әрі немесе қылдан жіңішке, қылыштан өткір сират көпіріне қарай қара катынды итеріп кеп жібереді. Не керек екі адым жерге бармастан өсек күнәлары тоң-керсе жөнеліп, от дариясына күп беріп түсіпті,— деп артист әңгіме бітірген еді.

Бұның ішінде өсекші қатыншан ол өзінің де кегіп алып, басқаның да талай ессесін қайырып берген-ді. Өйткені тыңдал отырган еркектің талайының қатындарын өздерімен ұрыстырып, төбелестірген тағы сол өсек апасының өзі болатын.

Жаңдес Әсияға бұл жайлды сошалық қызумен күлдіріп айтты. Өзінің спрек көпілденіп көтерілген шағында қызықты күлкі ажармен ойнақты артисшес әңгіме айта білетін таланттың көрсетіп еді. Әсия оны тыңдал тұрып өзінің сүйкімді, кесектеу күлкісімен жас аққанша күлгенді. Оның есіне жаңа түсті. Өсекші қара катынды бір жазушы «Всеказахстанский өсек-центр» деп атандырыған екен. Кейін Нил Петрович қастарына келгенде Әсия оған жаңағы аnekdotты шеберлеп айтып берді де, жазушы айтқан атақты жеткізгенде Карпов қызыға күлді. Ол Әсияға қызық бір қорытынды айтты:

— Тегінде әйелді әйел жақсы түсінумен бірге өтє жақсы міндей де біледі,— деп келді де:— қазіргі қазақ соvet қауымындағы кемшіліктің бірі осы алуандас әйелдер жайы деген сөзді аңдағанда ол қысқа тоқтамды бір бай-

лау айтты.— Ондай мін де бар, бірақ сондай мінді жақсы түзейтіп сын да бар екен қауымда. Былайша айтқанда қауым ортасында у болса, соның зәрін қайыратын усойқы да бар. «Есть яд, есть и противоядие» дегендей. Удың басын жоятын усойқы жақағы құлкі, мыскыл, мазакмыскыл. Ондай удың осындағы оңды дәрісі және қауымның өзінен шыққаны эсіреле бағалы деді.

Осыдан соң кино басталатын бол бұлар тобы залға кітіріп, артқарап қатарда орын алысты. Бұлардың алдында скі катардан ары Айсұлу анасымен бірге ораналасқан екен. Бағанағы бір топ апай енді карташы күйесулеріне қосылып кипога келіпті. Олар Жандос пен Қарповтардың артында екінші қатарда, осылардың тұсында отырысқан екен.

Көшпелі киносурет әдеті бойынша үзіле берді. Алғашқы үзілген бір кездे Жандостың құлағы шалып қалған сырт жағында отырған еркектердің үшамсыздау бір сөздері болды. Күбірлей сойлессе де анық естілгендері:

- Қайсы дейсіндер?
- Әй, жақағы сұлу қызы дегендерің қайсы?
- Әне біреу бұрымы білектей екен ғой.

— Қайсы-қайсы!— деп алғашқы сұраган еркек даусы тағы қатаңдай шығып:— Мен жөндеп көре алмай отырмын. Мынау біреу алдында отырған бас мұлде сол қызыңды бұрымы түгіл бүтіп бойымен жауып алды,— дей түсіп:— осы кімнің басы өзі, арқардың құлжасының басындаи,— десіп күлісіп.

— Е-е, әнебіреу ме еді, желке жағынан да бас, шаш бітімі көркем екен. Беті, мойны да аппақ тәрізді-ау. Қап, тағы мына бас... жауып алды;— дей беріп еді.

Сөз бол отырған өзінің басы екенин Жандос анық аңгарды да артына қарай саспай бұрылды. Өзіне таныс мәденинет қызметкерлерінің бір төртеуі қатар отыр екен. Ортадағы жақағы соңғы үн қатып, мұның басын сөз қылған ақ шашты жалпақ бетті егде кісіні таныды. Оның беті жалпақ болғанымен шеке, тәбе жағы қушиған кішкене болатын. Қасында отырған қоңқақ мұрын, қоңыр шашты көршісі де шақша бастылау. Сол жағында отырған бір қайраткер қасқабастау болғанмен ол да кішкене басты кісі еді. Үшеуін де Жандос тапитын. Жақағы сөздеріне орай етіп әүсілі амандасты да, содан соң:

— Сіздер жаңа менің басым туралы әзіл айттыңыздар ғой. Әзілгс әзіл орай болсың,— деп күлді де: «тегі

басқа жарыған қазақ смес сідік, орталарыңызға бір тәуір бас кез келген екен, оны да сөз қып қалыңыздар»— десе не дейсіздер,— деп өзі де сылқ-сылқ құлді, қасында отырган Эсия алдының бар сөздерді естіп ызаланыңырап отырган қалпында қатты дауыстаң, өте сүйсініп қызара құліп жіберді.

Жаңағы мұның мысқыл әзіліне үшіншіраған топ анық ұрып жығар соққы естісе де ол жараны құлкіге сайып, әзілдеріне жеңіл тигізбек үшін қызылдан, сақылдан, кейбірі ырсылдан құліскең болысты. Бірақ айналған жүрттың бері Жандостың мынау ініңкіреп алыш, бейпіл ауызданып отырган бейбастақ түриайы топты сілейте ұрып жыққандай жазалай мысқылдағанына тегіс мәз болысқан.

Жандосқа сүйсінген көрші отырган сыпайы еркек-әйелдер оның басына, көлденен отырган профиліне кесектеу мұрлы, кең маңдайына сұлу біткен үлкен басына жарасып тұрғашын еріксіз мойындасты. Оған бұл жағынан да сүйсіне қарасты.

Әдетте өзінің пішінін өздігімен сөз қыла қоймайтын жуас, маңғаз Жандос өзінің басы туралы кейбір бірге қызмет істеген орыс дәрігерлерінің, үлкен мәдениетті адамдардың сыпайы құрмет сөздерін есінде сақтайтын. Аса мол оқымысты, білгір, картан бір дәрігер профессор бір шақта Жандостың мұсін-кескініне сүйсініп:

— Жандос Асановичтің бас, жұз бітімі ескі Римдің патрицилерінің бітіміндей,— деген-ді. Қазір жанағы сөз-урларға іштей ызаланған Жәкес өзінің басын оқыстаң, ойда жоқтан өзі де мына жердегі сарапқа садып жіберді.

Келесі күні таңертең астана кейін Жандос Айсұлу мен Нұрбұбі екеуіне ақыл салды.

— Тері осы демалыс үйі өзі таршылық та көшілік. Асы болса тек асхананың тамагы. Нұрбұбіге жөндеп басып беретін палауы да, бантап беретін шайы да болмай тұр толайым. Тері бұяқтан гөрі анаяқ, шәрдің өзі жақсы болмас па екен. Онда біздің кәрі апай өздерің білесің, бар асын баппеп ұстайды. Және шәрде Айсұлу әр жерді, мәдениет орындарын, бау-бақшаны аралаймып десе жақын жер жайлышақ та болар. Өзім де екі-үш күнде шәрге барып қайтып тұрамын. Сөйтіп, мейманадырым,— деп құлді де:— осы толайым менің қасыниан көрі апайдың қасы жақсы болар, қалай дейсіндер!— деген еді.

Бұл сөзіңе Айсұлу ең алдымен: «тіпті жақсы, аға, жүдә сол жақсы» дег қалды.

Нұрбұбігे мынау жердің өзіне мұлде бұрын үйреншікті емес жағдайлары: отырыс, тұрыс, жүріс, бар машықтары тараң, қолайсыз көрінетін. Ол да ішінен Жәкенің осынысы Айсұлу теріс көрмессе дұрыс мақұл сөз гой дег еді. Қазір сынайы күле түсті де:

— Расында бізді шәрдегі үлкен апайдың қасына жібергеніңіз мақұл болар, толайым тегі,— деді.

Жаңдостың бұлай деуіне түндегі еркектердің сұктана сойлелген ашық тұрпайылау сөздері, мінездері себеп болды. Екіншіден, кеше кешке осында жатқан бір топ эйелдер туралы Эсияның айтқан сыны да себеп болды. Енді аңдағанда Жаңдос кешегі Эсияның сыны мен ашуы да тектен-тек емес, белгілі бір дәл себептен туғанын ойлады. Кеше өзі сұрамаса да, бүгін енді сол Эсияның сондағы сөздері де Айсұлу үшін наразы болған, оны солайша сактап корғағысы келген қамқорлық инеттеп туган жайекеңін жаңа аңдаған.

Осымен демалыс үйіндегі ешкімге амандастып, қоштаспай-ақ Нұрбұбі мен Айсұлу қаладап жаңа келген Эсияның машинасына мініп, сол бүгінге уақытша қалаға барып қайтқалы машинасын шақыртқан Эсияның қасына еріп қалаға қайтысты.

Бұлар жүрерде Эсияға бір тапсыратыны бар Ильяс машинаға тақап келіп еді. Айсұлу оған үлкен сұр, нұрлы көзін қигаштауға бір бұрды да, тез басқа жаққа қарап кетті. Ильяс Айсұлудың кеше кешке бұдан үріккендей сырт берген мінездің ыза тұтын қалған еді. Бұл да қырын қарап отырған Айсұлудың салқын, сұлу жүзіне томсара бір-ақ рет көз тастады да, Эсиямен сойлесіп тұрган шағында қайта қараған жок.

Эсиядан оның сұрағаны: студенттерді әсірессе мұнын курсын күзгі ауылшаруашылық жұмысына жібере месекен. Жіберсе кашап, қай жаққа жібереді скен? Соны жоғарғы орындардың кейбірінен сұрастырып біле келуді өтініш етіп қалды.

Машина дәл қозғалар шакта Айсұлу мен мұның коздері сәл сәтке ғана ұшырасты да біріне бірі болар-болмас қана бас нісіп ажыраса берді. Ильяс машинаның соңын қарамай кейіп қарай шұғыл бұрылып кетті.

Биік, сұңғақ бойлы, қою қара қас, үлкен нұрлы көзді ақшыл жігіт таңертсегі салқын шакта жаңа жуынып, та-

зә киініп, ақ киініп шыққан қалыңда көркем, сұлу еді. Киім үлгісі, тазалығы, күтімі де мұны анық мәденистті үлкен қаланың үлгілі, өнерлі ортасының жас, түзу емендей әдемі балдырыған жігіті дегізердей. Оның өз көңілінде өз бағасын мейлінше білетіп орынқты сенімі бар. Соңдықтан жаңа гана көз алдынан жас сұлу қызы бұған салыны қарап, бұны байқамағандай боп елемей кетті дегенге іштей өзімшіл жастық санасымөн, сезімімен әлдеқаңдай бір ызалы кекесін сақтап қалды.

2

Әсия тұскі тамаққа демалыс үйінс қайтып келгенде өзінен жастары үлкен Жәкең мен Нил Петровичке кішілік қызмет сте келгенін айтты.

— Біріңіз демалыста, біріңіз әлі жұмысқа кіріспеген істі тосу жағдайында болғандарының себепті мен өз мойныма бүгінгі кеште сіздер үшін бір тәуір ермек, тәуір үақыт өткізер әзірлік жасап келдім. Білмеймін тек сіздерге үнар ма, жоқ па? Қысқасы, бүгін сенбі болғандықтан қазақ филармониясында үлкен концерт болады. Соган үшеумізге билет алып келдім. Қалай көресіздер? — деді.

Нил Петрович бөгелмestен алғыс айтты, қабыл алды. Ол:

— Мен өзім де Алматыда осындағы күндерде тұрған шағымды пайдаланып, қазіргі қазақ көркем оперін, мүмкін болса сол филармония, опера, тіпті драма театрын да көріп қалайын деп едім. Мынауыңызга өте-мөте зор ракмет. Мен барамын! — деді.

Жапdos та баяулап сөйлеп сырыйлық ретіндегі алғысын айтты. Сонымен бірге: «кімдер бар екен қазір, кімдерді тыңдайды екеміз?» — деп сұраған еді.

Оған Әсия нақтылы қанық жауап айтты.

— Бүгін ең әуелі Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі, хор капелласы, Роза Бағланова, содан кейін халық эншілері арасында Камал Аманова және бар, — деп еді. Соңғысының тұсында Жәкең сәл қабақ шытып, бір жақ танауын тыжыртты.

— Оның радиодағы ел құлағыш зорлауы, тыңдаушыны күніне үш рет мезі қыла түңдіруы аз ба еді! Қазақтың концерті болса, өзі радио болса Камалдың әпінің қатынаспайтын шагы жоқ. Жақында бір Камал әпінен

мазасы кеткен топтың арасында бір ақын айтпап па еді: «Қазақ әні басталса тыным алар Камал жок, безер бол бебеу қақсан да құтылатын амал жоқ»— дегені қайда?— деді.

Әсия күлді де, осы демалыс үйінде болған шакта радиодан Камал аты аталған сайын Жәкенің әртүрлі өткір сыйниш сөздерімен әшиден өш ала айтатын мысқылдарын еске алды. Ол бір кезек Камал туралы әйел десең еркекшора, еркек десең балғын бикен. Не дауыс жоқ, не ән ыргағын сезінер нәзік, биязылық жоқ. Бірақ және беймазалықта тынымы жоқ. Біздің заман тындаушыларының соры осы дейтін.

Әсия мұндаған катаң, аяусыз ызалы байлауға іштей оиша қосылмайтын. Бірақ Жәкенің сыйниш, өзіндік көргіш, сезгіш, айтқыш мінезіне дауласнай, күлін қана кешірім жасайтын.

Ариаулы мезгілде Карповтың өзіне ариалым бөлінген «ЗИЛ» біздің үш ашиамызды Пушкин көнешіндегі филармонияның биік басқышының алдына алдын келді. Мезгіл концерт басталуга тақау еді. Есікте, сыртта, тротуар бойында топталған жұрт көп екен. Көп бояулы түстер концертке келген әйелдер киімдерін ең алдымен көзге түсіреді. Көшілігі қазақ қауымының сыпайы, мәденисттің күнінен, әзірлеңген ажарын байқатады.

Карпов филармонияға алғаш аттап кіргендіктен сыртқы басқыштан бастан есіктерді, алдағы қысаң фойесін, үстінгі үйге шығатын агаң басқышты, тіпті директордың бөлмесін, ол болменің аласа төбесін, арзанқолды кейбір айқын бояулармен боялған қабырғаларды, бөлме бүйымдарын — бәр-бәрін тәжірибелі, таланкер, мәденисттің көзбен қарап, жақтыра алмай, қомесына кірді.

Кейін бұларды төмендегі көріксіз фойедеп өткізіп, залға кіргізді. Бірінші қатарда қалдырған орын берісті. Халық залда көп екен. Бірақ сахна алдыңғы орындағы адамдардың мұрныша тигендей төнні ентелеп тұр. Төбесі аласа, ені тар жалпы филармония үйі Карповтың өзінен ол үшін көтепе бері ұмытылып кеткен революцияның алғашқы бес-он жылдандаған бұл жүрген жерлерде ұшырасқан нағыз аудандық клубтарды еске түсірді.

Соңғы талай жылдар бойында Карпов барын жүрестін үлкен астаналардың мәдениет үйлері, сахналары, барқалпы, мерзімі мынау үйдің бір жарым ғасыр бұрын өткен заман қалпын сақтап тұрғанын ойлатты. Өмірде өз

дағдысында бар нәрсеге ашық сыншы талапкер таразымен келетін іштей өте турашыл мінезін өзінің әрқашанғы қағидасы етіп алған қалпы бар-ды. Сонысы бойынша мына филармония оған әлі әзір сахна ашылғанша филармония дегізерлік әсер бермеді. Ол үшін іштей өкініш тәрізді бір сезім аңдаса да кешірмес пәрсепті кешпеу керек. Скидка бермейтінгे бермеу керек. Мынау орын филармония деп аталатын ұлкен мұзыкалық мәдениет — вокалдық мәдениет ордасының ұясы емес, деп ішінен дәл бұл жөнде қала пелерінің Қазақстандағы мәдениет атаулының басқаратын орындардың айыбына санаады. Бірақ әзіргі іштегі алғашқы әсері мен сынның ол дағдылы үстамдылығы бойынша және өте тәжірибелі адамның өзіне болек тәрбиесі бойынша сезідірмей ішіндегі сақтады.

Сәлден соң бұл хор капелласының орындаған түрған әндерінде бар ыштасымен қызыға, бейіл беріп қатып тыңдан қалды. Әсерлі, ойнақы, анық көп дауысты өнерлі хор шыны жақсы мұзыкалық — вокалдық мәдениет пен қазактың ырғагы өте бай, күлакқа сондай сүйкімді естілетін халық әнін айтып шықты. Ол музықадан, вокалдан тілейтін талаптыға ойнап, күйге гана берілген қалпында алғашқы номерден соң қатты қызып сүйсіне қол соқты. Екінші номерде жас хормейстер орын әйелінің шебер бастаудың қайнаған, қыза жайнаған, сан буралып біресе қоңырлап, жыбырлай түсіп төмен кетіп, біресе шыңғырай, сұлдырай шашыла наизадай шырқап шықкан жеңішке дауысты әйелдер үндегі үдең кетеді. Кейде қоңырлай келіп қалың қою, сұлу үндегі еркектер баритопынан бастарына қарай толқып ауысады. Ән тағы да, казақ халқының халықтық мұзыкалық дарынды әсерін шабытты көркем құйылышын танытты.

Бұл тұста Карпов хормейстердің өнеріне шын сүйсінді. Хор капелласы анық мәдениетті көп үнді хор да, көп бояулы өте шебер әндер өрнектер түзгеген үн, әусен, ырғақ жарагастықтарын күнишуақты қайнар қызық ыстық сезім санаасын танытты. Бұл номерге де Карпов өзімен өзі боп қатты сүйсініп, ұзақ қол үрды. Әредіктеге ол қасында отырғап Әсияның және оның аржағындағы Жандостың сәл күбірлей сыйырласып, күлісіп отырғанын ангарса да жөндерін сұраған жок.

Капелла өнеріне олар да жақсы баға берсе отырып, сонымен қатар алдарында түрғап әйелдер мен еркектердің мүсін, пішін, кескіндерінде көз салмай, көніл бөлмей қоя

алмады. Бұл жөнде алғаш сөйлөгөн Жандос еді. Ол Әсияға казақша сыйырлаған:

— Шіркіп-ай, осы хор капелласының ән өнерінің жақсысы-ай. Бірақ сиді мынау түрған қазақ әйелдерінің сонша жақсы ырғактар тауып тұрса да өздерінің көбінің кескінсіз-ай!— дед бір койды.

Әсия бұл тұста өзі де кейде осындағы әйелдер мен еркектердің көп филармонияларда болатын топтарға қарағанда көзге сонша кораш екенін ойланыза болатын.

Ойына келген шындықты айтқысы келгенде бет-жүзге қарамайтын Жандос жақын түрған әйелдерді шола сейлеспе:

— Біреуі жуан, аласа, біреуі арық, сидиган ұзын. Біреуі жас, талдырмаш, бірсүй арқардың көрі ешкісіндей арса-арса!— дегендеге Әсия еріксіз күліп жіберіп өзі де қостады.— Ана біреуінің мұрыны пұшық, міне біреуінің көзі қысык.

Жандос таласа сөйлеп: ол екеуі екі бетте болса бір сәрі ғой. Ана бір түрған көк кемзалдың қаранызшы, әрі қысык, әрі пұшық!— деп ызалаша мыскылдайды.

Анығында арада бірен-сараң тәуір әйел жүзі болса жаңағылардың көптігі мыналардың тәуірлігін өшіріп түрғаидай. Қатар түрған аяқтары көбінше қысык. Бойлар бүкіш. Шынында неше алуан қиқы-шойқы дейтіп әйелдер көрінді. Солардың кескінсіздігі сырттарында түрған бірнеше еркектердің қоңақ мұрындарын, бадырайған көздерін, адырайған кенірдектерін де, неше алуан сүмпайылау пішіндерді де байқатпай ұмыттырғаидай. Әрине Жандос та, Әсия да бүндай жайдың қалай туатынын жақсы түсінеді. Түсінгісі келеді. Тегі капелла атаулы сұрыпталып алған сұлудан құралмайды. Талғап алған әншіден құралады. Әрі ән, әрі сән бір арадан табылмай түрғанын көрмейсіз бе? Соны Әсия мен Жандос бір-біріне айтысады да, аржағында Жәкенде тағы да дау қалады.

— Әрине іштегі көңіл дауласпай тұра алмайды. Ал әншісін жисип, соған қарай таңдастын. Бірақ сонда да тым құрса кем-кетік урод емесін жиса болмас па еді! Қазақстан жері кең емес пе? Облыстары, аудандары қашалық. Халқы сонша молшылық. Сол әртарантан, шартараптан жиынп алғатын қадірлі топ емес пе, бұл топ? Енді төрт миллионға жуық қазақтан жөні түзу, өзі әнші қырық әйел табылмайды дегенге итім сене ме?— дед ызалаша түсті.

Әсия мұны енді ызалаған түскен мысқылшыл қалпынан дауласып бетін бұрғызысы келмеді. Оның орайына өз тараапышан қосқаны болды.

— Эрине, бұныңызда шындық та бар. Жалғыз капелла болған соң асықпай, барынша күш салып жинау керек. Осы тұрған адамдардың ішінде дауыстары тәуір болумен қатар әр тұстап соққан телефон, таныстық, сыйбайластық, көңілдестік ретімен келгендер де жок емес. Соңда бірнеше үй шаруасындағы туыстар, жолдастар әйелдері, жерлестер келмейді дейсіз бе? Белгілі гой, осы тұрған әйелдердің көбі ариаулы музикалық оқу оқыған кіслер емес. Қайта көптен көбі дәл осы кештің өзіне шайиң осы тұрған қалпында нота білмейтіні де, тек нотаның өзін танымайтыны да, музикалық оқу былай тұрсын, элементарлық білімі жок күйде де келіп тұрғой.

Жаңдос бұған мейлінше қосылды.

— Бәссе, өтс дұрыс. Соңдыктан да мен оқымаған әйелден жылуға болса иеге Қазақстаның кеңінен, көбінен әрі әні түзу, әрі жөні, жібі түзу әйелді алсын десsem зорлық бола ма? — деді.

Нил Петровичке атақты үлт аспаптар оркестрі аса жақсы әсер етті. Өте үнады. Ол бірде осы залда отырған оркестрдің сүйген жүрттың санасына кіріп, соларша түсінгісі де келді. Енді бір кезек, екінші жағынан, өзі жүрген, көп көрген үлкен астаналар сахнасында соңдағы көрушілер, тыңдаушылар алдында осы оркестр қандай тыңдалар еді деп те барлап көрді. Ойша көлденеңнен тұрып талабы зор, бірақ әділ таразыдай өлшегісі келеді. Әрі білгір, әрі талғағыш құлақпен де тыңданап көргісі келді. Тағы бір кезек оркестрдің тіпті шетелдерге шығарып, Карповтың өзі болып өткен, аралап өткен Шығыстың, Европаның кей сахналарынан тыңданап көрсө оркестр қандай баға ала алар еді деген түрде де ойлай, барлай тыңдады. Оркестрдің орындаған «Сарыарқа», «Адай» күйлері ғана емес, Шопениң, Чайковскийдің, Глинканың да көркем сарындары бой балқыта үндег қатты.

Әсірессе Карповтың каты сүйсінгені бұл топ соңшалық көп аспапты оркестр болумен бірге құлақ жаратып, мазасыз, мезі қылатын қатаң дыбыстары жоқ. Оідай аспаптар жоқ. Соның үстіне кімнің қолы, алда отырған қай шебер ср, әйелдің бал саусағы балдай үн қатып тұр. Кім екенін танымаса да, таппаса да осы оркестрдің 1-ші қобызында кей шақтарда әсірессе жогарғы ноталардың

кейбірінде Карпов құлагы адам үйін естілді. Соныңа бір жақсы әйел үні сызыла созылып калған аспантарға балдай оралып, үндөрінен үи ширата косып бара жатқандай болады.

Оркестрдің әр номеріне Нил Петрович қатты қол сокты. Касындағы жолдастары бұз кісіден бұрын байқамаған мерзімнен тыс сүйсінгешілік білдірді. Сонысын ашыла анық байқатты. Кейін үшеуі оцания шығып әңгімелескенде Карпов оркестрдің бар адамының кіміне карсы өтес орынды сын айтты.

— Бархыт пешпент, шалбарлар кіпіті. Ол сахнадағы артист емес, жай адам киоден де әлдекашан қалып бара жатқан бұлдың түрі. Барқытты осы күнде орта колдан диваңдар каптауга, немесе, есік-терезеге портьера стүге жұмсайтының білесіздер. Анығында плюш барқыт, қантагаң диваниның өзі де осы күнде мещандық машины тәрізденеді. Ал бұнда сол барқытқа арзан жылтыр оқалар жапсырыпты. Кейбірі кешегі поптардың ризаларынан алынған конымсыз бояулар. О да зрине танқан ақыл емес.

Жаңдос пен Эсия сахналық кімінде бұндай сын көздерімен қарап көрген емес еді. Карповтың олар үшін астаңын бөгде талабы екеуіне де қызық көрінді. Олар қатты ықластана тыңдады.

Карпов сейлемп отыр:

— Ал әйелдер киген тақиядагы, кемзәлдагы жалпы омырау мен маңдайдағы әшекейдің бәрі қандай арзан. Ол шынында жылдағы елкада балалар ойнанысында жүретін арзан жылтырактар емес пе. Қорікті деп тақияның тәбесіне тауық жүйінег қымбаттығы жоқ үкімін жүніп уйе беру де тек этнографиялық, музейлік көріктер. Рас бір дұрыстық бар. Ол — киімдердің үлгісі халықтық үлгі, халықтық киімі дейік. Бірақ сахната шығарғанда оны да ариаулы суретші әскізі бойынша тігу керек. Ал суретші тек музейдегі дәлдік қалпын алмай, әр киімнің үлгісін стилизовать ету шарт. Тегі сахналық жаразтық дегепіміз жеңілдікпен келген көркемдікте болады. Олай болса бадырайған сары жасыл өзі батпифан арзан бояулар емес. Олай болмау керек. Оның орына талғаулы, биязы, сыпайы түстермен келісті боп үйлескен жеңіл киім үлгісі шын жаразтық әкеледі. Қысқасы, талантты тамаша оркестрге бүгінгі киімі лайық, көркем сахналық киім емес.

Бұған Әсия түгел қосылды. Жаңдос та бұрын өзі ойланып көрмеген жай болса да Карповтың көлденеңсін қараған көзінде тың көрегендік және қамқорлық барын аңдады да, үндемей құттады. Карповтың тағы бір ойы бар екен. Ол өзі байқаған жайдап сол турасындағы шыныдышты да іріккен жок.

— Екінші бір айтарым — оркестрде көп домбыра, көп өсіп өзгерумен көркем қосылады екен. Ал жалғыз домбырага келсек, оның сахнаға жалғыз өзі күй тартып шығуға аса әлсіз, үнсіз, дәрменсіз екенін байқамай болмайды. Филармония сахнасы деген үлкен музикалық мәдениеттің сахнасы. Ал домбыра өзі екі-ак ішекті, азғанаға қоңыр үнді, әлсіз үнді аспап болғандықтан өз орында жұмсау лайық. Мысалы жалғыз балалайка болса оның шаңғыраған темір ішегі дыбысын қатты естірте алады. Бірақ сонда да сол балалайка сахнаға жалғыз шыға ала ма? Филармония сахнасына шыға ала ма? Мандолина, жеті ішекті гитара, тіпті көп халықтар колданатын гармоника, баяндар ділмар айтқыш емес! Бірақ солар сахнаға... әсіресе филармониялық мәдениеті зор дейтін сахналарға шыға беруге бола ма,— деп бір қойды.

Бұл сөзін Әсия іштей оша қабылдаған жок. Ол домбыра жайында бүндай сын ойды тегі ойлап көрмеген болатын. Өзі Батыс Қазақстаннан болғандықтан ертерек бала кезінде ауылда да, қалада, аудан орталығында да бірталай көнілді мәжілістер тек домбырада күй тартумен ғана өтетінін білуші еді. Сондықтан «домбыра үнсіз, дәрменсіз және қызықсыз» деп ойлап көрген емес-ті. Ал бар нәрсеге өзі де сынап қарағыш және өзгенің тың сын ойларын андагыш Жәкең үндемей жеке ойланып қалды.

Ол бір сәтке өзін Қарповтың орынна қойып ойланғанда «солай болса боларлық-ау. Бұл кісі тың құлакпен көлденеңсін қарап отыр. Біздің үйренішкі болып кеткен сынсыз қабылдайтын кей жайымызды оқыстан капысыз дәл көріп отыру да мүмкін» деп ойлады.

Концерт біткеннен кейін ушеуі бірігіп машинаға міше бере айтысқандары филармонияның үй-жайы болды. Оны Жәкең аямастан катты қорытты.

— Бұл үй біздің астанамыз Алматының, қырық жыл жасаған мәденисті республика дейтін Қазақстанның бүгінгі үяты деуге батылым барады,— деді.

Ол аса қатты ашумен айтылған өкім еді. Бірақ қамкорлықтан, филармонияның өнерлілерін аяп намыстану-

даи, суюден туган ашұлы өкім екені даусыз. Мұйдай корытынды бір ғана ауызбен, бір-ақ сойлеммен соңша-лық салмақты айтылғандыктан Қарпов та, Әсия да үндес-мей отырысын қалды. «Дұрыс деудің, дәл деудің» енді қажеті де жок еді.

Осы кештеп төрт-бес күн откен соң Жандос қалага ба-рын, бір қонып қайтты. Ол бұл барған саңарында Нұр-бұбі мен Айсұлудың өз жерлеріне қайтатын жайымын байланысты барған-ды.

Айсұлу Жандоспен стол басында бірге отырып, өзінің мұнайған жүзімен көңілсіз хабарын айтты.

— Окуға түсе алмадым, ага. Университетке емтихан үстай алмаганым өзінізге мәлім еді,— дес бір тоқтады.

Жандос біlestін. Университеттің биология факультетінде көп жастармен бірге емтихан беріп жүрген шактың өзінде физика мен химия скеуінен де орташадан артық бага ала алмаган. Биология факультеті үшін ол ең байлаулы, салмақты пәндер. Арасынан, болысын көрсіп десе де қабылдаушы комиссия Жандоспен жылы сөйлеспеді. Айсұлу биыл көктемде аудан орталығындағы онжылдықты бітірген: Жақсы да бітірген еді. Оның орташа деген бір бағасы жок-ты. Бірақ амал не, аудандагы мектептің физика, химия кабинеттері құрал-аспасызы, тәжірибелісін бәрі ауызаша құрғақ сөз. Және шынып айту керек бұл бітірген қазақ орта мектебінде дәл осы екі пән жөнніде оқытушылары да мықты болмаган.

Жандос бұның бәрін жақсы туғынеді. Айсұлуды мінеспесшап сәл де болса кінелап сөз сөйлеген жок. Тек қана:

— Эй, Айсұлу-ай, сенің бітірген орта мектебің көп жағына анық мәнінде толық орта мектеп те емес кой. Сен білім порциясын көніл қанағаттапарлық стіп ала алмадың гой. Ол үшін амал жок, саған да, маган да кінә жок. Бірақ басқа окудың және дә орайны таппадың ба? Техникумдар, курстар қалай боп шықты?

— Мен техникумға түспеймін. Солай байлажды. Артық жыл өлтіргенмен не пайда? Не қылсам да ВУЗ-ға түсуге күш саламын. Ұақытымды өлтірмес үшін енді қысқа жақын осында тағы келіп, сырттай оқитын бөлімге түсуге байлажды.

Бұл жайларды айтқанда Айсұлу Жандоспен жақын аға, әкедей қөрген, барынша сырлас жапға сөйлейтін шынышыл жүзімен әдеттегі аз сөзділігін жеңіп, жақағыдай бірталай ашила, байлай сөйлеген. Бұл ой да, байлау да

Жандосқа орныкты көрінді. Ол енді Нұрбұбіге өз мас-лихатын қоса ұғымды етуді ойлады. Айсұлудың оку жайын үй іші боп ақылдастып шешкен есепті болсын деді.

Сонымен ашан, сүрғылт жүзінде тұңғызық мұнды қара көзі еріксіз сыйайылық қалыпты ойлататын Нұрбұбі келініңің жүзіне салмақпен қарады.

— Олай болса бір айдан бері бұл қаладағы оку жайын Айсұлу скеүміз біліп баққанымыз осылай болды рой. Осы Айсұлу айтқандай қорытқанымыз да мақұл болар, Нұрбұбі. Бір-ак нәрсөні келісіп алайык. Айсұлу не қылса да ілгері жоғары оқуға түсетін болсын. Орта мектеппен тоқтап қала көрмесін,— дегендегі камқорлық ойын баяндағанда Жандос, Айсұлудың бұған бағына құптай қараган аса шынышыл жүзін аңдады.

— Айсұлу түбінде оқымысты адам, жақсы адам боп шығады. Білімді адам болады. Мен мұның болашагына сенемін. Дүние, тіршілік жағынан опша қысылыш жатқан жайың жоқ, Нұрбұбі. Колхоздағы үйіміз, күйіміз жақсы дедін рой. Жалғыз Айсұлу емес, келесі жылы онжылдық бітірген соң анау балан — Арманды да не қысан да жоғарғы оқуға жібер. Мінс әкे үмітін, арманын актау деген сол болады,— деді.

Бұл сөздің аржағында көп мән болатын, Нұрбұбінің көзі жасаурап, өңі ақшыл тартты, жүдендей түсті. Қабағын шытынып қалды да, қарсысында отырған Айсұлудан жүзін тайдыра берді.

Жандостың және әке деп еске алғаны Нұрбұбінің Отан соғысында қаза болған күйеуі Сапардың жөні болатын. Ол майданда ерлікпен қаза тапқаны бұларға емес, бар ауданға, облысқа да мәлім. Сол жақсы әкес соғысқа кеткенде бұл балалар — Айсұлу мен Арман жастай қалған. Соғысқа аттанар шағында Жандосқа ауданинан жазған хатында Сапар өзінің балаларын әсіресе көп-көп тапсырған еді. Өзінің баласы жоқ Жандос содан бері кейде өзі ауданға бұлардың үйіне аз уақытка барып та қайтып жүрді. Нұрбұбіге қолынан келген көмегін де көп етті. Жас қалған Нұрбұбі балаларын сүйіп, сактау арманымен болды да күйеуге тимеді.

Сапар болса Жандос түстік болыста емхана басқарған бас дәрігер боп істеген шағында бұның әрі көмекшісі, әрі жаңдай көретіп іші-досы болып фельдшер Сапар көп уақыт бірге еңбектес болған. Жандостың мынау отырған екі қонақ әйелімен сондайлық байланысы аға,

дос көңілмен жалғасқан туғашпай бетер жақындығы болатын. Ешкімге Алматыда жүрген шағында ақыл салып, көп сөйлеп сырын ашпаған Айсұлу Жандосқа өзінің қынышылығын да, үмітін де, байлауын қысылмай айта алған-ды. Оған Нұрбұбі мен Жандостың өзінен жасы үлкен осы үй иесі болып отырған, кәзір самауыр қасында мол денесімен иелік, үлкендік ажар таңтып отырған Ақыш апай да ақыл берген.

— Жәкесе барыңды айт. Оған айтпай кімге айтасың. Не байлау жасасаң да Жәкесенің айтқан ақылмен байла,— деген сөзді соңғы күндерде Ақыш апа да, өз анасы Нұрбұбі де жиі айтты, өздерінше жөн сілтей жүрген-ді.

Айсұлу бұлардан нактылы кеңес ала алмаса да кейір ақыл сөздеріне ішінен сыпайы ғана, ақырын ғана күліп қойып баға берсе де анық шешім сөзде олар айтқап жайдай аулаққа кеткен жоқ.

Жандос осы копактарын вокзалға апарып вагондарына мінгізіп, пәрсслерін өз қолымен тиісті орындарына қойғызып беріп, сапарларына шығарып салып қайтқанды.

Қалада болған шағында ол бір жаңалық хабар естігеп екен. Кешкі астың алдында дағдылы гүл бағы орындығының қасында отырған Әсияға ұшыраса бере сол хабарын айтты.

— Сіз естідіңіз бе, мен бүгін біліп қайттым. Кеше ме, бүгін бе, бююда қаралып Нил Петрович обком секретары болатын боп тағайындалыпты.

— Қай облыс деп естідіңіз?

— Мениң естігеніме қарағанды түстікке бірінші секретарь болатын тәрізді.

Әсия құптай сүйсініп бас изеді де:

— Дәл айтасыз, мен де солай деп естідім.

— Сіз кімнен естідіңіз?

— Осында демалыс үйінде тұрған адамдардың бәрінің қайдан келгенін, қайда баратынын, кімдс-кім екенін елден бұрын біліп қоятын сестра-хозяйка емес смес пе! Ол кісі үндемей жүріп барды біліп, ақырын ғана, қысқа ғана «солай бопты» деп қоятын жайы бар ғой, Нина Николаевнаның Жаңа сол кісі айтты.

Осыған байланысты Әсия өз бетімен Карпов жөнінде сәл бір жабырқау ой ойлап қалды. «Көп күндерден бері бірге журміз. Әр жайлардан ашық сөйлессеміз. Біз де партия мүшсессіміз. Қайда баратынын өзі бұрын да сезген

булу керек. Бізге тым кұрса шет-жағасын айтып білдірсе не етуші еді!»— деп ойлаған.

Жаңдос Әсияның бұл алуандас сөзін естігенде оны онша қостап, құптаған жоқ. Ол Карпов мінезін сабырмен ұфынды. Тегі Карповтың жаратылысындағы және өмір дагдысындағы ұстамдылық, қажет түрдегі беріктік осылай болу керек деп аңдады. Әсияға айтканы:

— Мәселе шешілмей тұрып, секретарь болмай жатып «мен сондай болсам керек» деп достарына айтса лайық болар ма еді? Егер бола алмай қалса сол сөзін естіген өзіміз болсақ, оның аузынан шыққан алдыңғы долбар хабарын жеңілдік көрмес пе едік.

Әсияның алғашқы ойы оны жастығынан және өзінің әр кезде сеніскең жолдастыққа шыншыл, турашыл және жастық қоңілінен туған болу керек. Жәкеңнің жаңағы бағасын естігенде ол өз ішінен өзін есепке алып, өз-өзін сипай қалды. Сыртқа шығарып айтпаса да ішінен: «А, мен асығыс ойлаппыш-ау. Жауапты адамдар шын мінез, сыр мінезде ұстамды келеді. Сәл сараң сырлы болу саясат адамына шарт та шығар. Тегі менің өз тәжірибем әлі де сол дәрежеге жегпегені, толмағаны бар ғой»,— деп ойлады.

Кешкі астан кейін Карпов екі тапысымен бірге шығып, қоңыр салқын аллеяда баяу басып, сейілмен келе жатқанда өз жөніндегі жаңалық хабарды өз аузымен айтты да Жәкең мен Әсияны іштей ырза қылды.

Әсиялар естігеп хабарға оның қосқаны.

— Менің түстікке баратын болғаным бюорода шешілді. Бірақ дәл онда баруым кейіншірек болады. Қазір облыс макта жұмысына қатты қызумен әзірленіп, кірісе бастапты. Бұрынғы бірінші секретарь облысты аса жақсы билетін, көп шаруасын ауданды, облыста істеп аса жақсы басқарған тәжірибелі адам көрінеді. Макта жұмысына мығым маман басшы десседі. Сонымен мынау науқанды сол кісі өзі аяқтасын. Қызу науқан үстінде басшылықтың ауыса қоюы орынды да, оцай да емес қой. Ондағы бірінші секретарь сол жұмысты аяқтап болғаннан кейін жана қызметке ауысатын бопты.

Кейінине тағы анықталғаны Карпов бір ай шамасына орталықтағы үй ішіне соғып, теңіз жағасына біраз уақытқа демалысқа барып қайтпақшы.

Осыдан кейін де Карпов қалаға күнде таңертен кегіп үдайы кеш қайтып жүрді. Бұл уақытта ол өзі баратын

облыс жайынан көп деректер, түсініктер, нактылы жоспар; міндеттер жайларынан хабардар болу талабында. Күн сайын ол Орталық партия Комитетінің не секретарьларымен цемесе бөлім бастықтарымен сөйлеседі. Министрлер Советінде жиі болады. Госплан бастықтарымен де бірнеше сағаттарды ариайы бөліп көп сөйлесті. Солармен қатар ол облыстың жайын ағарту министрімен, дессаулық министрімен, мәдениет министрімен де жұз көрісіп ұзак-ұзак сөйлесіп шықты. Ол Академияның президентімен де ұшырасып, қашықты мол сөйлесіп шыққан еді.

Демалыс үйіне қайтқанда сөз арасында жайғана айтқандай боп «көрістім, сөйлестім» деп қояды. Қейде «толық сөйлестім, қызық сөйлестік» деген сияқты жайлар айтады. Бірақ сондайлық қысқағана тұжырымды жарым сөйлеммен ендігі жүрген жайларды білдіреді де одан әрі жазылып, ашылмайды.

Жәкең мен Әсияга жақағыдаі өзі айтқан сөздердің аржақтарын қазбалап сұрастыруға орын да қалдырамайды. Қабак, үң, ажар әр мінезге шек қойып, әр сөзге де жиек бслгілегендей тоқтау салып қояды.

Ал облыс жөнінде Карпов бұл күндерде көп деректер біле жүрген. Облыста 940 мың халық бар. Оның 44 проценті қазақ. Көп проценті өзбек, 30-ға тарта ұлт бар. 15 аудан бар. Үлкен өндіріс кеңдері де, шикізат қорларымен мықты завод, фабрикалары да бар. Өндіріс техникасы мығым облыс. Оның үстіне ауыл шаруашылығы және де әр сала балғын, мығым. Бар Қазақстанның мол мақтасын жалғыз осы облыс береді. Әсіресе бұл облыс малға бай. Қой заты көбінше алтын туатын қаракөл қойлары. Облыста ғылым, мәдениет ордалары да бар. Жақадан ашылса да облыс қана емес, бір республика да емес одан көлемінде де үлкен орны болатын аса қымбат мамандықтарды білдірстін технология институты бар екен.

Ертеде артта қалған шығыстық слайд өқытуышылар, мектептер қатарларын молайтып, қамсыз ететін педагогика институты бар. Облыста театrlар, көркемөнериаздар күштері және жақсы. Қала Баскенттің өзі республикадағы үшінші орынға жеткен. Ерте заманда революциядан бұрын тек уездік қала болған Баскент қазір 150 мыңдай халқы бар, бұрынғысынан 6—7 сеe ұлғайған индустримальы, көп құрылышты қызық қала, өнерлі қала болғатты өсінті. Бұл қалада Алматыдан әлдеқайда көп өн-

діріс ордалары бар. Корғасын заводы, цемент заводы сияқты болашағы зор, бұл күнде де 3—4 мыңдай үлкен жұмысшы, маман колективтері бар заводтар отыр.

Облыстың бюджеті де миллиардқа тақау. Кейір кішігірім көршілес одактық республиканың шамасына бір өзі барабар келгендей салмағы зор облыс ауқымы байқалады.

Сонымен қатар жаңағы атап өткен барлық салашың бар арынды, маңызды көп үміт арттырар қымбат жақтарымен, қасиеттерімен қатар әр сала тіршіліктің бөрінің де әр алуаш бүгінде айқын тұрған жетіспегені, қынышылығы, қайшылығы, қателік, олқылықтары да жетерліктей.

Карпов облысқа бармас бұрын Алматыға келгеннен бері өзінің бұрыннан бойына жігін білім, тәжірибесі әр жайға бойлағыш салмақты, сыншы ойы бойынша өзі баратын облысын осылайша орталықтан, әзірше жырақтай зерттей танумен жүрген-ді.

Қазір оның жалғыз чөмоданынан басқа бірнеше қосымша семіз-семіз папкалары өзіне бөлек үлкен бір чөмоданды толтырған. Осындай өмірлік тың міндетке, міндетті еңбекке ой жігерімсін, ерік талабымен ауыса бастаған Нил Петрович Карпов енді Алматыдан жүретін болып еді. Дәл қоштасарда Карпов бұндағы таныстарына жақсы бейіл көрсетті. Әспіяға айтқаны:

— Сіздермен осында танысып, сөйлессіп жүру, маған таныс емес әр жайларды білу аса қадірлі болды. Қазақ совет жұртшылығының сіздей бол өскен салмақты, білгір, мәдениетті жас әйелімен танысу маған өте бағалы. Түстікке келсөніз, кей сапарыңыз солай бастай қалса, біз үшін қымбат қонақ боласыз. Сау болыңыз,— деді.

Жаңдосқа коштасар жерде де ол біраз ойлар айтты:

— Сізді мен өзім қызмет істейтін майданда әр кезде ұшыратсам ырза болар едім.

Жаңдос күліп:

— Ұшыратуызызга болады. Себебі түстікпен менің байланысым көп. Бұрын мен онда көп уақыт қызмет істегенім де бар. Және сіздің уақытыңызда түстікте дәнсаулық мәселеңі жөнінен бірталай үлкен шаралар істелуі жайында және де мазасыз ойлар айтуыма болады.

Карпов оған бас шұлғып күлді дс:

— Міне, міне, сол мазасыз ойларыңыз керек — деп алғашқы сөзінің шешуін сөйлемеді.

— Шынып айтайын ба, сіздегі бір скепсис маған көп оптимистікten қажетірек көрінді. Біздің өмірде көп ауызben көп-көп айтылатын күндегі оптимистікten кейде сараң сыншылдық, сол сіздегідей скепсис керегірек, пайдалырақ тәрізденеді. Эрине өмірдегі бар жай, бар дүниеге сіз олай қарамайсыз да және сіздің кей сындарыңызға қарсы айтатын дау да көп болар. Бірақ сізде сол әділ шынышылдықпен байланысты болған сыншылдық мен үшін қымбат жай есепті, деп сөзін аяқтай берді де,— ал солың бәрі үшін сізге рақмет. Тұстікке, өзіңіз туған тұстікке жіңі келіп жүрүінді тілер едім. Және келген сайын мемшімен ұшырасуды серт етуіңізді өтінемін. Ал тұстікке шынымен жіңі келіп жүрініз. Сіз қашаң, қайда барамын десеніз еріктісіз. Өйткені қазір пенсиядағы сіз анық еркін құссыз ғой,— деп күлді. Жандостың қолын ұзақ та қатты қысып қоштасты.

Екінші тарая

1

(Бұл бөлімше бұрын жазылған материалды тыңайтып, романша жақартып, есіре пайдалану қалпында құралатын болады. Бұрын жазылған Оңтүстік жөніндегі біраз деректі жайлар осы бөлімшің пегізгі мазмұны болады. Тақырыбы да сол бұрын жазылған шығармалар іргесінен тарайды).

2

Шөлді шүлең етіп жатқан үш аудан сан мындаған ер, әйелдің, мектеп балаларының, сансыз көп жастардың және үлкендердің селдей мол күшімен макта териу жорығында. Үш ауданиның бар совхоздары, колхоздары, бөлімдерімен, фермаларымен қатар салысқан, тайталаса сипасқан, кезек озысқан сан цифрлар қарбаласында.

Бұл шақта қала халқы мен колхоз жүртшылығы, әр алуан гылым саласынан басталған мамандықтар мен партия, совет басшылығының, ауыл шаруашылығы өндіріс мамандарының, көп ұлтты жандардың бәр-бәрінің тұтас майдан үстінде айырмыстары жоғалып, қосылыса араласқан шақтары. Бұғаптің де соңғы онкүндікің бәріндегі бұл шөлістанда ашық, ыстық ұзақ күннің қалпында әр жаңга үздіксіз қайрат еңбек жағдайында жүріп жатқан.

Сол қатарда «Қызыл жұлдыз» колхозындағы орта мектептің үйінде Алматыдан келіп орналасқан дәрігерлік институтының мол колективі болатын. Жалғыз қабат темір шатырлы көңіл, ұзын ақ үйдің залы гана емес, ұзын коридорына шейін, барлық кластары, кабинеттеріне шейін бұл күнде қатар-қатар, төсек-төсек тапшандарға толы болатын. Тек кана мектептің селдір бақшасы жағына кірестің кішілеу есіктің алдында аз көлемді қысқа гана коридор бар. Онда төсек жок. Тек бір-екі орындық пен ұзынша скамья түр. Коридор аржағында кішілеу бөлтімейін есігі ашық. Осы кірер есік, коридордың жанында ішінде көрінген адамдар саны аз болса да ажарларына қарағанда да дәрігерлік көмекке келгесін жандар екені байқалады. Анығында мектептің осы мүйісі директордың бұрынғы кабинеті, қазір дәрігерлік пүнктке айналған.

Тек институт коллективінің өздері гана емес, осы науқан үстінде «Қызыл жұлдыз», макта далаларына келген барлық жүртшылыққа алғашқы ем-көмекті беру үшін осы жерде бір кішкене бөлме мени мынау кішкене коридорда дәрігерлік пүнкті орналасты. Дәрігер боп істейтін медицина институтының ішкі науқастар жөніндегі оқытуышы орта жасты, белгілі дәрігер Петр Иванович. Ол өзіне көмекке биыл келгесі студенттер, шәкірттері арасынан бесінші курс студенті саналатын Ильясты алған.

Казір Петр Иванович ауданин дәрі-дәрмек әкелмек бол кетіп қалғанда бүгінгі келгендерді Ильяс жалғыз қабылдап қарап жатқан. Бұндай орындардың дагдылы айнымас келгіндері бір-екі қазақ пен орыс кемпірі коридорда отыр. Солардан белек бір аяғының етігін шешіп, кай акқаң жалаңаш жілігін үлкен ақ орамалмен ораған күйде ұзын, балғын денелі, төгілген кара дудар шашты қара торылау, қалың қабакты қазақ жігіті отыр. Ол қабагын шытада түсіп, жағын тістеніп қояды. Сәл дедлігсін танаулары кейбір қабак шытынған, қатаңдау тыныс алған шактарында желбірій түсін басылады. Ол кезек күткеніне ызалы ма, әлде аяғының жарасы жанға батып қатты ауру үстінде мес, әйтеуір тынымсыз сазара түскен ызалы қобалжу үстінде.

Төрғі бөлмедегі Ильястың кейбір әрекеті ол отырған орындықтың шетінен көріне түседі. Ильяс өзі құрбылас бір орыс студентінің қолын қарап дәрілеп, соны ұқыпты түрде таңып берді. «Екі күннен сон тағы кел, Вася!» деп құрбы студентті пыгынаң бір қолымен қаға түсіп есікке

қарай ұзата берді. Ильястың қазір коридорға қараған жүзі, күнге күйгөн ақсүр жүзіне алашабыр қоңырқай бояу араласыны. Бет ұштарының күреңіткен қызығылы бар. Ақ халат пен дәрігерлік ақ қалпақ киген қалпында ол қазір анық мамандық ісінс көптен бейімделген, ысылған жас дәрігер тәрізді. Қаладағы ұқыпты қутімді жас жігіт бүгін де сакал-мұртың, иск-сріндерін агарта, сәл көкшілдендірे қырган екен. Ақ қалпақ астынан көмірдей қара шашы жаңада күзелген қалпында жылтырай тікіреіс көзге түседі. Ол жаңагы өзінің Вася деген жолдасын шығара берген шақта есік алдына шапшан дүрілмен сатырлай шықырлап бір машина кеп тоқтай қалған еді. Енді аңғарса сол машинадан түсіріп бір-екі кісі көмектесіп әкеle жатқан қатаң ауру қарбаласты жүрісі байқалды.

Вася шығып та үлгірген жоқ еді. Келе жатқандарға жол беріп, ол коридор есігінің жапына жабыса тұрып қалды. Кірген топғың алдында «Кызыл жұлдызы» колхозының скінші бригадасының бригадирі Ильясқа таныс Зәуре апай келеді екен. Ол өзінін бір нығына аурудың бір қолын артып, өзі сіккейе түсіп ауруды құшақтан алған. Қотеріпкірей келеді. Аурудың скінші жағында колхозшы жас қыз — қара шашы бетінің жарымын басқаи, шолақ тұмсық, ала көздеу қап-қара қыз еді. Ол да ауруды скінші жағынан сүйемелдей кірген. Осы екі колхозшы әйслдің ортасында өні аппақ бол кашқан, ұзын, қызылт қоңыр шашы жалғыз тарау бол оң нығынан асып, тізесіне дейіп төгіле шұбалып кеткен. Қабактары шытылып, екі көзін жұмып, қатты қиналып, ыныранып келе жатқан өзгеше сұлу жас қыз көрінді.

Ильяс танымай қалып еді. Енді аңдаса бұрын көрген адамы сияқты. Бірақ әлі дәлді кім екенін аңғарып болған жоқ. Оның оң қолы топшысынан оқ тиген құстарынан ортасынан сыйғандай салбырап кеткен.

Жаңада өзінін кезегі жетпегенің ызалана түсіп отырған ұзын скамьядағы дудар шашты қара жігіт енді Ильясқа қарай бірдеңе күцк етіп: «мені қашан?»— дей беріп еді.

Ильяс жауап айтуға да үлгірген жоқ. Ол мынау келген науқасқа шүғыл көмек керек екенін айтып болмай-ак орта жасты, өткір көзді, омырау-еркін мінезді Зәуре апай дабырлап сөйлей берді. Ильясты бұрын бірисше көріп, бір-бірінің түстерін таныса білісстің қалпы бар еді.

— Қарағым інім, атынызды ұмытЫп тұрмың, айып ет-
пе! — дей бергенде Ильяс басын шұлғи түсіп: «Ильяс»
деп қалды. Сөйткенде ауру қызың ұлкен, сүркай, сәл
шошақтау келген ұзынша нұрлы көзі аз ашыла түсіп еді.
Ильяс енді таныды. Ол Айсұлу екен.

Қызы «Ильяс» дегенде құлағына таныс ат болғандық-
тап көзін ашты ма? Енді ол да дәрігер жігіттің өци-түсін
жапына батқан деңе азабы үстінде сәл шырамыта бер-
ген еді.

Зәуре әлі де дабырлай, асыға және омырау ете төргі
бөлмеге қарай тобымен баса беріп:

— Шырагым Ильяс, мәнің мынау қызынды шапшаң
қарамасаң болар емес. Қолының мертігі, сынның ма біл-
меймін тіпті. Сондай аял ете көрме! — дей түсіп Ильяс-
тың өзін кимелей шегіндіре қозғап жогарғы бөлмеге то-
бымен кіре берді.

Ильяс өз орныша, ауыз үйде отырғаш жігітке көрішіп
тұрган бұрышына шегініп барып тұрды да жөн сұрады.
Зәуре айтып жатыр. Барлық соңғы күндерде «Қызыл
жұлдыз» колхозының төрт бригадасы ішінде алда келс
жатқан звено осы қызынның, мынау Айсұлудың звеноны
еді, дегенде Ильяс Айсұлуға тағы көз тастап еді. Қазір
оның жаңағы аппақ жүзіне енді сәл қоңырқай араласып,
шымырлап қызыл толқын қаш ойшап, қабағы шытынып
қатты ауруын «ойбай» демей, «байбай» демей тек қана
бір үң, бірқалыпты әр ырғакты үймен «о-о» дей береді.

Зәуре әлі сапылдаған үймен сөйлеп жатыр:

— Мақта тергіш машинаның үстінен бір топ мақтаны
құшақтап түсірем дегенде асыққаны гой, қапылыста құ-
шақтаған мақтасымен сүрініп кетіп биік машинаның
үстінен үшіп түскені. Жаңағана көз алдында, қарашы
міне, қарашы. Содан қолы сыйды ма, шықты ма білмей-
мін. Осы он нығымен көзіміше құлап еді, жері құрғыр да
қатты еді. Қәне енді міне өзің... — дей түсіп екі әйслдің
құшағынан әдейі босаған Айсұлуды Ильясқа қарай жыл-
жытып бөле берді.

Айсұлу: «Қолым, о-о» дегениен басқа түк айта алған
жоқ еді.

Ильяс әүслі сенімді дәрігер Петр Ивановичті тосса
деп бір ойлап еді. Сынған болса өзі ойдағыдан емдей
алмайтынына күдіктенген. Бірақ сонда да сынның па, не
екенін білу керек. Әлде уақытша укол жіберіп ауруын
басқандай тыным таптыра ма! Қалай да көру керек. Со-

нымен аз бүктелгөп, укалаған ақ кофтаны омырауынан үстады да: «мынаны шешу керек»— деп Зәуреге карады.

Айсұлу шошынғандай сәл тартынып қымсына түсті де, сол қолымен жасқаңғандай болып, шынтақ жағын көрсете берді.

— Осы тұс, мына жер. О-о, сондай-сондай...— деп талықси артындағы Зәуреге сүйенсе берген.

Зәуре касындағы қызға иск какты да Айсұлудың кофтаның түймелерін ағытып шапшаш гана Айсұлудың қарсылығына карамай, ауырсынған ыңғылыш да тында-май, кофтаны он қолдан екеулеп шапшаш шешіп алғып, енді басынан да сыпымак еді.

Ильяс: «болады, жестеді!»— дей берді.

Айсұлу да омырауындағы кофтастын босаған женімен қоса қысып, өзінің томпакша төсінің үстінде үстап қалды. Өні-жүзі маңдайына шейін, негіне шейін жұқа қызылмен кешікі қызыл күп шалғандай бір толқып қызырып кетеді де, біресе кайтадағ ағарып, сұрлана береді. Қалайда си-нығы аппақ бол ашылып, он қолы салбырап Ильястың алдында тұр.

Бұл кезде Ильястың көзі жас қыздың мертігі не екенін аңғарып, ол ішінен сәл жұбанып та қалған еді. Сиңіқ емес екен. Және иық емес, топшы шынтақ. Шынтағы шығын кеткен. Қатты үшірейіп тұрған ойылған күйес шынтақтың орнында айқын білініп тұр. Он қолдың шынтақтаған төмөнгі жағы мұлде үзіліп түсердей жапсыз босағалған.

Жас жігіттің алдында иығы, омырауы ашылу Айсұлуда ауруымен қатар қатал батқан қоса дерт тәрізді. Ол енди Ильясты әлдекашаш есінен түсіріп біліп тұр. Тез бірдеме, пе де болса болса екен, өзін амалсыз Ильястың еркінен берді. Ильяс мұның салбыраған он қолын шынтақтаң то-менірек білегінен үстап тұр. Сондай жылтыр майда, үлбіреген мрамор жылтырлығындағы сүйкімді ет білінді. Иығынан төмен қарай аппақ қолына көзі түсіп еді, Ильяс өмірінде әйел қолының мұндайлық ақтығы мен сұлу бітімін, сом сұлу бітімін көрмеген-ді. Ол тек Москвада экскурсияда болған шағында ескі грек сұлууларының иық, қолдарын осындағы мұсіндеген Европа ғажайып скульптор суретшілерін бір сәтке еске алып салыстыра берді.

Зәуре мей қара қыз кейінректе серпіле тұрып қалған. Қыздың он иығы ашылған қалпында сол иықтан асып түсекен қалың қызығылт қоңыр, сәл алтын сарғышы аралас

жуап бұрым да көлдснәңген өзгеше жарагастықпен көріп түрған. Дәл осы суретті ауыз үйде скамьяда өз жарасымен отырған дудар шашты, зор кара жігіттің көзі бір шалып қалып еді. Ол кейін аяғын сүйретіңкіреп скамьяның шетіне қарай арқасымен созыла көтеріліп, енді дудар шашын артына қарай баса қайырып тастап суық көзі қазір өзгеше сығырая қадалып Айсұлудың ажарышан басы айналғандай, елтігендей еңсесі кетіп көз ала алмай қалды. Ол Ильястың қолын көрмейді. Айсұлудын қолының сығанымен, мертіккепімен ойы бөлініп отырған жок. Тек қана өз ішінен «бұ не деген сұмдық сұлу! Бұ қайдан шыққан перизат. Бұ кім, толайым тегі, экем-ау!» дегендесін етті иегі тәмендеп, аузы да ашылып кеткенін байқамады. Тек көзімен Айсұлудың жүзін, мүсінін құштарлапа, құмарта жұтып жібергендей.

Айсұлу болса: «ұзақ азап дертке ұшырадым. Элде өлем бе дегендей. Тым курса апам... үйдегі Арман білсе...» Зәуреге қарай енді бір өмірмен қоштасардай бұрыла беріп еді. Дәл осы шақта сығанын да, не қылғанын да білмей ауруы да биттей бәсекесімей жаңын суыргандай қинап түрған қолын сол қолымен сүйей сипамақ болып еді. Осы шақта пығынан тәмен тары бір қол ак жұмыр білегін қатты қысты да дәрігер жігіт қолы шыптағынан тәменгі салбыраған білегін және де темірдей қатты қысып алды.

Қызы қабағын шытып: «О-о»— деп ыңырана бергенде жаңағы скі қол барынша қатты жаудай жүлқа тартып қалды. Айсұлу құлап жығыла берді. Зәуре де, Ильяс та бір қолын босатып оны құшактай беріп еді. Жұлқып тартып қалғанда қылышпен шапқандай қатты зәрлі шапшып кеткеп ауру да етті. Дәл сол сәтте шынтақ үйип, талып, бұрынғы ауруынаң арыла да берді. Жігіт қатты ауырта жүлқа тартып, тәмен басып қалғанда шығып кеткен шынтақ сырт стіп, Зәуреге де естіліп оринына да түссе қалған. Енді сынық та, ауру да жок, сәтте пышақ кескендей тыйылып қалған ауру орнына сол жаңағы ой-сыраған жерде, екі буын арасында үйип талған, жылып аққандай бір созалаң талмауғана бар. Бұл болған ҳалді, сәтте болған өзгерісті Ильястың өзімен қатар тәжірибелі, сезімтал Зәуре бұрын аңғарған. Ол дыбыстап жіберді.

— Иә сәт! Айналдым, ішішек, екежан! Әуліе екенсің ғой. Тәүіп екенсің ғой, айнала кестейін, Ильяс. Қолын оринына салып жібердің ғой. Басылды ғой, енді ауруы ба-

сылды ғой, айналайын Айсұлу, айтшы! — деп бірсек Айсұлуга, бірсек Ильясқа кезек төне берді.

Ильяс өзінің оқыстап Айсұлуды сондай қатты ауруынаң тез күтқарып қалғанына өзі де шың қуанған еді. Ақырын құліп алды да, қызарып кетті. Айсұлу шынтағын тек айналай, сипалай беріп: «Ух, ауруы басылды, апажан. Апажан, ағажан», — деп Ильясқа сошалық мол алғыска толы нұрлы сүр көздерін төңкере караң, біраз алмай тұрды. Жігіт оған сондай дос көрінді. Қазір онын Ильястан аяр ешбір сый-құрметі жоқ тәрізді. Тек сый-құрметі...

Ол өзі сінді бір іс біткен шығар деп ойлап еді. Ильяс оны сәл үнсіз тоқтатты да, он қолын топшысынаң бүктеғен күйде қеудесіне таман көтсертіп, қеудесін сәл бастыра үстаратып қойды. Зәуреге үстартты. Өзі шапшаң биңт алып, кең келген мол биңтпен Айсұлудың мойнынаң аса он қолды көтере білгінең орай кең, жайлы аспа жасап берді. Бұл істі ол тез, шапшаң істей алған жоқ. Өйткепі көп орау керек еді. Әр уақыт Айсұлудың мойнынаң қолын асыра қос өрім шаштың астынаң өткізе биңт жүргізіп тұрып ораған. Қызыл қоңыр, кей тұсы сарғыш тәрізденетін ауыр өрімдер мұның қолының, қос қолының скеуінің де үстіне өз салмағымен оқтын-оқтын құлай түсіп тұрған. Биңтті мойнынаң орау шағында ол сан рет өзінің сол жақ бетінде, құлак тұсында жас қыздың сәл дірілдей шыққан үздік-үздік ыстық дем-лебін сезе тұрған. Өзінің дәрігерлік тәжірибесінің бойында Ильяс мұндай толқынды шақты және осындай қолма-қол сәтті түйінді біліп көрген жоқ-ты. Ол өзінің сол дәрігерлік тәжірибесі оіды бол шыққаныңа қатты қуаша сүйсінген-ді.

Аздан соң Ильястан бір-екі күнде істерлік дәрігерлік маслихаттарды Айсұлу мен Зәуре қатар естіп, бас шүлғып тұрды да ақыры бар топ бір-бірімен құліссе, жымынса, алғыс айтыса қоштасты. Ауыз үйдегі жігіттің сұктана қараған көздері Айсұлудың кофтасы қайта киілгенше оның жұқа қызығылт сұлу еріпдері сәл-сәл қозғалып сөйлеп тұрған шақтарында қасқақпай бағу, қараумен болған. Қазір Айсұлу тобы мұның қасынаң өтіп коридорды басып, есіктеп шығып болғашпа өзінің бет-жүзін дәрігер бөлмесі жаққа бұрғап жоқ. Өз жарасын мүлде ұмытын кеткендей сілейіп қалды.

Ильяс болса әзірге оның қеудесіндегі өзге сезім емес, ұдайы ойында тұрғапы өзінің көмек беруге жарагандығы

жөніндегі. Эуслде қишилген келгендеген Айсұлуға Петр Иванович болмаса өзім көмек береде алмасып деген еді. Ол өзінің студенттік дәрігерлік тәжірибесіндегі бүл шаққа дейін сыйықпен де, мертікпен де ұшырасып көрген жокты. Фажап бір хал болды. Қазіргі Ильяс дәрігерлік оқу ретінен алған білімі бойынша әрекет еткен жоқ. Жаңағы Зәуренің айтқанындай шынымен ол тәуіпше әрекет етті. Бір жаз Жайық бойындағы туған ауылға апасы Әсиямен бірге барып демалыста жатқанда 13—14-тегі Ильяс өз көзімен ел емшісінің бір әрекетін көрген. 16—17 жасар екі бала жігіт кешке жақын ауыл қасында күресіп, біреуін біреуі жыққанда жығылған баланың шынтағы жаңағы Айсұлудың шынтағында болып шығып кеткен-ді. Сонда колхоздың кешке тыста отырған үлкендерінің арасындағы бір қартаң ұста қолы мертіккен баланың шынтағын Ильястың және басқа бір топ балалардың көзінше қолма-қол тәмен жұлқа тартып, салып жіберген болатын. Ол тәжірибелі анатомияны оқыған шақта Ильяс есінде тұтқан болса да өмірде тәуіптік әрекет етіп көрем деген емес-ті.

Жаңа соны қалай қолданды, ойнаған қалайша келді, кімге қолданды, кайтып қана Айсұлудың керегіне, көмегіне жарады, осыларды ойлаган сайын ол ішінен өз-өзіне, өз біліміне, өз тәжірибесіне ырзалақ ойлады. Тегінде бүл жас дәрігерлік мамандықты аса қадірлейтін. Өз ғылымын сүйеттін, өте ынталы, зейінді, бар профессорларына аса үшамды окушы болатын.

Жеңіл-желлі ем-дом дейтіндегі ол студенттік тәжірибе бойынша соңғы екі-үш жыл бойында тәжірибелі докторлар қарамагында істеп келгендегі дәл мынадай оқысташ ұшырасқан бетпе-бет шұғыл келіскең ауру адамға қолма-қол көмек дегендегі өз бетімен істеп көрмеген болатын. Қазірде қолынан жәрдемнің келгені бір ырза етсе, өз өміріндегі сол бірінші өзіндік тәжірибелі нақтылық көмекке Айсұлудай жаңға көрсете алғанына есірессе ырза да, қуашыты. Дәл осы сәтте ол себебі неліктен деген сұраққа жауап береде алмаса да әлденеден Айсұлуға да ішінде аянышпен бірге алғыс ойлан қалғандай. «Сен келермісің, көмегім тиген жаң сен болармысың? Қандай едің, қалай ғана ұшырадың! Қандай ғана халде саған тағы ұшырадым?»— деген сезімдердің, ой-жайлардың мұның ішінде үйтқи түскен өз алай-түлелі қалды.

Ал жаңа ғана кеткен Айсұлудың бойы, жүзі бар қал-

нынаи қандай эсер қалды десе қыздың мойнышан биннисен өткен қолдарының үстінде әлі күнге сезіліп тұрган бір салмақ бардай. Ыстық, сүйікті салмақ. Ол тығыз, қатан, жуан өрілген көс бұрымның мұның қос қолының сыртына кезек ұрып, ауыр салмакиен әлсін-әлсін тиіп өткен кездері. Ильяс қазірде де өз қолдарының сыртында сол бір бұрын әсте аңдан болмаған сүйкімді салмактарды сезіпеді.

Осы күні кешке «Ленин» ауданының орталығы Жиделі қыстағында тұратын аудандық тұтынушылар кооперативінің бастығы Әбілмәжінің үйі макта әбігерінен аулақ, тыныштықта болатын. Ауласында үлкен жүзім бағы бар. Шапталы, пәк, алма, алша сияқты жемістердің үлкен колециелі биік ағаштары коршаған көк шатырлы бес-алты бөлмелі жақсы оңаша жай, келісті аудандық үй Әбілмәжінің үйі. Мұның жеміс бағына қараған әйнекінен коршалған верандасында үй іші кешкі шайларын ішіп отыр.

Үй несі үйде жоқ болумен пайдаланып шайныл, бапшыл әйелі Әсел өзі баптанып ішетіп кешкі шайдың кезін кобінше осы верандада откізетін. Самауырға қайнатқан шайды ол бұл жерде аласа донгелек стол қасында, калың корпе үстінде текемет, кілем жайған төрде отырып әйнекіді үннататын.

Қызыл күрең жібектен өзбекше төсіп бүре тіккізген кен көйлек кигең, басына күндік салған қартан ене отыр. Калың қара жылтыр шашын ак жібек орамалмен жартылай бастыра тартқан семіз келген, - қою қасты, қызыл жүзді Әседің құлағында үлкен алтын салпынишқа сырға бар. Қолдары толы тасты, тассыз алтын жүзіктер.

Әседің жоғарғы жағында қазақы кемзal, ақшыл көйлек кигең, басына күндік салған қартан ене отыр. Оның жұмыла түскен қысық көздері кірпік какпай, ешкімге қарамай тек үрттап отырған пиялагаға ғана қадалғандай. Бұл екі әйелдің қасында жаңа келіп шайға отырған зор денелі дұдар шаш қара жігіт күндіз Ильяста емде болған сол аяғы жарадар биннителген Сағит отыр.

Сағит жарадар аяғының етігін шешіп, аласа стол қасына аяғын көлдепең созып, өзі столға шынтақтай жантая отырып еді. Кемпір шешесі шай құйып отырған келіні Әселге ақырын ғана күбір етіп, «жастық берші, шынтағына жастық әкеп берсейші»— деген.

Әсел еті ауыр, жауырынды, сауырлы, мол денесін

отырыс-тұрыста өзгеше толыктығына қарамай шапшаш җеніл қозғайды. Енесі айтқан бойынша ол екі ақ жастықты қайпсының әкеп шынтағына төсеп берді. Үнсіз түксіген қабағы бар салқын жүзді Сағит сол жастықтарға сүйене отырып, жеңге мен шешеге жүзін бермей, қырындаид қарап шайды сонырқай тартып отыр. Оның аяғы сыйықтан аман. Қундіз аттан жығылып, тасқа согып, жілігінің үстін қашдатып жарап алған.

Ильястан алған көмек, мезгілді жәрдем қапын тыйып, см жагынан мұны тыныштаандырган болатын. Жаратылышында аз сөзді және қалалы жерде үй ішінен жырақта жүріп оқып өскен бұл жігіт үй ішіне аяғының жарасын да көп созып сөйлеген жок.

Сағитпен әңгіме ұзаққа бармайтынып шеше де, жеңге де біледі. Оны қозғамай қойып сінді екеуі өздері жаңағы шайдан бұрын үзілген әңгімесінің жайына қайта кірісті. Ол сөзді енесінің есіне салып қайта бастаган Әсел еді. Енесіне сәлғана қырындал, пұрлы жүзін бұра түсті де:

— Жаңағы үйдің жасауын қашан көрдім дедініз?

— Осы жазда. Сол Наймандар ауылшының өлді ғой әнебіреу тәуіп шалы — Кенжебек. Естідің ғой, білушін сң ғой?

— Е, білем.

— Соның жетісіне көп үлкендерді шақырмады ма? Жудә көп кісі жиылған әкеп. Өзінің әулісіне сыймаған үлкендердің біразын жақын-жақын қошналарына, өзге әулілерге шақырмады ма? Мен бір топ кемпір-шалмен сол бағана өзін айтқан Нұрбұбі дейтін жесір катынның әулісінде болдым. Соңда соның үйін де көрдім дедім ғой,— деп әңгімеге қайта кірісп шайды сора түсіп, кірпіксіз, қысықтау жылан көзін, түңғиңкішкене көзін алдынағана қадаған кең танау сүр кемпір әңгімеге жаңа төседі.

— Айтам ғой, сол жесір катынның жиган-тергені мынадай екі жардың екеуін бірдей сонау тәбесе дейін лық толтырыпты мұлдем.

Жасау-жабдық, қымбат бүйім, үй іші жарастық байлық дегенге бар ынта-бейілімен берілген Әсел тамсанып қойып енесіне мол денесін түгел бұрып алды.

— Өзі жесір катын қайдан жиыпты? Оның қолына соңша жасаулар қайдан түсіпті?

— Қайдан дерін бар ма? Оның байы баяғыда бершіл бол көп істеген. Ауылда тұрып табысы көп болған. Каты-

ны болса мыңау Нұрбұбі сондай өзі де қолы ісмер, ұқыпты қатын ғой. Қолында өсіріп отырган ұлы, қызы бар. Өлім бар да каза бар, жинап тере берген дс. Алдағы күнгес деп қызға жасау, ұлға жабдық деп бомай ма сондай шешелер.

— Е, Нұрбұбіні мен де білем. Ол бір сондай бейнеткор. Мектада жылда көп істеп, мол табыс табатын қатын деп мата-пұлды осы өзіміздің Әбекендерден алғызып, колхоз бен аудан бастықтары соған сый да бере беретін. Ал кәне соның жасауын айтыңызшы енді! — деп өзі ынтықкан жайына қайта түйілді.

— Айтам ғой, анау сенің ас үйіндегі бір кең үйі бар екен. Соның екі жары үйдің төбесіне шейін толған жасау. Кәдімгі бұрынғы сегіз канат үйлердің ішінде болатын жұқаяқ. Бояулы, оюлы жұқаяқтар катар тұрыпты да, сонын үстіне екі жардың бойын қатарластырып жақсы, ұзын сырлы сандықтар жасапты. Ал солардың үстінде кей жерін шәүкермен ораған кілем, көрпе-жастық, әртүрлі терме алаша, шашақтары салбыраған бес-алты жерде бояулы әдемі боғжама, тамақшалары сондай жарқыраған баяғы шолпыдай. Қөрслері жеркөрпе емес, қыжым көрпе, масаты жөрме көрпе. Жастықтары шетінен өңшең ракы жастық. Еткөрпе жібектен де әсем жасалған. Бірнеше жerde қолдорба, күмістеген үш жағылан. Ай жер жастық дегенің тіпті көп. Жаңағы жағландарын жай ою емес, көк сауырлап күмісін әр жерге биязы қып көзкөз етіп оюлаған. Айтам ғой тегі жүдәям жақсы. Қүйеуге тисе қызы да, келіншек алса ұлы да жасау-бұйымнан олқы болатын емес мұлдем! — деп тыңсан қүйылған, бусанған қара шайды кең танау кемпір тағы да салдырататарта берді.

Эселе енесі көрген бұйымға. қызықаны сопша, аныра кадала қарап үнсіз бас изеп, төк тамсана береді. Енесінің сөзі тоқтаған соң ол енді есін жиып, бір нәрссөй на туғсіп, орнында қозғалып, мол денесі енесіне карай бұрыла үмтыта беріп:

— Апасы-ау, білдіңіз бе, сол Нұрбұбінің, есіме жаңа түсті-ау, сол Нұрбұбінің бойжетіп отырган жақсы қызы да бар! — дей берді де үлкен қызыл жүзі жарқырап күліп жіберді.

— Ол үйде қыз болса, бізде ұл бар дейтін біз емес пе осы? Мына Сағит болса окуын бітіріп, қызметіне жайғасып, қолымызға кеп отыр. Айтты-айтпады осы жалғыз

қайнымды аяқтандырмай, ендігі мында кейіже балаңа қатын өспермей өзің отырасың ба? Біз қарап отырамыз ба?— дей берді.

Ол өзіңің бейілді жүзіп енді қырындау отырган, әлі де үнсіз бейқабар шайды ғана ішүмен отырган қайнысы Сағитқа жауап күткендей қадай түсіп, жауап тосып еді.

Сағит түк үи қатпастан танауын деддите кең тыныс ала түсті де шетке қарап отыра берді. Қемпір шеше сөзуар келінің айтқан жайға мейлінше бейіл аударды.

— Кызы бар дедің бе? Ер жетіп қалып па еді онысы? Мен көргем жок. Рас-ая, бұрын сонада байы өлгендеге екі баласы — бір қыз, бір ұлы жастай жылан қалды деп жүрт мұсіркеп жүрестіп. Одан бері 14—15 жыл болды. Айтты-айтпады жетіп калған екен-ая! Немене, келін, қызы жақсы ма екен?

Әссл қазірде де енесіп тыңдай отырып, қайпысына қадалып сойледі.

— Кызы ұлынан үлкен, жасы мейлінше жеткен. 18-19 шамасында. Ұмытинасам былтыр сол току да бітірді. Ал өзі бір осы өңірде жоқ сұлу қыз еді. Апыр-ай, шіркіниң бойы мен ірсің сондай бір жақсы бол ескеп қызға бітестің мүсін екен деп қалып ем.

Осы сөзді айтумен бірге Әссл әрі енесін, әрі қайнысын жана естіп сырттай көрмей еңсессі кетіп қызығын қалған жасау бүйімнің соңына өзімен бірге салмак, ерітпек ойға кетті. Ішінен егер жесір қатын-біздей үймен құда болып; қыз берсе құдай біледі Әбекең екеуміз ондай байы жок, жалғыз қатынның үйінен жанағы қыжым көрпес, жағылац, рақы жастық, боржамалардың талайып осылай тартпай қоямыз ба? Сонда анау тұрған тек өңшең стол, орындық сиякты қаңқайған ағаш жиған екі-үш бос бөлмені осы жақтың жасауымен жайнатып коймаймын ба?— деген ойға келді.

Ене болса Әблімәжін Әсслді ертіп жиі-жиі сатып әкеле беретін шкаф, стол, төсек, орындық дегениң бәрінің тұсында кең танауын тыржитып, кірпіксіз суық жылан көздерін сыйрайта жұмып, жирене қарайтын.

— Экпелді тағы өңшен қаңқайған ағаштары!— деп сырт айналған берсе:— ағашта басың қағыр өңшен. Бояуның басқа түгі жок, осы да жасау бол па? Отыратын, жастапатын, жамбасқа басатын біреуі жок. Отырайып десең өнебойың шаршайды. Өздеріне өздері жаза жасап «ағаш-ағаш» дейді де жүреді өңшен. Үй атаулының бос

жерін де қоймайды онысы. Қаңқайып-саңқайып алып!— деп ұрсатын.

Әбілмәжінің Ташкент барып жүргендеге спальни гарнитур, столовой гарнитур, кабинет, диван, кресло, трюмо деп ұдайы аңсан неше түрлі еп жұмсап, бірді олай соғып, бірді былай қағып, көп жерде әредікте сирек бүйымдарды ауданға түсіретін орындарға пұлдай, сыйдай әртүрлі пара-мараны ептемелеп өткізіп жүріп көп бөлмелі осы үйге тістірынақтап көп бүйім жиып алғанын кемпір шеше бағаламайтын.

Әсел әрине ол бүйымдарды байымен бірге жинасады. Қуана қымтып пәтеріне тықпалап алысады, табысады да дүниекор, шаруакор әйелдің өзі. Сондықтан снесінің пысқыру, кекету, қыжырту сөздері мен мінездеріне ол тек қана күлс берестін де, еске алып, есепке тұтпайтын. Бірак әрдайым бұрыш осы жақтың байлық жиған, дүние бүйім жиған қаласы мен даласындағы үйлеріп көре қалған, өзі де бір кезде әлді, малды болған үйі болса, теңі көп ішті үй сапалған бай үйдің исесі, дүниекор кемпір болатын. Сол Әселге «дүниені сендерше жимай, былай да, мына жағынан да жио керек»— дей беретін.

— Кілем керек, масаты жібек мауыты керек. Тұкті кілем, тақыр кілем, алаша кілем. Сандық толы жұмсак, қымбат бүйім, көзге де көп түспейтін тығулы, бұгулі жататып қазына да болады,— дей беретін.

Әмірі тойымы да, тынымы да әлі жетіп тоқтап болмаған Әселге әрине мұндай сөздердің, ақыл-есептің бәрі әсерлі. Бірак қайдан жияды? Қімнен алады, қайтіп алады, оның бабын үнемі таба бере алмай, титыры күри берестін. Қазір мына тұста бір қызық қазына көз алдынан бұлын қағып, қызылды-жасылды еліктіре, ентелете, жетелей тартты. Үнсіз отырған қайнисына ол сиді тұра шабуыл жасады.

— Ұқың ба, Сағит-ау, айтқан сөзге құлақ салдың ба осы сен. Жасың міне биыл жиырма бестен асып барады. Оку бітірдің. Құдайға шүкір, текнек болып келдің. Осы шөлдегі елдің титырын құрткан су еді. Әкесінің көз құнынан бетер жоқтағаны су емес пе? Сен болсаң өзге емес сол су текнегі болып келдің. Келгеніңе екі ай болып еді, осы саған күні түслеген, алдыңа келмеген бригада, колхоз бар ма! Ендеши алмайсың ба, осы шөлдегі үш ауданның ең жақсы деген қызын. Сауырынаң басып жүріп таңдал түршіл алмайсың ба, келіншек қып. Мына кісі ше-

шеш, анац. Біз ағаң мен жеңге. Енді міне айтамыз, айттық міне, сен де үй бол. Мезгіл жетті, үйлен. Ал үйленгенде сол жаңа мына кісі екеуміз айтып отырған Нұрбұйнің қызын ал, соған үйлен!— дей беріп еді, Сағит женгесіне тұксие жалт бұрылып жактырмай қараң қалды. Эзір ол:

— О, қойышы әрі, жеңге, сен немене, қатын әпер дедім бе? Әлде мен баяғыша еркіне қарамай қалындық айттыра салатын қазактың ауыл жігітіміш бе? Қой әрмен!— дей салды да теріс айналға берді.

Бұл кеште жаңағыдай дөкір мінезді, дүңк етпе тұрлайы сөзді Сағит осындай салқын ажармен женгесін дарытпады. Бұлардың айтқан сөзін ол ойланатып да емес, тек карсы шапшып, жатырқап карсы алды. Оның себебі Сағиттың өзінің бүгін күн бойы, мына қазір кеш бойы ішінде жиылши, түйіле, толғана берген ішкі жасырынды сыйында. Ол сырғы бүгін ғана күндіз бір сәтке оның көз алдына көріпген, қиялышаң әлі де елесі кетпей тұрған Айсұлудың иші. Сол қыздай болмаса қатын дегениң, жар дегениң не керегі бар. Еннесімен мұны өзіне қарай құмартта, қызықтыра құлатып әкеткен бір күш бар. Ішибауырын, бар сырғы-шынын бір өзіне бағындыра тарткан құдіретті әмір бар, магниттей әмір.

Рас, сондай қатты қызыгуына сінді мынау әйелдердің «үйлену керек» деген сөздері бір жағынан әриәрсепі ойға салып жаңақсандай да болады. Бірак сөз емес, керек емес, бұлар ақылы мұлде-мұлде басқада, өзгеде. Олар күпідізгі сұлудан айыратын аулак, жат ақылда, жаман есенте.

Баласының Әсследей жеңгениң айтқан жөні бөлек жүйелі сөзіне сопшалық сұық жауап бергенін кәрі шеше жактырмады.

— Ой, ақылы жоқ, сорлы балам. О неменесіне осқырдың? Дүниеден қатын алмай азбан боп өтем деп пе ең. О нессі? Алар болсаң сондай жаксы шешепің жетіп отырған қызын алсаң дұрыс дегенге неге ойланбайсын!— дей беріп еді.

Сағит шешесіне де бұрқ етіп, тоң-торыс сұық жауап айтты.

— Тілеуің берсің, апа, кіріспе! Айтпа! Керегі жоқ!— деді де екі үлкен әйелдің мазасыз сөздерінен күтылу үшін стол басынан атқып тұрып, аксаңдай басты да ағасының кабинетіне қарай тез жөнеліп кетті.

Екі жұз мың тоцна мақтанды өкіметке, Отанға берген уәде бойынша ада қып шығу облыстың күн санаң, сағат санаң дамылсыз алысқан арманы. Соңғы онкүндік бұл жөнде бар облыс қөлемінде тіпті тарихтың тіршілігінде қоғамдық, саясаттық шаруашылық бар болмысында бөлекше іріктеліп — соқталанып шыққан анық асқар асу-дай өзгеше шак.

Мақта егетіп аудандар саны аз емес. Облыстың теріс-тік жақтарында Сайрам, Түркістан, Арыс бар. Одан бер-тінде Қаратас, Сарыагаш, Қелес. Содан кейін әсіресе бүгінгі, биылғы бар үміт көзді, жанды-жансыз күш атау-лыны өздеріне қадап отырған осы түстіктің үш ауданы. Рас, әзір мұның үшесін де Түркістан дәл мына 5 ок-тябрь күні алда келеді.

Облыс басшыларының осында отырып алған ақпа-рында Түркістан 85,44 процент орынады. Ал Сайрам сияқты мол бір аудан 33—34-тің ғана айналасында артта жүр. Түркістан бұл шаққа дейін алда болса, енді еріксіз шабандап, кейінде қалғалы тұр. Себебі онда жауып жауып қалды. Мынау үш ауданының екесін кезек озысып, тайталаспен анық үзеңгі қағысын келеді. Рас соңғы күндерге дейін алда келе жатқан Ленин атындағы аудан еді. Дәл бүгін 5 октябрь күні Киров атындағы аудан 83,31 процент берді.

Ленин атындағы аудан болса бұл күні 82,73 процент берген. Осы кеште Киров ауданының секретары көзге қора-ш, кішілеу, арықша болса да қатты өркештеп көте-ріле сөйлеп отыр.

Мұқаш Баймұхаметов ауданының бірінші секретары кешкі ақпаратта рапортта өзі шақырып алған аудан бас-шыларына құле түспін хабар берген.

— Ленин ауданы бүгін бізден кейін қалды. Киргізовтан не қып қалып қойдық деп шулап жатыр. Ал бұл біздің алғаш озып шыққанымыз болса да, енді осыдан соң Ленин ауданын ілестірмейміз. 11-інде 100 процентке ілі-неміз. Жолдас облыс өкілі, осы сертке күз ғана болма-цыз. Бүгінге шейін еткеніңіздей көмекші де болыңыз!— деп жарасқан әзілмен күлді де Баскенттен келген Жай-лыбеков Алмасбекке серт те, салмақ та тастады.

Бойы биіктеу, үлкен көздері ажарлы, ақ сұр жүзінде дөңес мұрны бітімді кісіні танытатын Алмасбек өзінің

көптең бергі тату жолдасы, аудан секретары Мұқашқа күле қарап, бас изсп тұр. Алмасбек облыстар үш ауданға жіберілген үш басты, жауапты азаматтың бірі. Ол облыстық кәсіпшілер одағының бастығы. Қазір 20 қүннен бері осы Киров ауданында макта жөнінде енбек етіп жур.

Түстіктің қалған үшінші ауданы Жаксыарал ауданы. Опда облыстық атқару комитетінң бастығы Ахан Сұлтанов отыр. Үш ауданың мактанды ең көп беретін атакты аудапы Ленин аудапы. Облыс беретін 200 мың тонашын 70 мыңнан тек сол аудап өзі бермекші. Ол ауданда бүгінде облыстың бірінші секретары Юлдашев жолдас өзі отырған...

Аудан секретары Мұқаш пен облыс өкілі Алмасбек облыстың екі үлкен басшысы бұлармен көрші аудандарда отырса да сиді артта қалып бара жатқан жайларын ақырын айтысып, мысқыл етіседі.

Алмасбек бұл жөнінен әзілдегендеп:

— Киров аудандардан ғана озған жок, обком мен облисполкомның басшыларынан да сен екеумізді басып озғызып тұр. Осынымыз сыпайышылық жөнінен қалай болар екен. Телефон кайда, қазір Юлдашев пен Сұлтановқа осы жайды ескерте тиісіп көрсін. Мені бір қосып жіберші,— деген. Ол шынында анау екі жолдасты үйреншікті әзілмен телефонда сәл қыса қағытып өтті.

Обкомның бірінші секретары Юлдашев бұл телефоннан әңгімесінің уақытында «Лениннің» орталығында бірінші секретары Қөлбаев Мұхиттың кабинетінде отырған. Макта жөніндегі бірнеше жылғы үрдіс өнімді енбегі үшін Социалистік Енбек Еріпің атағын алған сұлуша, қоңырқай жүзді райком секретары Қөлбаев Мұхит Алмасбектің Юлдашевқа айтқан әзіліне құлседе ішінде ызалы қыжыл бар.

— Бүгін жеттім деп отырсындар ғой. Өмірде бірінші рет жеттіп, бір жарым процент алға шыққанға тыраштадының мыналардың. 20 қүннен бері ұдаїы бес-алты процент артымында келе жатқанында үндегі шықиаушы еді. Қөрермін әлі, құлқі бүгін күлгендікі емес, ең соңғы күлгендікі!— деп кабинетте отырған өзін қошаметтегіш жолдастары аудан прокуроры Саматовты, аудап соты Бекбасевты қоса күлдірген. Осында отырған аудандық тұтыну кооперацияның бастығы шойжалке, бурыл самайлы, сұлу киінген Әбілмәжін сақылдалап тұрып қызара бөртіп қошаметтей күлген.

Бірақ бұл күлкілерді Юлдашев қостаған жоқ. Ол анығында бар таразыны жаңағы жолдастарынан артырақ көріп отыр.

— Эй шырактарым-ай, ойында озғаш шында да озады. Мұқаш пен Алмасбек бұғін сендер мен маған ойнап күліп отырса, ертең шында, жыға күліп журмесін. Осы озғаны озған ба деп қорқып отырмын мен. Сендер үйдесең біздің ауданың батырлары! — деп өзіңе де, жолдастарына да мықыл етіп сақылдап тұрып күліп жіберді. Ол сүйсінген пәрсесіне күлгендеге барыша қатты, ашық жарқырай күлетіп. Қазір өз халдерін өзі сынап мойындаған күйінде жұрт жігерін қамышылай түсү ушін әдсей мықылына ширак күлкісін араластырған. Ол Алмасбекке жаңа телефонда қатты күліп әзіл сын айтқан.

— Сен орайын тауып күліп тұрсың. Кезін тауып күлдің. Оның жөн. Бірақ Юлдашев пен Сұлтановтың алдына түсіп кеткеніңе айын төлегін келіп тұр ма! Біз намазда тұргамыз жоқ, мұсылманиң намазында ғана жай сапта тұрган адам имамның алдына шығуға болмайды. Сұлтанов пен Юлдашев имам емес те, сен намазгер Түркістаның сопысы емессің. Алға шықсан шыға бер де, оза алсан сол бестіне, артына жалтақтамай оза бер, жыта бер! — дегей.

Ол осы әзілін Ақан Сұлтановқа телефонмен айта отырып, Ленин мен Жақсыарал аудандарын қатты шықырта сокқандай ширықтыра сынап та кеткен...

— Біз екі аудан жұртшылығы бұғін күлерлік күйде емеспіз. Ұяттымыз! — деп трубканы салып қойып, жаңағы өз қасында отырған аудан адамдарына енді томсарған жұзбен түйіле қарап отырып; — онкүндіктің ендігі қалған бес күнінде Ленин ауданы Киров ауданынан тағы қалса, біздің біразымызды тірсекке сабап тұрып макта даласынан айдал-айдал тастау керек. Куып тастау керек тұра! — деп түйіле тәнген қалпында салмақты жұдырығын столға да бір соқты.

Бұлардың тосып отырғаны аудандық атқару комитетінің бастығы Әшкен еді. Сол алыс совхоздан жаңа келгенде осы бөлмеге онымен ілесе сыртта салқында тосып отырған он шақты жауапты қызметкер кірді. Бұлардың арасында екі әйел де бар. Келгендер аудандарғы мақталы ірі колхоздардың бастықтары мен осы аудандарғы атакты екі ұлы совхоз Ильич, Жақсыарал совхоздарының бөлім басшылары болатын.

Ауданның мақта жөніндегі сің жауапты штаб есепті жаңдары осылар. Мынау қадірлі оңқұидіктің қалған бесс күнінде мақтаны 100 процентке жеткізуді серт етіскең ширак, шапшаң және нақтылы қызу, қысқа сөзді серт жиналыштар жасады. Байлау иұқсауларды ауданның бар шаруасын тамаша жақсы бар машинналарымен, адам сандарымен түгел бұлжытпай біліп отырған Юлдашев өзі кесіп-кесіп атап берген.

Інір қараңғысы Ленин ауданы орталығының көшесінше, бау-бақша үстінен қоюлан төңгесі кезді жан-жаққа тараң кетісіп жатқан жеңіл машинналардың сигналдарымен мол үн салды. Айқыш-үйқыш жарықтары және борай үйтқыған шаңдары бірін-бірі қосылып будақтан кетіседі.

Райком үйінің маңындағы алаң мен көшслердің бәр-бәрінін бойларында жаңа ғана тараған қайнар штаб қызы өмірі аңғарылады. Кетісіп жатқан машинналардың көпшілігі «ГАЗ-69», араларда «Победа», «Волгалар», бірсулар ерекшеліктерінде жаңа шаңдарында ауыр міндет, үлкен есеп-саидар, серт, уәдесін алып ұшып кетісіп жатыр. Машинналардың көбін адам күшін іркү үшін өздері айдаған аудандық жауапты қызметкерлер.

Дәл осы машинналар сигналдары, шаңдары карбалас әбігерлері орталықты қым-куыт карбаласқа салып жатқан шакта, Айсұлу да үлкен кесірлі әбігер күйіне душар болды.

Колының мертігі Ильястың көмегімен орнына түссе де Айсұлу үш-төрт күндей жұмысқа жарамады. Ол сол күйінде қатты қиналған, қысылған болатын. Енді дәрігерлік пунктіндегі аспап, дәрі көмектері аз болған адамдар бұған электр кабинеті бар, рентгені бар аудан емхана-насның бүгін барып көрініп қайтуға жолдама берген. Орнына түскен колының әлі біраз ісірі бар. Петр Иванович: сүйекте шатынаган жер жоқ па екен, деп ауданға әдей қолданың суретін түсіртпін алуға жіберген.

Айсұлу емханаға кешігіп келіп, кешен шыққандықтан колхозына қайтатын машинадаң ажырап қалған еді. Солай жүретін машинаны ол кешке шейін амалсыз тосты. Ақыры машина болмай, жаяу кетуге ои шақты километр алыс, түнге калатын болған сон ол осы аудан орталығында шешесінін төркіні Әбді ағанын үйіне бармақка беттеген. Ол үйде Айсұлуды кішкене күнінен жақсы бі-

ліп, жақсы көрстін және аудандық орта мектепте Айсұлу оқып жүргендеге кейбір жауынды сүйк күндерде жатып кестіп жүрестін шешедей сенімді женге бар.

Қазір Әбдінің өзі құмда малда болғанда, баласыз әйелі Айсұлудың женге дейтіні Құлшат апай үйде болу керек. Бірақ ол үй де Шыншарлының шетінде. Емхана болса орталықта. Машинаны тосқаңда да Айсұлу сол орталықта тосып кешендей қалған. Дәл осы дағдарыс жөнімен не де болса шеттегі Құлшат үйіне барып қонбақ болп беттеген Айсұлуга Әсес тап бола кетті. Әседін үйі Айсұлу келе жатқан көшениң емханаға жақын пүшпағында болатын. Есігінің алдында көлеңкесі мол алшашын түбіндегі отыргышта жалғыз отырган Әсес қасынан өтіп бара жатқан Айсұлуга өзі амандасып:

— Амансың ба, шырагым! Мен атынды ұмытып қапнын. Апаңды жақсы білуші ем. Сен мына Найман қыстағындағы «Қызыл жұлдыз» колхозындағы Нұрбұбінің қызысың рой!— деп орала кетті.

Улксен, келісті депесін шапшаң көтеріп Айсұлуга қарай қадам басып, қасына да келді. Айсұлу опың сұраптарына қымсына, қызара түсіп:

— Ия, ия, солай-солай, апай!— деп қана бірнеше үзік-үзік қысқа жауап айтқан.

Жабыса оралған Әсес мұның ис қып жүргенін, қайда бара жатқанын түгел білді де, енді сол арада өз үйіне қонақжай, меймандос жылы, пүрлы жұзбен Айсұлуды шақыра бастады.

— Апаңмен біз көнтең ашынамыз. Өзің танымасаң да мені бөтсен демес! Кеш қараңғысында жалғыз бала қайда барасың. Мынау біздің үй, бұ да жақын, жатырқамайтын дос-жарыңың үй-жайы, ссында кемпір енен екеумізден басқа жаң жок. Жүр, бізге қоп. Кәне, үйге жүр!— деп Айсұлуды білегінен ұстап өз қақпасына қарай бұра берді.

Әседін сөзіндегі бір шындық, расында бүгін бұл үйде өзі мен снесінеп басқа ешкім жоқ-ты. Әбілмәжінді мактаниң әбігері куып жүргелі талай күп болған. Ол кейде күндіз, кейде түн ортасында бір соғып, киім ауыстырып, өзір асты немесе ашулы бөтелкені қабаттай қарбыта ішіп-қылғып кете беретін. Одан «қайда жүрсің, қашаш ораласың?» деген сөзді, жайды Әсес сұрамайтын да.

Сағит бұл үйде бұл шақта жоқ. Ол тегі туған анасының үйі осы үй болса да, өз туған шешесі кен танау кем-

пір осында болса да қызметке орналасқалы бұл уйде тұрмайтын. Қейде жиі келіп жүріп, қона жатып кетсе де осы Шынарлыда туысқан-туғандары көп, мол түбірлі, көп ағайынды топ болғандықтан өзге жақындарының үйлерінде кезектеп тұра беретін. Салт атты, салт басты жігіт әлі жаңада қызметке кеп тұргандықтан бар туған-туысқантың үйінде де қопақ есепті қабылдана беретін.

Айсұлу бөтеп үйге қонып көрмеген қалпында Әселдің үлкен үйіне ақырын басып, тартына қысылып, ішінен үркектей кірді. Бірак верандада, төрде дөңгелек стол жапында жастыққа жантайып таяқ ұстап отырған үлкен әжеге тақап келіп столдың екінші жағына тізесінен жүгіп отырып, ибалы жұзбен сәлем бергендей бол: «Есепсіз бе, әже?»— деп еді.

Үй іші, осы үш әйел де, сонан соң Әселдің дабысташ «Баттал, Баттал!»— деп бақшаға қарай қатаң шақырған дабысынан соң келіп кірген жалаң аяқ, бітік көздеу, үрніген сарғыш шашты 12—13 жасар бала болатын. Оған Әсел шай қойғызды. Қемпір мен Әсел өзара азғана күбірлесіп қалғанда келіні енесіне Айсұлудың кім екенін тез үғындырған. Осымен аз уақыт өткенде шапшаң қайнайтын самауыр да екі ініпен бу атып, дағдылы орнына, Әселдің қасына келіп орнаш еді. Шай ішіле бастады. Баттал бала столдың екінші жағында, самауыр қасында Айсұлуга тақау отырған. Ол осы үйге қызмет етіп жүріп мектепте қоса оқиды екен.

Айсұлудың оқып, былтыр бітірген орта мектебіне бастауыш кластарға ол осыдан екі жыл бүршін түскен-ді. Жоғарғы класты былтыр бітірген Айсұлуды Баттал бағана келген жерде таныған.

Әйелдер арасындағы сараң сөз саябырлап, үнсіздік үй ішінде созыла берсе, сөйлеуік бала Баттал Айсұлудан оның оқуы жайын сұрай жөнеледі.

Жаңағы бір әзірде оның сұрауы бойынша Айсұлу Алматыға барып, биыл оқуға түс алмай қайтқанын айтқан. Енді ол Айсұлуга кішкене бітік көзін қадалта отырып:

— Сырттай оқитын окуға қашаш түсесің?— деп сұрады.

Айсұлу қыс түсе, декабрь ортасында баратынын ақырынғана айтқан еді. Әсел өзі оқымаған әйел. Айналасынаң қыздар жайынан көбінше еститіні мектептен ұзамай бұл өнірдің қыздары күйеуге тиетін. Сол жайды ол өзі

де, күйеуі де қазақ қызы үшін жеткен, жетіскеи мөлшер деп біледі. Аузы сөйлем үйрәнген. Тыюши болған емес. Қеңілі болса оқыған дегениен өзінің кеудесін, санаасын кем деп біліп көрмеген төрт тарарапы түгел сөзуар женғе енді қонағы — момын жүзді Айсұлу қызға ақыл сөйлей бастады.

— Мұндағы окууды бітіріпсін. Шешең болса жесір¹⁴⁴ болғалы, сендерді асырап өсірем дегелі көп жыл, жас өмірін бар өмірін сари етті. Сен болсаң жасың да, бойың да жетіп, жетіліп болыпсың. Енді тағы оқу деп, тағы қайда қаңғымақсың, сіzlім-ау! — деп бір койды.

Айсұлу мұндаї сөздерді көп есітетіп. Естігенінің бәрій өзінің дүниедегі ең сырлас жаңы, жақыны шешесіне түгел айтатын. Айта отырып, апасынаи баласы ілгері оқуға рұқсат алыш, өз жайын мықтап шешіп койған-ды. Сондықтан келер-кетері жоқ қысыр сөзді бастап отырған Эсслге ол шешіліп шыңдап жауап айткысы келмеді.

— Кім білсін, апай. Оқимыз дейміз. Ол оқу қолға түсеме, жоқ па? Алдағы белгісіз жайлар еді. Көреміз де! — деді де тоқтай берді.

Дәл осы шақта сыртқы қақпа жабылғаны біліп, енді біразда вераңда есігі ашылып, жалаң тақтайға аяғын қатаң басқан үзын бойлы, кесек деңелі, дудар шаш, қара торы жігіт кіріп келді. Үйдегі Эссл мен кәрі шеше аз-аз үндер қатып:

— Келдің бе, Сагит, жогарылат. Сен екенсің ғой! — дессе берді.

Сагит үйдің ішіне көз тастады да Айсұлуды көре бере самауырдың аржағына кеп ақырып түрді да қалды. Ойда жоқтан жақында жүзін ғана сырттай бір көріп, кім екенін, қайдарғы жап екенін біле алмай адасып, қаңғырып қалған жігіт енді оқыстан көргеніне таң қала бере куаныш та кетті. Жайшылықтағы тоң-торыс, сүйк мінезді жас жігіт өзінс өзі себебін айта алмастай халде күліп жіберді. Өні де әуслі бозарынқырап сүркүл тартып, енді ду еткен, ойнаған қапмен қара қоңыр тартып шұғыл құбыла, өзгере берген.

Ол енді бір кезек адымдай басып төрге шығып, Айсұлуды басып өтіп, столдың екінші жағына таман төрлей отырған шешесінің қасына барып курс етіп отыра кетті. Үржиып күлгей жүзін Айсұлуға қадаған қалпынан аудармайды. Амандақсанды: «Мен сізді білем, сіз де мені білсесіз!» — деп сенімді сөйлей берді.

Айсұлу ақырын гана:

— Есесіз бе? — деді де басын сәл шайқап: — Білмей-
мін, мен білмейміш, — деді амалсыздан.

Сагит әрбір өзі құрбылас жас қызға омырау сәйлеп
соктіға жаңасатын дагдысынша:

— О кой, оның не? Таписың ғой мені! — деп салған-
шан «сен» деп қатқыл, түрпайлау сөйлеуінің үстіне Ай-
сұлуды тамашалаған жүзінен әлі де ыржиган сүйкімсіз
құлқісін жиган жоқ.

Айсұлу анық жақтырмай, сәл қабак шытты да басын
тағы шайқап: «Мен білгесін емесспін!» — деп есік жаққа
бұрылды.

— Бәле, өзің қызық екесің. Осы төрт-бес күн бұрын
көрдің ғой мені.

— Қайда? Қайда дейді?

— Е, медпункт қайда? Колың мертігіп дәрігерге кел-
медің бе?

— Ия, сонда...

— Сонда мен қолыңың мертіккепін, дәрігердің емде-
генін бәрін көріп отырғаным қайда?

Айсұлу Сағиттың бұлай төпдіре сөйлегеніше де мойны-
даған жоқ. Себебі ол өзінің колы мертіккен күні ауыз үй-
де кім отырғанын, кім тұрганын эste байқаған емес ті.
Ол тартына үндемей ішінен әлденеге тышынсызданған-
дай қозғалактап есік жаққа денесін де, көзін де бұрды.
Қырын отырды. Ойында осы үйден шығып жүріп кетсем
деген байлау бар тәрізді.

Өзінің қайнысы мен мына қыздың арасында жалғас-
кан сөз тұмаған соң енді Эсел үн қатты.

— Екеін де бір-бірінді жете білмейді екенсің тегі.
Мен айтайышы. Мынау жігіт менің қайным — Сағит,
оқу бітіріп осында қызметке келген, жаңадан келген те-
кінек, су текінегі. Осы аудандарда айтысады ғой, ең ке-
рек маман кім десе, шөл жерде су текінегі ең қымбат
адам деп. Сол қымбат маман құрбын Сағит осы болады.
Ал, — деп енді бір кезек Сағитқа бұрылып, күле түсіп:
мынау жас сіңлім аты Айсұлу екен. Бұл біз Найман ауы-
лы дейміз. Колхозы «Қызыл жұлдыз» болса керек. Солай
ма, Айсұлу.

Айсұлу ақырын:

— Солай.

— Сол «Қызыл жұлдызда» тұратын жесір аный Нұр-
бұбі деген кісі бар. Сол Нұрбұбінің бойжеткен жақсы ба-

ласы міне осы бала — Айсұлу. Бұ да оку бітірген! — деп койды.

Екеуін анық жанастыра таныткысы қелген орамды сөз де, мінез де көрсетті.

Бір беткей аңғал, қыныр Сағит анада үй ішінде үйлесу жайында сөз болған кезде шешесі мән жеңгесі атаған қызы Айсұлу ғой деп ойламаған болатын. Ол сондағы жеңгесінің бұған атамақ болған қалыңдығы осы Айсұлу екенін жаңаған, дәл Әселдің соңғы сөзімен кейін ғана аңдап еді. Оқыстап таңдана сүйсініп, шұғым өзгере берсе:

— А-о, солай ма, осы ма? Осылай ма? — деп бірбінші жеңгесі, біресе Айсұлу жаққа шұғыл бұрылып жалтақтап, тағы да оқыранғандай ыржып өз-өзімен орынсыз күле берді. Айсұлуға айлакер үлкен әйелдердің Әселдей шырмағыш, орамды, жалғаш мінездері көп таныс емес, оның іші бірақ осындай боп ұшырасқан, әсіресе, өзін көзіне қошеметтей мақтаған мінездер ұнамайтын.

Айсұлудың іші өзінше жүйрік. Казірде де ол бірі қатын, бірі жеңге мынау шала таныс екі адамның екеуінің де мінездерін, сөз, күлкі, ажар-әлпеттерін үнатқан жок. Бірақ іші талай нәрсені танып білсе де тілімен сыртына сол таза, тұра көңілмен танығанын адам жүзіне туралап айта алмайтын үяңдық па, жасаңдық па, әйтеуір бір түрлі бір перде жыртқызбайтын амалсыздық тұсауы бар. Сондықтан ол ешиәрсе айтпады да. Ақырын ғана тұрып, есікке қарай қозғалды.

Әсел оның кеткісі қелген шығар деп өз сөзімен бөгсемек болды.

— Айсұлу, қайда, немене? Бір жаққа бараймын дедің бе?

Айсұлу осы кезде орнынан бірге тұрған Батталды ақырындау үнмен атын атап өзіне қарай бұрды. Ол Әселге де білінсін деп Батталға ендігі ниетін айтты.

— Баттал, сен біздің апай Құлшаттың үйін білем дедің ғой жаңа?

Ойында таза көңілден басқа ештеңе жок Баттал:

— Ия, білем, немене?

— Ендеше мен сенен сұраймын, сен сол апайды осында мен шақырады, тез келуін сұрайды деп барып келші! — деді.

Әсел мен өзге үйдегілер Батталға бөгелер сөз айтып үлгірmedі. Баттал шапшаң бұрылды да атқып жөнелін

кетті. Эсөл жөнін сұрағанда Айсұлу: «кеш қараңғы, мен жалғыз, қайтуға қын болған соң со кісі келсін дегенім той» дей салды.

Эседің «қондырам, осында бүгін ұстап қалам» деген исти болса да ең алғашқы көріскең сәтте Сағит оқыстап келіп қалған соң мына түсті қызды қөндіріп қалдыру бойлайтынын аңдаган. Енді ол осы үйде қонақ бол деудің орнына:

— Рас, қараңғыда жалғыз жүру жайсыз болар. Бірақ апарып салмай ма, мына Сағит! Мына Сағит апарып салмаушы ма еді? Кәрі жеңгенді иесіне шақырттың?— деген еді. Оған Айсұлу:

— Оқа емес. Келеді, бірге кетеміз!— дей салды.

Сағит енді орнынан түрғац бойында есік жақтағы жалғыз орындыққа отырып қалған Айсұлуга жана satын сөз таба алмай, оның кететін мінезін туралай жақтырай, сәл қыжырта сөйледі.

— Немене, мұндағы жұрт тонауышылар ма? Неге үріктің!— деп тағы өз сөзіне өзі ырсындаң, сүйкімсіз танауы желбірей түсіп ыржандап күле беріп еді. Мұның жүзінен бірінші рет ашық барлай қарап, өзгеше көркем сүрша көздерін бұрган Айсұлудың өзгеше мөлдір ашық жүзінде Сағитқа алғаш сынай қараган ажар болды. Орындықта, биік жерде отырып Сағиттың барлық түр-түрпатын, жүзекінін енді гана толық көріп аңдаган Айсұлу бұл жігітті сонша бір сүйкімсіз, келеңсіз жас көрді. Онымен жауаптасқысы келмей ашық қараган жүзін жалтарптай да сынай отырды да жауап берген жоқ.

Бұл бір өз қадірі мен бағасын орнымен заңды мөлшерде жақсы білген шынышл жастың керек болса сәл тәкаппарлық ға мінезі болатын. Ол ішінен: «Сенімен жауаптасам деген кім бар?»— дегендей салқын түйілген күйінде отыр.

Кыздан жауап ала алмаған Сағит енді шүғыл өзгерін, дудар шашын будыратып басып бір шайқап алғып, дөңгелек столды бір жақ аяғын секірте шынтақтай басып орнынан атқып тұрды. Желбіреген танауларын пысылдай көтере түсіп үйден тарс-тұрс басып шығып кетті. Оның қайда кеткенін үй іші аңдаган жоқ. Айсұлу Эсемен де көп жауаптаспай үндемей гана көзін төмен салып отырып қалған.

Өзі аңдамай ол қос бұрымының бірсеуін бергі жағына иғынын асыра құлата түсірген екен. Баганадан қыздың

ажарына үнсіз қарап сыйырайған көзімен сұлу жастың ете жақсы танып отырған кемпір шеше сиді Әселге сөз катып:

— Жаңағы Сағит қайда кетті? Мына баланы апарып салмай! Өзі не қып кетті екен. Тығыз бір жұмысы болды ау!— деп оның келісі мен кетісіндегі келеңсіздікті өмір тәжірибесі мол карт көңлі осылайша жаймашуақташ майдаламақ еді.

Әсел де Айсұлу көзінде Сағит сөлемекет бол көрінбесін деп:

— Жок, ол әлі кетіп қалған жоқ шығар. Мына Айсұлу дудың апасы келген соң ертіп апарып салады гой. Үлкен қалада жақсы тәрбиеде өскен жастың бірі емес пе о да. Сыпайышылық жолын неге білмесін!— деп және де Айсұлу дудың ойында жоқ оғаш күйлерді тілмен жалап, жамап, майдаламақ болады.

Айсұлу дудың зерек көңлі өзінے Әсел міңсін түгел шешуді рұксат етпейді. Ол батыл күйде шын сезгенін дәлдеп айтса мынау қазакы жеңгे тұрпайы қайнысына Айсұлу дуды кәдімгідей телігісі келеді. Сондайна оңайынан көне қоятын Айсұлу көңлі деп ойлағандай. Надан, жабайы, ескі ауылдың феодалдық-патриархалдық дейтін айлалы сүм мінезі аңғарылады. Бұл жайды Айсұлу өзінегін түгел жеткізе сезеді. Әседін де май басқаң, осындаи айламен өскен қалың етті дөңгелек жүзіне салкынғана, қысқа ғана көз тастап қояды. Сәттей шолақ қана көз бұрады да онымен де жауаптаспай бойын, ойын тежейді. Енді бір кезек ол «осы бір үйге, осындаи жаман тор тәрізді мінездер ортасына, жайсыз адамдар арасына қалай келдім, неге келдім, нем бар еді?»— деп өзін өзі кінәлап та қалды. Сол жайды сезінуі мүш екен, тіпті өзінегің иза да болды. «Есімнен шатастым ба, әншіейін көшеде тұра амандақсан кісінің үйінә жөн-жосығын білместен көш бата келіп нем бар еді осы?»— деген өкінішті молайта беріп еді. Сол сәтте жүзіне қатты толқыған қызыл шырын шықты. Кешкі шамның ауданды жердің әдетінше әлсіреп тұрып шұғылдан жарқырап күшеттің сәтінің бірі болып еді. Үнсіз оқшашау отырып қалған қыздың жүзінен енді көз тастаған Әсел оның ақ сарғыш өңінде мынадай ұнамды уыз жастық қызығыт жарагастығы, нүр ажары білініп тұрганын көргенде бір түрлі тамашалай сүйсінді. Ішінен: «Мынау не деген сұлу қыз еді! Тіпті талайдан, қазақ қызынан көрінбеген көрік екен. Не гып қана бұл

осы күнге дейін осындағы көп жауапты қызметкерлердің біреуінің көзіне ілінбей, тағы біреуінің қолтығында кетпей жур екен!»— деді де содан әрі өзінің әнеугі енесімен сөйлескен жайларын және де еске алды. «Бұ қыздың үйінде мынау көргені көп кешегі бай кемпірдің көзін қызықтырған жасау да мол деген болатын. Әрі қыз сұлу, әрі үйінде Әселді қызықтырар қызылы көп. Несін айтасың!.. Бұны қолдан шығарса есуастық болар еді.

Енді ішінен Сагитты еске алып:

«Сорлы Сагит, не қыласың, барыңды сал, қатын алсаң осыны ал! Осыны алу қолыңнан келмесе бүгін мына кеште орайластырың кездестіргенімнен садаға. Сірә, сірә, осыны ала алмасаң жігіт болмай өле қал!— деп өз қеудесінің бүйрығын түйген болатын.

Сагит тез оралмады. Енді біразда Баттал бастап Құлшат жептей асыға басып үйге кірген еді. Ол үй ішімен салқын, қысқа ғана амандасты да алдынан қарсы тұрған Айсұлуды пығынан құшып, маңдайынан сүйіп ертіп әкетуге айналды.

Әссл мен кемпірдің «отырып тамақ ішіп, асықпай кетсең болмай ма?»— дегеніне қараған жоқ, сынайы сөзben алғыс айтты да мезгілдің кеш, ертеңің жұмыс қамы бар екенін сөйлей бере «қоши-қошын» қоса айтты. Есікten шығар-шықпастан Айсұлудан қашан келгенін, не қып ауданға келгенін жүріп бара жатып, сұрап та бара жатты.

Бұлар кетіп бірталай мезгіл өткен соң үйге және де адыраңдай басып, Сагит кіре берген еді. Оның қазір өні күрецітіп, демі ыстық тартып бойына асығыс қызу жигандай. Анығында Сагит өзінің дөрекілеу есебі бойынша тартыншақ қызбен батыл сөйлеспек үшін жақындағы құрбы жігіттің, кооперативте істейтін магазин сатушысы Құсайын деген құрбысына барып екі жұз грамм аракты асығыс тастан, помидор, алмамен жүре закускалап қайта оралып келген-ді.

Енді Әселден қыздың кеткенін біле сала:

— Қанша болды кеткенін?— деп асыға арс ете сұрап қалды.

— Көп болды. Үйлеріне тақап та қалған шыгар!— дегенде иығып жауып тұрған пенжагін шапшаң қол сұғып киіп алып, шұғыл бұрыла тарпылдай жөнелді. Сол-ак екен енді біразда қорада ерттеусіз тұрған қоңыр атқа жайдак қарғып мініп ап шапқылай жөнелген.

Ойларында ешиәрсे жоқ, екі әйсл қараңғы көшеде

қап-қаранғы ағаштардың көше бойындағы қатарын жағалап келе жатыр еді. Енді бұрыш айнала бергенде қарсы пүшпактаң қалың жапырақты қап-қара үлкен шынар ағашының түбінен, байлаулы тұрған аттың жанынан бұларға қарай адымдай басып ұзын бойлы, қалың пық, кеуделі Сагит алдарынан орала кетті. Келе Құлшатпен шалағана «амансыз ба?»— деп салқын амандасып Айсұлу жаққа шықты да, оны қолтығынан ұстамақ болып еді. Айсұлу қолын шұғыл тартып алды да:

— Сіз немене? Не керек сізге?— деп Құлшатты сол қолымен қолынан ұстап өзіне қарай жақындаға тарта берді. Өзі болса жүрмей тоқтай қалып еді.

Сагит: «жұр, жұре сойлесейік. Мен шығарып салам. Эдейі келдім».

Айсұлу жүрмеді.

— Шығаруыңызға рақмет. Біз үйімізге де жеттік. Одан да өз жолыңызben...— дей беріп еді, Сагит оны тагы да қолынан ұстай берді.

Айсұлу енді қолын қатаңырақ шапшаң жұлып алды.

— Жолдас, сізге не керек деймін? Мен сізді білмеймін де. Неменеге артымыздан куа келдіңіз?— дегенде Сагит ызалана күліп жіберді.

Омыраулай басына сөйлеп:

— Менің сенде сөзім бар, үлкен сөзім бар, білдің бе? Тыңда деймін. Тыңдашы өзің, немене өзің!— деп қызды жібітпек боп күлді. Құлғын, қыза сөйлеген демінен Айсұлу арақ исін сезе түсіп, бұрынының үстіне жирип, ашуланып кетті.

— Сізде менің сөзім жоқ.

— Менің сөзім бар.

— Керегі жоқ сөзіңіздің! Түсінесіз бе, сөзіңіздің де, өзіңіздің де керегіңіз жоқ.

Сагит бұл тұста Айсұлуды сол қолынан тағы да қатты қысып ұстап, жұлқа тартып қалып еді. Айсұлу айғайлап қалды:

— Тартыңыз қолыңызды!— дегенде Құлшат та ашулы үн қатып:

— Эй шырағым, не қылған немесің өзің? Тұр былай жолымыздан! Немене, кімді басынып жүрсің!— деп Айсұлуды бауырны тарта берді.

Сагит сонда Айсұлуды тағы да алдын бөгеп:

— Сө-өз-з-ім бар, тыңдайсың сен. Үлкен сөзім бар. Құтылмайсың сөзімді тыңдамай!— деп енді анық мастық

бастаған жапжалқой сотқар зорлықка ауыса бастап еді. Өмірінде мұндай ұтсыз, келенсіз дөкір зорлыкты көрмеген Айсұлу катты айғайлап:

— Жоғал! Неткен айуан!— дей бергенде жігіт мұны бір қолымен тартып жүлқа қалып, Құлшаттан үзіп алғын енді беліне оң қолын созып құша беріп еді.

Айсұлу: «Айуан, нахал!»— деп барынша өзі ойламағандай, күтпегендегі шынғыра айғайлап жіберді де жігітті жақтаң оң қолымен тартып-тартып жіберді. Жыныды соқыр ашуға мінген Сағиттың көзіне от жарқ еткендей соққы тиғенде ол өзінің не болғанын білмей құтырып кеткен қалпында қыздың жағағы қолынан ұстай алғын екінші қолына қопышынан суырып алған пышағын көтере Айсұлудың білегіне салып алды.

Айсұлу мен Құлшат көше бойына айғай салып жүртты көмекке шақырып, соны енді ғана аңдаған және өзінің есуастығын, өзі еткен жыртқыштығын енді ұғына бастаған Сағит жалт берді де жөнеліп кетті. Қетерінде тістенін тұрып, ақырып айтқан бір-ак сөзі Құлшат пән Айсұлудың құлағында қалды: «Сені мен аламын, жерге кірсөң де сені мен аламын!»— деген айт сияқты жыртқыш ациның ниетіндең ниетін кара түнде ақыра айтты да атына қайта қарғып мінің ап шапқылай жөнелді.

4

Құлшат сол түнде дәрігер тауып Айсұлудың қолын оратып, алғашқы емін істеткен болса да тыным тапқан жоқ. Таңертең тұра сала емханага апарып, қайтадан емдегіп оратып Айсұлуды ерткен бетінде аудан орталығындағы комсомол комитетіне келді. Бұлай бастаған Айсұлудың өзі болатын. Апасына енді ол тек ауыз үйде күтіп отыруды тапсырды да бірінші секретаръға, ең алдымен ертелең кірген ең бірінші келуші болды.

Комсомол секретары таңертең кеңсеге асығыс кірген далаға мақтаға жүргелі тұрган Ермекбаев Айсұлуды түрекеп тұрып тыңдады. Сол арада милиция начальнигінен телефон соқты.

— Түнде бір жыртқыштық бопты. Оны істеген анау су технігі өзі де жас, оқыған дейтін, өзі комсомол Сағит Әміров дейтін жігіт. Ісі барып тұрган қасқырлық. Қазір сіздің осы жұмысты қолға алып, әрекет етуіңізді аудандық комсомол комитеті талап етеді!— деген.

Телефонда милиция начальнигі бұдан Айсұлудың қайда екенін сұрады. Секретарь өзінің қасында Айсұлу тұрғанын айтқанда ана жақтан тағы айтылған ұсыныс болды. Ермекбаев оны тыңдап алды да, трубканы салып қойып Айсұлуға қарады.

— Қазір өзің барған доктордан, емханадан дәрігерлік акт жаздырып ал да, жаңағы мен сойлескен аудандық милиция бастығына апарып табыс ет. Қағаз жүзіне де жазылған арызың болсын. Мені куәлікке осында келгешінді білдіргеніңді жазып, арызың ішінде қоса айт. Мұны біз текке қалдырымаймыз. Ол айуан, өзінін айуанша жасасын алады. Қоңырлік жасымасын, жігерлі бол. Қомсомол сенімен бірге! — деп ұзатып салды.

Сағиттың жыртқыштығы әуелде осындағы қатты түршігіл ызалаған комсомол секретарының екпінді сөзі мінезімен басталса да, кейін тағы бірнеше күндер откен соң әлденеден бәсепсіп, сиырқұйымшақтанып, сүйела берді. Сағитты келесі күндерде милиция орны жауапқа тартқаны рас. Аудандық милиция бастығы жасы қырыққа тақап қалған, тікірейген кара шаш, қалың қасты қазақ жігіті Жетпісов Айсұлудың арызы мен актыны қолға алып отырып Сағитты қыса тергеген. Оны арнаулы статьяларға орайластырып келіп, қазір тұтқынға алуға байлаپ акт жасауга отырып еді. Сол шақта прокурордан телефон соғылды. Айсұлу (Сағит абақтыға жабылатын болды деп) Құлшат екеуі тағы бірнеше күн емханаға барып жүріп, енді қолы сәл тәуір болуға айналумен бірге колхозына қайтты.

Сағит жазасын алып абақтыға түседі деген сенімді сөзді Райымбековтен, Жетпісовтен кетер күнде де қатар естіп, ренішті қоңілі сәл тыныштанып қайтқаң болатын. Бірақ прокурор телефоны Сағиттың мойнына түсетін жаза құрығын тоқтатып қалды. Оның аржағында неше саты телефон да, үй ішіндегі әңгіме де Эбілмәжіннің, прокурордың, аудан сотының бәрінің арасында күнкіл-күнкіл қысқа ғана сөздер болып, бұл әңгіме ешқайда дабырамай басылып өшіп қалды. Соған орай Айсұлудың аудаңға барып, онда жараланған жайы жасырын қалмай бірталай ауызға жайылған тәрізді. Оны енді айтқанда Айсұлу мен Құлшаттың мүлде ойына келмес жалған бояумен бояп, сырлап таратқан, жайған хабарға айналдырыды. Ендігі айтыста Айсұлу мен су технігі Ташкенттен жақында ғана оқу бітіріп келген жақсы білімді ма-

ман Сағиттың бұрыннаң жастық уәде сөздері болады екен. Бірі алмақ, бірі тимек. Түнде әдейі аудан орталығында қараңғы кеште ұшырасады екен. Сонда әлденеден ұшқынысып екеуі сөзге келісіп қалады. Қызға көп жылдар бойы жүргегін, байлауың, махаббатын сактап жүрген жігіт ашу үстінде өзі және ішіп алған мастық шакта байқамай ойнап, шошытпақ бол түрып пышақтың ұшын тигізіп алады.

Милиция, комсомол соны өзінше ісім, қылмысым көріп дабырайтпақ болған екен, бірақ ауданның үлкен орындары, прокурор сияқты кісілер, есті-басты үлкен қызыметкерлер «жоқты шатырақтамаңдар» деңті де, ұлдың да, қыздың абыройын төкпендер, жаманатқа ойла-рында түк жоқ жастардың өзара ойын үстіндегі мінезін шаулатпандар!» деп бастырып тасталты, деген бар жаман, айуан сүм мінезді осылайша бір жагынан майдалап, бір жағынан сылап-сипал майға орап, айлалы тілмен амалдан таратқан хабар шықты.

Айсұлу бұл жайдан мүлде хабарсыз еді. Бірақ осы сез осы күйінде Эсел мен Әбілмәжін үйінін «Қызыл жұлдызыдағы» дос адамының бірі Бейсек дейтін колхозшы арқылы әлдеқайда Ильясқа келіп естілді. Тегі Ильяс өзі еңбек етіп тұрган «Қызыл жұлдыз» колхозында осы Бейсектің үйінен айран ішіп, сұт алып, кейде осында кеп палау бастырып, бесбармақ жасатып тынығып кетіп жүретін.

Айсұлудың жаңағыдай хабары жеткендес Ильяс ас ішे алмай, Бейсектің үйінен асырып атыла шығып шырқай жөнелген. Ол мынау естіген хабардан шынымен жарадар болғандай. Енді ол өзінің ішіне көптен соишалық берік, үнсіз, тілсіз, қымбат ауыр нұрдай орнаған бар қиялын ойна алған ғажайып сиқыр сезімінен тез-тез арылсам деп әлекке түсті. Кайтсем есімнен сол гана бір жұзді талай түнисен бері күндізгі ойын, түндегі түсін, қиялын алған нұр жұзді, ай жұзді ұмытсам... деген дерт, әлекке түсті. Ол бұл түнді үйқы түгіл, отырумен де өткізген жоқ. Тек қайда жүргенін білмесс де түстіктің қапқараңғы түнінде ең караңғы агаشتар түбінде арлы-берлі сенделумен өткізе алмай, дерпті ұзақ күздің таңын атыра алмай сенделген еді. Өмірінде мұның басына түсіп көрмеген азап түсті. Ұмыту... ұмыту, естен шығару, арылу — ол мен үшін жоқ деп мүлде ойды, үмітті үзу — сол гана шарт, сол гана міндет — деген реніш, күйік мұның көз

залдында ғажайып сұлу үлкен сүр көзді, қызылт қоңыр қос бұрымды, ұдайы сыпайы ғана жымия, қабағын ғана шытынатын Айсұлу жүзін бұл үшін жат жүз ету талабында амалсыз арпалыс түні болды.

Ал Айсұлу болса дәл осы түнде Сагиттың жауыздығынан жирену үстінде өзіне әлі себебі мәлімсіз күйде қайта-қайта Ильясты есіне алушмен, соның көмекшіл, дөң жар мейірбап момын жүзін өзгеше жылдылықпен еске алушмен өткен еді.

Ертегі күні облыстан, астанадан асығыс келгепімен мақта жиоюыш топтар қайтадан асығыс жиналыш, жаппай жөнелу үстінде болатын.

Ильяс та кеткелі жатыр. Оның азғана жүргі буылған. Бірақ ішінде от жанғандай алау ұрган қиналу күйі кеттер емес. Реніш те, өкініш те, әлде бір ыза ма бәрі де аралас, ұлы құйын. Өз ішінде ешбір байлауы жоқ, іздеғені де жоқ Айсұлу бүгін көшеге шыққанда колхоздағына көмекке келген мынау көп жүрттың, жақсы дос жүрттың лек-лек машиналары мен топталып жөнеліп жатқан жаңдарына қимастық көзбен қарайды. Оның жүрергінде әлдеқаңдай өкінішті реніш бар. Кешегі күні ол әдейі іздемесе де оқыстап жолы кезігіп медпункт жаныштан өтіп бара жатып Ильясты көріп еді. Ол бұған әуелі анықтап қадала қарап таныды да, бірақ зорға ғана бас иіп салқын амандастып қалғандай тез бұрылыш кеткен-ді.

Ильястың көзіне Айсұлудын бүгінгі жүзі қатты жүдеген, ағара түскендей бол көрінсе де, оның ішіндегі реніші мұңды сұлу жас жүзді мұсіркеткен жоқ. Айсұлу болса Ильясты бұл қалпында тез ғана жатырқап қалған астананың асқақ тәкаппар жасы деп аңдады. Ол өзінше іштей кінәлаумен қалды. Сонымен қатар өзіне өзі бол айтқан ойында: «илемене, өткізіп қойған бірдемем бар ма? Мен оның кімі өдім? Ол болса кімім еді. Оң қарап, теріс қараганында не келіп, не кетері бар!»— деп сәл күйік аралас жүдеу ойға қалды. Және сонымен аралас Ильяс-қа ренжі түсті. Бірақ сөйтсе де іштей сол реніші үшін өзін кіналай тартынды да қазіргі күніне жауап та, ем де таппай түйіліп қалды.

Ушінші тарau

Нил Петрович Карпов Баскент қаласына қеліп, облыстық партия комитетінің бірінші секретары бол жұмыс істей бастағанына, үш жұмадай уақыт болды. Бұл мезгіл ішінде ол қаланы көп аралады. Бірнеше жақын аудандардың орталықтарын, жеке колхоздарын, өндіріс орындарын, кейең совхоздарын барып көріп кайтты. Қасына кейде облыстық атқару комитетінің председателі Акан Султановты ертеді. Кейде обкомның бөлім бастықтарын, облысты, жергілікті жайды жақсы біletтің жолдастарды ертіп алады. Қаланы ол көбінесе қалалық советтің председателі Өтепов Бекхожамен, кейде горком секретары Сидоркинмен бірге аралайтын.

Облысқа келмес бұрын Алматыда отырып білген қалпынша демалысқа ала кетіп, көп зерттеп танысқан облыс жөніндегі деректі материалдар бойынша ол облыстың үш сала үлкен тірлігі барын жақсы түсінген.

Бұл өндірісі әр алуан салмақты қалыптаған облыс. Ол бір сала. Екінші, ауыл шаруашылығын алса, ол өзі екі арнадан құралады. Біреуі бар Казакстан атынан осыған облыс ада қылатын макта шаруашылығы. Екінші арна — мал шаруашылығы. Макта болса бын облысты едәуір елеулі өрге шыгарды. Карповтың алдында бұл облысты басқарған бірінші секретарь Юлдашев ол жөнінде анық орынды үлкен абырай алып, Алматыға ірі жауапты жайға ауысты.

Қазір күздің қалың ортасы. Кей ауданда енді бір ай шамасында қыс та басталады. Ауыл шаруасынан малға айналысқан күштерінің бәрі сінді қыстың қамы деген кесекті үлкен жауапты жайға көніл мен күш аударып жатқан кез осы.

Карповтың аңдауынша мал шаруасы жағында бар облыс көлеміндегі бөлек жағдайда тұрған екі аудан бар. Ол Ноян мен Ұзақ ауданы. Қыстың бұрынғы тәжірибелеріне қарағанда ең ауыр отетін, шығыны да бола беретін аудандары осылар. Бүгін Карпов сол екі ауданның секретаръларымен сөйлессуге уақыт белгілеген-ді. Ал әзіріше ол өзінің кабинетінде мұны соңғы күндердө көбірек ойлаңдырып жүрген өндіріс саласының бір үлкен нақтылы мәселеін шұғылданып отыр. Ол осы қаладағы ең ескі, ең бағалы үлкен өндіріс орны — қорғасын заводы. Кешеден бері үйге алып кетіп түнде танысып келгесі

жайына қараганда осы Баскенттегі ең ескі, ең бағалы және жұмысқер колективі ең мол ондіріс орында бірталай ауыр түйіндер бар.

Юлдашев кетер алдында обкомның бюросы сол заводтың мәселелерін үлкен жыныс жасап терең талдапты. Протокол мол, кең жазылған. Қөп жайды Карповтың мүндай істерге көп шұғылданған тәжірибелі қөзіне бірталай жайларды анықтап ашып отыр.

Бюро қаулысы бойынша бүгіннен ай жарым ғана бұрын сол үлкен қорғасын заводының директоры Базаров орынан алыныпты. Эзір ол жерге сайланған бастық жоқ. Алынудың себебі бірнеше жайдан құралыпты. Оның кейбір жақтарын осы жолы Карпов Москвага соғып, Орталық Комитетте болғанда және де естіген-ді. Өзіне арнай осы мәселені бөлөгірек ескерерсіз деген сөздер де болған. Енді таныса келгенде білгені Базаровты қөшпілік жұмысшы коллективі тоғышарлыққа, асқақ паңдыққа салынып кеткен адам деп бір сөз еткен. Өз айналасына аз топты қоршашып алғып қөшпілік жұмысшы тірлік, тілегінен аулақтан кеткен. Жұмысшыларға ол қолға түспейтін асқақ алыс адам болған. Бұл жайдан басқа бар Карпов танысып келе жатқан деректерде тағы бір үдайы көрініп отыратын бір жағдай бар. Ол жергілікті ұлт кадрларына оц қарамағаны.

Заводта жергілікті халықтар жұмысшылары, қызметкерлері мүлде аз. Өсірілген маман басшы орындарда, цех бөлімдерінде ондай адамдар жоқ. Бар адамдар өсірілмейді. Тіпті инженерлік білімі бар қазақ қызметкерлері бір орыннан жогарылаң өспейтін болған соң бұл заводты тастан, қызметтен кетіп қалуға тұра келген.

Осы күнде бірнеше жас инженерлер қазірдің өзінде кей цехтарда қара жұмысшыға жақын қызметте көнтеп ұсталып келеді.

Базаровтың адам өсіруінде әрқашан жақындық, жағымпаздық іштей принципсіз, мансапқорлық дағдысындағы жалғастар, байлаңыстар көп орын алады. Ал заводтың тарихын алсақ, алғашқы жылдарында беріде көп уақыттарға дейін мүнда жергілікті қызметкерлер, жұмысшылар проценті бүгінгіден әлдеқайда артық болған. Завод ілгері басатын істерді бұл жөнде кейінге бұрып, кері кетірген.

Заводтың өз коллективі обком бюросынаң бұрын жағаған жабық мәжілістерінің бірінде сол заводтың ашыл-

тапшынан бері істеп келе жатқан кәрі қазақ жұмыскері Социалистік Еңбек Ері аса бір ауыр шындықты ашы мысқылмен айтынты. Ол өз сөзінің ішінде «Менін балам түсті металлургия институтының соңғы курсында оқиды. Сол биыл маған хат жазып: «Сіздердің қорғасын заводыңызға қызметке барамын»— деген екен. Мен соған жауап жазғанда: «Бізге келме, мұнда сенің қолың есеге жетпейді. Завод директоры Базаров пен бас инженер Волковтың біреуінің қызына ашына болсаи, үйлесетін болсан келерсің. Болмаса қолың есеге жетпейді»— дедім. Міне менің осы заводтың кәрі жұмысшысы боп көріп келген тәжірибелімен байлаган дәл бүгінгі завод халі жөніндегі байлауым сол депті.

Екінші бір кәрі жұмысшы Ленини орденді Күмісбеков тіпті қатаң сәйлепті. Ол қазіргі завод басшылығы қазақ кадрларынан жақсы инженер, үлкен мастер завод басшысы боларлық адам шығады деп сенбейді. Сондықтан да соңғы бес-алты жыл бойында осы заводта, бір цехта бірде-бір қазақтан шыққан, завод өсірген адам жок деген.

Обком бюросының протоколын осы заводтың өзінің колективінде болған жынылыс протоколымен салғастырып оқып, бюро мүшелерінің де бірнешеуінің сәйлеген сөздеріне қарағанда, заводтың жайы бұл жерде ғана емес, бұлардан сыртқары ортада, ең әуелі қөвшілік, жүртшылыққа әйгіленумен басталған. Ол материалдар республикалық беделді газеттің бетіне нұсқайды.

Осыдан бірнеше ай бұрын республикалық газеттің арнаулы тілшісі қорғасын заводының жаңағы жынылысынан, жабық жынылысынан туған едәуір ауыр шынықтарды батыл сынымен түстіктің үлкен елеулі заводының сондайлық елеулі олқылығы есебінде әшкерелеген болатын. Кейін сол мақала облыста, республика орталығында сез болмас бұрын ең алдымен Москвада Орталық Партия Комитетінің осы республикаларды жақсы біліп отыратын болімдерінің назарына ілінген. Орталықтың бұл жайға үлкен мән беруі сошалық болып, ариаулы нұсқауши, салмақты бір азамат Баскентке осы жөндө келіп газет мақаласынан бастап, қорғасын заводының колективімен бас қосып сөйлесіп, көп жайды бұрынғыдан да шешіп, ашып, анықтай түсken.

Қазір Карпов қарап отырған бюроның үлкен жынылысында сол Орталық Комитеттен көлген нұсқауши Жә-

лелов шын қатал, әділ сындар айтқан. Анығында облисполком бастығы Сұлтановтың және облпрофсовет бастығы Жайлышековтың, олардан басқа бүрүн осы жиылдысты өзі басқарып өткізген Юлдашев — бәрі де Базаровтың тұсында анық, ашық теріс тәжірибе болғанын атаған. Карпов көріп отыр. Қазақ жұмысшысының сан цифрлары бүрүнғы жылдардан қазір даусыз төмөнде көткен және шын бүгінгі завод басшы орындарының біреуінде де не қазақтың ескі жұмысшысы жоқ, не өсірілген маман, білікті, талапты жас инженерлер жоқ. Заводтың бастауыш партия комитетті катарында кейде екінші, кейде үшінші хатшы орында жүрген маман да емес; заводтың өзінен шыққан жұмысшы да емес, қабырға газетінің редакторы сияқты шалағай жастардан тек белгіге, атауға ғана арнап қойған салмаксыз адамдар байқалады.

Карповты осы біліп отырған жайларының барлығы едәуір ойға қалдырыды. Осы жөнде ол қалалық партия комитеттің секретары Сидоркинді шақырып алып сөйлесе бастады.

Сидоркин заводтың өзіндегі жиылдыстан бастап бюро мәжілісіне шейін түгел қатысқан бар жайды біледі. Ол Карповтың алғашқы сұрағы бойынша өз түсінігін айта бастады.

— Заводта қазақ жұмысшысы аз екепі рас. Мамандық басшы орындарда және жоқ. Бірақ бұл жайлардың себебі де бар. Рас, соңғысын мен Базаровтың айбы деймін. Сол өндірістің өзінде цехқа шейін көтеріп қоярлық екі-үш кісі бар. Жас инженерлер болса да тәжірибе алып өсіп кетуге болады,— деп ол әңгімені біраз мамандарды жаңғыртып қою жайына көбірек бұра бастап еді. Карпов онысын тұра жауап көрген жоқ.

— Сіз бірен-сараң маман емес, ана көпшілік жөніндегі сұрауға жауап берініз? Не себенті заводта қазақ жұмысшысы аз?

— Ол жалғыз бұл завод емес, Баскенттегі барлық үлкен өндіріс орындарында да сондай. Бұл біздің ыңғайсыз, жайсыз бір шындығымыз, Нил Петрович!

— Не дейсіз, тағы қай жерлерде сондай?

— Обком бюросының сол жиылдысында тоқыма фабрикасында, пресс-автомат заводында және тіпті биыл ашылған цемент заводында — бәрінде де қазақ жұмысшысының саны аз айтылған-ды,

— Сіз оның себебін недең дейсіз? Ендеше маган соң жөнінен жауап айтыңыз. Өзінің мұны дұрыс деп білесіз бе? Занды ҳал дейсіз бе?

Сидоркин бұл жөнде өзі де талаң рет өірнеше жиындыстарда койылған сұрақтарға жауап беру жөнінде дәлдерін сайлаң алғандай болатын.

Жирендеу қалың шашын самайынан аз қозғап, қайыра түсті де ашық ажарлы жасыл көздерін Карповқа туралай қарады. Карпов та қалалық комитеттің бірінші секретарының аузынан осында жауапты жөнге сайлы жауап күтіп үніле түсіп салқын жүзді, ойлы назарлы Сидоркингे толық бейілмен аударып еді. Сидоркин қысылған да, қиналған да жок.

— Нил Петрович, бұл жайды жеке-жеке завод колективі емес, бүкіл Баскент қаласы көлемінде ойласаңыз дәлірек түсінесіз.

— Иә, мысалы қалайша?..

— Мысалы сіз завод коллективінің проценттік мөлшерлерін еске алғып отырсыз. Соңда қазақ жұмысшыларының проценті аз екен. Ал бүкіл қала көлемінде бар халық санын проценттеп алғып көрініші?

— Қанша процент? Қандай деректер бар?

Сидоркин бұл тұста салқын ғана күле түсіп:

— Бар қала халқының көлемінде қазақтың проценті он бір-ақ.

— О, қалайша, облыста 44 процент қой.

— Ия, облыста, аудандарда қазақ халқы көп. Бірақ қалада міне көресіз бе? Ал қалада тұрғын қазақ, жергілікті халық аз болса завод-фабрика барлық өндіріс орын жұмысқерді қайдан алмақ керек.

Карпов өзінің алдында тұрған мәселе жеңіл жай емес екенін андады да сәл ун демей қалды. Ол өз ішінен Сидоркиннің жауабы әрбір завод коллективінің басындағы адамының бұл жөнде үстірт, жеңіл жауапқа аузы үйреніп кеткен күйді аңғартты. Бірақ Нил Петрович обком бюро-сының атақты жиналышында сейлеген Жайлышеков сөзін және Сұлтановтың кінәлаушы сынның есінде сақтап отыр еді. Қазір Сидоркингे сол өзі білген, көңіл бөлген пікірлер туралы не айтатынын білгісі келіп протоколдың кейбір жерлерін оның есіне сала сейледі.

— Жолдас Сидоркин, сіз объективті жағдайды реесми түрде ғана айтап отырсыз. Ал кей жағдайды өзгертип

түзеу керек дегенді сіз, қала үймының хатшысы, ойлап көргөп жоқсыз ба? Солай десек не дер едіңіз?

Бұл тұста Сидоркин жирендеу түсі қызара түсті де бірақ жылдам сөйлеп кетті:

— Мысалы менен қандай жауап күтер едіңіз. Тіпті мысалы менің орнында өзініз болсаңыз, мұндайлық өзінше тарихи солай қалыптасқан жайды қайтып өзгертер^{дей} едіңіз?— деп Карповқа сұраққа сұрақ берсе: «ол сіздің де қолыңыздан келмейтін жай» дегендей ажар білдірді.

Карпов қалалық хатшының мұндай қиялаған сөз, мінезін жақтырмады.

— Сізбен мен үлкен бір шындық жөнінде шыныңызды білгелі, шын түсінігінде танығалы сөйлесіп отырғаным-ды ескерерсіз, жолдас Сидоркин.— Мәселеңі теренге апарып шатастырмай-ақ сіз тек қана сол бюро мәжілісінде Сұлтанов пен Жайлышеков қойған, атаған міндет жөнін не ойланыңыз? Ойлануғана емес, қандай шаралар етуге болар еді деп ұсыныс айтасыз? Маган сол туралы жауап беріңізші?— деп өзінің жуандай үнімен енді Сидоркинге талап қойған салмақ аңғартты.

Бұл тұста Карпов жаңа өзі атаған бюро мүшелерінің не айтқанын Сидоркиннің де жақсы білетінің ескерді дс, олардың пікірін қайталаған жоқ. Ал Сұлтанов пен Жайлышеков сол жиылыста қазақ жұмысшысының санын қалай молайтуды атасқан. Олар қалада түргиң қазақ аз болса, әрбір жаңа салынып жатқан завод немесе ескі заводтың көп цехтарын ылғы оқымысты маманиан қызметкер, жұмысшылар жинауда, Ленин айтқан жолмен, партия орындары өздерінің бұрын артта қалған үлттар арасындағы тарихтық міндеттің дұрыс жүргізсе сол үлттардың ауыл қыстақтағы еңбекшіл тоңтарынаң құрап социалистік жұмысшы табын жасау керек. Қашша бейнет болар еді? Қалада болмаса облыстық қаланың қасындағы аудандарда, жырақ аудандарда тұрып жатқан қазақтың ерек, әйелі де, жас адамдары да, жасамыс адамдары да көп. Бір жол солардан екшеу-іріктеу қыны болар ма еді. Тағы бір жол бар, ол — осы қаладағы еңбек резервін әзірлейтін кеңселер атқаратын міндет. Со-лар өздерінің әртүрлі мамандыққа әзірлейтін курстарына, толып жатқан мамандық оку орындарының қатарына сол ауыл қыстақтағы қазақтың малдан басқа ешбір еңбек түріне үйрене алмай жүрген ерек, әйел жастарына

неге көп адамдарды әралуан азын-аулақ мамандыққа тартып үйретіп отырмайды.

Осындай екі жолмен қалаға келтірілген жас сибек адамдары ең әуелі кала халқының да қатарына, мәдениетті қала тұрмысына даланың халқын көбірек тартар еді. Және бұрын құрылған цемент заводы сияқты қоғылыштандырылған колективтерді енді ғана құралып жатқан өндіріс орындарының бәріне жергілікті халық — қазақ халқының жұмысшыларын алған болар еді. Ал бізде қазір көп ФЗУ мен қолөнершілер училищесінде ауылдан әкеліп оқытып жүрген жастар проценттінің өзі үят, шаш-шагын күйде, деген екен Сұлтанов пен Жайлышеков.

Юлдашевтің сөзінде ендігі ашылып жатқан мектеп-интернаттардың біразын Баскент сияқты, Түркістан, Ленгер және Кентау сияқты облыстағы мәдениетті дерлік қалалық орталықтарға көбірек салу керек және сол мектептерге ең жырак отарларда жылдар бойы майдың ғана сонында жүрген шопандардың балаларын әкеліп тәрбиелеу керек. Болашақ мамандар да, қалалық өнерлі қызметкерлер де, кейде атап отырған өндірістердің жас жұмысшылары кейін бара-бара негізгі кадр дерлік соқталы жұмыскерлер тобы да сол арасынан мейлінше шығу керек. Бұрын қошиелі мал бағу тіршілігінен ғасырлар бойы құмда, сахрада, тауда ғана өмір кешіп өткен аталар, апалардың иәсілдері енді өздерінің туған республикасындағы социалистік тәрбие, мәдениет жасап отырған жаңа тарихтық жағдаймен пайдаланбай қалуы әділет не?! Октябрьдің осы үлттарға берген тарихтық лениндік жаңа жағдайымен тәрбиелік жеңіс табыстары сондай інтижеге бүгін әкелмесе қашан әкеледі? Революцияның 41—44-жылында өндірісі мол ұлт республикасының, өнерлі облысының біреуі біздің облыс болсын, оның ішінде бірнеше мыңдаған жұмысшы коллективі бар қорғасын заводындаид және өзінде бір кезде қазақ жұмысшысы көн болған зор завод болсын. Ал сол бүгін қазақтан шыққан социалистік жұмысшы тобын молайта түсу орнына азайта беріп отырса, бұл жай ғана сынап қана қоятын мәселе емес, осы жөндегі жауапты адамдары партияның қатты жазасына, соққысына да үшырауга лайық адамдар. Сол себепті Базаровтай үлксін саяси жайды партияның бағытынаи бұрмалап теріс түрде бағыттаған тәжірибе орнатушы қызметкер бұл орынға лайық емес деп танылу керек.

Партия саясатын бүрмалаган, тура жолын танымаған адам деп бағалау керек. Сол себепті ол орнына алышуға тиіс деген.

Юлдашевтің осы соңғы қорытқан сезіп де Қарпоз Сидоркиниң есіне салды. Кей жерлерін протоколдан оқып та берді. Содан кейін қағазды шетке бұрып, алдына салып қойып, енді шынтағын кең столга ауыр салмақпен қондырыды да Сидоркинге қадаған қаракөк үлкен көздеріне салқын сыншы ажар жып тағы сұрады.

— Міне осы айтылған пікірлер мен осы жолдастардың бабына келген осындай ойлар жөнінде горкомның хатшысы сіз не ойлайсыз? Бұлардың айтқаны оң ба, тең ріс пе? Сол туралы мен сіздің жауапты ой, жауапты пікіріңізді білгім келеді. Не айтасыз? — деді.

Сидоркин бұл жөнінде жауапсыз, ойсыз емес еді.

— Нил Петрович, бұл жайлар туралы мен де ойланған адаммын. Және ойланғанда тек Баскент көлеміндеғана емес, республика көлемінде мәлім болған кейір деректерді де аңдал жүрмін. Сіз Баскент туралы сөйле-діңіз. Рас 11 процент қала халқы облыс көлемінде 44 процент қазақ болғанда аз екені рас. Бірақ сіз рес-публиканың астанасы Алматыны алдыңыз ба? Онда биылғы статистика бойынша 8 ғана процент. Қарағанды сияқты үлкен өндіріс қаласын алышызы. Бір заманда, мысалы революцияның алғашқы жылдарында онда көмірдегі жұмысшының проценті жоғары еді. Қазір қазақ жұмысшысының проценті және де көп төмендеп кеткен. Одан да әрі барайық. Мысалы жаңа салынып жатқан Қазақстан Магниткасы анау Костанайдағы Соколов-Сарыбайдың жаңа қаласы Рудный солардагы проценттер қандай екен? Мен сізге айтайын ба, Алматыдан бастап жаңағы мен санаған қалалардың бәріне қарағанда қайта біздің облыстағы Ленигер, Қентау, Түркістан сияқты қалаларда жергілікті халықтар проценттері көп жоғары. Шын жоғары. Міне мен Баскенттің қыншылықтарынғана айтып қойғым келмейді. Жаңағы сіз атаған жолдастардың пікірлеріне мен жат қарамаймын. Бірақ сол ойларды іске асырудың жолдары қалай, қашпа мезгілде қандай түрмен соны іске асыруға болады, деген жайға келгенде әлі сіз де, біз де, Сұлтанов та, Жайлышеков та, тіпті сол Алматыға кеткен Юлдашевтің өзі де сонау Алматыға барып та ойланатын, ойланып барып қамдайтын жеңіл емес жайлар! — деп сөніп қалған папироның қайта

тұтатып, орынан тұрып әз жауабына және жауабының шындығына мейлінше сенген қалыпта Карповқа түрекелген бойда: енді не дер екенсіз? — дегендегі жұзбен бұда қадала қарап қалды.

Осы кезде ашаңдау жүзді, қоңыр шашты, биік жіцишке өкшелі туфли киген хатшы әйел кіріп:

— Нил Петрович, сіз хабарла деп едіңіз, Ұзак пен Ноян ауданының хатшылары келіп тосып отыр! — деді.

Сидоркинмен болған әңгімені Карпов енді қысқа ғана түйді.

— Бұл жөнде сізден әлі менің естімек жайларым бар, олар аз да емес. Мәселе енді сіздің қарамагызыдағы осы қаладағы бірнеше өндірістік, мәдениеттік және партия, советтік орындар туралы нақтылы жайлар жөнінде болады. Енді қорғасын заводындағы жағдай тәрізді өзге орындардағы сондай қылыштарға сіз қалай қарайсыз, не істеп келдіңіз, бұдан былай не іstemек боласыз! Міне ендігі сіз бен біздің ісімізді сондай жайлар анықтайды! — деді. Мұнда бірталай мәні іште жатқан салмақты, ойлы және салқын бір ескертулер бар екені сезілді. Орамды, тәжірибелі Сидоркин Карповтың онымен бүгін ұшырасқан ойларынан өзі үшін педәуір орынды сын салмақ сезіп кетті. Келесі минутта кабинет есіргі ашылып Карповқа екі аудан секретарълары сыпайы амандаста кіріп келе жатыр еді. Олар Ұзак ауданының секретары Эріп Есдәулетов және Ноян ауданының секретары Қасымов Мұрат болатын.

Екі аудан секретары облыстагы ең малы көп және ең қатері де көп аудандардың басыны қызметкері. Карпов бұл екеуін көп уақыт өзі пікір айтпай, сейлетіп тыңдаумен болды. Ол тек анда-санда нақтылы сұрақтарын ғана береді. Ұзак ауданының секретары Эріп Есдәулетов кесек шұбар жүзді, семіз депелі, жасы қырықтың ішіне кірген салмақты, қабілеті бар қалпында өз ауданының жайын көтерінкірең айтқысы келеді.

— Жетіжылдық жоспар бойынша бізге үш жұз мың¹ қой басын белгілеген. Мен ауданың мүмкіншілігін содан екі есе жоғары — алты жұз мың қой өсіре алады. Жағдайын түзесе тіпті миллионга жуық қой басын өсіре алатын аудан болады дер едім! — дегендегі Карпов:

— Ауданызыда адам саны қашаша? — деп төтө сұрақ қойды. Эрине мал саны адам санымен бес байланысты.

¹ Автордың өзі осылан жазған.

Есдәuletов шұғыл сұраққа өкіс тіреліп қалды. Эрине о да түсінеді. Кой өздігімен өспейді. Адам күшімен көбейеді. Бәсекесіген дауыспен:

— Рас, адамымыз аз. Аудандарды халық саны 20 мын! — деді.

Карпов өз ойында 20 мың мал басы да артып жатқан сан екенін анық аңдады. Бірақ Есдәuletовтың көптіре айтқан саннын аржағында тілек-талабы баржоғы анықталу керек. Ол үлкен цифрды текке айтып отырған болмау керек. Сондай дәмемен Карпов аудан секретарынан тағы да бір жайға жауап сұрады.

— Сіз ауданның бүгінгі жағдайы соңша малды өсіруге жетерлік деп айтпайтын шығарсыз. Косымша қандай шаралар сол санды малга қажет болар еді? — дегендеге Есдәuletов бұрынғы салмақты, сенімді қалпына келді.

— Міне, Нил Петрович, айтнағым да сол. Жақсы сұрадыңыз. Екі түрлі жағдай керек. Біреуі — су. Біздің ауданда уәде етілген және су мамандары мүмкін деп тапқан 20 артезиан құдығы керек. Құм өзгені қамсыз етеді, тек бірақ су беріңіздер. Бұл бір жағдай. Екіншісі — жол керек.

Карпов Есдәuletовтың ендігі сөздері қамқор қызметкердің дұрыс талапкер ойынан туған сөз екенін аңдады. Әзірше ол ауданда бұл сұрап отырған құдықтың ушеуіғана қазылған. Жол өте жаман дегенді Карпов бұрыннаң біліп есінде тұтатын. Эрине Есдәuletов облыстың жаңа басшы адамына өзінің ауданы жөніндегі арманын, тіпті қиялға жақын дерлік арманын алдымен айтса ол айып емес. Бірақ ол жайды Карпов та, барлық облыс басшылығы да, тіпті республика орталығы да бірігіп ойлап шештін мәселелер. Ал қазір бүгінгі күн, биылғы жыл жайы облыстағы мал шаруасы жөнінде Карповтың бүгінгі талабы. Бұл секретарьлармен дәл осы сағатта сөйлесуінің де себебі сол.

Ал қазіргі күздің алдағы қысқа ариалған өзірлігі жайына сөзді Карпов аударғанда Есдәuletов және де сенімді сөйледі.

— Құмға біз жақынбыз. Өз ауданымызда мал жеуге жаарарлық, оруға боларлық шөп азықтың бәрін тегіс жиып қамдап алдық. Қыс аса жаман боп кетпесе, біз биыл мал өлтірмей, өсімін де аман аламыз! — деді. Оның осылай айтқан байлауында Карповтың аңдағыш ойы

тез шалып қалған бір жай бар. Облысқа жаңа келгемен, Карпов әр қыста Қазақстан малы сол қыс жағдайына қарай әртүрлі боп шығатынын жақсы түсінген. Қыс жақсы болса мал аман да шығады, өсім де береді. Ал қыс жаман болса, Қазақстан қоғанше мал өлтіріп шығады.

Есдәuletov бар сенімді сөзінің ішінде солқылдақ бір сәйлемді қоса қыстырығанын Карпов қылп еткізбей анықтанды.

— Ал қыс жамап боп, қатты болса не дейсіз? Сонда да өлтірмеуге сене ме Ұзак ауданы! — деп еді, Есдәuletov бөгелендеп, тамағын қырына берді. Бар сөзді өз кезегі жеткенше сергек күйде бағып отырған Ноян ауданының секретары Қасымов Мұрат сәл құліп қойды.

Карпов Есдәuletovтың жайын андады да, ендігі сөзді өзі түйді.

— Міне мәселе осында. Күмнан сіз көмек те, кесел де ұшыратуызыз мүмкін. Сондықтан сіздің бар совхозызыңда жасаған қысқы қорыңыз сенімді деп айтқым келмейді.

Бұл түсқа келгенде Есдәuletov өзінің ауданы жөнінде айтқан дерегі екі үшты, үшқары болып шықса, аудан басшылығына жайлы болмайтынын шұғыл андай қалып даусына, бойына, жүзіне салмақты сенім беруге тырысты.

— Мал өлтірмей шыгуға біз сенімдіміз, жолдас Карпов. Әзір осыны ғана айтқым келеді. Мен сол ауданда істегеніме алты жыл болды. Сол жылдар тәжірибесіне сүйене отырып, сізді осылай сендіремін! — деді.

Карпов ішімен бұл жайға толық қанағаттанған жок. Ол Есдәuletovпен сөзін бітіре бере:

— Мен жақында сіздің ауданызыға барамын. Қалған жайдың бәрін өз көзіммен көре, көп адамдарыңызға кеңесе отырып аңғарысамыз. Жасырмаймын, мен көнілімде алдағы қыс туралы сіздің аудан жөнінен әбден тынышталып, нық сенімге келетін тиянак тапқаным жок. Сіздікі қоғанше үміт, әрине үмітсіз болмайық. Мен де үміттімін. Бірақ жалғыз үміт сүйеніш болуы жеткіліксіз. Мен сіздің ауданда боламын.

Есдәuletov бұл байлауға қатты ырзалық білдірді. Қашан келетінін, қандай көлікпен келетінін сүрай бастап еді.

Карпов өз ойында ол жайды шешкен жоқ-ты. Машинамен немесе самолетинен баратынын әзір анықтамайтын

нын айтты. Ендігі сөз Ноян ауданының секретары Қасымовмен айтысатын жайларға ауысып еді. Карпов енді кезек сіздікі деғендей бол Қасымовқа бұрылғанда ол ең алдымен Карповтың ең соңғы байлауын қатты ырзалиқпен қабылдайтынын айтты. Жаңа секретарьдың осы екі жырақ ауданға бармақ болуы Қасымовты шын қуантқандай. Қасымов биік бойлы, кең, қызыл күрең жұзды, аққарасы айқын шынышыл көздерінде адамға жылы тиерлік сүйкімділігі бар. Бет-жұзі анық қазақ тіні болумен бірге мол қалпында сұлу біткен адам. Ол орысша Есдәулетовтін көп таза сөйлейтін. Жұқалау қызығылт қоңыр еріндері оның таза аппақ, бүтін сұлу тістерін жиі ашып көрсететін дағдысы бар. Өзі де жаратылыс мінезінде көңілді, ашық жарқын болғандықтан күле сөйлеуі көбірек болатын.

Карпов екі ауданға баратының білдіргендеге ол әуелі сүйсінуін бұл күнге шейінгі облыс басшыларының тәжірибесін еске алумен сөз қылды.

— Ұзақ ауданы облыстың ең жырақ ауданы. Ол Қаратаудың арғы жағы, терістік беткеіде, совхоздарының ең арғы шеті құмға кіріп кетіп жатыр. Қыс болса Қаратаудың асуларын қалың қар, өткелсіз мұз сіреу басып алады да, бүкіл аудан бар Қазақстаннан ғана емес, тіпті өзінің облысынан, көрші ауданының бәрінен жырылып бөлек қалады. Біздің Ноян ауданының орталық тұсы ондай емес, Қаратаудың бергі жағында. Ал қысқы малымыздың жағдайын алсақ, біз де Ұзақ ауданымыз. Себебі біздің ауданың совхоздары мен колхоздары көп малын сол Ұзақ ауданы баратын мол құм — Мойынқұмға жібереді.

Карпов бұл тұста өз ойына келген бір тәцеуді айтты:

— Басымыз Қаратаудың бержағында, бөксерміз, аяғымыз Қаратаудың әржагында — мұзда деңіз! — деп күліл қойды.

Екі секретарь Карповтың айтқаны анық шындық екесінің бағалап бейілдене күлісті. Әзілқой Қасымов сол тәцеуді ілгері қарай өсіре түсіп:

— Бас-кеудеміз бұл жакта болғанда кей жылдар Қаратау аржағындағы аяғымыз паралич болғандай жинауга келмей катып жататыны да болады! — деп тыңдаушылармен бірге өзі дә ашық, қатаң, еліктірігіш күлкісімен жарқырай күліл алды.

— Қысқасы, біздің сол екі ауданымыз қысқы қатынастары киын болғандықтан облыстын баруны жүртқа қиын, қияни саналады. Жолы жақсы жақын аудандарға

ұдайы жиі барып жүретін осы облыстың басшы қызметкерінің көбін біз өз аудандарымыздың аса сирек көреміз. Бұл шағым емес. Өзі көптен үйрепісіп кеткен шындығымыз. Басшы адамдар бармауға үйренген де, біз олардың келмесуіне де үйренгенібіз! — деп тағы құлді.

Карпов Қасымовтың сөзіне жаңа басшылыққа келген мұның өзіне әсіресе арнай айтып отырған сыпайы түрдегі талап барын аңдаған еді. Қасымовтың сол жайды өзінде сүйеп, қадап айтқанына Карпов іштей баға берді. Шаруа жөнінен келгенде Қасымов Есдәүлетовтей емес, құдік жағын басыпқырай сөйлемеді. Оның қынышылығы екінші түрлі.

— Біздің әзірлеген жем-қорымыз Қаратрудың бергі жағында болады да, малымыз арыда Ұзакпен қатар жаңылады. Біз көретін қынышылық бейнет сол мал мен жемнің екі арасының шалғайлығында. Эрине шама келгеше азық корын таудың аргы жағына жеткіземіз. Бірақ күш, көлік, бар мүмкіншілік азығымыздың бәрін таудың аржағына шығаруға жетпейді. Сонымен бізде жаңа өзіңіз байқағандай қыс қатты болмаса жақсы шығамыз деп амалсыздан шартты түрде сөйлейміз, — деген еді.

Карпов мұның да шаруасы өзі айтқандай алдағы қысыңың ажарына байланысты екенин анық түсінді. Облыс көлемінде әрі малы көп, әрі уайымы көп аудандар осы екенин анық танып отыр. Аудан басшыларының өз аузына анығын білді. Қынышылықты таныса да қауіпке кетіп ықтай қоймайтын Карпов мінезі бар. Ол екі секретарьға әзілдей отырып, абын шындықты сөйлемеді.

— Малы да көп, сол малындағы мұңы да көп аудан Ұзак пен Ноян екен. Истеген қамы да бар, соған орай сенімі бар, бірақ сенімінен де көбірек күдігі бар секретарълар сіздер екесіз. Әзірге аңдағанымыз сол болсын. Жақында аудандарыңызда көрісейік! — деп екі секретарьмен қоштасқан еді.

Осыдан он шақты күн өткен соң «ГАЗ-69» машинасына мінген Карпов аудандың жол тартқан еді. Екі ауданды көп араалап, жақсы біліп жүрген обком қызметкері мал шаруа жөніндегі бөлім бастығы Ерімбетов қасында бар. Және облыстық кәсіпшілер оданың бастығы Жайлыбеков Алмасбек үшінші кісі бол қасына ерген еді.

Баскенттен Ноян орталығына қарай жүрген жол көбінше бозғыл жусап қара отты қыр шөбі көкбек, дәрмене

сияқты қазіргі күзде тегіс бозарып қуарған шәптер өскен өлкө болады. Бірқалыпты ұзак жота, тау, тогай, өзен өлкеге соға қоймайды. Нояның бойында күзде, қыста үнемі соғатын атакты қара жел бүгін қатаңдамаса да машина сыртынан қатты екпін соққынымен, ызың-шұмын ұдайы білініп келеді. Жылы киінген, ұзак жолға өзірленген жолаушылар бұл жолдың шаңына, жиі ұшырасатын орқаш өқабына, сұр аспаны соқтырған сұйқа желіне көніл бөлмейді. Қала адамы боп қажу, мою бұларда сезілмestей.

Жарым күпдей жадау жолда, жадағай жалаңаш дала да көңілсіз сұйқа күздің сүркай мезгілінде ұзақ жүрген жолаушылар ақыры Ноян аудаңына жетпей, онға бұрылды.

Басында өзенсымақ өлкені өрлеген тарғана бұраң жолға түскен машина біразда шебі қалың, қабаты көбірек қырқалардың арасына кірді. Осы өлкеде жел саябырлау, қырқа-қырқа жондар қағаберіс болып, енді шәптің шығысы, жердің ығы көнілдірек сезіледі. Машина күндізгі желге қарсы жүрсе де қатан қарсылық білінбейді. Құйлі «ГАЗ» жұмсақ топырақты тараң жолмен ызғып келеді. Жолдың он жағында бір қалтарыста жақын қырқадан аса жайылып келе жатқан қалың қой көрінді. Элім Ерімбетов бұл қой қай отар екенін аңдап келеді екен.

— Эне Керекенің қойы да бері шықты. Бұрылайық солай! — деді.

Бастап келе жатқан Элім Ерімбетов болғандықтан Карпов мақұлданап бас изеді. Жүргіншілер тақай бергенде өңшең торпақтай ірі, қүйлі қойлар машинадан сескеніп шалқып үркे берді. Дүрілдеп түяқтары қатаң жерді дүсірлете басып жортқанда ауыр денелерімен бір-біріне қақтыға, сыйылыса онан сайын желіге үркеді.

Койдың осы қалпына сүйеіне қараган Ерімбетов:

— Мұның қойы арқардай. Үріккенде тап тау ешкіден кем үрікпейді, қарашибаш! — деді. Қойдың шетінде семіз қоңыр құлышынан биеге мінген Керекең ақырын сабырлығана дыбыс беріп: «шәйт-шәйт! — деп өзі қозғалмай бір орында тұрып қалған еді. Қойлары мұның айналасына шалқы орала берді.

Енді біразда машина тақап кеп тоқтаған соң қойлардың үйтқуы да басылған еді.

Алмасбек қойды тамашалап, тез шола қарап малға көзі үйрәнген қалпында:

— Қойлары не деген ірі, қарағым-ау. Осы әлгі архаро-меринос па, жок кәдімгі қол қойы ма? — деп еді.

Карпов Керімкүлдың өзін де, қойын да естіген, біледі екен.

— Жок. Мұндағы жай қой. Бірақ төрг-бес жасаган үлкен, кесек қойлар болу керек. Керімкүл қойы болса осы болар. Шынымен аса үлкен, бөлек қойлар екен. Мен Россияда қойдың, мұндай үлкен болғанын көрген емес-пін,— деді.

Әлім бұл кезде Керекеңмен әңгімелесіп, мына келген кісілер жайын айтып тұрған. Керімкүл өзі де бүгін осы қонақтар келетінін естіген еді.

Мұрат Касымов айтқан хабардан біледі. Ол қазір есекке мініп кейінірек келе жатқан жас шопанга қол бұлғап дауыстады да, Әлімге қарады.

— Меймандар қойды көріп болсың, сосын койтеміз, Бұяқта бел астында біздің үйге барайық. Шай-пай әзірлігіміз бар еді. Дәм татыңздар. Солай емес пе, Әлеке! — деді.

Әліммен бұрын көзтансыс, біліктес екені мәлім еді.

Карповтармен қол алдысып, амандасып болған соң барлық топты бастап Керімкүл өзі де жаяулап журіп қойды аралады. Жұні де асыл, еті де мол, бойлары биік, ете ірі — бұл тегі сек қойлар тобы болатын.

Керімкүл облысқа мәлім алдыңғы қатарлы ең бір қадірлі шопаның бірі. Ол биылғы алған социалистік міндеттемесін бүкіл Қазақстанға мәлім етіп орындаған, айнала сексен килодан салмағы бар қалың қой отарын айтқаныңдай багып семіртіп, табыс еткен, жұлде алған жепіс қайраты бар.

Қойды аралап болғап соң қонақтардың машинасына қалың киімімен қашала кірген Керімкүл шоферге жолсызбен төтелей ауылға баратын жолды көрсетіп отырды. Тағы да қабат бір көлбекен қалың шөпті аласалау қырқадан асқан соң төменде, өзекте сәл ескірген көгалсымак ауыл қонысы ортасында отырган екі киіз үй көрінді. Біреуі үлкен, бүтіп, ақшыл үй де, екінші кара жұнинең басқан төрт қанаттай шошақтау, келеңсіздеу үй. Екі үйдің орталығын ала шимен қоршаған қазандық жерошақ байқалады. Үйлер касында қара-құра жок. Жүгіріп үріп шыққан бір сары тәбет, екі сары ала күшік және бір сары қашшықтан басқа өзге тірі жәндік байқалмады. Тек машина үй жанына келгенде жасы отыздың ішіне кірген

бір әйел өмішек баласын көтеріп, тағы екі кішкене баласын қасына ертіп тысқа шықты.

Екінші үйден күндігі бар бір кемпір мен басын қалын орамалмен ораған, бетінде қалың қызылы бар жалнақ жұзді, домалақ тұмсық келіншек шықты. Қонақтарды қарсы алған да осылар болды.

Үлкен үйге кіргенде алдарынан киіз есікті бала-көтерген Керімқұлдың әйслі өзі ашып еді. Қарповқа бұл ыңғайсыз көрінді. Табалдырықтан аттап кірген соң артындағылардың бәрі тығыздап кіріп жатса да ол ілгері жүрмей әуелі киіз үйдің ішін жағалай, айнала қарап тұрып қалып еді. Қөптен оқыған, естіген әр алуан дау болып, сөз болып жүрген киіз үй деген осы.

Карпов ішінен: «менің сенімен алғаш үшінрасуым осы, киіз үй!»— деп әуелі шаңыраққа қарап еді, үцірейген үлкен тесіктен жаңағы түнерген сұр аспан аққынып көрініп тұр. Үйдің іші анық жылы емес, салқын. Отыратын орындық жоқ. Тіпті бұл үйдің ішінде жатқанда да жерде жату керек. Орындық, төсек дегенинің біреуінін де белгісі жоқ. Оның есебіне сиді төрге шығып Алмасбектің қасына көрпеге ыңғайсыздана басын кеп отырған соң аңдаса бір топ қатар жылған сандықтар тұр. Беттері сырланған әшекей қаңылтырмен, арзан жылтырақпен қапталған. Сол үш сандықтың үстінде әр түрлі оюлы, бояулы қиіздер, бірең-саран кілем байқалады. Солардың үстінде көрне-көрпе-көрпе. Әр бояулы, әр түрлі бағалы мақта тартылған қалың, ашық түсті көрпелер. Одан әрі толып жатқан үлкенді-кішілі жастықтар.

Керімқұлдың киіз үйі сыртынан да, барлық ішімен де Карповқа таң қаларлық тың әсер етті. Үйді айнала тұтқан киіз палас дейтін тақыр алаша бар.

Карповтың өзінен басқа бұл үйдегі жандар ыңғайлыштырады. Аяғын астына оцай бүктеп, қолындағы баласын тастамаған Керімқұлдың күнге жүзі күйінен қара сүрлау әйелі отыр. Малдас құрып ып-ыңғайлышты дөнгеленіп сарғыш жұзді, шоқша сақалды, сұлуша жұзді, қара барқыт тақиясы бар Керімқұл отыр.

Карпов аяғын қалай ұстауды білмей арқасымен керепеге сүйсіп, екі аяғын соза түсіп әрлі-берлі қозғалып аунай түсіп отырғанда, Әлім мен Алмасбек жұмсақ көрпелер үстінде олар да Керімқұлша малдас құрып, аяқтарын, астарына етікшің күйде ыңғайлышты алыпты.

Үйдің ортасында құрғактау үсақ агащтан кесіп жарайы жаққан көдімгі даланың оты (костер) маздал жаңып тұр. Оның тұтіні жұқалау, сұйықтау, жіңішкелеу бойымен аспанға созылып, ысталған шаңырақтың үлкен тесігінен шығып кетіп жатыр. Бірақ үй ішіндегі тұтін нісі өзге киіздің, терінің, тоның иістерімен аралас мейліншіе мұрынды ашыта білісіп тұр.

Карпов ішінен: «әйтесуір аяу таза смес»— деді де папиросын суырып тарта бастады. Бұрын кіріп отырып көрмеген киіз үй әр өзгешелігімен таң қылса да, Карпов ол жайын маңындағы енкімге сездірген жоқ. Тез қайнаған шай қонагуар ақ самауырдың екі ішінен демалған күйде бусанын оттың бержагына келді. Кішкене дәңгелск, алласа стол қойылып, шашақты, таза көк дастарқан жайылды. Оның үсті дәл бір шанаға тиелгеп отындаій немесе шөптің шөмелесіндей қоңырқай, қызығылттау түсті бауырсаққа лық толынты.

Шөмеледей қалың бауырсақтың ортасында кесек-кесек қант түйірлері жүр. Азғана столдың үш жеріне тарелкеге салынған сары май қойылды. Шай пиялаға сұт қосқан күрең кофе сняқты тартымды, жайлы түсті шай Карповтың алдына қойылған еді.

Казір үй іші барлық жағдаймен жылына түсіп, көңілге алғашқыдан гөрі жайлырақ сезілді. Үйге кіргенин бері Карпов әр адаминың киім үлгісіне шейін, киген бұлының саңасына шейін көреген көзбен андал отыр. Бұл үйдегі тұрмыс, жай-жағдай, жатыс-тұрыс қандай болмак, адамға жайлы-жайсыздық жағынаң қандай деген ойларды Карповқа ұдайы ойлатып отыр.

Мұнда аяу жаман болмау керек, тек от жаққан кездे тұтін мазасыз. Бірақ от жақпаса сұық қой. Сонда мысалы қыста қалай болмақ керек. Қатты жауында анау тесік қандай жағдайсыздық әкелу керек. Жауын ұзак жауып, не қар жауып беймаза күн болса, не түн болса, бұл үйдің ішіндегі адам жаурамасқа бола ма? Анау кішкене балалар, мынау үстеріне киген қалың ауыр киімнен босауға тегі мүмкін бола ма? Ал осындаі үйде жуыну қалай болмақ? Жатқанда көп жұрт, мысалы бәріміз осында бүгін қонатын болсақ, тегіс қатар жататын боламыз ғой, деген сняқты толып жатқан жайларды таңырқай және еріксіз жатырқай, кейбір жайын ұнатнай, сыйнай ойлай отырган Карпов және осы кездің өзінде стол басында сөйленген сөздің көбіне араласып отырды.

Әлім мен Алмасбек көзектеп аударып Карпов дең Керімкүлдиң әнгімесіне жәрдемші, жалғастыруыш болды. Карпов бір шақ қолдарының ұшы көгерे тоңған бес жасар, ұш жасар екі балаға қарай отырып: «Қыстығуні Керімкүлдиң үй іші осы киіз үйде бола ма?»— деп сұрап еді.

Көбінше қыстығуші там үйде болады екен. Карпов кадала анықтап: «мысалы ноябрь, март айларында осы киіз үйде тұра ма?»— деп сұрап еді. «Ол айларда осы киіз үйде тұрамыз» деген жауап естіді:

— Тоңбайсыздар ма? Бұл жердің желі қатты. Ол күні-түні ұзақ соғатын, қатал, сұық жел. Балаларың, үй ішің тоңбай ба?

Бұл сөзге Керімкүл сыпайы жұзбен алғыс айтқандай жымиды да Карповқа қарады. Шопаниң үй-ішінің қамын ойлап отыр екен, деген алғыс сезімі бар еді. Бірақ «тоңамыз, күйзелеміз» деген сияқты жайларды мұндай келіп-кетіп жүрген басшы адамдарға айтып шағыну әдеттінде жоқ Керімкүл сыр берген жоқ.

— Е, түк етпейді, үйренгенбіз де! Толайым тегі, біздің бұл жерде ол қатты желісіз болмайды. Менің осы отарым жүрген жерді Желтимес дейді. Қыста да, жазда да койыминың арымай, күйлі бола беретіні со желден қагаберісте, әрбір қалтарыста жаңбагып жүріп жатамыз,— деп қойды.

Алғашқы бір шыны шаймен ілесе енді біразда сұық тыстан ыстық буы бұрқырап үлкен сары табаққа салған мол қуырдақ кірген еді. Табақтың айналасында қасықтар бірге қадалыпты. Жүрттың үндемесе де көңіл ажары өзгеріп, көтеріле түсті. Әзілі анық, жылдам ауызга орлатын Алмасбек:

— Е, жылы «Желтиместің» ыстық қуырдағы да келді гой!— деп күлді де: «Осының бір сұық айдаушысы болушы еді». Әлім қоса қалжыңдал: «Өзі сұық, өзі сұйық!»— дегенде Керімкүл екі әзілкөй қонақтарына және алғыс жұзбен қарап рұқсат тілегендей болды:

— Онымыз, бәрекелді, бар еді. Тек өздеріңіз, мына мейманымыз сұқташ келіп ауыз тисе, бой жылдытса жаман болмас деп ем. Тегі өзі рұқсат па?— деп қашан әкелгені белгісіз, кішкене столдың астынан мойнынан тартып бес жұлдызды конъякты сұыра берді.

— Әнгіме бұрынғыдан да жиілеп, сұраулар, танысу, білісу жайлар қыза түсіп еді.

Карпов Керімқұлдан қашаннаң бері қой бакқаңын сұрады. Денсаулығы қандай екенін, ауырса қандай жәрдем алатынын сұрастырыды. Газет, кітап, радио жайларын, монша жағдайын, жақындағы емхана көмегін — бәр-бәрін де көп сұрасқан еді. Шаруа жөнінен білгені Керімқұл осы араға келіп отарымен «Желтимеске» орнағалы он бес жыл болса да бірде-бір қыста мал жұтастып көрмеген екен. Оның себебін де Керімқұл жақсы айтып берді. Жазда мұның қойы осы өнірдегі бар қойдын семізі болады. Өйткені ол күніне жиыны мұның қойы: он сөзіз сағат жайылатынын айтты. Судан да кенде болмайды. Күніне екі рет су ішпейтін айы болмайды. Қыскы қойы мықты келеді. Семіз, күйлі боп кіріседі. Ал дәл қыс айларында бұл осы «Желтиместің» қар түспейтін беттерінің бәрін ариап санаң сақтап жүреді. Ық жақтарын да есінде сақтайды. Сонымен бораң мұның қойына соктыға қоймайды. Малы ашықпаған соң жұтау түгіл қыстың өзінде етік бермей қояды. Күйлі қой аурудан да аман болады. Сонымен Керімқұл шығынсыз қыс атқарып жүре береді!

Карповтың аңғаруында Керімқұлдың өзі гана емес, әйелі де меймандос, қонақуар адам тәрізденді. Карпов оның әйелімен де сөйлесті. Үй ішінің кіріп қалай жуатынын, моншаның қайда екені, балаларды қалай жуындыратыны, кімді қалай тігетіндері жөніне шейін сұрасқан еді.

Керімқұл мен әйелі Карповтың әрбір сұрағына ақырын күліп, іштерінен ырза бола түсіп жауап берісті. Бірақ әйелдің жауабында монша бізден жыракта, совхоз ортасында. Өз қыстауымызда ол жоқ. Кішкене баламен сұықта жол жүріп бару оцай емес. Ол жағынан қаладай емес, күйіміз тәмен. Моншаны өзіміз жақсы көрсек те осы қожайынымыз скеуміз қыстың алты айында бір-екі көреміз бе, жоқ па? Рес-ау, үлкен кісі сұрап отыр екен, ондай сорақымызды айтпай жасырайын ба, тегі!— деп қалды.

Керімқұл әйелінің мұндайлық ашылғанын әдепсіздік көріп, самауырға қарай тұмсығын бұрып, жақтырмай күбірлеп кетті.

— Ой, қатың шіркін, ой, бәйбіше, сен неме қайдағы, қаяқтағыны айта берген несі. Қойсана, батыреке!— деп біресе әйелін токтатпақ боп, бір жағынан қонақтарға имене жалтақтай түсіп, екі арада пәйік болды.

Карпов бұл үйдің ішімен танысқанына өз көцілінде ырза болды. Бірақ үнемі шынтақтап, көлбеп отыру оған ауыр болған еді. Аяғын тізесінен бүктеп отыру әзір оның қолынан келмей қойды. Бірақ қандай ыңғайсыздыққа болса да мынадай жақсы еңбек соцындағы жандардың меймандос шаңырағының астында, дастарқанының басында шыдап отырып шығуды өзіне шарт көрген. Ол осында астап кейін жатып қалуға да әзір еді. Бірақ Алмасбек пен Әлім екеуі ақылдасып, оған өздерінің байлауын айтты. Оны жеткізген Алмасбек еді.

— Нил Петрович, қонақ шай ішіп, біз сияқты ет жеп болған соң меймандос үйді босатса да олар ренжімейді. Біз мысалы қазір жүріп кетсек, бұл кісілер ренжімейді деп ойлаймын. Асын іштік, жақсы, мол әңгімелестіңіз. Енді үйықтау үшін біз биік төсегі бар, жарық бөлмесі бар аудан орталығына барып үйықтайық. Ол осы арадан жырақ емес,— деген.

Содан кейін Карпов Керімқұлдың әйслімен қол алысып қоштасып, үлкен алғыс айтты. Мазасыздық жасағандарына құле тұрып, кешірім де сұрады. Керімқұлдың меймандос әйелі бұл қонақты ішінен көптен бөлек бір жылы жүзді адам екен деп үннатып қалған еді. Келіп ас ішіп кеткендеріне ол өзі шыны пейілімен жақсылап алғыс айтты. «Тағы келіңіз, қыстағы тұрмысымызды да көріңіз»,— деп қалды.

Осымен Ноин ауданының белгілі шопаны Керімқұлдың үйінен күздің күйедей қараңғы желсек түнінде күнізгі сары тәбет пен сары ала құшіктерді әуліктіре үргізген «ГАЗ-69» отардағы қойдың үстін әрлі-берлі бұрылған шактағы күшті фардың жарықтарымен айғыздан әрлі-берлі сыйғылап өтті де, енді ауданға қарай төтелей тартып кетті.

Арада бір жұмадай уақыт өтті. Бұл шақта Карпов тобына Ноин ауданының секретары Қасымов Мұрат қосылды. Және Ноин ауданының райисполкомы Жарасерген. Ноин ауданының көп жерін аудан орталығының өзінен бастап Карпов мол аралады. Ол бірнеше совхозда және «Алға» сияқты Қарататудың бектеріне кіре отырған колхозда болды. «Орловка», «Леонтьевка» колхоздары орнағаш тоғайлыш, жемісті қыстактарда болып өтті. Қаратату алыстан сыртынан жұтанақ, жүдеу, жалаңаш тау болып көрінсе, мынау екі қыстактың тұсында кең қойнау көбे-тоғайы мол, сularы мөлдір көн тараулы өзгеше кө-

рікті бай бір қолтық-қолат жасайды екен. Бейне Орал тауының бір бөлімі дерсін. Чусавой тұсы да, сондайлық қүйқалы, берекелі тұрғын еліне қызықты, жайлы, бай мекенді анық аңғартқандай.

Бұл ауданының да көшілік шұғылдаған шаруасы мал. Сондықтан совхоз бен колхоздың бәрінде де облыстың басшы адамдары мал айналасындағы директорлармен, колхоз бастығы, ферма бастығымен және жеке шопандармен көбірек ұшырасты.

Сол қатарда Ноян ауданының тағы бір үлкен абырай алып жүрген қартаң шопаны Дөңбайдың отарында да Карпов көп бөгеліп, ол шопанмен де, үй ішімен де көп әңгімелескен.

Қазір енді Ноян ауданын аралап болған топ Көнсекіпт совхозы деп аталатын Ұзақ ауданының үлкен совхозының орталығына келген. Телефонмен алдың ала келіскең мезгілді еске алып, осы совхозда бұларды Ұзақ ауданының райком секретары Эріп Есдәүлетов тосып жүр еді.

Совхоз орталығы соңғы жылдарда жақадан салынған едәүір көлемді қыстак болатын. Тап ортадағы бір топ шатырлы, ұзынша жалғыз қабат үлкен үйлердің біреуі совхоз директоры Есенов Әбдінің пәтері болатын. Қазіргі жиын таңертен сонда келген бір топ машиналардың, қонақтардың топталған жері осы Есеновтың пәтері болды.

Есенов өзі ұзын бойлы, басы, кеудесі де кесек біткен, қызылт, сарғыш жүзді, ұзындау қоңыр шашты, қой көзді, көриекті, келісті жас жігіт екен. Ол орысша таза, жартылай отыра жайғасқан еді.

Карповты Есенов өзінің жас әйелі Құндызбен таныстырып, таза жынылған үлкен қонақ бөлмесіне кіргізген. Отыратын орындық жок. Қілем, көрпө жерге жайылғандақтан мұнда да қонақтар жастыққа сүйене екі төсеккес жақсы сөйлейді.

Карпов директордан әуелі оның өзінің жайын сұрасынан, Есенов Ташкентте зоотехниктік мамандық білім алған. Өзі осы ауданының өзінен шыққан жас екен. Әйелі Құндыз осы ауданда, тіпті, осы совхозда орта мектеп бітіріп, бүгінен он шақты ай бұрын ғана Әбдіге қосылған, жасы 18—19-дағы талдырмаштау, бойшаң, қоңырқай жүзді сұлу жас екен. Оның мінсіз бой мұсініне жүзіндегі әсіресе үлкен, тұнғылғық қара көзіндегі жылы, майда бір

ажар өзгеше жарасқан. Көтеріңкі түзу мұрны қазақ әйелінде сиректеу ұшырайтын қырлы ұнасым бар. Кесектеу аппақ тістері дөңгелей жұмырлана, сәл жылтырай көрінген иегі, ұзындау мойны, жұмыр мінсіз біткен қалпында бір толқын бұғақ жасап, жас әйелді көптен ұшыраспаған анық сұлу дегізерліктей.

Карпов әзірше қала мен колхоз, аудандарда қазақ әйелінен дәл осы Құндыздай бойы да, жүзі де сұлу келісken жас әйел көркін көрген жоқ еді. Ол амалсыздан ішінен сұлу Құндызды қүйеуімен салыстыра отырған шактары да болды. Енді аңдаса кесектеу бетіне түзу боп ірілей біткен мұрны, ұлкендеу, сарғыштау көзі, қызғылт, сәл қалындау ерні — бәрі де өз өлшеуімен жақсы жарасқан пішін Әбдінің жүзінен де аңғарылып еді.

Карпов бұларды жақсы табысын үйлескен жұбайлар екен деп байлаған. Құндыз бен қүйеуі қатар қызмет етіп жүріп шай, қуырдақ әкелген тұста, кейін сол дастарқанды жимай тағы да өзге астарын үздік-создық әкеліп сыйлап отырған меймандос жастарға қонақтар көп көңіл бөлісті. Оларды әр қайсысы да сөйлетіп, сұрактар беріп, жалпы мәжіліске қоса араласғырып отыруға тырысты.

Әбді іс жөніндегі деректі жайларды өте орынды, үстамды мінезбен асырмай да, жасырмай да дәл-дәл сөйлемп отырды. Құндыз облыстан келген қонақтардан көбірек именгені ме, әлде өзінің мінезі солай ма, жауаптасып ұзақ сөйлеуге үнемі сараң болды. Ол үялыштырап, күле сөйлейді де, әр сөзінің аяғын өте ақырын ғана айтып, әр әңгімені сол үні дағдысымен еріксіз тұжыра отырғандай болды. Бұл сөз оның өзінің оқуы жайынан басталғанда байқалып еді.

Карпов одан:

— Ілгері оқуға бармадыңыз ба? Барғыңыз келмеді ме? — деп сұраған.

— Мұнда ВУЗ жок. Алыс қалаларға бара алмадым, — деп кана тоқтағысы кеп еді.

— Өзіңізben бірге бітірген шәкірттер қанша еді?

— Он жеті.

— Олардың ВУЗ-ға кеткені бар емес пе?

— Бар еді.

— Солармен бірге бармадыңыз ба?

— Жоқ. Бара алмадым, — деген күлімсірей, қызаранқырай қысыла сөйлеген Құндыз сөздері Карповты оның өз аузынан айтарлық әңгімеге жарытпайтынын аңғартты.

Осы үйдегі ұшырасуда аудан секретары Әріп облыс басшыларына өз ауданын жақсы білетін жайларын жиі сөйлеп, үзік-үзік білімдерін жақсы аңғартты. Ол аудан малының құмнан өтіп Қарағанды шегіне, Бетбақты базып Жетіқоңырга дейін жайлап баратынын айтты.

Осы ауданнан жақын жерден ағып өтетін Шудың суын ретке салу жайында пікірлер айтты. Екі облыстың бұл өлкедегі малын Шудың суымен шөлсіз етуге болатын бір ойлар барын сөйлемді. Жамбылмен екі аралықтағы Талас, Аса, Бұркіт сияқты өзендерді пайдалануға болатынын сөйлемді. Ерте заманда осы Құмкент бойында мол су болғанын баяндайды. Осы Мырзабай Даға дейтін күлазып түрған мол дала бұрын мырза дала болыпты, түгел егін егіліпті дейді.

Қай жерлерге плотина салса, Алтыбай қазанға жогарыдан он жеті үйлекты әкеліп құйса құнарлы азық қорын жасайтын мол су болатынын айтады. Карабұлақта Біресек деген су бар. Ол Тастанқа кеп құриды, соған плотина жасаса ауданға қарай созып 3—4 мың гектар егін егуге болар еді. Оны айтады, тіпті Мойынқұмның өзіне Жуантөбе, Састы осы Құмкент қойлары бата барып пайдалана алмай жүр. Қыста біздің құмды паналап келетін мынау Ноян ауданының қойы да толық пайдаланбайды. Мойынқұмның жырактағы көп пайдалы өлкесі іске аспай қалып қойып жатыр. Бізге сол өлкeden 18 артезиан құдығын қазып берсе, ең үлкен мемлекеттік шара сол болар еді.

Казір Жуантөбе тұсында қазылған бір артезиан құдығының беріп отырған иғілігі толып жатыр. Кешегі шөлде бүгін дарбыз шығарып жатыр. Әзірге біз үш қана құдық қаздық. Бұл өте аз.

Жалпы Ұзак ауданына жетіжылдыққа 635 мың қой осіру міндеттіміз. Бүгінде 330 мың қойымыз бар. Каракөл қойы. Бұл өзіңізге мәлім валюта беретін қадірлі қазына. Біз жеріміздің, ауданымыздың көгін пайдаланбай отырмыз. Мұмкіндігімізді алсак, бір миллион қаракөл қойын осіре алар едік. Жер де, жайылым да жетер еді. Тек су, су берсе...

Екінші ариамыз бізді қинайтын жол, қатынас. Әсірессе қатынас. Қыста біз сонау бейнебір Арктикада қыстайтын зимовщиктер халінде айнала әлемнен қатынасымыз үзіліп, мұлде бөлініп қаламыз.

Карпов үй ішінің адамдарын жоғарыда айтқандай

аңыстай отырумен бірге Есдәuletovтың жаңағы аудан жайындағы кең де, терең де; көлемді сойлекен жайларының барлығын жақсы ұғынды. Сонымен қатар ол өзі сезген жақын күндегі дәл алдағы биылғы қыстағы екі аудан қамына әсіресе қатты көніл аударған еді.

Ноян ауданын көріп шықты. Бұл ауданның колхоздары мен жақын совхоздарын және де танып отті. Бүгін ауданның үлкен совхозының бірі Көнекенттің барлық қыстық әзірлігін көріп отыр. Аудан секретары Есдәuletov болашақ арманды айтуы дұрыс. Аудан көлемінде қандай мүмкіншіліктер барын, соның қалайша пайдаға аспай отырғанын айтуы орынды шығар. Бірақ ол осы баяндан отырған жайларымен дәл биылғы әзірліктің ойдағыдан сенімді емес екенін көп сөзінің тұсында Карпов қа танытып алғанын өзі де сезбеген болар. Ол өз ойыша мол мүмкіншілікті пайдаға асыртпай отырған тоғышарлықты аудапши емес, облыстан және одан да жоғары үлкен үкімет орындарынан деген жайды көп аңғартады.

Карпов оның ойларын, сөздерін өз ішінде корытқанды: «Бұл секретарь биылғы қыста жұт, апат болса себебін, мәні-жөнін ертеде айтқаным кәне! Өздеріңе білдіргенім кәне?» дегелі отыр.

Екі аудан басшылары осы арада түгел бас қосып отырғандықтан Карпов енді бір жұма бойында өзінің аңғарып, түйгеп құдікті ойларын айтуға байлады. Бұл отырған қызметкерлердің бәрі сенімді адамдар. Бәрі де жауаптылығы мен опы ұғынуы жеткілікті кісілер. Өздері және тегіс кешегі соғыста көп киыншылықтарды бастағынан атқарып өткен Совет Армиясының әр дәрежелі офицерлері. Бұлармен қазіргі екі аудан жағдайын шабындықты нақтылы байлаулы кеңес құруға болады. Нұсқауларды ашық, қатал, ашы шындығымен дәл байланыстыра айтып кету шарт.

Карпов әр адамды, әсіресе қызмет бабындағы өзінен қатынасы, жалғасы бар адамды оның өткендеңі өмірімен, ісімен, бұрынғы енбек тәжірибесімен қатар тануға тырысатын әдетке сүйенетін. Сол дағдысы бойынша ол қазір облыстан шыққан Әлім, Алмасбек екеуінің де Отан соғысында қанша жыл, қайда, кім болып істегенін жақсы білген. Қасымов, Жарасовтың да қандай майдандарда болғанын анық, ұзақ әнгімелестіп өз ауыздарынан естігенді.

Бұғін Әбдіден оқуының ғана жайы емес, әскерде, соғыста болып өткен соғыс бір-екі жылдағы, өмір тәжіри-бесін білген болатын. Есдәuletov те майданға біраз уақытқа барып араласқан қызметкердің бірі екен. Ол бірақ мынау отырған өзге, өзінен жасы кішірек топ адамдарынан басқарап. Ол соғысқа барадан бұрын да жауапты қызметкер болған. Ауданда істеп жүріп соғыс кезінде партиялық бір алуан жазаға да ұшыраған. Некіса өзінің өткен шағы мен бірнеше қат-қабат бас тарихы бар адам бол шыққан-ды.

Әнеугі қалада сөйлеген сөзі мен бұғін аудаңда Карповқа айтып отырған жайларының бәрінде желілес, астарлас күйлер, мәндер бар. Ол Карпов барлауынан, бар жайымен қындау адам көрінсе де ұғылмай, танылмай қалған жоқ-ты.

Карнов енді көп уақыт еркін сөйлетіп, көп тыңдаған осы тобының бәріне ариап өзінің соғыс қүндер ойына жиған байлауын таратады.

— Шын сөзге келгенде мен екі аудаңда да танысып келіп қорытып келгендің шақта облыс басшылығын толық тыныштандыратын жағдай таптым деп айта алмаймын. Шын халге, анық, ашық қатал шындық жайға үзіле қарасақ, осы екі аудаң да биылғы қысқа сенімді келіп отырған жоқ. Мал жақсы өскең. Мал басындағы бейнеткорлар, шонандар барды істеп келеді. Бірақ солардың еңбегін алдағы қыс рәсүә қып, төгіп-шашып құм мен сахраға құлдей ұшырып кетсе ғажап емес. Және соған мал да кінәлі емес, мал басындағы шын бейнеткор, шын еңбек геройы бүкіл одактағы айттар едім, ен ауыр еңбек, тұрмыс жағдайында жүрген анық адад мал нелері — шонандар жазықты емес, осы отырған сіздер мен біз жазықты боламыз. Қыс жақсы болса мал аман шығады. Қыс жамағ болса сіздер малды жұтататын басшылар халінде отырыздар. Бір-ақ қана байлау айтайын: Есдәuletov, Қасымов екеуін де ендігі бір есепті қыстың ең жамағ болатын жағдайына мөлшерлеп жасаңдар. Айтайық, қыс ұзақ болсын, қар қалың болсын. Асулар өткел бермей койсын. Мал балалауға жеткен шақ болса да сол мал өзінің жылдағы қой қоздататын қораларына жете алмайтын, жүре алмайтын жағдайда қалсын. Азық бітіп қалсын. Мал өле бастасын. Міне сол жағдайда осы екі аудан бүгінгі малдарының басын сақтап қалу үшін қандай бүкіл мемлекеттік, облыстық әскери түрдегі тығыз

шара керек болады. Сол күнге, сондай жағдайға арналған көмектің, бар керектің есебін де, түрін де айтып облыска деректер түсіріндер.

Бұл сөздер аудан басшыларының бұрын үйренбекен, естіп көрмеген нұсқауы сияқты.

Есдәuletov сақтық, күдік айтты. Оның үйреншікті сақтық есеп болса да қазір айтпаска, іркіп қалуға болмастай көрінді. Күле түсті де:

— Жаман қыс болмай жатып, сондай үркіткен хабар-ақпар береді деп Сұлтанов бізді паниктер демей ме? Сол үшін жазаға ұшырамаймыз ба? — деп үй ішіндегі біраз адамды қоса еліктіре күле бастап еді.

Алмасбек басқаша ойлады. Ол Карповтың сөзінде ең туралы қамқор шындық бар екенін ерте аңдаған. Есдәuletovтың сынаи қафытты да:

— Камыңды ойлаған сөзге де жалтақтап артқы есепті қоса отырасың-ау! Анық шындыққа батылың бар-маған соң жалтара жауап беріп отырсың-ау! — деді.

Әлім бұлай караған жоқ. Ол өзі бірталайдан мал шаруасын басқаруға араласып жүргендіктен Алмасбекке дай айтты.

— Есдәuletov шын айтады. Құзден күдік айту былай тұрсын. Алдыңғы жылы март басында мал өле бастаганын білдіреміз деп әуелі совхоздар министрлігінен қатты бір ескерту естіп алғанымыз қайда! Бізде шынында өліп отырмасаң, өлтіріп отырмасаң оның алдындағы хал-жагдайды айтқаныңды сүймейтін міnezіміз көп екені айдан айқын.

Касымов ол да осы анғардан шықты. Тек ол Карповқа киялай отырып, ақыл сала сөйлемді:

— Біздін Тұстік, тегі Қазақстаниң ең жылы жағы. Сибирь емес, тіпті Алматы, Жамбыл да емес. Олардан бұрын мал өлтіріп көрген емеспіз. Тегінде Тұстік мал өлтіріпті десе бізге жаңы ашудан бұрын бар Қазақстан облыстары мен Алматыдағы басшылық орындары әуелі күліп, мазактап, содан кейін ашуланып, ұрысқаннан басқаны қоспайтын әдеті бар. Ал сондықтан бүгін бар азық қолда, бар мал түп-түгел семіз күйде, коңыр күзде отырганда құлқын сәріден мыналар жұтты шақырып жүр деп тағы мазақ қылатыны айдан айқын! — деп көпшілікті өзінің сақылдап, жарқырай күлетін күлкісімен еліктіре күлдірді.

Карпов екі секретарьдың да аңгарын түйді де қазір

өзге сөзді созған жоқ. Қасымовтың соңғы сөзін Карповтың өзі мен Алмасбектен басқалар түгел құптал қалды. Ол Карповқа жаққан жоқ. Бірақ облысқа жаңа келіп, жағдайды білмей үркінді күдік сепкен кісі болу ыңғайсыз да көрінер деді де, бір-ақ қана байлау айтты:

— Жарайды. Екі аудан басшылары өздерің толық сене алмайтын күштерің толық емес халде отырып, сол ауыр шындыққа батыл қарауға шыдамадыңдар. Құлкі боламыз дедіңдер ғой. Тек кейін жылап жүрмендер. Шопандар енбегін мен қатты құрмет етіп бағаладым. Сендердің тоғышарлығың олар күшін зая кетіретін болса бүгінгі татулық ұзакқа бармайды. Ол кепіл бола алмайды. Әлі де екеуінің де райисполком бастықтарыңмен ақылдасып, совхоз бастықтарын бюроға жиып отырып ойласу, ақылдасып байласуға маслихат береміш. Осы менің соңғы сөзім!— деп бұл жайдағы бар сөзді аяқтатқан еді.

Осы жолда Карпов Ұзақ ауданында біралуан бұл бұрын ұшырасып көрмеген ұнамсыз жай бар екенін аңдады. Осы «Көнекент» совхозының үлкен бөлімі бірінші бөлімде Карповтар болғанда сол бөлім бастығы Керімбек Жанаев оңаша бір жайлар айтты. Ол сөзін Керімбек Карпов, Жайлышеков, Ерімбетов үшеуіне ғана оңашалап айттып еді. Сол сөзінде Керімбек:

— Біздің бөлімде отыз мыңдай қой бар. Осының қысқы қамы көңілдегідей емес. Шөп-жем басқа жаққа тасылу керек деп директор бізді зорлай береді. Ал қыс жаман болса шөп осы күнгі түрған жерінде болғаны мақұл десек, осында зоотехник Асылбек Жанаев екеумізді айыпкер санап, қыспаққа алып жүр. Өзі жас адам. Ауданиң, малдың жайын, қыстың қандай қындығы боллатынын мүлде білмейді. Анау Есенов деген директорымыз. Ал ол бізді малдың қамын айтқанымыз үшін жазага ұшыратқалы қысып, қинал отыр!— деген де, Карповқа арыз да берген. Орысша жақсы тілмен жеткілікті, түсінікті етіп жазылған кәдімгі қамқорлық адал қызметкер, мамандар уні.

Кейін Карпов осы жөнде Есдәuletovke арызды оқытып, оның пікірін сұраған. Есдәuletov мұның орайына екі Жанаевты жамандап сойледі. Ол тұра Карпов пен Алмасбектің ойында жоқ жайды айтты.

Жанаевтар мен Есеновтың арасында бас араздық бар. Оның түбі әйел мәселесінде. Анау Әбді Есенов алып

отырған Құндызың дәйтін қыз еді. Соны Қерімбек Жанаевтың ішінде бөлімдегі зоотехник Асылбек алмаққа нистептік айналды екен. Биыл мынау Әбді қыздың өзіне үнады да ол соған тиді. Ал мынау Жанаевтар соны іштей зіл тұтып, Есеновпен шалыса береді. Олардың сөзін бұл тұста елемесе де болады!— деген.

Карпов осы Есдәuletov айтқандай үғынумен болды. Ол кейін жас директор Есеновтың үйіне келіп, ас ішіп, Құндызың көркем жүзін, Әбдінің келіс келбетті, мәдениетті қабілеттің көрді. Екі жастың қонақ күткендерін бейіл, ынтымақтары өзара аз сөзбен жай біліскеңде Құндызың күйеуіне аса мейірлі достықпен тұнжырай қараң, әсем үнмен сұлдырай сейлеп, іш тарта күлгепін естіп сезгеннен жаңағы арызды жай болымсыз, елеусіз күй дей қойған еді.

Кейін Алмасбек, Әлім, Карпов үшесуі машинада оңаша келе жатқанда Алмасбек осы ауданда негізсіз бір жік бар екенін атаған. Есдәuletovпен қазір курортқа, демалыска кеткен райисполком бастығының араларында бас араздық бар. Сол кейде ойламаған жерден жаңағы Қерімбек Жанаевтардың арызы түрінде де жотасын көрсеттіп жүреді!— деп Алмасбек Карповқа тағы бір кос қыртыс жаңағын білдірді. Әлім Ерімбетов мүндай болымсыз шындықтар, хабарлар Карповтай кісінің көзілін алаң қылуга тұрмайтын жай деп білді. Ол өзінше байлау айтты.

— Есдәuletovты Жанаевтардың жесір мәселесіне шешіп апарып жалғастыру қажет емес. Аналарда феодалдық жаман саианың бұл күнде ештеңе өндіре алмайтын бықсыған қалдығы болса, оның райком басшылығына не қатынасы бар. Бұл байланыспайтын мәселелер.

Алмасбек оған қонғен жоқ.

— Біз осындағы шындықтарға кейде елемей қараған боламыз. Ал қүндеңі өмірде ол бірде болмаса бірде кесірін тигізбей қоймайды. Кейде Әбді мен Құндызың сияқты жастардың өз бастарына ғана әсер етпей, сол Әбді басқарып жүрген мемлекет шаруасына да қырығын тигізуге жарайтын феодалдық қалдықтар болмайды демекіз. Мен шынын айтайтын ба, сол Жанаевты Есдәuletovтың ең алдымен өзі сүймейді.

Әлім оның ендігі ойының қалай беттегенін әуелі түсінне қоймай: «Оның себебі неден дейсін?»— деп сұрады.

— Себебі — Жанаевтар райисполком бастығы Құр-

мановиен жақсы.. Ал.. Жанаевтар болса Есенов Әбдіні Есдәuletов жақсы көреді; сүйейді деп есептейді. Жік деген ол бір жерден шықса, ойда жоқ әр жерден өзінің тұтінің будақтатып жүреді. Мен өзім осы ауданның соңдай бықсымаларын өлердей жек көремін. Тұбі онымен де алыспай болмайды!— деді.

Карповқа Алмасбектің турашыл, сыншыл бітімсіз мінезі үнай түсті. Ол күндіз Әбдінің үйінде бір ұсақ әңгіменің үстінде де Карповқа тағы бір жағынан үнамды бол ашылған тәрізденіп еді. Күндегі ас үстіндегі қазак үйінің қонақуар әдеті бойынша Әбді мен Құндыз да бесбармак-пен қатар бөлек табаққа салып, қасына өткір пышағын қосып Карповқа бас тартқан.

Карпов басты үндемей Есдәuletовка қараң жылжытып қойып еді. Есдәuletов дағдылы, үйреншікті сөздерді сөйлеп:

— Сізге бүйірылған бас. Біздің халқымыздың ескі әдеті. Басты алыңыз, рақым етіңіз!— деген.

Сонда Карпов басты әдейі Әлімге ұсынып еді. Ол алмады. «Алмасбек, сен ал!»— деп оған қараң қозғап еді, ол құліп: «Жоқ, өзіңіз алыңыз, сізге берілген!»— деп қашқалақтады.

Қозының басына бір жұмадан бері күнде осылай ұшырасып жүрген Карпов сиді әуелі біраз құліп алды:

— Осы бас құрметке беріле ме?

Бар дауыс жан-жақтан: «Әрине-әрине, құрметке, сізге!»— десті.

Карпов олі де құле отырып:

— Ия, сыйға, құрметке беріледі екен. Олай болса мен мысалы құлакты жеп, содан кейін құрметпен құрметті басты маған өздерінің айтуларың бойынша халық әдетімен мына Алмасбекке берсем, ия Әлімге берсем, ана Қасымовқа да беріп көрдім. Отірік пе, бәрің де алмай қашатындарың қалай?— дегенде ас айналасында отырған қазак қызметкерінің бәрі де құліп жіберісті. Бұлар тегіс бүршиғы қазақ әдетінің бірталайынан кейін қалыпташып жастан болғандықтан шынымен тартыншақтайтын. Баяғы қартаң қазақ болмаса өздері өздігінен, бас ұстауды мұлде жақтырмайтын.

Карпов соларын андаған екен. Енді жаңа әрқайсының әзілмен бас ұсынып тағы барлап шықты да бұл жүрттың ешқайсысының ойында жоқ бір жайдан сөйледі.

— Ал осы үйде бізден бөтен кісі жоқ. Керімқұл мени

Дәңбай сияқты үлкен шопандар үйінде отырғамыз жоқ. Мынау Есеновтер — біздің жастар. Ендеше мен бір шының айтайни ба? Осы бас беру деген пережиток — ескірген қалдық. Әдебиет тілімен айтсақ мұндайды анахронизм дейді. Заманынан орынсыз ауысып қалған ескірген қалдық деген сөз.

Әлім бұл араға көне алмады. Ол шырайлы қызығылт жүзі қызырыңқырай түсіп, Карповқа құліцкірәй қарады да:

— Нил Петрович, ол біздің халқымыздың дәстүрі. Сіз анахронизм десеңіз, мен традиция деймін, үлттық традиция. Ол жайдан халықтың әдетін қажетсіз түрде бұзулың орны жоқ. Олай десе не дейсіз?

Карпов үйдің іші оған түгел аңыра барлай қараганын аңдады да енді шынымен өзінің сын ойын айтты.

— Рас, дәстүр, үлттық, халықтық дәстүр деген бөлек, қадірлі жай. Оның жөні бір басқа. Бірақ дәстүр бар да, қалдық бар. Біздің бар халқымыз, соның ішінде орыс халқы да қазір дәстүр болуға жарамаған қалдықтан арылып келеді. Кейінгі буындардың арылуы шарт, міндет болатын жайлар бар. Мен бесбармақты жақсы көремін. Біреулер осында жиындағы сөзде біреулерді сыйрап жамандығысы келсе, «бешбармашничает» дейді екен. Солай деп газеттерге де жазысады. Міне бұл дұрыс смес. Бесбармақ қазақтың үлттық асы. Ол арақ емес, ешкімді бұзбайды, аздырмайды. Оны жамандаса солайша «пловничает», «шашлышичает» немесе украиниң халық дәмін алып «галушничает» дер болса дұрыс болар ма еді. Ол халық дәмін орынсыз кіналау. Ал бас бір басқа. Ол шынына келгенде малдың ең қадірлі еті де смес қой. Қасапшылардың тілінде не дейтіндерін білеңдер ме?

Алмасбек ең алдымен құліп жіберді.

— Сирақпен бірге «субпродукт» дейді. Олардан тек холодең қана жасайды! — дегенде Әлімнен басқалар тағы да күлді.

Карпов Алмасбектің еркін әзіліне ырза болды.

— Бәсе, дұрыс айтасың. Астын қадірлісі де емес және бүгінде өзге көп елдердің халықтарымен, конактарымен қазақ жүртшылығы көп араласатын болған шакта қазақтың өзінің де бүгінгі көпшілігі мысалы өздеріңдей оқыған көпшілігі еріксіз ескілік санайтын бастың әлі бұрынғы ақсақалдар, рубасылар арасындағыдай үлкенді

санап, сақалды санап қалдырып жүруі, үнемі әр табакта ас басы бол жүруі лайық емес!— деді.

Алмасбек өзге қазактар үндемей қалса да Карповтың көлденең дос адамның сөзімен қатал да болса тұра сынап отырган сөзін мейлінше қостады.

— Осы сөз дау жоқ әділ сөз. Рас мұны әр жерде жолдастар Карпов айтпай-ақ, ол кісілерге айтқызбай-ақ біз, қазактар, өздеріміз айту керек. Мысалы, был қыста біздің облисполком Сұлтаповтың кабинетінде Индиядан келген бір топ қонаққа банкет жасады. Сонда Алматыдагы демалыс үйлерінің әдеті солай деп Индияның қонақтарына қойдың басы ұсынылды. Ол индустар қойдың басы түгіл, жалпы ет атаулыны мүлде жемейді. Осылайша тағы бір Швециядан келген оқымысты қонақтарға біздің Баскентте және де қойдың басын сыйбаға қын тартқанды көргем: Мен сонда қонақтардың қысылғанына қарап, өзіміздің қазақ коммунистер мен бар қазақ әйелдерінің және де өздері қысылып күлгенін «осы бір әдетті-ақ қоймадық-ау, несіне соны табаққа тарттық. Атабасы жеп көрмеген баспен қарық қылмай-ақ қоюшы едік қой!»— деп өкіпген сөздерін сан рет естідім!— деген.

Қазір машипада келе жатып Әлім мен Алмасбек екеуінің жаңағы аудандағы жік жайындағы қайшы айтысқан дауларын естігендеге де Карпов Алмасбекке іштей көбірек ден қойып отырды.

Ұзақ ауданының орталығы Биіккорғанинан бүгін шыққан Карповтар тобы кешкі күн еңкейген мезгілде Бабатаға келген еді. Бабата мешіті күйдірген қыштан салған алуаны үлгісі бөлек Бабата медресесі бүгін құламаған, қаусамаған барлық қалпы бүтін күйінде сақталған есқінің мықты ымарратарының бірі екен.

Мешіттің қасында былтыр мен был Алматыдан келген археолог әйел Агеева қаздырған ескі қорған бар екен. Барлық топты Есдәuletov бастап жүріп қазылған қорғаниның тереңі де, көлденеңі, көлемі де түгелімен көрілді. Археолог әйелмен бірнеше рет әңгімелескен Есдәuletov бұл қорғаниның жайын да едәуір түсінікті етіп айтып берді. Тегі бұл жерде срте заманының хан сарайы болғанға ұқсайды. Одан өзге үй дүкендер саларлық кең аумак жоқ. Тарлау сайга, сұы мол өзен, бұлак басына мұнау екі жағада жартастар арасына әдейі салынған

окшаша сарайдың бірі болса керек. Бірақ осы сарай үш мәртебе салынып, үш мәртебе ойран етіліні.

Ағсева зерттеуде алғашқы құлаған сарайдың іргесебінде біраз қалпы екінші сарайдың салынған кезінде керекке жаратылыпты. Кейін екінші сарай құлаған соң үшіншісі салынғанда ең бірінші мен екінші сарайдың бірталай іргелері, қабырғалары, кейбір кіші-гірім ішкітыскы берік қаланған қатарлары және де керекке жаратылыпты. Бірақ үшінші сарай және де жай емес жауқолымен ойран етілген.

Есдәулетов осыны баяндап шыққанда барлық көруші, аралаушы адамдар көніліне келген бір ойды Әлім айтқан еді.

— Осының үш дәүірінде де әлденеше көміліп қалған өмір, төгіліп қалған қай да бар-ау. Кімдердің қандай тағдырлары осы сараймен қоса көмілді екен?

Жүріп келе жатып Алмасбекпен ой бөліскендей айтқан Әлімнің осы сөзі бүрын Бабатаға келіп жүретін Алмасбектің есіне осы Бабата дейтін жерде болған тағы бір өлімнің жайын еске түсірді. Әлімнің сөзін естіп келс жатқан Карповқа қарап Алмасбек: «Сарайда кім өлгенін айтушы баян етпейді. Бірақ осы Бабата мешіт-медресесінің түбінде жақын заманда кайғылы қанды оқига мен қаза тапкан өте бишара жаның жайын осы өлкенің елі түгел біледі», — деген еді.

— Ол кім? Кімнің жайы? — деп Карпов сұрай бастады.

— Ол бір әйел. Жас, сұлу әйел жайы. Соның өлімі турасындағы әңгіме! — деп Алмасбек жауап берді де, сол жөнін Карповқа айтып бергісі келгендей жүріп келе жатқан бойынан сәл бөгеліп Карповқа айнала қарады.

Карпов оның білген оқиғасын тыңдағысы келген ажар аңғартып еді. Барлық топ енді баяу аяңдап, төмендегі қара жартас қарсысындағы машиналар тұрған орынға, медресеге қарай жай басып аяңдай берді. Кей тұста ақырын жылжи жүріл, кей кездерде тұрып қалысып, түгел жынын Алмасбек айтқан «Алуаның ажалы» дейтін әңгімені тыңдауға кірісті. Баяндалған жай мынадай еді.

— Жас сұлу әйел Алуа жасы жетпістен асқан осы өңірдегі сәудегер шал Қанайдың әйелі еді. Бойы аласа, денесі ерте қураган, аппақ бол ағарып, сақал-шашы қуарған бір малды ауыл несі Қанай шал өте қызғаншақ, шадыр, рақымсыз қатал адам болған.

Бұрынғы әйелінен туған балалары осы елге келген қалың сүзек ауруынан тегіс қаза болып, әйелі де өледі. Жасы жетпіске тақап қалған сол шал кейін қолына Алуаны түсіріп алады. 18-19 да мөлдіреген сұлу, өзі сұн-ғақ бойлы, аппақ, қара көз әйел аз уақытта шалдың жас қатыны боп үйіне кіреді. Жылаумен, қайғымен кіреді. Алуаны айдаған өмір, тағдыр зорлығы қatal еді. Бұл арқаның осы Мойынқұмға ауып келген аз үй Арғыны ішіндегі жесір әйелдің ең ересек баласы — сұлу қызы еді. Жұт болып малдан айрылып, арқадан құмды қыстай келген азгана ауыл бір қыс ішінде бар малын беріп, тақыры кедей болды да, мойны қашық арқага көшे алмай қалды. Оның үстінен Алуаның әкесі мал соцында жүріп өкінесінен сұық өтіп, қатты ауырды да қаза болды.

Екі қызы, бір үл кішкене бауырлары мен кәрі шеше атаулының ендігі сүйепері осы үй ішіндегі ересек қызы Алуағана болып қалған. Осы үйдің іші жаяу шұбырып қазіргі Жуантөбе тұсындағы Қоңырат елінің ішіне келді. Сонда саудамен пұл-шай алып барған, жақында қатыны өлген Қанай шал басына қаза түскен, қамалған сорлы үйдің ішінен Алуаны оңай қолға түсіріп алады.

Міне Алуа тигелі алты жылдан асқан шақ болып еді. Алуа түскен жылайың өзінде бала көтеріп, Қанай шалға Қенжебек деген үл тауып берді. Сол бала бестен асып, алтыға тақаған мезгіл бол еді. Бірақ жылдаң жыл, айдан ай өткен сайын Алуаның күні дертке, уға айналған. Алғашқы алған жылдың өзінде Алуаны айшала көздің бәрінен қызғанған Қанай неше түрлі жала жабудан тоқтамайтын болған. Аздан соң Алуаға мұның қолы тиे бастайды. Қызғаныш, жанжал үстінде ол Алуаға сұмдық жала жабуға да бескінеді. Өзінен туған Қенжебекті Алуа басқа біреуден тапқан етіп қаралайды. «Бұл баланы сен арамнан таптың!» — дейді. Алуаның жүргегіне бұл сұмдық жала қанжар сүққандай болады.

Алуаға өзінің ашу-ызасын батыру үшін кейде Қанай қазымырланып қатты айыптап үрысқан шағында жасы бірден асқан Қенжебекті «арамнан туған» деп қаралайды. Осыдан соң Алуаның жүргегі мұз болады. Ол шалдан жиренс, жнырыла көзі жас, көңілі ызалы шергे толған сұлу Алуа ендігі өмірін айықпас зәрмен уланған қорлық деп біледі. Ол шалдың үйінде шаруасын істеп әйелі атальын жүргенмен енді шалды мәнінде дарытпайды. Ол тоғсеккес көрле кіре бастаса сұық қолдары бұған сұық

жылан жанаса бастағандай қалтыратып, жылатады, ки-
найды, тітіркендіре шошытады.

Әйелінен жиреніш сезген шал бұрынғыдан бетер қыз-
ғаныш әлекке түседі де, енді Алуаға үйленгеннен бері екі
жарым жыл өткен шамада Алуаны жіі-жіі ұрып-сабай
беретін болады.

Алуа не қыларды білмей тек тілі жаңа шыққан кіш-
кене баласы Қенжебекті бауырына қысып, үнемі ыстық
жастар төгеді. Соны құшағында тербете, еркелете оты-
рып ендігі «жалғыз ғана, бар ғана талшық ермегім, тір-
лігім сенсің. Бірақ тұсаум да сенсің. Сенен айрылып
кетіп өмір сүрмеспін: Олай етсем өлгенім болар. Бірақ
сені тастап кетпейтін болсам тұсаум да, шырмауым да
қырсық шал емес, жалғызыым, өзің болдың ғой, боласың
гой» дегендей улы ойлар тұсауына, шырмауына көп ту-
сетін.

Осымен арада тағы үш жарым жылдай уақыт өтеді.
Шал Қапайдың ауылдаш және үш-төрт атадан қосылатын
ең жақын дерлік ағайыны шұбар Қоңқай дейтін жасы
отыздың ішіне кірген жігіт болатын. Сол Қоңқай өң жа-
ғынан кескінсіз, мінезі одан да жағымсыз адам бола тұра
Алуаға үдайы жабысуымен жүретін. Бас кеудесі кесек
біткен қонқақтау қалың мұрынды, қара шұбар Қоңқайды
сұлу әйел емес жай әйелдің де сүйерлік кескіні жоқ еді.
Кішілеу, бітік, шегірлеу көзі болатын. Бетіндегі бар адам
көзі тоқтарлық калпы қысқа қою, қап-қара мұрт пен ақ-
сиган аппак таза тістері ғана деуге болушы еді.

Озінің бала таппай жүрген босаң, үян қеліншегін ол
көптен менсінбей осы маңдағы жас әйелдің әрқайсысына
тілек стіл, ұрына беретін. Жақындық, туыскандығын сі-
дет қылып, Қоңқай Қапайдың үйіне қысы-жазы ертелі-
кеш келе беруге жолы ашық еді. Сол Қоңқай Қенжебек
бір жасқа келген соң Алуаға жақындық жөнінен сөз са-
лып соцына түсе бастаған. Алуа күйсінің қызғаншақ жа-
ласына мезі болған қалпында тегі ерек атаулыға қа-
рауды өзіне арам, күнәдай көрген көнілмен түйіліп, қат-
ты суынып қалған жан еді.

Қоңқайдың сөзін ол құлаққа ілмеді. Анау неше ай-
лар бойында кезіге кетсе, жер оңаша болса жабысып жа-
лынудан талмайтын. Сонысымен Алуаны ол қатты ашу-
ландырып, жиренткен дәрежеге жетті. Бір күн Алуа оны
қатты ұрысып: «қоймайтын болсаң еріме айтамын, жақын

болғаның осы ма?»— деп енді қайтып аузын аштырмас-тай қорқытқан-ды.

Қанай шалдың Конқай кедей ағайыны. Әр кезде са-раң сәудегерден сәл де болса жырымдап жәрдем, көмек алыш жүретін. Кейде ас, кейде көне киім, тағы бірде жа-рым-жарты қөлік, тыны-тебен сияқтыны алса да соны үнем көріп, пайда санап жүретін. Өзі де өлердей дүниекор, жұртқа бар мінезі жағымсыз Конқай Алуадан шын сескенді.

Осы елге жұмысы болып атшабарымен, бір-екі биле-рімен ел аралап келген Сыrbай дейтін болыс бар еді. Сол жақында осы ауылга келіп Қанаймен көзтаныстыры бо-йынша қонып кеткен.

Алұаның жаңағы сөзінен, дәл осы болыс кеткен күн-нен соңғы естігеп сөзінен шошынып қалған Конқай Қанайға өздігімен барып өсек айтқан. «Әйел дегенін істеп Қанайға мұның мінезін айтып койса бүлік болады деген жігіт әйелді болыспен жақын еken. Сыrbай болыс осыдан көнгөп сөзді сәлеммен естіп сенің үйіне әдейі кеп қоп-ды»— деген өсекті айтқан.

Осыдан кейін де шалдың соққысы, кінә-жазасы үдей түсіп, Алұаның тұні де, күні де жылауға, шер-қайғыға толады. Қүйеуіне өсек сөз жеткізіп жүрген, болыспен қос-са қаралап жүрген жауы Конқай екенін Алуа білген емес. Бірақ көпке шейін бұған Конқай бұрынғыдай жа-наса алмай, жырак жүрген-ди.

Айналада Алұаның жайын айттар, мұнын ұғар бір жан жок. Ауыл аймақтағы көрі сәудегердің шырмауына ілін-ген қатын-қалаш көбінше соның сөзін сөйлейді. Өзі жас, өзі сұлу және өзі тәкаппар ешкімге сырын айтпайтын Алуа тегін деснейді. Қүйеуі болса шал, андуши кісі жок. Қүйеуі саудамен үйден, ауылдан базарға, жәрменкеге, ел аралауға жіңі кетіп жүреді. Сонда бұл көйлегі көк, тама-ғы тоқ, жалғыз келіншек тек отыра ма деп шалдың әрбір соққысы мен сөгулерін ұдайы қостап отыратын қазымыр, картан әйелдер аз болған жоқ.

Тағы да жарты жылдай уақыт өтті. Болыстың өсегін естігеннен кейін Қанай шал Алұаның басынан қамшы үз-бейтін болды. Осы кезде тағы бір соққыдан кейін Қанай кетіп қалып, үй іші оңаша қалғанда жылап, іс тігіп отыр-ған Алұаның үстіне Конқай келген еді. Сол осы жолда бұрын бірталайдан үзіп қойып кеткен сөзін қайта бастап, Алуаға жалынды да, жан сөзінің берін де айтты. Алуа

тағы да ызамен сазарып жігіттің жүзіне қарамай, қырын-ғана, бірақ үнсіз, жауапсыз ұзақ отырып қалған еді. Бұл жолы қарсы қатаң сөзді естімегеніне үміттейген Қоңқай енді сөйлеген үстіне шешіліп, жалына жабысып «қалқа да, сәуле де, қолқа-бауыр, ынтығым»— деп те жалбарына берді. Енді бір кезек ол тағы бір көптен ішке түйіп жүрген ниетін шешпек, айтпақ болды. Сонысын естігенде ең алғашқы рет оған көзінің қырын тастагаи Алуа жігіттің шұбар өңі қуарып, жүдей түскенін, жүқалаң қоңыр қызығылт ерін дірілдеп, дем атаулысы жылармандай қалтырай шығып отырғанын андады.

— Ойдағы бір көкейімді тескен арманымды тым күрса бір сәтке Алуа тыңдаса-ау, деп алладан да, аруақтан да шын тілеуші ем. Қалқатайым, міне бейуақ, бар шыным. Сен дегенде бар дүниеден бездім міне. Тек осы сен көнілінді берші. Тілеуінді тілеуіме қосшы. Жай емес, арам жүріс емес. Жылауың жетті гой. Алайын да кетеңіп. Екеудеп екеу болайық та, қашып-безіп жоғалайық. Алып кетеңіп. Түү, Бетпактың аржағындағы әкенін елі, өзің шыққан тегің Арғынның іші бар еді гой. Соған алып кетеңіп. Онбайын, құдай, аруақ атсын осыны істейін. Бірақ тек менің білегімнен ұсташи!— деген.

Өмір емес уға айналған Алуа бүгін жеген ауыр таяқтың соңында дәл осы отырган қалпында қақ қасынан бір терен ор қазылып жер жұтатындей болса соған да осы күйінде құлап, өліп-ақ кетсе дегендей. Өмірінде бұрын болмаған бір ең ауыр, ең улы қасірет ойдың соңында отыр еді.

Азғырған жігіттің сөзінің тұсында «осының үәде ме, ар иманыңмен ант етші»— деп қана қалған-ды. Ар-иман дегенді өмірінде ешуақытта асыл дүние санап көрмеген Қоңқай болатын. Ол тіпті өлген әкесінің аруағымен де ант етіп жіберді. Карапты тартқан үйдің ішінде үні өшіп, талғандай жым-жырт бол істі тастап ешбір қарсылықсыз, қымылсыз сұлық сілейіп қалған Алуаны құшақтап қысып, сүйе-сүйе берген.

Екі-үш күндей шал-күйеу сапардан қайтқан жок еді. Қоңқай, тілегі орындалған. Бірақ Алуа жүрегі жадыраған жок. Ол өзін бұрынғыдан жаман жанын жеп қинағап дерте түскендей сезді. Өзін өзі кешпестей жазалау ниеті сан рет толқып келіп астан да, үйқыдан да, сөзден де қалдырып бір алуан шырмап буып алды. Қоңқай келесі түнде және одан кейінгі түнде тағы да кара түн ішіндегі

келіп-кетіп жүрді. Алуа және де өзінен жирену үстінде жігітке де бір сәт жібіген жылы шырай берген жоқ. Өлі жан, өлі дене ғана бар. Бәрібір өртенген, күл бол қалған өмір. Енді Қонқайдың жазалауы ғана қалған. Болмаса Алуаның теңі түгіл аяғының ұшына отыртар адамы Қонқай ма еді?! Алуа бұл жігітті мінез, адамгершілік, тұртұрпат жағынан ең бір қасиетсіз, құнсыз адам санайтын. Бірақ не керек міне бүгін айналада басқа тал қармағандай тым құрса жаңының шерін айтып, зарын төгер бірде-бір жас жан жоқ. Енді міне осы дозақтаң, өмір до-зғынан алып кетеміп деген ғана уәдесі үшін жазықсыз жанын, соншалық сұлу тәнін өмірдің қандай да болса қадірлі алтын арай бақ ырысына татырлық сұлу тәнін осынын еркіне берді. Бейнебір құзғын, қарға, қаракүс, құшігендерге, әлдеқандай арам құска ақ, адап ардақтысын әдепті талатып, қандатып, жойып өртеп жатқандай.

Үшінші құні қасынан тұра берген жігітке: «жә, енді қашан? Сертінді орындастын құнің қашан, қай шақта аттанамыз дейсің?»— деп еді, әуелі төсекке аяғын салбыратып біраз үнсіз отырган Қонқай енді келенсіз түрде құлді де сық-сық етіп шұғыл өзгерген бойында түрекеліп кереге басында ілулі шапаның қараңғыда сипалап тауып иғына іліп алды да: «асықпа, е асықна, шікін. Әлі осылай ойнап-құліп тұрайық. Қайда асығасың?»— деп қалғаны.

Алуа «ах» деп шұғыл аунай, іргеге құрс етіп құлап түсті де шыңғырып, солқылдан жылап қала берді. Ет кеуделі келеңсіз Қонқай оған айналып та қарамай: «таң кеп қапты, таң бозарып қапты ғой. Қөзге түсіп қалармыз. Некыласың!»— дей салды да шыға жөнелді.

Келесі құні ол келген жоқ. Одан кейін шал қайтып келді. Арада төрт-бес құн өтіп кетті. Тағы да үй оцашада кешке жақын Қонқай келіп еді. Оны Алуа үн қатпай, жүзіне қарамай сұық қана жұзбен қарсы алған. Жігіт жәнс түн ішінде ұрланып келудің, жасырын жолығудың жолын айта бастады.

Алуа шұғыл бұрылып, сонша қатты ашумен қабақ түйіп, өткір қара көздеріне жас толып, негі дірілдей бесіріп жалғыз сөзге жауап сұрады.

— Энеугі сертің серт не осы? Әкеңмен иманынды айткан сертің еді гой. Мен соны күтіп жүрмедім бе? Сол емес пе еді?— деп жылап жіберді,— айт; айт маған, шыныңды айт!— дегендеге, ар деген өмірінде оны шіміркентіп

көрмеген Қонқай: «ой тәйір алсын, не айтып тұрсың. Сол бір қалжыңды, әшейіп нем кетеді деген қалжыңды шын малданып жұрсін бе? Тәйір алғыр-ау, ел-жұрттан безіп қайда кету!?»— дей берді.

Алуа атып тұрып өлердей күйіп кетті де өзіне қарай төніп келіп тұрған жігітті қонқайған тұмсығынан қойып-қойып жібергенін өзі де андамай қалды.

— Шық, көрінбе көзіме, қуарған! Құдай төбенен ұрғыр. Тек төбенен құдай ұрсын. Айуан, шошқа! Шық!— деп айдаш шықты. Осының артынан үш күн өткенде бар ауылға «Алуа мен Қонқай жақын екен» деген сұық өсек гү етіп барлық жанға тегіс тарады. Таратқан Қонқайдың өзі еді.

Сол күндерде Алуаның ең алғаш жаманатқа ілінгеніп бір жас жігіт өзінің анық ауыр жарасындағы естіп тұрып оңаша шығып алып жылап қиналған еді. Ол биыл 17 жасқа келген, әлі өмірінде әйел затын құшып сүйіп көрмеген, уыз адад жанды көрші ауылдың жас жігіті Жанұзақ болатын. Ол домбыра тартып, ән салады. Осы ауылдарда қызы үзатылып, қүйеу келсе, 14 жасынан бері қарай айтысқа түсіп, тәп-тәуір өлең шығаратын «бала-акын» атанған жас өнерпаз еді. Ол әлі топ алдына шығып көрген жоқ. Бірақ өзі құрбы жас қызы-келіншек, бала-шаға, бала-бозбала арасында айтысқа да түсे береді. «Бәдік» те айтады. Жаттап алған жыр дастаны тіпті көп. Талдырмаш бойлы, қызыл сары ұнамды таза жүзі бар жас еді. Ол жан баласына жарыққа шығарып көрмеген бір сыр сактайтын. Соңғы екі жыл бойында өзіне өзі үдайы оңаша арман, қиял етіп шынын жасырын жырымен күбірлей қоңырлатып айтып жүретін. Ол өзіне салса шын ғашық болатын. Ғашығы — Алуа еді. Бірақ Алуа одан жасы үлкен, өте үлкен кісінің әйелі. Өзі үдайы қайғы-азап астында жан баласын, жігіт атаулыны маңына жолатып, бойына дарытып көрмеген сұық сұлу, сондығымен алыстағы айдай, қолға түспес армандай алыс сұлу, солай болған сайын Жанұзақтың жас қиялы ынтыға береді. Жалынды жаны елти береді. Оның бар жұбанышы кейде оқта-текте үйқысыз түндерде Алуаны түсіндеған көретін. Қалған жан сырның бері оның жан баласына айтып ашып көрмеген оңаша, құпия жырында, жан сырныңдаған.

Даланың желінен басқа, кең аспан астынан басқа немесе осы Бабатаның қоңыр тауларының жартастары,

оған үн қосып шығарған сирек жаңғырықтан басқа жаң әлемге ашылмаған бала жүрек сыр жыры, шың жыры еді.

Қонқайдың өзінен шыққан жауыз сүмдүк хабар Жанұзақтың жаң азабы болды. Оның ауылдындағы өзімен жасы тетелес бір жігітке Қонқайдың бүгін күле ту-сіп мақтанып «Алуаның қойнына бардым. Талай жыл көнбей жүруші еді. Соңғы күндер мойнын қайырдым. Бір тояттадым, не қыласың?»— деген сүмдүк мақтан сө-зін жаңағы құрбы жігіт о да өз жанынан қызғана қызығып, Алуаға қызыға түсіп әңгіме еткен. Жанұзақтың жанын өртей отырғанын сезбестен күле, сықақтай әңгіме еткен.

Шыдай алмаған Жанұзақ жаны сая таба алмай ерте-цинде жұмысы болмаса да Қанай шалдың үйіне кіріп ке-ліп еді. Алуа онымен амандасқанда жігіттің беті қып-қызыл бол үялып, көздері жасаурап, жасыды да үн шығара алмай тұсалды да қалды.

Алуа оған қымыз әкеп берді. Амандық жайды дағды-сы бойынша қыскаған айтты да, көп шешіліп сөйлескен жоқ. Айттар ылтау, жұмысы жоқ, ішінен жалындаған жігіт ойындағы қиналған күйінің шетін де шығара ал-май кете барды.

Шал келе жатыр еді. Отырғысы келген жоқ. Өз еркі болса мүмкіндік тауып кеудесін ашар болса, ол Алуаға бірақ имаңдай өтініш айттар еді. «Өзінді қорлама! Қор ете көрме, асыл жар. Қонқай тенің бе еді? Қор бола көр-ме арам құс, қарақұс Қонқайға! Сен қандай биікте, аспанда мекенің болар аbzалсың. Аспан нұрлы аяулысың! Сен үлкен бақыт, жарастық, ашықтық өміріне жарал-ғансың!»— десе болар еді. Тілі жетер еді. Жан жүргегі емірене тұра соны айттар еді. Бірақ әлі әйел затына ауыз ашып, тілек-арман айттып көрмеген үяң, жасық жаны батылдық таппады. Өзін өзі іштей кінәлады, ұрысты. Қорлап қиналды, қиналды да кете барды.

Шал осы келгендеге соңшалық сұық түйіліп, қанын ішінен тартып, жауығып келген екен.

— Бірін кіргізіп, бірін шығардың ба, сайқал! Сүм салдақы. Бұзық қар!— деген неше алуан жат сөздерді айттып Алуаның жанын тағы да жаралай, жазалай келген.

Осы күні кеші батқаша үрсип, үрумен болғанда, бү-гін өзі өз жынын көрші ауылдағы кемпір Қызтумас-

тан естіп келгей Конқай жайындағы сұық хабарды айта келді. Кеш бойы, ас ішіп түн болғанша шал буынып, түйіле түсіп сан рет жұмырықтап, түйгілеп Алуаның үнсіз жүзіне неше алуан сұмдық сөздерді тастан келіп еді.

Кішкене бала Қенжебек бұл күнде үй ішінің жанжалыны әбден ұғынатын болған. Экесі мұның шешесін жазалап, қинай бастаса ол үнемі аппақ сұлу аласына жабысып, болысып жаңы ашып жылай беретін. Сол баланың даусы шығады деп шал ел жатқанша шын жашжалын бастаған жоқ екен. Ауыл жатып, жұрт аяғы басылып, көрші үйлерде оттар сөнді де, түндіктер де тегіс жабылды. Баланы «қасыма жат» деп шешесінен айрып төсекке құшақтап алып ірге жағына жатқызды да үйықтатып болды. Төсекке жатамын деп келген Алуаны аяғымен теуіп «жатпа, жолама, арам!»— деп жатқызбай қойған.

Біразда бала үйықтап, ауылдың иті де үрмей жымжырт түн тыныштығы ориған шак болып еді. От басында жүдесу жүзін қолына сүйеп тағы да жылап отырған Алуаның қазір кимшегі мойнына түскен. Қалың, қою жібек талды қара шашы ашылып, жүзіне қарай селдірей, шашыла жәйіліп отырған. Ол бұл шақта өзінің жүзі қандай, кескіні қалай екенін ойлар да смес. Демі дірілдеп, өксігі басылмайды.

Сол кезде шалдың жалаңақ аяғы мұның желке тузынан теуіп-тсуіп қалғанын сезді. «Шық, тыскә шық!»— деп шал қалың бұрымынан үстай алып есікке қарай сүйреп жөнелді. Он қолымен босағадан бірдемені сипалап, ауыр бір пәрсені көтеріп алды. Бұрымынан сүйреп, алдына салып итермелеген Алуаны есіктен теуіп шығарды. Ай жарық, ауыл үйқыда, дүниес жым-жырт еді. Үйден атқып шыққан шалдың көк қақалы сербендең, екі үртисуалып, ұзып бурыл қастары тікіреіп үрпіп среуілден алышты.

— Өлтірем, құныңды төлегем. Арамы, зәпталақ!— деп тістене кіжінген, рақымсыз қатал бай сиді қолына күпдіз саптатып әкелген үлкен өткір жаңа кетпендей қөтеріп алышты. Сонымен пәрмендей кеп әүслі бір үрбі қалғанда өзіне қарай үмтыхала түсіп жабысқан, жасқанған Алуаның сол нығына сабығана тиіп, кетпен дарымады. Енді шал тағы жұлқып кетпендей қөтере бергенде барынша адамдық жігері соңшалық памыспен, күйікпен

шірікқан Алуа шоттаң үстай алды. Қазір шалмен екеуі үнсіз тартысып қалған. Шал шотқа төніп темір кетпен жағынан үңғыға жақын үстай берді. Тартып алмақшы. Алуа кетпенің сабын екі жерден үстап жабысып жібермей тұр еді. Шал жалаңаяқ аяғымен Алуаны іштеп теуіп-теуіп жіберді. Енді кетпенді жұлып ала берді. Соңда Алуа бар жігер ашуын өзіне жиып: «Жазығым не слі, соңшалық!»— дегендегі боп әлеуетті қолымен кетпенді қатты жұлқып тартып қалды.

Дәл осы кезде кетпенің қайраұлы өткір жүзді үни шалдың дәл жұқа ажымды қушиған шекесіне қатты соғылып қадала түсті. Кап сол жерде бүркырап атқи да берді. Шал шалқасынан серейіп құлап кетті. Жұмсақып, әлі кеткен қолдары шұғыл босатып жіберген кетпен Алуаның қолында қала берді. Алуа есі шығып, зэрсі кетіп шошып кеткең күйінде шалдың үстіне айғайлап: «Құдай-ай, ойбай-ай, не болдық, не болдың?»— деп талып жығылды. Сылқ етіп шалдың үстіне түсті де жаңына жаңыз денемен құлап кетті.

Осы айғайды, қатты шыңғырган айғайды естіп қалған қартан күзетші жай басып келіп Қанаң үйінің жаңында қанға боялып жатқан сорлы жандарды көрді. Ауыл оянды. Жан-жақтан қатындар, келіншектер, біреи-саран көрші малшы еректер келіп қалыпты.

Алуа енді ғана біреулердің сүйеуімен басын көтере беріп, шалға көзі түскенде тағы да өзі есінен айрылып ойбайлай берді. Шал өліп кетіпті. Қөздер жұмылған Өңжүзі көкпенбек бола түсіп қуарған. Аузынан қанды көбік мұртына шыға бере түйіліп тұрып қапты.

— Өлтірдім. Мен қуарған. Мен бақтыы күйген. Қарабет мен өлтіріп алдым!— деген сөздер ғана Алуаның аузына түсіпті. Сол-ақ екен, пешетүрлі ұрысқан, мұны қаралаған жала сөздер жиылған ерек, әйел аузынан атылып жатыр, актарылып жатыр. Талай жұдырықтар, соққылар басына, денесіне, беті-жүзіне үздіксіз согыла-соғыла берді.

Осымен қасірет уын ішіп жүрген Алуа енді күйеуін, адал бата қосқан қойнындағы жазықсыз жарын кетпенмен баска шауып өлтірген қапішер, қарабет, бұзық қатын атанип, ертеңінде атыраптағы бар елге әнкере болды.

Алуаның басына төнген осы сорлы түннен бастап, үйл өңірдегі ауылдар сонымен қоса болыс кеңесі жәнс

әсіресе миңау Бабатаның мешіт-мадресесі алай-тулей бүлінді. Бейнебір аспан жарылғандай немесе тау құлағандай. Жер сілкінін, көп жаңды жұтқаңдай. «Сұмдық-сұмдық», «тажал», «дозақ» деген сияқты сөздер сап ауызында аралап өтті.

Уш күн бойында мың жарым үйлі болысты атыраптағы қыстактарды, көршілес көп елді бұл жат хабар шарлап өтіп жатқанда шалдың жаназасы болды. Ол қойылған соң уш күн өткеннен кейін енді жаназа күні кіжінс, кәрлене, тістене би-болыс, ишан, қазірет, қалпелер, ақсақал-қарасақал, атқамінерлер дәл осы Бабата мешіт-мадресесіне е дескен күні жан-жақтан шұбыра-шұбатылып көп ат-арбамен келіскең-ді.

Әуелі соққыдан, талаудан есептіреп не күйде жатқанын білмеген Алуда енді көз көгерген, бетінің бір жагы іскен, шекесінен, негінен шынышын қан шыққан жарасы бар күйде әлі де есін жөнді білмейді. Тек қана бір-ак сөз: «Кенжебегім, жарыгым, Кенжешім! Кенжетайым... жетімегім!..»— дегенинен басқа басында ой, аузында сөз де жоқ. Жалынбайды, сыйынбайды. Ешкіннен ракым да тілемейді. Керек десе қара су да үрттаған жоқ. Құткені ажал, тілегені ажал ғана.

Тергеуді жынылған кәрлі топ үш тарау қып жүргізді.

Болыс пен Қара ишан, Қасен қалпе, Даіырбай қалған болып түпкі байлауды шешпекші. Бұл мешіт пен болыстық екесінің әмір-құдіреті бір аринаға тоғысқанын таңытпак. Екінші саты тергеуді Сырбай болыс өзінің үзенгілес бін Уәйіске тапсырған. Уәйіс болса Қонқайды бір бөлек, Алуаны бір бөлек жауапка, тергеуге алған.

Алуда Уәйіс би келіп отырғанда да үстінен кірген үлкен семіз денелі ақсақалдан именген жоқ. Қымсышбай, көзінде салмай жарадар жүзі аптақ бөп куарған қалпында «Жарыгым, жалғызым... жетімегім, көремін бе көзіңді...»— дегенинен басқа сөзі жоқ.

Шал Уәйіс бұдан жауап ала алған жоқ. Сұраған сөздеріне ессіз жандай үқпағандай жауап бермейді Алуда. Жалғыз-ақ аузынан шыққан сөзі «Әдейі өлтірғем жоқ. Кетпеймек сіз үрып, өлтірем дегендеге, соны қолынан жұлып алам дед қатты тартып қалып ем. Шекесіне тиіп қан болып құлап кетті сорлы»— деп жылап, өксіп қоя беріп, бүктелген күйде тізесіне басын қойды да енірей берді.

Ишан мей болыстың жіберген Даіырбай, Қасен қал-

пелерге де сан сұрақтарына жауап бермей тек осы гана сөзді қайта айтып тағы да жылап барып талып кетіп; олардың көздерінше сіресіп құлап қалған.

Үәйістің қатты қағып тергегені Конқай болды. Ауылда ерек, әйелден кезектеп сұрастырып, сол Конқайдың Алуамен жақындығы жөнінде тараған өсек жайын сұрастырган. Бұл жөнде Конқай жайынан көп кісі бір-ак түрлі қуәлік айтты. Ол Алуамен жақын болған да оның өзі және жасырмай айтып та жүрген бол шықты.

Үәйіс Конқайдың өзінен де ең әуелі осы жөнде танбай шынды айтуын сұраган. Басында шал өлгелі иәлелеге батып қалам ба деп қор қеудесі мен өз басын қорғауды ойлауға түскен Конқай тартынып, танып көріп еді. Үәйіс бірнеше әйелді және жас жігіттерді онымен беттестірді де еріксіз Алуамен жақындығын мойнына алғызды. Сонымен әйелден, еркектен естіген соңғы деректі сөздерін Үәйіс болыс пен ишанға әкеліп жеткізген еді. Ендігі байлауды бір ишан, екі қалпе және Сырбай болыс пен Үәйіс би шешпек керек.

Екі қалпе бүрын қазылық қылып, шаригат үкімімен адам жазалап көрген кісілер емес-ті. Ол екеуі Алуаның сөзін адам иланатын шын сөз қып әкелді де, қазіретке соны арнай білдіре отырып, өздері күмәнді бол қайтқан жайды аңғартты. Байлау сөзді екі қалпе атынан айтқан Қасен қалпе еді.

— Иә, қазірет, бәрімізді бастаң үкімі шаригат, уә өзің із тағлым, тәрбиеде тәкірарлап ияд еткен хұқімі тарихат бізләрдан ағах болғанда ғаділәт жолын талап етеді. Бұл пүшайман нәфисә өзі өлтірді деуге сізге бір маглұм еткен сөзләрінә қарағанда бізниң көнілімізге дәргүмән шәк келеді!— дегендे болыс Сырбай қалпелерге түйіліп, үдірейген семіз желкесі қызырып қатпарлана тусты.

— Екі қалпе, не деп отырсың түге! Сенің шәгің болса менің шәндім бар ал!— дей еді.

Қөзін тәмен салып отырган сәлделі Қара ишан тығыз бүйра көкшіл сақалын болыс жаққа бүрды да, әрлі-берлі құран оқығандай қозғала түсіп, кесек сары тасты тасбығын тәрта жөнеліп, әр тасын сыйырлата отырып, тәубаға келіп: «астағыфиролла, астағыфиролла, астағыфиролла!»— дей берді.

Екі қалпе де ишанға еріп: «астағыфиролла, астағыфиролла» десті. Олар үшеуі де надан болыс Сырбайдың «шәндім бар» деген сөзді надандықпен, күнәкәрлікпен

ауызға алғанын аңғартты. Қасен қалпе өзінен жасы үлкен болысқа қабак түйе қатулана қарап бас шайқаң «гүнәккәр, гүнәккәр бәндә сөзі ғой»— деп қойды. Себебі «шәгім бар, шәндім бар» дейтін сөздер ол екі періште мұңқір-нәңқірдің жана өлген адамнан тексеру түсында айтылатын ғана сөз еді. Періштенің аузында болатын сөзді өзі намаз, ораза, зекет дегенді әлі күнге тұтынбайтын шала мұсылман гүнәккар, дінсіз, жабайы болыс Сыrbай айтатын сез емес еді.

Казірет бастаған діншілдер тобы Сыrbайға күнірлік еттің дегендег үрке қарап қалыскан. Бірақ Бабата мешіті, оның медресесі — бәрі де осы жуандыл, өзі қолшыл, содыр және үлкен бай Сыrbай болыстың жерінде. Болыс бұлардың мешітіне келіп намаз оқып, кейде інісі мен баласын оқытып жүрсе де ишан, пір дегенге онша бой үсынбаған, құдай жолына әлі тауғиқты мұсылман түрінде, тәубеге келіп түзелмеген адам болатын.

Сыrbай болса кітапша сөйлейтін молдалармен өздерінше жауаптасамын деп жаңағыдай шатпаққа түсіп еді. Артынаи сопы молдалардың тіксініп қалған ажарын көрді де: «осы қазақтың қара дүрсініне салып-ақ сөйлессейніші»— деп өзінің өр кеуде, қара дауына басты. Ол Алуаға ең рақымсыз, ең катал жазаны атап та қойған. Болыс осы жолда бұрын ел ішінде, ауыл-саҳрада адамзатқа қолданып көрмеген жазаны қолдану жагына біржола бекініп, түйіліп алды. Оның Алуа мен Қанай шалдың қайғылы оқиғасынан басқа бөгде бір себебі де болатын.

Жасы қырықтаң асып елуді қусырып қалған жуан деңелі, быртық аласа бойлы, бітік көз, көк тұмсық, жидігендег үрпігеп мұрт-сақалды, тістері де ерте түскен, жаїынауыз осы болыс үш катынының байы болатын. Кіші әйелі жиырма бескे жаңа келген Сақыпжамал — Сақыш деп еркелетіп аталатын «көрікті, қызыл жұзді, сұңғақ бойлы, қыр мұрын, қыпша бел» дейтін, сондайлық әсем, көркем келіншек еді. Малды көп беріп жығып алған осы тоқал соңғы бір жыл ішінде Сыrbайға ұдайы қарсы сөйлеш, жиі-жиі тұтапын ашуланып, жылай береді. Кейде, әсіресе биылғы жазда: «Біздей қазақтың жылаулар қатыя-қызына күн туда ма?»— деп бір қояды. Тағы бір күн Сыrbай оның өзінен қадаң айтқап тік жауабына қатты тіксініп қалған.

— Қазақтың әйелі сорлы да. Жүрек бар ма, ерік бар

ма? Мал берген ىелер, кескінсіз сүм адамдар жылатып, зарлатып, байлаң-матап отырган жок па!— деген болатын.

Жақын ауылда мұғалімде Сырбайдың бәйбішесінен туғай баласы сабак окушы еді. Сол бүлдіріп, астыртын сондайдың әзәзіл өзі келіп жүр ме деп те Сырбай сескеніп қалған. Дәл осы жақында, екі жұмадаң бүрның тілі шыға бастаған шәйпау мінезді тоқалға бұл алғашқы рет ақырып қорқытпақ бол қамишы сілтей беріп еді. Тоқал қамшысының өрімінен үстай алып:

— Көзіңді ашып қара! Мен құлақкесті күциң емеспін. Құнім туар болса осының үшін көзіңді әкітып тұрып ағызармын бәлем!— деген.

Бұл сөз мүлде қаладан, газеттен, әлде мұғалім-сұғалім деген осы соңғы жылдарда жадит-садит деп ауылга дақпырты келіп жүрген пәлелерден жұғыны жатқан дерт. Қалаға жақын жерлерде сонау Түркістан, Шиелі, Акмешіт сияқты қалаларда қыз-қатынның байдан қашуы көбейе бастапты, деген сөздер Сырбайдың Уәйістей билер, атқамінерлер арасында жіні-жіні ауызға алатын жаманат сияқты, малға келген індегі сияқты, адамға келген дерт сияқты ауызға алынатып жайлар еді.

Енді мынау Алуаның ісі болса жас тоқал көрі байға қарсылық жасаймып деп оны өлтіріп те салып отыр. Осындаидың тұсында осы атырантағы қазақтың бар әйелшін төбе шашын үрпіткендей, жан жүрегін түршіктіргендей қатал жаза керек болады. Болыс сондай оймен әдейі Бабата мешіт-медресесіне екі атшабарын, біришеше старшиндарын және пәлекор не жамандықты болса да тілмен жалап, жіптіктей қын жіберетін атқамінерді отызқырық кісідей етіп өңшең сәйгүлік аттарға мінгізіп өз аулынан ертіп шыққан. Бұл тұні мен тацертенгі шакта ол Сақыпжамалға қабатын итше сұық карап үн катнастап доң-айбат жасап, аулындағы бар әйелді әсіреле өзінің үш катының қатты қатуланған ашулы аюдай сыртымен үркіте, қорқыта кеткен.

Екі қалпенің сөздеріне амалсыз құлақ салған Қара ишаш болыс әлденеше сөйлесе де: «Сабыр, болыс, сабыр, би-болыс, Ассабірақман, биссабұр ішшайтаң»,— дей түсіп өзі кесер сөзін айтпай келді. Тұстен екіндіге дейін медресенің орталық үлкен құжырасында окшау отырган бұл бес кісінің кенесі аяқталмады. Бір кезек болыс белгі стіп, атшабарын есіктен карап жұмсап еді.

Казіреттердің үстіне атшабар ертіп әкеліп кіргізген кемпір Қызтумас келді. Ол қолышан жетектеп: «жұр, бе-ри!»— деп алдыңғы қараңғылау даланшадан үлкен бөлмеге аппақ бол қуарған, бетінде көз жасының сорасы ағарып білініп тұрған қалтиған жұқа бала Кенжебекті қолынан тартып, сүйреңкірәй отырып үйге кіргізді.

Бұл осы адамдардың соңғы байлауы үшін келтірілген адамдар. Болыс кешеден бері Қызтумасқа Кенжебектің жайынан бір сөзді қатты қадап тапсыртып қойған. Оны да бұл кемпірге жеткізген Уәйіс болатын. Тері әке өліп, шеше құлыптаулы үйге тұтқынға салынғаннан бері алты жасар бала Кенжебек жетім қалған панаasz күйінде осы кемпір Қызтумастың колына берілген болатын. Қызтумасқа тапсырылғаны шаригат атынан өкім айтарда баланың да байлауы, куәлігі, ықтияры біліну керек десіпті. Оны болысқа шарт қылып Қара ишан месекі қалпе айтқан болатын.

Казір жыламсырап, негі кемсендеп тұрған бала жүрегі шошыған күйде, мынау сұық қоңыр үлкен үй ішінде бастарында бөлек кнім, әк ораған адамдар отыр. Мойнында жез қарғыдай үлкен теңге салбыратқан көксакал Уәйіс отыр. Күжірейген семіз, жайын ауыз, бақа бойлы сұық қарайтын болыс отыр.

Бала ең әуелі шығып кеткісі келіп тартынайын деп еді, кемпір өзіне қарай қолтығын ауырта жүлқа тартып қалды. Сол кезде қазірет кішкене балаға мұлде түсінбейтіп тілмен бірдемелер сөйлеп кетті. Айтқаны:

— Ия, пұшайман сәби, мейірман атаңнан шант болған атаңнан жетім болып сен қалдың. Фаси фәнде гүнәккәр Алуа сениң анаң емес. Ол хайуан жыртқыш. Алланың әмірідүр, хұқімі шаригат бізден, сенен талап етеді, қазір шаригат атынан айтылатын хұқімге ырзалақ бересің бе? Ырзалақ бересің бе? Иә, гүпесіз сәби!— дегенде Қызтумас, болыс пен Уәйістің үйретіп қойған жайын балаға миландырып қойған екен.

Өзінен не сұрап отырғанды білмеген балаға Қызтумас еңкейіп құлагына сыйырлап:

— Айттым бағана саған, әкендей өлтірген Алуа қазір сениң шешең емес. Ол жынданып кеткен. Енді көзіне көрінсөн сені де өлтіреді. Тірідей етінді жеймін деп отыр. Айт! Берем де. «Ырзалақ берем» де, басынды изе! Изе басынды!— деді.

Бала жүрегі өзіне анық болмаса да бір сүмдықтан

шошынып екі көзінен ыстық жасып ағызып жіберді. Бірақ «изе басынды, берем де!»— деген сөздерді түсі суық болыс; зиңкты қөксақал Үәйіс және құлағына қақылдаң кемпір Қызтумас айтып тұрған соң басын изеді де: «берем!»— деп сыйырлап қана күбір етті.

Болыс сол кезде қатты байлау жасап: «ҮКә, болды, алып жүре бер: Айтты, жетті!»— деді.

Осыдан кейін сөздерін бір араға сайған қазірет қалпелер, болыс-білер болып екінді намазын оқуға үлкен мешітке барды. Бар жұрт болыстың әмірімен сол мешітте болды. Дәреті бары-жоғы да, жайшылықта намазды оқитын-оқымайтын кәрі-жас қазағы да түгел Қараишанға үйши, қысқа оқылатын төрт рәкәғат екінді намазын оқып алды. Үнсіз сұрланып түйілген жұрт енді не болатынын жым-жырт күткен. Осы кезде болыс пен қазірет, қалпелер мен Үәйіс би ілгері шыға берді. Бұлардын беті медресенің қарсы алдындағы жақындаپ төніп кеп тұрған жақпар қатары мол, биіктен өзенге көлбей құлай түскен қаражартас болатын. Соған тақап келді де болыс пен қазірет алға шығып тұрып қалып еді, Үәйіс артқа караій оц қолын созып, ұзын жең шапанымен жартасқа караій бір сермеп қалды. Осы кезде ғана жұрттың алдына топ ішінен бөлініп екі қолы артына байланып қалған Алуа шыға берді. Қара шаштары екі бетін жаба түсіп, жуан бұрымы екі нығынан ыдырай тарқатыла құлай түсіпті. Арт жағынан жаба салған жұқа ак шуберек желке жағын жартылай жапқан. Артындағы жұртқа қарамай Алуа ауыр, әлсіз деңесін зорға сүйрей қаражартасқа караі қозғала берді.

Жұрт енді көрді. Оның артында қонқақ мұрын, қалың қеуделі, қара шұбар Қоңқай ауыр басып, басын төмен салып кетіп барады екен.

Екеуі топтан бөлініп жиырма-отыз қадамдай шығып қалды. Алуа осы шақта үн салып, айғайлап шыңғырып: «Кенжебегім, Кенжешім... жетімегім... кошақаным!»— деп айғайлай-айғайлай берді.

Жанын қысқан ендігі жалғыз жара сол артында қалып бара жатқан жас бала — жан жарасы еді. Ол сыйынған да, жалынған да жок. Артында кім бар, кім қарап тұр, елеген де жоқ. Тағы да: «Жетімегім, Кенжешім...»— деп шыңғыра бере енді бір сәт артқа караі айналып қозін жерден жоғары көтере беріп еді. Осы шақта артында тақау келе жатқан Қоңқай сыртына са-

лыш үстап келе жатқан кетпенди, ақ кетпенди жұлып көтеріп ала Алуаны төбесінен періп үрын жіберді.

Алуа қалың қара шашының түбінен жылжып ақдан, төгіліп ақсан қанымен қатар өзі де төгілгендей сылқ құлап түсті. Үлкен өткір кетпен жүзі басына терең батып, дәгенін істеген екен. Сол арада өліп, үзіліп кетті.

Болыстар, билер, сәлделі қалпе, молда, қазіреттер қыбыр етпей тапжылмай әлі түр. Қаратастың түбінде болсаң топырақты қоңырқай шымайттау жерді жанағы кетпенмен тағы екі-үші салып шұқанақ жасағаның белгісін етті де Конқай кетпенмен үш рет қара топырақты көтеп алып Алуаның жүзіне таставды. Кетпенди де сол жерге таставай салып кейін қарай басын төмен салған қалпында қалың топтың ішіне қайта кіріп, жоғалып кетті.

Үкімді өзі тізе қып отырып шығартқан болыс шаригатқа да сол сияттың болсын деп Алуаны өлтіргенде өзі байын өлтірген кетпенмен өлтіртті. Оған сол үкімді шығару үшін мұсылманның шаригаты, қазактың қағидастықсылып, ертең құнікері болатын баласынан өз аузынан ырзалық алу көрек дегенді Қызтумас кемпір арқылы жас жетімді жаңағыдай қинауга салған. Өлтіруші кім болады дегенде «Конқай өз қолымен өлтірсін!»— деген байлауды да болыс айтқан. Сол үкімді жаңа екінді нағызының алдында болыстың атшабары оңаша үйге тығып босатпай отырған Конқайға Уәйіс пен болыстың өзі кеп жеткізген. «Үкім осылай болды, шаригат үкімін сеп орындаісың!»— деген-ди.

Конқай бұл сөзден шошынып, болыс пен биге жалына берген. Еріндері дірілдеп, көзі жасаурап, жаутандап:

— Шыбындаі жанымды қи. Ағеке, болысеке, құдай-акын, кісі өлтіріп көргем жоқ. Шыбын жаным садаға болсын. Толайым тек осыдан құтқар!— деп етпетінен түсіп жорғалап бірсесе болыстың, бірсесе бидің аяғын құшақтай беріп еді.

Болыс сонда қолындағы қамшымен Конқайдың қалың жонынан тартып-тартып жіберіп: «Аш көзінді!»— деп ақырған-ды.

— Иттің баласы, үйтетін болсан Қанайды өлтірген сенсін. Қатынын азғырып, жақындастып ап, «сені өзім алам, байынды өлтір. Мал, дүнне екеумізде қалады. Өзің мендей жас байға тиесін!— деп бұзып, аздырған сенсін. Казір айтқанымызды істеме, бүгін түнде протокол жасағып, екі атшабармен Түркістанға апарып, абақтыға жап-

қызамын. Соңап соң қатыргіге — ит жеккенге айдатып, өмірінді, көзінді абақты мем қатыргіде шірітемін. Айтқанды іstemей көр! Шыгаршы енді үшінді!— деп тағы ақырын қамшымен енді бастап тартып жіберді.

Осы кездे Үәйіс Қоңқайды ақылға салған кісі бол:

— Екі өлеійін деп пе ең, ез неме! Өлсе малға сатып алған қатын өледі. Ер емессің бе! Еркек емессің бе! Тұр, бар, айтқанды істе!— деген-ді.

Сонымен атшабарлар қолына кетиенді үстатьп жаңа намаздан кейін қозғалған жүрттың сонына Алуамен еке-үін шығарған болатын.

— Солай, сондай қасқырлар заңы талап өлтірген сорлы Алуа сұлудың өлгеген жері әнс анау — Қаражартастың бауыры!— деп Алмасбек Карповқа және басқа бұл әңгімені мұндай толық естімеген Қасымов Мұратқа, Құрмаповтарға баяндаш шықты.

Бұл арадағы тыңдаушы жүрт та үи қата алмай бір-талайға дейіп тасқа қарап сілейіп тұрып қалысқан еді. Алмасбек әңгімесін аяктай бере жетім бала Кенжебек сол жылы үш-төрт айдан соң әр үйдің босағасында бір тұрып, қыс ішінде ауырған да сөніп, солып әке-щешесінің соңынан бірге кеткен.

Әлім шыдай алмай күйіп кеткендей болып еді:

— Түү, қандай жауыздық, қандай жауыз ел еді мынау ел. Халық үшін үялатын, қорланатын қылмыс кой. Не қылып, тым құрса үн қатар, ара түссер бір жан табылмаған.— Рас, ел атына қарғыс таңбадай басылатын сүмдық екен!— деп қабағын түйген күйде Қаратасқа қадалып тұр.

Әріп Есдәuletov басқарақ ойлайды екен.

— Ел дейтіп ел ме солар! Ол кездегі халықта, қарабұқара көпшілікте үн бар ма? Үн қатар күн бар ма? Елге тимендер!— деп Қарповтың да көзіліне дұрыс көрінген сергек бір сөздер айтты. Алмасбектің есіне тағы бір жай түсіп еді.

Сол елдің ішінде Алуаны барынша аяған, оның жаһын жылай отырып әңгіме қылған да жүрт аз болмау керек. Соған әсіресе себеп болған анау Алуаға сырттай ынтық, ынтызар, анық ашық болған сол кездегі жас ақын бала Жанұзақ екен. Білдініздер ме, оның да жайы, өмірі бір қайғылы трагедия. Ол сол Алуа өлгеген шақтан бастап бір түрлі зарға түскендей ылғи жоқтау өлең айтып, жылай-жылай беріпті дейді. Алуаның өлігін алып

кейін таза арулап көмген де сол екен. Ұдайы қысы-жазы Алуаның қабырының басына жалғыз барып, ұзақ отырып, зар өлең айтады екен. Жылай-жылай береді екен. Фажап, жыныма бес жасында сол жігіт екі көзінен айрылып соқыр болыпты. Содан кейін «Алуаның жүзінен баска әйел жүзін көрмесін деп менің тағдырым осылай кесті. Енді мен үйленбей-ак өтем» деп сол қалпында қалып қойыпты. Менің көзім жұмылғанда Алуаның нұрын, көркін ішіне ала жұмылды. Өмір тірліктеңі маған қалған жалғыз пүр-жарық Алуаның жүзінің сәулесі!» дегенде, Алуа туралы ол өзгеше поэма тудырған. Сол поэмә «Алуаның ажалы» деп аталады. Тыңдасацыз осы күнде осы өңірде көп жандар, көп аналар сол жырды айтқызып; көп кештерде жылап, Алуаны жоқтап отырады екен.

— Ал ақын ше?

— Ақынның езі ше? Өзі не бопты, ол қазір қайдада?— дескен дауыстарға Алмасбек соңғы білген, естіген жайын айтты.

— Ақын Жапұзак сол жырын тудырып біраз жыл зарлап айтып жүреді де бір түрлі тез қартаяды. Отызың ішіне кіре бере мұлде кәрі кісідей арып-тозып, барынша азып болады да соқыр ақын зарымен қаза табады.

Бар әңгімені үндемей тыңдап, көп ойланып тасқа қарап түрып қалған Карпов енді ғана Алмасбекке қарады да:

— Сенің бұл айтқаның кошмар! Трагедия ғана емес, кошмар, сүмдыш!— дей түрып:— «Нет повести печальней повести Ромео и Джульетты!— деген еді, ал мынаны естісе не дер еді Шекспир!— деді де қас қарада бастағанда бар топты бастап машиналарға қарай аяңдады.

Төртінші тарау

1

Айсұлу өз қорасындағы жеміс ағашы арасындағы аз-ғана алаңға орнаған гүл бағының шетінен үй жаққа қарады. Биылғы жыл Алматыда демалыс үйінде өзі көріп тамашалаған көп гүлдердің кейбірі мұның бағында да өсетін. Қазір соңғы розалар да семіп қапты. Қызығылт күрән розасы иісімен де, түсімен де Айсұлуға ыстық, сүйікті еді. Бүгінгі шақта тек қана күздің гүлі астранның

бір-екі ақ және ақшыл қызғылт гүл сабактары ғана соңғы күндерін аңдатқандай. Айсұлуға олар дөңгелек гүл көздерімен әр түсті көкшіл, қызғылт, ақсары үлкен үкім көздерімен «Біз де енді бітеміз. Бізді де күз салқыны үйіктатады, солдырады» дескендей.

Айсұлу өзі егіп, өзі күтіп күн сайын сүйсіне иіскелеп, жүзінде гүлдерімен жамылшы жасағандаи еркелене көзін, бетін, мұрнын батыра көміп көп-көп тұрып қалатын. Қазір сондай жаз кезінде де көп мол гүлдер жарастығын жұмсақ, сұлу көркін қимай ғана есіне алады. Гүлдер қатарынан бері шыға шанталы, нәк ағаштарына жоғарылай көз тастап қыдыра қарай ілгері басын келеді.

Үйге тақаганда бұл әулиің үзім бағы, азғана бағын біл қалып жапыракты қатарларымен көлденесін тұр еді. Мұнда да үзімдер тегіс алынған. Енді жапырактар теңениен төбөгө дейін қатар тұтасқан қалпында сәл сарғыш тартын, жаз рецине ажырай бастаған. Бұлардың да күзі жетіп іісті, мәуелі, қызықты шағы өтіп кетіп бара жатқанына Айсұлу жаңағыдай астра гүлінің қасында туған ойындаи оймен, көңілмен қимастай қылған сезім аңғарады.

Мұның қазіргі кеште, қоңырқай мезгілде, көңілдегі көлеңкедей қоңыр баяу күйіне сыпа үстінде үзім асап, еркелей түсіп жатқап жалғыз һіңі Арманың көңіл жайы мұлде қарсы, басқадай. Қазір үзын бойлы, сымбатты, сұңғақ, тік денелі болып ер жетіп қалған тогызынышы класта оқитын Арман сыпаның үстінде кішкене бала күніндей шалқалай жатынты да апасымен анда-саңда әзіл сөз айттысып, хұсайні аталатын ұзыниша қара үзімді бір-бірлемей үштен-төрттен асап жатыр.

Айсұлу үзім бағының түбінде сәл тоқтады да шешесі мен Арманың үпдері үзіле күлісе түсіп қалжындақсан жайларын тыңдайды. Нұрбұй қайнап қалған самаурының соңғы рет жаңақта ағаштар салын демдей түсіп, корадары қазан аспаның кішілеу қазанында бұлкілдеп қайнап жатқап астың астына сәл отын тастанды да баласының қасына қайта келді.

Түстікте әркім айтатып үзімге байланысты бір әзілді баласына айта отырды.

— Сен үзімді төрттен-бестен асағың. Арқадан келген қазаққа айтылған бір сөзді білесің бе?

— Қандай сөз. Өзің айтты?

— Үзімді уыстап асаған қазаққа: «Мұның өзін үзім дейді, бір-бірден үзіп жейді»— депті. Сонда қазақ:

— «Мұның өзін жүзім дейді, бір жегенде жүзін жейді?» депті, осы сен секілді үзімкүмар, қомағай жігіт болу керек,— деп Арманды құлдіре отырып, шешесі баласының ішіне алақанымен қағып, сипай түсіп өзі де құліп қойып әлі де сөйлем отыр.

Арман қақала жаздан қуле түсіп жүзімдерді қос-қостан асаудан тыйылмай жатыр. Сонда сен сияқты үзімкүмар жігіт әзілге орай әзіл жауап айта түсілті. Ол: «бір-бірден жейтін шапталы ғой» депті.

«Жоқ, оны бөліп жейді» дегенде: «Неге, бөліп жейтіп анау қауын ғой» депті.

Айсұлу анадайдан бұл сөздерді естіп, ақырын үнсіз ғана құліп тұр. Шешесі тегінде осындай жайларды балаларына жечіл, қызықты тілмен құлқі етіп айта білетін. Соған сүйсінген Арман тегі бұл жайды бірінші рет естігени осы болу керек. Ол қызық кітап оқығандай, сондагы кейбір оқысташ қатты құлестініне салып қарқылдай сақылдай құлді. Сөйтті де шешесіне қараң аунаң түсіп, басын көтеріп отыра беріп:

— Апа, мен сізге айтайын ба, осы қазак өзі қу екен және жемістердің бәрін де біледі екен. Ол әлгі Арқаның жеміс деп қызыл бұрышты жейтін қазагы емес болу керек!— деді де,— мен сізге айтайын ба, дәл сүйегі бөгет етпесе шапталыны мен де бөлмей-ақ асай салар едім,— деді.

Айсұлу сол кезде қатты құліп, бұлардың қасына келіп Арманды әшкерең калжын айтты.

— Апа, жанағы сіз айтқан шапталыны бөлмей жейтін қазағыныз тап осы баланыз Арман. Мен мұнымен тіпті биыл жазда да аршып же, асықпай же деп кішілеу бір шапталыны аузына тұтас салып жүргенінде биыл да әуреленген болатымны.

Арман қарсыласқан жоқ. Бірақ өз әдетін әлі де күптай түсіп:

— Үзімді бір-бірлеп жейтін ол каланың нәзік дамаларын айтады ғой, әлгі әртүрлі ханымдарын. Ал шөлденде шапталыны тұтас аузыңа салып жіберсең де сонша жап-жаман емес. Және менің аузым Айсұлудың аузындаид емес, үлкен ауыз. Мен ереккін,— деді.

Нұрбұбі оның өзін ержеткен үлкен еркек санағанына іштей шүкірлік ете сүйсінді де, бірақ дау айтты.

— Сенің аузың Айсұлудың аузынан сонша үлкен емес. Екеуінің де аузың біріне-бірі үқсайды,— деген еді.

Айсұлу оған сәл тіксініп қалды. Ол Арманды бауыр тұтып барынша апа қөңілімен сүйсе де ерек болған кесек, ұлкен, биік бойлы қалпын сөлекет, жұғымсыз көретін.

— Апа, неге олай дейсіз. Менің аузым Арманиң аузындай дегеніңіз әділет емес қой,— деп нәзік, сұлу қыз өзінің көркіне өзгені тенегісі келмейтін жас тәкаппарлық үн қатты. Сонымен қатар аксары жүзінде кешкі ала-көлеңке шақта да байқалатын сәл қызығылт қан рең берген еді. Бұл кезде кең ымыртқа айналып толған аппақ ай бұлардың бағының үстінен бар нұрын төге ақ сәулемен анталай қарап түргандай болатын.

Нұрбұбі Айсұлуға қарады да сәл жымын, қызының нұрына іштей шүкірана етті де, өзі де тамашалап қалғандай болды. Ай астында Айсұлу, қай сұлудан болса да асып түспесе кем түспестей. Арман да шешесінің қасына шынтақтай жатып Айсұлуды тамашалай не айтар скен деп күлімсірей қарап қапты. Айға қарсы бар жүзіне ақ сәуле төгілген Айсұлудың қызығылт қоңыр, жуан бұрымдары қазір қап-қара көрініп, екі інінен төсін баса төмен сорғалай түсіпті. Құле қараған Айсұлудың қырлы сұлу еріндері созыла түсіп ашылғанда аппақ тығыз қатарлы сәл кесектеу мінсіз тістері ай нұрына сәл шағыла түссе сөніп, жанаңдарай сәл сәуле беріп тұр еді.

Нұрбұбі қызының нұрына тамашаласа да Арманды өмір-бақи қай сипатта болса да одан кемшін, тәмендетпейтін өз ішінің сырьы бар. Шешесінен жауап күткен Айсұлуға Арман әзілдеп жауап айтады.

— Несі бар. Аузың сұлу да болса менің аузымдай. Рас мен ерек болғандықтан аузым сенікінен біржарым ессе ұлкеншірек. Сенің көзің де менің көзімдей, мұрның да менің мұрнымдай,— деп апасын сәл ажуалай ыза қылғысы кең ойнақы сөйлемеді. Айсұлу:

— Ұқсамайды, бекер айтасың. Сенің мұрның ұлкен. Көзің анау ішіне кірген. Ерніциң үстінде түгің бар. Түгелімен сен ерек, грубый. Саган ұқсаған қыз болса күйеу де алмас еді,— деп інісін қытықтай о да қалжың айтты.

Нұрбұбі балаларының бұл сөздерін ести жүре сипаға кішкене дөңгелек стол қойып асжаулық жайып, наң, бауырсақ салды. Кепкен үзім мен қант аралас дағдылы қысқы-жазғы шайға қоса отыратын тәтті дәмді төгіп қойды. Сөйті жүріп екі баласына ыстық асты әкеліп қоя

отырып аналық бір төрелік айтты. Бірталай уақыт айға қарап анасынан жауап күткен Айсұлу бір сәтте есіне оқыс түскен бір хал бойынша анасына көмектесіп сынаға самауырды көтеріп әкеп қойған-ды. Енді шәйнекті қолына ұстап келіп жаңағы орнына тағы да сәл бөгеле тұрып қапты. Қолында шәйнегімен тұрып:

— Апа, Арман теріс айтады. Ол маған, мен оған ұқсамаймыз. Солай емес пе, өзініз айтыңызы? — деді.

Нұрбұбі қой еті мен үйрек етін қоса салған мол күрәніткен, бусанған палауды балаларына: алындар, жендер, отыр деп Айсұлуға айтты да өзі үй ішінің үлкені табактан ең алдымен өз қолымен дәм татты.

Балалары да палауды қолдарымен жей бастаган шақта ол Айсұлуға енді ғана жауап айтты:

— Сен сұлу болсаң да Арман сенен олқы емес. О да сұлу. Ал сен оған, ол саған ұқсайтын жерлерің тіпті көп. Себебі екеуің де әкене ұқсайсың. Менің сендердегім екеуінің де ақсары өндөрің (бояуларың), тіпті көздеріңнің тұс реңі де маған тартып кеткен. Ал бар пішін, мұсін бәрін алғанда екеуің бірдей әкене ұқсайсың. Ол сондай сұлу еді. Және Армандай биік болатын,— деп тамакты жеп отырган қалпында самауырға айналғандай сылтау жасады да жүзін балаларынан қырыптырақ бұра берді. Сол сәтте Айсұлу шұғылынан асығыс қатты ғана: «Ойбай, апа, мынаны қараашы»,— деп өзінің сонца ашық күмістей сылдыраган күйлі үнімен саңқ ете түсті.

Нұрбұбі бірдеме болды ма деп шошып қалып: «о не?» деп жалт бұрылып еді. Айға қарай берген жүзі аппақ сұр тартқан еді. Қозінде толын тұрған салқын жас бір тамшысы бетін шүғыл бұрып қалғанда жарқ етіп подносқа ытқып түсті. Айсұлу енді күліп жіберді.

— Алдан едім. Жасыңды бізден жасырғаныңды әшиктерелейін деп едім,— деді де күрсініп алды. Қызы мен анасы бір-бірін сондай шетін, құпия, нәзік жайлардан әр сәтте бұлжытпай тани қойысатын. Бірінің жүргегін бірі көріп оқып отыргандай. Бірге қайнасып үнсіз, ыmsыз қосылып құйылысып кеткен күй болатын. Нұрбұбі де ақырын жасын жұта күліп қойды. Қызына, көңілі жүйрік баласына іштей мейлінше көніл күйін қосады. Арман бұлар арасындағы жайды сөзсіз, үнсіз андайтын. Ол өзінше қонырқай, бірақ салмақты үнімен байлау айтты:

— Біз папама ұқсасақ ол оған орнатылған ескерткіш,— деді. Онысы шешесіне де, Айсұлуға да айтқан

ұдайғы ұзак уақытқа жұбаныш-медеу боларлық есті ба-
ланың байлауы еді.

Нұрбұбі бүгінгі кешті үй ішінің жүдеу ойға ауысуына
жібермек емес. Себебі бүгін бұлардың үшеуінің де көңіл
жайлары күндізден, танертеңнен бері жақсы бір жады-
раған, сейілген күде болатын. Асты балаларымен бірге
ыстықтай жақсы жей отырып Нұрбұбі солай ауды.

— Балалар, бәрінен де мынаны айт дегендегі колхоз
мақта теруді бітіріп, қандай рақат болды,— дегенде Ай-
сұлу күліп шаттанып:

— Апыр-ай, бәрінен де соны айтсаңызы. Колхоз
жоспарын орындағы, бар мақта терілді. Жұртпен бірге
міне кешеден бері үшеуміз де науқанды тоқтаттық. Енді
апам үйде. Арман мектепте. Мен... ал мен,— дегенде Ар-
ман күлді де, әзілдеп:

— Мен мұлде жұмыссыз ұзак еріншек тыныштықта...
солай ма?— деп күлген еді.

— Жок, мен енді күндіз-түп, бірнеше ай 1 январьда-
ғы емтиханга әзірленемін. Оқимын да әзірленемін. Тағы
сол Алматыға барып, сырттан оқитын бөлімге, биология
факультетіне емтихан үстап, окуға түсіп қайтамын,—
деп өзінің нық бір байлауын айтты. Үй іші оны теріс де-
мейді. Бұл үшеуі іштерінен анық білетін тағы бір жақсы
жай бар. Мақта теруде үшеуі де көп еңбек стіп колхозда
мол еңбеккүн өндіріскең. Соны көңіліне тоқмейіл санаға:
Арман Айсұлуға сенімді іні-дос байлауын айтты:

— Быыл сен Алматыға барғанда ақшам болмайды.
Киімім, тамағым, қыншылығым демейсің. Мен өзім-ақ
өз табысыммен сені асырай аламын. Алматыда жақсы
киім сатып алуға бар шұлды өзім беріп киіндіремін,—
деді.

Айсұлу оған алғыспен сүйсіне күліп қарады да:

— Жок, ол байлығыңды өзіңе жұмса. Мен быыл өз
табысыммен де сол айтқандарыңды да ала білеміп,—деді.

Нұрбұбі екеуін де баса түсіп: «Табыстарыңды сарап-
қа салмай-ақ қойындар. Алматыға Айсұлу барса әкесін-
дей дос-жар ағасы Жәкең өзі де не істерді біледі. Тек
оқитын ғана болшы. Жәкең екеуміз қалғанын үқсата
білеміз. Екеуің тек енді сол оку, окуды ғана ойласаң
екси, жандарым!»— деді.

Жаздықунгі және күзгі ұзак еңбек күні бұлардың ас
іштүйнен жаңа бір осында маусымның өз мерзімін енді-
ретін. Жайшылықта Нұрбұбинің жас шағында күйсүі

барда олар ыстық асты қала адамдарынша түстө ішуші еді. Колхоздағы күн бойғы еңбек шақтары түстегі демалысты ас пісірудің әуресіне салып, тыным алдырмайтын болған соң балалары Нұрбұбіге «тегіс ыстық асты кешкі іштейік» дескен-ді. Соңғы уш жыл бойында сонымен бұлар күндізгі еңбек күні аяқтаған соң жалғыз Нұрбұбі емес, үшеуі де бірлесіп кешкі асын тез камдасатын да түнге жақын осы сыпада отырып, бүгінгідей палауын месс нарын, кейде қуырдақ тәрізді дәмді тоқ астарын ішетін.

Бүгін палаудан кейін Арман үй жаққа барып бір жақсы ністі торлама қауынды экелді де соя бастады. Кеш жарық, айлы, жылы, ертең ерте шығатын күндегі арқадан батып тұрған асығыс еңбек күні жоқ. Сондыктан асықпай отырып үшеуі әңгімелеседі, жиі күлісін тәкяды. Палауды ұзак жескендей, торлама қауын тәтті сулы, жұмсақ, хош ністі қалпында бұларды үнсіз күйлөрінде түгел сүйсіндірді. Шайды содан кейін асықпай отырып ішу үшін балаларының әңгімесіне өзі де жиі қосыла түсіп отырган Нұрбұбі бүгін дагдысы бойынша «жатайық, ерте жатайық. Жатып үйнектандар. Тынығып алыңдар!» дейтін қамқорлық сөздерін айтқан жоқ. Кайта самауырды қазан аспа қасына апарып жақадан көмір, жаңқа салып қайта демдеп қойды.

Қауынды еріне жегендей оймақтай кішкене аузымен жай тістеп созыла жеп отырган Айсұлу соңғы екі күннің науқаи біткен шақтарын қайта-қайта есіне ала қуаныш етеді.

— Арманың мұгалімдері бүгін қандай қуанышын жүр! — дегенде Арман да қостады.

— Біздің алтыншы кластан бастап бар бала шетінен шулап жаздай тапқан табыстарын да айтады. Окуга қайтқандарына лақ-қозыдан секіріп ойнакшын қуанышады. Бірак бара, әсіресе бар қыздар қап-қара боп беттері, қол-аяқтары қарғадай боп кеткен. Кейбіреулерін тапымай да қаласың, — деп біраз құрбыларын еске алып сақылдай күлді.

Нұрбұбі де өзінде аналардың әсіресе жас балалары бар келін-кепшіктің, жас әйелдердің кешеден бері күлкісі түзелгесін, киімдері жаңғырганын, тіпті самай шаштары жылтырап тарапын, құлақтарына сырға, қолдарына жүзік, білсіз қайта киілгендерін айтпа түседі. Сөйті тұрып: «ал еркектер болса біздің бригадир Баймат пен

тракторшы Жұніс те бар, ішіп те жүр. Кеше кооператив алдында көгерек сілейіп сенделіп тұргандарын бір көріп ем. Бұған анау колхоздың сиыр фермасының қасында тагы да үшеу-төртеуі қосылып ләйліп жүр». «Онда не қып жүр екен?»— деп Арман сұрап еді.

— Бір-екеуінің әйелдері сауышы шой. Толайым ақшаша сұрап барып жүр ме дедім. Жұмыс біткепі жақсы. Жұрт жетісін, колхоз дегенін орындаған айшала үлкен-кіші мәре-сәре. Бірақ құдай үрсын, тек қана осы ішкендері жаман. Ауыздарында сөздер, сондай быланыт. Көресің де жириенесің,— деги қабагын шытына балаларын сол көріңіс, сол мінездерден үркіте сөйлейді.

Арман колхоздың клубында болыпты.

— Онда бұған көп жігіттер жазды құнғі тракторшы, мақта жиғыш машинаның мастерлері, спортшы, әшім-күйші қыздар, жігіттер жиналышты. Бәрі бір май мейрамындағы өтес жақсы сәнді киінісіп алған. Қыздардың қасынан өтес берсең болды әртүрлі пісті майлардың жесі ғаседі. Біреулері ән салады. Анау Қадиша дейтін мақта тергіш бәйгелі қыз бар ғой үшінші бригадада. Сол шаштарың қырық бес тарам қып өріп-өріп тастанты да өзбекше әшуелә айттың, билерді соқтырып жүр.— Мұның сөзіне бір жағынан сүйсіне және мыскылдай құле құлақ салып әтырған Айсұлу енді катты құліп жіберді. Айсұлудың тегі катты құлуі сирек болатын. Әништейндері өзгеше көркем сұлу үні жікінкере, әндей созыла сәл шыңғыра қүләтін. Казір солай бір шалқая, бір еңкейе, бір тізесін құша құліп алды да:

— Апа, қарашы! Біздің Арман пісті майларды қатты ацгаратын да болған. Биші қыздың шашы пеше тал бол өрілгеніне шейін санаң алған. Жігіт, анық қалыңдық керек жігіт балаңың өзі болған емес пел— дегенде Арман жаңағы өзі айтқан жайларынан қысылып: «Болды, болды. Жетті-ең, Айсұлу!»— деп айғайлай түсіп, аунап сыртқарай бұрыла беріп, басын шайқап жатыр. Қысылып құліп жатқан қалпын оның сілкіне дірілдеген нықтары мен желкесі ацгартады.

Нұрбұбі баласын үялтқысы келмей сәл сөзді өзгертті де:

«Мақта тергіш Қадиша қыз» деп жалғыз оны қастерлемей-ақ қой. Мақтаны Айсұлу да бұл колхозда будан артық тере қойған жоқ. 560 еңбеккүнді сен екеуміз де

таппадық, өзгелер де, мақтағандары да озып, үзап кеткен жок,— дегенде Айсұлу да бұл жайға қөніл болді.

— Жалғыз мен емес, екеуін бірдей өздерің де озбадындар ма! Үшеуміз қосылып 1 500 еңбеккүнін тауып, сибігімен байып отырған өзіміз емес пе? Мені бөлмей-ақ қойыңыз,— деп өзінің әр шакта қолынан келген істерін жай сәлғана бір орташа жайдай ататын қалпына келді.

Айсұлудың әдетінде мақтан мүлде жоктай еді. Онда әрбір өзі істеген дұрыс іске «солай болуға керек, солай болып шықты. Мен керекті ғана ада қылдым, атқардым. Менің орнында кім де болса солай етуге тиіс. Солай етеді де» дейтін бір алуан таза момын, аскаксыз, үшқарысыз, артығы, сөлекеті жоқ жақсы жүрек, ұнамды мінез үйлесімдері болатын. Осындай кейде әзіл-күлкі аралас, кейде татулық үй ішілік жарастық жайларын антартаң әнгіме арасында бұл үшеуі үргін де осы сыпада жатып үйықтауға байлласқан. Жаз бойы тегі олар түн салқынын сүйгендіктен және сыпада ыстық үйдей емес, үйқы тез қанатын болғандықтан ұдайы далада үйыктайтын.

Таңертең ерте оянуға да бұл жер жақсы. Күн көтеріле сала қызу сәуле төгеді де бұларды тез оятатын. Қазір болса күн де онша ерте шықпайды. Әсіресе мынау кіршіксіз көк аспанда барынша мол сәулесін толық төгіп түрған толған ай түстіктің жылы желсіз майды түнінде сиқырдай өзіне тартып үйге, көлеңкеге қараңғы жақтарға жіберер емес.

Айсұлу бір кезде шешесіне сойлей отырып әредікте Арманға сәл ғана иегін көтеріп «сыпада, тек сынада ғана жатамыз. Арман, тұр бар!» деп қойған-ды.

Арман шешесі мен Айсұлудың қайсысы болса да жаз бойы мұндайда осылай жатар шакта өзіне артатын дағдылы міндettі біледі. Ол тұрып үй жақта аз бөгелін жүріп бір уақыт иығына, төбесіне үлкен наар түйеге жүктейтін артудай етіп көп қалың, әсем көрпелерді, үлкен ақ жастықтарды бір-ақ тиеп әкеле жатты. Бұл үйдің жалпы мақталы түстіктің бәріндегі үйлердей көптен көбі көрпелері болатын. Қазір ала жібек көрпе, асқа салатын қалың қыжым көрпе, салқын түнде тоңбай орана жататын қалындау жібек көрпелер, астарлары, өздері де жібектей көп-көркем бояулы, бапты бүйымдар болатын. Үшеуіне ариалған төсекті, кішкене дөңгелек столды сыпаның қасына жиып қойып, бір сөтте бапты жайлыш етіп

Айсұлу салып қойды. Ортаға көптен бергі дағды бойынша ана Нұрбұбі жатады. Оның басы биіктеу, екі жастық астында Айсұлу ариап салатын жұмарлаған көлденесің көрпе де бар. Өзі мен Арманиның төсектерін ана төсегінен сәл жұқарап, аласарақ етіп бір-бір ғана ақ жастық салып жайған-ды. Үй іші енді біразда осындай өздерінің тыныш, жылы, таза үяларында жарық, айлы түнде түстіктің үциле қарап төмендеп төнген үлкен, аппақ жарық ақ сәулелі ай астында үйқыға кетісті. Бейнебір ақ қаз, ана қаздың ақ балапандарын қатарына ала, қанат сүйесе тыныш жағада оңаша үнсіз тыным алғанындей, адал еңбек жандары жазықсыз аппақ адал момын жүректерімен тәтті түн тыныштығына, үйқысына өз бойларын берген еді.

Қаша үйқытаганы мәлімсіз, Айсұлу бір сәтте түсінде оқыстап өзіне қарай ұмтылып қалған қап-қара аюды көрді. Шошынып үн қатайын десе дыбыс жоқ, демі үзілгендей үні шықпайды. Сөйткенше әлгі аю қатты қапсыра, ыстық денесін тоңдыра, мұздата арқасынан аймалай, аяғынан және құшақтай қапсыра мұны ілездे көтеріп лақтыратындаі жұлдып әкетіп бара жатты. Сол сәтте ояна беріп еді, бетіне жүзі төнген дударланған ұзын қара шашы Айсұлудың бетіне, маңдайына жаңағы түсінде көрген аюдың басы-бетінің түгіндегі тікендегі тиіп алыш-жұлдып әкетіп барады. Күйин соққандай шапшаң өткір талай сезім өрекпігей. Айсұлу жанын үркіте ширіктырды. Жақынан естілген ыстық демде жиренішті арақ исі бар.

Ояnumen ілесе келген ең алғашқы бір сезім шошыну болса, ілезде, сол сәтте ашу, жирену, құтылмақ боп сақтану, қорғану, көмек тілеу және кекесінмен, ызамен сің күтпеген әділ ашумен алыспақ болу — осы сияқты талай сезім қүйыны өлім сәтіндегі үшқыр, шапшаң, қысқа ғана бір сәт ішінде үйтқып соқты да бір жағынан шыңыра айғайлап: «Апа, Арман, Арман, құтқар!»— деген шошыған үніпің өзі де түп жара күйлі, көркем оқыс айғайдай шықты. Және сол сәтте өзі екі қолымен қатал жауып екі жақ бетінен шапалақташ періп-періп жіберді. Шашын жұла бір қымыл етіп, көзінен, бетінен де айғай үстінде қойғылай берді. Бұлқыну, темір құшақтан құтылып кесту әрекеті де сониша қызу қайнау үлкен денелі алыш қүнгі дұшинаның темір құрсауынан ыршып шығып кетердег әрекет жасады. Аяқтарын сермел, денесімен бұлқынның,

бетіне қос жұдырығымен соққылап, тірепіп құтылғысы келеді. Бұл әкетіп бара жатқан Сағит еkenі Айсұлуға ояна бере-ақ айқын болды. Ол тек қана бір-ақ сөзді сыйырлап, тістеніп қырылдай айта-айта береді.

— Мен сүйем, мен сүйем. Сені сүйем! — дегенинен басқа тістеніп, бекініп алқына қырылдағанин өзге үні де, сөзі де жоқ.

Айсұлу айғайын үзбей қайталап «Арман, апа, құтқар, құтқар! Жауыз, наїсан!» деген шолақ сөздермен, қатал үкімімен кесектей шыңғыра шырылдай айта береді.

Нұрбұбі мен Арман Айсұлудың алғашқы айғайының үзап кетіп бара жатқан шырылдаған үнінің ең әуелгі сәтінде ояна беріскең. Нұрбұбі «Айсұлу, Арман, Арман!» — деп үстіндегі көрпесін лақтырмай шұбата жалаңақ күйде сыпадан құлап түсіп жүгіре жөнелді. Арман да көрпесін сілкіп, шетке лақтырып тастап атқып кетті. Ол шешесінен сәтте ағып өтіп озып кетті. Тез ғана Сагитты қуып жетті. Үйдің қақпасынан жаңа аттап шыға берген Сагитты дударланған шашынан уытай бүріп, қатты жүлқа қысып алып кейін қарай серпе тартты. Бірақ бас, мойыны өгіздей қатты, мықты сірескен Сағит мұны сүйрей Айсұлуды жібермей құшақтаған күйінде ашық қакпадаң көшеге шыға берді. Үйдің дәл қақпасы мен пүшпашының аралығында қарауытып үлкен үш тонналық жүк машинасы түр екен. Сыртқа шыға бере Арман енді Сагиттың шашын барынша қатты бүре, бас терісін сыйыргандай аяусыз ашумен кейіп жүлқа тартып қалғанда еріксіз ауырсынған Сагиттың қолдары босай беріп, жұлкынған Айсұлу ыршып босанып жерге түсті.

Арман Сагитты шашынан алып шалқайта басып қайыра берді де оң қолымен көзден, тұмсықтан сылқ-сылқ еткізіп бар пәрменімен құлаштап періп-періп жіберді. Әрі қыздан айрылып, әрі сондай таяқ жеген Сагит енді аюдай, жарапанған аюдай дүлей долы қараңғы ашуға міне беріп еді. Мұрнынан дірдектеп қан да ағып жіберді.

Айсұлу кейін шегіне бере өзіне қарай құшагын жая жүгіріп келе жатқан Нұрбұбінің кеудесіне арқасымен сүйсне берді. Нұрбұбі оны сыртынан қос қолымен құшактай ала қатты шыңғырып айғай салды.

— Арман! Жіберме итти! Қайда, көршілер қайдада?! Қеліңдер! — деп шарылдалап, тыныш тұнді жаңғырта көмек тілеген айғайын үзбеп еді. Дәл осы шақта Арманға қарай шұғыл бұрылып айналып алған Сағит бала жігітті

иектен қос қолмен қойылап жіберіп, басын, шашын оның қолынан ілеуде босатып алды. Сөйте берс мұрнынан қан ағып жүрген қалпында өзіне құлашты қос қолдан сермен құлак-шекесінен катты қойылап тұрған Арманды түйіліп, наизадай оқтап алған қос жұдырығымен дәл өкпеден және ішінен, талмау жерінен қойып-қойып жібергенде Арманның тынысы тарылып, өкпесі өлердегі қысылып, демі біте беріп екі қолы да сылқ төмен түсіп кетті. Өнді бозарып, қаюы қашып айнала машина, үй бәрі де шыркөбелек айналып, аспанға шығып, аспан төцкөріліп жерге түсіп екі көзі жұмыла берді. Сол күйін бай-қаған Сагит енді машинаға қарай Арманның денесін тастай бере және де күжірейген қабандай қос жұдырығымен қатар сілтей еңкіне, күш ала секіре келіп, нағыз талмау жүрек тұстап Арманды қойып-қойып жіберді. Онсыз да талып, әлі кеткен Арман енді есі ауып барып сылқ құлай кетті.

Нұрбұбі жаңағы Арман жайын аңдай берсе жаң ұшырып:

— Арман, жаным! — деп ұмтыла келе Сагитты сыртынан құшақтай тарта беріп еді. Сагит сыртына қарай, топшысымен, оң қолының шынтағымен әлсіз әйелді және де жүрек тұсанаң қагып жібергенде Нұрбұбі де аңадай атып барып талып түсіп, шалқасынан құлай кетті.

Айсұлу жаны қалмай «апатай, апатай! — деп шыңғырып барып шешесінің үстіне құшақтай құлап тұсті. Дәл осы қабак қаққандай бір-ақ сәттің үстінде мұрнынан әлі қан дірдектеген, танауы ежірейіп, жақтары тістенген, ырсылдалп алқынған Сагит атқып келіп шофер қасына, кабинаға отыра беріп:

— Шегін кейін! — дей берді. Өзі сол қолымен машинаның баранкасын шофер қолымен қоса бірге бұрай берді. Кейін шегініп барып жолға шықкан машина өзінің не сұмдық, қандай қастық істеп кеткенін аңдамағандай көшепінің жолына шығып алды да салғанишан шаңдата шепқылай жөпелді. Кейін шегінгегі машинаның алдыңғы доңгелегі жаңағы тәбелесте машина астына талып құлан тұскең Арманның ұзын денесін тап ортасына, іші тұсанаң басып өтіп кетті.

Шешесінің қасынан енді жалындағы жалт берес, лап берес Арманға қарай ұмтылған Айсұлу жалғыз гана шыңғырған, сұмдық үн қатты. Энишнейінде аузына түсер емес сұмдық сор тілі, сөзі шыңғырып шықты.

— Өлді! Арман өлді! — дей берді де жансыз, қымылсыз серейіп жатқан Арманның кеудесіне құлап түсіп, басына, кеудесінен құшақтап құп-ку болған бетінен, мұрынан, негінен «Арманым, бауырым, жаным!» — деп зар қаққан сөздермен қоса інісінің бетінен, жүзінен сүйе-сүйе берді.

Айсұлудың «өлді» деген жалғыз сөзі Нұрбұбіні қамшымен осып ұрып ыршытып тұргызғандай болған еді. Ана жапы талмаусып жатқан күйінен сәтте электр тогы, жай оты бар жан-тәнін соғып шашып өткендей ытқып барып Арманның үстіне о да құлады. Содан кейін қанша уақыт өткенін Айсұлу да, Нұрбұбі де білмейді. Әйтеуір бір сәтте қыбырсыз жатқан Арманның ай астындағы ак жүзінің сәлғана кірпігі қыбырлады. Зорға дегенде сүзіле барып қысылған күйде көздері аларып ашыла берді. Осы кезде көршілер жүгіріп келген. Әйелдер бар, балалар келіпті. Бәрінің аузында: «Олтірген, өлтіріп кеткен. Машинамен бастырып кеткен!» — деген шошыған лағиист айтқан пеше алуан оқшашау үндер, жат сөздер Айсұлудың құлағына кімдер келіп, нелер деп жатқаны бір алыс шеттеп әлдеқалай үзіле-үзіле келіп жатқан жарымы ұғымды, жарымы ұғымсыз тілдер тәрізді. Тек есінің кірген шағы бұлардың жақын ағасы Тацат қарттың машинамен дәрігер алып келгені еді. Үстінде ак киімі бар бір әйсл, бір еркек Арманды носилкаға салып машинага алыш емханаға Тацат пен Нұрбұбіні қосып алып жүріп кетті.

Айсұлу түн бойы бүктеліп, булығып жұз аунақшыл жылай-жылай береді. Дауыс қарлыққан. Өкпе қысылған. Бірсесе есі мұлде жоғалып кетеді. Айнала дүние жоғары, тәмен шыр көбелек аунақшып, дөңгеленіп асты-үстіне кеп құлай, қирай түсіп жоқтыққа кетеді. Бұл өзі бірге кетеді. Қанша мезгіл жоқтыққа, қараңғы түңгіныңқа жан жүрегі, ой-санасы, жас тәні шомып батып кеткенин өзі де білмейді. Бір сәт басында көрші кемпір жаағы Тацаттың әйелі бұл үйдің барлығы «шеше» деп жүретін кемпір Дәнекер ғана мұның жүзіне үшкіріп сұық су себеді де, талып жатқан күйінен қайта жан шақыртқан сияқтанады. Есін жия бере Айсұлу «Арман! Арман!» деген зардан тағы да ышқына, сыйырлай жылап, егіліп шытық жастарды төгіп-төгіп жібереді.

Ертеңінде, түс шағында анасы мен Айсұлу және Тацат шал үшесуінің ортасында арыстай ұзын денелі бол,

аппақ шөлмектей қаны кетіп ақсүр тартқан көкшіл таңба енді жүзіне шыққан Арман соңғы рет сөл бір дем тартқандай болды да үзіліп кетті.

2

Биік сұлу үлкен залдағы үлкен мәжіліс жаңа аяқталған еді. Республика астанасындағы көркем салынған үкімет үйінің ең соңғы архитектуралық үлгімен бұрынғы патшалар, корольдер атақты сарайларының кейбір жақсы үлгілерін жаңаша келістіріп үйлестірген салтанат онері осы залдың бүгінгі қалпынан анық аңғарылатын. Өзгеше бір ерекшелігі бұл залдың жарығы екі қатар жоғарғы-төменгі әр үлгілі терезелерінен танылатын.

Арты биік, төрі аласарак, кейінгі қатарлары кеңірек жайылып алқа-қотанду жайғасқан да төріне қараи бүріле, ойыса түскен. Сегіз жүздей адам отырарлық мемлекеттік үлкен жиындар атауларының ариаулы қадірлі залы көрген мен кіргениң бәріне де өзгеше бір алғыс пеп құрмет сезіндіретін. Зал ішінің кең жолдары, жайлы қатарлары тегіс қызылт көрікті бояулармен оюланған кілемдер, кілем төсөніштер ұзынша жолдарымен безендірген болатын. Биік қабырғалардағы, зал төбесіндегі браштар мен люстралар электр жаңған шактаған емес, қазіргі күндізгі түс ауған шақтағы залға түсіп тұрған ашық күн сәулемесінің өзінде де жалтырай жарқырайды. Кейде тұңжырай түскеп тұннық судың мәлдіріндегі. Жұмысақтау мәлдіреген үлкен хрусталь мұздары көз тартып тұрын алады.

Қазір президиум столында отырған адамдар мәжіліс бітісімен тегіс тұрысынп, кейбіреулері өзара жауап қатысып сырт айналып бара жатысты. Тұстіктен келген екілдер отырған екі қатардың алдыңғысында Карповпен бірге орыншан тұрған Әлім облисполком председателі жүқалаң денелі Ақан Сұлтановпен күбірлесе сөйлесе жүрді.

— Ауа раіы біздің де малдың жайын жамаға айналадырмаса деп қатты қауіп ойлан тұрмын,— деген Әлімге Ақан ақырын да болса анық естіртіп:

— Әсіресе Ұзақ пен Нојан ауданы қауіп ойлатпайды. Жамбылды естідің ғой, Мойынқұмның өзінде өлтіріп жатқанын тағы естідік. Біздің жағдайымыздың қандай айырмасы бар.

— Айырмасы жоқ. Құм сол құм, қыс сол қыс. Жаңа-

ғы сезіне қарағанда февральға емес, март түгел қарлы, аязды кеселін әкеле жатқан қыс боп тұр гой.

— Ендеше мал шаруашылығы өз қарамағында, сол мал ортасында ең қатерлі дейтіп қысылшаң күйге түсестін сол жырақтағы екі ауданда да өз көзің болмай іс түзелмейді.

— Біліп тұрмыш. Соны мен де ойлаудамын. Мыңау залдан енді жырақ аудан Мойынқұмнаң барып бір-ак шықпасақ қайтсын.

— Қазір Карповпен ушесу-төртеуміз акылдасып ала-йық. Сен анау Ұзақ пеи Нояниң екі аудан басшыларың қасыца алып осы бүгін-ақ үшпасаң болмас деймін. Жылыс бітті ғой. Өзгеміз бірлі-жарым күн бөгелсек те саған енді аял жок.

Жаңа ғана біткен үлкен мәжілістен естілген көп жайлар ішінде осы күндерде Қазақстаниң бірнеше облысында мал жұты үдеп бара жатқаның бұл екі жауапты қызметкер де өз арқаларына қыс аязы батқандай қатты қынжылыс сезініп шықсан болатын.

Түстік өзге облыстарға қарағанда әлі мал өлтіре қойған жоқ. Бірақ қазір мезгіл февральдың аяғы. Ал алда қары қалың, қысы қатты март түрғанда бүгінгі амандақ дұдамал үміт пеи күдіктің алма-кезек ауысып тен түсестін шағы сол. Бүгінгі амандақ ертеңгі үш күн боран ішінде жамандық боп қоюы жұттың басы боп қыстықунғы суық даланың үскірік боранының қасқыр аузындағы қанды ауыз тұмсығы халық шаруасының өтішे қан төге сұғына кетуі оп-оцайдай. Эрине мал қорада. Қора жем мен шөптің ортасында жайбарақат жайда болса бір сәрі. Жаңағы аталған екі ауданды мыңдаған емес, оп мың да емес, жұз мыңдармен сапалатын мал басы ең жерге кең жайылып көншілігі құмға барып ашиқ аспан астында баспаңасы жоқ жағдайда қыс айларын кешіріп жүрген аяқты қазына.

Жә, енді сол мал қамы жаңа ғана болып откен мәжілістегі көп жанды тұтас түршіктіріп кейігеп қабақтар түйілтті. Эр облыс адамы бар аудандарының басшыларымен осы залда жайлы, жылы, сұлу мәдениетті залда өзді-өз өлкесінің ақ бораны, үскірік аязын, қалың қарын, мыңғырған малының қауіп-қатерін түгел көз алдарынаң кешіргендей әр кім де жаңағы Әлім мен Ақаңдай ауыр қамқор қауіп ойларын арқалай, күрсіне күбірлей шығысты.

Әлім түстік екілдерінің алдыңғы қатардағы тобының ортасында еді. Артқы екінші қатардың терезе жак шеттіс отырған Ноян ауданының секретары биік бойлы, кайрылған үлкен жұмсақ қара шашты Мұрат Қасымовты жаңағы бір кездे Ноян ауданының малы жайын ойлай отырғып мәжіліс бітпестен бұрын да артына бұрылыш қайда отырғанын андал алған. Кішкене блокноттан бір тарап қағаз үзіп екі ауыз сөз жазып Қасымовқа жеткізгесі де болатын. Қазір Ақаншан артқарап іркіліп қалған Әлімге екінші қатардағы шұбыра шығып келе жатқан екілдердің сонындағы Қасымов Мұрат кеп жанасты.

— Әлім бір гана асығыс сөз сұрады.

— Бүгін хабар алдың ба?

— Алдым. Қүн сәл гана жылышған екен. Құмда қар ери бастапты. Бірақ құмнан аргы жолдың бәрі әлі қарлы дейді.

— Қандай пұсқау бердің?

— Қөшіңдер дедім.

— Ойпырай, ие дейсің?

— Жолда қар бүгін де жатыр. Жаңағы прогнозды және есіттің. Қаратаяға жетудің өзі мүн. Одан асу тағы тозақ. Жолда қырмайсың ба малынды?

— Ал окотты қайтеміз. Марттың ортасынаң кой қоздай бастайды. Құмда кой түгіл қозыға да баспана жоқ. Тездеттің аудан жерінде қарай өткізіп алмасақ құмда панасыз сұықта қозыны төгіп жіберсе тумай жатып қырылмай ма.

— Сен жылдағы әдettі айтасың гой. Бнылғы жыл — жыл емес, бнылғы қыс — қыс емес, қырсық бол түрған жоқ па!

— Құмнан шығармағанда қандай шара жасар ем?

— Мен қозыны амандау үшін сол жерге үйлер тігеміз. Палаткалар апарын тігеміз. Қүштің бәрін соған саламыз. Коїды сонда қоздатамыз деген ойға көбірек ауысып отырмын. Сенің бүйрек беріп қойғаның өтс үшқарылық болды, Мұрат. Неге мүниша асықтың? Жүрші, қазір Карповпен, Ақаимен ақылдасайық,— деді де Әлім Мұратты ертіп залдан шыкты да Үкімет үйінің алдыңғы фойесінен кетіп болмаған Карпов пен Ақанды куып жетті. Әлім Карповке Ноян ауданының малы жайын, Қасымовтың бүйрекшін айтқанда Карпов Ұзак ауданының секретары Есдәулстовты да қасына шақырып алды.

— Қәне сіздің ауданызыздың бүгінгі жайы қалай, біл-

діңіз бе? Мал қалай? Қөрші Жамбыл облысының сол Мойынкүмдағы малы жұтқа ұшырамағанын естідіңіз фой. Біздің облыста қатердегі Ноян мен сіздің аудан. Мына Қасымов жолдас окоттан бұрын өз ауданымға жетіп ала-мын деп, жолда қар болса да малды көшіруге пұсқау беріп қойыпты. Бұлар қысылса, бейнет көрсе жолда сіздің ауданың үстінде кетіп бара жатып сол қиыпдыққа ұшыраіды. Сізге екі сұрақ: ең әуслі өз малыңыз, өз же-мімен аудан қорымен қыстап аман шыға ала ма? Екінші, мына Ноян ауданының малы сіздің «Құмкент» совхозының үстімен өтеді. Өз жеріне жеткенше, сіздің жеріңізден өткенше сіздер азық, адам, машина көмегін бере аласыздар ма? Қажет болса киіз үйлер бере аласыздар ма? Ауданыңыздан палаткалар таба аласыз ба?!— деген сұрақтарды қатаң, ширак үймен айта тұрып Карповтың салқын жүзі, молырақ ашылған қара көк көздері Есдәuletovke шынынды айт дегендегі қадала қараған еді.

Мұның алдында да соңғы үш күндеңі жиылдың үстінде екі қатерлі аудан мал жайын Карпов пеп Ақан ексуі үдайы сұраумен, оларға ақыл, пұсқау айтумен болған-ды. Жаңағы жайды Есдәuletovтан қадап ариап сұрап тұрғаны Карнов Ұзак ауданынан әрі үміт етеді, әрі қауіп, күдік те ойламай коя алмайды. Оған дәл осы Есдәuletov өзі екі үдай ұшқары хабар айтқыш кісі тәрізденеді. Себебі жақындаған Есдәuletov Карповқа: «Біздің аудан жөнінде күдіктенбеціз. Жем жеткілікті, мал күйлі. Құмда қар жоқ. Бар совхоз құм ішінде малың арықтатпай күйлі, семіз үстап бүгінге жетіп тұр»— деген еді.

Ал «кешесінде қар қалындаған қантты» деген хабар естіле сала алдын ала өз басын арашалагандай «бұлай болады деген ойда жоқ. Февраль аяғында құмда қар қалындағаса оған не шара. Мал бір шетте құмда, жем алыста, жырақта — екі арасы шалғай болып қиналмасақ, қысылмасақ деп қорқамын!»— деген.

Алдыңғы үш күн бұрынғы сезінен сондағы сенімді бейхабар үймен кеше айтқан алдын ала арылу сияқты жамаң жай болса өз басын корғау, арашалашу сияқты сүйретілді сезі Күмдері Есдәuletovтың деректерін сенімсіз даргұман етіп көрсеткен.

Карновтың жаңағы анықтаған, қадап қатты қадала тұрып берген сұрағына Есдәuletov шашашаң жауап айтты.

— Палатка бізде жоқ. Ауданда ол қайдан болеши.

Шынды айтшай, жокқа дәмелендіруге мениң батылдығым бармайды,— деп соза сөйлей берді.

Карпов нақтылы дәл жауапты қысқа айтқанды тілең тұр еді.

— Рас, жарайды. Палатка сенде жок. Жә, жаңағы Ноян ауданына жем, шөп, киіз үй, бірнеше машина тығыз керек боп қалса облыстан көмек барғанша, осы жөнніде қандай жәрдем бере аласыз?

Есдәuletov сапап тұрып:

— Жем көмегін бере аламыз. Киіз үйлер бере аламыз. Жолай бірнеше бос қораларды малдары түнеп өтүге өзір ете аламыз. Машина көп емес, бірақ шамалап оған да сенуге болады!— деді.

Карпов енді Әлімге бұрылды да:

— Міне Есдәuletовтың уәдесін есінде тұт. Ол си алғашқы қүндердің керегіне көмегі есепті болсын. Ал қалған қажеттің бәрін артыңын облыстан тез жөнелте-жөнелте беруге біз Сұлтанов екеуміз міндеткер боламыз. Сен қазір және сен, Қасымов, Есдәuletов, сіз де үшесінде қазір осыдан шыға жөнеліңдер. Баскентке соқсан да бөгелмestен тезішен Кентаудан бір-ақ түсетін болындар. Шопандарға жетіңдер. Сөз сол. Бары сол!

Жаңағы аттары аталған үш жігіт Карпов, Сұлтанов ексуімен ширак, шұғыл қоштасты да айналып жүріп кетті. Карпов енді Сұлтановқа соңғы қүндердегі дәл осы үш жігіттің кеткен жайы жөніндегі жиын бір ойның өзінен ең мазасыз көрінген бір жағдайын айта бастады. Екеуі енді Орталық партия Комитетінің секретарларына қарай баратын бірнеше бұрылышы бар коридорда жөн бірнеше басқыштарда жай басып ақырын дауыспен жауаптасып келеді. Карповтың бастағаны малдың жайы.

— Бұл жайдан малдың қазіргі халінесі менің сонғы қүндерде естігегі мен білгесін аңдағаным өтсө кеңілсіз, өте ауыр жай. Қаша мыңдаған малды қыстың аязына, боранына беріп қойыпсыз. Республика көлемінде олі де беретініміз менің аңдауымша сансыз көп мал басы болғалы тұр. Анау бір облыс Жамбыл, Алматы, тағы бірнеше облыс — бәрі қатер үстіндс. Бұ не деген сөз? Не деген шарасызық?!

Сұлтанов басын тәмен салып жұқа еріпдерін шімірекеніп жиыра қыса түсіп, қабақ түйді де Карповтың жүзінә сәл аңыра қарап:

— Сіз был рана емес, бұдан бұрын да кей жылдарда осындай қыстарда Қазақстан ұдайы малды көп өлтіретіні тағы қоса ойламайсыз ба?

— Ойлаймын! Мен Госплаңда, Совминде кешсігі күндер Өрталық Комитет екі секретарында осы жөнде көп сөйлесіп, көп пәрсе білдім. Білген сайын зығырың қайнайтүседі. Аса қатты ырза қылмаған пәрсе шарасыздық! Үлкен бір шарасыздық. Бұйткенде, бұлай болғаңда бұрының экстенсив түрде көшіп жүріп мал баққан осы далаңын патриархал шаруасынан қаша ұзап кеткен боламыз?! Қыс жылы болса, жыл жұмсақ болса мал бар, мал өседі. Қыс басып аши бері қарай мен талай статистикалық есептерді оқып шыктым. Бұдан жиырма жыл, отыз жыл, тіпті елу-алпыс жыл бұрының кей уездердің, облыстардың есеп-санақтарын да шарлап өттім. Қар қалың, қыс сұық болса жүт келетін. Сол жүт болған, бүгін де болып тұр. Ертең де, келерде, одан арғы да жылдарда бола береді деген сөз бе!

Сұлтановтың бұл да талай басып қинаған жайлар.

— Шарасыздық арасында бірде аман, бірде жаман бол келс жатқан мал шаруасының күйі бар. Оның растарынан. Бірақ бір жағы құм, бір жағы тау — сансыз мол иен өлкелер. Шөбі сирек, жемі сараң, жері сусыз. Осындай толық шөл, жарым шөл ұшан-теңіз атыраптар жатыр. Малды соның жағдайына үйлесе, соның бергенін міссе қыла бағу, қағу, өсіру әзіргі тәжірибе осыдан ұзамай тұр ғой. Бүкіл Орта Азия солай. Қөршілес республикалардың кейбірінің жері жылы жақта дегені болмаса ондағы мал өсіру де осылай. Біреуі тауларда, ашау Кавказдағы сияқты ол да жұтаң, жудеу жағдайды міссе қыладады, міссе қылмасқа шарасы жок.

Бұл жайдаң көп білумен бірге көп қиналып ойланаған Карпов осы айтылған дәл шындықты біле тұра іштей ыза, памыс отымен қайнай түскендей болады. Қатты жігерлелене қыза түсіп:

— Білемін, білемін! Бірақ соңдай күйкі, болымсыз, әлсіз шындықты құр білгениен не пайда! Болмайды. Бұған көнуге, төзуге болмайды! Баска, мұлде басқа шаралар қажет. Табу керек соны. Соның үстінде партияның, үкіметтің, ауыл шаруа ғылыминың да миши, ойны қинаї әрекет ету керек. Әсіресе адам, ашау сол мал сонында, сол қырылып жатқан мал қасында қиналып, тынымсыз қимыл етіп жүрген адам жөнінде, шопан мен олардың

үй-іштері — барлық мал жанындағы жандар жайында. Тіпті де қиналған ой көргемін жок. Бұғаңғи сэтте, қазір осы сағатта сол Мойынқұмда, Ұзақ пен Нояның қарлы сұық қатты боран соғып тұрған далаларында құндіз-түнін, ай қүнін бүрісіп өткізіп жүрген шопандар жөнін ой-лағанда жүргінің басына қан төгіледі. Жок, жок, мұмжықиң емес бұлай!— деп қолын ызамен лақтыра сілтеді де үнсіз түйіліп қатты адымдаш жүріп кетті.

3

— Мырзабай даласына шыққалы бері құтыру үстіне құтыра соғып тұр,— деді Есентаев машинаның өзі отырған оц жағындағы артқы кішкене әйнекті сәл ғана ашып, аңдан алғанин кейін, шофер қасында отырған Жарасов артына сәл ғана қырындаш бұрылды да:

— Карабас құтырып тұр. Ашық далаға шыққап соң тіпті асқындаш кетті ме не мене?— деп жүрістің өндімей келе жатканына қылжылады да бас шайқайды.

— Облыс бойынша прогноз жамаң еді. Бұғаңнен бастап бұзылайып деп тұр ма?— деген күдікті Есентаев қости.

— Кім білсін, әзір қарсыз қара сұық. Мынаның үстіне қар жауып кетсе кесел сонда гой. Қатты желдің үстіне сұығы қандай. Бет қаратпайды,— деп Жарасов жолдың алдагы нашар күйіне шофермен қатар көз тігіп қадалумен болды.

Шынында бұлар жүрісің бүгін соншалық мимырт манымай қойған. Не деген сөз, таңтерең Бабатадан шығып, Қызылкөлді айналып Мырзабайға шығып бұлар жүргелі сарап бес-алты, міне енді жетінші сағатқа қарай кетіп барады. Жол да жамаң екепі рас. Жүріп өткен машиналар іздері кейде басылып, жойылып, кейде шала сорап болып зорға-зорға біліншіп жатқан. Тек әйтесуір жол табаны кедір-бұдыр болса да қатаңдау. Кейде шыны қар, кейде мұздак. Бір жағынан осылайша жол жамаң, екінші жағынан одан да әрі жел жамаң. Қаратая өңіріпің эйгілі желі Карабас бүгін қатты соғып, жүрдек машиналар маңдаіы мен төсінен үрлеп ілгері бастырмауға сіресіп тырысады.

Жарасов шыдай алмай ұзын бойлы, қызылт жұзді қазір мұрны көкшіл тартқан үнсіз шофер жігіт Шәкерес қарай тусти де:

— Қандай масқара. Алпыс қана шақырымды жеті сағат жүрген деген не деген сөз!— деп қабағын түйгендеп

жұқалаң, ашаңдау бетіне, екі үртіна қатпарлаған ажым білінді.

— Арттағы машиналар қайтер екен? Жұқ машиналарын үстіндегі қаңқиған жүгімен шебі-жемімен тінгі де қатты соққымен мол бөгеп жүрмессе иғі еді. Сол арттагы колонна бізден үзап үзіліп қалмаса иғі сі!— деген күдікті Есентаев коса түсті.

«М-72» бүгінгі жүрісте өзінің бар жерге жүргіш өнепрін көрсетті де, бұл жолаушылар ынырт жабыла өздері мақсат еткен Айғенеге ілінген еді. Мұнда «Алға», «Шеген» совхоздарының штабы бар. Артта келе жатқан колонна 12 машинаға шөп артқан «Шеген» совхозының көмекшілері. Қосымша төрт машинада арпа тәрізді әр алуаз жем — комбикорм бар. Осы машиналарға көмек үшін үш трактор жіберілген. Осының бәрін бастап кеше Нояның орталығынан шыққан «М-72» машинасындағы ауданының екі жауапты адамы еді.

Жарасов Ноян ауданының исполнком председателі, Есентаев ауданының скінші секретары. Алматыдағы жиыннан жақында оралған райкомының бірінші секретары Қасымов осы жолдастарды жаңағыдай күш-көмектермен өздерінше сәдәүір бір лек азықпен жөнелткен. Уш трактордың біреуін Қасымов, Жарасов ақылдасын, Қаратайдың әзірге қынышылықпен болса да өткел беріп отырған Тасқомірсай асуына қалдыратын болған. Олары өнімді есеп. Қүи бүгінгі колонналар осыға смес. Кейін де алда ауыр күпдер болуға мүмкін. Азық таситын көмектер жіберетін әлі талай лек-лек машиналар колонналары болары бар.

Қаратайдың өзге салбары, асулары, бұл күндес кептесіліп сіреу қар, мұз болып, асу бермей түсіп, нық түсіп жатып алды. Жалғызғана улкен қам-қарскеттің кішкене тінисы, тар тынысы жіл-жіңішке өткелі осы Тасқомірсай асуы болып қана түр. Сондықтан қар қалыңдаса, мұз басса, асу кептеле бастаса осы араға трактордың бірнешеүін ұстап отырып машина, көлік атаулының арғы-бергі өткелі болған осы жерді жау шабуылынан қорғағандай күпдіз-түп қорғап отыру шарт еді. Алдағыны ойлаудың ең бір естен кетпес қамы осы түста. Алыстағы, құмдағы скіталаі қүйдегі малды ойласаң, ең алдымен, осы арада бар күшінді буып қалар «тар есік, там босаға» дегендей дәл осы тас қамауды аңдып бағып отыру біриеше тракторшыларға тапсырылған. Оның біреуі —

Власов Алексей, екіншісі — Досов Бекен, үшіншісі — Садыков Ешмат.

Тұннің кара сұық дауылы Тасқомірсай үстінде ала-қаныңтаған жаяу борасын болып, сайдойна, әр жерге кесе-кесе жал етіп, жол үстіне көлденен түскен ақ дөңс-тер үйгілес соққылап еді. Тұннің 12 сағатын төрт сағат-тан көзектессін бөліп алған Власов, Досов, Садыков үш-үй Жарасовтардың артынан жүрген 15-16 жүгі мол машиналарды көл бөгелтпей, балғын, батыр қайратын жасап көзектеп қойып, сүйрете созғылай отырып тас асуда шығарын жіберген.

Қарабас дауылының түп әлгегіндегі тар сай бойында, тेңерен шатта құтырған жын ойнағын үш тракторшы ерлер бүл санаар слемей жесіп шығып, таң ата тыным алған-ды.

Айғенедегі «Алға» мен «Шегениң» базаларына Жарасовтар жылы хабар әкелді. Арттан келе жатқан азық-көмек жәйіп жеткізді. Бұл арада аудан инспекциясының бастығы Ержановқа ұшырасқанда Жарасов:

— Ал енді қүнінді өз жауаптылығына ал. Сен құм-наи жақсы хабар беріп: хал жақсы, күн жылы, көшуге болады деген соң, бар отарды құмнаан осылай қарай қоз-гауға бүйірік берген райком мен райисполком. Арты қар болмаса жарады. Қарабастың бүгінгі беталысы оцбай тұр. 60 шақырымды жесті сағат жүріп келдік. Біз бүйт-кенде қой қайтиш! Қар жауып кетсе не етпекпіз? Әйттеуір сен айттың мал қозғалды. Біз көмекке келдік. Бірақ қашаң айттың деме, тек жол бұзылса жауапты сөнсің! — деді.

Беті қарақожалақ бол қыс бойы тотыққан, мұринының үсті қан-қара бол күйе түскендегі, тістері ақсина Ержанов есіп кеткен тікенек мұрт-сақалын тыжырта күліп алды.

— Маган инспекция ғана емес, тіпті Қарабастың же-лін де бағындырып қойған екенсіздер. Оның әмірі менде болса, қой да кенде болмас! — деді.

Бұлар сөзді тыста тұрып сөйлескен еді. Нояни ауданының койлары құмдағы мекендерінен бері үзіліп шығын кеткен соң ендігі шара бар колхоз, совхоз майдарын рет-пен, есеппен көшіру жайы ғана. Соны ойлан ертең 8 мартқа түскі кезге бар шопандарды, олар ішінде аға шопандарды және колхоз, совхоз атаулының осы отар-дағы жауапты өкілдерін осы араға шақырып алып ақыл-дасуга бекіністі. Сөйтті де үйге кірмesten Жарасов ини-

Есентаев, Ержанов үшеуі маңайдағы шаруалар атаулыға бір топ атқа мінгізіп шашаңдатып хабаршылар жіберісті.

Жарасов пен Есентаев күндізгі жолдан талын-қажын келсе де түнгі үйкесі тынын болған жок. Екеуі түн ішінде қараңғы бөлмеде ояна түсіп, күбірлеп сойлесе береді. Екеуінің бірдей жамбасына батқан аяздай, тастай қауіп бар. Ол кішілеу үйдің кос терезесіне ұлып соғып тұрған қатты дауыл, Қарабастың күндізгіден де аса құтыра соққан боранды дауылы. Жарасов бірнеше рет оянашында төрзеге барып бақылаш байқап еді. Түн ортасынан ауа бергенде дауыл ғана емес, енді қарлы боран көтеріліп сұығы да, ыскырық ызғары да қабырғаны қайыстырғандай болды. Осыдан кейінгі үйкесі ұдайы үзіле түсіп, жиі оянып жатып таң атқан соң төсектен тұрғанда тынықсан адам тәрізді емес, екеуінің бастарын ауырлатқан мәң-зесідік те бар еді.

Ержановпен үшеуі таңретеңгі асты ішісімен ауа райни аңдады да кешегі шақырган кісілердің бүгін мұнда келе алмайтынын анық түсінді. Осыдан соң мал қайда, шопандар күйі қандай, мал халі қалай, соларды білмеккे ендігі бар шараны өздері істеу керек болды. Сөйтті де үшеуі үш тарапқа отарларды іздел тартатын болды. Қөліктегі тек салт ат қана. Сонымен Есентаев жеті мың қойы бар «Қазақстан» колхозына, Жарасов он сегіз мың қойы бар «Алға» совхозына, Ержанов «Қызыл жұлдыз» колхозына баратын болды. Онда он жеті мың қой бар. Мың қой қазір екі отар болғанда, он жеті мың қой отыз бес-қырық отар болады. Бәрін аралап шығу қайсысына болса да мүмкін емес. Бірақ әр үлкен шаруа тобына ариап барып, тым күрса сол тобының қай-қайда бытырай тарап түскенін, адам мен малдың жалпы күйін білу керек. Үшеуі де кешке қайта оралып осы Айғенеде бас қоспақ бол атқа мініскең-ді. Үшеуі үш тарапқа бір-бір жігіт басшы алып, үскіре соғып тұрған ак боранға желе жортын кіргенде тез қаралары көрінбей жөнелісіп кеткен-ді.

Үш сағат үздіксіз бұлаң құйрықпен отырып бір шеті адыр, бір шеті үзақ ақ жазыққа жетіп жатқан «Алға» колхозынын малына Жарасов жеткен еді. Шеткі отарда шоқтай бол тар ғана сайға ықтай нірілген қойды көрді. Қой шетінде бурыл сақалды, қоңыр жүзіндегі шегір көзі қайшылық сияқты аңдалатын қошыны Бәйтен жайды айта бастады. Жарасов Бәйтениң қасындағы кө-

мекші жігітті, Құсайыңды да өз қастарына шақырып алғып еді. Екі шопан мал үшін қабақ түйіп, жактары тістене түсіп ренжи сөйлейді. Әуелгі жайды бастағаш Бәйтен:

— Не күнді сұрайсың, жолда! Құмиан кетіп қалдық. Бұяқта болса тапқанымыз мынау.

— Құмиан кетіп Қаратаяға жетіп қаламыз ден ем. Мыйна боран, мына аязда Қаратая қайда, біреу қайда!— дед Құсайын өкініш аңғартты.

— Енді мінеки жер ортасы Қөктөбеде көкке қараң ұлып тұргандаймыз. Жылыша ма бұз қудайдың күні, жоқ мұнідем, тегі, өстіп құрта бере ме?— деген дағдарысты Бәйтен қалға айтты.

Екі шопанды тыңдағы жүріп Жарасов үнемі ақырын қозғалып қойды аралап еді. Бұл буаз қойлар емес, тоқты екен. Іштері жарау, жондары қырау. Осы сайды кішкентай қылтынып көрінген бұта, бозғыл байқалса еоган үйіле ұмтылышады.

Жарасов жайды біліп аңдалап тұр.

— Қойларың аш қой. Мына бораннан бұрын іші-күйі қалай еді?— дегенге Бәйтен жауап берді.

— Біздің отар әйтеуір буаз қой емес. Күйі де құмиан жаман шыққан жоқ. Бірақ айдауга түссе, жерден алатыны мынау болса қашаға жетеді. Титығы тез біткелі тұрған мал гой бұл да!— деген.

Жарасов шопандарға дем бере сөйлемеді.

— Күн ашыла сала майдарыңа жем жетеді. Біздің артымызда көп машинаға тиелгей малдың жемі келеді.

— Шөп бар ма, шөп? Шөп араласнаса жем жемейтінші білесіздер фой.

— Білеміз, шөп те болады. Тек аз төзім етіңдер. Қойды мынадай бораңда қазіргі мына ықтасында ұстап тұрғандарың теріс емес екен. Енді біз ертеңгі кеш осы майдарыңың ортасында, өздеріңнің қастарында боламыз. Бізді аудан жіберді. Нояшап әдейі келдік. Қомекке келдік. Мал жайы солай. Ал өздерің ішіп-жемің қалай?

— Ішіп-жем әзір түнде ішетін ыстығымыз бар. Қундіз де шүкір, жемисе, азықтан таба наи жесек те, тарыққамыз жоқ.

Құсайын бұл сөзді аз көрді.

— Тоқ емеспіз. Аш та емеспіз. Бірақ сұық қатты болғаң соң, тамақ та бапты болса жаман бомайтының білесіздер гой!— дес күлді.

— Шынды айтасың, дұрыс айтасың! — деп жас шопаниң тұра сөзіне ырза болған Жарасов:

— Мал азығымен бірге өздеріңе де әртүрлі май-мүй, шәй-пәй деген сияқты әр алуан керектерінді ала келеміз. О да жетеді. Тек төзе тұрындар! — деді.

— Қейтеміз, төзбегенде кәйтеміз! — деп Бәйтеп Жарасовқа шегір көзін сығырайта қадады да: — Тек қана қо-лыциң келсе мынау құтырған боранға бір дауа қысаныш дер едік. Оған боп жатыр ма тек! Қейтеміз құдай қылған соң. Тек осы қудың арты аяз боп кетпесе десенші.

— Алдын болжайтындарын бар еді гой! — деп енді Жарасовқа әзілдей қарады да: — Не деуші еді ай, бала, сен айта беруші едің гой! — деп Құсайынға иек қақты.

Момын жүзді Құсайын ыржия түсті де:

— Прогноз, ауа райының прогнозы. Айтпақшы ол не дейді, аға? — деп Жарасовқа қадала берді.

Жарасовтың өзінің де құдігі сол, бүгін түнгі үйқысын бөлгөн де сол прогноз. Бірақ мына шопандарды жүдегіп түцілтпес керек.

— Прогноз не білуші еді. Шатаса береді де. Төзім керек, төзім керек. Қайрат керек. Азамат қайраты керек, міше, мұндай күндерде. Бүгін марттың 9-ы. Жеріміз Си-біръ емес, түстік. Былтыр бұз кезде қайда Қаратай асып кетпеп не ем! Жер қара, күн жылы боп. Қорықпай-ак қойындар ендігі азғантай күнпен.

Құсайын бұл сөзге әлі қанағаттана алмай тұрған.

— Тегі, прогноз жамаш-ау, аға. Анықтап айтпадыңыз гой! — деді.

Жарасов әлі де екі ұшты жауап айтты.

— Қөктем келмей, жаз шықпай қайда кетуші еді. Қыс қайта келер деп тұрсың ба, бала. Өз жайларыңды көрші отарлармен күнде хабарласып білдіріп тұрындар. Аттарың кім еді, аксақал? — деді де Жарасов қойып дәнгеріп алды.

Карт өзінің атын Бәйтеп деп, мынау көмекші балам — оқудан биыл келген бала Құсайын деп жас шопаниң да жөнін айтты.

Жарасов бұлармен қол алысып қоштасты да ілгері тартты. Осы күні ол алты отарды аралады. Түс ауа, ақ боран енді қақап тұрған қатты аязға айналды. Ат үстінде тізе тоцып, бет қаратпай қайта-қайта мұрны месі негіп жалаңаш қолымен үқалаумен болды. Қөрген отарларының қалған бесеуі буаз саулықтар отары. Опдағы шопан-

дар сөзге сараң, мал қүйі катты күйзелткен, өте қысылған қамкор маң исесінің ажарларын таңыған еді. Жұт боларды ойлагап, қүн райынаң сессенген, малға жаңы ашыған адамда мұндай қүнде қабак жадырай ма? Тоңған ауызға, жүзге көп сөз орала ма?

Жазық жерде ықтай түскен қойымен бірге жаяулап, көк биесін жетелеп алған қарасақал, орақ тұмсық шопан Үсмайыл Жарасовқа наразы сөз айтты.

— Құмнаан кетпесу керек еді. Қайтыны, көшісін деп бүй-рыкты ерте бердің, түге. Енді міне малдың, слдің көз жаңы қайсыныңда? Жұтаса не болдық! Бүгін жауып, ертең ашылса бірсөрі. Ұзап кетсе қайттік жыл мойны!— деп сыйын, наразылығын, мал жөніндегі құдігін бір-ақ айтқан Үсмайыл Жарасовты ұрмай сабағандай сезілді. Оған да Жарасов:

— Әдейі аудан жіберді. Өкімет барды елмен бірге көреді. Бізді көп кісі қып, көп машинамен өздеріңе әдейі жіберді. Артымызда малға азық, адамға ас, тамақ келе жатыр. Өзіміз және күн сайын қастарында боламыз. Шопан не көрсе бірге көреміз деп келдік!— деген сөзді жаңағы Үсмайылдың үнінен ұялған қүйде қатты шімірке-ніп сөйлеген еді.

Түс ауа аттаң түскенде ол бір жас шопаниң үйінен шай інти. Содан кейін тағы да атқа мініп, тағы бірнеше отарды арапады. Бәріндегі шопандарға айтқаны жаңағыдай азық-көмек келе жатқаның білдіру. Малдың елеусіз, адамның исесіз, ескерусіз емес екенін аңдату мақсаты еді. Бүгін күн бойы әбден қас қарайғаша аттаң түспей жүріп ол кешке сол күндіз шай ішкен жас шопаниң, Доскениң киіз үйіне кеп қонды.

Ержапов пен Есентаевқа айтысқан уәде бойынша бүгін кемікке Айгениң оралмақ еді. Бірақ шопандарға кездескенен кейін бұлардың көбін аралап көзбе-көз көріспүн қатысып, адамның көзілін, малдың қүйін көзбен көріп, біле түспек үшін әдейі қайтпай қалды. Бұл түн сұық, бұрынғыдан да басымдап оқбай асқындалап кетті. Ақырған ақ боран-устіне аяздың сұмдық үскіріңі соңшалық катал, сондайлық егескендей асқындалап үдел бара жатты. Бұл түні бойы тағы да борандата жауа берген қар бардаланы, бар адырды, тау бөктерді, құм шақатты — бәрін де басты.

Жарасов ертең таңертең атқа мініп Айгениң қарай тұра тартпай тағы да орала айналып жүріп кеше көрме-

ген бесс-алты отарды аралап, шонандармен үдайы жүзбес-жуз сөйлесіп, кейбіріне өзінің де кім екенін айтып, көп хал-жайды андасып, Айгенеге тұс ауа қайтып келген еді. Келе бере мұнда кеше кешке оралған Есентаевтан түндегі суықтың жайын сұраған. Откен түнде аяз отыз екі градусқа жетіпті. Құндіз қазір жиырма градус. Рациямен алған Есентаевтың хабары бойынша қар қалың жауғанда бұл атыраптың бәріне де ақ көрпесін тұтас жауынты. Құмның өзінде бүгін қардың қалыңдығы 45 сантиметр болты. Барлық деректер бойынша Жарасов пеп Есентаевтың өздері көріп білгені бойынша да қої халі нашарлап барады. Мұны тек қолдан асырауғана қалды. Қар астынан өзі буаз, өзі жүдеу ашықкан қої енді жем іздел ала алмайды. Барды, күш-көлікті жұмсағанда қойға жем жеткізу, әсіреле шөп, шөп табу, талшық беру қажеттің қажеті болды.

Осы күйді енді анықтап, аңдал, алдағы шараларды көп болып ақыл қосып шешіп алу керек. Сол үшін 9-март күні кешке осы атыраптағы Ноңн аудаңының колхоз, совхоз бастиқтарының бәрін Айгенеге Жарасов пеп Есентаев жиын алған еді.

Мұнда «Шеген» совхозынан Жақапов, «Қазақстан-на» Досбаев, «Қызыләскердеп» Қызаев, колхоз «Алғадан» Болысбаев, совхоз «Алғадан» Алтаев бар. Алтаев осы отгоның бастиғы. Бұл аталған кісілер үй інтері аудаңда, өз бастары қыс бойы құмда, малда жүргендіктеп ел сағынған, біраз талып қажыған кісілер екен. Әрқайсысына Жарасов пеп Есентаев өз шаруаларының жайларын айтқызды. Алғаш сөйлеген Қызаев:

— Құмды да қар алып қалды. Бізді құмнаң көшті деп сыйайтындар бар сияқты. Мынау күп, мынау күйде құмнаң кетпесек онда да береке таппас ек. Мал құмның өзінде де өлдер еді. Үмітсіз тек қана қынышылық қамауда қалып, қой қоздайтын шакта қыбыр ете алар көмектен де жырақта қалып, мұлде тыныс болмай құрыған болар ек. Ал қазір тым құрса ауданға қараі, Қарататуға қараі біртіндең біртабан да болса жақыншай берсек алатын азық-көмеккө жақынырақ келген боламыз. Меніңше, қолдан келгенине енді аялдамай Қарататуға қараі жылжылжи беру керек! — деген.

Мұның құмды білмейтіні алғашқы сөздерінен анық көрінді де Алтаев әзіл етті:

— Өзің құмнаң келе жатсаң да құмның жайын анда-

малсың-ау!— дегенде Жақанов, Досбаевтар кекесінмен қатты құліп жіберді.

Болысбасев тілті сүйк қабақты, тұксиген жүзді том-сарған қалпында Қызаевқа ыза болды.

— Күмда қар болса да құм төбелердің бір жағы ашық жататын жақсылығы бар. Және құм бар шебінен арылған жоқ. Қар алмайтын бұталары, тубірлері болады! Не керек, қүмда отыrsaқ шұқыр-шұқырына мынадай сүйк аяз, боран күні ішінде қозысы бар малды ықтатып, ең болмаса аяздатпай отырап ек. Қызаев құдай аманаты бос сөзді сөйлем отыр. Өстіп те отгоның басында жүреді екен кісі деген!— деді де бірақ өзі де шыгар жол айтпай ендігі сөзде үш қатпай отырып қалды.

Жарасовтың үміт еткені отгоң бастығы Алтаев болатын. Соған қарап сөйледі.

— Бар ауданың құмнаң бері қантап келе жатқан қалың малының бастығы сенсің. Не планың бар? Осындағы күн болса қалай жылжығанымыз жөн? Қай ретпен жолдағы пана боларлық қора, отар базаларын пайдалаңу керек. Міне дәл бүгінгі мынау жағдайда өзіңің не жоспарын бар? Мына жұртқа қандай бүйрек стесің.

Алтаев сырты ойланып отырган кісі тәрізденсе де сөзімен бұл жиынды ырза қылған жоқ.

— Менің завотгоң деген күр атым болмаса, қолымда шөп азығым тұр ма! Сайлы қора жай тұр ма? Немесе жылы күн, қар кеткен Мырзабай даласы бол тұр ма? Өздерің көріп отырган қалың қар, тіреліп қантап келіп отырган қалың отар. Әйтеүір шама келгеншіс әрбір колхоз, совхоз, әр жеке отар алдынан шыққан азғана жем көмекке сүйсіні жылжи бер дегенинен басқа не айтамыз!..

Жарасов қанағаттаған жоқ. Ол Алтаевқа қабак туїп наразы қүйде сөйледі.

— Сенің айтып отырган сөзің осы мыңғырған шаруапы бастап келе жатқап қынышылықпен алысады анықтаң ойлаған кісінің сөзі емес. Мұнда жоснар да жоқ, жұртқа жөпді акыл, басшылық та жоқ. Тек әйтеүір алдында дала, үстіңде аспан. Баар жерің Қаратая, одан әрі аудан. Бәрің де жапа-тармагай тарта бер дегенинен басқа айтқаның бар ма?

— Енді қайтем, басқа не айтам! Мұндаидай сүмдик күн болады деп, март ортасында Арктиканың аязы болады деп, Арқаның қалың қары болады деп кім ойлаған?..

— Бәссе ойламағасың. Қынышылық келген күні ман-

дайың тасқа тиіп отырған сәттің өзінде алдағыны ойлау былай тұрсын, бүгіннің өзін ойлан отырған жоқсыц. Недедің? Құр стихияны атап әркім бет-бетіңмен тырым-тырақтай тарта бер дедің. Осы да ой ма? Басшылық па?

— Қаратаяға жетіп ілінбей көз ашылмайды. Енді не де болса, кім де болса солай қарап тарта берсін дегениен басқа амал да, акыл да жоқ.

— Не айтып отырсың? — деп Жарасов ашуланды да, қолындағы қарындашты столға періп қалды. — Қаратаяға дейін 80 шақырым жер бар. Өзі буаз, өзі аш, түн баласында аяз астында пана жоқ, бар отар қаптай жүргенде қырылғашан басқа не қалды? Өзің қалай жоспарлагансың? Қазір мына осы жерден Қаратаяға шейін неше күнде жеткізбек болғансың малды?

— Алты күнде жетеді деймін.

— Күніне 15 километр журмексің бе?

— Ия, түсте бір тынықтырып ап, не болса да жіті жүргізіп жететінің жеткізіп алмасақ, бар малды түгел осы арада жусатып қырып береміз бе?

Алтаевтың мына соңғы сөзі Болысбасев, Досбаев екеүін де ыршытып түсірғендей болды.

— Не деп отырсың? Қаздың жылы күнінде қой 15 километр журуші ме еді? Мына қарда не деген сөз бұл! — деген Болысбаевты Досбаев құптай жөнеліп:

— Атама, 15 километр дегенің не түк білмегенің, не түк ойламаганың! Сүмдыш қой, Алтаев, мына сөзің! — дей берді.

Жақаинов, Қызаевтар да бір-бір ауыз ызалы қыжыл сөздер айтты. «Сандырақ», «жауапсыздық», «түк білмейтіндік!» — десіп түйіле түсіп бүрк-бүрк етіскең-ді.

Мал дағдарысының үстіне осылай адам басының да әмалсыздық қамауында ауыр дағдарысқа түскен аңғары айқын болды. Жарасов пеп Есентаев өзара ақырын күбірлесіп сөйлесіп қысқа ғана бір байлауға қатар бас изесті. Содан кейін Жарасов: «Жол тапқан, алдағыны дұрыстап түйген сөз естімедік! Мынау ауа райының жаман құбылысы сендердің бәрінді де есептірткен екен. Енді шопандармен сөйлескениен басқа шара жоқ. Таңертең соларды жиып ап ақылдақшашан басқа байлау жоқ!» — деп тұра берді.

Жүрт тараї бастағанда Алтаевқа соңғы тастанған бір байлауы бар еді.

— Сені құмды біледі-біледі деуші ек, Завотгон ет-

кенде сонымен етіп ек. Құмнан кетіп ең, берекең де кетіп-ті фой. Отгонды ұйыстыра алмады деген осы. Әкесі өлгенді де естіртеді,— деді. Алтаевтың сөзін тыңдамай сырт айналып кетті.

«Шеген» совхозының адамы Жақанов жаңағы сөздерге пікір қосқан жоқ-ты. Оның өз ішінде тысқа шығармаған бір есебі қалды. Онысы кеше келген 12 машина бума шөп. Қазір сонысын ойлай отырып Жарасовқа жана са берді де байлау емес, жайғана бір ойлау есебінде жүре сөйледі.

— Менің жалғыз аңдағаным: табылған азыққа жемге сүйеніп барды салып қойды бөгелместен, күн-түн демей қоздар уақыт басталғанша Қаратай ішіне жеткізіп алу керек! Жеткізіп алу керек!— деп екі қайырып айтып ете берді.

Жарасов Қаратаудың етегі арман екенін өзі де біледі. Жаңағы сөзді сол көптің көкейіндегі бір жайды қайталағаны шығар деді де, жауап қайырган жоқ. Ал Жақанов жаңағы завотгонның жоспарсыз дағдарыстағы бытыранды ой-жайын таныған соң, енді не де болса өз қарамағындағы, өз басының міндетіндегі «Шеген» совхозының отарларына өз бетімен бөлек шара жасауга оцаша бекініп алған еді. Нақты не істейтін ашпады, дәлден айтпады. Бірақ жаңағыданай, Жарасовқа естірте жана салай сөйлеп кеткен сөзін өзінің келер күндегі ісіне «айтқамын» демек үшін өткел етуге байлан кетті.

Таңтертец шопандарды шақырып ақылласатын болған Жарасовтар жаңағы қызметкерлерді бүгін түнде Айгениге қондырды. Жарасов, Есентаев, Ержанов үшеуі оцаша қалғанда Есентаев өз байқағанын енді қорытты:

— Мысалар күн рaiынаи қорқу үстіне, шопандарға сүйеу болар сенімнен де айрылып қалған сияқты. Тіпті шарасыздықтан өзге ойлаған ойлары да жоқ қой!— деді.

Райком бюро мүшесінің бірі Ержанов қазір бұл үшеуі оцаша сөйлесетін шақта ақыл табу, байлау айту осы өздерінен шықпаса жаңағы адамдардан шықпайтынды аңдалап еді. Бұлар құмнан кетіп, жылдағы әдет бойынша қой қоздағанша жіті жүріп, зырқырап отырып Қаратаяuga ілінешіз деген, оған ілінсе қойға, қозыға жылды жай бар!— деген оймен көшкен фой.

Енді Қарабастың құтырған желі қарсыз болғанының өзінде ішінде төлі бар малды жөндеп жылжытпас еді. Ал мынадай сүмдық қар түсіп, онан да сүмдық аязды

боран қақап түрған соң ес шығып, бас қаңғып қалған фой. Тегі қайрат малдың ортасындағы шопандардың өзінде болғандай. Осындайда ақыл табатын да солар. Не де болса солардың өзімен отырып байласайық!— деген сөзді ол жұдырығын түйе, оц қолын сілкіте Жарасовқа ак, қарасы ашық ұлкен, қоңыр көздерін сенідре қадап, салмақты айтты. Жарасов та ендігі сенетіні шопандар екенін ойлады да кеше күші бойы өзі көріп өткен он отардың көп есті, сабырлы, төзімді Бәйтендей шопандарын сеніне алды.

— Болды. Барды шопаниның ақылына саламыз да, байлаудың берін, соларға жаңағыларды қосып, ортаға алып отырып шешеміз!— деді.

Шопандармен әңгіме онша ұзаққа созылған жок. Кешегі қындық жайындағы сөздер мүнда және де айтылмай қойғай жок. «Алға» колхозының өкілі Болысбаев көние болған дағдарысты шопандарға сездіре отырып: «Жұттың қаупі күшейіп кетті. Бір қойды мың қой еткен, мың қойды бір қой еткен Карабастың құдай атқан желі енді жай жел емес, ак боран, ақырган аязға айналып түр. Тағы да мал өлтіреміз бе, деген қауіп-қатерге ғліндік. Осындай жылдарда, нақ осындай күндерде бұрынғы шақта не істелуші еді. Мына қартан шопандар сондагы тәжірибелі айтса!»— деді.

Жарасов бұл сөзді қостап:

— Бәссе, мүнда көп заманин бері осы өңірде мал өсірген мынау Қосай ақсақал, Жақсымбет, анау «Қызыл-әскерден» Даукен, «Алға» совхозынан Садық ақсақал отырысыздар. Дәл осындай шаққа, осындаі күйге құмнан қайтын кетіп, жол бойы бүгінгі қынышылыққа ұшырағандарыңыз бар ма, сонда қайтушы едіңіздер?

Алдымен жауап берген Жақсымбет болды. Шүнірек көзді, урты суалыңқыраған, сақал-мұрты аз, селдір ғана, сүйекті ұзын беті, жағы қайрат таптықан Жақсымбет Жарасовқа жалт қарап:

— Қайтушы ек?! Байдың малын айтсаң мүндайға тап болса қырылатын да қалатын!— деп кекете құліп қойды.

— Соны айтсайшы!— деп қарсы отырган аласа бойлы, дөңгелек депелі қартан шопан Даулетбек ишіфімен, тізесімен ыргала түсті.

— Оның көргенін итке берсін. Бай бір борандық де-

геп осы Карабастың желінен дәл осындай талшығы жоқ жерінен тұмай қайда туды дейсің.

Қазір «Шеген» совхозының картасы шопанды Қосай және көсе Садық «Алға» совхозының үлкен шопанды қатар үн катысты.

Қосайдың айтқапы:

— Байдың жолы өзімен, қырық жылдагы өз тәжірибеміз өзімен емес пе? — дегенде, Садық:

— Бай өз амал-айласын өздері істейтін. Біздің бәріміз бір тілектегі жүртпыш. Олар кейде бірінен бірі таласа тартып жеп, берекесіздікпен жұттайтын. Біз ақылмен, берекемен, есеппен іс етсек, бірігіп отырып жұтқа мал бермеуді өзімізше шешпейміз бе?

Жарасовқа бұл сөз қажыр-жігердің үні секілденді. Есентаев та кешегі қызметкерлер емес, бүгінгі шопандар іштерінде ақыл есеп ойлар жүтпел күресудің шарасын айтқалы келген сияқты. Сол ойыни Есентаев айтып та салды.

— Қүш, көмекті жап-жақтаң біз жеткізуге кіріссек. Мал басында сол көмекке сүйеніп ақыл мен қайратты сіздер тапсацыздар, береке деген соңда емес пе! Сөзді осылай сөйлескеніміз ақылдың алды болмас па? — деп қойды.

Жаңа алғаш шопандар қатарынан үн қаткан Қосай енді сол байлауға, дәл кеңеске ауысты.

— Бай шаруасына ит үқасын дестік қой жаңа. Өйткені бай малы мұндауда ешкімнен көмек алмайтын. Байдың өзімен қоса асманға қараң ұлтын да серейетін. Бізге міне анау облыстан сонау ауданын лек-лек машина кеп, олар толы инөп, жем кеп жатыр. Адамға азияк келеді. Бар керек көмек сендердің жолында, малдың алдынан шығады деп келіп отырсындар. Осында исиолком, райком, совхоздар директоры, колхоздар бастықтары аңдаудан алдымыздан шықтындар. Енді отырайық та есепке салын ақылмен іс етейік. Байға ит үсасын дегеніміз сол — олардың малы мұндаидай қам мен қамкорлықты қөріп білген бе еді. Өзгөні қой да тек енді ретиен кезектеп отырып Қаратаяға қарай малды діңкесін құртиай, аның жүріспен бүрліктырмай отар артынан отарды саспай, бүлінбей жүргізіп, маңыстырап отырны. Мал өлтірмей-ақ, жұтқа жаға жыртқызыбай-ақ мына Мырзабай даласынан шығып кетеміз! — деді.

Осыған бар шопандар түгел «жә» десті. Мұндаидай есеп-

ке калын малды көктемде, күзде таудан құмға, құмнаң тауға аударыстырып дағылаңған «Алға» совхозының көк көз, сарғыш жүзді, реци сұлу келген толықша денелі Жора енді нақтылы сөзге кірісті:

— Жолдас Жарасов, Есентаев! Осы екеуіңіз аудан басшы азаматысыздарға! Осы қазір тұра қолдарыңызға қағаз, қарындаш ал да жазуға кірсіндерші. Біздің шаруаларымызды құнбек-күн кімнің артынан кім жүретіній кезектен беріңіздер. Алдымызда, жол бойында Ұзак ауданының «Көнекент» совхозының он шақты қорасы бар. Осы жолымыздың бойында. Сол әр қорапа шөпті келтір де, жемді жеткізіп жи да қой. Бізге топырламай, бірің үстіңе бірің үйілмей алдыңғы бір отар түнеп өткен қорага артынан тез екіншің жетіп тынысып малыңды жемден, үйіктатып тынықтырып алып көшес бер, артқыға орын босата бер деде қой. Тек сол қораларға айтқан күннен бастап шөбінді, жемінді үзбей қатарымен жеткіз де отыр. Осы шопандардың бәрінің ойындағы тілегі осы. Аузындағы айттар ақылы да осы. Солай емес пе!— деп өз кісілеріне қараң еді.

- Құп, мақұл!
- Бәрекелді ақыл осы.
- Ойдағы сөз де осы.
- Аял жоқ, әрекеттің бәрі осы босын.
- Тек қана бөгей көрмеңдер!
- Койдың іші жетіліп қалды. Құи тақау.
- Төл тұа бастағаңда не де болса Қарататуға, аудан шетіне ілішп алайықшы!— деген сөздерді «Шегениен» Тәжібай, «Қазақстанпан» Жабағы, «Қызыләскерден» Шоңқа, Дәүлетбек, «Алғадан» Құмар, Мәдеш ақсақалды бурыл сақалды біришпе тәжірибелі, қайратты жүзді ага шопандар түгелімен үп қости да «е» десті. Осыдан кейін байлау болды. Енді жолда қаша кора құдық бар. Аралары қаша километр екенін ретпен жағалай сұрап отырып, Жарасов қағазға жазып отырды. Қоралар саны жеткілікті. Аралары оншалық алшақ та емес екен. Бар қыншишылық көп малға жатарлық, түн бораңда ық боларлық сол қоралар саны жеткіліксіз.

Есентаев пең Жарасовтың бар шопанға айтқан ендігі тиң хабары сол баспаңа жайы еді. Осыны әңгіме аяғында Жарасов жартылай білдіруге бекінді.

— Біз аудан мен облыстап және әсіреле миша өз жерінде отырган Ұзак ауданынан көмек күтіп отырмыз. Об-

лыс өз көмегін жіберуге кірісті. Ноянға жақын Арыс, Түркістан, Кентау бәрінен де мол-мол етіп палаткалар, жеткенінше киіз үйлер, азыққа, жемге қоса алдымыздан шықсын деп жатырмыз. Біз Қаратаяға жылжумен қатар алдымыздан сол айтқандарымыз келеді де, жаңағы әр қораның қасына киіз үй бол, палатка бол мол-молдан тігіле береді. Қойдың арығы, сұықтан үшікана болса, арамза қоздап қалатышы болса,— бұлардың бәріне де баспана табамыз. Әсіресе ең үлкен шарт жаңағы аталған шөп пеп азықтың мынау «Қөнекент» совхозы уәде қылған шөптің сол қораларға үзбей жетіп отыруында. Оны міндетімізге біз аламыз!— деді.

Мәжіліс аяғы осындаі дәл-дәл нақтылы берік байлауға сайғанда шопандар көңілденіп кетті. Жақсымбет спрек тістерін ақсита қарқылдаپ құліп алды да:

— Мінеки, Қоңыраттың қай байы осындаі елдік, тірек көмек көруші еді. Уә тіпті барлық облыс, Отан бізге көмекке осылай актарылып отырганда, тәңірі, Қарабастың ит боранын да ит қымаймыз ба!

Мұның құлкісін Жора, Садық сияқты жастау, орта жасты шопандар көңілді қостаса да Шонқа мен Тәжібай онша еліге күліскең жок. Шонқа өзінің құрбысы Жақсымбетке:

— Эй, бейпіл ауыз қу-ай. Әп-сәтте асын та, тасып та тәгіле бересің-ау өстіп. Тұра тұр асқақтамай. Тіл-ауызың тасқа босын. Осы сендейдің осындаі тәкаппар сөзінен көреміз!— деп еді, Жақсымбет әлі де батыл сеніммен көтеріле күле түсті.

— Да, сенемін, сенемін де серпемін. Елім-жүртүм актарыла барын экеп отырганда әлі де сенішे бүгежектеп, қорқақтап «тәубе-тәубе» деп жатайын ба Қарабастың желінің астында. Бермеіміз малды. Қарабас түгіл мыңбас болсын! Айналайын Жарасов, тек жаңағы айтқаныңды орында да, осы мына қорқак иттің аузына күм күйгизшы маған!— деді. Жарасов бұған сүйсіне қолын алып, нығынан қақты.

— Осындаі сеніміңе, батыл қайратыңа айрықша алғыс болсын, Жақсеке. Иық түспесін, жасымасын жау жүрек көңіл. Керек те, керек осы да. Біз жеңбейтін киындық бар ма еді. Солай демейміз бе, ақсақал ағалар!— деп Жарасов «бәрекелді, бәрекелді. Дегенің болсын!»—, деп құптаған қарт шопандар үндеріне қатты құлғен, сүйсінген құлкісін қости. Қешегі жиңи емес, бүгінгі

шопандар жиыны шопандардың өздеріне де әсірсек ауданинан келген бар азаматқа осындай күнде қажет болған асыл қайрат бергендегі еді.

Осы байлаумен шопандарды және әр шаруа бастықтарын таратып жіберді де Жарасов сол сағатта «Қөнекент» совхозына тартты. Есентаев, Ержанов екеуі ауданин бұл атыраңтагы көп машинадарын жинастырып, сегіз тракторды көмекке қамдады. Енді жолдағы кораларга осы машиналармен, тракторлармен түс-түстен шөп тасып отыруға бұл жақтағы ауданың басшылары мен бар шоферлері кірісетін болды.

Жарасов «Қөнекент» совхозына Баскентпен сәйлесіп алғып жөнелгегі. Рациямен обкомда осы жақтың шаруаларының қамында әдейі шүғылданып отырған Әлім Ерімбетовпен сәйлесті. Ол обкомнаң нұсқау Ұзақ ауданының бірінші секретары Есдәuletovке берілгенін айтқан. Жарасовтың өзіне Есдәuletов және де рациямен Ұзақ ауданы беретін шөп көмегін «Қөнекент» совхозынан оның директоры Әбді Есеновтеп алғынды айтқан болатын. Жарасов Әбдіні алғаш көргені осы еді. Директор Жарасовтың келуінен хабардар екен. Ол қонағын үйіне алғы келді... Совхоз орталығы тегі көбінше жаңадан салынған үйлер болатын. Катар салынған жеті-сегіз үзынша жалғыз қабат ак үйдің ортадағысы Әбдінің пәтері екен. Жылы коридормен бір-екі қалтарыстан соң оң жаққа бұрылғанда тәрделгі үлкен есікке кіргенде өзі жарық, жылы үқшыты белмесі көрді.

Әбді қонағын жас әйелімен таныстырыды. Коңырқай жүзді, көтеріңкі қырлы мұрынды, ұзын қолаң шашты, үлкен қара көзді, сәл кішілеу аузының сүйкімді еріндері, онтек қана қалыңдау келген аса көрікті жап-жас әйсл — аты Құндыз еді. Жарасовпен жұмысқа, женіл қолын сәниси үсінін, ақырын сыйырлай, сипайы амандасты.

Жарасовтың сәл таңырқауы бар еді. Өзі де, әйслі де қалаша торбие алған жас өнерлі адамдар тәрізденсе де, мынау үлкен белмеде стол, орындықтар жок. Жерге киіз, кілем жайылған. Төрде көрле. Аласа дәңгелек стол бар екен. Тегі бұл үй Есеновтардың қонақ қабылдайтын, ас ішетін болмесі тәрізді.

Ауданинан, көрші совхоздардан Жарасов сияқты жол жүріп келген жолаушы қонақты талай қабылдауға дағылданған Құндыз Әбдіге айтқызбай-ақ ауыз үйге шықты. Онда самауыр, шай әзірлемек тәрізденіді.

Жүріп бара жатқап сыртынан қарағанда да орта бойы, сымбатты сұлу біткен жауырыны, белі бар мүсіні пішініне сай ұзын шаштары ұнамды тоқыма кофтаның етегінен асып түскен қалпын осындай ұқылты, жаразтықты тік біткен әсем бойдың әсерлі жаразтығы еді.

Жердегі кілем, қызыл-жасыл терезе шілтері таза. Дәңгелек стол үстінде қызғылты мол көкшіл шашақты дастарқан. Барқыт көрпелер, жаңағы жас үй несі — бәрі де Жарасовқа тыныш, жайлы бейікамдықты аңдатады. Суықта, қын жолдарда, таусылмас ұзақ қарлы дала-ларда, жылуы жоқ киіз үйлерде, базалардың аласа, қоңырқай кішкене терезелі ескі саман үйлерінде соңғы бірнеше күндерін өткізіп жүрген Жарасовқа мынау үйрақат бір ұядай сезіледі. Өзінін де аудан басыпдағы еңбек жайын, үй іші мекепін, тыныш жайлы тоқ күйлі бейбіт күн тіршілігін еске түсіреді.

Аяқтагы қалошпен киген үлкен қара пима, қолдағы қолғап, үстегі, бұттағы сырма спецовка Жарасовты жаразтықты қонақ етіп тұрған жоқ. Өзінің онсыз да қарасұр жүзі қазір желге, аязға көп төсөліп қарақожалак бол кеткен. Соңғы күндер ол сақал-мұртын да қырған жоқ. Бас кімін алғанда қарасұрлау шашы сербніп, үй-паланың, жартылай шұбатылып самайына, көзіне түсіп өзін өзі мынау жылы жайда келеңсіз кескінде сезінді. Бірақ бұл күйде оның көnlі ұзақ тұрған жоқ. Келген шаруасына ауысты. Ұзын бойлы, кең пықты, басы, беті қесек келген ақшыл-қызғылт жүзді Әбді келбетті бітімді жас еді. Оның беті, бойы мол пішілген, ірі бітімді бола тұрса да өзі әлі жап-жас. Даладағы жүрісте мұрны, бет ұшы қызғылт-қоңыр тартса да оның маңдайы, құлак, мойны, иек асты, тамағы әраулы, қымтаулы жүретін жерлері күн шалмағандай ажарлы ақшыл тазалық таңытады. Мұның жүзіне қарай отырып Құндызды еске алады. Құндызга қарап көруші мұны да еске алады. Іштей кім де болса екеуі бір-біріне сай келген, көрікті, сүйікті жастар екен дегізгендей.

Сөйлеген сөзінде де Әбді Жарасовқа оңай ұғысатын достықпен жағымды келді.

— Есдәулстов хабарлады. Кеше Баекенттен жолdas Ерімбетов өзі де хабарлаған еді. Обкомының бюросының тапсыруы, жолdas Қарповтың да қатты бейіл аударып, күн сайын, сағат сайын қауіп етіп сұрап отырганы осы сіздердің қойларыңыз. Ноян ауданының отарлары! —

деген еді.— Мен өзіміздің шопандардан және де естіген едім: құмнан бері шығып қапсыздар. Өз аудандарыңыз жырақта. Жүріп өтетін жолдарыңыз біздің совхоздың үсті екен. Сонымен сізге осы біздің үстімізден 70—80 кілометр бойына бар отарыңыз өтіп болғанша біз шөп беріп, кора-жай беріп тұруымыз керек екен. Енді нақты сойлессейік. Қаша тоинадан шөп керек қыласыз?

— Шөлтепе біздің сұрайтынымыз 150 тонна.

— Таситын көлік кімдікі?

— Жиырма машина, жеті-сегіз трактор өзімізде бар. Қөліктен сізді қинамайық. Тек кораларыңыз жеткілікті болмай ма деймін. Облыстан палаткалар сұрадық. Сіздерден, осы ауданинан қой қоздай бастаса лыпа болар деп ең болмаса қозылар үшін әр кораның басында 10-нан киіз үй болса!

— 5 те, 10-да көп. Ондай киіз бізде жоқ қой. Есдәулетов өзге совхоздардан әпермесе. Дәл бұл жерінізге уәде бере алмаймын.

— Ал енді кораларыңызды атаңызышы?

— Өз малымыз да құмнан шығып келе жатыр. Қорапы жартылай болмаса әрине сіздерге түгелдей бере алмайтынымызды түсінесіз ғой.

— Түсінейін. Бірақ біз жылдам өтіп кетсек кораларыңыз өздерінізге тез қайтады ғой. Бізге молырақ берініз.

Осы кездес Әбді совхоз жерінің картасын әкеліп, дәңгелек стол үстіне жайды да қатарға блокнот пен карындашын алғып отырып, құмнан Қаратаяға дейінгі Мырзабай даласын, Бабата үстін — Шашты Әзіз үстін алғы жатқан өлкені қарындашымен дәңгелете сыза бір нұсқаң өтті. Сонаң соң блокнотын Жарасовтың алдына тақай отырып жолдағы кораларды шетінен атап қағазға түсіре берді. Кей коралар арасы 5 шақырым. Ол Жарасовқа жағады. Кейбіреуінің арасы 10—12 шақырымға дейін барады. Бұл тұста Жарасов бас шайқайды. Сөйті түсіп ол да өз блокнотына қоралардың бәрін атап жазып алды. Енді шөпті әр қораға Жарасов өзінің 20 машинасымен Әбді атаған 15—20 шақырым жерлердегі 3 базадан, «Көнекент» совхозының шөп базасынан тасытып тұратын болды. З базадан 50 тоинадан Жарасовқа шөп беруге Әбді бүйіркүй жазып берді. Оның біреуінде бөлім бастығы Керімбек Жанаев, екіншісінде соның інісі Асылбек Жанаев бастық екен. Әбдімен жұмысын бітірген соң,

Құндызың әкеп жасаған самауырдың шайын Жарасов асықпай отырып қапғанша ішті. Құндызың кейде күйеуі айтқан сөзге қайтарған жауабы ақырын күлкі аралас, күлкісі сылдырай әдемі үшмен естіледі.

— Тоңып келген жолаушы досты тек шаймен ғана жөнелткелі отырсың ба? — дегенде, Құндызың аз қысылып, қоңыр жүзіне көркем қызығылт қаш жүгірді. Сыпайы күлді де күйеуіне, айнала қарап қонаққа да көз тастады.

— Неге жалғыз ғана шай дейсіз? Ыстық ас та әзірле-тіп жатырмыз. Сұрамай-ақ қонаққа бізді сараң деп көрсетпек пе едіңіз? — деді.

Жарасов сары майды баса жаққан майлар бауырсақты, шелспекті кезектей асай отырып, қарбытын қалған еді. Ол қалжында:

— Ыстық ас тағы бір келгеп кезегімді тосып қалсыни. Әзір асығыстан алғыс айтамын да осы шайға мейлінше қанағат қылам. Тез жүрем! — деді.

Ауыз үйге бұлар шыққанда ас-үйден тамакташып алған ұзын бойлы, қызығылт жігіт шофер Жағыпар да киңе шыққан еді. Кеш бата бергенде Жарасов асығып қайта тартты. Базага келе бере Есентаев, Ержанов үшеуі сол кеште бар қойлардың отарларын кезектеп көшірудің, ілгері қарай жылжытудың жоспарын жасап, кешегі шопандар мен шаруа бастықтарының бәрлеріне сол түнде нұсқауларды жөнелтіп жеткізіп салды. Осы күні, күндіз марттың 14 күні күн жылы болып қар ери бастаған еді. Сол сәтте қардың қалындығы 10—15 сантиметр төмеп-дегенін Есентаев пен Ержанов күндіз мал аралаганда байқап келген екен.

Үміт күдікті жеце түскендей Есентаев мал арасында жүріп аңдап алған тәжірибесін Жарасовқа білдірді де:

— Қар төмен түсүмен бірге жусан ашылып қалыпты. Жер-жерде мал өз аузымен де талшық табуға айналынты. Бүгін, кеше осы арадан кеткен шопандардың көбінің қабагы күн рабымен бірге ашылып үміттеніп қапты! — деді.

Ертеңінде Жарасовтардың хабарын алған колхоздар, совхоздар ілгері қарай жылжып, көшуге кірісті. Шынында бұл күн де күн жылы. Жолда қой баласы оқта-тексте жылжи отырып талшық ететін Мырзабай даласының жусаны, еркегі, кей тұстың көкпегі қылтанактап болса да қар астынан көрініп отырды. Атаған алғашқы қорап-

ларға алдыңғы отарлар кешікесі барып ілінген еді. Бірақ осы түнде тағы да күн бұзылып, қатты аяз какаи кетті. Бұл өңір бұл шакта көріп білмеген 37 градус аяз болды. Өлі тек бір тәуірі қар жауған жок. Бірақ түн ішінде Жарасовқа жайсыз хабар жетті. Әбді уәде күлгап бергі жақын тұстагы екі базада шеп болмай шылғынты. Оңдагы Керімбек пен Асылбек бұдан барған машина, көліктеді шөп бермей бос қайрынты. Жакын жерде болмайды, ар жағындағы тағы 20 километр жердегі аныс базаларға сілтей, мына көліктөр бара алмай қайтынты. Түн болса ақырын тұрган аяз. Жем дегенді кой шөнеіз күргектай жемейді. Қүндіз өзі жүріп арын, жүдеп келген, талын келген қой жемге аузы ілінбей, енді ілгері жүруге анықкан, бүрлышқан күйде жарай алмайды. Әрі коралдар жеткіліксіз. Койдың көбі көптең-көп отарлары бул түнде далада жататын болды.

Жарасов пен Есентаяевқа осы хабар жеткенде жамбастьарына мұз батқандай ыршып тұрысты. Анат басталатын сияқты. Енді мал өлімі араласуы оп-оцай. Ұмтылу керек. Тынымсыз жігер, қайрат керек. Шоферлердің бәріне өздері жүріп, торт сағаттан үйіктап алғын, машинаны сайлан, тегіс жүру кезегі бар екенін айттысты. Осымен ертең таиды тоспастан алакөлеңкеде шала үйкы мен шала тынығудың бойідағы мең-зенін, ауыртиналығын сілке тастап, бар машинаны бастап, алыста аталған шөп базаларына қарай Жарасовтар асыға тартып берді.

Бүгін шөп іздел шыққан үлкен колониіншің жиырма шакты жүк машинасы, алты тракторы бар. Солардың алдында уш вездеходка Жарасов, Есентас, Ержанов үш бөліш мінін, қастарына екі-екіден жерді, жолды біlestіп базашың қызыметкерлерін алды. Жол бойында «Қызыләскер» колхозының екі стары кездесті. Мұнда жақындағы шопандар кеңесінде болған Шоцқа, Даuletбек Жарасовты таңып, койдың ажарын көрсетісті. Жарасовтар өздері де байқады. Бар койдың бүйірі солынды. Ишіз койлардың жопы қырау, бауыры жарапу. Оның да аса мемши түсті биязы жүнді қойлардың қыбырламай, тығыз мелиниң тұрган бастарын төмен салған күйлөрі барлық шаруашын жүден, төмен түскен қабагындей. Қыбырсыз койлардың жалғыз тірлік белгісі сирек қатылған боз кірік арасындағы магинасыз, үмітсіз, шарасындық пен сүзіле қараған сарғыш, бозғыл көздерінде. Бар тірлік тек сол бозарған мұләйім көздерде. Алдарына әр

жерге жалдан тәккен ариа, жмых. Бұл қойлар жесе олтірмейған емес, тоғайтатын да, күйлептіретін де азық болар еді. Амал не, шөпке қосып бермесе жемейді. Азықтың қымбаты осы болғанмен ауданшан бері қарайғы бар шаруашылық басыны орындары мүндай жемді әр жерге жеткізіп-ақ жүр. Бірақ кемде-кем шөп, шөпсіз бұл же-лінбейтін болған соң шопандардың зығыры да қайнайды, амалы да құриды. Қойының жүдеу бүріскең күйін, өзінің жүдеу қабағына, сүрланған жүзінен айқын байқатқан Шоңқа Жарасовпен бірге қой ішін аралап ишкты да: «Тілеуі құргыр не қылған мал екенін, жанынды ап қала-тын осы, осыны кеміріп өлсекші!», — деп тұрып кейбірінің тұмсығына піскетіп, аузына да тыратын. Пысқырынып сілкеді де тастайды. «Шөп бермесең, жемеймің» деп тұр мінекей. Тұңде баспана жоқ, ішіне түскен ас жоқ. Хал жаман бол тұр, шырағым Жарасов. Тек жолың болсын, тез ғана, тез ғана жеткіз. Шебінді ғана жеткізе гөр!»— деген тілекті қатты қысылып, қинаған уимен жеткізді.

Дәүлетбек Есентаевқа да өз отарын көрсетіп, ішіпара пашар тоқтылардың бүгін түнде алтауы өліп шыққанын айтып берді.

— Есіл мал, алты ай жаз, алты ай қыс аялап баққан еңбектің соры ма неқысып. Тез көмекпен келмессендер оп-опай шашылып, төгілгелі тұр. Қойда күй болмаған соң, өзімде де үйкі жоқ. Жаман тәсегім түн бойы қасқырдың сұзық ішіндей бір жылымай да қойды. Жұз аунап, қырық құбылдым. Мынау аяз қойды ғана қинап тұрған жоқ. Остіп міне өзімізді де арқадан бүріп бүрсендетіп тұр. Қол-дарыциаң келсе, құдай тілеуің берсін, осы бүгін оралың-дар. Қомектерінді осы арадан тосамыз. Мынау бұралған күйде аузы шөпке іліпбей тұрып, мына малды ілгері ай-дағанды қоямыз. Қыбыр етіп жылжымаймыз мүлдем!— деген еді.

Есентаев бұл сөзді Жарасовқа айтып келіп шопандармен осы арада атусті сөз байласты. Отарды ілгері көшірмей, азық көмегін осы арадан тосып алууды мақұл көрісті. Жол бойында осылай кездескен «Қазакстаниң» аға шопандары Жабагы мен Қақсымбетке де, «Алға» көлхозының шопандары Құмар мен Мәдешке де осы байлауды айта отырып, көп машиналы көліктөр Мырзабай даласына Алатауга қарай, көсліле созылған Ақтау-дың қатпарлы сілемдеріне қарай жол тартқан.

Осы барған бетте шөпті бар машинаға тиеп алыш асы-

ғыс қайта қайтқанда түс ауған кез еді. Бұл 15-ші март күні болатын. Алда келе жатқан үш вездеход арттағы жүк машиналарынан ұзаққырап кетіп еді. Енді дәл түс, кезінде бұзыла бастаған күн рыйы қазір оп-оцай құтыра, сокқан алай-түлей дауылға айналды. Қар аспанин жауған емес, құйыла төгілгендей. Жарты-ақ сағаттың шамасында аяз да қатайып кетті. Жер-көк көрінбей, айнала дүние ыскыра үскіріп сокқан сұрапыл ақ дауыл болды да айнала үйіре үйткі төгілген ұсак қырынық құмдай. Қар жерге қалың түсіп, нығыз түсіп күн өзгеше бір сұмдық апат қүйге айналды. Үш машина бірінін ізін бірі зорға ғана көретіндей. Жол қайда, барап бет қайды, ацтару қыны. Сәл уақытқа ғана тоқтасып үш машина адамының байлласқаны ұдайы машина сигналдарымен үн берісіп, бірінен бірі үзілмеу. Бірак барған сайын жол жоғалып, қар қалыңдал, жүріс ауырлаш кетті. Қайта қайта тоқтап жүрген жүріс өндімегі. Артта шөп тиеген кеп машина сигналсыз, белгісіз қарасы үзіліп ол қалды. Осылай етіп тағы бір километрдей жол жүргенде алдыңғы машина қалың қарға опқа түсті де жылжи алмай тұрғып қалды. Оның ізімен клем деген машиналар және де кеудесінен тірелді де тұрып-тұрып қалысты. Үш машинаадағы шоферден басқа Ержанов, Есентаев, Жарасовқа қосылып және ауданның базасындағы жол көрсете шықкан Малдыбай, Жұматай дейтіп базаның қызметкерлері қосылды да осы бес адам енді жаяу, алдагы елді іздеп ақ борап ішіне әлек жүріске, жаяу жүріске бекінді. Шоферлерге бір машина ішіне жиылып қымтанаң отыратын ауыр киімдерді қалдырып, азықтарды да сол алдыңғы Жарасов машинасына әкеліп жиып беріп, бес кісі жаяу, Жарасовтар шоферлермен қоштасты да жүріп кетті.

Осы жолда жақын жерде бұрын колхоз болған, қазір «Кенекент» совхозының бөлімі, бұрынғы Жданов атындағы колхоз болатын. Қазір Жұматай мес Малдыбайдың болжауынша бұлар Бүркіттіңің жонында тұр. Бұдан әрі күн ашық болмаса мынау боранда жол сіліске ауысқаңда қия бетпен, жартасты жағалармен жүретіп болар еді. Айнала көрінбейтін болжаусыз, мынау ақ түтек ішінде машиналардың ілгері қозғалуы да қатер. Оның үстінен аспанды қаптап алған қарлы дүлей қалыңдығынан ба, күн сөулесі де қүңгірттеп кетті. Кеш батын қалған болу керек. Мұндай ақ боран аласүрған қарлы дауыл шағын-

да қалың ұсақ қар қамауында адам тегінде күндіздің түнгі айналған шағын айыра алмайтын кез болады. Қазір машинадан бөлініп ілгері жүрген шақта бес жаяуға мезгілдің кесіні, түн екені танылмайтында бола берді. Қозғалу казірде де жаяу күйдің өзінде де сошалық қыны. Қатты боран тегінде бетті қалай бұрсан да алдыңдан ақыра қарсылай ық бермей, ырық бермей ұршыл тұратыны бар. Жүргінші бесеуі бәрінің алдындағы Жұматайға ілесе жүргенде жиі-жиі сырт айналып, қырыңдай қозғалып, бас пен бетті төмен тұқыртып, аязды үскіркітеп ықтай жүргісі келеді. Жаяулаған соң кейде денесің тоқғаны білінбей, бірак бет, мұрын, иек қайта-қайта қатаңдал, мұздап шыдатпай шымшиң береді. Соны укалаған қолдар да жалаңаш күйде ілездे тоңады. Саусактар ұны шашып, күйгендей бол шыдатпай, қол сырты агаشتай мұздай береді.

Осындаи әлскепен зорға алыса баяу жылжыған жаяулар өте көп тынымсыз жүріске түсті. Бір сәтте қар алмаған қара үскірік жел бұл тұстагы қарды жалап-жұлып әкетіп тұрган бір мұрыншақ қара тастың тұсына барлық топ жеткенде Жұматай алда тұр еді. Осы арада ол өзінің мына топты тек желге ғана сеніп, сүйеніп бастап келе жатқанын аңдатты. Және жер топшысын дұрыс болжап келеді екен.

— Мынау Құсмұрының қара жартасы гой. Бетіміз тұра екен. Енді Жданов атындағы колхозға дейіп үш километрдей жол қалды! — деді.

Бұлар сошаш ұзақ жүрген болатын. Машинадан осы жер қаша деп Жарасов сұрап еді.

— Ол да үш километр. Мұндайда жүріс өнді ме? — деген Жұматайдың хабарын естігенде Жарасов сошаш түциліп:

— Не дейсің? Барлығы үш-ақ километр ме? — деп сағатына қарады. Есентасев екеуі бастарын түйістіріп тұрып, сіреке жағып, сағатты қарағанда: «Қазір тогыз болған екен. Машинадан кестерде сағат бесс еді. Төрт сағат жүргенде омбылад, жолсызбен баяулан шұбыра жүрген топ үш-ақ шақырым ғана жол жүріпті. Енді алда тағы үш шақырымдай жер бар. Шаршаған, тоңған, әл бітіп қиналған ауыр жайдың бәрін ауызға алғанин не пайдада?» Жарасов Отан согысында 1942 жылдан 1945 жылдың август айына дейін бар соғысты басынан атқарып өткен шынығудың өткелі бар еді. Сонының темекісін

тарта тұра осы аз толас үстінде еске түсірді де сілкіне ширығын, қажырланып алды. Есентаевқа:

— Бұз пепі көрмеген бас. Бізді Отан соғысы мұндаидан жасқапатып етіп тәрбиселеген жоқ. Төзімнен бас¹¹³ қа шара жоқ. Білесің ғой!— деп қалды. Есентаев та Отан соғысында көп айлар кешірген жазды қүнгі батпак көлде, қысты қүнгі үскірік қатты аязды жолдар мен күндер, түндөрді кешірген шыныққан денесі бар күжірлеу жоны ұзын бойлы, күшті арқасы талай ауырталыкты қөтеріп үйренген командир болатын. Таңкіде соғыстың көп кезін кешірген Жарасов от пеп суды кезек кешіп өткен шылдамын өзге жолдастарына да жақсы аңғартты.

— Жұматай жолдан адаспасын! Біздің аяқтар кері баспасын! Тарт енді. Жетпей қоймаймыз «Ждановка!»— деп тұрғанда тоқазы бастаған бойын сәл бірнеше рет се-кіртіп ширатып алды да Жұматайды жонышан тұртіп: «Бас, тарта бер, енді тек жітірек жүр» деді. Осымен жеті сағат жол жүргенің соңында алты-ак километр карлы боранды қамал кешіуді кезіп өткен бес жолаушы Жданов атындағы колхозға жеткен еді.

Жұматайдың билетінің осындагы завмагтың үйі еді. Элі жатып болмаған үй іші, аязды кімдер үй ішіне бу атып, даланың, түшінің сүйк аязымен бірге кірген, өндөрі қашқан, түстері сүйк, бес жолаушыны әуелде әлдекәндай сүйк жүріспен келген, инеті жаман топташ көріп қалып еді. Қазақша кемзал-бешпет, үстінде ақ шәлі тартқан, аласа бойлы, ашаң жүзді, орта жастағы үй иесі әйел:

— Ойбай-ау, мыналар кімдер еді? Не қылған адамдар өздері,— дей бергенде биік төсекте демалып жаткан мұртты, шоқша сақалды қызылт сары завмаг Бейсен: «Ақырын, жә! Бөтен кісілер емес!— деп орнына көтерілे беріп:— Э, Жұматайдың, Жұматай!»— деп өзінің жерлесін алдымен таныды.

Бұл үй үлкен самауырды тез қайнатып әкеліп қою шайды қонақтарға ұзақ ішкізді. Бірнеше кесені жылдамдатып ішіп алған соң ғана Жарасовтың тілі шыққандай еді.

— Ойпыр-ау, бағанадан сөйлеуге, тіпті қозғалуға мүрші болмай қапты-ау. Енді ғана аузыма сөз келе бастағаның қайтерсіз, Есентаев, сен тіліңді жібіттің бе? Ержанов, сенің де тілің қатып қалған жоқ па?— деп спіді-енді жылыша бастаған жолдастарын, үй ішін жадыратып күлдіре түсті.

Осы колхоздан завмагты жіберіп, бір топ адамды азықиен әлді аттарға мінгізіп, беріде, арыда қалған машиналарға жөнелткенше бұлар тыным алған жок. Ертеңіде Жарасов салт атқа мініп «Көнекентке» тартты. Ауданга, облысқа ендігі халдың қыныдың шыныдың айтып сөйлесіп еді. Шапқылан отырып асыға келсе де «Көнекент» орталығының рациямен сөйлесетін уакыты өтіп кетіпті. Ертеңге шейін тосуга аял жок. Сол сағатта асықкан бойда түнделетіп отырып ендігі жақын жер Сарбастагы ауданың штабына кетті. Қеле облыспен жалғасқанда обкомда отырган Жайлышбеков Алмасбекиен сөйлескен еді. Мұндағы бар қыниншылықты жасырмай айтты да, ендігі күтстін көмек палаткалар мен шөпті мол табудың, соны таситын машинналардың трактор мен бензовоздың көп керек болатынын айтты.

— Күн бораң, жол жамаң, қар қалың. Мал жүдеу. Енді отарлар осы отырган жерлерінен ішегі жылжу қатер. Алдымызды 20-март. Ал 20—25-нен қауырт окот басталады. Қоздауға жараган қой сиді төгіп жіберуге тақау. Сол қойдың қалған күнін титықтату мүмкін емес. Қозыға, әлсіреген қойға қора жеткіліксіз. Жалғыз пана сол палатка, палатка!— деген.

Алмасбек жай салмақты үймен мұндағы бар күнді обкомның тегіс біліп отырганын, қам етіп жатқанын айтты да жақын күнде Әлім Ерімбетов қастарыца жетеді. Жүз тоңша жем, сол жақтағы бар базадан шөп қамтамасыз етіледі. Әлім мұнда облыстың барлығынан палаткалар жинап, осы қамдарды әзірлеп сіздің екі ауданың көмегіне бола аттанды. Сол жеткениң бар қам-қарекетті істеп, мал өлтірмесуге бескініп бағындар!— деген еді.

Обком секретары аузынан естігеп нақтылы деректі көмек жөнін және көңілге сүйеніш боларлық ақыл, демесу, тапсырма — бәрі де Жарасовқа іштегі тірек ныгая түскендей жұбаныш берді. Бірақ сиді бұл жердегі жайды Айгенеге келіп жақадан Есентасев, Ержанов үшінен бас қосқанда аса жайысыз бір күй алдынан шыға келді. Осыдан үш күн бүрін «Шеген» совхозының директоры Жаканов әнеугі үшірасуларда байлаған сөздердің, шаралардың бәрінен болек ойда жок ерсі әрекет жасапты.

Жақында он екі машинамен сол совхоздың машина аудандағы базалары жіберген буулы шөп келіп еді. Оның үстінен осыдан төрт-бес күн бүрін жылымық болын қар жұқара түсті. Осы күйлерге сеніп, ол бар Ноап ауданы-

ның малына ариалған шопандар кеңесінің байлауын қағып тастапты да, өз совхозы бойынша елден бөлек өзінші есепті ойлапты. Өз бөлімдеріндегі аға шопандарга бүйрек берген де төрт күннің ішінде Қаратаяға жетіп алуды шарт қып қойған. Шопандар алаңдамасын, үйлер көшіп-конып, үй іштері мазаланбасын. Сондыктан өрескел сорапы байлау басына келген де бүйрек берген. Шамасы он бес отардың бар шопандарының киіз үйлерін, бала-шагаларын, шөп алып келген он екі машинага бір-ак сағатта салғызыған да Қаратаяға қарай жөнелтіп жіберген. Шопандарға әр отардың алдында шанаға тиеслгей пішен жүріп отырады. Қойларды сонымен жіті жүргізіп күндіз-түн демей асыға жылжи беру керек, деген. Өз есебі бойынша үйлері ілгері кеткен соң шопандар асқа, отынга, түн баласында, кейде күндіз үйде қонақтап жатуға айналмайды, аялдамайды. Азықтарын коржындарына мықты етіп салып беріп, төрт-бес күнге шопандарды малынан үзбеу керек.

Осылай болса әр отар үрдіс жүреді. Күп жылышып қалды. Қар жұқара малдың жүрісі жеңілдеді. Енді күп санаң тәуір бола беруі мүмкін. Прогноз деген былиныл, ол адаса береді. Бұл жактың ауа райын қасымызда отырып, өлишеп отырған метеостанция жок. Жылда бұл кезде қар кетіп қалатын. Бұл өңірдің әдеті күн райы түзеліп, жыл келе бастаса қар екі-үш-ак күнде ағыл-тегіл кетеді де біtedі. Қайта осындай жұқарып келе жатқан қарды сусын стіп отырып, мал қоздайтын уақытына дейін жайлар мекеніне жақындал, Қаратадың ығына, етегіне барып ілініп калады, деген. Осы есепті өзінің завотгоны анау он екі машинамен пішен жеткізген, Нау дейтіп шаруа адамымен ақылдасып, Жақапов жүрттан бөлек оқшау байлау жасайды.

Жарасовтарға мұны айтпайды. Әнеугі шаруалар бастықтарының Жарасовтармен алғаш кездескен сағатында бұл осы жоспарын сездірген болатын. Өзі ішінде бір есептен Жарасовқа сонда анғартқаным бар дейді. Екінші барлық аудан малы шұбала қаптай жүргендеге ол жүріс аяқты байлайды. Құші бар, өздігімен Қаратаяға тез ілініп каларлық мүмкіндігі бар шаруалар жіті жүріп кетпесе барлық совхоздар мен колхоздар бірге ошарылып жүріп малтығып қалып әрі құмнаң кетіп, әрі Қаратаяға жетпей екі аралықта ұшы-қыры жоқ. Мырзабай дала-сында тоғышарлықпен қойды қырамыз. Өз шаруамызды

сол азгана өз шөбімізге сүйеніп аз күн ішінде алыш шығын кетеміз деген.

Енді бүгін Айгенеде кешке Жарасов, Есентаев, Ержановта естуі бойынша үйлер кетіп қалған болса да отарлар соңғы күндердегі құтырып соққап ақ боран, ақырган аяз астында ілгері тапжыла алмай, камалып қалған. Малда күй жоқ болғанда, күндіз-түн мал соңындағы адамда үй жоқ. Ақ боран астында қой ішінде қаңғып қалған панасыз шопандар не болары белгісіз қатер күйге түскен.

Түн ортасынан тұрған Жарасов, Есентаев атқа міне қойшылар күйін білуге «Шеген» совхозының жақын бөлімі Тасбұлақ фермасына қарай шапқылап еді. Қойлар жүдеу, қойшылар дір-дір тоңған. Қойындарында тек таба пан. Су орына қар жеп жүр. Суық дәл осы кезде 30 градус еді.

Жарасов шопандармен ұшырасқанда өз ішінен жерге кіргендей қысылды да, ұяла қиналды. Мұнын алдынан ұзын таяғына сүйеніп қалың қызыл сеңсек сары тонының білік жағасына моянын, иегін тыға қалың қара бөркіп көзің шейін баса кие Қосай шал тосып тұр еді. Оны имектесу ұзын тұмсығынан таныған Жарасов сөлем беріп, қасына аттан секіріп түсіп келіп қолын алды. Қосай өзгейі айтқан жоқ.

— Кырылды ғой мына мал. Есіл асыл адап мал не жазып еді, осыниша. Дәрмен болмай осылай кеткені ме мына дәүлет! Біткені ме, қарағым Жарасов-ай! Қысылдық қой! — дей берді. Иегі дірлденкіреп, қоңыр сұрлау бол оца түскен ұзынша көздерінен түйір-түйір сұп-сұық жастар шықты.

Шопандар жәніне Қосайдың бар айтқаны бәрінің де малды тастаның кеуілі жоқ. Қойындарында таба панаады жеткілікті бір тәуірі. Сол болса өзір шыдайды гой, кайтеді. Малды айтсайши.

Жарасовтың үзілімі қазір әсіресе адам жайы. Ол соны үздіксіз ойлаған күйінде: «Бар шопаниның киімдері қалың, жылы ма скен? Үсіп қалып, ұшып қалып журмес пе?»

— Кім білсін. Қысқа бәрінің де қамы жақсы. Он киім кимеген шопан жоқ қой. Алпыс бестегі шал мен екен — мен де өзір тонып жаурайын дел тұрғам жоқ. Бел шешпегеніме он күн болса да ойым өзімде емес.

— Қайран, Қосеке-ай! Советтің ер-азаматы өзің екен-

сің гой. Көңілге мына сөзің медеу гой. Бірақ бар шопан бәрі бірдей киімі жылы, дене бойы күйлі деп сене алмай тұрмын. Енді не де болса қастарыңда, қундіз-түн қамдарыңда болармыз. Үй де, ыстық ас, жылы жай да тез болады. Өз үйлерің көшіп кеткенмен тезбе-тез бұл жақтан соны үйистырамыз!— деді.

Қосай үйлері көшіп кеткен отардың үлкен шопандарын сапап еді. Жарасов бәрін де сол арада қағазға түсіріп алды. Олар он бір отардың сілемі боп сапалды. Қосай, Сәлмен, Даубай, Жетпісбай, Қенже, Тәжібай, Доске, Есен, Әжібай, Сейіт, Базар,— деп Қосай сапады да өзінің малы жатқан жазықтан бір шетін ашу Ақтаудың сілемі қойтасты ақ адырға дейін созылып жатқанын көрсетіп берді. Жер шаршысы көңілінде сайрап түрғап Қосай қалып сіреу қар басқан ақ дала, ақ жұмыртқа тәбе, жота белдердің барлығын Тасты, Сартөскей, Жыланды, Коянды, Сарбастау, Қексала, Жамбас, Бүйрексай деп шеттерінен шұбыртып айтып берді.

Жарасов енді тезінен Жақановты көрмек еді. Соган қасындағы жолдасын шаптырып жіберіп, өзі ендігі істейтін шараларын есентеп іштей байларап алып, асыға шапқылаган күйде Айгенеге келді. Жақанов осында екен. Жарасов оны көргенде жаңағы Қосай шалдың иегі дірілдеп, көзінен мөлт-мөлт жас төккен жүзін көз алдына келтіріп алған еді. Жақановқа амандақсан жоқ. Созған колын алмады.

— Ар қайда? Адам деген ар-үят бар ма, сенде, жоқ па?! Неге алдаїсың? Әнеугі шопандармен өзің боп, бәріміз боп бас қосқан байлауға көнбесең адамша, ереккіше неге сол жерде ашып айтпайсың. Не істеп отырсын бүгін. Бүгін күн 30 градус. Қойшыларыңды көріп келдім. Жегені кар, дір-дір қағып өлімші күйде, мал ішінде жүр. Оныз да он күнин бері бел шешнеген шалдарың жүр. Енді міне бүгін үш күнин бері отыздан аса қойшының он бес отардағы сегіз мың малдың, отыз қойшының базында пана жоқ, малында күй жоқ. Енді мал ғана емес, адам коса қырылғалы тұр. Не істедің? Не деген сүмдик іс істедің сен!— деп Есентаев, Ержанов екеуінің көзінше алқынып тұрып қатты ақырып, тамағына қайта-қайта ашу қайпап тастаның тығылып булығып сөйлеген еді. Бірнеше рет бұған жауап айтқысы кеп:

— Мен сізге айтқамын. Мен әнеугі алғашқы кесесте айтқамын. Өз есебім бұл емес еді, кәйтейін. Аязды мен

әкелдім бе? Қәйтейін!— деген үзік-үзік жарым сөйлем Жақанов сөздерін жаңағыдай қайнаган ашу үстінде Жарасов тыңдаған жок. Қейін ол шешініп бар ызасын, катал сыйнын айтып таусып болған соң, Жарасов үндемей темескісін қайта-қайта тартып, Жақановқа сырт беріп отырып алды. Осы шақта Жақанов ақырындан Есентаев пен Ержановқа айтқап боп өзінің исліктен үйлерді көшіріп әкеткен болек есебін айтып жатты. Жарасов Жақановтың көзінің рациямен Баскентке жалғасуға кірісті. Оның сұрағаны Карповтың өзі еді. Мұндағы халдың ендігі киындығы әсіресе «Шеген» совхозына төнгенін осы сәттердегі қақап тұрган аяз астындағы бар шарасыздықты Жарасов Карповқа жасырмастан түгел айтты. Жақановтың есебі тез өтіп кету максатынан тұғанын, бірақ күннің бұзылып, шопандардың енді бір тобы калын қоймен ең киын дағдарыста қалғанын, ең тығыз көмек, ең жақын жерден берілмессе Ұзақ ауданы барлық орталығымен, жақын совхоздарымен тезінен көмекке келмесе болмайтынып айтып еді. Карпов бұдан қаша палатка керек екенін, қаша киіз үй мен күтуші әйелдер, ас пісірушілер керек екенін, қандай түрлі азық керек екенін, қаша машина шөп қандайлық кезекпен жетіп отыру қажет екенін, пактылы цифрларды қайта-қайта сұрап, әуслі тек көмектің, тез көмектің түрлерін түгел жазып алды. Содан кейін айтқапы: «Қазір, келесі сағаттан бастап Ұзақ ауданының бұларға жақын «Қөнекент», «Калинин» совхоздарынан киіз үйлер, темір пештер, көрпе-жастықтар, әр үйде ас пісіретін күтуші әйелдер жөнелту жөнінде Есдәулестовке, екі совхоз директорына бүйрек берілетінін айтты. Және өзі осы сағатта Арыс пен Нојаның орталығымен, Шеген капалымен, Туркістан, Кептаумен түгелдей жалғасып, бәрішен Ерімбетов Әлімнің керегіне, көмегіне машиналар, тракторлар, палаткалар, киіз үйлер және бар машина толы буылған шөп, жем осы түнде жіберіліп жатқанын айтты.

Бұл жайды Қарпов Жарасов үшін әдейі толық санаады. Облыстың мал басындағы, жұт астындағы шопандар мен барлық қызыметкер атауларының бәрінде де мол көңіл-боліп, білдір қамын үздіксіз ойлан отырганды тапытпак. Мұндағы жүрттың көңіліп орнықтырмак. Барлық облыс, Отан осы жүрттың көмегінде, қамында қатты ширығып ойлану мен әрекет етуде дегенді Жарасовқа жеткізе айтты. Өзі аш, жаңаға аяздап ширығып келу үстінен Жақановпен

қаңын бұза, жүрегі аузына тығыла қатты сөйлесіп алған Жарасовқа Карповтың жаңағыдай сөйлеген, жеткізген бейілі, әкелік қамқорлығы, дос тілектестігі өзгеше әсәр етті.

Карпов сөздерін тыңдалап отырган Жарасов бойы қызып, жүрегі бір түрлі жылынып, алдында аяздың сұығы қысып тұрған жүрегі енді жылынып, жақсы бір мейірлі күн, дос көмегін сезгендей болды. Бір түрлі ысынып толқыды. Үміт пеп сенімді салмақты қамкор үнмен анықтаған мұның қөкейіне қондырған Карпов Жарасовтың ішін ысытып, жүрек қақтырып, сүйінішті сүйеу берді, анық сүйеніш жұбаныш еді.

Карповтың ең соңында әдейілеп тұрып: тыңдалап ал, ұғып ал деп ендігі қадағалағаны шопандар жайы.

— Жарасов, біліп қойындар. Кой өлмесін әрине, бірақ бәрінен де шопаш, шопан өмірі барлық басқа қазынадан, қымбаттан ең қымбатты, ең ардақтының өзі. Мен бұл өңірде бұл жұт жаманшылық үстінде, осы жау стихия үстінде шопандардан геройлығы, адамдығы және советтік отаншылдығы артық асыл адамдар бар деп білмеймін. Бұл партияның, қала берсе бар совет халқының, Отаның бағалауы, тануы. Мұны мен қызыл сөз үшін осы түнде бір сезімшілдіктің арзан қызыл сөзін актару үшін айтып отырғам жоқ. Есінде болсын, барлық аудан қызметкерлері, барлық шаруа бастықтары, біліп қойындар. Бірде-бір шопан қаза болып жүрмесін. Далада қатып, аяздан өлуға ғана емес, сұық өтіп өкпесі қабышын ауруға шалдырып, панасыздық салдарынан сауыштылығынан айрылып, азап шексе оның бетін көрсетпесін, бірақ өлімге жетсе, сол шаруалар басында жүрген бар жауапты адамдар өз бастарынан жауап бересіндер. Бұл менің обком бюросының атынан кесіп айтатын сөзім. Әуелі партбилетіңмен жауап бересін. Содан кейін сот алдында, барлық советтің әділ занының бар қатал бүйріғы бойынша жауап бересіндер! — деді.

Бұл сөздерге келгенде Карповтың үні әрбір сөзін қорғасындағы салмақпен ауыр-ауыр үзіп-үзіп тастаған еді.

Жарасов өзінің нығынан бұл сөздер тұсында жүк үстіне жүк, зіл-зіл салмағымен баса түсіп жатқандай се-зінді.

Ертеңінде аяз азаймады. Боран бәсендеремеді. Карабастың желі бұл күнде жеміт жаудай қадалып тұр. Ажалдай ақыра төніп тұр. Келесі күн машиналарды жүргізбей

оларды сүйреген тракторлардың істері өндімей мал атаулыға қолға түскен шөп, жем, азық болар-болмас себездеп шашқанда өте аз-аздап қана жетті. Осы күні Жарасов алған хабар бойынша отар басына кемінен жетпіс, секінен, жұзге жуық қой қырылды. Аязды ақырған қалың қарлы ақ боран 18-19-20-21-март күндерінде бәсендеген жоқ. Түн баласындағы аяз 30 градустан бір төмендемеді. Бірнеше отарлардан хабар болмай, қатынас үзілін кетті. Бұл 19 күнгі түстен кейінгі хал еді. Дәл осы шакта тұс ауа бере Ұзақ ауданының орталығына Карпов аттаандырыған Әлім Ерімбетов алпыс машинамен жана келін жеткен еді. Аудан орталығы Ұзынқорғанға келе сала рациямен Жарасов, Есентаевты, Ерімбетовты аудан орталығына шақыртты.

4

Пилот Петро «ЯК-12» самолетіне азғана жұқиңен Әлім Ерімбетов, Жарасов екеуін мінгізіп алып Қаратай бектерінен құмға қарай созылған ұзыны да, ені де ұзак ақ далага бет алды. Бұлар отарларды жағалай шолып, көбінше Ноян ауданының қойлары жатқан өңірлерді әуелі төмендей жағалап бір шолды. Қайта бір айналыста шетірек бір отардың тұсында осы жерге қону керек деп Әлім белгі етті. Петро төмендей түсіп қонарлық жерді баятуай төнен қарап іздеумен болды.

Екі аудан басшыларымен Ұзынқорғанда ұшырасқан Әлім Ұзақ ауданының Есдәулетов бастаған қызметкерлеріне әзірше өзінің Ноян ауданымен істес болатынын айтқан.

— Сендер өз ауданың, өз жеріндесің. Ноян ауданы болса өз жерлерінен жырақта, өз базаларынан алыста. Менің көмегім ең алдымен соларға арналады. Обкомның, жолдас Карповтың пұсқауы да сол! — деген.

Өзімен келген елу машина толы шөп пей жемді Ноян ауданының отарларына түрған-түрған жерлеріне жеткізу шарасы сол түннің өзінде таң атқаша істелген-ді: 15 машина палаткалар мен адам азығын әкелген. Оларды да отар бас сайын тез таратып жеткізу Есентаев пей Ержановка тапсырылды да түнде шоферлерді тамактаандырып, тынықтырып алып, анау екеуі қалын карлы, кыны жолды ақырындаң мимирттак жылжыса да отарларға жетуді мақсат етіп тартып кеткен-ді.

Бұл күнде марттың 20 наң асып қалғандықтан сиді

қой қоздай да бастаған. Ілгері қарай жылжу ойдан шығарылды. Борап меш аяз мал атаулыны осы Мырзабай даласының шетінде өзірге аяғы жеткен орындарында басты да қалды. Ендігі шара қоздайтын қойға, азған арығына пана боларлық палаткаларды тігіп беру. Сол палаткалардың бірек-сараны Жарасовтың өз ауданынан Қасымов жіберген алғашқы бір тобы кей колхоздардың отарларына берілген-ді. Бірақ не көп, отар көп, қой көп. Сондықтан палатка мұқтажы үшан теніз. Қазір Ұзақ ауданы, Ноян ауданы жұт жайы, мал күйі дегенді облыста отырып ауызға алған атқару комитет, обком, ауылшаруашылық бөлімі, совхоз трестері бәр-бәрі осы күндерде айттындары «палатка, палатка» болатын.

Ноян ауданынан жақын Кентау қаласы, Түркістан, Арыс, Шәуілдір аудандары, тіпті Қазақ темір жолының осы облыс жерімен өтетін жол бойы үлкенді-кішілі станциялары, Шегендей қанаал қазушылар орталығы бәр-бәрі Карповтың ариай күнделетіп берген бүйректары бойынша сол палаткаларды жишиятып, Әліммен бірге аттанған 15 машиналы толтыра жіберіп, кейінгілерін тағы да үздіксіз машиналар топтарымен Нояндан тізбек-тізбек Мырзабайға қарай аттаандырмак бол жатыр.

Әлім Ұзынкорғанға келіп түскен сағатта Карпов телефонмен «Шеген» совхозының 15 отарындағы қойшылар халінің қауітте қалғанын әдебі ариай білдіргенде түнде Жарасовқа айтқанындағы өзгеше жауаптылықтың, ең ауыр міндеттің бастысы осы деген. Бар күшті салып бар қызметкерлерді жұмсап, сол баспанасыз қалған 30 шопанды ең алдымен өзің тап! Соларға палаткамен қоса өздері тұратын киіз үйді Ұзақ ауданынан жақын екі совхоз «Калини» мен «Көнекенттен» осы бір суткенін ішінде жиғызып тапқызып тез тығыз аттаандыр. Шопандарға азықты да өзің қолма-қол жеткізіп, мүмкін болса бар шопанамен, сол 30 шопандың бәр-бәрімен ауызба-ауыз сөйлес. Күйлеріп біл. Жаурагандарын жылдыңдыр. Науқас болып, сүйк тигенің болса Ұзаккорғаның, Қөнекенттің дәрігерлік қызметкерлерін бар дәрігерлерімен, санитарлық күш-көмектерімен және де тез ертегі таңертенген қалмай аттаандыр. Олар мінгеп машинадарды жолда бәгелтпес үшін әр тобының қасына мықты, сенімді тракторды, бензовозды қосып бер!— деген.

Баскентте отырып Карповтың мұндағы малдағы адамдар топтарына ариаган ойы, қамы кейбір осы арада

отырган Ұзак ауданының немесе Ноян ауданындағы совхоз, колхоз бастықтарының бастарына да келмеген нақтылы, дөл басқан оғатсыз анық қажет істер мен қамдардың ең тұғызы, ең қымбаты еді.

Бүгін «ЯК-12» самолётпен Петроға міндет пен сенім артып, панаasz шопандарды іздеп шыққан Әлімнің алдындағы міндеті анық ашық болатын.

Петро алғашқы отар тұсына Әлім қон деген соң, көп сактықпен біришіне айналып жүріп, көп жазаңдау бір ұзындау созылған жонсымақ жерге жайлы қонды. Өзі әлсіреп жүрген қозылы қойлар үркіп қактықнасын, кипиалмасын деп Әлім Петроға дәл отардан кем қойса жарты километрдей жырақ конуды таңсыратын. Бұл жайлы екеуі ең алғаш ұшып шықпай тұрып та айттысын, келісіп алған. Петро дегендегі шеткі отарға қолайлы жерден көп қонды. Өзі жоңе Әлім мен Жарасовқа көмектесін, машинна ішіндегі азықтаң, панаан жеке бір түйішек алып, қалың қарды Әлімдермен қатар басып қойышға қарай жүрді.

Түйесін тұсап қойып, қойдын шетінде ұзын бишік ніріп жүрген Сәлмен шопан бұларра қарсы жүрді. Бінк, ұзын тұмсықты, сақал-мұрты сирек, ашан жүзінде ажымды үрттары сола түскен, мойны ұзындау, жағы да ат-жақты келген үлкен кезді Сәлмен қатты үнемін ажарлы амандасты. Әлім мен Жарасов бұл шопанмен қол алысып амандасты да өзелі өзінің саушилдығын, үсімей, сұық тимей депін сау тетік жүрген жайын қадағалап сұрап еді.

— Өз депім сау ғой. Үйренген дала, ет үйренген қыс емес пел Тек мен төзгенге қой төзбей жатыр. Тындасан солың жайын тыңдашы! — деп салғаниан сөзді өзінің отары жайына бұрды.

— Ішетін асың қалай, үйқың қалай?

— Нени қорек қып, қалай тынығып жүрсің? — деп Жарасов пел Әлім екеуі қатар сұраған сөзге айтқаны:

— Жегенім иан. Тыным алатын жерім қойдың ортасы. Қой жусағанда бірге жусап, қой өргенде бірге оремін. Мынау үлкен сары тон киімім де, үйім де, көрле-төссеғім де, баспанам да болып алған жоқ на! — деп өз жайын қысқа айтты да:— Азаматтар-ау, қой өліп жатыр. Эр жерде қалип жатқаны да бар. Үстінде асыл жүнді терісі бар.— Арық болса да солысы керек болар деп әлім жеткен жерлерге кейбіреулерін сүйреп апарып бір араға үйіп жүрмін. Қар басып, қараасы жогамып кетсе кейін табыл-

май калады. Соларды алдымен алғызсандаңдар екен!— деді де ойындағы ең алғашқы шаруа қамын айта бере:

— Апыр-ау, есім шыкқапы-ау, өздерің кімсің, азаматтар? Самолетпен тұра осы менің ізден келдіңдер мә? Жок, машинасы бұзылып қондыңдар ма?

Жарасов күлді де:

— Сәлмен-ау, менің танымай қапсың гой!— дегенде, Сәлмен жалт қарады.

— О, жолдас Жарасов, Жарасовым екенің гой өзімшің!— деді.

Мұның отарына Жарасов бірнеше соғып кеткен болатын. Енді Жарасов Әлімнің жөнін айтып обкомның секретары әдейі сіздерге көмекке келді. Самолетпен жүргеніміз, ізdegеніміз сендерсін!

— Кімдер? Қайсымыз?

Ендігі жауапты Әлім айтты.

— «Шегси» совхозының үйлері көшіп кеткен өзіңдей ол бес отарын әдейі самолетпен ізден шыктық кой. Сендердің жайларынды анау Баскентте отырып, партия мен үкімет біліп, ойлап, қидалып отыр. «Алдымен соларға жетіңдер! Тез көмек апарыңдар!»— деп бізді жіберді. Мынау сол ала келген сәлем-сауқатымыз. Алдымен мынаны алыңыз!— деп үшеуінің қолындағы үш бөлек көлемді түйішк бума, қағазға ораулы сары май, шұжық, үлкен нац бөлектерін берді.

— Машина жүре алмайды. Аттың жүрісі шабан. Содан соң әдейі самолетпен осы бүгін-ертең ішінде бар үйсіз қалған отыз шопан, он бес отарды түгел арапап шыкпақтыз!— деді. Қойды осы арадан жылжытпа деп сөз байласты. Кейін палаткалар және Сәлменіге, көмекшісіне баспаңа болатын киіз үй, Калиниң атындағы колхоздан жіберілген ас істейтін әйел дәл осы араға келетінің айтты.— Шөп пен жемді де койларыңды қалың қарда шұбыртпай осы өздерің қазір тұрып жүріп қалған аумағындағана жеткізіп тамақтандырамыз,— деді.

Қағазға Сәлменнің жайын, жөнін жазып алғып, енді екінші отарды ізден тағы жөнелісті. Келесі үш сағаттың ішінде дәл төрт отарды осылай үстінен айналып, аз үйіріліп ұшырды да Петро жарты километрдей жерде өзі конатын аз алаңға жазбастаи, киналмастан қона қалады. Төрт рет қонып ұшқаннан кейін Әлім Петрога сүйсінді де:

— Қымбатты Петро, сіз Қаратай мен Мойынқұм ара-

сындағы, Мырзабай даласындағы бар өлкенің батыры, сахраның қыран бүркіті болып алдыңыз. Бұлай үшсак, осылай қонсак біз бар отарды да бүгін-ертең түгел түгендей шығармыз!— деді.

Бішамды, орта бойлы, домалақ мұрындау, жағы қалындау келген, қою қасты, үлкен сарғының көзді Петро аниак, үсақ тістерін әкситиң күліп алды.

— Отанымызға қызметтеміз!— деп күліп қойды да.— Мен жаз бойы шегірткемен көп алысқан тәжірибем бар еді. Бүгін соның кереккө жарап тұрғанына өзім де ырзымы!— деді.

Ендігі бір отарға қонбақ бол шүйіліп келгенде жер шоқалак, жарықбас екені ағарылды. Петро қойдың үстін сыза алысты да, жақын жерді де орагыта айналып қарап шыкқанда бір азғана тегістеу пішептік сияқты жер бар екен. Ар жағы шұқанақ. Ол жардың асты кең сулы бұлак. Петро бекінді де қонамын деді. Сөйтті де келіп ентең, сызыла кеп қонды да біраз қалың қарды бората жосытып барып тоқтай қалды. Енді самолеттен түсіп қараса бес-ақ метр жерде терең жар, оның асты бұлақтың сүй екен. Осы бұлак басында бір мола тұр еді. Ескі болса да төбесін бүріп салған бұрынғы шакта белгілі болған мазардың бірі болуға лайық. Жүргішілер өз бастары үлкен апат қатерден аман қалғапын жаңа аңдал, Әлім қалжыннады:

— Мынау мола тегін емес. Қаратудың бауыр сыртында не көп әулие көп. Бізді ажалдан аман алып қалған да осы әулиенің киесі. Жарасов, сенің бұрын әулиеге түнегенің жок шығар. Ұыз қолыңмен алғаші байлаган әлемің сол болсын, шұлғауыңды мынаның басына байланыт!— деді.

Бұл жерде кой қасында жүрген Жақсымбет еді. Ол Жарасовты таңыды да, әнеуігі айтқан сертін салған жерден есіне алды.

— «Жұтқа мал бермейміз!» деп пе едім әнсугүні, жолдас Жарасов. Айналамда өлтіріп жатқандар болса да мен осы бір бұлак нен шұқанакты алақандай ши қорықты тауын алдым да, осыған жабыстым да қалдым. Тілеуің бергір, қар астында құрағы, миясы, сәл қияғы бар бұрынғы бір ауыл қонысы екен. Осыған жеттім де қыбырламай жатырмын. Әйтеуір әлі өлтіргенің жок. Енді міне жаңа ғана өздерің жіберген палаткалар, әні бір киіз үй кеп тігіліп жатыр. Жем мен шөп те келеді

деп хабар әкелді. Калинин атындағы колхоздан жібертіпсіңдер гой. Казір бойым сергіп, мұлдем енсем көтеріліп қаппын!— деді де келгендерді сөйлестпей:— мына кісі обкомиан келгсі Ерімбетов жолдас қой!— деп Әлімійдің қолын алып қос қолдап, оның қолын ұзақ сілкіп, бүгін көңілі жайланаған алғыстай ажар аңдатты. Анығыла жақын жерге палатка келіп тігілгелі жатыр. Қішілеу киіз үйдің қызарған керегесін жайып, шаңырағын көтеріп жатқандар да енді байқалған еді.

Тұс ауғаниан кейін Әлім, Жарасов екеуді тагы да үш отарды танты. Осының соңғысында жүрген ага шопан Әжібай өз қамынан бұрын басқа бір отардың қойнисын ең алдымен қауіп етіп ауызға алды.

— Көмекке кепсіңдер, рақмет! Жегеніміз кар. Малдың өліп жатқаны бар. Баспана кетіп қалды. Бір сессиен кішкене балалары бар кейбір үйдің мына аяз, ак боран астында отын-су таппай күйзелгенінше кеткені де макұл ма дедім. Бірақ күниен күп, түннен түн өтіп, дүниандай ақырып тұрган аязды аспан астында бір күн емес, бір туи емес, алта бойы азып-тозып жүру шынып айтам, қирап та жүр, шошытып та жүр!— деді де неден шошығанын сұраған Әлімге:— Өзім емес, осында бір отарда қойға биыл келген немере інім Медет бар еді. Оқу бітіріп, опжылдықты бітіріп келген. Соғыста өлген жалғыз ағамның жапа-жалғыз баласы еді. Міне үш күниен бері содан айрылып тұрмып. Өзгөпің бәрінің қайда жүрген аңдары байқалады. Біреу адырда, біреу далада. Біреу кейбір кездескен құдықтың басында қалғанда со бала, құдай құдіреті, міне үш күндей жоқ бол кетті.

Әлімді бұл хабар қатты үркітті.

— Аты кім? Сен біліп не, ең?— деп Жарасовтан сұрады.

— Аты Медет!— деп Әжібай бурыл сақалып шенгелдеп үстады да, тәмен қарап даусы қалтырап негі кемсек-ден сөйлей алмай қалды.

— Іздеу керек. Казір біз енді соған аттанайық. Жарасов, сен машинамен шық. Мен сені Сарбастауға түсіреп-йін. Машинамен сендер іздендер. Самолетпен мен іздебіміп. Үғып кетті гой. Әлде бораңда ығып кетті ме екен койымен!— деп Әжібайға қарап еді.

Енді жерден басын сілке көтеріп алған Әжібай қалың кара бөрік астынан қатты түйілген қабагын ашиңырай

түсті. Бояуы онған қоңыр сарғыш көздері қызарып был-шықтанып түр еді.

— Соның рас, ығып кетті. Қой ықты да бірге кетті ғой. Мал жаюдың жөпін білмейтін қалада өскен, оқудан келген жас бала, атамыз Дағбадан қалған жалғыз жас еркек ұриақ еді. Өзімде қыздан басқа туған жоқ. Жақсы оқыған, жібектей есілген бұл өңірге бітпеген асыл бала алтынным еді. Іздей көріндер, азаматтар. Тілеуім кесілді ме деп түрмеш. Өзі аш, өзі аяздан катып қалды ма, не болды!— дей берді.

— Ақсақал, назаланба!— деп Әлім өзінің күйлі, ашық үйімен қартқа өте жапы ашып үйіріле сөйледі. Кішілеу аузының лебізі және ұлкең дөңгелек көкшілдеу көзінің достық жылы нұры Әжібай шалға қазіргі сәтте бір түрлі сепімді, шыныл, бауырмал үп болып аңғарылды.

— Айтшы, қарағым. Солай деші, құтқарыны.

— Құтқарамыз, Әжеке. Енді бізде сол Медет баланы таппай күндіз де, түнде де тыныштық болмайды, Әжеке. Қипала көрменіз. Оның да аяз мынау, панасыз мал күйі мынау. Азабың аз емес. Жанынды қинама. Бізге айттың, жеткіздің. Болды. Ол баланың ендігі ағасы да, әкесі де мына менің өзім деп біліңіз!— деп шалдың бір қолын қысты да, бір қолымен арқасына аймалай құшып, пығынаң қағып қойды.

— Ал мынау облысташ біздің сізге әкелген дәміміз. Осыны, мына сары майды қарбытып жеп хал жиып ал. Біз қазір Медетті іздеуге кеттік!— деді.

Айтқаныңдағы күн батуға екі сағаттай қалғанда Ноян ауданының базасы Сарбасқа шапшаңдатып кеп Жарасовты түсірді де, өзі қайтадан Ержановты қасына ертіп, жершіл Қожақметті тағы да ертіп алып: «Қыран Петро, сүңқар Петро, жайды білдің ғой. Ендігі әңгіме адам өмірі жөнінде. Күн батқанша осы маңды тездете бір орап, шарлап қайтайық!— деді.

Жарасов пен Есентаев жылы киім мен мол азық алып, вездеходка мішіп Медетті ізден жолсызбен төбслерді, далаарды, кейбір жыра, құр ариаларды жағалап түп ортастына дейін машиналарын жиі-жиі үн салғызып, жарықты жан-жаққа бұра дабырлай түсіп, кей түстарда мылтық та атып, осы өздері жүрген құлан елсіз, жансыз, қыбырсыз далаларда, аяз астында үп беруге жааралық жан атаулыны іздел бакты. Бұл түні Әлім де, Жарасов та ештецені таппай қипалып, қысылын қайтысты.

Дәл сол кеште сағат тоғыз шамасында Баскенттен Қарповтың өзі Әлімді рацияға шақыртып ап сөйлескенде ең алғаш сұрағаны: жоғалған шопан Есенов Медет табылды ма, жоқ па? Ең алдымен соны айтшы!— дегенеді.

Әлім самолетпен, машинамен, салт атпен де жағалай кісі шаптырып, соның ішінде өзі де, Жарасов та қоса іздеп, күн жарымдай іздеп әлі таппаған жайларын айтты.

Карпов үнінде катан, қысқа айтылған тапсырмасында шопан Медет туралы өзгеше мазасыз қысылған ойда тұрғанын аңғартты.

— Мен өзіңе де он қайырып айтқамын, Ерімбетов. Жарасовқа да аз айтқам жоқ. Артиканың мұзында, мұз мұхитта жоғалып қалған адамды да қоймай тауып журген біздің Отан. Айтуға да үят. 500 қоймен, қойдың аянымен өзінің туған жерінде жүріп борз болды, сұық болды деп жігіт адасып өлсе, көмек көрмей шопан қаңғып өлсе сені мен бізге содан үлкен қорлық (позор) жоқ. Соны тірідей аман-есен тапнасак, сенің де, менің де бағамыз сынық грош!— дегениен басқа сөз жоқ. Ертең кешке маған дәл өзің шопандардың бәрі туралы және әсіресе арнаулы Есенов Медет туралы ақпар бер!— деді.

Бүгін кешке жақын Сарбастауға келерде Әлім «Шепті» совхозының кеше өзі аралап өткен үйсіз қалған шопандардың бірнеше отарларына соққан болатын. Ұзак ауданы орталығына алғаш келген сәтте аудан басшылығымен және «Калинин», «Көнекент» совхоздарының басшыларымен жасасқан уәдесі бойынша бүгін түстен бері мұндағы үйсіз шопандардың бәріне киіз үйлер келген екен. Әрбір үймен бірге ас, ыдыс-аяғы, үй күтетін, ас пісіретін жәрдемші әйелдер келіпті. Анау жолда аудан мен облыстың бүйіруы бойынша Ноян малына қорадай, пішіндей көмек беретін міндет алған «Көнекент» совхозының директоры Әбді бүгін ерекше ширақтық, жауаптылық жасапты. Ол сопада Жарасовқа уәде қылған 150 тонна пішінді атаған белімдерінен бере алмай Ноян ауданының қойлары алғаш әлімге ұшырағанда, сол уәделі шөп мезгілімен жетпегендіктен ұшыраған болатын. Әбдіні ол жолда өтірік айтқызып, үятқа қалдырыған жалғаншы бөлім бастықтары кім екенін Әбді ауданға, Жарасовқа да, кейін мына Әлімге де білдірген-ді.

Әлім ол жайдың облысқа түгел мәлім екенін Карповтың сол тұста осы Әбдігे өзгеше ызалағанын Әлім жа-

сырмай айтқан-ды. Енді мына тұста кеше міндет алған. Әбді «Калинин» совхозынан жіберілген киіз үйлер жеткенінс қарамай өз совхозынан 15 киіз үеді тығыз тапқызып алыш, ыдыс-аяқтарын, азықтарын түгендептір әрбір үйде бара сала жағатын азын-аулақ отынды да салғызып, әр үйге екі-екіден адам шығартқан. Біреуі ас пісіретін әйел, біреуі отын-суды қамтамасыз ететін және қоздаған койга, жас қозыға, шопандарға қосыла көз болатын жас адамдар. Қебінше ерекк қызметкерлер болған-ды.

Сонымен қатар Әлім алыш келгей 15 машина толы палаткалар жаңағы үйлер жеткен отарларға ілесе барып, олар да тігіліп қалған. Қоздап қалған қойлар да осы бүгіндер аз емес еді. Енді үлкен-үлкен палаткалар кем койғанда 250-300-дей қозыларды сыйрызатын пана-лыпа бол қалыпты.

Әр отардың жаңында бүгін кешке үйлер тұрып, онда от жаңып, тутін тутегені қой шетіндегі жүрген он күншін бері ыстық ішпеген, он бес күншін бері бел шешпеген шопандарға анық бір аязды күннің ортасында көктем лебі ескендей жылды тиді. Көп қойшылардың қабактары ашылып, көңіл кейістері, жұз кірбені сәл де болса жадырагандай.

Бір отарға тоқтамай вездеход машина мінгел Сәлім тұс ауа жүре бастап, кешке дейін он екі-оп уш отарды араалап өтті. Бәрінде де білмегі, сұрағаны: шопандардың көнілі, сауышылығы. Қазіргі жеткен көмектің жетістігі мен кемшілік жайлары ғана. Осы отарлар орта тұсында Сәлімге Жақсымбет ұшырап еді. Сирек сары тістерін аксита анып, сары тонып құлагына көтере қаусыра түсіп, киіз үй жаңында тұрып жусаған қойын көрсетіп қойын, Жақсымбет Әлімді үйге шақырды.

— Кешегі келгеніндей емес, ку дала, ку медпен ақырғаң асқан асты емес. Енді міне үйіме келдіп, көш келдіп. Кір, міне, жайымды көр! — деп Әлім мен шофер екеудің кос қолдан аманасып үйіне кіргізді.

Үн ішінде бір әйел басықа қалың шәлі ораган қалпында босаға жаққа айналып наң ишеп, кіргендерге сыртқарап отыр еді. Жақсымбет қарқылдаған азы даусын да-бырлата көтеріп күле кірді.

— Айналайны, жасым алпысқа келгенде жаңадан міне үй жаңғыртып, басыма отау котеріп бердің. Біздей егделерлін армана ететін осындағы жаста тагы да бір үй-лесілірген шагын ба деймін. Мына жағыма мінекей жетіс-

тіре түсін мынау отырған жас піс келіншекті де бір-ак әкен беріп қойдың!— деп қарқылдаپ еді. Сырт қарап отырган әйел енді бұрып тамсанды да: «Дәмесін, дәмен құргырды! Далада серейіп қатып, жемтік бол, калмай осыған жеткесіңе исеге шүкірлік стпесің. Саган әлі тоқал да керек не өлмелі шал басыңмен!» деп үйдің ішін көзілдендіре құлғен әйелдін аузында бір тіс жок, екі ұрты қатпар-қатпар ажым еді.

Бұның түсін қорін Жақсымбеттің қалжының ұғына түскен жас шофер Жиенбек қарқылдай құліп еді. Жақсымбет тонының ұзын жесін кемпір жаққа сілтеп, бұлған:

— О, арман қара, құрып қалғыр. Мен әдейі жас келіншек олжа таптым деп мына обкомды алдайын деп отырсаң, онысы несі әкен аузы опыраңдан. Мені жеп коятындаі жалмаңдан. Иле, ана нашынды!— деп өз әйелімсітіш, қоразданын, құнжындан қойды.

Әлім көзінен жас аққашша құлді. Жақсымбетті арқасынан қағып:

— Бәрекелді, Жәке! Жігіт болса өзіндеі болсын. Қындық болса қайтеді. Аузынан әзілі кетпеген азаматтық осы десеңіш. Мен осыныңызды бар шопаниң бәрінің де кайрат-қажырының белгісі деп, не қындыққа болса да мойымайтын, көнбейтін халық қайсарлығы деп куанам!— деген еді.

— Ой тәйірі-ай! Өзімін туган жерімде, өз малымың ортасында тұрып жүріп, марттың аяғында қараспан қансылады деп, бірнеше күн бұзылған аязды аспаң әуілдеді деп құтым қаша ма?! Айтқам әнеуігіде. Бар облыс, бар ел Отаным арқамнан тірең отырғанда жыласам, жидісем құдай алсын да мені! Тек әлгі бір баланы жерді білмейтін байғұс қой. Туғалы ала қағаздан басқа не қөрді дейсің! Тек сол жол-жөп білмейтін баланы ғана тауып ала көріңдер. Болмаса Нояиндың шопаны қырылыш қапты деп бірдің өзін дүздей қып қырта беретіндер болады. Соны ғана іздел тап, айналайып Әлім!— деп қамқорлық ойын енді өздерінен ғөрі сол адасумен табылмай жүрген қойшы Медетке аударған-ды.

Келесі күні таң біліне Әлім Петроны тағы да осы өңірді сүзуге салды. Мырзабай даласы Уілдек, Бұркітті, бір жағы Ақтау, бір шеті құмға қарай ыққап қой кетсе кестерлік Мойынқұмға қарай ойыса ұнып көп атырапты шарлады. Тіпті «Жуантөбс», «Тасты» совхоздарының бергі шеттеріне дейін шарлап та қайтты. Түсте уәде бо-

йынша Жарасов, Есентаев екеуімен ұшырасты. Олар өздері де және салт атнен айналага шаптырган жөн білетіп, жерді жаксы білестіп Кожакмет сияқты кісілерді де көп жүріске салғанмен ешбір із-дерек таппады.

Әлімге осы хабарды білдіре де, бұл жүргіт іздеуден тоқтамақ емес. Түскі аз ыстық асты ішін сала кенике Айгөнеде табыснақ болып жан-жаққа өзді-өз беттерімен Медетті ізден жөнелісіп кетті. Дәл осы жолы Жарасов, Есентаев екеуі бұрын бір араламаған онна алғыс емес Бүркіттің сілемі боп бері келетіп бір адырды бетке алды. Құи бұлыңғыр. Соғын тұрган қатты жел, сұық ызырық аязын бәссеңдеткен жок. Бұл сағаттарда да Қарастың желі шығыстан Алатау, Ақтауды асын Мырзабай жазығына шығарда құтыра соғып тұр.

Жол оцай емес. Жазықтан адырға кіргенни машина «ГАЗ-69» зорға басып, өте баяу жүріп келген еді. Адыр шеті биік төбелер емес екен. Соның кей жерде тұтасың-қыраган жоталарын басып жүріп отырады. Жалаңаш беті ашық төбелердің бұдырысыз жоталары кей жерлерде қара топырағы, киышық тастары, домалак бұдыр тастары көрініп, машинаға бөгет жасамай, қайта қатқақ қары аз женілдеу жүріске жол бергендей болады. Кейде жотадан ұзап кетпей қиялай жүріп, тау арасындағы бүндей жүрістерге машиқтанған Жарасовтың шофері Жағынапар бар бейілін салып бүгінгі жауаптылықты Жарасовнен қатар үғынған қамкор саналы әрекет етті. Бұлар осы адыр ішіне қиялап, кейде жоталап, кейде бәктерлеп, бірде өрлеп, бірде құлдан отырып қалындаї батып кірген еді.

Бұдан бұрынғы үш құи бойғы іздеуде дағыланған мерзім бойынша Жағынапар машинасын анда-санда ұзак боздатып сигналдан қояды. Бір кезде сайда, ықта келे жатқан қалыпта Есентаевтың құлагына болар-болмас бір ызың естіледі. Ол машинаның артқы есігін ашты да басынаң құлақшының алып жел жаққа караі тагы тыңдай берді. Енді Жарасовты, Жағынапарды нықтаи қагып: «Тоқта! Тоқтана!»— деп қатты дауыстал, өзі машинадан ытқи шығып желге құлак салды. Әлі үнісіз. Сергек, жіті қозғалысты Жағынапар да машинадан атқып түсіп тыңдарап тұр еді. Екі жақтан екеуі бір-ақ сэтте:

— Үи шығады!

— Адам үні шығады.

— Айғай шығады! — дескенде Жарасоз та жерге се-
кіріп түсті.

— Бұл жақта шопандар жоқ. Малсыз да елсіз өлкे.
Қәне тағы тындаңдаршы! — деп тұра қалып еді. Енді бол
өзі де есітті. Анық бір ызыңды үн естіледі. Жағынан есепті
деп тұрып:

— Өзі бір үзіліп, бір басымдай түседі.

— Тап мұна жақта адам үні бар.

— Осы адам үні.

— Бір үзіліп, бір созылып шығады.

— Әлде ұлыған қасқыр үні бола ма?

— Жүрэйікші не де болса! — деді Жарасов. Өзі айна-
лып машинадан шопандарға деген бөлек түйішк азық-
ты алды. Енді үшеуі де машинаны тастап үп шыққан
жаққа қарай жүре жөнелді. Алдары өр еді. Жолда қа-
лың қар да бар екен. Үшеуі де бірінен бірі қалмай бе-
луардан қарға бата омбылай, жақын белгे шыға берді.
Төбе басынан жанағы дыбыс және анықтала түсті. Енді
аңық шырқаған адам даусы екені аңғарыла берді. Алда
тағы бір төбе бар еді. Үшеуі сиді жіті басып сол иек артпа
төбеге шыға бергенде ар жағында құлдилай түскен шұ-
қыр сай екен. Соның арғы беткейін ала тырмысып жайы-
лып жүрген қой көрінді. Енді бір сәтте бұлардың көзіне
арғы бетке көтеріліп бара жатқан қойшының жоны кө-
рінді. Ол айғайын үзген жоқ. Бұлар сиді аңдаса сол адам
эн салып барады. Үшеуі біріне бірі жалт қарасын, үнсіз
сүйісіне құлген жүздері аңыра тұрды да қатарынан бір-ак
аңғарысқан жайлары болды. Осы бара жатқан ұзын
бөйли, сұңғақ біткен жас қойшы Медет, айтып бара жат-
қан эні мұнау үшеуіне де сондай таныс. Өздері түгел
білетін исі Ноян ауданы былтырдан бері түгел сүйіп
жырлайтын кәдімгі Шәмші Қалдаяқовтың эні «Ақмаң-
дайым» екен.

Үш жолаушы ойда жатқан қойды үркіткендеріне қа-
рамай қуана айғайлай жүгірісті. Қойшы Медет артына
салмақпен бұрылып қарап, енді әнін үзіп аңырып қал-
ған еді. Жарасов жете беріп: «Уа, сен Медетпісің?» — де-
гендеге анау: «Ия, Медет мен!» — дей бергенде, Жарасов:

— Айналайын-ай, амансың ба?! — деп құшақтай
алды.

Есентаев та мұны аймалап арқаға қағып құшақтап,
кысып-кысып алды.

— Аман болғаның қандай жақсы еді.

Жігіттің өні жер беттеңіп өзгеше тотығыпты. Қатты жүдеген екен. Жас терісі ажымданған беті жиырылды да аппак кесек тістерін ақситып ашып сөз қатпай күле берді.

Жарасов сол сәтте таңырқаған қуанышын ірке алмады.

— Сені өлі табамыз десек әшімен бізді өзің таптыңғой. Энің тапқыздығой бізге. Жә, өзгең өзге, осы жаңағы әнін не?

— Соны айтшы!— деп Есентаев та сипателеді.

— Бәсе өзі «Ақмаңдайлым!».

Жігіт бұған жай, баю жауап айтты. Даусы ақырын.

— Құмнан көшер алдында радиодан естіп, жаңаға үйреніп алып ем. Кейін соны ұмытып қап, бірнеше күннен бері есіме түсіре алмай қойып ем. Кеше со өзім қажып, талып жүргенде жаңағы әш қайтадан өзі кеп аузыма түсті. Соны кешеден бері айтқан сайын бойым көтеріліп, ішім жылынып қалады. Аға, не дейсіз, сондай серігім боса не дейсіз. Айтқан сайын өзін ұмытып қалмайын деп айтам. Және жалғызырамаймын!— деп еді. Енді осы жайды айтып тұрған тұзу, сұңғақ бойлы, көтерінкі қырлы мұрынды, үлкендеу ажарлы қоңыр көзді Медет Жарасовқа өзгеше ыстық, бауырындаі көрінді. Тағы да құшақтай алды да бетінен сүйді. Бұл жолы үн қатқаң жок. Тек Жарасовтың кеудесіне Медетті құшақтағанда батыңқыраған қатты бір бұлтық бар тәрізденіп еді. Наны ма екен десе кітап екен. Қойнына салып оқып жүрген казақ тілінде шыққан «Нагыз адам туралы ақыз» атты кітап еді.

Медеттің таба наны азайып қалған екен. Тіпті бітуге тақау. Ал мұның алдындағы 600 қойынаң бір қой да ол-мепті. Ол алғашқы боранда қойымен ыға жөнеліп билей алмай, қайда, қалай кеткейін аңғара алмай тек қойдың ортасында қойын және тоқтата алмай ықтап келе жатып осы бір шұңқыр сайға кездесіпті. Өзі тіктеу ғана қолат болғанда қойтастары бар екен. Арасында ығы көп. Бұта, көде және бар. Кей жерінде бозқараган, ерек жусал, тағы бір тұстарында ырац, селеу тәрізді әр атасың ұлы қойға талышқа жем бар екен. Қойдың өзі де осы сайға шұбырып кеп кіреді де үйіліп жатып алады. Сонымен әйтсеуір күн ашилған соң ел, жүрт бір тауып алар дедім де осында жаттым да қойдым. Түнде қойдың ортасында жатам!— деп күлді, күндіз панымды жеп, қарымды асан, жаңағыдай әшімді сала жүррем!

Жарасов пен Есентаев енді машинадан өкелген азықтарын Медетке ұстата берді де тезінен осы араға өзіңе үй де көледі, көмек те жетеді!— дей берді. Ол көмектің қандай болатынын да айтысқан еді.

Кеш бата бере сол күштің Айгениң үстіне Әлім мен Петро да қонбак бол орай ұшып жеткеп еді. Түс ауа бұлар да және де көп жерді шарлап Медетті іздеген болатын. Енді Жарасовиен байласқан сөз бойынша Айгениң көліп, сонымен бас қосу, ұшырасу керек.

Петроға бұл атырата алғаш ұшырасқан қыншаш аны болды. Айгениң салынғанда тараң өлкеге орналасқан базаның бірі. Петро бір шүйіп, қайта көтерілгенде қопнудың самолет үшін қыншаш екенін анықтағарды. Қонақтын жер өте тар. «Тағы бір айналып көремін!»— деп Әліммен тілдесті де тағы бір-екі рет төмениңде барып қайта өрлеңді. Әлім: «есебін тап та қоң!»— деген еді.

Айгениң самолет қонарлық тегіс алаңы 30—40 метрдей-ақ жер екен. Самолет қонса да құмға тіреліп, тоқтайтын болады. Қейіп бұл арадан жүкпен, біршеше адаммен ұшып шығу қыншаш. Ертең ұшарда бұл арадан Әлім бірге мініп ұша алмайды. Петро жаңа Айгениден 5—6 километр жердегі бір тақыр алаңды болжап алынты. Ертең Әлім тегі бұл арадан ұшқан самолет соған барып қонағанда Айгениден ат-көлікпен барып отырып, сол жерден самолетке мінеді. Бұған Әлім көнді де енді ексуі де тәуекелге бескініп, ұшқыш, қонғыш «ЯК-тің» Петроның батыл епті қолына бағынған моторға ерік берді. Айтқаныңда 40 метрдей ғана тегіс алаң бар екен. Соның шетінен дәңгелегі тиғен самолет екінші шетіндегі құмға жүріп барып баяулаган жүріс болса да тірелс, көміле барып, зорға тоқтады.

Әлім Петроны құшақтап арқадан қақты да: «Бүркіттің өзіңі! Бүркітше қияға ұя салып ұшып та, қонып жүре аласың! Петро, мені де өзіңмен қоса бүркіт стіп жібердің!»— деп еді. Петро жерге түсіп самолетінің кеудесі құмға батыңқырай тоқтағанын аңдал тұрып:

— Бұл бүркіттің басы батпакқа батып жатқаны мақтап емес болды. Енді тек артымен жылжып мынау қақпашиң басын құтқарып алуға жарагай-ақ та!— деген еді.

Айгениде он шақты жеке қора жайлар болатын. Самолет көліп қонаған соң, бұл жерге жаңа ғана көліп түсекен Жарасов пен Есентаев Әлімді қарсы ала келген-ді.

Бұл кешіте үшінрасу Әлім осы атыраңқа көлгелі болған ен бір көңіл ашаң үшінрасу еді. Медеттің табылғаны Әлімді ырза қылғаны соңша, ол Жарасов пен Есентасевтың қайта-қайта қолдарын сілкін, екі жағына алғын құшақтай түсін, арқаларына қаққап. Аналар қалай танқандарын айткан еді. Бұлармен бірге жүрген қазакша білеттің Петро қай жердеи Медеттің табылғанын аңдаганда саиын соғын дабырлай сөйлемеді.

— Жолдас Ерімбетов, айттық на бағана, оса таулар арасында бір жер қарлы емес, сарғыштау. Неліктен соғай деп едік қой. Біз ол қойдың үстінен үшкамызы! — деген.

— Рае, бүгін гана емес, біз кеше де үшінтық, ол тәбеслердің үстінен! Бірақ тастың түсі соңдай ма екен, болмаса жердің борбастағы соңдай ма! — деп анық аңдай алмай өтіп кете беріп ек. Жылдам өтіп кетіп жүріеміз! — деді. Жарасов бұл күйге әбден түсінетінін айтты.

— Сай соңдай тар гана. Ұзындау созылған корадай болымсыз қолтық. Эрине оның үстіне жылдам үшқан самолет ентеңепі баїқатпай ағып өткен болу керек! — деген.

Есентасев Медеттің айтқанын да естіртті. Қойшы жігіт үстімнен самолет соңғы күндер үшінші өтіп жүрді. Бірақ оның қонағын мүмкіндігі жоқ та, менің белгі берер мүршам болған жоқ! — денті. «Жылт етеді де мын етіп өтіп кетеді. Тау асып, тасага түсіп кетеді. «А» деп уи салура да келтірмейді» денті. Осындағы әңгімемен дабырласып жакын кораларга тақаганда Жарасов бүгін Әлімді «осындағы бір жаксы үйге сізді қопдырығалы өлеміз. Кінкенес көңіл жайланаңын, тәуір ас ішін, жақсы тынышып алайық!» — деді де, шеткерірек бір қорага әкеleiп, караңылау даланға кіргізді.

Үй кең, екі бөлмелі. Іші жақсы, жарығы үлкен лампалары бар. Өзі соңдай жылы, жайлы екен. Конактарды төргі бөлмеге кіргізген үй иесі үзын бойлы, қарасұрлау, таза киімді әйел еді. Ол сыпайы амандастын төргі үйдің есігін ашқанда аргы босагада қонактарды түрекен күтіп түрған зор кесек депелі, шоқина бурыл сақалды, қызыл құрсаң жүзді үй иесі жақсы шыраймен жылы амандастын, Әлімді өзі тапи сала өз қолымен шешіндіре берді.

Жарасовтың таныстырыу бойынша бұл адам осы Лігенедегі белгілі аңшы, өзі мерген, өзі қақпанин, осы тау сахраның бұл да бір қырапы есенті адам деді. Аты Жақ-

сымбет деп таныстырылған бұл кісінің әйелі осы Айгеше-дегі кооператив магазинінің сатушысы Зейнеп екен. Қопагуар үй пелері тезінен дөңгелек аласа столды ортаға қойып дастарқан жайып, қайнап тұрған сары самауыр-дың ыстық шайын, исі шыққан мол табақтагы құырдағын қойып, асқа отырғызды. Жерде көнелеу кілем, жана жақсы алаша, қалың қызғылт, қоңыр текеметтер бар. Кең бөлменің сол жақ терезеге қарсы бітеу қабыргасында оюлы тұсқиіз, әдемі жиылған баршау төсегі тұр. Бір қабырга қонақтардың сырт жағындағы есікке қарсы бітеу қабырга төменин төбеге дейін сәнімен қатарланған сандықтар, олардың үсті қатар-қатар жиылған әр түсті қыжым, атлас, дүрия көрпелер, қалың, таза жаңа көрпелер. Солардың үстіне тіките қойылған әр тысты, алуан гүлі мол жастықтар.

Әлім әнші болатый. Оның көзіне алғаш осы бөлмеге кіре бергенде тұсқен екі музыка аспабы үнемі ойында отырды. Біреуі келісті баян, тағы бірі үкілі домбыра. Әлім әлі сұрамаса да ішінен бұл үйде осы аспаптарды тартатын кім екен деп қалып еді. Шай іше отырғанда Зейнепке мойнын бұра беріп Жақсымбет ақырын күбірледі де:

— Келмеді-ау, бұ қайдада бөгеліп жүр екен?— деген сұрауына Зейнеп өз ойында отырған дәл сондай күдік сұрауын қоса айтты.

— Осынша кеш батқапша неқып жүр екен?! Қайдада жүрсес әт тым құрса мынау бораңда, аязда, далада түнеп қала көрме. Адасып кете көрме!— дегенді көп айтсаң бір көнбейді. Кешігіп жүргенін қараши!— дей берді. Енді біразда Жақсымбет: «тоқташы» деп әйелін бөгеп тыска құлағын елең еткізіп еді. Сол кезде тыстан тықыр естілді. Аттың дүбірі де, жаяудың жүрісі де, жерге тұсқен ағаш па, жүк пе — бәрі де неқыса біреудің келгенін аңгартса берді. Енді біразда аргы есік, сыртқы есік ашылған еді. Зейнеп бергі есікті асығыңқырап барып өзі ашты. Сол кезде қонақтар отырған бөлмеге мойныңда сылдырмак қарғысы бар, шашақ құлақты екі көк қасқа, шашақ құйрық тазы сумандай кеп қатар секіре кірді. «Ә, келген, келген екен ғой!»— дей берді Жақсымбет. Осы кезде ауыз үйден жіңішке болса да үнді жас дауыс шықты да: «Әке, әке, бері шығыңызышы!»— деген еді.

Қонақтар үйде қалып, Зейнеп те, Жақсымбет те ауыз үйге шыға бере: «Айналайын, келдің бе. Ойбай-ау, мына-

уын ис? Куатым-ау, мынауың қалай. Сәулем-ау, мүни қалай алып келдің?»— дескеп әке мен шеше екеуінің бірдей қатар таңырқай қуана, сүйсіне шықсан сөздері сөйледі. Дабырлары жетіп жатты. Бұлардың дауыстарының арасында ашық әсем үнмен көтеріле күліп тұрган бір жастың үпі келді. Аздан соң мәлім болды. Зейнептің үйге кіріп айтуымен төрде отырғап төрт ерек Петро да косыла ауыз үйге үмтыта шығысты. Қараса ауыз үйдің есігінен ашық полға көлденең созылып түскен үлкен көк қасқыр жатыр. Анық, мол қылышқты, қалың түбітті қа-бандай көкшулан, арлан қасқырдың өзі. Соның қасында жалғыз ауыз мылтығын құндағынан жерге қойып, жіцишке аксаусақтарымен темірінен ұстап тұрган сұңғақ бойлы, үлкен көз, қыр мұрынды, қазір екі беті сұқтаған әдемі, жұқа қызылт рең алған, аппақ тістері ашыла күліп тұрған жас жігіт көрінді. Таныса келе бұл жігіт емес, осы үйдің мынау шар тартқан әке-шешенің жалғыз қызы (ереккешора) Сағадат боп шықты. Ол әкесінде аашы, әкесінен де бетер мерген. Үнемі ат үстінде жүріп өскен осы үйдің мырзасы деп аталатын қызық бір ерекше жас бол шықты.

Жұрт асқа қайта отырғаңда Сағадат үлкен ағайлардан сәл қызара түсіп ұялыңқыраса да әңгімесін, бүгінгі көрген-білгепін жақсылап айтып берді. Ол әкесі қойған Үілдектегі қақпандарды аралай барған екен. Бірақ қақпанды мынау арлан бері артқы санынаң түсіпті де тірсегінен ілініп, кете алмай тұр екен. Сағадат күле түсіп енді жылынған соң, ақшыл тартқан жүзімен ұдайы сыйк етіп күліп қойып, әкесінен қарап сөйлемп отыр.

— Эуслі жерге түсіп, тұмсықтан мылтықтың дүмімен ұрайып деп ем. Біресе бұлай, біресе олай ортқып ұрғызбай қойды. Және үрып өлтіре алатын емеспін. Бір жағынаң атым үркіп осқырып, беліме іліп алған шылбырымен өзімді тартқылап кейіп сүйреп күш алдырмаң қойды. Қасқыр жүлқынып жатыр. Содан күтылып кетеді екен дедім де мылтықты қос әкесінен қадай бере періп қалдым. Қылжалаң етіп жығылды. Бүйіріп қауып жығылады екен. Басы қылжалаңдарап, аздан соң тістеген әкесін тастаңды да басы жерге сылқ ете тусти. Содан таспен тұмсықтаң ұрдым-ұрдым да қанжығаға байлан ап жүрептің дессем ат өңгеретіп емес. Ұзын шылбырмен екі аяғының мықтап тұрып буып, қанжығамдағы арқаңды тагын алдым да сүйрете шапқылап алып келдім!— деді.

Әкесі сүйсіне отырып сәл ақыл айтты:

— Қасқыр өлмей тұрып жерге түскенің оғат екен. Жаралы қасқыр ашулы күйде адамға да үмтыйлады!— дегендеге, Зейнеп:

— Астаныралла, қойши. Құдая тәубе, өзін қауып ала жазданты ғой. Айтам ғой, бұл осындаимен бірдемеге ұшырайды!— деп әрі сыйынып, әрі қызын кінәлай ұрса түсіп, қабагын түйе қызы мен еріне кезек қарап қалған еді.

Сағадат әкесіне орынды жауап берді.

— Оны білгем жок. Бірақ торы атты білесің ғой. Ат үстінен оқ шығартпайды. Жерге түскенде атамын дег түскем де. Эйтпесе өлтіре алатын емеспін. Қалдырайны ба қақнандағы қасқырды!— деп шешесіне қарады.

Әлім бағанадан Сағадатқа катты сүйсіне қарап отырған. Енді өзінің үні зор даусымен Сағадатты макұлдан күліп жіберді.

— Сөз-ак. Қарындастым, қандай азамат едің!— дегендеге Есентаев, Жарасов екеуі де: «Жігіт, азамат! Мінш жас болсаң осындаі бол!»— деп те қойған еді.

Сағадаттың табысы, әңгімелі өзгеше оқшау, өзге қыздардан бөлек өмірі, дағдысы, өнері үй ішінде бірталай уақыт сөз болысып еді. Бұл шакта Сағадат үндемей өз жайындағы кей әңгімелерді ашық, сүйкімді үнмен сықылықтай күліп тыңдаған қояды да, сөз қатпайды. Шайдай соң ол ауыз үйге барып үзып көйлек киіп, түйген бұрымдарын түсіріп, үзын шаштарын төгілтіп төргі үйге жуынып алған күйде жаңа ажармен кірген еді. Бұл шакта Жарасов пен Есентаев Әлімге де, Жаксымбет, Петроға Медеттің табылған жайын, жерін әңгіме етіскеи болатын. Оны сүйсініп мактау үстінде Есентаев өзі сондай әнші, айтқаны Шәмші Қалдаяковтың әні «Ақмандаілым!»...

— Бір түрлі сулу да, берік қайратты қажырлы жас. Жоғалып кетіп аяз астында, күн мен түн бойы он шакты күндей жалғыз жүргені жеңбеген, қажытпаған, бір сұлу сабырлы жас екен!— деп Жарасов Медетті сүйсіне мактады.

Жаксымбет бұл хабарға анық сүйсінді.

— Шынайы азамат мышau екен. Өзі және ән сап жүр дейсіз бе?

— Эн салып жүр.

— Әнді тамаша шырқатып жүр.

— Тағы және кітабын да оқып жүр.

— Қойнында романы жүр! — дегенде Жарасов пен Есентасевқа кезек қарап аңыра қалған Сагадат:

— Қандай кітап екен? Өзі оқыған шопан екен фой? — деп ашық жүзін көтеріңкірей хабар тосты.

— Оқып жүргсін «Нагыз адам туралы аңыз». Оқыған жас. Тіпті онжылдыкты бітіріп, әдей осында келген. Өндірістік практика атқарып жүрмін, жоғарғы оқуга барып түсемін дейді! — деген хабарды да Есентасев Медетке сүйсінген қалпынан аумай жеткізген-ді. Жақсымбет енді тағы бір жайды білгісі келіп:

— Мұның боранин тығылып қалғаны қай сай екен? — дегенде, Жарасов:

— Осы арадан туралай есентесе кашық емес. Шамасы 12 километр мөлшеріндегі аласа қоңыр адырлар, койтасты адырлар арасындағы бір тар қолтық. Екі жағасы тіл-тік. Ұзынша жіп-жіңішке бір сай. Қызық қолат! — деген еді. Соныңда бере ең алдымен Сагадат:

— Уа, ол Қасқырсай! — дей бергендеге, Жақсымбет те:

— Бәрекелді, Қасқырсай екен фой. Бәссе онда пана да бар. Қар астында бір кора қойға біраз күи талшық болатын әртүрлі бұта-көде көр-жер де бар...

— Онда бозқараган да, қалың шығатын ыраң да болатын, — деп Сагадат үлкен тәжірибелі ер адамдардай жер жөніндегі байқагыштығын да ангартты. Осы кеште Сагадаттың екінші сыншаты Әлім, Жарасов сняқты қонақтарға тағы да ашылды. Ас алдында енді баян мен домбыра тартатын ашық иссі Сагадат екенін жақсы аңдаған Әлім Жақсымбет пен Сагадатқа кезек қарап әзіл айтты:

— Бүгін бір жақсы кешкеп сіздердің мына қонақжай жақсы үйінізде үшіньярасқалы біз мынау аязды, бораңды сүйкі күнді ұмытып отырмыз. Өздерінізбен, үй несімен мәжілістес болу бізге соңша бір жайлай жағдай болып отыр. Бейілдерінізге, сый-құрметтерінізге ырзалақты әлі айта жатамыз. Ас несімен тәтті деген пакыл бар сняқты. Мына, осы мына біреу баянға қарай түсіп: баян баяншысымен тәтті. Осы баянға «исеңді тапшы» дегім кеп отыр. Сол осы мына мениң қасымдағы жолдастарымның да тілсін сняқты. Жә, осының несі әкессі мә, баласы ма? — дегенде үйдің іші жамырай құліп қалды.

Сагадаттың үшін созыла күйлі күлкімен ашығырақ естіліп еді. Әлім өзі де үлкен көзін жоғарылай қаға түсіп сүйкімді кішкене аузымен күлкісін де қатар естірте отырып:

— Қалайда үйреншікті қолдың біреуі бағанадан бізге телміре қараш тұрған осы баянды алса не етер сід? — деп тагы да сыйпайы сөзіне, орынды тілегіне үй ішін сүйсіндіре күлдіріп қойды.

Енді біразда баяимен Сағадат үні белгілі тілдің тұсында өсіреле томенгі жіцишке тілдің үніне қосыла сыйла шықты. Осыдан кейін ас жасалғаша Сағадат талай әндерді әдемі айтып берді. Бұл Абайдың «Айттым сәлемін» айтады екен. Радиодан естіген Розапың репертуарын білген екен. Енді бір кезекте қошактарды тагы да сүйсіндіре түсіп ол «Ақмаңдайлымға» ауысты. Барлық айтқан әнін өзінше үлкен сезімді салмақпен, баппен қысылмай, асықпай, кең қайырып, бар нақыс ырғағын баянда да, өзінің үшінде де дәл келтіріп жақсы айтты. Эн айтуында қалада жүріп өскен театр, филармония музыкасын тыңдап өскен, сан концерттерде көп болып, өз құлағымен тыңдал үйреніп өскен өнерлі жас екені аңғарылады. Кейін сұрасқаңда Сағадат жетіжүлдеки аудап орталығында оқып бітірген екен. Ол аудап орталығына келіп жүретіп үлкен артистердің, үлкен көп концерт топтарының ән-күйлерін шынайы өз құлағымен естіп, ұғынғаны рас.

Бүгінгі кеште бұл өзгеше жастың бір жағы соңша сирек үшіншілік әлдеқандай амазонка тәрізді сыйпаты білінді де, сопымен қатар көп қазақ қыздарының жетіжүлдеки соң оқи алмай әлдеқандай үй ішілік себептер тұсан, бөгеп қалатын жабайы жалпы қыннышлығы да мәлім болды. Бұған ілгері қарай оқу шарт екенін, Баскентке келсе жетіжүлдеки оқумен таңдаған техникумга түсуге болатынын және түсіруге көмек ететінін Әлім өзі серт етті. Оқуға шақырды да. Ас үстінде Медет тагы еске алының, әпімен қоса аталған еді. Бұл кезде Сағадат сол шоғаниның мынау үлкендерді анық ырза қылған сүбесіне, мінезіне өз ішінен ең алғаш анық қатты көніл аударды. Бұларға айтпаса да енді бір аңға шыққан шағында сол шопаңды барын көріп, қолдан келгенде бір пайдастын тигізіп, көмек етіп кеткісі келген ойды сезінген еді.

Келесі күні слең-алаңдан тұрған Әлім мен Жарасовқа Ержанов келіп жақадан тагы да бата түскен қыннышлықты айтып келді. Ноян ауданы Қасымовтың уәдесі бойынша жем жіберіпті. Барлық отарлар жемді алып жатыр. Бірақ пішени тагы бітуге айналды. Күн аяз, қар әлі

қалың. Жайылыс жоқ. Пішенисіз өзі қоздап қалған қой өлімге басты. Барлық отарларда әсіресе «Шеген» совхозының 30 отарынан тегіс хабар алыпғанмен қоздап тұрып өлген, қоздай алмай өлген саулықтар саны бар жерде де көбейе бастады. Осы хабарды әкелген Ержановтай Әлім Шаудың хабарын сұрады, 17 машинамен «Тасты» совхозына құмға жіберген Шау қайда? Хабар бар ма?

— Хабар емес, өзі келді. Екі күн жүріп жете алмай бар машинасы жолда малтығып, бүгін түнде қайтып келді.

— Түү, құдай атқан скеп гой!— деп Жарасов ырынып түскендей болды.

— Сол бір шалағай, қолынан түк келмейтін адамды тағы да жіберіп. Сеніп отырганымыз сол еді. Әрі шөп әкелмей, әрі машиналарды бөгеп, қырсық қой мынау!— деп орынан атқып тұрып, не істері мәлім болмаса да асығып, сыртқы киімін кие бастады.

Есентаев пен Әлім де ешпәрсепті байламаса да қысылған, қиналған ойдан үстінде есепсіз бір қозғалыс ретінде қатар киіне беріскең.

— Жолды біледі деп жіберіп ск!— деп жатыр Есентаев.

— Жол білгені бар болсын. Қазір тез басқа бар машиналарды қамдатындар. Енді «Тасты» мен «Жуантөбе» скеуін де көріп, көзіммен көріп және біразға жететін шөпті қарбытып мол стіп әкелу үшін мен өзім жүремін!— деп Әлім байлау етті.

Бұлардың қысқа кеңесі тыста машина мен тракторлар тұрган колониаларға жаяу жүріп келе жатқанда узілген жоқ еді.

— Олай болса бензовоздар өзір болсын!— деп Жарасов барып қайтыстың үлкен қамыш айтты. «Ол жакта бензин жоқ. Өздеріңмен ала кету керек. Мұнда тың тұрған скі трактор бар, сол қоса жүрсін!» деген кеңесті Ержанов айттып еді.

Колониага келгенде Ұзақ ауданының районсполком бастығы Құрманов «ГАЗ-69» машинасымен жаңа келген скеп. Одан жай сұрағанда Әлімге Ұзақ ауданының қыншылығын білдірді. «Бұл аудан өзі де шебін бітіріп, енді «Қөңекент» совхозы қойды өлтіре бастапты. Аз емес, көптең өліп жатыр. Қындық үлкені біздің ауданының өз басына келді!»— деп Құрманов Әлімге шының айтты.

Әлім бұдан:

— «Тасты» мен «Жуантөбенің» қайсысынын шөбі көп? Қайсысына барса Ноян мен Ұзақтың екеуіне де жетерлік шөпті бір жерден алып қайтуға болады? — деп сұрап еді.

Құрманов түнде «Тастымен» сөйлесіпті. «Қашша болса да шөп бере аламыз. Тек көлікпен, мол көлікпен жетудің қамын ойланадар!» — депті. Айнала қыншылық. Әлім келгенмен женилдік түгел келген жоқ. Раң, адам басы қауіптең құтылды. «Шеген» совхозының барлық отарына сол қатарда Медеттің отарына да үй тігіліп, палаткалар тұргызып болған-ды. Бұған түндептіп отырып, кешегі Жарасов пен Есентасев кешкеп қамдатқан үй, палатка, азық, адам көмегі, ас пісіретіп бір қартаң әйел — бәрі де бұған таңертең Медеттің отары жатқан Қасқырсайға орнапты. Осымен ең соңғы қатердегі аяз астындағы пана-сазы қүйде қалған шопан құтқарылғандай.

Бірақ Әлім келгелі күші мен талабының бәрін сол адам жайында, әсіресе «Шегенің» панасыз отарларына салғанда екі ауданиның өзге шаруалары қатал қыстың әлі айықлай тұрган аязынан құтылған жоқ. Қайта қой коздай бастағалы соңғы бес-алты күн ішінде қысыла түсті. Қындық жас козы туып, өле бастағанда барлық шаруа басындағы шопандар мен аудан қызметкерлерін тегіс түршіктіре бастады.

Әлім енді ойласа шарасыздық зығырды қайнатады. Әлі иықтан басып тұр. Құрманов пен Жарасовқа сәл тоқтай тұрындар деді де ішіндегі байлауын әзір ойда сақтап Баскентпен сөйлесетін рацияға келді. Жаңағы өзі біліп тұрган айналасынады екі аудан адамдары бұдан бір көмек күтіп тұрган халдың бәрін Әлім Карповқа толық айтты. Карпов бұдан: «Енді не іstemек ойын бар?» — деп сұрап еді. Қыншылықты Карповтың өзі толық сезіп, Ұзақ ауданынан Ноян үшін шөп көмегі тиу былай тұрсып, оның өзіне шөп керек бол қалғанын түнде «Көнекент» совхозынан, Әбдімен өзі өз бетімен сөйлесіп, Есдәuletov айта алмаган, жасырған ауыр шынықты өздігінен біліп айтты.

Бұл аудан секретары Есдәuletov Карповқа берген жауабында совхоздың директорларын кінәлапты. Олардың аржағынадығы бөлім бастықтарын айыптаң жамап-дапты. Солардың берген теріс, жалған ақпараты көзіррайкомды да өтірікші етіп қинап отыр депті. Ал өзін

берген азық пен шөп жеткілікті деген хабарларың қайда? Ол сенің өз көзіңмен көріп, обкомға, облыс басшылына анықтап біліп берген нақтылы деректі хабарың смес не еді?— деп сұраган Карповқа азық, пішен бар еді. Жеткілікті еді. Соны «Қонекент» совхозындағы бөлім бастықтары сияқты жергілікті жауапты адамдар шашып, босқа үлестіріп, транжерит стіп қойыпты!— деп жауап беріпти.

Әліммен әңгімеде Карнов бұл жақтың шарасыздығын кезек айтысын тұрып білген соң енді Нояниң ауданы жасарлық мүмкіншілікті Әлімнен сұрап еді. Әлім: «Ол ауданың секретары Қасымов айтқанын істеп тұр. Колынаң келгенді жасап жатыр. Ол өз міндеттіне алғаны жем еді. Онысының бәрін бір Ноян ауданы емес, Ұзақтың «Қонекент», «Калинин» совхоздарына да жетерлік жәрдем стіп жіберіп тұр!»— деді. Ал шіңшінді сонау Ноян ауданына тасу, сошиалық алыс. Машина, күш-көлікті Қаратудан асырып жүрудің өзі және бейнет. Шөп өзгеше қымбатқа түсстін сияқты. Сондықтан ендігі жалғыз шара — құмдағы «Тасты» совхозына барып, төтслей жүрсе ол 120 километрден артық емес. Бар машина күшін, бар санын енді жишиң алып соганғана бару керек.

Карнов енді осыған «мақұл» деп токтады да, барлық осы істі тыңғылышты етіп айтқандай орындан шығатын, әрі қажырлы уәдеде тұратын мықты адам керек деп еді. Соңдай сенімді адамды тан та, қазіргі сағатта жоңелт. Бүгін кеңіке маган обкомға хабар ет!— деген еді. Соңғы Карнов айтқан жайларды ести тұра нық, берік байлауга бұрын келген Әлім қазір жауап айтты.

— Осы жолға қазір мен өзім жөпелемін.. Мұндагы шарасыздық ыза қылғаны солина, енді мен өзім жүріп, өзім барып сол керек шөпті өзім алып келмекке бесіндейм!— деді.

Карнов мұнысын ырзалаңыспен мақұлдады. «Тек Жарасовқа айтын кет. Сенің қалай, қайда жүргенінді обкомға хабарлан тұрсын!»— деді.

Рациямен сөйлесіп, бар байлауды жасап шыққан Әлім скі сағат әзірлік жасатты да, сол шақта 40 машина әзірлетті. Қатарда екі трактор, үш бензовоз бар. Өзі Құрмановтың «ГАЗ-69» машинасына мінді. Сөйтіп колоннаны бастан, жолға түсті.

Бүгін Әлімнің Жарасов мөслихаты бойынша машинаға қасына алғаны Қожақмет. Бұл өңірдің қыста-жазда,

күндіз-түндеге, ак боран, ак жауында адасу дегенді білмейтін сахраның көреген көзі. Соның өзі жылы күйгөн күйде Әлімнің, Құрмановтың қасына отырды. Бұлар бар машина шоферлерінің жасасқан уәдесі бойынша алда жүріп отырады. Кешелер Шау адасқаң, журе алмай қайтқан дағдылы машина жолымен жүрмейді. Оның орында Қожақмет жақсы білетін түйелі керуен жолы бар екен. Әлім сол жолды анықтап бастап-аяғына дейін, «Тасты» совхозына дейін баратын өнбояның сұрастырып алды да шофер Әутәлінке дәл сол жолмен тарт деді.

Қожақметті алдыңғы орынға, шофердің қасына отырызды. Осы тартқан бетте жыныны 114 километр жолды арттағы бар колоннасымен бөгелмей жүріп отырып, сол күн «Тастыға» жетті. Арттан келген шоферлермен түгел «Тастыда» бас қосып, бұл жетудің жайын аңғарысты. Соңғы машиналар қиналып, тракторлар сүйреп зорға откізген жерлер болыпты. Қайтыста бүгін түн сұық болмаса, жер мықтап қатып қалмаса бүгінгі келген жолмен жүре алмаймыз. Жүкті машиналар артқы қатар емес, алдыңғы, ең алғашқы жүкті машинаның өзі де батын қалатын болады. Соңғы соң 40 машинаны 40 күн сүйреттін күйге үшіраймыз деп соңғы он шакты машинаны шоферлері Әлімге мәлім етіпті. Бұл жұрт тамактанып, тынығып алып кешке «Тастының» үйген мол маяларынан бар 40 машинаны толтыра нығыздап басып, ұзын арқандармен мықтап тартып тиеп алысқап еді. Ертең қайта жүрестін жол бар. Түн, бүгінгі түн аяз керек. Осы кештеге бұлар Әлім мен Құрманов, Қожақмет үшеуі Мойынқұмның осы Мырзабайға дейінгі шет өлкелеріндегі өзгеше қырсық қыныңдықтар жайларын айтысты. Бүгін анықталса, бұл маңайда борбас, ойылма бос топыракты жерлер көп. Құм деген оңай. Бір жағы құм, кейде қарлы болып жатып, аязды күннің өзінде кей түстарда борбастақ жер ойылды кетіп, мны шығып жататыны болады. Ендігі қайтыстың қаупі Әлім мен Құрмановтың барлық ойын, сезімін, тіпті қиялыш да дегендегей өзіне бұрып алған еді.

Осы түндеге бұл екеуі кезекпе-кезек далада шығып ауарайып, күн жайын бағумен болған. Бірақ қырсыққандай дәл осы түндеге күн жылышын, талаідан болмаган жеселіз, жылы көктем түні түнды да тұрды. Алдагы күн не сыбага тартары белгісіз, жантайған күйде бұлардың бәрі де кезек-кезек күрсіпше береді.

Түндегі конактарды әнімен, сыйымен күрметтеп жөнелткен аңны Жақсымбеттің үйі күндіз өз өрсектіне кіріскең. Екі тазыны ертіп Жақсымбет кешігі Сагадат мінген торы атқа мініп тұлқі қараш кетті. Жуастау көкбестіге мінген Сагадат қашжығасына бір түйіншек байлады да адырга қарай кетті. Қасқырсайда басына үй тігіліп, түсте он күнисін бері бірінші рет ыстық ас, жақсы шай ішкен Медет сиді түстен кейін қойын қарсы бетке қырындал жылжытып шыгарып, өзі жотага тамаш ақырын аяқдап келе жатыр еди.

Айгөне жақтағы белдің астынаң ән шығады. Тақап келе жатқан әдемі, таза шырқау ән. Енді біразда аңыра тұрып қайран қалды. Әнді бұл таин кетті. Әсем бұралып, пәзік оралып, жібектей үйіріле қайырган ыргагы мәлім «Ақманаңдайлым» әні. Көңілденген, кешеден бері сергіп бар жан денесімен қайта сілкініп, бұрынғы жарқын, қызықшыл қалпына келген Медет сиді өзінен өзі құліп ән шыққан жаққа аңыра қарап қалды. Ән тақап келді. Енді бұл да әниң қайырмасына бел астындағы әуенге өзінің еркекше зор, таза даусымен қатты басып қосылып кетті. Сөйткенине арғы ән үзілмей, бұның әні де үдей екі дауыс әсем жарагастықлен қосыла берді. Сол шақта белгісіз ән иессінен бұрын көктөбел аттың ауыр жүріп, өрлсій келе жатқан құлагы мен кекілі, маңдаійының төбесі ғана көрінсе берді. Енді бір сәтте басында сусар бөркі бар, үстінде ақ елтірі інігінің жағасы қайрыла қаусырылған ақ сұр жүзді, күлкілі пішінмен әндегін келе жатқан әйел дауысты жас бала жігіт көрінді.

Бұлар амандаспастаң әндерін ірікпей бірін-бірі тақап келгеніне сүйікті ырғакты соза беріскең. Соның екі қайырма жолдары сиді екі үнің әдемі қосылуымен аяқтай берді.

...Жақсылықтың жок, сәулем, ерте-кеші,
Жадырашы, наzdанины, еркелеші!..

десумен қатар ат үстіндегі жолаушы жіңішке үзын ақ саусақтарын Медетке қарай үніз соза берді.

— Сен Медетсің гой? Аманбысың? Бар жайынды Жарасовтардан естіп келіп, әдейі саған амандасып түрған Айгенедегі әйгілі комсомолка Сагадат!— деп құліп қойдя.

— Сағадат! О, мен атыңды көп естігем. Мерген екеніңді, аңшы, әнші екенінді — бәрін білемін. Тек сен тура-лы әлі жазылған романғана жок. Ал аңыз, ауызша аңыз, осы өңірдің Мойынқұм мен Қарататудың бар өлкесін алғып кеткен. Соны жақсы білетін Ноян ауданының «Шеген» совхозы комсомолдар үйімінің мүшесі Медет Есепов! — деді.

Бұлар қой шетінде оцай танысып, анық ашық тілекtes жастарша жайларын жасырыспай кезек айттысты.

— Корыктың ба? Өлемін деп корыкпадың ба? — деп те Сағадат сұрап еді.

— Коркынманың ыза болуым көп болды. Осындаимен өлсем ит өлімі емес пе, деп ызалаңып ем.

— Аштық қипамады ма?

— Онша қатты ашыққам жок. Қоңте не көп тастан бол қатып қалса да бір қапшық таба наңым бар еді.

Сағадат сұқылықтап құліп алды.

— Енді қайтып таба наңды жемейтін болған шыгарсың?!

— Жоқ, таба наңға өмір бойы қарыздармын. Тірлігіне ортақ болды. Неге қарамаймын. Кеше сары май тигелі көме-көме батырып, тағы да құлинина-құлшына асадым.

— Тамақсау екенсің гой! Болмаса кеше саган сары май да, шүжік та, жақсы наң да әкелді гой Жарасовтар. Соның үстіне тағы комағайланып таба наңынан да аузыңды үзбесің гой! — деді.

— Ендіңі арманым — өрніне тамақ емес.

— Мен айтаймы ба?

— Айта қойны!..

— Моншага бір түсіп, іш-кнімдерді бір ауыстыру болу керек! — деп көптерін бір жақын, таныс достаң жылы қараған Сағадат Медетті есіркеген күйде жымниң тұрын атының қанжығасынан бір түйіншекті шешіп алды.

— Мынау саған бір пар ішкі-киім. Ал қазір соны ауыстырып ки. Және осында мен, сен өкіткен бір роман да әкелдім. Мә, «Үш мушкетер!» Оқын па едің?

— Жоқ. Естісем де оқыған жоқ ем.

— Ендеше күннің қалай өткенін білмей қаласың. Осыны оқи бер. Ал енді бір-екі күнде мен үйден рұксат сұрап келем де сенің орынца бір күн қой жаям. Өзіңе атымды берем. Сен біздің Айгөнеге барын моншага түсіп қайтасың! — деді.

Тұс ауғанға шейін Медеттің қасында жүрген Сағадат бұл сайдың Қасқырсаң атанатының, осы сайда бұрын қалып бір шеңгел өсіп, соның түбінде қасқырдың үлкен апаи іні болғанын айта бастап еді. Медет бұл жайды тыңдал алып:

— Не дейсің? Бәрекелді!— деп мәз бола күліп алды.— Мен осы сайдға келген соң үшінші күнде қар үстімен келе жатып, оқыс бір орға құлап түсіп кетіп ем. Қарасам бір кісі сыйғандай жер күркүұлық сияқты. Терсің жыра екен. Түндерде мен қатты жел аязда сол жыраға қойды жағалай піріп, өзім жыраның ішіне түсіп, жылынып жататын едім.

Сағадат тагы да құрбыша әзілдей құлді.

— Ендігі қасқыр сен боп кеткен екесің гой. Бұрынғы қасқырлардың бүгінгі нәсілі болған екенсің гой!— деси сықылықтай құліп еді.

Медет біраз ойнақыланып сұңғақ бойлы, сұлу жүзді қызға қасқыр болып екі қолын арбитын, жауырының құжірейтіп, тісін ақсита «аф-аф» деп тап берді. Бұл екі жас осылай алғашқы үшырасудың өзінде екеуін де жесіл тиген әзілдес құрбы халдеріне келген еді.

Әлімдердің қайтыс сапары түнде ойлаған құдікті түгелдей расқа шығарды. Кешегі келген жолмен жүруді қойып, Сарысұдың «Құмкент» совхозының жерінен жүріп өтетін бір жолы бар екен. Айтуышлар сол тың жол және тәуір десті де бар колония шоферларымен сөз байласып, бет белгілесіп алып, Әлім, Құрманов, Қожақмет алға түсіп жүріп кеткен. Егескендегі бұлар жүріп, жолға шыққан соң бір сағаттан кейін тагы да Қарабастың желі құтыра соға бастады. Қүн қатты сұзып, тез аяздан кетті. Соган қарамай жол үстінен ауыр қырсық бөгет шықты.

Жолда Сарысұдың бір жүк машинасы батып жатыр екен. Ішінде адам жок, үсті толған өлген қойдың өлексерсі. Машина төрт дөңгелегімен қар смес, борбас жердің желімдей сүйқылт-сұргылт лайына батынты. Жолдың иеше алуан пәлесін көріп, көзі қаңған дағдылы Әттөліп бұл машинаны үстал жатқан кесір үлкен қырсық екенін алыстан сезіп, бас шайқап, жолдың бұл тұсынан сәдәүір шеттеп бүйректей бұрылды да, бұл борбасты айналып өтті. Бірақ ілгері жүргенде жарым километрдей-ақ ұзай бере машина лық-лық етті де жүріп келе жатқан қалпынан үрып жыққандай солқ етті де тұрып қалды. Төрт дөңгелегімен бірдей лай-миға батынты.

Жерге түскен адамдар және де аяктары кар астындағы міға кіре-кіре берді. Нагыз оцбаган борбас лайдың өзі бол шықты. Бұл осы атырапта кей-кейде шығып қалатын жердің іріндей қара жердің жара жері, ірінді жарасы.

Ен әуелгі сезім сондай бір жириенін болғаны не керек. Кейін сол сэтте Құрманов бұл жакта көп жүрген тәжірибесі бойынша ендігі жайдың аса қатерге түскепін білдірді.

— Құм дейміз, құмға ма бұл жақта? Қызылқұм, Қарақұм тәрізді емес. Осы Мойынқұм жагалауының дәл осы қырсығы анық үлкен сордың бірі. Қөрші, міне аязда да қатпайды! — деген.

— Бәсе, қақап тұрган аяз мынау. Шілде күндей не қылған сүп-сүйік лайсац. Машина шығу былай тұрсын, өзін мына қырсық түгел сорын кетпесін! — деп Әлім, Којақмет екеуі батпақтай-батпақтай машинадан шет шығып зорға дегенде аяқ батнаітын катац жер танты. Шофер мен Құрманов та бұлардың қасына келді. Осыдан біржарым сағат бойында алды-артынан күткен көлік машиналардан белгі болмады. Машина дәңгелектері үштен біріндей батып, содан әрі терсіндеген жоқ еді. Аяз шыдататын емес. Мұндай қатты сұық соңғы күндерде болған да жоқ еді. Желі бір жағынан беткес мұздаган темір басқандай қарып жалап, әрі күйдіргендей, теріні сидырғандай апшыны қуырып барады.

Әлім мен Құрманов біріне-бірі «мұрныңың үшін агарды, бетің ағарып барады, уқала!» — десіп төрт жолаушы ендігі аязбен, қабаған шттермен алысқаңдай, жұлдызып беттерін уқаласу, қолдарын ысқылап, денелерін ширыктырып көреді. Қазір уқалаган бет сәл жылынгандай болады да, енді біразда ағаштай қатайып сезімінен айрылып бара жатады. Далада тұра алмай машинаны ықтап тұрайық десе, оның айналасы батпак. Бұлар халі үлкен қыныңдыққа түсті. Енді не қыларды ақылдақсанды шофер Әутөліп кенес айтты.

— Төртеуіміз бірдей осы арада тұрып үшып қалма-ышық. Мына Әлім ағай, Садық ағай екеуініз, — деп Құрмановқа негін көтеріп, — жаяу жүріп ел ізденіз. Осы маңда сексеуіл байқалып еді. Біз мына Қожекең екеуміз сексеуіл сыйндырып әкеп, сопы жағып жылынын жан шақырып отырарамыз. Колонна қайда? Содан олар да батып жатыр

гой. Тым құрса бір трактор жеткізіп көріңіздер!— дегенде, Қожакмет те ақыл қосты.

— Бағанагы бір әзірде біз жол қасындағы жалғыз үйден өттік қой. Сол Сарысұдың бекеті. Сонда ат та, түйе де бар. Әуелі өздерің соңда барып жылыныңдар. Содан көлігімен колонианы тауып көріңдер!— деген байлау айтты. Әлім біраз ойланып тұрып:

— Ендеше, Әттәліп, сен көрген сексеуіл қай арада? Әуелі соғап жетейік. Екеуің емес, төртеуміз болып, сексеуіл сыңдырып осы арага соны жеткізіп көрейік. Сөйтін сендерге сенімді жылынатып жағдай жасап, біз кетсек содап кейіш кетейік!— деген. Осы байлау болып төртеуі жолдан шығып бірінің ізін бірі басын шұбырып оң жақтағы құм белдің орта тұсына қарай тартты. Сол бетінде олар бір сафаттай жүріп шашырай шыққан жеті-сегіз кәрі сексеуіл селдір тобына жеткен еді. Енді обжом секретары, райисполком председателі, шофер деген айырмыс жоқ, бұлардың бәрі бойдағы құштерін, бар қайрат-қажырларын бір білектей қосты да, алғашқы бір сексеуілді әуелі бұтағына төртеуі салмақ салып асылып сыңдырып ап, сол бұтақпен кәрі сексеуілді үрғылай ырған басқылап зорға дегендеге сыңдырып алды. Алғашқы сексеуілді жеңіп алу кейінгі істерін көп оцайлattы. Сексеуіл атаулының үргылай берсе опырылып сына беретін өзгешелігі бұларға қазір аса бір мейрімді жақсылықтай болған-ды.

Алғашқы сексеуілді жыққан жерде Әлім өзінің үнді зор даусымен сақылдан құліп жіберді.

— Қайран, байғұс сексеуіл-ай. Өзге ағаштай емес, осындаі бір көңілшектігің бар-ау. Опырыла кеткенін қарашы!— деп жолдастарын құлдіре жүрді.

— Бәссе, төрт бірдей азamat кеп мойнына асылған соң қаттылығы неғын шыдастын, мейрімі түсіп кеткенін көрмейсің бе?— деп Садық Құрманов қоса әзілдеді. Қожакмет қалған сексеуілдер түрлеріне қарап алдыңғылардың өзілін сидіті ойындағы есепте қоса соза берді.

— Өздерінің ақсақалы осы сексеуіл екен. Үлкені бізді қабылдаған соң қалғаны да жақсы қарсылар. Енді осы сексеуілдің өзімен міне біреу осыған жасы тетелес болу керек, тағы бір кәрісіп үрғылан қөрейік. Сексеуілмен сексеуілді үру тегінде балтамен қарағайды шапқаннан әлдеқайда оцай. Бұлар сексеуілмен алысып жүріп бетмұрындарын да ұмытқан жоқ. Аяз ұмыттырмады. Әлі де аз уақыт болса жалап, қарып күйдіре береді. Бірақ ұлы

депелері сексеуілдермен алысұ үстінде жылышып қалған еді. Аз уақытта бұлар төрт сексеуілді құлатып алды да, соны көтеріп, кейбір алып жүрулеріне ауыр болатын жуантық түбірлерді осы арада қалдырып, әрқайсысы бір-бір сексеуіл арқалап машинага қайта келген.

Бензин құйып от тұтатқанда құргақ қатты сексеуіл және де мейірленіп жана бастады. Енді машина басында қалатын адамның қамы істелгендей болып еді. Осы шақта Әлім байлау айтты.

— Жә, сиді скеуің осында қаласың! — деп Әутәліп мен Қожақметті үлкен сұргылт көзімен көздеріне қарап барлад өтті. — Азық машинада. Шыдай тұрыңдар, амал жоқ. Тек үсіп қала көрмендер! Біріңің бетінді бірің құзете отырыңдар! — дегенде жас жігіт Әутәлін:

— Енді бізден уәйім етпесіздер. Тарта берініздер! — деді.

Сонымен Әлім мен Садық скеуі әлі де қақап тұрган аяз, қатты қара дауыл астында кейін қарай жол жағалап жаяу тартып кетті. Бұлар жолда бекеттегі жалғыз үйге келгендегі қартас шал мен науқастау әйелі бар скеп. Екі жаяу жолаушының ажарын көрген үй адамдары шай қайшатып, ыстық шаймен бұлардың беті-бойын жылдыты.

Енді біразда кеш бата бергенде осы үйдің түйесін алып екі жауапты қызметкер сол түйеге міңгесіп, колонианы іздел тағы да кейін қарай жол тартты. Әлім Отан соғысыни Садық снякты көп жылдар бойында басынан атқарған. Бұл Балтық тесізінде әскери кемеде қыскы аяздарда әскери флот жауынгері бол көп істеген. Фин түбенін қатты желің, сұық толқынын, әсірессе қыскы таутау мұздарын талай шактарда жаяу да, көлікпен де кез-гөн болатын. Бергі уақыттағы жайлар түрмис, жылы пәтер, жұмсақ орындық, төсек, жайлар кабинет бәрінде жүріп-тұрганда ол бұрынғы шактың бастан кешкендерін ұмытқан емес-ті. Қайта осы облыстың жауапты қызметте істеп жүріп, жазғы ыстықта, қыскы сұықта Қарабастың осы қарабасқыр сұмдық желіпің астында күн-түн демей жүре беретін. Өзін апда-санда осындай қыншишылық күйге өз еркімен біраз тастап қоюға әзіргі қажырлы саудепесімен қажет көретін. Қазір түйесің алдына өзі мінді де, қара іңгешті баяғы бала кездегі дагдысы бойынша қос қабырғасына тепеңдеп, кезектеп тепкілсій түсіп жінжиі «атшу-атшу» — деп жіті жүргізіп кетті.

Осы күниң кеші батып, түнге айналған шакта гана

ол Садық скеуі отырып қалған жерлерінен жаңа құтылып келе жатқан колониага үшырасқан. Қайтыста түйсін кемпір мен шалға алғысын қоса табыс стіп, енді бар колониамен алғашқы машина отырган жерге қарай тартқан.

Әутәліптер қалған жерге тақалғаңда алдыңғы машиналар кешегі құндізгі жеңіл «ГАЗ-69» дең жырак жерде бөгелді де, бірі артынан бірі отырып қала берді. Сонымен түи бойы бұл колониалардың айналасында барлық шоферлармен бірге Әлім мен Садық тынымыз ауыр азап бейнетке түсті. Таңға жақын суық дәл 40 градусқа жеткендей анық ақырған сұрапылдың өзі болып еді. Кешеден бергі тоқудың арты Әлім мен Садықты қатты қажыған-ды. Соған қарамай ол скеуі оц жактағы кешегі сексеуілді тапты. Содан кеше құлатылған, бірақ алуға ауырсынған жуап екі сексеуіл түбін екеуі де ныктарына «ап» десіп көтерісіп алып, енді әлі де айқын жатқан кешегі өздерінің ізімен алда көрініп тұрған Әутәліптің машинасына қарай тартқан-ды.

Бұлар машинаға тақап келгенде алдаған, аудан жақтаған бір «ГАЗ-69» жүріп келіп жырактау түсқа тоқтаған еді. Соның артында екі трактор келеді екен. Сексеуіл арқалап Әутәліптерге Әлім мен Садық тақап келгенде бұлардың алдынан слең-алаңда құліп қарсы шығып тұрған Жарасов тап болды. Оның көзіне ала-көлеңкеде Әлімнің бет-аузы мұлде қабарып, қаражай түсіп, көкшілденіп үсіп, ісіп кеткендей еді.

— Ойпир-ау, барсыздар ма?! Беттерің үсіп кеткен жок па?— деп Жарасов Әлімнің пығынаң, құшактал сексеуілді ала беріп еді. Әлім куапып, саңқ стіп үн катты.

— Ой, айналайын, Жарасовпышың? Қайдан ғана жеткен едін? Мұндай керегің, көмегің қажет шақ болмас тірлікте!— дей берді. Бұлар жайды аңғарысқаңда Жарасовқа Әлімнің алдынан баруды және де Карпов түнде бұйрық еткен екен. Сонымен Жарасов бұлардың жолда батып қалғанын біліп, скі трактормен осы жақтаң шығыпты. Енді біразда таң әбден ата бергенде бұлардың үстінен таңыс самолет «ЯК-12» және келіп төмендей орағыта берді. Екінші айналып оралғаңда машинадан 100 метрдей жерге бір түйіншектастады. Жарасов барып алғаңда түйіншектің ішінде шұжық, сары май бар және хат бар екен. Онда Петро жазған сөз: «Осы жерде обком хатшы-

сы бар болса тұрган тобыңыз машинадан шеткөрі слу метрдей шығыңыз!» — деді.

Бұлар Петроға Әлімнің мұнда бар екенін үшікыштың өзі тілеген белгіні беріп мәлім етті. Петро содан кейін тағы бір айналды да, кайта үшінші кетті. Ол Жарасовтың және көмекші тракторлардың Әлімдердің алдынан жеткенин анық білін аңдал кеткен еді. Кеше кеш батқаңға дейін ол «Тасты» базасынан бері шығарлық үш тарау жолдың өзге екеудің барлап алған. Ол жақпен керуен жолмен де, дағдылы үлкен жолмен де Әлімдер колониасының шықпаганын түндегі Жарасовқа білдірген болатын. Енді Әлімдер қайтарлық жалғызға жол осы Сарысұдың Құмкентті басып жүретін жолыға қалған. Сол себепті Жарасов әдейі осы жолмен алдынан үшірасамын деген есеппен шыққан еді. Ал Петроны да бүгін ерте Сарбастаудағы үшірған Баскенттен обком секретарының тауып біліп, хабарын тез білдіріп отырған.

Алдан келген тың тракторлар екеуді де аса мығым, әрқайсысы 100 аттық күші бар тракторлар еді. Солар Әлім мен Жарасовтың көзінше бүтін түске дейін барлық 40 машиналы колонианы осы тұстагы ми бейнеттей талмай жүріп тартып алғып шықты. Кей уақыттарда үш жүк машинаның біріне бірін жалғастырып қойып, тұтасынан сүйреп алғып шығып жүрген шақтары да болды. Жарасов осы әрекеттердің бәрінде талмастан жүрген еді. Әлім мен Садық бір шақ тоңған, талған күйде алдыңғы шыққан жүк машинаның кабинасында сәл дем ала отырысып еді. Жарасов оларды әдейі отырызып кеткен. Бірақ өзі сол жарым күн үздіксіз жағаласқан ауыр бейнеттей үстінде ылғы жаяу жүріп еді. Енді машиналар көбін шығып, соңғылары қалғанда аңдаса оц жақ аяғы бас бақайы тұсында соңшалық қатты ауырып қанаї бастан еді. Амалсыздан бір машинаның ығында отырып, етігін шешіп көрсө сүйелі езіліп қанапты да, аяғының бәрі қаңға толып кеткен екен.

Әутөліп пей Қожақмет және мұның өз шофері Жағын пар ушесеүі сексеуілді лапылдатып жағып, аяғын тазартып, Әлімдегі азғана аптечканың бинті, йодымен ауру саусакты аяз астында, қар үстінде сәл тазартып емден алғып, етікті қайта киген. Өзі ақсай жүрсө де Жарасов соңғы машиналарды батпақ тұтқынынан анықтаған құтқарғанды көріп алды да, енді Әлім мен Садықты өз ма-

шинасына отыргызып алып бар колонианы бастап алға қарай тек кеш батардаға тартып кетті. Осымен пішін үшін алысқан ойда жоқ ұзақ әлек, қынышылық соңы аяқталғандай еді. Өйткені 40 машинамен тұтас жеткен қалың шөп Ноян ауданынан үздікесіз жетіп жатқан жемгеге қосылып, сиді екі ауданың да қой баласын аштықтаи өлтірмestей қамтамасыз еткен еді.

Әлім мұнда келерден бір күн бұрын Ұзақ ауданына самолетпен Қарпов келіп түсіпті. Әуелі Ұзынкорғанда болып, содан Есдәuletovты ертіп бүгін ерте шыққан күнде «Қеніскент» совхозының орталығына келген екен. Сол арага Әлім мен Жарасовты, Құрмановтарды шақыртыпты. Өзімен бірге ерте келген он бір адамы кеше таңтертециен бүгін түске дейін екі ауданың көп отарын, бірнеше совхоздар мен Ноян ауданының колхоздарына шейін аралап қайтыпты. Әуелі Қарпов солардың хабарын үндемей тыңдал, әкелген ақпараттарын қағазға өз қолымен түсіріп отырды. Бұл келгендер ішінде облыстық сөзхоздар тресінің бастығы, облисполком мен обкомның ауыл шаруа бөлімдерінің орынбасарлары, қаракөл тресінің бастығы, орысша, қазақша екі газеттің тілшілері және Алматы республикалық газетінің тілшілері де бар болатын.

Осы адамдардың бәрі де қазір обком үшін қажет болған бір деректі жинасып келді. Қай жерде, қаша мал өлген. Бүгін өліп жатқан, мал өлтіріп жатқан отарлар бар ма? Әлім келгеше Карповтың қолына жиылған десрек бар еді. Әуелі Қарпов Есдәuletovты сөйлесті. Есдәuletovтың есебі екі үшты бол шықты. Ол өз ауданынан өлген қой сапы 5 мың деп еді. Карповтың қолында отырган бүгін жиылған деректер бойынша Ұзақ ауданынан өлген мал сапы 11 мыңға жетілті. Қарпов Есдәuletovқа тагы бір нәрсені ескертті.

— 25 мартқа дейін аудан бойынша 2 мың 500 мал өлген! — деп хабар берген едіңіз. Жаңа маган 5 мың өлді дедіңіз. Ал мінс анығы 11 мың бол отыр. Мұндаілық қайшылық себебі не? Неліктен дәл хабар бере алмайсыз?

Есдәuletov сәл кібіртіккеді де, енді корку мен қысылу аралас қалыпта сөйледі.

— Нил Петрович, аудан бойынша алты совхоз бар. Соның бесеуінен өлген мал жоқ. Бар шығын осы бір гана

«Көнекент» совхозының. Бұлар соңғы он күн ішінде соңша көп өлтіріп жатыр да. Күн асқан сайын кешегі хабар өтірік бол шығады. Ал өлтіру себебі не екенін осы арада өзініздің көзіңізше бәріміз бірге анықтау қын емес!— деді.

Карпов макұл да, теріс те деген жоқ және үндеген де жоқ. Әлімге қарап, қысқа ғана бір жайды баян етті.

— Мен осы келгенде жұттың анық жүзін бетпе-бет ұшырасып көрмекке келдім. Өлгеп малдың дәлі қанша? Қаңдай күйде өліп жатыр? Және сол мал қасындағы бүгінгі жағдай қайсы? Қаңдай? Соны білмекпін. Бұл бір. Екінші, осы жұттың себебін білгім келеді. Соған жалғас көп есіту, көп әнгімелесу пәтижесінде бір білмегім — осы екі ауданның жұты тек биылғы жылдың қысының соны ұзап, аязы, желі қатты болып, бораны құтырғандықтан жұтқа ұшырап отыр ма? Яғни март айы қарлы суық болса, келесі жыл да, арғы жыл да осылай өлтіре береміз бе? Жалпы жұтты жеңудің, мұлде жоқ етудің түстік облыста мүмкіншілігі бар ма, жоқ па? Сол жайларды осы жақтагы мал мен адамды өз көзіммен көріп аңдасуға араласпақ болдым. Мен енді мал басындағы жағдайды көремін. Мениң қасыма мына Есдәүлетов, Жарасов екеуі еріп жүрсіп. Ерімбетов, сен өзіңің осыған шейін істеп келген істеріңмен айналыса бер! — деді.

Әлімді Нояниң машина қайта жіберді. Өзге жүрттың бәрін де бас-басына жұмыс тапсырып, үш күнен кейін осы араға жиналыш, Карповты тосуын, өзіне ұшырасуын сұрады.

Есдәүлетов, Жарасов екеуін қасына ертіп алған Карпов жұтқа ұшырап жатқан малды да, шопандарды да көрмек бол сол сағатта жол тартты. Әуелі Көнекент же ріне жақын жатқан Ұзақ аудапының «Калинин» совхозына келген. Жол бойы бірнеше шопандарга кездесіп сөйлеседі. «Көнекент» совхозының бір отарына келгенде жасы 67-ге келген ұзын көк сақалды бір шопан жылап жіберді.

— Жәрдем көрмедік, қайдасындар! — дегенді қатты дауыстап Карповқа қарап айтып еді. Карпов Есдәүлетовты көрсетіп:

— Мына кісі келіп жүрген жоқ па? — деп еді, шопан танымай шықты. Осыдан жақын жердегі бір қорага тақай бергенде азғана шөпті қораның төбесіне үйіп салып, қора ішіндегі өзінің жиырма қойына беріп, қора сыртын-

да жатқан совхоз койына шөп бермей, аш үстап отырған жағдай көрінеді. Осыдан кейін Ноян ауданына ауысқанды Қосай, Жақсымбет, Жетпісбай, Тәжібай, Даубай сияқты шопандар Жарасовты шетінен танып, көңілді амандасты. Карпов бір-ақ сөзбен «Жарасовты койышылар біледі екен» деді.

Бұл шақта шопандар далада жемді, шәпті, түзды да жауып салып, арық малға суды жылдытып та беріп, үлкен ретті шаруа істерін істеп жүр екен. Ал «Көнекент» совхозының жолда үшырағандары тек өлген койларин далаған тасып жүр. Жарасовтан Карпов колхоз малын көрсетуді сұрап еді. «Қызыләскердің» Шоцқа, Дәулетбек, «Алға» колхозының Құмар, Мәдеш сияқты шопандарының малдары кездесіп еді. Бәріне де жұттан ендігі қалған малды сақтаймыз деген сенім бітіп қалыпты. Карпов өзі сөйлесіп, шопандарға ырзалақ айтты.

Бұл тұста да Карпов Есдәулетовқа: «Өз жерлерінде жүрмесе де мынау Ноян ауданы ақылмен алысқанды аңғартады. Солай емес пе, Есдәулетов!»— деп қояды.

Кешке Карпов қонған жерге бұрын Жарасовпен бірге қыныидықтарды бастаған кешкен Жақсымбет сияқты, Қосай сияқты, анада баспаңасыз қалған шопандар Есентаевты ертіп Карпов қонғай үйге келеді. Осы түнде «Көнекент» совхозының алауыз-кілауызының бәрі және де сыр береді. Карповтың үстіне сұранып, жеке бір кісі, кейде екі кісі кіреді де: «Жолдас Карпов сіз бе? Айтатын арызымыз бар!»— деседі. Біреуі өз атын жасырып: «Атым Олжабеков, өзім шопанмын» дейді. Шын аты ол емес Сарманов. Тағы біреуі атын өзгертіп: «Мен де шопан — Қүшікбаев боламын» дейді. Осының екеуі де орысша білетін, ішкіш, жалаңдаган қу адамдар. Солардың артынан түстері тотықсан, киімдері жүдеу бірнеше кісі және де Карповқа арызым деп, қағаз үстіне қағазды бере береді. Бір сағаттың ішінде Карповқа бір уыс арыз жиналады. Кейбірі орысша, кейі қазақша жазылған. Карпов қасына хатшысын алып отырып, сол арыздарды түшімен, таңтертең де оқиды. Бар арыздың жамаңдаганы Әбді Есенов.

Мал қырған жалғыз гана совхоз «Көнекент». Өзгелер өлтірген жоқ. Ендеши бұған айыпты кісі бар. Сол Есенов деседі. Осы арыздарды жіберіп отырған, өздері бұл түнде көрінбеген Керімбек, Асылбек дейтін ағайынды екі Жанаевтар. Олар Есеновнен қатар соның қайынагасы, сов-

хоздың полеводы болып істейтің Сыпатаевты қоса жамандайды. Директор Есенов соның тіліне ереді. Ал Сыпатаев өзіне артқан жауаптылықты ада қылмайтын, алдамишы қиянаткер, совет шаруашылығын жеп жүрген адам дедінеді.

Осымен қатар Жарасов пен Есдәuletov және совхоздар тресі бастығына Әбді Есенов жайын Карпов толық естилді. Жанаевтар мен Сыпатаев араз адамдар. Былтыр осы аудан көлемінде жікшілдік болған. Соңда жік жасаушы райисполком Алманов орынана алышған. Мыналар екі жақ болып сол аудан арасында болған жайсыз жағдайды өздерінің жеке бас араздығына сұлтау етеді. Анығында Есдәuletov айтуыша бұл екі жағының араздығы Есенов алған жас келіншегі Құндыздың себебінен туған болады. Карпов тагы да Қаратай асып, бұл жаққа келіп күзді қүнгідей әйел халінің және де бір дұрыс қауым арасында болмайтын түйінді тартыс жағдайын біліп ойлады.

Ертеңіс Карпов шопандар жатқан жерлердің көбін және де аралауға кіріседі. Бұл кезде қар кеткен. Бірақ әлі қарасуық қатты, қыс ызғары кетіп болған жоқ. Бір шопаиниң үйіне келіп Карповтар жацағана босаған әйелді көреді. Үстінде пальтосы, бас-аяры қалың киім киген. Бауырында жас бала жатыр. Үйде темір пеш те жоқ, отын да жоқ. Бұған Карпов темір пеш әкслігізіп береді. Әйел аты Дәмелі. Ол Карповтың жөнін біліп, оте орынды наразы сөз сөйлейді. Карпов Есдәuletovтың өзін өз машинасымен жақын жердегі дәрігерге жібереді. Шопандардың осындай жағдайлары Карповтың күйініш ойға салады. Енді Қосай, Жақсымбет сияқты қарт шопандармен қатар Медетті алғызып, сонымен әңгімелеседі. Оқу бітірген жастың бұл жағдайда тұруы, ұзак еңбекке шыдауы мүмкін емес екенін Медет ашып айтады. «Жоғарғы оқуға түсү үшін өндірістік стаж алу үшін еңбек еттім. Бірақ өзіңіз ойлаңыз, адам қасқыр емес, өзіңіз осында көрген жағдайда тұрып-жүріп болмайды» дейді. Карпов бұл жайлардың бәрін үндемей түйеді. Коңышларды көп сойледеді. Өзі ішіндегі ойларын Жарасов пен Есдәuletovқа да ашып, шешіп айтпайды.

Бұл отарларда пішен тасу үстінде тракторлармен көп еңбек еткен Егоров, Жұмаділов сияқты екі шофер Медеттің сөздерін қостайды. Осы арада жүрген, осы Сарыбастауда уақытиша тұрып қалған сахра қырапы пилот Петро

да мұндағы тіршіліктің адам жайын ойламайтын топастықиен қалытасқан тіршілік екенін қатты айтады. Сол бір кесінде Карпов көп-көп шындықтарды естилді. Ауыртпалынкіті да үгінады.

«Көнекент» совхозының малды көп өлтіріп отырган себебін де осы адамдар көлденеңиен әділ оймен, қатты сынмен пынышыл жастар бол жақсы ашады. Мұның көбі жіктің себебінен. Жіктің бір жағы Есдәулетовтың өзінде деп бүршін осы арадан кеткен райисполком Тоқбаев Есдәулетовты айыптайтын. Бұғын Сыпатаев пен Жанаевтар кесірі малға тиді. Қаңдай сұмдық, сорақы жайлар. Бір ойлап қараса бүгін қырылып отырган он бір мың Ұзақ ауданының қаракөл қойының себепшісі, түп себепшісі жазықсыз жас әйел Құпдызы. Ол өзінің сүйген, өзіне тең адамы Әбдіге тиғен.

Карповтың артынаң соңғы бір кесінде іздеп келген Әлім Ерімбетов осы жайдан скейден-екеу оцаша сөйлескенде көп күйді ірікней баяндаған. Әлім өзі бұл қездे шопандар арасында айға жуық жүріп, улкен өмір өткелінен өткендей. Қазір даусы қарлығыңырап жуандадаған, қолыбеті қап-қара бол totыққан. Жұқа сұлу ерні жарыла түскен. Жарасов та сондай. Айдан аса жүріп, пеше түрлі бейнет кешкен. Осы жағдайда әрі ел танып, күмді біліп, шыныққанына, шонаң өмірінің бар бейнетін бірге танығанына өзі дәй ырза.

Бір шакта бұлар Карповтың сұрауы бойынша далада сексеуіл шоғының жаңында тоцып, қатып жаң шақырган жайларын құле отырып баяндасады. Осы екі жас басшы қызметкердің екеуінің де өмірі бұларды біралуан жақсы өзірлеген тәрізді. Екеуінің де өмірбаянында Отан соғысы жылдарының тәжірибесі барлығы Карповқа бұларды көп жақыннатты.

Карпов осы жолда көргендерінің берін әзірше сыртына сөйлеп те, байлау етіп те шығарған жоқ. Енді күн жылынып, қар тегіс кетіп, малдың көбі жұт құрығынан құтылғаңдай шақ еді. Ен сонғы күндердің деректерін тағы да жигызып ап, өзімен келген он бір қызметкерді шопандар арасында күп әбден жылынғаша жүріндер деп қалдырыды да, Әлім мен Жарасовты алып өзі Петроның самолетімен Қаратай асып ұшып, Ноян ауданының орталығына түскен еді.

Бесінші тарау

Түстіктің көктемі бір сәтте дулап шыққан гүлдерімен, неше пісті сан алуан шөптерімен Айсұлудың кішкене бақшалы қорасын да жадыратып, безендіріп келеді. Ең алғаш гүлдеген өрік ақшыл-қызығылт гүлдерің биыл көп тогіпті. Катардағы шанталы, іæk, алма ағаштары жиі бүрлөрі бортіп қабара түсіп, жақын шакта кейі жапырақ, кейі гүлдер көріктерін дүниеге жас күлкісіндей ашиқалы түр.

Кара топырак, сызат салқын қалпын таңгертең әлі кетірген жок. Айсұлудың жесіл жұқа ушкір тұмсық көкшіл туғланиң табаны астында сол қара топыракты жарып, қаурай шығып келе жатқан бұл бақтың жылдағы ұсақ бедесі, райграсы, жауылышасы мыңдаған көздермен тоғынен Айсұлуға: біз де келеміз дегендей.

Айсұлу қолына қалың кітабын бүктеп ашқан қалпында оқудан сол көз тайдышын, бет бұрып, басын енді біраз жоғары көтеріп, өзі түбінде отырған өрік ағашының гүлдеріне ұзак қадалып, үсіз қарап қапты. Сол шакта ақкек тартқан бетінен әсіресе таңгертеңгі көлеңкемен аппақ мойның көкшілденіп түрған қалпына шалқайған екі көзінен аққан жастар тамын жылжы агады.

Айсұлу тағы да бүгінгі таңда ерте тұрып гүлдеген өрік түбінде дәл былтырғы осы күнді есіне алып отыр. Бұл өзінің астына аласа орындық қойып, қолына кітап алып жайғаса бергенде Арман үйқыдан жаңа тұрган қалпында жесіл басып жүгіріпкірей келіп Айсұлудың аяғына шынтағын қоя жаңтая кеткен. Шалқасынан жатып алып осылай өрік гүлдерін жерде жатып таңдана қарайтында: «Мозаинка, гүл мозаинкадан құралған аспан, кең, мол, жаксы пісті, мейірлі аспан»— дес кәдімгі сезімтал, шабыты бар жаңдай, Айсұлу бұрын естімеген куантарлық сүйкімді үндер қатып, сырлар ашып еді. Көктемнің көркін сүйгеген алғаш соны сезіне, рақаттанған шерленген шабытты бала жүрек, балауса жан демін аңғартқан-ды.

Қыс бойы үйден шықпаған, ана қасынан ертелі-кеш үзамай бір ғана уайым, шер соңында ерікті тұтқын бол қалған Айсұлу бұл шакта өзгеше жүдеген. Былтырғы құздің ак жүзін сарғын қоңырқай тартқызыған тотығынан бұл күнде сибір рең-ажар жок. Оның орыннаса саусақтарына шейін аппақ бол сүйірлениген. Кең, інолақ жесіді кофтадан көрінген білегі жұмыр емес, сәл жүқалау дөң-

гелей біткен қалпында болар-болмас қызғылт аппақ. Маңдайы, бет-исігі, тамақ-мойны қазір тегіс, тұтас, бірақ аппақ, үлбіреген жүдеулікте. Осы шакта қырлы мұрының үстіне созыла түскен түп-түзу жіңішке ақ сәуле маңдайы мен иегіне де мрамор реңіндей жұмысқа қана ақышыл сәуле бітірген. Бетінде осы бақтың жазғы алмасы реңіндей сәл ғана білінген үлпа жұқа қызғылт рең бар. Қөзінің астындағы көлецке көкшіл қою тарта түскен. Шалқайған жүзін енді төмен игенде ұзынша сұргылт-сарғыш шұрлы көздері үлкен нұр шырағын жаңдыра төңкеріледі. Бұл көздер, мынау көкшіл көлецке қадірлі әзиз жас жаның жанына түскен ұзак ауыр дерптің ізі сол жан көзіндей. Ашық қарайды. Салқындаған, азап шеккен, сол азаптан ой түскен мұң нұрын өз шүғыласындаі таратады. Мұңлы, шұрлы шүғыла. Шекесінің жұп-жұқа терісі жіп-жіңішке боп бұрала түскен қек тамырдың екі ғана сзықтарын жасыра алмайды. Өзгермегендеге қызғылтқара, кей тұсы қызғылт ағтын тәрізді бөлекшіс рең беретін, қою, қалың ұзын бұрымдары өзгермеген.

Қөптен бергі Айсұлудың мерзімі бойынша екі тал жуан бұрымның бір талы оң иығынан үлкендеу әдемі қызғылт құлағының жарымын баса иығы мен төсінен аса төмен құлаш, қолынан да әрі асын, отырган кішкене орындықтың катарына барын ұшығы көрінбей кетіп жатыр.

Таңтеректің асқа Айсұлуды үйден дауыстап біриеше рет шақырган Нұрбұбі енді есіктен бері шығын, бақшага қарап еді. Алғаш гүлдеген өріктің тубінде былтыр осылай Айсұлу қасында Арман боп екеуі бірдей тамашалап өз бақтарына өздері сүйсіншіп отырған бір шақтарды Нұрбұбі дә тани кетті. Оның жұқа желек астындағы самай шаштарына биыл бурыл көп араласқан. Аксүр тартқан ашаң жүзі маңдайында, екі үртніда, көз айналасында әлденеше тың ажымдар жиынты. Айсұлудың қасына үнсіз келгендеге қызының бетінде аққан жастың сәл білінген сорасын көрді.

— Айналым жаным!.. Жан тірегім, ендігі жалғыз шырағым...— деп Айсұлудың басын құшактаң, жаңағы жас сорасынан сүйіп-сүйіп алды.

— Апа-ай, біз былтыр осы шакта, дәл осы күні қандай бақытты едік!— дегендеге көзінси кесек-кесек тамшылар жерге тамып-тамып кетті. Шешесімен қатар күрсінді де, енді тұрып, үнсіз басып үйге кетті.

Тегінде бұл екеуі Арман жөніндегі іштің сырын, жан

сөзін бір-біріне көп айтыспайтын. Екеуі бірін-бірі аяғанша да айтыслайды. Нұрбұбі көп уақытқа шейін Айсұлудың сауышылығынан қауіп қын қорқып жүрді. Қүндіз ол сарылып, қабағы түсіп, көбінше үнсіз жылай беретін. Ас атаулыны жөндең ішпейді. Түн баласында да өзі ояниған шактарда Нұрбұбі Айсұлудың акырын, ұзақ күрсінін жатқан шактарын іштей қинала, уайым ете аңгарә жүреді.

Шешесі жөнінде Айсұлу да дәл осындаі күйлерді күл сайын аңгарумен, бағумен болатын. Сондықтан ексуінің де қайғысы кейде қүния, терендең ішке түсіп кеткен ұзак сары ауру, зәр ішкендей аяусыз қатал қасірет болған-ды.

Айсұлу үйден шықпайды. Барса баратыны тек осы әулілің ішіндегі әр ағаштың түбі. Дарбаза алдына шығудан ол мұлде үркеді. Сол жерде жапырақ аяулы Арманы ауыр, қатал машина астына басылған. Ол ара жап-жақын жерде түрган жау жер, әжад жері сияқты. Ойласа үйде отырып та жүргегі үркеді, жаны шошибиды. Не деген сүмдүк. Арманиң кішкентай күпінен ең алғаш аяғын аныл-тансыл басқан шағынан шаңдата, жүгіре ойнап жүрген өз жері, туған үйі, туғызған бесігі қасында қара жер қаттылық етіп, әжадына жетті. Ауыр машина дөңгелегі басқанда туған жер болып ол неге мейір бермеді, бейіл бермеді, жұмсақтық етпеді. Суынады Айсұлу жүрергі.

Сол дарбаза алдын ойласа қабагы түйіліп, есінен шыгарғысы келді. Соның орайына анасынан жасыра Арманиң кітаптарын жиі аударыстырады. Оның қолымен жазылған дәлтерлерді бетіне басады. Кей қағаздарын көз жасымен сулайды. Қол жазуы соңшалық ұқынты, сұлу шығатын Арманиң дәлтерлерінде қаламмен, қарындашпен жазылған беттердің бәрі де оның жас жүрептің жаңа талап іздену, осуінің айқын жақсы саты-сатылары еді.

Кітаптарды бетіне басып, уи шықпай тұшыныққаңдай сілейіп қалады. Бұл жайларды шешесі ауыз үйде ас әзірлеуде жүрген шакта істеуші еді. Дәл осындаі Нұрбұбі де ендігі қалған жалғыз Айсұлудаң жаңа азабын жасырады. Ол Арманиң жамылғаш көрпесін күнде бөлек ұстайды. Әр күні әр жерге қояды. Оның жастығының тысын да өзгерпейді. Соңғы күндердегі Арманиң пісі айықпай сақталып қалған болады да, жастаңбай оңаша шакта бетіне, кеудесіне басып, кейде бүк түсіп көріне мениң

жастықты құшақтап, ашаң тартып жүдеген нықтарын дір-дір еткізіп, бүктеліп қалады. Ауыр кайғы жетімдік қасірстінің салмағымен жашишылып бүктелгендей.

Тек канаң соңғы 20 күн ішінде Айсұлу Арманың кітаптарын актара жүріп, енді кітап оқуға ауысты. Қазіргі қалған қанаты, сыңар қанаты, жалғызы — қызы да, ұлы да өзі болған, бары болған Айсұлу кітапқа қараганда сыртқа шыгарып сыр білдірмей, сөз етпей Нұрбұбі інтен шүкіршілік етеді.

Бүгін шайдан кейін осы үйдің ендігі аға досы қартаң Таңат келіп кірді де, жиналмаған дастарқан шетінен отырып ақырын амандасты да, өзінің дағдысы бойынша Арманға ариап құран оқып, жалғыз өзі бет сипады. Құранды күбірлеп іштеп оқитын. Осы сәтте Таңат амалсыз мәлімдеп, жайсыз хабар әкелді.

— Сот болады дейді. Жақында сот деп жатыр.

Нұрбұбі жаудың жайынан шыққан хабарды тіксініп, сескенгендей ести сала ызалы үп қатты.

— Үкімі бола ма?.. Сыбағасып ала ма?! Не деседі?

— Сыбағасы өлім ғой, доныздың... Бірақ со бомай ма дейім!!..

— Неге?..

— Қайдам!. Толайым тегі шоферді мықтап жазалап, анау қара беттің өзін жеңіл жазага бүйира ма деседі.

— Неге олай болады?.. Айып сонда емес не?!

— Сонда болса да сottың тілін кім білген, мұлде. Астыртын не жүрмей жатыр дейсін!..

— Не жүреді? Не айтасыз?

— О күдің жақынынаң көп неме жоқ екен гой. Ағасы, паяшысы, аталасы, жерлесі де сottың астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшыратын көрінеді. Осы кім аманын білмеймін, пыркорол, сәдуэтіл, сот, тіпті анау арық-тоған жүргізу СМУ басы Бейсен, тагы басқа ауданиң мен білмейтін кәпіратів сияқты толып жатқан кеңесеңің бәрі жеңішінен жалғаса ма, білмеймін. Біз білеміз бе? Жеңішінен жалғасып, тұмсық түйістіре бере ұғысып коймай ма, түге! Ақыры, қыскасы сол сүмға жазаны жеңілейткелі бара ма деп көніліме көп түйткіл кіріп қалды, келін.

Анасынаң бұрын Айсұлу үркіп сілкінгендей болды. Өзіне де, анасына да оқыс ойда жоқтай ашу ажар бітті.

— Ағеке. (Ол Таңатты Ағеке десуні еді.)— Солай деп жалт бұрылып Таңаттың екі үртесолған жүзіне жас-

қа толы көзімен қадалып қарап қалды.— Арман үшін кім алысады? Сіз бен біз болмасақ, кім жоктайды Арманды!.. Эрі Арманиң көзін жойып, әрі жеп-жекіл құтылмақ на жауыз! Алысыңыз, Ағеке, ізденіңіз!..

— Қаяққа барып, кімнен ізденейін? Айтпадым ба жаңағы бар кеңесең.

— Жо, бары ол емес. Шын әділет табатын жерге барыныз.

— Барайши... Бармай көйтейін. Қеуліңде отырғаның кім? Айтиң тегі соны магаң.

— Райкомға, партияға!.. Райкомың бірінші секретарына барыңыз.

— Мен партияда жоқпыш гой, тегі.

— Ол есеп емес, Ағеке. Партия жұрттың бәрін тыңдайды. Сіздей колхозшыны, біздей колхозшы жылауларды алдымен тыңдайды. Соған барып жаңағы естіп жүрген сезініздің бәрін түгін қалдырмай айтып шығыңыз. Біз ізденеміз, біз алысамыз Арман үшін. Мен де, апам да алысады. Айтыңыз, бізді де шакыртып сұрасын.

Нұрбұбі де Айсұлудың сезін түгел құптап, өтіпшін қоса айтты. Таңат осымен енді бүгін райком секретарына бармак бол Алтынсайға беттеді.

Таңат райком секретарының таңертес ерте жұмысқа келетін кезін біліп, кеңсе алдынаң тосқан еді. Ауданың көп колхозшыларын түгелге жақын білетін бірінші секретарь Көлбаев Мұқит Таңатпен жақсы амандастып, шаруасы барып білген соң өзімен кабинетіне ере кіргізді.

Үлкен, сұлу, ажарлы қара көзді, кою касты, коңыр сұрғылт жүзді Мұқит сұлу жігіт болатын. Шашты аласа алғызып, баса тараған, таңертес жылтыр ажары кетпеген сулан тараған белгі бар. Қалыңдау ерні баяу қозгалып, Мұқит ақырын ғана жөн сұрады. «Шаруаңыз не еді?»

— Шаруам өз жайым емес,— деп Таңат Мұқит көрсеткен қарсы орындықтың шетіне обиңыңырап отырды. Столды қолымен сипалап, көзін Мұқиттың жүзіне түйіле қаратып, басын еңкіш салып, қабақ астынан сүзінкірей қарап сөйлемді.— Қеулімде сізге келем дегем жоқ еді мұлдем. Бірақ келмеске болмай да қалды. Өзіңе айтпай қаяққа барам.

— Айтыңыз, маған айтыңыз!— деген Мұқит папкасынан бүгін тексеретін, обкомға жіберетін бір есептерді алдына салып қиғаштай, соған қарай отырғап еді.

— Айтам ғой, шаруам өзімдікі емес,— деп тағы да кі-

біртікте, калай бастарын біле алмай отырган Таңатұзын бойымен ніліп көтеріліп, ыргала берді. Содан кейін барып жайды баян ете бастап еді.— Естіп атқан боларсың. Өлтіріп кетпеді ме сонда. Элгі Нұрбұбі дейтін жесір әйелдін Арман дейтін жалғыз ұлшы. Естіп пе едіңіз?

— Сонау күздегі оқиға ма? Шетін естігенім бар еді. Оны өлтіргендердің екеуі де тұтқында отырғой. Жұмысы сотта емес пе еді?

— Бәссе, міне біледі екесіз ғой. Соттасы сотта, жакында үкімі де болады дейді. Бірақ естіп жатқан сыйбысқа, апқашты сөзге қарағанда өлтіруші бұзықты жеңіл жазаға сая ма деген лақап тараған тұр. Кіпәнің көбін шоферға аударып, қапішер жауыздың өзі аз жаза алып, оцай босайтын аңгары бар дейді мұлдем.

— Бұл айтып отырганыңыз жай көшепін алымқашты сөзі емес пе, аксақал? Сот болған жок, үкім айтылған жок. Алдың ала өздерің оцайды үйғарып жүргендерің мақұл ма?! Ойлаңызың қазір «сен жеңіл үкім айтасың-ау» деп сотқа бірдеме деуге біздің — көлденең жұрттың қүн бұрын қандай қақымыз бар! Өзіңіз ойлаңызың!— деп біраз үнсіз тоқырап қалған Таңатқа Мұқит бар шынымен ойлаша және ой сала ұзақ қарады.

Таңат тегі сөзге және мұндай ырғасуға олақ адам болатын. Секретарьдың сөзін өз ішінен мұлде дүрие көрді. Бірақ Айсұлудың қатты қадағалан, бұрын Таңат білмеген салмақты, күшті талап танытып сөйлеген, өзіне үміт артқан аниқ бол демігे, тұтана сөйлеген сөздері есіне қайта түсті де, секретарьға бұрын әзірлен алған ең салмақты деген сөзін жаңа есіне алды.

— Үкім айтылған жок. Бірақ үкім айтылған қалған соң қайту да жок. Жаңағы мен айтқан күдік бойынша қылмыстыға жаза жеңіл кесілін қалеа, оның артын түзеу оцай бола ма, жолдас Мұқит. Мен сол үшін баласы мен бауыры өлген, қан-қаза көрген, бүтін қан жылап отырган колхозны сорлы әйелдер өтінінің әкеп отырмын ғой сізге. Олар да, мен де жаңағыны естуіміз хак. Өзіңізге де, райкомга да, пыркорол мен сотқа алдың ала ескертіп қойсаңыз, кейінгі арты жеңіл болмас па!

Мұқит әуелі соттың ісіне араласу заңға сыймайды. Жол да жок, деген сияқты сөзді айтуға бір оқталды да, оны мынадай бар шының экеліп отырган айласы, амалы жок таза көңіл колхознымен арбасқандай, немесе оны алдаңдыргандаң айта салуды лайық көрмеді. Енді қайта

біраз ойланып отырды да өзі үшін де, Тацат үшін де тиянкты байлау айтты.

— Жарайды, мен бұл жайды ескерейін, сөйлесеңін. Келіп еске салсаңыз теріс емес. Қайта дұрыс болған.

Осы сөзбелі Тацаттың шаруасы бітті де кетіп қалды. Райком секретары кейін аудан прокуроры Саматовты шакырып алғып бұл жайдан сөйлескенде прокурор көп пәрсепті баяндады. Ол бұл іспен мейлінше мол да толық таныс тәрізді.

Ей алдымен Саматов іс жөнінде аудан соты Екбаев-иен және тергеушімен өз басы жұзбез-жұз сөйлесіп алғанып айтты. Қазір оның баяндауында райком секретары Мұқит өзі бұрын мұлде естіп білмеген жайларды үғынды. Саматовтың айтуыша бұл оқиға Нұрбұбі мен Айсұлудың, Тацаттың білгем-көрген, бастап кешкен шындығынаң, дәл халинен мұлде басқарап, өзгеше шытырман жайлар күйіне ауысқан еді. Болымсыз шынға ұқсаган сыртқы бір деректер болса, соның беріп болымсыздан, типімдайдан жамап-жасқап, шеберлеп айлалап құран, өзінше желісі бір шындық болмыстың суреті жасалыпты.

Саматов бұл жайларды қабак түйе томсара отырып толық бетті, бұғақты келген үлкен басын Мұқитқа тақай түсіп, әдейілеп сыр боліскең кісі қалпында баяндады. Мұның айтуыша Сагит пеп Айсұлу арасы тату жастардың оцаша келіскең сырлы болады екен. Бірге ескең, көріспі жүрген жастар болған соң кейде тату жүріп, кейде шәлкем-шалыс келісіп ұрысып та қалады екен. Бірақ сонда да жақындарының үйіндегі және түн ішінде оцаша ұшырасулары болады екен. Былтыр жазда осы Алтынсайдың өзінде де бір кешіте ұшырасып, артына өкпелесіп қалысыпты. Содан кейін Сагит хат жазады екен, кешірім сұрайтын көріпседі. Бір емес, талай хат жазады. Бір хатында ренштері үшін кешірім сұрайды, қайтадан татулықты тілейді. Қыз қарсы болмаған тәрізді. Бұған өкпе де, қарсылық та айтпайды. Сагит кешкен екен деп ойлайды. Содан кейін ол өзінің алмақ болған инетін Айсұлуга тағы жазады. Қыз бұған да қарсылық білдірмейді. Содан кейін Сагит шешесі, інісі білсе қарсылық естер деп ойлайды да, бір түні алғып қашпақ болады. Мұнысы әрине ақымақтығы. Бірақ осы күнгі жастарда кейде әкс-шешеге ақыл салмай сүйісу мен тиісу бола берестін бар ғой. Соған салады да «пәлен түнде барып сені алғып кетемін» деп хат жазады. Қыздан тағы да жауап болмайды. Қар-

сылық сөз де болмайды. Тегі қыз көнгөн болу керек. Сонымен барын түнде екесі машинаға мінгелі келе жатқанда бауыры оныады да төбөлес салады. Сагиттың мұрины қанатын, өлімнің қын қояды. Содай қашып, қыздан да айрылып, өздері құтылғанға мәз болып шоферға «бае, тарт!» дейді.

Ал қыздың бауыры бұлардың машинасына жабысып есікті ашамын деп, рульге жабысамын деп жағаласа береді. Машина жүріп кетеді. Жүк машинасының кабинасында отырган кісі арттагыны байқай ма, жүріп кеткен кабинага, бортқа қактығады да арпалысып журген қыздың бауыры өздігінен қағылып-жығылып машинаның астына түсіп қалады.

Міне қазір көп күоларды сұрастырып, тілгі почтадан Сагиттың қызға жазған хаттарының санына шейін нактылап түгендеп алдық. Жаңағы айтқаппанаң бәрі рас. Сол Сагиттың дегенінше дәл бол шықты. Ал мұны бұзық екен, ықтиярына қарсы тартып алам деп барынты, үйдің ішін сабапты. Жігітті үрүн жығып, машинаның астына тастаған, әрі бастырып өтіпті деп осында әуелде милиция, одан кейін комсомол шау-шу көтерейін деп еді, біз де соған басында көп мән беріп, қатты бастап ек, бірақ заның аты заң, қылмыстың түрі қылмыс, айыптан айыптың, қылмыстан қылмыстың анықтай, актара келгенде айырмасы көп бол шығатыны белгілі ғой. Сырты, дақпырты мүлде басқа болғанмен бүгінгі сот қолындағы анықталып, екшеліп отырган қорытынды шындық осылай. Сізге өзім де кеп, болатын соттың жайын бір ескертемін дегем. Қысқасы, біз бұл істі ескеруесіз тастағамыз жоқ. Қадала карап, қатты бағып жүргең ісіміз. Бар жайы заң бойыша, лайығынша болады. Шығып кеткен кісі жоқ. Адам өлгені анық. Себепші болған кісілер қамақта. Үкімді халық соты халық алдында бар жайды жарыққа салып әшкөрелеп отырып кеседі. Бұл тұста бір әлдекалаі лағықсыз нәрсе сотқа, жұртшылыққа жайеыз тиер жағдаят болады деп ойламаймын деген.

Мұқит бұл жайларды үнсіз тыңдау үстінде прокурордың жүзіне ойланған барлай қарап отырып еді. Ысылған, тәжірибелі жасамыс адам прокурор заң жөнімен реєсми турде бұл жайды багалағаншап, талдағаншап басқа сыр аңғартқан жоқ. Бұдан естігсін сөз бүндайлық жаңағы Тацат әкелген сөзден, жылаулар, үй ішінің күйікті өтініші тағы бір алуан. Бірақ заң сезіммен үнемі үйлесе бер-

мейді. Туган жандардың күйігі мен ызасы заң алдында баланың жылағанында жесіл салмақты бол жететін орындар көп. Мұқит сонда да өз ішінде жылаған жетімдер жағын көбірек ойга алғып, солай бейімдей отыр еді.

— Кісі өлімі ойын емес. Әкесі Отан соғысында қаза болған бала жастың өлімі қаидай жанға болса да қатты батпай қоя алмайды. Жылаулар шеше үні цартия мен үкіметтің жауапты қамкорлығында. Эрі адам өлтіріп, әрі оңай құтылып кетті деген сөз тегінде қай ауызбен айтылса да айналға көп күдік қалдыратын, сотқа да, прокурорға да оңай салмақ салмайтын жайлар. Аса жауапты, армен қарайтын жайлар. Осыны мен саган өзгеше ескертемін. Іс сендердің колында. Бірақ қадалуның көз халықтың көзі болады. Бұл естерінде болсын?!

Өзі білген, ұғынған дәрежесінде райком секретары арылып та сөйледі. Бар шынын да айтты. Және прокурордың ішінде басқа бір астарлы мінез әлдеқалай қалтқылар, түйін жайлар бар шығар деп аңдаған да, ойланған да жоқ.

Райкомының алдынан прокурор өтіліп алған соң жұрт аузында жүрген сыйыс хабар анықтала берді. Енді соттың құпі келді.

Нұрбұбі, Айсұлу, Тацат үшегін гана емес, бұлардың колхозынан көп жастар, кейбір үлкендер де аудандық сот кеңесінен мол келінти. Эрине, әсіресе залдың алдыңғы жағын, орта тұсын, екі бүйірін көрией келген Айсұлу білмейтін адамдар көп. Мұның бәрі Сагит жағының неше алауда тонтары.

Нұрбұбі мен Айсұлу білмеген, Тацат та көн сезбеген осы сот сағатының қүнінің алдында талай күндер бойында құралған шытырман, қым-қуыт жайлар болатын. Сан ауыздар Айсұлу мен Сагит аттарын талай толқытып, жұз саққа соқтырып, толғаган-ды. Сол қатарда бүгін мынау сот залында ен алдыңғы қатарда отырған Сагиттың ағасы жуан шұбар Әбілмәжіп, оның киініп келген нұрлы семіз эйслі. Эсеп бір өзі емес, айналасында әралуан туыстарды Сагитқа тілеулем, арқа тірек ете келіп отыр. Сондайдың бірі анау отырған ашаң, арық жүзді, бет сүйегі шошайған, үрті солған, үшкірлеу мұрны жылтырай сойдиган Бейсен дейтін осы ауданға белгілі, аса белгілі шаруа орны СМУ-дың бастығы. Ол Сагитқа паганы есепті. Өз арық-қашал жүргізетін СМУ-дың бастығы болғандықтан бүкіл бір аудан гана емес, көрші аудандардың

да көп шаруа орындары бұған байланысты, байланыстыған емес, жалынышты боллатыны да бар.

Ауданды жерде не қымбат — құрылые ағашы қымбат, шифер қымбат. Эрбір шеге, әйнек, темір шатыр, цемент дегендерде үшінші-күншыры бар ма?! Ал мынау барлық өсімдік-өнімдік дүниесі тек қана арық пен каналға, ор алуан плотинаға ның байланған аудандарда құрылые үлкені осы СМУ-дың колында. Ол Бейсеннің колында деген сөз.

Ауданда раіпотребсоюз Сагиттың туган ағасы Эбілмәжін болса, нағашысы Бейсен болса, оның жерлесі аудан соты Бекбаев Әділ болса ол да Сагиттың, Эбілмәжіннің аталасы бол шықты. Ал прокурор Бейсенмен жерлес адамдар екен. Бұл аудан бұл облыстық болмағанмен осы ауданда ұшырасқаннан бері аралары аса тату болатын. Өзінен өзі осындай тордай тоқылып, кат-қаттап түрғап шақта ишеше алуан жіцишкелсөу, жезқармақтау сыйыр-сыйыр күбір-күйбесін жаңагы аталған адамдардың араларындағы өз-өзінен амалсыз туатын халдер болды.

Тоқылған тордай болып тоқайласқан «жағдаят» деп аталатын күйлер бір шетін райкомга прокурор тілімен апарып аңдатты. Тагы бір шетін соттың өз ақылдасу, ойласу ретіндегі талабы деп аталып райисполкомға Әнкенге де мәлім стілді. Осымен бүгінгі істі жүргізіп отырган судья Бекбаев Әділ дәл осы сағаттағы мәжілістің алдындағы астарлы шарттардың бәр-бәрінен болашақ сот үкімін жақ игендей ніп, орап, сактықпен де шеберлікпен жөне есепкөр айлакерлікпен орап, шырмаи, баппен әкелген-ді.

Тергеу үстінде Нұрбұбі мен Айсұлу жылап, жасып, ұяидық та істеген жоқ. Біріне бірі бұл жөнде ариаулы сөз айтыспаса да Арман үшін бар күшін, жаңи күшін жигандай түршігіп, қатулашып айтып калу, талаң койып, қадалып айту скеуінің де мінезіне айналды.

Сагиттың шашы бұрынғыдай шашылып будыраған. Оці бірнеше ай бойы көлсекеде отырганин төтігінан айрылып, бірыңғай қарасұр тартқан. Бірақ жудементі. Ісінгендей қырыс қабакты бітік көздерін Айсұлудың нұр жүзінен алмайды. Басқа дүниеге қарамайды. Сот сұрағына жауап берген шақ қана болмаса, соның да әредігін тауып, бар тергеу бойындағыдай «көрсін де өлеін» деген тәрізді Айсұлудан бет бұрмай қойды. Айсұлу оған қараған жоқ. Жириңіші ішінде шала бүркелген оттай

лаулай түсін басылады да, өз-өзінен «қарама жүзіме, жүзқара, не бетіңмен қарайсың!» дегендей түршіге береді. Соңан сайын Сагитқа ашулы жауаптарын ұдайы қаты қадады.

Бірақ тергеу үстінде сот пен бір заседатель Алтынсайдан келген кесіподақ адамы қартаң қазақ шала оқыған кескіні бар алса бойлы, ажымды маңдайын көп тыжыртып Айсұлуға бір сұраптарды кезектеп бере берісті. Ол сұраптары:

— Сіз миңа айыпкер Сагиттаң апау белгілі кеңінен бұрын хат алдыңыз ба? — деп бір сұрады. — Қаша хат алдыңыз? Почта арқылы алдыңыз ба, кісі арқылы алдыңыз ба? Дәл келетін күні хат алдыңыз ба? — деп те сұрады.

Ғажап, Таңаттың қайран қалғаны судья мен жаңағы заседательдің осы үсті-үстіне берген сұраптарының бәрінен: «Жок, алғам жоқ» деудің орынша Айсұлу ұдайы хаттың келгенін айтып жауап қатып отырды. Сол жайға Айсұлудың мойындауы Әбілмәжінді, Бейсенді және солар маңындағы көп әйслеркестерді қөнілдендіріп көтеріп жібергендей. Зал ішінде сыйыр-кубір, кейбір қысылған күлкі реңі кірген жүздермен қатар төрде отырған сот адамдарының бәрінде бірдей аңғарылды.

Бірақ Айсұлу хаттарының келгендерін айтумен бірге енді анық, кattы түршіге тұрып саңқ етіп кесіп тұрып сойледі.

— Рас, хаттар келстін. Бірақ мен бір хатты да оқымаї, алдысмен жыртып-жыртып тастайтығым. Алғашқы хатын да, соңғы хатын да оқымастан жыртып-жыртып лактырып тастайтығым. Мен білмеймін, маган жат, және алдында жауалық істеген, менен аулақ жүр дегемін де, жазда қолыма пышақ салған, жыртқыш адам болған соң мен оны өз өмірімдегі ең жек көрген, ең жиренішті дүшіппаным деп білетімін. Одан хат алуды өзіме айып сапар едім. Хатын оқуды қылмыс деп білер едім. Соңдықтан да жыртатынын.—«Неге жыртасың, жау болса да не айтқанын, қандай жауалық ойлап жүргенін білуге тырыспадың ба? Қолға алған хат болған соң, оны ашилайтын кісі бола ма? Ашса бірер жолын болса да оқымай ма? Мұлде оқымадым дегенің ақылға сия ма, шындыққа жата ма?»— деп судья мен жаңағы заседатель тақымдаған сайын Айсұлудың жниастырып, түйіліп тұрып берген барынша шың, барынша дәл, әділ жауабы жаңағы еді.

Ал Сагит өз жауабында бір-ақ нәрсені қайталаій берді.

— Мен әуслігі хаттарымда жазғы істегенім ішкілік үстінде істеп қалған қателігімді «кешір», «кешіре гөр» деп бес хат жаздым. Содан кейін жауап болмаған соң мен кешірді деп ойладым.

Шынында бұл өзінің жаратылысындағы қызыр-топастығы адам арасының қарым-қатынасын мүлде тұрпайы ойлайтын өмір бойғы үстірт дүңктігі бойниша солай деп ойлағаны да рас-ты. Бұл тұста ол сottың жетектеуі бойниша қалған жауаптарын жақағыға тіркеп сабактап, өзінше заңды бір іс бастағанға ұқсап сөйлемді.

— Кешірді деп ойладым да, баяғы алғаш көргененсі ойлаған байлауымды, талабымды айтып өтініп, тағы да үш хат жаздым. Ол хаттарда «маған ти» деп, «мен ала-ыш» деп отіндім.

Сottың қадағалай сұрауы бойниша Сагит жауап берे отырып «ол үш хатыма да жауап болмады, оны да көнгесіні деп білдім. Содан кейін екі хатты мен барамын да өзінді машинаға мінгізіп алып қашып кетемін деп жаздым. Жүрт үйықтап жатқанда түнде келемін, қоранда, сипаңда жат дедім. Ал дәл баратын күні жаңа өзі «алдым» деген ең соңғы хатта бүгін түнгі сағат 1-де келемін де әкетемін дедім. Содан кейін келдім. Жауап айтпағаны тағы да көнгеші деп ойладым. Хаттарды жыртып тастаным деген сөз, менің басыма кірген емес. Тым құрса біреуін оқымадым деген сөзіне әлі де сенбеймін» деп ол жайды бір атқарды да, кейін прокурордың сұраулары бойниша сottың тергеуін және де өз жауабымен толықтыра отырып, Арманмен екі арасында болған төбелесті айтты.

— Арман мені сабады. Күші менен артық бол шықты. Мұрнынан, бет-аузынан қан кетіп, енді ұсталып қалады екем деп зорға құтылдым да, машинаға міне бере шоферға «тарт» дедім. Арман шофер жағына келіп есікке, рульге жабыса берді. Мен ол шақта кабинада есім ауып қапсырап қалдым. Не болғанды білгем де жоқ. Шофер итеріп қағып жіберіп машинаны жүргізді де, біз қаша жөнелдік. Сонда машинаға, жүріп кеткен машинаға қалмастан жабысамын деп машинаның борты қағып, жігіт өз-өздігінен жығылып, машина астына түсіпті деп оны біз кейін естідік. Мен мүлде білгем жоқ. Шофер де білген жоқ деп ойлаймын деген жауаппен Сагиттың тергеуі біткен-ді. Бұл бар жауабы осы арада осылай желілесі

айтып отырған жоқ. Абақтыда соңғы күнде, сот болар алдында оған ұшырасқан Эселдің түгел тізіп, жолға салып айтып берген жауап-жобасын түгелден жеткізіп шыққан. Кейін сот кесік айтты. Прокурор бұған шофермен скеуіне қатты жаза тілеген болса да ол тілегін салмақты етіп дәлелдеуге орамы жоқ, оны жоқ, заңы жоқ кісі тәрізденіп, кібіртік боп, әншнейінде көп бола қоймайтын көрінене олақтыққа ауысты.

Сот үкімі жазапың қаттысын шоферга аударды. Ол несі, іздеушісі жоқ, бұл жаққа жақада келген жалғыз жігіт Жәует деген болатын. Сагит жөнінде соттың жалпы айтыптау сөзі сырт қараганда, қоюлау тәрізденіп, салының қатал айыптау сөздері сөйлеміп келді де, аяғында оның айыбын жеңілештер дәл деректер етіп Айсұлудың өзі моянына алған хаттарды көлтірді. Сонымен соттың өзінше мықты дәлелі бардай болды. Бұл оқиға қызы бен жігіттің екеулеп байлаған алмақ-тимек болған дағдылы салттагы байлау еді. Жігіт сол келісім бойынша алып кеткелі баррағ еді. Бірақ інісі біліп жанжал шығып, тәбелес салын, Сагит өзі таяқ жеп зорға құтылады. Қызы-ды тартып алып қалысады. Ал інісі өлгеннен кейін халқындаған соң қызы алғашқы сөзінен, байлауынан айынп, сиді айыптың бәріп тек жігітке ғана аударуға шыққан, деп байлау жасалды. Сонымен Сагитқа бес жыл кесілді. Оның бірнеше жылдары, бірнеше кешіріммен көп кесіліп шегерілді. Тергеуде отырған айлары тағы есептеліп шегерілді. Сонымен енді Арманды өлтірген айынкер, жыртқыш айуан Сагит енді бірнеше айда құтылып та шығатын боп кесім жасалды.

Айсұлу, Нұрбұбі залдан күнірепіп, жылап шықты. Осыдан кейіп, келесі күні Тацат, Айсұлу, Нұрбұбі үшесін бойларындағы бар жігер, намыс, ашуларын жынып жаңа байлау жасады. Айсұлу Тацаттың қолына үлкен етіп, бар әділестіздік қияннаттың барша сүмдьыктарын айтып, анасы мен өзінің атынан үлкен арызды Баскенттегі обкомга жазды. Екінші бір хатты сот үкімінің әділ емсестігін түгел айтып шешесі мен өз атынан Алматында Жәкеңе үзақ стіп жазды.

«Арман аруағы осыны маган қарыз стеді. Әділет, із-дегенім әділет! Тауып беріңіздер сол әділетті!»— деген зарлы, ызалы жан сөзін хатында Жәкеңе, аулында Тацатқа ариап айтты. Жәкеңе жазған хат өмір бойында Айсұлу жазған жүрек шерінің, оның шіміріккен санаасы-

ның, жан жарасының хаты. Жас жанының шыңғырған, шырылдаған зары да осы хатта үш салып тұрған сияқты.

Осыдан бір жұма өткешін кейін Айсұлу мен Нұрбұбігеге ойда жоқ оқшау бір адам келді. Оны бұлар әуелі өз үйлерінде күтпегендіктен салған жерде тапымай да қалды. Келген биіктесу бойлы, орташа толық депесінің кесек сымбаттылығы бар, беті толық ұлкен жұзіне жарасқан, ұқыпты тарапған, қысқа қырқылған шашы жақында бүйраланған тәрізді. Оқымысты, тәрбиелі адам ажарын танытатын жұзіне қосымша ұнамды көзәйнегі бар. Ериң сәл қызартқан. Қолында ұзына жұмырлау қара лак сумкасы бар. Бұл әйел қақпадан кіріп, үй есігін ашып, Айсұлу мен Нұрбұбі екеудің қатар отырған болмеге кіргенде жұзінде сыпайы жымыған күлкі тәрізді жылылық бар еді.

«Рұксат па, мүмкін бе?» деп табалдырықтан аттап үйге кіріп сәл тұрып қалған, қалаша кінінген және бар бойы, жұзі жұмсақ әдеп білдірген бұл келуші әйел өзі де үй ішінің адамдарын салған жерден тани алмай қалғандай көрінді. Бірақ екі жактың алғашқы аялы бір ғана сәттің жайы еді. Қелер сәтте Айсұлу екі беті ду етіп қызарып, орынан атқып тұрып «Әсия апа, рақым етіңіз, Әсия апа!» дей берді. Нұрбұбі де тез есіне түсірді.

Әсия Нұрбұбімен қол алышып, көңіл айтты да сиді Арманды ол ауызға алған шақта нығынан селк етіп, басы төмен түсіп, екі беті дуылдан жылап жіберген Айсұлуды Әсия өз тұған апасындаидай, анық ыстық бауырындаидай көріп, етті ұзын ақ саусақтарымен нығынан қыса құшақтай алды. Бауырына оның басын басып шашынан, маңдайынан сүйді. Қой деп жұбата тұрып жаңагы саусақтарымен Айсұлудың шашын ұзын бұрымдарын бойына соза сипап, сипап арқасынан да қакты. Отыра бере өзі де бірге үнсіз жас төғіп, көкшіл жібек кішкене орамалын алып, етті келген кішілеу түңғынқ қара көздеріп көзәйнегі астынан сүрте-сүрте берді.

Әсия бұл үйге көп жаійды сырттаң мейлінше біліп, қанып келген еді. Үй ішіне аңғартқанындаидай Әсия Алматыдан түстік облысқа Қазақ Жоғарғы Советі Президентінің жіберген бір команандировкамен келіпті. Бұлар Алматыдан жиырма шақты кісі бол түстік облыста негізгі бір мәселе жөнінен біраз жүріп еңбек етіп қайтуға, деректер жинап келүге жіберілген екен.

Әсия әүслде Лепин ауданына келіп, осы колхозды ара-

лаган шағында Айсұлу мен Нұрбүбінің бұл колхозда тұратынын білмейтұғын. Өзіне тапсырылған міндептің бері осы аудандарда әйел мәселесі, мәдениет, салт мәселесі, үй іші тұрмысқа мәдениет кіргізу жөні дең жалпы атаплатын облыста, республика орталығында үлкен маңыз беріп көтерілген мәселенің соцында жүрген жайы бар. Ауданды жерде ол жөнде толық, анық түсініктер алу үшін бір жағы комсомолдармен, бір жағы әсіресс молынаң мектеп айналасын, оқытушылардан, окушы ерсек жас комсомолдардан көп пәрсені сұрастыру Әсияның әдеттіне айналған еді.

Жақындағы орта мектеп Алтынсарин атындағы казак мектебі болған соң Әсия сонда ертелі-кеш екі күндей ұзак уақыттар ариап көп жайларды естіп ұғынып шыққан. Сонда Алтынсарин атындағы мектептің оқу бөлімін менгеруші мұғалима Мәдіна Мұслимовна және математика сабагын оқытушы опышыны кластың басқарушысы Саида Шәріповна сияқты орта жасты, байыпты білімді оқытушы әйелдермен Әсия көп сойлескен. Көп нәрссін білгенде, кейін өзі облысқа, Алматыга ала қайтатын деректердің, көцілді-көцілсіз жайлардың талайын солардың айтуынан хатқа тусяріп алған.

Жоғары кластың балаларымен де Әсия көп әңгімелесті. Тогызыны, опынны кластың окушы қыздары осы колхоз жастары Зина, Сара, Жәмила — бәрі де комсомолдар. Солардай тогызыны, опынны класс окушылары Әнур, Аман, Сәду сияқты ер балалар комсомолдар тобымен де кейде жекелей, кейде тоитап екі күндегі әңгімелескен.

Соңғы бір жұма ішінде осы ауданда, қала берссе осы мектеп ішінде, жақындағы бар колхоздарда көпшілік аузында жүрген бір іс бар екен. Ол осыдан бір жұма бұрын болып өткен Сағиттың соты жөнінде.

Мектепке келмес бұрын Әсия бірнеше адам аузынан сол соттың үкіміне сын айтқан сөздерді естіді. Кейде үлкен адамдар, кейде жастар, бірнеше қартан колхозшылар бәрі де Сагит бір жасты, жазықсыз жақсы жасты әдейт өлтірген жыртқыш жауыз бола тұрса да женіл жаза алды. Сот кесімі әділ емес. Өлген бала сот адамдары ойлағандай бұрынғы ескі феодалдық көзқарасты жактап, әйелдің азаттығына қарсы әрекет еткен қараңғы наным-дагы қартан туыстардың көзсіз құралы болған емес. Тегінде Әсия осылай деп сөйлеген сөзді де ауданға келе

бере аз естіген жоқ-ты. Ал міне ендігі айтушылар сот үкімін көп ауызben сынай береді. Наразылық бірінен бірі шалғай әртүрғы адамдардың аузынан шығады.

Өлгөн баланың аты Арман деп айтылса да Әсия ол Арманның бұның өзіне мәлім Айсұлудың бауыры екенін де білмей келген. Тек мектепке келіп Мәдина, Саңда си-яқты жүздері де, мінездері де байыпты, салмақты, әділ, момыш адамдар аузынан болған жайлар жөнінде бірталаі әңгімелер естіген. Әсия бұл оқиғаның ортасындағы адамдар бір шақта өзі Алматыда демалыс үйінде көрген Нұрбұбі мен Айсұлу екенін есіне алған.

Айсұлу Әсияның өзіне сол күзгі көріністе аса жақсы есер еткен жастық көркі, нұры әлі де көз алдында тұрған-дай ұмытылған жоқ-ты. Бұл адамдардың және Алматыда Әсия катты сыйлайтын ага досы Жәкесінің жақындары екендігі тағы есіне түсті. Енді ол үй ішінің барлық қайғы-қасіретін сырттай білу үстіне есту гана жеткілікіз деп танып, мүмкін болғанынша сырттан да, жақындан да және кейін сол күйікті қазага ұшыраған жандардың өзінен де толық ұфынып бар болған халге өзінің анық сенімді, деректі түсінігін ала қайтпақ болды. Мүмкін оның аржағында істің жөнін біле бара Әсия осы іске араласып, әлі тегі аяқтамаған тартысқа қатынасатын да бола ма! Оныны өз ішінде шешікен жоқ. Ал тегінде көзі жетіп тұрган әділетсіздік алдынан көлденең оралып, киянат көрген әлсіз жақ мүниш әділ, адал көмегін тілеп күреске шакыратын болса Әсия ондайдан бас тартамын, тайқымын деп ойладайды. Затында бір қорқақ емес, корғаншак, сақтық ойлагыш та, кейбір мансапкор, әйелдерше жалтаң, ұсақ есепкор болмайтырып.

Арманның өлімі жөнінде өзі тәрбиелеген жастарға ұстаз гана емес, апа, ана тәрізді бурыл шашты, үлкен кең жүзді, салқын ойлы сарғыш көзі бар мұғалима Мәдина соңғы сөзді Әсияны түсіне отырып шешіліп сөйледі.

— Арман осы оныныңда оқып жүрген балалардың ішіндегі аса мінезді, кітапты көп оқытып, ой шамасы жақсы ескен ең алдыңғы катар сарапалы бала, әрі жақсы комсомолецтың бірі еді. Ол қазакы ескі ұғым бойынша апамды күйеуге өз еркімен баруға жібермейміп деп тартысатын бала емес. Тіпті де ондай емес болатын. Және Арманың өзі гана емес, одан екі жыл бұрын осы біздің мектепті бітірген апасы Айсұлу дейтін қыздың өзі қандай! Жоқ, жоқ... бұл жастар анық біздің өзіміздің ала-

қанымызда бар шынымен көрініп өскен өзіміздің таза жастар. Мұның сөзін қостагап Саңда, кесектеу қатаң дауыспен ызалаға араласты.

— Тіпті ол балалардың шешесі Нұрбұйнің өзін де ескішіл, қызының ықтиярына қарсы зорлық стетіп аňа деп айтушының өзі жалакор. Біз білеміз, ол үйдің іші торғайдың балапандарының ұясында сондай момын да, тату да ыстық ұя болатын. Мен білемін, бір-ак нәрсөні білемін, қиянат, оларды панаasz деп қиянат жасау әрекеті ғана болды. Ал сол қиянаткерді сот актаң қана отырган жок, жактаң та отыр.

Бұл мұғалімдерден оцаша жерде Әсия комсомолка Зипа, Сарамен, Жәмиламен сөйлесіп еді. Олар өз үйлеріндегі ұлкендердің де соттың үкіміне наразы бол отыргандарын айтты.

— Менің әкем сotta болыпты!— деп бастаган Зипа қабагын туїп.— Сонда зал толған сол жауыз Сагиттың жакындары жиналышты дейді.

— Ол ғана емес,— деп Сара да өз естігепін мәлімдеді.— Соның бәрі Сагитқа ештеңе болмайды. Көп болса енді үш-төрт ай отырады да босап қайтып келеді деп, залда отырып сот үкімі айтылмай тұрын күбірлесіп отырганы болыпты.

Жәмила да Арман үшін күйікті жастың бірі екен. Соның бәрін көріп отырган прокурор иеге араласпайды. Әсірессе райком, райкомның секретары өзі сенімді ұлкен адам. Социалистік Еңбек Ері анау Мұқит аға иеге осындаі төріс, әділестіз үкімге қарсы шыкпайды. Мен түсінбеймін, комсомолдар, біз, не істен жүрміз!— дегенде Әнуар, Аман, Сәду үшесінде қатарына ызалаңған жас наразы үндерін айтты.

«Арман үшін күресу керек. Жәмила, сен дұрыс айтаңың. Сот үкімі туралы біз осы мектептің жастары Арманың жолдастары райкомолға да, райкомның өзіне де керек болса делегация жіберуіміз керек!» деп Әнуар бастап еді. Аман салқынырақ, сабырлы үмисен:

— Делегация емес, менің ойымша біздің комсоргпен, мына Сәду мен ана завучымыз Мәднина Мұслимовна бірге барып сөйлесу керек.

Сәду бұған қарсылық білдірген жоқ. Әсияға білдіре тіп мектеп жастарының ойларын да, ұсыныстарын да Зипа, Аман бәрі де жеткізді. Бір нәрсөні қайталап айта беру оның жаратылыстағы сараң сөзді байыпты мінезіне

артық сияқтаанды. Соңдықтан ол бір-ақ қана байлау айтты.

— Тіпті мақұл. Мәдина Мұслимовна құн көрсө мен сіздердің атыңыздан жаңағы айтқан өзімізге мәлім бар жайларды, ойларды атаган жерлерге апаруға өзірмін!

Міне осымен Әсия Нұрбұбінің үйіне келгенде бұл үйдің қайғысы, қазасы жөпіндегі айнала ел аузында қазір жүрген сөздерді, әр кеудеде керней жүрген бұларға мүцдас анық әділ совет қауымының ой сезімін, сөз байлауын мол үғынып келген болатын.

Әсияға әуелі сот үстінде болған теріс сөз, жалған айлалар жайын бүгінде жақсы аңғарын алған Нұрбұбі өзі айтты.

— Айсұлуды үялады, көп алдында жауап беріп көрмеген көрғаншақтық етеді дейді гой қулар. Мұны хат алған, көп хат алған деп бір сөйлейді. Сүмдүк пәле болатын күні соңғы рет тағы хат алған. Апау сүмниң келетінін білген деп тұрып, төндіріп соған тіпті мені де, Айсұлудың өзін де «е» дегізбек болғанын айтсаңызшы. Бірақ, Айсұлу айналайын үялған жоқ. Өзі қорғамаса өз басын әділетті кім айтсын. Баламан соңдай батылдық шығады деп күткен жоқ ем. Тура кесті де айттып берді. Жириенетүгым, оның хатын анып көруге қолым кірлемедей етім тітіркесетін. Соңдай былғашынтай көруім себепті одан келген хаттарды алғынмын да жыртып жыртып лақтыратуғым, деп тұрып бетке соққандай жарып сойып айттып бергенде, бүгін міне шынымды айттыш, әкесінің де, кешегі қаза болған бауыры Арманың да жоктаушысы бар екен дедім. Намысина сүйсіндім, жаным өскендей бол қалды,— деп жылай отырып, осы сөздерін үзе-үзе, тоқтай-тоқтай сөйлеп, Нұрбұбі барды айтты шықты.

Әсия Айсұлуга мұндай сын үстінде соңдай өз ішінен қуат таңқаын жақсылық деп бағалады. Бірақ Айсұлу ауыр мұнда. Бірталай уақыт үнсіз отырып калып еді. Бір шакта Әсияға ұзын кірнікті, ұзынша сұлу сұргылт көзін баяулай көтере қарап, өзек жарғандай бір шынын айтқысы келді.

— Мен ерлік, батылдық іздейін деп жүргем жоқ. Тек Арман үшін қолымшан келгенді, тілім мен ділім жеткенді етсін де, тіпті өлейін деп те ойлай берем. Дүниеден, тірлікten біз жана көрдік, Әсия апа. Жүрегім жетім, ішім де өліп қалғандаймын. Тек бір соңғы Арман алдындағы

қарызды ада қылыш, осы өмірден кетсем деймін,— дей берді де орамалын жұлып алыш көзіне басып сіреп жіберді.

Әсия оны бауырына қысып басынаң сипап, өзі де оттай бүркүраң алай-түләй боп қалған еді. Қалың інгі дірілдеп, жылаған аузынаң бір-екі алтын тістері ашылды. Ол әуелі үнсіз қүйде Айсұлуды құшын қысып отырды да ақырын бой жиып, салқын сөйледі.

— Ол теріс. Оның өте теріс... Айтпа сен ондайды. Сен бе екенсін өмірге керексіз жан? Ешбір адам баласына жазығы жоқ сондайлық жаңы да, жүзі де, тәні де, бар өмірі де аппақ таза сендей жас өмірге керексіз адам бола ма екен!.. Сендейлерді керексіз етсе, өмір өзі неменеге тұрады?

Әсия ішінен Айсұлудың сұлулығына біртүрлі тамашалайтын. Осы үйге келгелі қайғы үстінде бұрынғыдан да ағарып, бар жарастық көркі жүдеулік халінің үстінде өзгеше айқындаш шыққан Айсұлуды Әсия бір түрлі ерекше тамашалап отырған-ды. Өзі жаратылысында эстет және одақтағы көп музей-галереяда дүние жүзінің бар шеберлері салған жас сұлу қыздар суреттерін есіне ала беретін. Айсұлуды көргендег Рафаэль ме, Рембрант па, Микельянджело ма, әлде Индия фрескаларының сұлулаты ма, жоқ Жапонияның фарфордан жасаған сұлу қыз мүсіні — әсем статуэтка ма, сондай ишіне алуан сурет өнерінен, мүсін өнерінен бояулы коңырқай түсті әлденеше портреттер, мадонналар, әулие әйелдер жүздері көз алдына келс беретін. Тегінде әйелдің сұлулығын, көркем әсемдігін, нәзік әсерлі жарастығын әйел бағалап тамашалаганда көп кітаптарда жазылмайтын өте шетін де нәзік бір андаулар болады.

Әсиядай көп оқыған және көркемөнер жагын өздігінен көп зерттеген іші терес, өз ішінде ойлы, әділ, аса таза сыйнышын сирек қасиеті бар ана қалындағы әйел жас нәзік Айсұлуды жазылмаған романының, бұрын суреттелеip көрмеген ғажайып ыстық жарастықты жас герой әйелін оқып танығандай ұғынған еді.

Бұл сезімдердің үстінен Әсия азамат, ол партияның, санаалы ұлкен ортаниң жауапты өкілі. Мұның қазіргі Айсұлуға арналған қамқорлық, достық сезімінде партия мен үкіметтің жазықсыз жасты жазалы жыртқыштан коргау өзіне қарыз деп түсінген сана да бар. Ол осы күнде, осындай заманда Айсұлудай жас, советтің қызы,

социалистік семьяның аққанат көгершіндегі жазықсыз сұлуы, азат сұлуы осындай қайғыдан жапа көреді дегенде өзінің, партия жүртшылығы атынан, азаттық алған совет әйелдері атынан барлық адамгершілік санасымен, қайраткер азамат санасымен ызалаңады, ширынып тұрып нағыстаға ашууланады. Сол сезімге түйілген бір шағында Айсұлуға қысқа ғана, тартымды ғана және тоқтарлық бір-ак сөз айтты.

— Сен оқытансың. Сен советтің жасысың!.. Сен Арманды еүйгендің шын болса, сол Арман үшін және мына қасында отырған қасиетті анаң үшін жаңағыдай сөзді жасық көйілдің жасып босаган сөзін айтуға ешбір право жоқ!— деген сөзді Әсия нығыз зілмен айтты. Сопымен Айсұлудың көзіндегі жасты құргата да білді. Және Айсұлуға:

— Кітап оқы, үзбей кітап оқы, был анациң қасынан шыға алмайды екенсің, сол уақытта өз бетіңмен оқумен іздесе бер! Өсесің және үйден шықпай, картан адамша, ауру жаша бүгіліп, бүктеліп ұдайы жасып жылап отыра берме, ол сағап үят!.. Мына анаңды ол сүйеу емес, жүдете беру, қартайта беру. Оның аржағында мұны да өлімге қарай жақындана беру, қой мұны. Сенің жайынды осы айналадағы комсомол жастардың бәрі жақсы біледі. Мен көп адаммен сөйлестім. Айшала жүрттың бәрі үлкен де, кіші де — бар мектеп түгелімен осы отырған өкесінің досың. Тығылма! Енді үйден шығып, жастардың жиынына барып, мектеп кітапханасынан кітап алып жүр. Ал анау екі мұғалимаң — Мәдіна Мұслимовна, Саңда Шәріповна сенің жайынды және Арманиң жайын өсі мынау отырған апаңдай сөйлейді де, уайым етеді. Соларға барып жүр. Бұ не бұл? Қара тұтқан дұрыс, ол бірақ көнілде, іште болсын. Ал сен жассың. Жас өмірің сепең жастың тірлігін талап етеді. Оқы және былтырғы пистің бойынша жоғарғы оқуға осы күзден қалмай бар да түс! — деді. Бүгін осы үйден Нұрбубінің қолынаш шай ішіп, ас ішкен шактарда Әсияның бірнеше қайырып Нұрбүбігे де, Айсұлу жөнінде ақыл етіп айтқаны осындай ойлар, кесестер болатын.

Өзі Алтынсайға барып қайтып жүрген шактарында бұл үйдің ішіне айтпай Әсия сottың ісімен де біраз айналысып көрді. Әуелі прокурормен сөйлесіп еді. Шығарар үкімін шығарып, мұндағы бар ісін бітіріп алған про-

купор Саматов бұл істің жөпінен Әсиямен сөйлескің келмеді.

— Іс бұл арада шешілді. Тергеу орындары мен сот орындары заңға сүйене отырып, өздері таныған қалыпта барынша әділ байлауын жасады. Ендігі инстанция — облыстық сот. Алыстан көлденен келген адамсыз. Ресми жағын айтсақ, ездің жүрген командировкасызға бұл істің қатынасы жоқ! — деген жайды да сездірді. — Және атусті көшеден естіген сырт сөз әртүрлі алықаштылар бойынша иені анықтан, иені ездің аңдауызызга болады? Партия мен үкімет сенген сот пен прокуратура орындары өз істері жөнінде жауаптылықты өзгесіз де біледі! — деп те койды.

Әсияның сөзінде «әділет», «ар» деген, «совет семьясына паналяқ, камкорлық» деген сияқты жайлар болып еді. Оған да үлкен басты, семіз толық бетті, сәл қанталаған үлкен сұрқылт көзді Саматов таңдана түскен болды. Әсияның жүзіне қырынай көз тастан, акырын мырс беріп салқын кекесінен күлді де, жүзін қайта сутты.

— Сіз ауызға алған ар, әділет, әлсізге камкорлық деген жайлардың бәрі советтің заңының мазмұны, жаңы. Сіз бізге өзіміздің жүртқа беретін сабағымызды қайта окуға келгенініз, сыпайылап айтқаңда, не스크оминый болар! — деп те қыр беріп, жотасын көрсетті.

Әсия әр жағынан бұл адамды барладап көріп тынышты. Көзілдірік астынан караган кішілеу өткір, туғызық кара көздері прокурордың бітсебас, асқақ, түрпайы, тәқапиар калини түгел таныды. Бұл арада ештепе өнбейтінін және аңғарлы. Шала контасты да кетіп қалды. Прокурормен қыска сөйлескен, тіпті ішкі ойын таратқысы келмесен Әсия райкомының секретары Мұқитпен сөйлескенде мүлде басқа мінезбен келіп еді. Мұнда-ол райкомыны осы үкім жөнінде айнала колхозны мен жастар жүртшылығы не деп жүргенін тыңдауы, білуі көрек шығар деген. Өзі мектептерде комсомол қыздар мен үлдардың ортасында болып үлкен әділ ойлы мұғалімдерден көп нәрсе естігениң бір айтып өтті. Әсіресе соттың ресми тергеуі, мәжілісі, талқысы сырттай түптелген қалын томды делога неше алуан акт, протокол, сұрак, тергеу, үкім атымен аталып құралған қағаздағы істің жолдары бар екені бір бөлек. Одан басқа өмірдің шынылығы, жүрек ішіндегі тартыс, адамдық пен айуандық қақтығысы, жас

жапының әділ қарсылығы, ашу жиреніші, ешбір қағазға түспейтіп шындықтар тағы да барып атап өткен-ді.

Милиция, прокуратура дәл деректері өз алдында даусыз күйде болған істер іздері есебінде тізіліп тұрған шығар. Бірақ осындай істер жөнінде тек қана прокурордың немесе жалғыз ғана судьяның өздерін ғана көріп, айналған адамдарды, ол адамдар ішінде қылмыстының жақыны, сүйеушісі, толын жатқап мықты, салмакты астыртып да, құпия да іздеушілері болуға мүмкін екенін ескермесуге бола ма?! Прокуратура ескермесе де халықтың көз алдында партия мен үкімет орындарының қақ касында бар жүртты түршіктіре, сүмдігымен шошыта жасалып отырған жауыздық райком секретарьларын, районсполком басшыларын кеңірек ойландырса болмас па еді. Теріс, артық болар ма еді? Сіздер тек қана прокурормен сөйлессүмен тоқырап қалмай айналға кеңірек көз салу, көбірек ұғына түсу, көбірек үнді тыңдай түсу, халық үйін тыңдай түсу дұрыс болмас па еді?— деген сияқты сөздерді Әсия Мұқитқа асықпай отырып, өзіне біткен алғырлық, батылдықпен жүзіне салқын да, түршіккен де ажар шығара отырып сөйлеген еді. Ол Айсұлу мен Нұрбұбінің үйінде болып көп пәрсені жалақор емес, пәлекорлық мүлде жок, тек жылаулар шыны ғана бар жандардың аузынан өз құлағымен көп естіп білгенін әдейі Мұқитқа қадап тұрып, оның біраз үялтқандай: сіздің де білуіңіз керек еді деп те бір койған. Сонымен катар, жасырған жок, прокурор Сamatовта болғанын, оның сөзіне өзінің паразы боп шыққанын және де айтқан.

Сона бір кезде прокурормен байыпты сөйлескен Қөлбасев Мұқит Әсияға шолак мінез көрсетті. Бұл өзі герой, былғы жылы мақта жоспарын жақсы бітірген. Мал шаруасын да, ет, сүт, жүн дейтіндерді Ленин ауданы туғел, декабрь ішінде соза келсе де, ада қып шыққап болатып. Облыс түгіл орталықтан келген Әсия болса да жацағыдай, бірталай сын тере келген кісіге ол алғашқы ойына келген сезімінен асып барлан жауап айткысы келмеді. Мұның алғашқы ойы Әсия партия, совет қызметкері болғанмен, екіші жағынан әйел қызметкер. Әрине ол жылаған әйел Нұрбұбіні, жас қызы Айсұлуды және өзі айтып отырған мұғалима Мәднишаны, Сайданы және комсомолка қыздарды бár еркектерден артығырак, сенімдірек көреді. Ол Әсияның әзірге өзі де аңдамай отырған психологиялық табиғи заңды пәрсе. Соларша түршігу,

ұғынбай тұрып соларша, солардың шұсқауымен кейір өлардың сырттан айтатып үшқары үкімі бойынша кінелай синау бәрі Мұқит үшін түсінікті де, көптен таныс та. Осындаида болатып сыңаржақтық әйел ортасының әрек-пуй тәрізді ұғылды.

Дәл осы ойдан басқа жайды өзі іс арасында отырып, толық аңдамаған және аңдау, барлау керек деп ойла-маған Мұқит әңгімені созбай тоқырата кесіп айтты.

— Партия мен үкімет бізге бұдан үлкен мәселені де сепіп тапсырады. Сіз ауданға бірінші рет жалғыз ғана келіп алғып, өздігінізбен тергеу ісіне бас сұғасыз. Кейір әйелдерден ұғынға үшқары, біржакты сөздерді райкомға дәлелсіз, дерексіз алғып келесіз. Заң орындарын және ауданың сепімді, жауапты, өздері жұртты жаксы білс-тін, тәжірибелі партия қызметкерлерін салғапшаш сыйай сөйлейсіз. Әділетті айтасыз, осы өзініздің осылай тергеуініз әділет пе? Осынызыз не?!— деп Әсияға жауап айтты, жәнді түсіндіру орынана салғапшаш қарсы дау айтты, тіп-ті карсы кінә да тастады.

Әсия мұндаидай жайлар жөнінде Мұқит алуандас жауапты адамдармен сан рет кездесіп көрген, тәжірибесі барды. Және жаратылыста өзіне біткен адам тапырыш, естілік, іштей жүйріктік мерзімі бойынша бұлай сөйлеген кісімен салғыласудан пайда жоқ. Соны аңдады да сөзді Мұқит күтпеген түрде тоқтата қойды .Бір-ақ қана соз тастады.

— Дәл осы жұмыс оцай екен, оцай тышар екен деп ой-ламақыз, жолдас Мұқит. Прокурорға да, СМУ-ға да пар-тияның әділет күші жететіп шығар!— деді де, тағы сөй-лескісі келген Мұқитқа орынана тұрып қол беріп, үнде-мей қоштасып шығып кетті.

Осы сапардан Баскент каласына келген шағында Әсия Алматыдағы Жәкеңмен телефонмен сөйлесіп еді. Ол Айсүлудың хатын алғып аса қатты наразылықпен, ызамен жұр екен. Әсия барлық жайды өз көзімен көріп біліп қайтқанын айтты да:

— Мен бұл жайды тек қалдырығым келмейді. Обкомға да білдірмекпін!— деп еді. Жәкең мұның байлауына ыр-за болды да:

— Бәсе, мен сізден соңдай ойға келерсіз деп күткен едім. Ал мен өзім Баскентке барсам деймін. Қартайған шағымда мен де арызбен әділет қумакқа, ізdemекке бекі-нип тұрмын, қалай дейсіз? Осы іске менің септігім тиер

ме еді?!.— деп өз байлауын Әсияның маслихатына бере сөйледі.

Әсия сол шақта былтыр күздегі Жәкең мен Қарпов-тың таныстығын еске алды:

— Жәке, мениң де мұнда бармагым, осы жөнді түгел айтып білдірмес болған адамым жолдас Қарпов. Сіз опымен өзіңіз де таныс едіңіз гой. Мен келуіңізді маслихат етемін!— дей сала, Жәкең де сол сәтте Қарповты есіне алған болу керек. Жетті, болды, Әсия Әлимовна. Маган бәрі түсінкіті. Енді мен ертең Москва поезымен Баскентке жүремін!— деді.

Осымен соңғы күндерде Баскентте Жәкең де, Әсия да ұшырасып бас қосқан.

Соттың артына Таңатпен бірге байланған сөз бойынша ол Баскентке келген. Өз бетімен Айсұлу, Нұрбұб обкомга бар, облыстағы партия басшылығына арыз айт, өтінішімізді жеткіз деген сөздер бойынша бірнеше күнцен бері Баскентте жүр. Бүгін ол обкомның секретары Алмасбек Жайлышековке кірмекші бол келген. Үлкен үйлері мол, асфальтті, гүлдеген биік ағаштары мол, көлецкелі салқыны мол, арықтары таза сулы Совет көшесімен әрбір үлкен үйге қарай түсін ақырын аңдан жүрген Таңат обкомының екі қабат үйіне келген. Бұл үйдің тұрған жайы өзге, бұл көшедегі үлкен үйлерден сәл ішке таман салынған. Алды жеңіл машиналар келіп тоқтауға, жүргіншілерін тосып тұруға қолайлы бол жайғасқан.

Үлкен көшедегі өзге биік, көрнекті тас үйлерден үлгісі, архитектурасы да сәндірск, сыпайырак жасалған обком үйі Таңаттың көзіліне обкомға ең лайық үй тәріздепен. Көшіе бойында отырғызған ағаш атаулы гүлдеген кез. Мұнда өрік гүлдері, алманың ак гүлдері, грушаның (шектің) биік зәулім ағашты етегінен еңселі жоғарғы кең бұтактарына дейін түгел тараї жатқан ұсақ ак гүлдерімен түстіктің қаласын бүгінгі апрельдің шағырмак бұлтызы ашық күнінде жастық нұрга бөлейді.

Ағылыш жүрген машиналар да аз емес. Бензин, мазут ністерімен қатар жаңағы гүлдеген ағаштар, төмендегі газондар толы гүлдердің ише алуан жібек талындаі үзіліп-созылған, білінер-білінбес толқып сөнген ніс-лептері қыстактаған келген Таңаттың танырқай сезінген үздіксіз жайлары болатын.

Сылдырап аққаш тап-таза арық сұзы да оны қызықтырып, сүйсіндірді. Ауданда, колхозды жерде арық сұзы қыстақтың ішінде, үй қасында аз болады. Болса лайлау, арығы қисық, тараң, көбінше құр арина боп жатады. Және әсіресе Тацат келген түстікте көшелердегі тонырақ, шаң қалың болғандықтан арық сұзында анық таза мөлдірлік те бола коймайды.

Тацат Баскент қаласына, осы жайларды еске ала жүрген сайын, тамашалай, сүйсіне қарайды. Қенсе адамдары Тацаттай ерте түрмайды. Бұл өзі түскен үйдің бар адамдарына да әлдекайда ерте оянып, кораның ішіне шығып, көлеңкелі жерде қаланың неше алуан үшін тыңдалап, тацертенгі қозғалыс-қыбырларын үндемей байыпты ғана бақылап отыра беретін.

Қазір Совет көшесімен обкомның үйіне қарай келе жатқанда да ол әр жерлерде ағаш түбіне тоқтаң, көшеге, үйлерге, ағылып жүрген жаяулар, мен маниналарға көп уақыт көз салып тұрып-тұрып қалып ілгері жылжыған.

Бұған обкомның үйін өзі келгеси күниңде өзі түскен үйдің несі картаң әйел өртіп келіп көрсеткен-ді. Обкомның ішіне кіріп төменде тұрган милиционерге өзінің келген жайын айтып, обком секретары Жайлышбековке әдсейі ауданнаң арнаң келгендін осыдан екі күн бұрын айттып шыққан. Бірақ Жайлышбеков бір ауданға кетіп әлі қайтпаған, обкомда болмай жүр. Бұғаш соның қызметке шығады деген күні болған соң күндегі дагдысы бойынша следеп ерекше, кеңселердің қызмет сағатына да әлдекайда бұрын тұрып алған Тацат Баскент орталық көшлерімен жаңағы айтқандай өте жай жүріп, асықпай баяу басып келіп, обкомның парадный есігінен енді келіп кірген.

Таныс милиционер бұз жолы оны бөгемей жоғарыға қарай шығатын кең, биік басқышты көрсетті. Бұдан екі күн бұрын осында обком кеңсесінде кеңірек бөлмеде екінші этажда отырган уш әйел қызметкерді көрген. Соның біреуі қазақ әйелі. Ұзын қара шашын желкесіне түйген, жұқалаң, ашаң жұзді, бетінің сәл қызыгылт күреңі бар, өткір кішілеу көзді Шалқарова деген әйел еді. Оған Тацат обкомның секретарына, Жайлышбеков жолдасқа арнаң айтатын, ауызба-ауыз айтатын арызым бар деп бұрын да білдірген. Шалқарова осы Тацат сияқты колхоздаң, ауданнаң келстін ер-әйелдердің қартаң адамдарына

әсірессе ауыл-қыстак адамдарына үдайы үлкен ілтипат жасайтын. Қолынаң келгеше бар жайды ұғыпдырып, бар жөндес көмек етіп тұруға талмайтын. Осы міндестінен әр кезде таңбайтын. Шалқаровашың алдынан отіп келген арыз, қағаз немесе осы Таңат сияқты іздепеген еңбекшілердің істері секретарьдың қайсысына болса да елеулі салмағымен орынкты дәл жететін.

Таңаттаң Шалқарова іс жоғін бұрын да сұрастырып еді. Бірақ Таңат оған ашылып сөйлеген жоқ, қайта шаруасын оша анықтамай, тартына көмексі қып айтқан.

Ауылдан келген қартаң іздепуші барымды бұған айтып қойсам жарамас. Өзі араласқан бол ісім әрі бармай қалар. Бәрін білсе үстап қала ма! Соңадан, жырақтан келген соң не де болса ойға алған басыны адам — обком секретары ауданшы да, бұжерден де кеңесшілер атап берген Жайлышековтың өзін көремін. Өзінен бұрын оша ашылып, шешіліп сөйлемейін деп, Шалқарова бірнеше рет сұраса да ісі жөнінде түйікталып шешілмей койған.

Казір ол үлкен бөлменің сол жақ бұрышына тақау тұрган Шалқарова столына тақағаңда жас әйел мұнымен түрегеліп аманасып, орындық әкеп қасына отыргызы.

— Казір жолдас Жайлышеков келеді. Сіз кіріп сөйлессіз. Бірақ менен әүелі сіз туралы «кім екен, не жұмыспен келген екен?» деп сұрайды гой. Соны айту үшін сіз маган барыңызды айтпасаңыз да, оны секретарьдың өзіне айттарсыз, бірақ тек қана не жәнмен келгепіңізді айтқаныныз макұл болар еді, ағай,— деп жылы сөйлеу үстіне, Таңаттың алдыңғы ұшырасудагы мұны комсынғандай ісін жасырған мінезін сол кешіре күлімсірей түгел ұғына отырып, Таңат шалдың жүзіне «сінді қайтер екен» дегендегі барлай қарады.

Таңат әлі де сырдаң, қартаң көңілмен өзінің тартбақы бақал есебінен жақыла койған жоқ. Құлімсірей қараған Шалқаровашың жүзіне о да өзінің кішкентай сұрқай көзімен күлімдей қарады. Ішінен: «Сен білгемен көзинан не келеді. Стол басында отырағымен әйелсің гой»— дегендегі көне сенімсіздігі де аралас отыр. Бірақ жауап күткен Шалқарова бұған өзіне ұнайды да. Бір кісіні еріксіз сенімді бастайтын жылы жақындық, Таңат көп кездестіре бермейтін тартымды туралық бар сияқты. Құлғен көзі тіпті жұмыла, сығырая беріп, ең әуелі Шалқаровадан отінін алды:

— Өзің әйтеуір кіргізесің гой. Жүзі жаксыдан түшіл-

ме деп, алдамайсың ба деп отырмын. Қіргізетін болсаң айтам. Алдамаймын деші өзің әуелі,— деп күліп қойды.

Шалқарова басын ілгері төмсі изеп, беті ду етіп қызырып күлді де:

— Алдамаймын, ата, уәде болсын, айта бер!— деді.

— Ендеше,— деп Тацат жүзіне салқын салмақ жиды,— менің келіп отырганым кісі өлімінің жайы. Азамат ішімді, оныны класта оқып жүрген комсомол інімді бір дүшпен өлтіріп кетті. Соны ауданда жақтауши, қоргаушылары көп болып, жазадап құтқарып жатыр. Інімнің әкесі өзімнің туғаным еді. Ол кешегі Отан соғысында майданда қаза болған ер еді. Сол соғысқа кеткенде емшекте қалған бала, жалғыз үл баласы — Арман болатын, міне соны өлтіріп кетті. Ауданда әділет таппадық, өлген балашың шешесі мен жалғыз қызы апасы қайғыдан сарғайып олар да өлім шағына жетті. Мені әдейі жіберді, обкомға бар, әділет ізде деді. Сомен келдім. Ал енді көрсетші Жайлышековты. Жеткен жоқ па осы айтқапым!— деген еді.

— Ендеше Жайлышековты қазір көрессіз. Тек сәл ғана күттің. Ол кісі жаңа келді. Мен кіріп сіздің жөпіңізді айтып, үғындырып шығайын. Ол кісінің уақыты аз болса да сізді қабылдайды деп білеміп!— деді де, обком секретарына қарай беттеп кетті.

Жайлышековке сөйлескендे Тацат ең алғашкы сөзін:

— Осы дүниеде әділет деген бар ма, жоқ па? Мен соны іздеген кісімін. Жоқ болатын болса «о бомайды» де де, үйіце қайт де, мен қайтам да кетем — деп сөзін бастаған болатын. Тацаттың қайран қалғаны Жайлышеков бұл істі бүрін біліп қойған сияқты. Жаңа Шалқарова осында кіргенде бірталай бөгеліп еді, әлде сол жеткізіп айтты ма екен? Жайлышеков одан да ұғынғаш, бірақ соның аржагында да біраз осы істің жай-жапсарын естіген кісі сияқты. Бұл да жылы жүзді, жасы жас, ажарлы болғанмен ажымсыз, ақсүр толық жүзінде кісіге айтқапына сендеретін бір тартымдылық бар екен. Үлкендеу өткір көздері Танатқа аздан соц жылына қарады.

— Әділет ізделеп келгенің макұл екен, көрія! Алдын ала айтайын: бұл жерден, обкомша сол әділлітті табарсыз да. Әуелі осыған келісеміз ғой. Сөзді сондай үлкеннен бастадыңыз гой, солай емес пе?— деп барлық өци-жүзі жылынып күліп алды.

— Шынында сөзімнің басы сол екені рас. Ал шындық,

дұрыстық болады деген лебізің кеулімді ырза қын қалды. Бомаса мен мұлде әділет табылмайтын бол талай белден асып кеткен бе деп ем.— Жайлышеков шалдың есті, сыныш ойының орамды тілмен сыпайы айтылып отырганына іштей сүйсінді де, тагы да құле түсті.

— Ақсақал-ау, осы сіз көп түцілген сияктысыз фой. Сонша көп жерде болдыңыз ба? Кімдерден әділет таппай келдім деп отырсыз? Оны да атайды кетсеңіз қайтеді?

— Әділетті әлбетте атайды. Бұяққа келгенде соны айтам демесем несіне кеген болайын. Бір деңіз, пыркоролдан таппадым, екі десем, аудандық ысполкомдан таппадым. Тіпті-тіпті ер кезегі үшке дейін деп, үшінші, райкомның өзінен де таппадым. Со бомаса ауданнан кетіп нем бар. Мұнда сенің алдыңа көп жүріп, келіп нем бар деймін де.

Осылай басталған Жайлышеков пен Тацаттың сөзі сағаттан артық әнгімеге айналып еді. Бар жайды Тацаттың аузынан толық ұғынған Алмасбек әнгіменің аяғында жүзін салқындастып, сәл қабақ түйіп ойланды да, өз байлауын іштегі ызамен, қатты бір түршігумен жасаған еді. Әуелі Шалқарованы шақырып алды да:

— Мына қарттың жаңағы маган айтқан, оның алдында шет-жагасын өзіңізге айтқан ауызша сөздерінің бәрін қағазға түсіріп, жазып алдыңыз. Орысша тексті Нил Петровичке беріледі. Сондықтан орысшаға да жақсы аударысыз. Өзге жұмысты істемей-ақ қойыңыз. Қызмет аяғына шейіп осыны дұрыстап жазып, мына кісі өзі атап отырган Ленин ауданының судьясын, прокурорын, райком секретарын түгел қалдырмай жазыңыз. Бұғаша мен сізді басқа жұмыстап босаттым. Тек қызмет аяғына дейін сол қағаздар әзір болсың!— деді.

Екінші бір байлауы казір бөгелместен осы естіп-білгеппін қолма-қол обкомның бірінші секретары Карповка түгел мәлім етіп, сопымен бірге қосылып отырып, байлау жасау еді. Осы күні түскі үзілістен кейін Шалқарова Тацаттың арызын әзірлеп әкелген соң Карповқа телефон соғын сол қағазды жіберген Алмасбек өзі кейін жарты сағаттан соң кіріп еді. Карпов қағазды оқып, бар жайды ұғынып отыр екен. Әзір Алмасбек екеуі қысқа ғана нақтылы бір байлау жасады. Үш кісіден комиссия құрылсын. Соғап облыстық соттың бір қызметкерін, профсоюздан бір адам және обкомдан Шалқарова қосылсын. Осы үш кісі ертсі жүріп, бір жұманын ішінде сол ауданда болып,

колхоздарды, аудан орталығын және аталған кеңселердің бәрінің бастық адамдарын көрсін, мектеппен сөйлессін. Комсомолдардың, колхозшы күәлардың, жалпы жергілікті жұртшылықтың біраз адамдарымен де сөйлесін, толық, дәл, әділ деректер жиып келсін. Обком өзінің бұл іске үлкен көңіл бөлгениң осы комиссияны тез жіберумен танытады. Ал анық, нақтылы байлауды бар пәрсеге көз жетіп, бар жайдан дәл деректер жиналыш болған соң жасайды, деген байлауды Карпов Алмасбек екеуі бірге отырып жасады да, сөздің ең соңында Карпов бір-ақ қана түйінді сөз айтты.

— Обком бұл мәселеге қатты көңіл бөледі. Себебі бұл бір әйел басының сөзі емес. Облыс көлемінде қазақ әйелшін мәссесінде ескілік қалдығы жөнінде облыстық партия комитеті көңіл болмексе болмайтын ауыр да, қын да жайлар бар екені байқалып отыр. Соған көңіл бөлөттің мезгіл мейлінше жеткен екен! — деген сөзді кең жүзіне бір толқу қызу қап ойнап шығып қатты үймен салмақты қып бір-ақ түйді де, содан әрі сөйлеген жок.

Қазіргі сағатта Әсия Карповтың кабиетінде облыс бойынша не деректер біліп, қандайлық ой қорытқанын обкомға, соның ішінде әсіресе Карповқа өз аузынан баяндамақ бол келген еді. Өзі орталықтан келгеп, көлденеңнен тың көзбел қараған адам болудың үстінен қазактың оқымысты, білікті, партия мүшесі мәдениетті әйел Әсия Карповтың оның аузынан біраз жайлардың шындығын естүінде мейлінше лайық адам бол көрінген.

Былтырғы Алматыдағы екі жұма уақытты таудағы демалыс үйінде бірге өткізген шақтардан Карповтың есінде қалған айқын шақтар, анық әңгімелер әлі ұмытылған жок. Әсия соңда бұл шаққа дейін Карпов көрғен қазақ оқымысты әйелдерінің ішіндегі ең бір бөлек көрнекті, анық ішкі мәдениеті жақсы анылдып. Әскеп совет әйслі бол танылған-ды.

Әсия өзіне біткен ашық, турашыл және адам ажарын аңдағыш жүйрік көңілімен Карповқа көп басны адамдардан басқарақ қарайтын. Бұл кісіде, Әсияның түсінігінше, інте жатқан берік таза адамгерлік қуат бар. Әрине сол қасиеті ұдайы көрінскек беріге шығып түрмайды, ол бір еркектік салмақты қуат және көп тәжірибелі ірі саяси қызметкердің ұстамды, байыпты, үлкен тәжірибелі сыпатынан туатын мол қалыптанған кесек қасиеттей қазына. Көп сырласып, іштесіп сөйлеспегенмен Әсия был-

тырғы күздің өзінде Нил Петровичке көп пәрсөнілшілікten сеніп айтуға болатын кісі. Бұл партияның үлкен өкілі және ұлттық республика жағдайында өзінің Ленин жолындағы ойлы большевик болған міндеттің тересі түсінештіп, аса жауапты, ойлы адам деп біletін.

Мысалы осы облыстағы обком секретаръларының Әсия қадірлейтін тағы бір-екі қазақ азаматтары бар. Солай болса да Әсия өзінің қазіргі осы сапар соңындағы ойны шын лениншіл басшы деп ең алдымен Қарновқағана сеніп айтқысы келеді. Бұл Әсияның қазір Қарповқа келіп алғаш әңгімелессе бастағанда ішінде отырган ойла-ры, түсініктері еді.

— Мен облысыңыздың бірнеше ауданын аралаш, мысалы әйел жайын жеке бөліп сөз етсем, шынды айтайдын, Нил Петрович, сізді мен жұбата алмаймын,— деп бір бастады. Нил Петрович үлкен мөлдір қара көк көздерін қырындағы бұрын Әсияға молынаи ашын қадалыңыраң қарады да:

— Ол сіздің міндеттіңге кірмей-ақ қойсын, Әсия Эли-мовна. Сіз таныған шындық мен үниң бәрінен қымбат болар, соны ойлаңыз. Барышша қатал да болса шындық болсын!— деп біраз оңдала бұрылып, Әсияны асықнай тыңдайтының аңғартты. Әсия Қарновтың жақсы утіктелген жаңа жұқа шұбарлау сұр костюміна, түзу сипайы байланған қоңыр сұр галстукіне көз тастаған, секретарьдың сырт ажарына да тәрбиелі ұстамды тағалық аңғара отырды. Бұл кабинеттің жазу столы өзге кабинеттерден оқшау, басқарақ екен. Келушіге қараган сырт жағы сәл дәңгелене келіп, секретарьдың өзіне қараган жұғасы қысқалау, іштей иле жасалынты. Телефондар тұратын кішілеу қатар стол беті және де үқыпты стіп жабылған жасыл сукносы (шүгасы) бар, о да сырты дәңгелене, иле жасалған сөнді орын.

Қысқасы, бірінші секретарьдың үлкен бөлмесі мәжіліске жынлатын адамдар отыратын терезе жақтагы үзын столымен де және өсіресе секретарьдың өзі отырган жаңағы орын түрімен көрнекті мәдениетті орын-жайды бөлекше аңдатты.

Әсия мұндай кеп көріністерді елегіш, аңдагыш мәдениетті әйел қалимын қазіргі кездесу жағдайы, адамы барышша орынды, жауапты ұшырасу екенін аңғартып отырты. Ол облыста көп нәрсені естіп, көріп, әдей өз-

дігімен араласып, анықтап танып шыққап бірнеше көңіл-сіз күйлер бар. Соларды шетінен санауды.

Қазақстанның өзге облыстарынан осы облыста бөле-гірек әйел халіпің бұрынғы шақтағы ауыртпалығына өз-геше себеп болған кеше ғана өткен тарихтың аса ауыр жағдайлары бар. Бұл облыста ишандар, шайкы-кожа-лар, неше алуан медресе, мешіт, мазар түрінде мейлінше мол заман үстемдік құрған ауыртпалықтар бар. Мұнда тегін айтпайды, «Сайрамда бар сансыз бап, Түркістанда тұмениң бап, бантар бабы Арыстан бап» деген жайды Қарповқа ұғымды етіп аударып берумен бірге казіргі облыстың үш ұлкен ауданы осы бір сәйлемде аталғанын ескертті, Арыстан бап Шәуілдір ауданында. Ноян ауда-нында кеше ғана Ақишаң деген айлалы, қатал, даңқты казірет болған. Тіпті сонау Қаратай аржағындагы жы-рақтағы Ұзак ауданының өзінде Баба тұкті шашты әзіз, Бабата, Балықшы әулие дейтіп әлденеше әулие жайлар бар. Мынау тұрған Ташкенттің аржақ-бержабы, Орта Азия мұсылмандарының бәріне құдайдың әмір құдіре-тіндегі көрлі құдірет бүйрығын таратқан Қожахмет Яссалуи, Ташкент түбіндегі Зенгібаба мазары тәрізді бір облыс көлемінде бүкіл бір діндар мемлекетке мол жетер-лік әулие-казірет, ишан-пірлердің мекен-жайлары болған.

Айрықша атап, тарихына барып тереңдеудің қажеті жок. Бірақ осы орындардың бәрінде фанатик, дүмшіе, өздері обыр және қатал, ожар плутократияның әмірі жүрген. Сол ескіліктің ізі оңай жоғалып, ажалдың тор-лары, шырмауық желі тұзақтары тез жыртылды да бітті деу керек смес. Әлі көп жанның санаусында жақалық та-лай осындашы шырмауықтарға оралумен, тұсалумен қос-қыртыстал, қос-қабаттал жүр. Соның себебінен көзге кө-рінбеген, іште терсінде жатқан таусыншак та болса тегі лас жайлардан туған, туатын ойда жок жат мінездер шығып қалса, өріс алып қалып отырады, деген жинай ойлап жүрген бір жайларын алдымен айтып өткен Әсия Қарповтың әлі нақтылы іске жеткенге шейінгі сөзді сый-шы ойлылықпен үнсіз барлаш, салқын тындан қалғанын аңғарды.

Енді Әсия шұғылынан әр ауданда өзі қөрген өрескел күйлерді тізе берді. Ең әуслі жетінші кластган әрі окуға баратын қыздың саны бар ауданда бірдей өте азғана. Ол күйсуге ерте береді деген сөз. Ал сол жастағы қызы,

дарды күйеуге бергендеги шешенің ықтияры, таңдау-
талғауы көбірек орын алады деген сөз. Және сол тегін ға-
на болмауы мүмкін. Әке-шеше ықтияры тегін қоспайтын
да кездер аз емес шығар дейміп. Осы күнде өзінше айла-
лы құлық түрге айналған негізі бұрынғы жаман әдет-
термен — батамен, қалың тәлеумен былық түрде аста-
сып жатқан, қалмай жүрген қырсықтар болу керек.

Ерікке конбекең әйелдің, әртүрлі айламен жазага
ұшырайтындары қырсық қазага, үлкен трагедиялық
қындыққа шырмалатыны және де жоқ емес. Оның бір
мысалын Ленин ауданында аса жақсы жас сұлу қызы Ай-
сұлу басына кешіп отырған жай скепін мен сізге кейін-
рек айтамын деді.

Карпов үндемей бас изеді. Аздап соң ғана отырып:

— Бұрынғы бір болған әйел басының ғажайып ауыр
трагедиясын мен Бабатадаң естіген едім,— деп қана бір
қойды. Эсия оны да білді екен. Өз әңгімесін желісінен
ұзбес үшін тек қана: «Ия. Алуапың оқиғасын мен де жақ-
сы білемін»,— деді де Айсұлудың бүгін бастан кешіп
отырған қарап, қайғылы халіп есіне ғана алды.

Карпов бұл нақтылы іс жөні скепін аңдады да, Эсия-
ның сөзін бөліп:

— Сіз ол оқиғамен таныссыз ба, сіз де сол ауданда
болдыңыз ба?— деп сұраған еді.

— Мен мейлінше таныспын. Колхозда да, қаза көр-
ген әйелдің үй ішінде де, тіпті ауданың прокурорымен
және райком секретары жолдас Қөлбаевпен де арнайы
сөйлесіп алғып, біліп келген жайларым бар. Сізге осы мо-
жіліс үстінде толық айтам деген жайының бірі сол,—
деген сөзін естіген соң Карпов Жайлыбековке телефон
сокты да қазір келуін сұрады.

Эсияны тыңдау үстіндегі Карпов қазақ аудандары-
ның Нояни, Ұзак, Шәуілдір, Келес және тіпті тұстіктегі
мақталы уш ауданының өзінде де әйелдер босанатын үй-
лердің жоққа тән екенін еске алысты. Содан әрі Карпов-
тың өзі облыста қазақ әйелінің халі бұрынғы көшпелі
тіршілік қалдығын сақтаған киіз үйге байланысты және
бүгінгі мал баққан шаруалардың кешіп жүретін бірінен
бірі шанжау, шалғай аз үйлер боп шашырап жүретін
жағдайына байланысты мал өсіретіп аудандарда әйел
халінің көп қындығын өзі есіне алды.

— Оларға жалпы медицина, дәрігер көмегі аз. Таза-
лық сақтау гигиена-санитария жағдайы өте төмен.

Сондықтан көп балалардың кеіде беттерінде қотыр көрсің. Бастарында қотыр жүрген балалар бар. Айтуға да ұят, тіпті монша, қарамопшаның өзі алтышан бетер қымбат шаруалар күйі бар. Ол бір сала көп уайым ойлататын жайлар,— деп өзінің ішінде көптең байқап түйіп жүрген тағы бір нәрсесін бүгін Эсия сняқты оқымысты қазақ әйелі аузына шықкан әйелдер жөніндегі аса салмақты қамқорлық ойларды ести отыра өзі де бірталаі тың жайларды қости. Бұл ойларының ішінде қындық, қынисыздықты санау ғанау емес, соларды жену шараларын, камдарын қоса ойлаған іскерлік жігер де аңгарылды.

Ендігі Карпов сөзінің түсініда жаңа шақырылған Жайлышеков келіп кіріп, Эсиямен акырын амандастып, үңсіз тыңдаушы бол Карповтың аузына қараң қалған еді. Карпов оған орын көрсетіш, колын үндемей созды да Эсияға қараң сөйлей берді.

— Көшпелі мал баққап жағдайдың қынышылығын атадық кой. Оның әлі сіз бен біз атамаған талай соракылық бесобразнелері жатыр. Жетіжкілдіктың үстінде бұл күнде ауызға алып, қағазға, баспа жүзіне жазып жариялад шығаруға болмастай, оқып көруге үят боларлықтай кор сорлы шындықтар бар!— деп бастағанда Жайлышеков Карповтың көnlінде мал маңындағы адамдар туралы пісіп, зығырын қайнатып жүрген аса шын және аса қатал қайратты ойлар барын сүйсіне аңгарып отырды. Карпов сөйлемеп отыр.

— Біз облыстағы әйел жайын сөйлемеп отырмыз. Мен сондықтан отырыкшы аудандарды мақта, жүгері егіп отырган, көптен қыстак салып отырган, жазда сиқайды көшпейтін аудандардың өздерін де көрмей жүргем жок. Қайда барсаң ауыл советтің қамаң-жаксы кеңессі бар. Колхоздың кеңессі бар. Ал көптен-көп жерде бала бақшасы, бала яслі мүлде жоқ аудандар бар. Ендеше осы аудандардағы әйел-ана үйдің тұтқыны. Олай болса және сибекке толық қосыла алмайды, ол бір, сибекте, тірлікте тең бола алмағандықтан және бұрынғы әдет пен салт ерлер санағын арылып болмараңдықтан, ол екі, сол қыстак, аудандардағы әйелдер мінде жетіжкілдікты құрып жатқан шағымыздың өзінде біз атап жүрген теңдік халінде емес. Тең болмаған әйелдер ана болса да, қызы болса да ерлер билейді, бағындырады!— деп біраз ойланып тоқтап еді. Әңгімеге тыңсан қосылса

да бұрын Карповпен бұл жөнде әлденеше рет өзі білген деректерін айтып, нелер сорақылық жайларды жасыр-мастан Карновқа білдіріп, танытып келген әдеті бойынша Жайлибеков салқын жүзбен, үлкен сұргылт көздерін Карповқа қадап, молырақ ашты да, ойлы шұрығының жаққандай бол отырып, тағы бір ауыр, азы шындықты қости.

— Эйел правоосы біздің облыстың кей жерлерінде ескілікті жаңаша айламен пайдаланаған кор қиянатқа да соғын жүр. Сол жаңагы шала оқыған шеше мен әкениң ықтиярына шыға алмай жүрген жас қызы осы күнде, дәліп айтайын, сатылып та жүр. Сыртынан қарасаң сатылу емес. Мысалы бір қызды бір жігітке екі жақтың әкешшелері алдын ала келісіп ап үйғарысады екен. Жас қызы, жас жігіт өз ықтиярларын әке-шешелеріне бергсін. Бір күні жігіт әкелер атагаң кеште қызды алып қашып алады. Содан жиырма күн, бір ай өткен соң қыз бен жігіт айынты болып қыздың әке-шешесінен кешірім сұрауға барысады. Ол жақ кешіреді де той жасайды. Сол тойға бергсін болып он мың, он бес мың сом ақша апарылып беріледі. Бірнеше қой апарылады. Кейде сиыр, ат қоса беріледі. Той болады. Ол өткеннен кейін жиырма күн, бір айдан соң қыздың шешесі, жақындары күйсуге тиген қызының үйіне барады. Соңда алғашқы бергсін ақшага, малға орайлап жасау апарады. Осымен екі жақтың құдалығы есеп айырысын ырзаласады. Ал сол қыз бен жігітті басында біріне-бірін үйғарған әке-шешелер алғашқы келісуінде жігіттің қаша ақша, қаша мал айынқа апаратының байлап қойған. Ол гана емес, қыздың жағы сол алатын сыйына орай қаша кілем, неше көре, қаша жастық, қаша сандық — толып жатқан үй ішінің жиһазы, жасау-жабдық дейтінш түгел атап, санаң батамен цығайтып, бекітіп келісіп қойған болады.

— Нил Петрович, мен өзіміздің кейде тіпті сізбен бірге жүрген жолдарымызда кейбір жас мұғалімнің үйінде, әлде бір бригадирдің немесе жас председательдердің үйінде осындай ұзатылған қызбен келген үй ішінде бір жарды төмсеппен төбеге дейін тірей толтырып тұрған жасауларды сан рет көрдім. Оның өзін тану да қыны емес. Себебі, кейбір сандықтар, жағланадар, ракы жастық, қыжым көрпелер дейтін бүгінгі жасаудың бас бұйымдары жай бүгінгі совет жастарының өздері үйге сатып алатын нәрселер емес. Олар сатуда мұлде болмай-

ды да. Өздері көп сүбекпен қолы бос отырған бұрынғыша шебер әйелдердің қолымен шегілген ою-кестелер, өз қолымен боялған әр түсті жұнисен, мактадан тоқылған боржамалар болады. Жағландауды тек бұрының сондай жасауларын істейтін шебер еркектер ғана істей алады. Міне үйленген жастардың бөлмелерінде осындағы нәрселер былтыр істеліп, бүгін, биыл келіп тұрса соны текке келді деп кім айта алады! Ал осы жай әсіресе маскарасы бір түстіктес ғана емес, Қазақстаниң өзге де кейбір жақын облыстарында да жоқ емес. Ол ғана емес, мени өткен жазда бір комиссиямен Қыргызстан, Ыстық-кол жағасына, сонда Шолпан-Ата деген курортты, сәнді, бай қыстақта болдым. Онда тіпті Қыргыз үкіметінің демалыс үйі де бар. Дәл біз барып жатқанда сол қыстақта тұратын бір қыргыз үй ішінің той-мерекесі болды. Сойтсе әлгі үйдің баласы қызы алыш қашып келіпті. Арада құдағы болып келістіруші әйел жүрген дс, әкелепі сойлестіріп, алыш қашатын сағатқа дейін қызы жігіт көрмеген де. Бірақ кешке барған да алыш қашып әкелген. Сұрастырсақ дәл жаңағы осы жақтағы әдет сияқты. Бес мың сом ақша, бір ат, бес қой, слу бөтөлкө арак айып апармақшы болып келісіп тұрып алыш қашып келіпті.

Карпов пен Әсия бұл хабарларды ашумен, сошалық жігерлениген памыспен тыңдағанын танып отырған Алмасбек тагы да бұдан да соракы ацы бір шындықты қоса түсті.

— Қыргызда да естіп ем, осында да кейбір біздің азаматтар ызалаңып, памыстасып, өте үят бір шындықты айтады. Колхоз бригадирінің қызы он бес мың, колхоз бастығының қызы жиырма бес мың деп, кейде ауылдың өзіндегі саиналы дейтін қызметкерді мыскыл, мазак етіп азыз таратып жүргендер де жоқ емес деп есіттік. Жаңағы әйелдің еңбекпен теңеледі деген үлкен шындық ойға осыны қоса есептеціздер, деп әдейі айтып отырмын!— деді де, Алмасбек Карповқа қарап:— Нил Петрович, мениң бұл айтқаным тек фактілер. Сіздің жаңағы ойларынызга дерек болсын деп костым, айыпқа бұйырмаңыз, айта беріңіз!— деді.

Карповтың ойы жишақы түйілгендей екен:

— Айтатын иәрсе, бірақ қана іске саю керек. Алғашқы шаралар есебінде қазақ колхоздарында бала бақшалары мени яслилерін бар жерде ашқызу керек,

Екіші, әсірссе жас әйелдерді механизацияға тарту керек. Барынша тез уақыттың ішінде, мысалы, солтүстіктегі макталы үш ауданды кем қойса үш жұз казақ қызы, жас әйелдерін жинап механизаторлар курсын ашу керек. Содан соң осы қалада — Баскентте көп цехтарда әйелдер істейтіп істер көп. Аринаулы тоқымға фабрикасы, май комбинаты, пресс-автобус тәрізді талай өндіріс орындары бар. Химфарм заводтың өзін де қоса атайды. Осыларда иеге қазақ әйелі аз. Бәріне де жас әйелдерді алғызу міндет. Және ауыл-қыстактың жас әйелдерінен сондай орынға түсіп, белгілі мамандықты үйрептін шыгатын ФЗУ мектептерін ашып, күнсайту керек. Ал қалаға ауылдардан келтіретіп жас әйелдердің өздеріне аринаулы, бөлек, таза, жақсы жатақхана жасау керек. Солар арасында агарту тәрбиелік, мәдениет жұмыстары таза, жақсы тәртіпке қойылып, мол жүру керек. Мысалы, бұл жөндегі істі, үгіт-насихат секретары жолдас Жайлышбеков, сіз тұра өз қолыңызға, өз міндеттіңізге мықтап алу керек.

Ал соларды осы қалаға ірікten әр ауданнан жиын алушы осы облыстың трудрезерв кенеслеріне мен өзім мықтап тапсырамын. Және бір шара,— деп Эсияны да, Алмасбекті де өзінің ішінде жиып, сақтап, толық ойлан алған оңаша болса да, жалғыз да болса мығым стіп ойлаап, түйіп алған байлауымен тақталдыра отырып, Карпов қатаң, берік үшмен тағы бір ойлар қосты.

— Быншы бар ауданың орталай және орта қазақ мектептерін мен есепке алғызып отырмын. Орталай мектепті бітіретіп және орта мектепті бітіретіп қазақ, өзбек қыздарының; біздің облысымызды өзбек көп, олардың бұл жөндегі жағдайы қазақ қыздарының халінен артық емес, бөлек емес, оларды бірге ойлау керек. Сол қазақ, өзбек қыздарының бәрініңде өз мектептерін бітіруімен бірге ілгері окуяны ауысуына анық науқандаі түгел шара қолдану керек. Мен бұл жөнде жақында болатын обкомның пленумында біз бөлек, ерек қаулы, шара қолданамыз деп байлаап отырмын,— деді.

Эсия Карповтың сөздеріне өзінің шынышыл, ашық көзілімен қуапып ырза болғанын білдірді.

— Шынымды айтайың, Нил Петрович, мен сізге өзіміңің көрген-білгеннен жиғаш ойларымды айтап, хабарыммен көмек берем деп едім. Ең әүслігі ырза болғаным, мен айтқанға смес, опың аржагындағы көп жайлар-

ды мына Алмасбек екеуініз облысының көлемінде тіпті жақсы біледі екенсіз!— дегенде Алмасбек Әсияның жүзіне қарап сакылдаш күліп жіберді.

— Сіз бізді мактаймын деп өзіңіз бұрын аса төмен ойлайтыныңызды антарртыңыз-ау!— деп батыл қалжындаш еді. Әсия қызырып, қысыла күлді де:

— Жок, тілсуінізді берсін, олай ойлай көрмейіз. Эрине сіздер облыс халқы туралы барды білесіздер. Бірақ сол бар тым көн болғандықтан аса көп түрлі, көп қиын түйінді болғандықтан әйел мәселесіне кейде ариай көніл бөлмей де кететін шақтар болады, дегенміш. Ал скінші ойымды айтайын, халді білу ғана емес, менін өзім не істеге болар еді деген шаралар таппай, айта алмай келген халімді Нил Петровичтің өз облысындағы әйслдер мәселесі жөпінде үлкен, кең аталық аса камкор программасы бар жап екениң қайран қалдым!— деді.

Карпов күлгеші де, үндеген де жок. Өз ішінде көп нәрсеңіц шешүін бұрын да сан ойлап, байлағанмен әлі іс болмаған, баста ғана жүрген шаралар болғандықтан көпшілік басшы адамдарға осыны миландыру, солар колымен іске асыру, жаксылыққа бастыру қандай болары әлі мәлім емес болғандықтан және бұрын өзі бұрынғы өмір тәжірибесінде партия басшылығының иеше алуан істерін бастап көрсे де, дәл мүндей жайда әрекет етіп көрмегендіктен әлі алдын ала сүйсіну, шаттанудан аулақ болатын. Ол Әсияның сүйсініп сөйлеген сөзіне де жай салқын ғана құлақ салды да жауапсыз қалдырыды.

Енді Алмасбекті шақырғаны Айсұлудың жайы болғандықтан, ол іске Алмасбек кіріспе отырған мейлінше таныс адам болғандықтан қазір Әсиядан сол нақтылы істің жөпінен білгенін айтуды өтінген.

Әсия бұл орайда екі секретарьдың үнсіз, зор ықлас-пеп тыңдаш қалған жүздеріне кезек қарап отырып, ұзак сөйледі. Айсұлудың аузынан естіген анық Сағиттипек екі арасының дәл шынын, жас таза қызды жаза баспай, аса дәт түсінген, шын түсінген інзік жүректі, таза мәдениетті, тәрбиелі әйел көнілімен сеншалық түсінікті етіп таратты. Сағит жөпінде мұның ұғынғанының өзі де бір психология терсін талдау, сынау артынан туған ойлар болатын. Мүмкін Айсұлу Сағитты «өзің ұғындырып бер» десс, дәл қазіргі Әсиядай таныта да, ұғындыра да алмас еді.

— Мен ол адамды бір түрлі түсіндім. Жүзіп көрмесsem де, сейлесспесем де жақсы түсіндім. Ол өзі тегінде бұрын жас әйелмен жақсы мінезде, татулық жарастықта болып көрмеген, бар жаратылысы өзіне де түсініксіз, түйік, олақ, түрнайы жас болу керек. Оның үстіне ішеді. Өмірлік іске ешбір мәселесін кісімен ақылдастырып, сырласып, шындаған айтысын көрген жас емес. Өзі физкультурник. Қебінше дене қайраты қара қүшімен шындаған алданатын, сопысына мәз, мақтандып жүретін адам тәрізді. Кейін ол ауданда аса қымбат мамандық — су техникі болады. Мұның алдына су үлесі жөнінде келушінің бәрі өзін көтеріп, бұған бағынышты болады. Сол жастың үй іші түрмисында дүниекор, ескі үғымдыш көрінешесі бар. Барлық аудан тіршілігінің қызығын мол көріп семіріп, бар колективтен, совет қауымынаң жырақта сылашын отырған жеңгесі бар. Шаруақорлық, жемкорлық, әртүрлі айлакерлік өмір машины болып алған кооператив бастығы және бар аудан адамы жалынышты аласы бар. Одан да беделді, мығым шаруа, бар жұрттың күні түсестін, ауданда шетінен дефицит шыны, шеге, шиффер, тактайдын бәрінін несі СМУ бастығы пагашысы бар.

Ал, Айсұлу не? Ол әкесі жек, агасы жоқ, жалғыз жесір әйелдің панасыз жетім қызы. Оған сен қызықсан болды, қаласан аласың да қоясың, деген сездерді өзінің қыңыр, біржакты топас кеудесінен шолақ ұғынын алған ақылсыз жігіт бар. Өзі және хаттар жазады, кешірім сұрайды. Хаттарына жауап болмағанда, ол үндемегені көнгені деп ұғынады. Хаттары оқылмай жыртылады, отқа тасталады дегенді ол ойланған көрген емес. Міне бұл қылмыстың осындай психологиясы бар. Қылмыстының, бүгінгі жас атаулышын ініпде урод боли, теріс бұтақтай бол біткен жанин болең жаман жириңші образы бар. Осыны анып, жауыздық жазалансын дең әрекет еткен, әрекет етпек түгіл ойланған және тінті кейін де болса кате болды-ау дең ұялған адамды көре алмадым. Мен прокурорды да, аудан секретары Қолбаевты да кордім де, сөйлестім. Екеуіне де, сіздер алдыңызда шынымды айтайын, ашуландым. Социалық ырза болмадым. Осында келуімің, сіздерге айтудының себебі де сол. Олар сол ауданда, дәл қастарында туши, бүгін жуылыш-шайылышын отырған сүмдық жамаишылық үшін тіпті сілән-

ғысы да келмейді. Мен әсіреке райком секретарына осынысы үшін қатты наразы болды! — деді.

Әсияның кайран стіп Карпов бұл жөндегі сөзге өте қыска жауап айтты. Тыңдауды соңшалық ықыласты, өзгеше тапу-ұғынумен Әсияның әр сөзін жүткандай, катты бейілмен тындал еді. Аяқтағанда тек қана бір-ак сөз айтты.

— Комиссия кетті. Сол қайтын. Бар керекті деректерін алып келсін. Бұл мәселе жөніндегі сөз сонап соң, кейіп, кейін! — деді. Алмасбекке айтқаны: — Мен мына Әсия Әлимовианың осы жөнде білгенін сіз естіп шықсын деп шакырын ем. Әзір осымен коя тұрайық, тоқырай тұрайық! — деді де, Алмасбектің де қазір ой таратын сөйлеуін қажетсіз деп сөздіргендей болды. Бұл ұшырасулар осымен аяқталған еді.

* * *

Бұл жынылыс басталғалы көп уақыт өтпессе де, әлі бір сағаттай да уақыт болмаса да, жалпы мәжіліс тынысы ауыр. Қалың жиын обком мен облисполкомның орташа үлкендейі бар мәжіліс залында тығыз отырғанмен ешбір адам арасында күбір-сыбыр сөздер жоқ. Қозғалыстар және білінбейді. Қыбырсыз тынған жиын әр сөйлеушінің аузынан шықкан әрбір сөзін не өтсі сынағандай, не аса мән-мағына бергендей қалт сткізбей үқыпты тындал отыр.

Көшіліктен сәл бөлгірек көлденең стол айналасында обком секретарьлары мен кейбір бюро мүшелері. Ортада отырған мәжіліс басқарушы Карпов. Оның сол жағында облисполком бастығы Сұлтанов Ақан, он жағында секретарьлар Жайлыбеков, Ерімбетов.

Бұл жынылыс обком бюросының кей мәжілісінде атап шакырылған. Мұнда обком бюросының өзге бар мүшелерінен басқа облисполком орынбасарлары, бөлім бастықтары, кала секретарьлары және облыстың бар райкомдарының бірінші секретарьлары мен райисполком бастықтары, ірі заводтар — Мактарал, «Ленин» макта совхоздары, «Шымкорған» қой совхозының директоры сиякты облыс көлеміндегі кала мен аудандардағы атақты шаруа орындарының басшылары да арий шақырылған.

Салқын түйілген мәжілістің басқарушысы Карпов-

тың өз ажары да бүгін жайшылықтағыдан салқын, том-сарыңы. Аса сергек, жинақы, іштей шириккай күйде. Сондай түйіліцкіреген, шытына тұскен қабак Сұлтанов Ақаниң ажарына да айқын байқалып тұр. Стол басындағы облыстың басшы азаматтар тобы қазір сөйлесіп отырган мәселе жөнінде екі ұдай болмауга керсек. Тұтас бір байлау түйінге келген қалыпта енді мәжіліске де, өздеріне де барысы, шешімі мөлім мәсселені анықтаап ашып, шешіп әкен салғандай.

Бұл жүрттың соңғы сөтте тыңдаған отырганы Ұзак ауданының секретары Эріп Есдәuletov. Кесек денелі, қабагы қалыңдау, қызыл-сары жүзіне азырак шұбары білінген. Семіз бітімі салбыранқы бүгагына көрінетін сарғыш көзді Эріп қазіргі сөйлен тұрган жайын қниалып айттын тұр.

Әсіресе жүрт күткен деректі бір цифрды айтпай, айналысқтан, себептерді тергіштейді. Жүрттың әзіргі оның аузына естігені ауданда был жұт болып, қойдың көп басы жұтап, апатқа ұшыраған. Ол соны өзінін бүгінгі обком бюросы алдында анықтаап ашып айтатын ауыр шынығы әкенин сезінін тұрса да, болған шығының жайын айтпай, аман қалған жақтарын баса сөйлейді.

— ...Күмда отырган киыншынықтың тап ортасында қыс бойы қалған «Жуантебе», «Тасты» сияқты екі совхоз мал өлтірген жоқ. Бергі Карапатауга жақын отырган «Калинин», «Энгельс» совхоздары да аман шықты, мал өлтірген жоқ. Күм мен таудың аралығында жағдайы өзгелерден тәуірлек деп күз басынаң қоцилге сепімді санаған «Көнекент» совхозы ойда жоктан апатқа ұшырады. Ауданды да азаңқа салды. Қыскасы, ауданың, тін-ті облыстың да мал жұтатты деген атағын ұлғайтын отырган сол бір гана совхоз. Өз жерінде отырып, өзгеден алабөтен жұтап қалған сол болды,— деп бұрын да бір айтқан жайына тағы терлеп-тепши тұра адасқан кісідей бір ізіне қайта кеп тұскен аңғар танытты.

Карпов бұған үлкен көзін қадаң, түйіле қарәп қалған еді. Ойына келген сұрағын берген жоқ. Бірақ оның орына облисполком бастығы Ақан Сұлтанов сәл қынлау қоңыр көздерін жалт еткізе шашыла қарады.

— Саниш айтсаншы, кашша өлтіргеніңде осы арада жасырып қалам деп тұрсың ба!— деп қатты үи катын қалды.

Зал тегіс өз ішінде осы гана сұрақты күткендей әкен.

Ешкім ешбір сөз айтпаса да барлық орындықтар сықырлап, көп денелер ширақ қозгалып, бүкіл мәжіліс үлкен шапшаң бір қыбыр-қымыл еткендей болды. Маңдайы көп ажымымен жирырыла түскен тепшігеп қалынта Есдәuletov Ақан сұраган цифрды да атап қалды.

— Жыныра маң!..

— Бәрі де қаракөл қойы гой?

— Бәрі де...

Жүрт «түү» дегендей, ауыр күрсіңгідей болды. Жыныра маң қаракөл қойы қозысымен санағанда шаруаның мығым исесі осы отырған жүрттың бәрінен мемлекеттің алтын валютасы отка тасталғандай сезілді. Ақан сұрактарын тоқтатқан жоқ.

— Құзде барлық совхоздың алдағы қысқа жем қоры түгел жеткілікті деп обкомның бюросына, облисполкомға деректі өзің бердің бе?

— Өзім бергемін.

— Ол ғана емес. Қоқтемде март айының басында Алматыда партия съезінің үстінде жолдас Қарпов екеумізге «қыс қандай болса да Ұзак ауданының жемі жетеді, қаупім жоқ» дедің бе?

— Дегенім рас. Мен қазірде де жем жоқтықтан жұтады деп тұрғам жоқ! — деген сөзді айтумен бірге Есдәuletov өзінін тағы бір қын түйіндерге соққалы тұрғанын амалсыз аңдай тұра күрсініп те қалды.

Сұлтанов өкішелей қадала түсті.

— Ендеше жұттан емес, жем жоқтықтан емес, адамнан дейік пе?

— Адамиан, әрине, адамиан. Оны март пен апрельде ауданда өздері болған жолдас Ерімбетов пен кейін барған Нил Петрович өзі де анықтады гой деймін. Құмкент шөп болмай жұтаган жоқ. Ондағы бір тоң адамдардың шаруашылық үйыстыру ісін басқара алмағанын анық осы кіслер таныды деп білемін.

Сұлтанов сұрағы тағы бір жайды анықтады.

— Ендеше белгілі адамдар шаруаны үйыстыра алмаса ол адамдарды қынышылық қүндерде анық сын күндерінде аудан басшылығы үйыстыра алмады дейсіз бе?

Бұл да қатты нақтылы ауыр шындыққа және Есдәuletovтың өз басына ариалған шындыққа туралай қадап соққан сұрак еді.

Есдәuletov ол жайды да ішкі есепкорлықпен аңдал тұр.

— Мен қалай айтайын. Бар шаруаның басында жауапты адамдар, партия мүшелері, өзіміз сепін койған адамдар отырған күйде шалалық, кательк жасап отыр. Жауаптылықты қанша жаңға, кімдерге таратып беруді партияның өз әділеті, обкомының өз әділ байлауы жететін шығар деп білемін! Бұл оның соңғы сөзі еді.

Есдәuletov есебі едәүір мықты ойланып алған есеп. Ол шығынды жасырыған жок. Іркіліп, кібіртіктен тұрса да өз аузымен жиырма мың қої өлтірдік деп анық мойындағы. Екінші бір жай Есдәuletovтың барынша бар жерде мойындағысы келмейтін бір сырьы, бір шындығы ол — күзден бері карай сан рет облысқа азық жеткілікті деген акпар, деректердің исесі өзі болғандықтан осы жағынан өтірікші демесін, азық болды. Ендеше си үлкен мәселе де, ең жауапты жай да осы жөнде! «Дегеним рас. Азықты қамдағанымыз рас» деп тұрып барыша қарысып, қасарысып көрмек болатын. Ал жұтатқаны рас. Жұтаудың себебі шаруаны басқара алмау себебінен десе, одан келетін Есдәuletov бағына саятын айни-кінә өзгерек, жеңілірек болуға болады. Себебі бар шаруаны ұксата алмаушылар аты-жөндері терілгенде көп сатылы жауаптылар бар. Соңхоздар ішінде бөлім бастықтары, совхоздың директорлары, аудан қолемінде шаруа бөлімдері, қала берсе районенолком, районның өзінде де мал шаруасыща айрықша жауапты секретарь бар. Соның бөрінен өтіп, аудан бойындағы кіпә, айны, бірінші секретарь Есдәuletovке жеткенде бірнеше саты болмақшы. Оның ойлаған есебі осы еді. Онда жаңылыс есеп, бар обком әуслі жауапты ең жауапты басшыдан сұрайды. Ол өз абройына төмөнгілерді жауаптылықка тартады. Үлескендеге жауаптылық осылай осыларға түсетінің аңдамай түр. Өлтін мал үшін жауап бергенде өз басына келетін айынты ең болмаса ауыр жағынан алмай, ақталуға, дауласуға, түптің түбінде айтысуға боларлық жеңіл жағынан мойындауды оцайырақ көрген.

Есдәuletov сөзін бітіріп отыра бергенде жақын жерде отырған бірнеше, өзі алуандас хатынлардың ауыр күрсініп қалғандай жабырқау ажар, үмітсіз күдік демін арқасымен сезгендей болды. Бұған бююода қаралып отырған ең үлкен мәселе биылғы мал өлімі болғандықтан ендігі сөзді Ноян ауданының секретары Қасымов бастап еді. Бінк бойлы, анық кара торы жұзді, төгіле құлтеленген жұмсақ қара шашты Мұрат Қасымов бет

ажаңға да сұлу дерлік. Әлі жас адам. Қөз ажары ак-қарасы айқын ашық, аппақ ірі тістері сейлекендеге, жы-мия күлгендеге де ақсия ашыла түсетіп. Үлкен жүзіндеге қызыл күрең, жұқалаң ажар бар. Аузы, мұрыны да сүй-кімді дерлік. Алғаш көрінісмен адамды сенірде, жылы тартатын ашық тазалық бар. Ол түрегеліп сейлекендеге қөзін Қарпов пеп Сұлтановқа ашық сеніммен қаратып, бөгелмей жатық сейлеп кетті.

— Обком мен облисполком біздің соңғы түсірген дерегімізден анық біледі. Ноян ауданы да мал өлтірді. Ең әуелі нақтылы санынан бастап кешкен ауыртпалығымызды тұтас атайды. Біздің ауданашан жиыны 9 мың бас кой шығыны болды. Мұның бәрі асыл тұқымды кой. Неге өлтірдік? Себебі қыс ойламаган үзак қыс, қалың қар, катты аяз дегенді жаңа жолдағ Есдәүлетов те жеткілікті түрде айтты. Біздің де жағдай сол екені өздерінізге мәлім. Бірақ себеп жалғыз ғана сол ма дейсіздер ғой?! Ол ғана емес!— деп батыл, ашық, сабырлы кең жүзін көпшілік отырғап жаққа да салмақпен бұрып біраз үндемей толастап тұрды.— Шынып айтайды, әуелі есептен жаңылған себебіміз жаңағы қышишылыққа үлкен қосымша болды. Малды құм-наш қөшірмеу керек еді. Мен қөшір деп марттың басында Алматыдағы партия съезі күндерінде ауданға пұсқау беріп койдым. Прогноз жаман дегенді естіп білсем де жылда құмда кой қоздатып көргеміз жоқ. Жиырма күн ішінде кой қоздау керек. Соған шекті мерзімді мекен-жайларына жетіп алсын. Қозыны жылы жайда қоздатып алатын болсын дедім де нұсқау беріп қалдым. Соңда мына обком секретары жолдағас Ерімбетов Алматыда магағ «бекер істедің, орынсыз асықтың. Март жаман, аязды болады деп тұр, сен жылдағы дағдыны ғана қайталасын. Кателік жасадың. Малың құмда да болмай өз жерлеріце, жылы жайларыңа да жете алмай, ара-лықта қырылмаса иғі еді!»— деген еді. Қейінгі жағдай-ды өздерініз білесіздер, сол Ерімбетов жолдастың айтқаны болды. Бар қолымыздан келгені сол қындықтың өзіне де аудаипаш, облыстан шопандарға үздіксіз көмек жіберген болдық. Палаткалар апарып тіктік. Бірақ аяз катты, қыс үзак болды да біздің шараларымыз мал басын құтқаруға жеткіліксіз болды. Енді ойлаймын, жылдағы дағдыны істемей, құмнаш қойды шығармай, ке-йіп жіберген көмектің бәріп — күш, көліктің, жемшөп-

тің, комбикормның барлығын сөл қашықтау болса да не де болса құмға апарып төге беру дұрыс еді. Қоздайтын қойды әлсіретпей, жүдегеп тұрып қатты аязда, қалың қарда өзі буз қойды көп күндер кездірмей тұрып апарсақ, қой дәл осындай өлмес еді. Қозылар да мұндай әлсіз бол туып, мұндай бол қырылmas еді.

Шынын айту керек, біз Ноңи ауданының аудандық партия комитеті мен атқару комитеті қырағылық, көрсегендік пен тапқырлық жасап алмадық. Сондықтан еткеп еңбегіміз көп болса да, рәссау шығасы еңбек бол, аяғы мынау жайсыз жағдайға соқты. Осының бәрін өздеріңіз білсеңіз де, біз аудан басшылығы өзіміз сезінген, үғынғап қателігіміз осы деп әдейі ашық айтып тұрмын!— деген.

Бұл барды, шынды да айтты. Карпов Қасымовқа сұрақ жоқ дегендей ажар білдірді де, отырыңыз деді. Мұның мәселеңі жалғыз Карпов емес, Сұлтановқа да, өзге бюро мүшелеріне де ашық анық, созатын жөн жоқ.

Киргизтың секретары ұсақ денелі, ашаң жүзді, сәл күлімсіреп қараітын ойлы көзі бар Тұрымбетов Қасымовтың сол жағында отыр еді. Анау тоқтап отырган соң Тұрымбетов:

— Сен өзінді дұрыс үстадын. Обком бюросына келіп қалтактап-жалтактаға имен жан қала ма! Шыныңды айтқаның ашық дұрыс ақыл болды!— деп сыйыр етті. Оның орайына Мұраттың он жағында отырган Жарасов үлкен сүрқай көзі төнкеріле алаңдай түсті де Мұратқа жақындағы сыйырлады.

— Аса көбірек мойындан кеттің бе, қалай! Қайдан шығар екеміз, құдай білсін!— деп ақырын мырс етті де аузын басты. Ол да жауаптылыққа барынша ортақ өзір отыр және өмірінде төзімді тәуекелі өзінің әр кездегі мерзіміне айналған бұл қызметкер де Есдәүлетовше қи-пактағанша, осы Мұратша партия алдындағы ашық шындықты ішімен шын макұлдайтын. Және әсіресе ол өзінің жүрегінде биылғы март пен апрель бойында сонау Отан соғысының кейбір ауыр қыстарында танкі белімінде соғыс салып жүріп, Отаның қорғаған жүрегінен басқа жүрек болады деп сезінбейтін. Осы отырган жишиң ішінде биылғы ауыр сың, катал қаза, жұт үстінде жауапты қызметкер арасында бұдан артық еңбек еттім, бейнест кештім деп ешкімнің айта алмайтының өзі біледі. Соңдықтан ол Мұраттың айтуы асыцқырап кетті демесе, ол

әкелген мына шындықты түгел құптайды. Партиясы не берсе де таза сау арымен жауап беріп қөтеріп кетуге шыдайды.

· Әзілің осындай іштей партияның ары мен өзінің арын бағдарластырған, сәл шенестірген оймен отырып қалған. Жарасов қазір сөйлес жатқан обком секретары Әлім Ерімбетовтың алғашқы сөздерін аңдай алмай да қалған екен. Ойны енді жиып жаңа тыңдай бастады.

Ерімбетов бұл күнде қыскы totify, жүдесу қалпынан арылған. Әдемі қызығылт күрец галстук салған көкшіл көйлегі таза, қаракөк костюмы иық омырауымен мұның ұқыпты бойына жарастықпеп қонған. Үлкен дөңгелекше сәл томпактау сұлу көзді Әлім кішкене аузының сүйкімді еріндерін асықпаған баппеп қозғап, үні жақсы ашық даусымен жатық сөйлеп тұр. Ол екі ауданың жайын бірде ұқсатып, бірде салғастыра айырмыстарын анық дәл атайды. Ұқасы екі ауданың малы да жұт-анатқа құм мен Қаратая арасындағы бір өлкеде ұшырады. Аяз да, қар да, мал панаңыздығы екі ауданың мал өлтірген шаруаларына бірдей ортақ. Аяз екеуіне ортақ аяз. Қарабастың оңбаған айықпас желі екеуіне бірдей соқты. Бірақ айырмыстары Ұзақ ауданы өз жерінде отырып жұтады. Ноңи ауданы бөтен аудандың өз жерінде жетем деп талпынуда, жыракта қалып талының жағдайында жұтады. Енді жұттың биылғы жаңағы екі секретары айтқан ең соңғы күйіншіті нәтижесі, сандарына келгенде біреуі жиырма мың, біреуі тоғыз мың мал өлтірген. Өз жерінде отырган көп өлтірді де, өзгениң жерінде отырган аз өлтірді. Бірақ бюро мүшелерінің есіне осындай айқын сияқты көрінетін жайға қосымша оқшауырақ бір жағдайды қоса айтқанды макұл қөрем,— деп алды да, Әлім сәл жымыңқырап Карповка қарады.

— Нил Петрович, осындай ашық тұрған есепке қоса еске алатын және менің ойымша еске алмауға болмайтын бір жай бар. Ол Ұзақ ауданының ауыр жаманышылығының бір жеңілдігі. Ал Ноңи ауданының жеңіл жаманышылығының бір ауырлығы бар,— дегенде түстік аудандардың бірнеше өкілдері күлісіп қалды. Зал дабырласып, қыбырлай қозғалып, кейбірі таңданған, кейбірі жаңағы біралуац сөйлеу құрылышына таңырқаған, тағы бірсулер сәл сүйсінген қалыпта үнсіз аңыра түсіп езу тартысқан еді.

Әлім биіктеу келген жоталы тұмсығын көтеріңкіреп,

күлімсіреген көзі қабагын сәл қалжынмен шытыңдыrap тұрып жаңағы айтқан жайын мәжіліске ұғындыра бастады.

— Ұзақ ауданының қойы қаракөл болғандықтан өлгөн саулықтардың ішіндегі қозысы қаракөл терісін берді. Туып өлгендердің әсірессе қаракөл терісін бергені көп. Тua салып өлгөн қозының жылдағы қаракөл санына сан қосып жатқаны болды. Тіпті қаракөл болуға жарамағаны қаракөлше болды. Сөйтіп бұлардағы «головашкур» дейтін бір жай жиырма мың қойдың өлімін сәл жеңілдейтіні бар.

Ал Ноян ауданының агадаш саны азырақ тоғыз мың деген шығыны болса оның әрі арылып болмаған қосалқы, алда күтіп тұрған қазасы және бар. Асыл жүнді кой болғандықтан өздеріңізге мәлім оның қозылары қызылшақа болып туады. Сондықтан олар өлмесін қалса да ма-засыз сүйк аязды қүндерде туғандықтан және пана де-гениміз палаткағана болғандықтан дімкас. Өкпесін сүйк шалған әлсіз тұқым болу тутатыны бар. Бұғаш тірі қалғанын әр шопаң, әр ферма, әр совхоз сапға қосып отыр той. Бірақ әлі осы май ішінде болатын ка-ра желде, тіпті миюнде болатын жайлалаудагы ақ жауында, бұршақ астында, ұзақ салқын қүндерде солардың ішінен әлі де шығатын шығасы аз емес. Мінє бір жа-машылықтың бір жақсылығы бар, енді бір жақсылықтың тағы бір жамашылығы бар дегендеге мен осы жайларды еске аламын! — деді.

Әлім мал жөнінде көктем бойы және қыстың ауыр қүндерінде шопаңдар арасында көп болып, көп істесіп әңгімелссіп, аса көп жайларды түбесейлі жақсы ойлайтын аңғарын танытып тұр. Карпов өз ішінен кешегі Отан соғысындағы Балтық теңізінің соғыс кемесінің жауынгері бұғаш тенізден жырақ шөл сахрада және де танқыр сергек, өпімді ой ойлап тұрғанын жақсы аңғарды.

Екі ауданың жаңа сөйлеген секретаръларының жа-йына келгендеге Әлім өз сезін көп созған жоқ. Есдәуле-тотовты ол облысты жалған ақпарларымен жаңылдырыды. Шынды айта алмады. Қыс бойы айтуға батылы бармай жалтақтық істеп келді. Бұғаш де сопы істеді, деп қорытты. Оның орайына Мұрат Қасымов шындығын жасырған жоқ. Қателік істегені рас. Оған әсірессе өзімен ау-даидық атқару комитетінің председателі Жарасовтың

айыпты екені рас. Бірақ әуелде қателессе де бұлар бүкіл март пең апрыль бойында жыракта қалған жұтарманш мал жөнінде барынша қатты алысты. Қешігіп алысса да жаңдарын салып, бар ауданиң күшін жүтпен алысуға барынша жақсы жұмылдырды. Жарасов шопандардың ортасында қырық күп, қырық түн өзі шопан бол кетіп бірге бейнет кешкенді, Қасымов аудандада отырып, күн-түн үздіксіз көмек ету жолында соны үйстырып жібсера жолында тыным алмай әрекет етті. Бұлар мал өлтіріп қателік істесе де сол айыштарын өздері сезіп, өздері дәл бүгінгі сәтке дейін ашық мойндарына көтеріп ала білді,— деп токтаган еді.

Бұл мәселе жөнінде облыс қызыметкерінен және аудап басшыларынан бес адам сөйледі. Бәрі де жалпы Қазақстан көлемінде көпшілік жылы жақ оңтүстік деңгейтінің, бұл облыста мал өлімі сүмдик көрінестіңін айтты. Кейірінің сөзінде шыңдықтан туған кекесін де бар еді. «Жылы жақ, қысы жоқ», деп өзгелерге рұқсат етілсе де, бұл облысқа кешірілмейтіп кіпәдай саналатын жайлар бары еске алынды. Сонымен бірге Қойбас, түстікегі уш аудап — Актас, Қызылағаш, Елес аудандарының бәріндегі де қой басы аз емес. Сыр маңайлаған Жарыс, Қөгілдір аудандары және де көп қойға ие. Соның бәрінің өлтірмей аман шығулары тек қыстың олар түсінінде женіл болғапынан емес, бірінде қар қалың болса, бір жағында қар мұлде болмай құмда сусыздықтан, құдықтың аздығынан және кей жерде құдық болса әрі шыңцырауда жалғыз шопан қауғамен суару қын болғандықтан көп қой басы талай жерде қыстың өзіндес қаңсып қаусап өлеңтін бар екенін де еске алысты. Бұл сөздердің бәрі де облыс көлеміндегі мал шаруасының жайындағы ауыр-ауыр шыңдықтар. Осыны әр ауызбен айттуши аудап секретарълары, облисполком мүшелері, бюро мүшелері мынау екі ауданиң шығынына қатты наразылық білдіреді. Екі ауданиң жаңағы баяндамашылары білдірген олқылықтар жөнінде сын айттысты. Бүкіл облыс шаруасына олқылық, күйзесулік келтірген жиһырма тоғыз мың бас қой өлтірген екі ауданға салмақты наразылық айттысты.

Бұл жиһиниң бәрі тәрізді Есдоулетов пең Қасымов, Жарасов үшеуінің әсіресе күткені облыстың бірінші басшысы, бірінші секретарь Карповтың сөзі болатын. Және бұл жиһиниң бәрі жұтаган екі ауданиң өздеріне ба-

рып, өз көзімен көріп танып қайтқан Қарповтың сөзі ең тиянақты, ең байлаулы сөз болатынын даусыз, дұдамалсыз сезінетінін де аңдайтын.

Бір сәтте иыкты кесек денесін өзі отырган стол бойынан тез көтеріп алған Қарпов орындығын артқа мол шегіндіріп апарып қойып, екі қолын артына ала тұрып жиынға ойланған қараған үлкен көздерін жағалай тастап, бірқалыпты салмақты анық ашық үймен сөйлеп кетті.

— Үстік Қазақстандағы мал өлімін айтқаңда тек бұылдығана, бұғандіғана айтып қою жете ме? Жетпейді. Былтыр, одан аргы жыл, осыдан төрт жыл бұрын және де өлтірмеп пе ек?! Өлтірғеміз. Ал бұғынгі жағдай өзгермессе сол бес жыл бұрынғы, он жыл бұрынғы, он бес жыл бұрынғы жағдайдың бұғанді қалпында тұрғандағы болып келесі жыл, аргы жыл — бүкіл жетіжылдық бойына өлтіру әдетіміз қала беретіп болар. Біз осындағыс болса, ал қатал қыстың болмасына ешкім кепіл емес, өйткені қар, аяз, Қарабастың сұық желі әзір біздің қолымында емес, Қаратудың, Мойынқұмының құдағының қолында тұрғанда биылғыдай аязды сұық, сұмдық қыстың болуы әбден мүмкін. Қысқасы, олай болса төрт жыл бұрын, он жыл бұрын, биылғы жыл қыргандағы қоиды тағы да қыра бермекпіз. Аңы болса да, ауыр болса да бұл біздің шындығымыз. Мойындарасқа мүмкіндігіміз жоқ. Олай болса мынау шығып үстінде тек өткендіғана сейлесу жеткіліксіз. Біздің бар білместігіміз, олақтығымызды, әлі мал шаруасын ұқсата алмай отырғанымызды терең тамырына шейін ашып айтысып, удаій ауыр болса да сол шындықты түгел, төлек ұғынын көріп алуымыз керек.

Олай болса құм мен далада, Қаратуда сыртында қар қалың болды деп соны бір сылтау етіміз. Ал төрт жыл бұрын құмда қар болмады, қырда мал сусындар қар болмады, сондыктан жұтадық деп тағы айттық. Сөйтіп қар болса да жұтаймыз, қар жоқ болса да жұтаймыз. Ендеше құдай бізге қайтіп жағады? Қарып жіберсе де ырза емеспіз, қарып бермесе де өкиселейміз. Осы емес не біздің күй?

Ал тағы бір жагынан қарасақ, пәлсеп жүз мың мал өсіріппіз. Өздері тамаша асыл, берік тұқымдар екен. Қаракөл койларындағы мықты қої бар ма? Қысы-жазы қолда, қорада күт деп талап қоя ма? Тауып беріп отырғаны алтын-валюта. Тек қана жайылыммен күп көреді.

Тағы бір койымыз, жібек жүп асыл қой. Ол да қолда, корада күт демейді. Өздерің өсіріп, молайтып, пәлен жұз мындарға жеткізіп отырған облыс біздің облыс. Екінші жағынан құмды, сахраны, тау жайлауды, ғаламат мол елсіз иені атыраптарды пайдаланбай болмайды. Пайдалану қажет. Сонда малды қолдағана асырамай жайни жүрін мал шаруасын өсіреміз де, мемлекет байлығын молайтамыз.

Біздің географиялық жағдайымыз, табиғаттық-географиялық жағдайымыз, облыс экономикасы дейтін жоспарлы жағдайымыз осыны талап етеді. Бірақ сол күйде облыста зор көтелік есептер бар. Бізде, облыс басшылығында осы мал шаруасы жөнінде үлкен көтелік айналтар бар: Мойынқұмдай, Қызылқұмдай құмдарды пайдалану керек. Қаратау, Алатауларды жаз жайлау керек. Бірақ осы иені дүниенің екеуін де немесе білу керек. Құм малды асырайды екен, сол үшін құмның өзін де асырау керек.

Қазақстанда мал мәселесі дұрыс, орынкты шешілу үшін, мысалы түстікте, барлық түстік облыстарда сол мал жайы ұзақ уақытқа баянды байлық жасау түрінде шешілу үшін үш шартқа мойындау міндест. Ең әузі су. Құмнаң су, су молайтып шығару керек. Екінші шарт — жол. Қандай қымбатқа түссе де сол иені дүниені шынымен арзап күйде жақсы пайдаланамыз десек, жол керек. Қысы, жазы бар машиналар үздікіз, іркусіз жүріп тұратын жолдар керек. Үшінші міндест — малға қора, адамға үй-жай керек. Тұракты адам тұрууга жарап-лық адам үй-жайы керек. Қасқырдың іні емес. Мынау терісі, мынау денесі — осы қалында тұрган биология, физиологиялық сынаты осы өзіміздей бол тұрған адамзат құмның қасқырының жағдайында өмір сүріп тұра алады деген ұғым барып тұрған аямастық каталдық ұғым. Ол жабайылық түсінік. Кейбіреулер: «Қазак үй-ренген. Шопандар қыста да, аязда да киіз үйде тұра берे алады» дейді. Ол бесекер, өтірік. 25 градус аязда киіз үйде қазак аяда, қазак бала да, тіпті күн бойы далада жүрген шопан әке де түн бойы қалың көрпес, киіз астында қалтырап жатады. Жалаңаш ойнап, аязды далада, қалың қарда жалаңаш күйде доп қуалап, шана теуіп жүрген баланы да, қызды да көрмейсің. Өтірік, жан ашымастай туған өтірік. Құмда болсын қыс суығында, тауда, жайлауда болса жазғы жауын, суық астында, бұршақ

астында жағатын пеші, жуыншатып жылы үйі болу шопан жөніндегі біздің міндетіміз. Кой үшін алысу — адам үшін алысадан басталу шарт. Жалғыз ғана киіз үй жетеді. «Кіз үй», «киіз үй» деушілер малдағы адам қамын шындағанда терендең ойлауышылар емес. Ол артта қалған көне күйге көнушілер, соны жақтаушылар. Қіз тек ғана аса жылы уақытта, аз күнге көше қонып, кей суды, кей жайылымын пайдаланып отыру үшін ғана керек. Және мысалы мал құминаи тауға көшіп, жайлалаға шығатында немесе сұық түспей тұрып таудан ойға түсетін кезде малдың баяу қозғалысына арада үш-төрт күн түсеп немесе он-он бес күн көше жайылып отыру үшін ғана керекке жаратуға болатын баспа.

Тағы айтамын, біз шопандар халіпің қыншылығын мүлде ойламайды екеміз. Жалғыз қабат киіз тұтқан кішкене үйде, не алты аяқтың астында шопаның әйслі бала да туады. Жас бала сонда өсуге душар. Адам ауырады. Өмір-бақи мал соңында жүрген ерлі-зайыпты шопан ерлер-әйелдер сол жаңағы оңбаган киіз үйдің ішінде қартаяды. Сол кішкентай ғана үйшіктің ішінде бықсытып от жағады. Жетістірген жылылығы көзді жеген көк түтін мен бұрқыраған бүмен аралас шаңы.

Карповтың бұл сөздерін тыңдағанда осы жыныда отырғап барлық жұрт оның сошишалық жаңын күйіп өзгеше түршігіп айтқан ызалы жаңашыр үшін естіді. Мал маңында жүрген үлкенді-кішілі қызметкерлердің, әсіре-се басшы адамдардың жауапты мінез иесі дейтін адамдардың аузынан бұрын естіліп-көрмеген сөзді Карповтан естісті.

Обкомның бюро мүшелері Ерімбетов, Жайылбековтер қазір Карповқа өзгеше сүйсінс қарасқан күйде көз ала алмай қалыпты. Сұлтанов Нил Петровичтің қазіргі шақта көптен ішіне жиған бөлскеши бір жағдайда осылай батыл, терең айтып кеткенине қарај сүйсіне таңдаиды. Ол өз ішінен Карповта зор азаматтық, анық ленинишілдік сыпат иесі дерлік жаңынан қасиеті барын аңдады. Адам қамы жөніндегі анық әкелік қамқорлық ленинидік сыпат.

Карпов өз сөзінің соңында:

— Бұл күнде Қазақстандағы еңбек иелерінің иелер қадірлісі бар шығар. Солардың ең алдыңғы қатарында ең қадірлісіне ескерткіш қойылар болса мен биылғы Ноян ауданының он жеті күн сұық аспан астында бас-

панасыз қалса да совет малын туған баласынаң бетер-жаны анып, мұсіркеп қарысын күткен шопандарға қою керек дер едім. Сол киын шактарда, аязды-азапты қүн-түндерде өзінің вахтасын, қузет қызмет орынын төзімсіз-дік жасап тастап қашқан бір шопан жоғын қайтерсіз. Бәрлериңіз білесіз, оларға жексенбі жок. Сағатпен өл-шениген сұбеккүні жок. Құп мен тұннің бәрінде бір тірлік әрекеті, тілегі, сұбек бейнеті, тек қана малмен ның бай-ланысқан жандар. Мінс, осылардың өміріндегі өмірді, солар кешкен кесел қынышылықты үздіксіз ұзак сұбек әрлікті біз ойлап жүрміз бе, есепке алыш жүрміз бе? Жок, өте аз ескереміз. Мен көп қаулыларды әлденеше үкіметтік тоқтам, байлаулы, нұскауларды облыстан жі-бергенімізді де білемін. Республика орталығына да көп аламыз. Бәрінде де 99 процент сөзіміз, қамымыз, байла-ұмызың тек малдың өзі-өзі ғана болады. Ал мал басын-дағы адам жөнінде тіпті аз сәйлсіміз.

Жолдастар, мен бұл жайға әдейі мол тоқтадым. Себебің өздеріңіз де білерсіздер. Дәл осы жайды біз бүгін осы бюорода бірінші рет қана сәйлеп отырмыз. Бюро рұқсат етсе, тапсырса, мен осы басталған сөзді, былай-ша айтқаңда, мал қамына қоса адам қамын қалдырмай қатар ойлау мәселеін жоғарыда да көтермекпін. Жа-қында Алматыда Министрлер Советінде, Орталық пар-тия Комитетінде мал шаруасы жөнінде республикалық бір жауапты жиылды болмақшы. Сонда осы козғаған мәселеін осы салмагымен, мәнімен толық көтеруді мен өзімің міндетіме аламын.

Әлім мен Алмасбек бюорода отырып өзара сыйырла-сып тіл қатысып еді. Алмасбек Карповтың ойларын ез-геше бағалаған екен.

— Мына кісі бар мәселеінің қандай кеңейтіп, білктен көтеріп кетті.

— Бар шопаниң атынаң эсіресе Ноян ауданының шопандарының атынаң сені тапқан анаңа рақмет деп отырмып мен! — деп Әлім де күбірләй күліп қойды.

Екі ауданының басшылары жөнінде Карповтың ұсы-нысы қысқа, тұжырымды болды. Жиын оның солайша шешілуі керек екенін өз көнілімен кесіп-пішіп те қойған.

Есдәулестов Ұзақ ауданында аудандық партия бас-шылығын сип күндерде, туралықпен, шындықпен, та-бандылықпен басқара алмады, бастай алмады. Облыс басшылығына шип деректер берmedі. Шындығын жасы-

руға тырысты. Сондықтан орынан алынатын болды. Ноян ауданының екі басшысы Қасымов пеп Жарасов жүтка қарсы жақсы алысса да әуслі өздері тапқырлық жасай алмады. Қиыншылықтан сасып қателік жасап алды. Сопың артынан тырысып, адал ұзак сөбек етсе де аудан халін, малын жүттап құтқарып шыға алмады. Қоңырау мен өлтірді. Сондықтан екеуіне де қатал сөгіс жарияланып, орындарында қалдыру макұл деп байласты. Бюроның бүгін қарагаш алғашқы үлкен мәселесі осы еді. Облыс қөлемінде өткен қыстың мал жөніндегі шығыны, қазасы жайынан көптен күтілген тексеру мен байлау партия басшылығы алдында осылай шешілген.

Осы жиылдың барлық осында отырған көншіліктің мол қатысуымен енді және бір оқшау жайды қолға алды. Бұл Лепин ауданындағы «Қызыл жұлдыз» колхозында болған қайғылы оқиға — жас Арманың өлімі жөніндегі. Басында бұл мәселе қаралады деп Карпов атаганда қала қызметкерлері, бірнеше совхоз директорлары, кейбір өндіріс бастықтары обкомының биоросында осындағы мәселенің қойылу жөнін түсіне қойған жок. Сондықтан да оқшау шетін сөз, іс деп аңдал ол тыңдаушылар да таңдана, азыра қарасты.

Бұл жөніндегі баяндамашы Алмасбек Жайлышбеков қазіргі шақта түстік обкомының үгіт-насихат бөлімінің хатшысы болатын. Ол әуслі қысқа, жинақы, үфымды сөзбен өткен күзде болған өлім жайын айтып өтті. Соңдап бері осыдан бір ай бүренин сол колхозға, ауданға облыстың арнаулы комиссия жіберілгенін айтты. Комиссияда обкомының, облсотың, комсомол үйімшының өкілдері болыпты. Енді солар әкелген нақтылы деректер бойынша осы қаза жайын, жалпы түстіктерін әйел мәселесіне тікелей байлауысы бар өте оқшау, өрескел оқиға болғандықтан, облыстық партия комитеті бүгінгідей мәжіліске салып нақтылы да, жалпы да байлау жасауды кажет деп тауыпты. Осы жайларды түсіндіре келін Алмасбек енді нақтылы дәл осы жиылдың шұғылданатын жөнге сөзін бүрдеді.

— Арман қастықпен өлтірілген. Ол өзінің бірге туған апасы Айсүлуға зорлықпен үйленбек болған жауыз, жыртқыш Сағит дегенге қарсы алысқаны үшіп қаза тапқан. Ал өлтіруші Сағит ауданда қатты жазаға ұшырау орынна сол аудандағы жақын жуан туыстары арқылы

көп қорғаушыларды табады. Масқаралығы сол — райпотребсоюздағы ағасы, СМУ-дагы нағашысы Әбілмәжін, Бейсеп дегендер арқылы аудандық тергеушіні, аудандық судьяны, прокурорды, оларға смес, жауапты, беделді кейбір аудан басшыларын да шырмаган көрінеді.

Әсірессе Бейсеп дейтін СМУ бастығы колында шаруаңын көп керегі табылатын орында отырып, бірталай адамды шатастыратын көрінеді. Арманды Сағиттың өлтіргені колхоздағы, аудандағы комсомол жұртшылығына, Арманмен бірге оқиттың мектеп жастарына және мектеп оқытуыш жұртшылығына зор жауыздық бол апайқын тұрса да жаңағы аталған сот, прокурор орындары, қылмысты адамның өздері де қылмысты жыртқыш туыстарының ықпалына түсіп кеткен. Оларды ретке салып, теріс бетін сынац, түзеп, жөнгө салады дейтін аудан басшылығы болмаған. Мінс осы мәжілісте отырған өзі Социалистік Еңбек Ері Ленин ауданының кадірлі басшысы райкомының бірінші секретары сол ауданда көптең істен келе жатқан Қөлбаев Мұқит жолдас өзі де адасқан. Судьяны, прокурорды өзі де жақтауны бол шыққан. Нәтижеде Арманның апасы Айсұлуды оның карсылығына қарамай алып қашып әкетпек болған Сағит апасы үшін алысқан Арманды, онының класта оқиғатын жас комсомолецті, үрүп жығып, машинасымен бастырып өлтіріп кетеді. Ал соған соттың шығарған үкімі үш кана жыл болады, оны және бірнеше амнистияга жатқызады. Әр түрлі жақындық, заңың әрқылы кешірімінде қыстырырады. Сонымен келіп осы заманиң жыртқышы, кісі өлтіруші қылмысты Сағит үш ай отырып актальын шығатын болады.

Ал екінші жақта не болады? Арман өледі. Жесір шешсі, жалғыз туысы жетім жазықсыз анасы қалың қайғы-қасіретте қалады. Бұлар тегі кім еді? Айсұлу месі Арманның әкесі Отан соғысында срлікпеп қаза тапқан. Әкесі өлгенде Айсұлу үш жаста, Арман бір жаста қалған. Сол жас балаларын жалғыз өзі тәрбиселеп өсірген советтік жас ана Нұрбүбі екі баласын жақсы, таза комсомолец етіп өсірген. Бұлар откен жылы макта жинауда үшеуі бірдей бар колхоздағы ең озат макта терушілер болды. Тамаша патроттық сөбек етіп шыққан. Ал бүгіндегі сол бір үйдің іші, советтік социалистік үй іші қырылғалы отыр. Біз соларды қасіретке салып, бәрінші де

қайғылы, жаралы қаза табушы панасыз жетімдер күйінде қалушы жаңдар стіп отырмыз.

Ең үлкен ауыр бір шындық дәл осындаі болмаса да осыған ұқсаған қазақ әйелдерінің ескі лас корлық зандарап қалдығы бойынша қысымға, қасіретке ұшыраң жүргені біздің түстікте аз емес. Эр жерде, эр күйде бетіміз шыдамастық үттүй масқара оқиғаларды көріп те, естіп те қалып жүрміз. Осы оқиғаны обком бюросы өзінің осындаі кең мәжілісіне салып отырғаны мейлінше дұрыс. Әүеслі осы бір оқиғаның өзі үшін бар жауапты жандарды барынша аямаі айыптау керек, әйгілеу шарт.

Екінші, жалпы облыс көлемінде қазақ әйелдерінің халі туралы облыс басынышы болып бірнеше үлкен слеулі шаралар істеу қажет. Осының бәрі мезгілі сошшалық жеткен де тіпті өткен де жайлар болғандықтан осы жыныдағы қазақ әйелдерінің жайын жақсырақ білестің жолдастар іркілмей, бар жараны анық ашып, облыс жүртшылығының алдына, жыны алдына салу керек те шығар, жолдарды анық атап айтысулары шарт, деп тоқтаган еді.

Алмасбектен кейін осы мәселе жөнінде Карпов әдебій шақыртқан Эсия сөйледі. Оны Карпов жыныга өзі таныстыруды.

— Быншы жазда Алматыда Жоғарғы Совет Президиумының сессиясы болмақ. Сонда түстіктегі біздің облысмыздың мәдениет жайы, салтты мәдениеттендіру жайы айрықша қаралмақ. Біздің облисполком бастығы жолдас Сұлтанов баяндамашы болады. Сол мәселе бойынша Орталық Комитет пен Жоғарғы Совет Президиумы біздің облысқа бір топ жауапты қызметкерлер жіберген. Жолдас Әлімова Эсия сол адамның бірі. Бұл кісі түстік аудандарда болып қайтты. Қөп жайды біліп келді. Жаңа көтерілгес соңғы мәселе жөнінде сез Әлімова жолдасқа беріледі,— деп таныстырған-ды.

Толықша, білктеу бойлы, акыныл-сүргылт жүзді Эсия сезін қысылмай, бөгемлей жатық, кібіртікей сейлей бастады. Қішілеу түп-түңғышқа көздерінде теренден жаңған ақыл тазалық оты бар көз әйнекті шешеп әйел, бет бітімі де кесек көрикті болатын. Көтеріцілесу мұрын тұзу, сәл қызартқан ұнамды сріндері аз қалындау болса да сүйкімді. Дөңгелекшіс келгеп исгінің асты бұғакты, бар-келбетке ұнамды биязылых, салмақты сыпайылых бітіреді. Оның қолында кішкентай қойып книжкасы бар

сіді. Ұзынша жұмсақ етжес саусақтары арасында жол кииккасын кейде көзіне тақау ұстап, адам аттарын еске алады. Әсия әуелі көп жайларды Жайлышеков жолдастың толық та, әділ де батыл жеткізгенін алғыспен атап өтті. Әсірессе ауданың кейбір басшы қызметкерлері жөнінде өзінің ойлаған ойлары оғаш, қиғаш емес екенін Жайлышековтың аузынан естүі бұған қосымша сенім бітіреді. Ол сиді өзінің ауданда, колхозда болғандарға алған әсерлерінің бәрі де ариап барған комиссияның деректері, корытындылары бойынша теріс емес, дәл боп шыққанына енді иңк сенім тауып, анық өз байлауын жасайды. Осы күйді алдың ала бапты, байыпты, өзгеше орынкты, ұқыпты етіп айтты болып, сиді Жайлышеков пен комиссия білмеген және осы жиынға қажет болған өзі білгеп деректерді айтпақты мақұл көрді. Сонысын да анық үймен бар жиынға атап берді де, нақтылы деректі жайға ауысты.

— Арман онынши класта оқып жүрген өте зейінді, аса тәртіпті, шын мәнінде өте жақсы тәрбиелі жас екен. Оны мектептің барлық комсомолец жастары араларында қатты қадірлесіді екен. Мектепте оқытушы бірнеше қартаң әйел мұғалімдер Арманды майданда әкесі өлгенн күнисен бері көз алдарында өсіріпті. Арманың табытын сол оқытушы қартаң мұғалималар алып жүргенде талай жұз мектеп балалары мен оқытушылары және колхоз халқы кабір басына дейін құціреніп, көп дауыспен үш салып жылаң барысынты. Рас, социалистік бір үй іші дәл бүгінгі күні біздің көз алдымында қашаты сынып, қабырғасы сөгіліп күйреп отыр. Адал, таза колхозшы ана Нұрбұбі қазір бірнеше айда он — он бес жылдан қартая түскен. Тамаша таза, жазықсыз жас қызы Айсұлу Арманың апасы менен өлімнің ғана жөнін сұрайды. Өлмек. Ренштейн өлмек. Өшпек қасіретті ойын ғана ойлады.

Тамаша таза, жақсы мұғалім әйелдер Арманың қазасын қайғырумен бірге анау кісі өлтіруші жыртқыш тиісті жазасын алмағанға жандары түршігеді. Мен тұра халықтың ары шіміркеніп, аталық, аналық намыстары қорланып күйгенін, құціренгенін көріп келіп отырмын! — деген сөздерді Әсия өзінің таза жүргегімен, кайнаған ызасымен, әділ ашуымен айтты. Бұл тұста оның толық беті аппақ бол жарқырай түсті: Тұңғылған ойлы көздеріне бірнеше рет таза ыстық жастары да іркіліп келді.

Зал жым-жырт еді. Жаңағыны айтып алғы Әсия сиді сәл өзгерген салқын, әмірлі, қатал дауыспен аудан басшыларына ауысты.

— Жасыра алмаймын. Обкомның осы жиылды алдында айтпай кетсем мениң партиялық арым тыныштық таппас еді, тыныштық тапқызбас еді. Қниалып тұрып айтамын, жасыруға шарам жок. Аудан мен колхозда жаңағы көрген, сезген жайларды айтЫП, сездіріп, мен аудан прокуроры Саматов жолдасқа келіп см. Ол мені үгінібәк түгіл тыңдағысы да келген жок. Өзіме зіл тастап, док көресткісі де келді. Одан шығып, ең әуслі әділестті ауданың өзінде табамын, таптай қоймаймын деп райкомга келдім. Бірінші секретарь Социалистік Еңбек Ері, рас, шаруа науқанын, мақта жайын жыл сайын ойдағыдай жаксы орындан келген облыс қана емес, бар Қазақстан көлемінде қадірлі жолдас Қөлбаев мынау мәселе жөнінде, осы қылмыс үстіндегі өз дәрежесінен табылмады. Өз қасиетін, міндеттің, аудандық партия комитетінің қадірлі ролін ойламады. Менімен бұқ кісі де сөйлесіп үғысу орнына өзі естімей шырмауда жүріп, ақдамаған жайларын үғына түсу орнына жалғап нағыс ойлады. «Шеттеп келген біреу маған ақыл үйретіп, салмақ сала ма» деген оңай, оїсыз, үшқары, сыртқары мінезге мінді. Жецил, жалғап беделсұмыққа жеңгізді.

Амал жоқ мен о кісімен де үғыса алмадым. Бірақ ойымды айтЫП кеттім. Ленин ауданында үлкен қылмыс болды. Сол қылмыс және қылмысты түрде бүркеліп қалды. Өкініші Арманың өлімімен тең партия үшін шын нағыс естерлік өкініш. Осы сезімімді бүгін сіздердің алдарызынга келіп осылай жарыққа салып және әсірессе жолдас Қөлбаевтың өзінің көзінше бар шындығыммен айтЫП шыққанымша, шынымды айтайды, тыныштық таба алман едім.

Обком бюросының және соның ішінде әсірессе Нил Петрович Карповтың маган осында келіп осында ойларамды айтЫП шығуыма мүмкіндік бергені үшін дән ырзалақ білдіремін,— деді.

Бұл мәселе жөнінде де бірнеше кісі сөйлеп еді. Бөрі де ауданның басшы қызметкерлері арасында негізсіз бір жалғап татулық нәтижесінде қырағылық жойылатының айтысты. Соның себебінен біреуіне біреуі қонаққа барғыштап, аңға бірге шыққыш бол және ауданды жерде әсірессе қатты жайылып бара жатқан қырсық карта үстін-

де, префераңс дейтін дерптің үстінде ұшырасулар көп болады дегенді айтты.

Комиссия әкелген материалмен танысқан адамның бірі қатаның секретары Сидоркин екен. Ол облыста, көп аудаңда сол карта деген қырықтың үстінде ұшыраса беру өсіресе аудаң қызметкерлерінің және қала қызметкерлерінің де бір қырығы бол кеткенін айтты. Ол осы облыс көлеміндегі көптен кесе жатқан пәлә. Жаңагы судья, прокурор, анау СМУ бастығы Бейсен үшесін бірдей бос сағаттарының бәрін префераңста өткізді екен. Жасыратыны жок, райком секретары жолдас Қөлбаев өзі де солармен көп ұшырасады. Картаны да бірге ойпайды. Ол гана емес, бесбармақты да бірге жеседі. Аудаңды жерлерде карта, соның ішінде префераң анық кесслеге айналған. Соны ойнауга жынлады да, осы мынау оқиға сияқты жайларды карта үстінде, бесбармақ үстінде сөйлеу, шешіну сияқты сорақылықтар болады. «Бесбармашіштік» ету талай іске, талай адамдарға залалың тиғізген. Ол осы облыстық ортаниң өзінде де аз емес. Оны да қоса сөйлеу, сынау, әнкеселуу керсек деді.

Бұдан кейін сөйлеген райком секретарълары, бірнеше совхоз директорлары Қөлбаевтың маңындағы адамдарға карта ойнау, қонақтасу себебінен сыйызыз қарауыш сынап өтті. Қөлбаев өзі сөз алғанда мойындағаны карта ойны үстінде прокурормен, судьямен, тіпті СМУ бастығы Бейсенмен де ұшырасулары болғанын айтты. Сонымен қатар ажарлы үлкен көзді, шашын аласа қын алдырган келбетті жұмырлау басын томен салмай, еркін, сенімді, жасқаңбай сейледі.

— Бұл аталған адамдар бәрі де аудаңның жауапты қызметкерлері, бәрі де партия мүшелері. Карта ойнайтынымыз теріс болса да бар екені рас. Бірақ кейбір қол бос кештерде, оқта-текте баратын театр жок. Филармония, концерт, не қаладағыдай білім берер лекция, үлкен мәдениет орын жок болған соң кей-кейде карта ойны болады. Бірақ оған арын сатқан, партиялық қарызын ұмытқан аудаңның райком басқараптық мемлекеттік істерінен заарар келтірерлік орын берген Қөлбаев жок. Жолдастар сынаса да әр жайды ойлаңыңыз, түсіне сынаса екен. Тексеріліп отырған үлкен мәсселе Армандаій баланың өлімі болса, мен шынында судья мен прокурорға дағдылы осындаі қылмыстар жөнінде арыла сөйлесіп, жай білісу соңында сенетінім болатын. Прокурормен мен әдейілел

сөйлестім де. Партия мен үкімет жұртшылығының мүндей істі үлкен жауантылықпен тексеру, жазалау керек екенін анықтап қатты айтқамын. Бұл жөндегі шыныңдықты облыстар барған комиссия анықтаган,— дегенде Алмасбек Қөлбаевтың бұл сөзін қостады да:

— Рас, ол жөндегі комиссияның материалында анық, ашиқ айтылған,— деді. Қөлбаев бұдан кейіп де сол бір қалыпты өз кінәсін ошина ауыр деп түсінбейтін күйде сөнімді жүзбен сөйлемеді.

— Аудандық партия комитеті үкім олай болсын, ылай болсын деп шешіпейтіні өздерінізге мәлім. Осының бәрінің социнда айтарым, бұл іс жөнінде айыптылар жоқ смес тәрізді. Қылмыстыңың жауыздығы аз жазалаңған көрінеді. Сол үнип бұл кесім, аудан сотының аз байлауы бұзылатын да шыгар,— дегенде Сұлтанов бір сөз қости. «Облыстық сот Таңат шалдың кассациясы бойынша аудан сотының байлауын қайтадан қарамақ боп шешінде. Іеті өз қарамагына алды» деді.

Қөлбаев бұл деректі жаңа естігеп еді.

— Берекелді, сол дұрыс байлау болар. Ендеше қылмысты өз жазасын мықтап алар. Ал жеңілдік жасаушылар нақтылы орындарда отырган дәл жауапты адамдар гой. Өз орын мен өз сыйбагасын олар да алу керек, алады деп білемін. Оны, бұл мәселені осы арада әдебі тексерін отырган обкомның бюросы өзі қарап, өзі де шеше алады деп сенемін.

Бұл істі аяқтап шешуден бұрын Карапов үзіліс жариялады. Құлуарда біреу темекі тартып, біреулер буфетке кіріп шай, кофе ішісп, айран мен бутерброд жесін, өртүрлі күйде: отырган, тұрган жайларда тамак құйсей турын, сөз күйін де қайырысын тұрды. Жаңағы жайларды қайталай келе кейбіреулер картаны сөз қылыш: «Аудан, облыс қана емес, Қазақстанда, орталық Алматының өзінде де қит етсе картадан бас алмайтын нелер үлкен жауанты қызметкерлер де көп» дегендес қарқылдаш құлғен қала Советінің бастығы Бекқожа: «Қызметкерлер гана емес, әртүрлі мамандар да ойнайды. Әсіресе көп ойнайтын Қазақстаниң жазуышылары дегендер бар. Ғылым қызметінде зор атағы бар, профессор-академиктердің де ол осалдықтан амандары кемде-кем!»— дегендес мұны қостай құлғен Сидоркин өзі картага ерекше өші болатын. Тағы да бір кыжалды ашы мысқыл айтты:

— Ия, олар да Қөлбаев сияқты жұмыстаң шаршаган-

да, қол боста, кей шақта баратын театр жоқ, тыңдайтын концерт жоқ, уақыт бөлер ғылымдық лекциялар болмайды, ВҰЗ-дар аз, ғылымдық-мәдениеттік орындар жоқ, деңгенді сұлтау ететін шығар,— дегенде Алматының бұл жөндегі бар жағдайы аудан емес, облыс емес екенін ағарып тұрғап бір топ орыс, қазақ қызметкерлер қарқылдай күлісті.

Киев ауданының секретары Тұрмагамбетов карта ойнамайтын да сүймейтін. Ол алматылықтарды шеней түсті. «Жаңағы кісілер Алматы түгіл Москваға барғанда да бар гостиницада ұдайы карта ойнасады. Онда да театр, концерт, лекция — көңіл ашар көп жайлар жетіспеген болатын шығар. Ал жол бойларында поездағана ойнау емес, тіпті самолетте де ойнайды. Тағы бірде машинаның ішінде де ойнайтындар құмарлығы қатты жынысынан бетер бар жерлерде үстай беретін мықты дәйлер бар!»— деді.

Қолбаевпен көңілдес, көршілес екі секретарь Оспанов, Тұрмагамбетов оған өздерінше жұбату айтты. Оспановтың айтуыша: «Сөз қатты басталып, түйіле сөйленең отыр гой. Бірақ осымен, ескертумен қаладығой!»— деді. Тұрмагамбетов одан да ғөрі батылырақ сенімділікпен байлау жасады: «Ештеңе етпейді, өтіп кетеді. Айыптайын десе басқалар бар гой. Саған бұл сөзден соғатын пәле жоқ. Өзің де және қабілетінді сақтап, салмақты, дәлелді сөйлемдің!»— деді.

Үзіліс бітіп, мәжіліс қайта басталғанда сөзді Карпов өзі алған еді. Ол облыс көлеміндегі қазақ әйелінің жайы осы отырған партия, үкімет басшылығындағы жүртшылықтың бәрін де қатты ойландыратын, ұялтатын және көп түрлі аса қажет шараптар істеуді ойлататын халде екенін айтты. Мұның есінде Бабатада естіген Алуа жөніндегі сұмдық оқиға да айқын болатын. Оның үстіне тағы сол Ұзақ ауданында, «Қөңекент» совхозында өзі бір күп бойы оқып тексерген бір құшақ арыз Әлім Ерімбетовтың айтуыша өңшец «алауыз-кіләуыз» ауданда болған жікшілдікті көрсетіп еді. «Дәл «Қөңекент» көлемінде сол жікшілік басы жас оқыған қазақ қызының дауынау туған жік екенін өз көзімен көріп таныған-ды. Сол бір қызың өзінің ықтиярысыз сырттан таласушылар кесірі биылғы «Қөңекенттің» қойлары қатты жұтауға бір жағына себепші болғанын да Карпов есінде сақтап келіпті. Бүгін мінс Айсұлу деген қыз жөнінде жақсы ауданың

Еңбек Ері атағын алып отырған аудандық партия комитетінің секретарына шейін және де әйел мәселесі жөнінде осы үлкен жауапты жиын алдында өзінің арымен жауапкер болып отыр. Осының бәрі тұстік облыста қазақ әйелінің халын шұғылынаң өзгертудің, оған көмекке келудің қатты шарт екенін барлық партия жүртшылығына айқын ауыр түрде ескертедей.

— Ен әуелі бір топ үлкен шаралар белгілеңіп, соны обком, облисполком және бар райкомдар, облыстағы горкомдар мықтап қолға алу шарт. Біз облыс әйелдеріне көмекке келеміз. Сол үшін ең әуелі жақында аудандар өкілдері болған қазақ әйелдерінің облыстық кеңесін шақыру керек. Салтқа мәдениет кіргізу шараларын өздерімен кең кеңесу шарт. Сонымен қатар осы жазда, күзге дейін жүздеген қазақтың жас қыздарын, әйелдерін механизацияға оқытып, тәрбиелеу керек. Осы қаладағы сан өндірістерде маман жұмыскер болып іске араласу үшін бар алыс аудандардың қыздарына жынп біриеше курстар ашу керек. Олар үшін бөлекше, жақсы жатақхана әзірленсін. Сонда келіп мұндағы тоқыма фабрикасына, масложир комбинатына, химфарм заводқа, жаңа ашылып жатқан цемент заводы сияқты әр алуан ескілі-жақалы өндіріс орындарына шала оқып, ілгері бара алмай қалған ерессек қыздар мен жас әйелдерді алу керек. Соңғы соң баршаңызға мәлім осы облыста орта мектеп бітіретін қазақ қыздары өте аз екені бар санақтан айқын екен. Мен бұл жөнде әдайілеп көп деректер жидым. Соңғы он жыл ішінде жетіжілдікты бітірген қыздар көп те, содан әрі бармай қалады. Орта мектеп бітіріп жоғары дәрежелі оқуга барушы қыздар саны осы он жыл бойында өспейді. Неге өспейді? Оған ана Айсулу трагедиясы, Қөнекент трагикомедиясы айқын айғақ.

Ендеше қазақ қыздарын орталық мамандық оқуларға, жоғары оқу орындарына көп-көп тартуымыз керек.

Лепинийң ұстаздық ұлы ойлары қазақ әйелінің тұстіктері қалың топтарына өзінің қуатты саф таза ұранымен жету керек. Тенелсінші еңбекте, білімді салттагы қыншылықтар тұсында еркіндік алсынышы. Әлдеқашаш тарихы, конституциясы, біздің барлық тірлік философиясы, тәжірибесі беріп отырған правосын алсынышы! Сонда алып қашудың қандай болатынын көріп алармыз.

Тағы бір үлкен шара қазақ колхоздарында және қазақ шопандары мол жүретін совхоздарда балалар бақшаш-

сы тіпті аз, жоққа тән. Болса нашар. Шөлде, құмда, тауда-
мал соңында жүрген шопан ата-аналардың мектеп жа-
сындағы балалары тұратын аудан орталықтарындағы
жатақханаалар жеткіліксіз және нашар. Міне осының бері
де біздің облыс көлемінде әйелдер-аналар, қыздар жөнін-
де біз істейтін міндет-шараның алғашқысы. Айнымас
қымбат қажет міндетті істері,— деп осы жайларды ба-
рынша қамқор, үлкен арлы оймен Нил Петрович сейлен
өткенде барлық жиынға өзгеше әсер етті.

Бүгінгі алғашқы тексерілген мәселе сияқты дәл осы
істің жөнінде де бір фактіден үлкен мемлекеттік кең өріс-
ті істер мен ойлар атап өту. Атау гана емес, нақтылы іс
програмдарымен сарапалған багыт беру Карповтың бүл-
отырган жиыннаң ойы да, нығы да, партиялық жүргегі де
көп бік тұрғыда тұрғандай екенін аңғартты!

Алмағебек баяндаған Арманың қазасы жөніндегі іске
ол сойлесушілердің көп нәрсени ашып айтқаны себепті
ұзак тоқтаған жоқ. Тек бюроның қаулысы ретінде ұсы-
ныстар гана айтты. Ол ұсынысы бойынша СМУ бастығы
Бейсеп, потребсоюз бастығы Эбілмәжін, судья Бекбаев,
прокурор Саматов партиядан шығарылсын. Көлбаев
секретарьға қатал сөгіс жарияланып!— деді.

Соған жағас әркімнің көңілінде анық тұрған нәрсе
алғашқы партиядан шығарылған төртеуі де өз беттерін-
де, әрине орындарынан алынады. Көлбаев мәселеңі ол
жөнде ашық қалды. Және, әрине, аудандық сот байлауы
бұзылған, облыстық сот қылмысты жауыз Сагитты қай-
тадан анық лайығымен, сыбагалы жазасымен соққы жа-
сан, қайтадан кесетін болады.

Әңгімелің бүл жақтарын ишешіп алғанина кейін аудан
және облыс көлемінде жауапты қызметкерлердің күнде-
лік мінез, салт әдептері жөнінен бөлек қосымша бір-екі
сөз айтпақ болып мәжілістен өтініш алды да, Карпов
қала секретары Сидоркиниң сөзіне тоқтады.

Әрине, карта құмарлық үлкен жамашылыққа айна-
лып бара жатқан іс екені Карповқа да даусыз айқын аң-
ғарылады. Оны айрықша сан рет аудан көлемінде, қала,
облыс қызметкерлерінің ортасында да, партия совет қыз-
меткерлерінің өмірлік салтымен байланысты сөйлесу
керек. Ол түгілі республика көлемінде де сөйлейтін кез-
келер деп біледі Карпов. Бірақ сонымен қатар Сидоркин-
нің жалпы дұрыс ызалы сөзінде аузы үйреніп кеткен бір
огаттық болды деп алып Карпов Сидоркиниң «бешбар-

машничаст» деген сөзін ерекше бөліп алды. Осы сөздің ки-
налын айтып, тұтқырлана тұрып екі-үш қайырды. Содан
кейін ойда жоқ бөлек бір сынга алды.

— Жолдастар, бұл бешбармақ деген тамақтың аты.
Қазақ халқының ұлттық тамагы. Оны біздің енбекін шо-
пандарымыз жейді. Қазақ жұмысшыларымыз жейді. Ка-
зак ата-аналар, балалар жейді. Интеллигентия жейді.
Мен өзім шонап Дәңбайдың үйінде, Қерімбектің үйінде
бірнеше рет бешбармақты соңна сүйсініп жақсы көріп
жедім. Ал осы сөз Сидоркин айтқандай бір лагнеттеу, ка-
ралау, айынтау сөзіне айналуға жол бар ма? Олай болса
«пловничает» деп өзбекті, тәжікті, «шашлыничает» деп
азербайжанды, грузинди, армянды, «галушничаст» деп
украинды айынтар ма едік? Солардың сол тамақтары
бешбармақтан бөлек те, бешбармақ бөріп жазықты ма!
Соның бөрінде бешбармакты да бұлдіретін бар, ол арак,
арак. Ендеше інкілік деп иеге сөйлемеміз, иеге кінәла-
маймыз? Ал мынадай халықтың ғасырлар бойы ұлттық
жақсы таза тамағының атымен жамашылықты атамау
керек!— деген кезінде бар жыны, Сидоркин өзі қосыла
дур қол соққан еді.

Бюроның аяғын Карпов осындаған бір және де әркімнің
аузынан естіле бермейтін әзіл сын, әзіл ақылмен аяқ-
тады.

Айсұлудың, Арманың қайғылым жайлары обкомның
бірінші секретары және барлық бюросы атауларының қам-
қорлығына алынды да әділетпен шешілуге айналды. Со-
ның жөнінде Жәкең Әсиямен еріп аз уақытқа Карповтың
кабинетіне кірген еді. Жандос обкомға қаралы үй іші
атынан алғыс сияқты қысқа рана сөз айтты. Әсия осы түс-
та әлі де Қөлбаевқа наразы, ызалы көңіл білдірді. Ол бұ-
рінгі сөзінде Сағит қызды жақсы көріпті десті. Қыз да
ұнатады екен десті. Қыздың інісі мен шешесі сол махаб-
батқа көлденең тұратын ескі феодалдық әдет жасапты
десті. Мен осыған сенідім. «Махабbat болса дегеніне жет-
сін деп ойлан қалдым» дегендей еді. Соны есіне алыш
Әсия «тауыпты махаббатты. Махабbat исесі Сағит болып-
ты» деп еді.

Жандос осы түста кесек үимен, айқын кекесімеп қа-
таң құлді де, бар депесімен Карповқа қарай ецкейе, ойы-
са түсіп, оның жазу столына шынтақтай төнді. Сөйтті де
нұрлы, қоңырқай көзіне мысқыл әзіл отын жынып бір сөз
айтты.

— Мен осы быыл жақында бір зоопаркте үлкен арыстанды көріп ем. Сонын бұрын өзім білмеген бір тұрпайы кимыл әрекетін көріп таң қалып ем. Қазір мына махаббат дегенде ойда жоқтан сол есіме түсті. «Ия» деп Әсия мен Карповқа кезек қарай түсті де «махаббат Сағиттың махаббаты» дейді рой. Жоқ, жаманиның сүйгені де жаманша. Арыстанның сиғені де арыстанша! — дегенде үшеуі бірдей мәз бола күлісті. Жәкең соңғы айтқаны: бұл іске мен келмесем де болады екен. Нил Петрович пеп. Әсия араласқан соң мен бармасам да болады рой деп, Алматыда қала берсем қайтеді деп те бір ойлап ем. Енді келген соң айтарым екеуізге де алғысым болсын,— деді.

Карпов әлі күліп сүйсініп отыр еді. Тұра берген Жәкеңнің қолын ұзақ сілкіп қысты да «өзге үшін емес, Жәке, тап жаңағы өзініз шығарған, осы арада шығарған гажап дапалық афоризміз үшін келуіңіз социалық шарт еді, сәтті еді» деді де, күлгөн бойда Жәкеңді иыққа қағып, есігінен шыққаша өзі бірге жүріп ұзатып салды.

Осы күнпен соң алтыншы күн өткенде Әсия Айсұлу мен оның анасына хат жазды. Ең әуелгі хабары Таңат берген кассация-арыз бойынша бұзылған аудан сотының үкімі енді облыстық сотта қаралып, жаңа байлау болыпты. Сағит әусел өлім жазасына бүйірылып, содан он бес жылға кесік болыпты. Уақытында осы бұзық жыртқыштың жайын әділ тергемей, қисық үкім шығарғаны үшін судья, прокурор екеуі де партиядан шығарылады. Қөпшілікті шатастырған СМУ бастығы Бейсен де партиядан шығарылған. Ең соңғы хабар бойынша бұлардың үшеуі де және Сағиттың ағасы Әбілмәжін де тегіс орындарынан алынған.

Арманың қазасын осылай етіп жоқтаушы болған облыс басшылығы, облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті жай жиын емес, обкомның барлық аудандар басшыларының облыс жүртшылығын түгел жиып отырып, ерекше көңіл бөліп, Арманың өзінің де, артында қалған анасы мен Айсұлудың да күйзелген, қайғырған қасіреттерін сол жиында жүрттың бәрі де үлкен достық жапашырмен, қамқорлықпен өзгеше көңіл бөле қарапты. Осындағай дәл деректерді айтып келіп өзінің хатының кейінгі жағында Әсия тағы да қайталап, хатының басындағыдай етіп «Нұрбұбі апа, Айсұлу сіздім, тағы да естерізізге салайын. Арман мен сіздердің жоқшының үкімет пеп партияның өзі болды. Қамқор достарыңыз солар.

Оған менің көзім анық жетті. Жәкең де бастаң-аяқ бұл жайды әз құлағымен естіп, осылайша үғышыды. Сол кісінің тапсыруымен және әз атында осындай достық сәлем жолдан отырмын. Мұндағы бар әға, апа, достарыңыз бол ендігі айтарымыз: қайрат жиындар. Айсұлу, саган ариап тапсырамын, енді сен Нұрбұбі апаға — әзиз анаңа әрі Айсұлу, әрі Арман да бол, Оған қуат бер де, өзің қайрат жи. Сен советтің жасысың. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза болған папаңың да, мынау жақсы қалпында, тап-таза күйінде қайтыс болған інің-бауырың Арманиң да аруақтары үшін сен жақсы мықты, есті таза совет азамат-әйелі болуың қажет. Ол сенің жас жанаңа, сүттей таза арыңа, жігерлі жүрек нағызыңа ариалатын заңды, орынды талаптар. Сол үшін жүз қайыра айтатыным: Жәкеңнің де саган ариап айт деп отырғаны, сен оқы, оқы, оқы! Осы күз келіп сырттай оқитын болсаң да не Баскентте, не Алматыда бір жоғары мектепке қайтсең де түсетін бол. Қазір жаз айларында анау дос мұғалімдермен, мұғалім апалаңыңмен ақылдасып, солардың көмектерін ал да смтиханга әзірлене бер. Мен сенен ендігі хабарды пәлеңдей жоғарғы дәрежелі оқуға түстім деген, бәрімізді қуантарлық күйде тосамын. Енді жасығанды, жылаганды, бос күйректікисен және жүргегінді өртеуді тоқтат. Сенің өмірің, барың алдында. Өзіңе өзің қарашы, ойлашы. Сен қандай жақсы, қандай ғазиз, қашшалық айдай таза, күндей ңұрлысың. Соның берінен бөлек әрі мінезді, әрі ақылды тамаша таза тәрбислі мықты совет жасысың. Сен аз-ақ уақытта әмірден өзіңнің сыбағанды аласың. Өзіңнің қамқорың, үлкен ата-анаң совет қоғамының ортасында бік дәрежелі орынды аласың. Соны тілеймін мен сенен. Сол сенің жақын уақыттағы болашағың, арманды өрісің болсын деп апалаң жүргегімнен шын тілегімді жолдаймын. Нұрбұбі апанаң да, өзіңді де көп-көп сүйдім. Әсия!» — деп көл қойған еді.

Осы хатты көптен бері Арманиң ісін облысқа куа келген сабырлы қарт Таңат қойныша салып алып кетті.

Алтыншы тарау

Май айының басында болған түстік облыстың облыстық партия комитетінің кең мәжілісі жасаған үлкен екі қорытынды екі сала бойынша келелі, жаңа, үлкен шыралардың әралуан әзірліктеріне жол ашты, Сол ретпен әйел

мәселеесін де шоның ің басында барлық облыс көлемінде 500 әйелді шақыратып үлкен мәжіліс-кеңес жасалатын болды. Бұл жөндегі алғашқы шарапың бірі осылай байланған соң ариаулы күп белгіленіп, тиісті әзірліктер облыстап ауданға, аудандардан совхоз, колхоз, өндіріс орындарына жаң-жақты тарап жатты.

Сол обком мәжілісі белгілеген екінші іс — мал шаруасы жөніндегі кеңеулі, өнімді және көп сұбек ететін шаруалық, құрылыштық шаралар еді.

Нил Петрович Карпов соңғы екі анта бойында Сұлтановпен және совнархоз бастығымен, обком мал шаруасы жөніндегі ариаулы секретарь Ерімбетовпен бірге отырып, бірнеше күндей күрделі тұтас ойлар ойласқан. Мұнда облыстық совхоз кеңессі, финас белімі «Қаракультрест» сияқты, әртүрлі дағындау орының облыстық басыны адамдарын шақырып ақылдасу да бірнеше рет болып өтті. Енді Карпов өзі қағазға түсірген көп деректерді салғастыра, ойлай-сынай қарау соңында еді. Аңдаса облыс көлемінде мал шаруасына ариалған қаражат мол емес. Құрылыш жайын алғанда совхоз орталықтарына берілетін азын-аулак ариаулы қаражат болмаса өзге мүмкіншілік жокқа тән, болымсыз.

Кешірі болып өткен үлкен мәжілісте Карпов жүрттап өзге үлкен қамқорлық ойлар айтып, көрсегендік еткенде, кейін кел сүйсінген жүрттың алғысын естігендеге өзгеше ауызға ғарыны шопандар жайы еді.

Облыс шаруасындағы әр сала мемлекеттік істердің, болімдердің қаражат мүмкіншіліктерін қаралғанда шопандар қамы көбінше атальған. Олардың үй тұрмыс жағдайы жаңа құрылыш себебінде мемлекет қаржысынан татымды көмек алатып түрі жок. Ал биылғы малдың өлімінде үлкен себептің бірі болған кора-жайдың жоқтығы. Азықтың сенімді бол жиылып, әзір болып тұратын базасының жоқтығы. Сонымен қатар, әсіресе, құмдар мен мал жайылар далаларда судың жоқтығы, құдықтың ташылығы, жолдардың жамандығы. Ариап айтылса соның бәрінің ендігі тетігі осы жазды пайдаланып, жетіжүлдіктың екінші жылындағы мал жөніндегі мемлекеттік міндет мал мен мал маңындағы адамға ариалған құрылыштар болар еді. Енді мінші қысқы жағдайы қызын Ұзак, Ноян сияқты екі ауданин басқа тағы солардай мал өсіретін басқа он шақты ауданды алсақ, бәріне ариалған жиын қаражат жұмырға жүқ болмайтында ташылық, азшы-

лық күйде. Калай тартса да аз цифрлы сараң сомалар шолак тоңдай не басты, не аякты, не бойды бүркеуге жарамайтын тапшылықта екен.

Рас, біраз салмақты жергілікті құрылыш заттарын пайдаланып, жабайы түрдегі болса да мал қорғанын жасауды аудандардың, совхоздардың өздеріне мықтап артуға болады. Бірақ шара деген сол ғана ма? Быныңдаидай сүмдик жұттың социнаң істелестің іс, ойланатын ой сиді қайтып жүт болмасын дейтіп, болғызыбайтып қам-қарекет осы ма? Жоқ, жоқ! Бұл жоқшылыққа бағынуға болмайды. Алысу керек. Шыны қамқор мемлекеттік өнімді ой ойлайтын мезгіл жеткеп. Осындай болмыс пеп болуға керектің, бар мен бар етілестің мүмкіндік пеп қуаттың жолдарын табу шарт. Сол үшін шыны мемлекеттік үлкен қамқорлық ой мен шаралар үшін алысу керек.

Бар аудан, совхоздардың, облыстық шаруа орындарының, облисполком қарамағындағы облплан, совнархоз күй-жайларының бәрін бір араға жинай екшій топтап алған Карпов қазір өзің бар пәрсеге жауапты, зор жауапты не, барды біліп отырган, бар қындықты тапып тіреліп отырган облыс иесі есебінде нық сезінді. Сезінді де сиді соңғы өзі үшін оңай емес, бірақ партиялық қарызы мұның арина артатып үлкен міндетті мойныға алды. Ол осымен сиді он бес күнде болатын Алматыдағы республикалық зор жауапты шаруашылық бір жынысқа қатты әзірлене бастады. Ол жиын жетіжүлдіктың екінші жынысында Қазақстан көлемінде болғай мал шаруашының түйінді мәселелеріне арнай шұғылданатып зор жауапты жиылдыс еді. Соған Карпов өзінің бар жауапты ой, талап, сын ұсыныстарын ала баруға әзірленеді.

Осындай жайлар ойларымен жүрген Карпов сиді бір ои күн өткениен кейін республика астанасы Алматыға биылғы жылдың үлкен жауапты жиындысының біреуіне келді. Түстік облыстаң бұл үлкен мәжіліске Карповпен бірге облыстық атқару комитет бастығы Сұлтанов, обкомның мал шаруашылығы жөніндегі секретары Ерімбетов бастаған барлық түстік аудандардың секретарълары мен атқару комитет бастықтары келген-ді. Бар Қазақстаншың өсірессе мал өсірген облыс, аудандардың облыстық, аудандық жауапты қызметкерлерінің көнишлігі жиылған. Мұнда өсірессе бастары мол көрінестің шошандардың өздері еді. Сақал-мұртқа, кейбірінің шаштарына ақ араласкан бурыл еркектер, отыз-қырық арасындағы әйел-шонандар

көп қозы, көп бұзау өсірушілер, шошқа өсірушілер республика қолемінде атагы, даңғылдар мәлім шыны ірі қайраткерлер. Бұлардың бірі қалаша, кейбірі жартылай қалаша, жартылай ауылаша киінген. Бастарына ақ шәрші орағандар да үшірасады. Ерек шопандардың көмірдесі қап-қара сакал, мұрттары, бастарындағы тақия, казаша пішілген бешпет, шалбарлар олардың да тұрмыс дағдыларын ауылдық жағдайға бейім таптықандай.

Белгілі осы тәрізді қадірлі ер, әйелдердің бәрінің омырауларында ордендер, кейбіреулерінде алтын жүлдәздар және біраз қеуделерде СССР-дің, Қазақстаниң депутаттық белгілері де байқалады.

Бұл үлкен жиындылықтың өткен қысташа ауырталығын, естен кетпестей өкінішті шығын қазасын бар ауыр жиындығымен кепінен еркін сөйлесуге жиылған. Әсіресе шопандармен көзбе-көз ақылласа, ойласа отырып, сиді мал өлтірмеудің шараларын мықтап қолга алу жолында жиналған жауапты жиылыс осы еді. Бұл жиында оңтүстіктің атына Сұлтанов және бірнеше жақсы совхоздар, аудандар аман шықкан шаруалары сөйлеген.

Карпов бар жиынның әр облыстан келген шеніндері сөйлеген сөзін көбін өз қолымен қағазға жазып, катты бір әзірлік жасағандай болды. Біриене күнге созылған мәжілістің ертеңді-кешкі жиылыстарын ұқынты күйде минут аудармай қатынасумен өткізді. Малды көп өлтірген Жамбыл, Алматы, Қызылорда сияқты облыстардың түстікке жағдайы ұксас келетін, әсіресе қыншишылықтары толық ұксас келетін облыстардың шаруа басшылары, совхоз директорлары, колхоз бастықтары, шопандары айтқан сөздерді Карнов арнаулы бір газеттер тілшісіндегі, не бір зерттеушідей аса катты ықласпен тыңдал, дәптеріне жазып алған отырған-ды. Кейін Орталық партия Комитеті мен Министрлер Советі басшылығы үлкен тарихтың бір байлау жасамақ. Республикалық жиылыстан кейін істелетін мол істерге өзгеше ірі бүршін жасалып көрмеген жағдай жасау жайын шын терең, жауапты күйде корытып, шешпек болған еді.

Сонымен Орталық партия Комитетінің мәжіліс залинида арнай жиылған барлық республиканың ірі басшыларының іріктелген бөлжесінде жауапты жиылысы болды. Жиылысты басқарған республиканың бірінші саяси басшы адамы іскер, сергек, ширак, дағдысы бойынша бұл мәжілістегі сөздерді ұзакқа создырмай, жіті жүргізіп ке-

леді. Ол өзінің көнтегет ісін шешіп, талдан, талқылап үйренген тәжірибелі дағдысы бойынша тегі әр мәжілісті жайылған жалпылама көп сөзге салып жібермейтін. Эрбір сөйлеушінің ойындағы нақтылы, деректі қын туїйіні мен шыгар жолып сұрыпташ, скшелеп, жақсы аңғарып алатын да, мәжіліс басшысы есебінде әр кезде жиылсты тек нақтылы, деректі, байлаулы сөздерге, жайларға бұрып салып, бағытташ отыратын. Аса ысылған білгір тәжірибелің жақсы сыпаттарын таптып отыруши еді.

Карпов бірінші бастыққа жиылыс алдында бірер ауыз өтінішін айтып қалды. «Мен жұтаған облыстың өкілімін. Сондықтан айттар мұңым көп болуға мүмкін, және айтарым бір өзіміздің облыс қапа емес, өзге бар бізге үқсаган облысқа, болмаса тіпті бар мал баққап облыстарға тіке-лей мәні бар мәселелер. Сол себепті жұтағандықтан, қаза көргендіктен тиісті болатын право бойынша біраз кеңірек уақыт беруінізді сұраймын»— деген.

Басшы қызметкер мұның өтінішіне жылы жүзбен қарап күлді. «Әдете, бізде табысы көп кісі көп сөзге право-лы болушы еді. Табысымыз жок, шығынымыз көп, сондықтан көп сөзге правомыз көп дегенді сізден көрдім. Нил Петрович»— деді де, Карповтың өзімен бірге күліг мәжіліс бастауга беттеп жүре сойладі. Келе жатып Қарповқа тастаған сөзі: «тек қынышылықты терең қазып, түгел айтуға батыл болсаңыздар, бүгінгі бізге керегі сол. Республика бірнеше миллион мал өлтіріп, кей облыстарымыз 10 проценттен қойларын қырып алыш отырғанда енді бар жаманышылыққа ашық қозбен анықтап қараудан басқа шара жок. Бүгін партияға сондай ақылшы керек. Шынышыл ақылшы керек» деп келе жатты. Бұл Нил Петровичқа барынша ұшаған сөз еді.

— Міне, мениң сізден күткенім де осындай нұсқау болар еді,— деп қалды. Сонымен өзіне кезек келгенде осы жиында Қарпов талайдан ойна жиылған жайларды сойлусуға бекінді. Тек қапа ойымен, білімімен ғана емес, өзінің көзі көріп, көңілі түршіккен ішкі сезім, жаңымен қипалып ойлап қорытқан біраз шынықтарды анда-санда партия алдына әкелетін шынышыл, батыл иштке бескініп, сөз сұрады.

Карпов осы үлкен биік кеңседе мал эңгімесі жайында өзгеден болек, көпшіліктің ойында болса да аузына ілінбекен жайдаш бастады. Ол малды айтудан бұрын ең алдымен шопанды айту керек, соны еске алу барлық жай-

дың негізгі түйіні деп басталы да, өз көзі көрген шопан күйлерінің бірнеше оқшау халдерін санай бастады.

— Он жеті күн бел шешпеген. Он күн бойында күнітүні баспаасыз жүрген. Аязды бораңда ыға жүріп, малың тастамаган кәрі де, жас та шопандарды айтады. Екі жұмадай ыстық ішпеген, қатып қалған таба наң сексеуіл кеміргендей талинығы болып, ішер сусыны қара су да болмай қоймен бірге қар асап күндер кешсе де малды тастамаган адамдарды қалай атау керек. Осылар қандай жауанты сана бастаған жаңдар! Сол қора-кора қойларды тастан кетсе осы отырған біз не деп кінәлар едік? Айыпты деп айта алар ма едік? Және солар сол еңбек ерлігін, азаматтық санаасын біздің үгітімізбен ғана істеді мә? Жоқ, тек қана советтік азамат арымен, қажырымен, табандылығымен ғана сондай бейнестті аткарып шықты.

Әсіресе сол сүмдүқ сұық, шарасыз дауыл боран астында жүрген совет малың тастан кеткен, дизертирлік еткен бірде-бір ер-әйел, кәрі жас шопан болмағанын не дейміз! Ал мінс жаз шықты. Жылы шак келді. Сондагы бейнест кешкеп сап шопанның бірде-біреуінің бір ауыз да болса қындығын айтқан, наразылығын жеткізген жалғыз сөз, жарым ауыз арызы болды ма? Өтіп жатқан мына жиынтыны өзінде тетек малды өлтірмеудің, күтудің шарасынаң басқа жайларды айтып отырған шопан болды ма? Болмады. Бірақ тек сол болмағанына сүйеніп шопан атаулының жайын өздігімізбен ойламай, қысылмай, сол жаңдар ушін қашалмай да жүре бермекпіз бс? Қашапға шейіп жүре бермекшіз. Ал сол шопандардың өздері дала-да жүрген күйінде үйлері не күйде, қатын-бала не халде? Тіпті баспаасыз болған киіз үйлері көшіп кетиеген өз ауданында отырған, өз совхозы, айтайық, Қонекенттің жылдағы үйреништің қонысында, құдығында отырған аман деген шопандардың жаман күйі және қашалық жап түршіктірерлік.

Күндіз де, түнде де шешіне алмай інге кіргендей сенсесің тонының астына кіріп, екі-үш жасар, бес жасар балаларын бауырына тығып өз денесімен жылтытып, сұық үйде дірдек қағады. Алты ай қыста жуынатын мояна жоқ. Бір сәт жылы жағдай жоқ. Беттерде, бастарда кірден болған қотыр, жара да жүреді. Ол ол ма, сол сұық үйде сүм жағдайда босанып жатқан аналар болса не дерсіз. Мен өз көзім көріп, өзім ұшыратқан жайды айтайын. Босана алмай ісініп кеткен, шешінейіп десе сұық тиеді, ше-

шінбесе бар киімі өнебойын қыскан, қабарып жатқан жас әйелді көрдім. Күйеуі далада малда, ал үйде, айдаладағы жапан тұздегі жалғыз үйде, қар астында қасқыр ініндей басылып жалғыз үйде сонау шопаниның жалғызы бір гана серігі — сол босана алмай жатқан әйелі — жары. Тағы бір әйелдің мен өз көзіммен көрген күйі және басқаша. Бауырында жаңа гана туған баласы жатыр. Апа қыбыр ете алмайды. Үй сұық. Жас норестенің дымын құрғата алмай бар бойымен, өз етімен гана жылтыны жатқан ана не күйде?! Қен бата, түн бола даладағы коймен қайтып келеттің күйсүн курсіне түсіп қиналып күтіп жатыр. Осының бері қашаш болып отырған суреттер, көріністер. Был, бүгін қам жемесек, көмекке бармасақ ертең де, алдагы қыста да, жетіжкілдіктың екінші қысында да солай болмақшы.

Сондықтан да менің мың мәртебе қайтара айтарым: үй, үй, үй. Қойшының басына, оның үй інінің басына құмда да, дала мен тау бөктерінде де тіпті жазғы жайлауында да, жаздағы сұық жауын астында, бұршак астында, қатты қара жел өтінде жаурамасы үшін жылы үй керек. Істық ас істерлік, шешініп жатарлық, адамша жуынып, таза жүрерлік болымсыз да болса мүмкіндік берстің киіз үй емес, орынқты, жылы, тұракты баспана керек.

Қойға да бар жерде, әсіресе көктемгі қоздар шақта түп баласында түгел сыйып, ұдайы жататын қора, қора керек. Мінс сол жағдайда мал мен адамды катар сессеріп, екеуіне де дұрыс жағдай жасасақ біз жұт деген масқарадан күтыламыз. Жұтты тегі масқаралық деп туғсіну керек. Жол, су, кора-жай, жол болғанда қысы-жазы қатынасы үзілмейтін күтімді, мәдениетті жол болсын. Тракторды керек етпейтін машиналар бар азық-жүгімен үнемі үздіксіз таудан да асып, даласын да басып құмдағы малға күнделік керектерін тасып, барды даяр қып отыратын жол жағдай керек. Сонда жұт болмақ түгіл мұлде ұмытылады. Ал осы шаралардың берін ең алдымен мал басындағы адам жөніндегі шаралардан бастау шарт,— деген еді.

Карновтың сөзі бар жиынга өзгеше ой салғандай болды. Ол сипшы қатал түрде батыл айтқан өзара сип сөзі. Бұл сөздің осындағы мәжіліске бұрын айтылып көрмеген ауыр шындығы мұлде тың, барынша соны бір мәндері болды. Келер күні осы жиын тарихтық үлкен қаулы ал-

ды. Сол қаулыда әр жерлерде қоралар салынып, шопан үйлері жасалу нақтылап аталды. Дәрігерлік пункт, монша, мәдениет ошагы, көп жерлерде электр, радио және газет, журнал қатынасы үзілмей тұру шаралары тегіс аталды.

Бынанғы өткен жүттүң, үлкен бір саналы, жауапты арлы ойдан туган жігерлі байлауы осы болып еді.

ТҰМАН АЙЫҒАРДА

РОМАН ЭСКИЗДЕРІ

БОЛАШАҚ РОМАН ПЛАНЫ

I тарау

Сейіл ауылға келсі. Қарсы алу. Өз ауылы жеке. Көрні ауылдың еркек-ұргашы, бала-шага, қойшы-колаң, даттылы амандасту, көрісу. Бұл жолы өзгерек шеткі үй. Оңда Сәлім ауру. Оның әкесі және Сейілдің агасы барлығы ашулы, томсарған. Сейілді күткен. Сәлімнің қалыңдығы Қабыштың, бәйбішениң қызы. Соны Сейілдің құрдасы — бұлардың туысқаны Самат бұзып алатын болты. Бала Сәлім көзі жасты, ашу айтады.

— Саматты атам,— дейді.— Мылтығың бар ма?— деп Сейілден сұрайды. Үй іші басу айтады. Сейіл:

— Жазыл, сонар соң көрерміз,— дейді. Серік комсо-мол тыңдайды, басу айтады.

Отауда келіншек түседі. Жұрт Сейілді оңаша қалдырады. Құтуші қатын және Қапыштың жеңгесі Қапышқа қалжың айтады. Ол дімкес, жүдесу. Сейіл көңілсіз, зорлықпен сергиді. Алдынан бір сыбага — осы уақытта Гүлсімнен хат келеді.

Самат үялатын емес. Екі агасы ереуілдеп шабуылға өзір. Қолтығына Қабыш аулы дым бүріккен.

— Бір-екі ат жоқ болса соны мылтық алып іздеседі,— дейді.

Сейіл Саматтың агаларын еске алады. Кімдер?.. Сейіл қайнында болады. Бұның үй-іші қыстауынан айрылған. Берем деген қыстауларын бермейді. Әрі-сәріде. Бәйбішениң екі аулының бірі осы... Екіншісі Әкім ағаң аулы, бүннегінде бойбаш пык, берік, тоцмойын ауыл. Бұ да Сейілдер-

дін құдасы. Екінші жағынан Саматпен құда. Онда қыз береді. Самат пең Сәлім әңгімесінде бұл ауыл екіудай. Оның үстіне жер мәселесінде Асылбек аулын алдаган. Енді Қабыштың өзіне жабысыңы. Асылбек ауылынан кетісе алмайды. Жер дауын шештіруді Қабыш әдейі Сейіл билігіне беріңдер деген. Сырттарынан Сейілді сыйласп қарсы алады. Бірақ іштей тығынулы. Жер мәселесінде бұл екі ауылды отыртқан Қабыш. Бұл билік Сейілге тағы бір син.

Қабыш әзірлеген екінші сыйбаға:

— Өзі тартып алмай Сейілден жириеніп өздігінен келсін,— дейді Әкімбек аулын.

Қабыш аулына келеді Сейіл. Бұл ауыл тобырлы, қарақұралы — орда ауыл. Қабыш өз басын кемітпей, кішірейтпей отырып жайды айтады. Сыпайы сзызылып екі қыз көлбектейді. Сәліма — бәйбіше қызы. Қыздың биі — тоқал. Болған хал. Қазының қарекеті. Екі қыз қатар көне жаздайды Саматқа. Самат оқыған, саудагер, мал тапқын. Бұның үйі ежелден Қабыштың бір жақын жерден жем іліп отыратып (...). Қыз берген құда. Тәтті дәмдісі осылардікі болатын. Екінші — Сейіл бұның туысқапын, бір атаниң баласын екі бөліп әкетті деп қорғанады. Бәйбіше наразылығы тұтасып кетсе елге әйгіленеді. Жер жаїнидағы қиянаты сөз болады. Бәйбіше баласы бұлардан ажыраганда да Сейіл Асылбектің қызын алған соң ажыраган. Оған уақытында қарсы болған. Соган қарсы Саматты колға ұстап Сейілдің өз аулынан бақан, тіреу жасау бір үпай. Екінші — қыстау мәселесі арқылы Әкімбек аулын ұстап, оны наразының бірі Саматпен байланыстыру. Бұның бәрін әйел бостандығымен бүркеу.

Қабыш:

— Қыз мениң қызыым емес. Мен лағыншт айттым, өзің біл, өзің жайға,— деп Сейілдің алдына тағы сөз тастайды. Сейілдің амандастын тағы бір аулы. Смайыл аулы — қыздарын қала байларына беретін сәнді, пац, таза ауыл. Маңайында қара құрым көп. Саудагер болған. Өздерін-өздері қатты күтеді.

Сләмнің тоқалы бар. Қабышпен аталас. Тең ата. Ба-сым ауылдардың таразысына қарайды. Жуан ауыл. Ел ішінде шөп машинасын кіргізген. Балалары бұрын оқыған. Қабыштың арқа тіреу аулының бірі. Сейілге қатты сый көрсетеді. Күтеді. Қанышты Сейіл аларда осы ауыл достық еткен. Бәйбіше балаларының зорлық көруінде, бүгін-

гі қалдерде бұның сыны көп. Өкпесін сыртқа сала айта жүрген бір болыс ел осы екі ауылдың таразысын бағады. Бірақ бұл екесін от басынан корғанын енді сұыса бастаған. Қыста олары да катар. Бұл ауыл кірпі таза, анадан жириеніңкіреп отырады. Бәйбіше баласын қолына баурап келе жатқандықтан ана жақ араз. Бұл бірақ Асылбек аулымен ата дос. Қабыш қылышының барлық қоймасын біледі. Сейілге сырлас. Тыныш отырғызатын емес. «Отыралмаймыз» деп дүмбіlez сөйлейді. Айт күні. Сейіл Қабыш жағындағы елдің молдығын көреді. Ол өзінің үзенгі жолдастары екі бай, бірі (Бекен, Жәкен, Бейсенбі) дегендерді өзімен бірге жайларатқан; Жортар да осында қонақта. Сләм аулы ішіндегі кірін жасырмайды. Тоқал:

— Басты Сейілге бердім, ендігінің басы осы болады скин,— дейді. Қабыш аулына атқан оқтай тиіп жатады. Сейіл өзін шөре-шөре сияқты көреді.

Үшінші сыйбага Сейілдің кедей туысканы Әлім Қабыш аулындағы кедей шал Ботбайдың келінін айналдырады. Шал, оның баласы, келіні Қазынаның қолында құл мен күң. Әмір алмақ. Бұл құмарлық тарихы. Әмір Сейілмен ақылласпай сырттай бел қылып, Қабыш аулына барғыштайтыды. Апа ауыл аңдиды. Ұстап алып сабамақ. Атын алып қалады. Қабыш Бейсембіні салып салмақ тастанады Сейілге... Әмірдің ағасы Көпіраман малшылықта жүрген. Оған ақы төлемейді Қабыш. Нагашыны, құданы, көршіні малшы қып ақы төлемеу әдіс-дағдысы. Әмір Сейілге салмақ салады. Оны да Сейіл шеше алмайды. Сотқа бармақ. Тоқтатады. Серік комсомол Сейіл мінезіне ашуланады. Бірақ «қатынды сабап қайтты» дегізіп койған Қабыштар. Асылбек аулының қыстауын алғанин бері қорықтан жер бермес. Тықсыра бастаған олар шағады.

Жатақ. Сейіл келгенде Қабыш осы жатақтың бірін бұзып отырады. Сейіл «біріктіріп соңына салса кусырар еді» деп ойлайды. Бірақ, істемейді. Комсомол Серік, Еркін барлық күйге қарсы. Қабыш оның ағасы Шаяхметті өздерінің союзына, кооперативіне кіргіздіртіп жем жегізіп қояды. «Қазынаны жейді, совет мұлкін шапады» дейді. Серік, Сейіл түсінеді. Бірақ кооператив басындағыларды тәуір көреді... Бұл кооператив тарихы.

Жақынбек, Жортар, Қабыш, Самат, тұбі Сыдыққа барып тіреледі. Серік қостаған. Әмірге қарсы тұсау кып Қабын Кордабайдан қарабиенің көзін сұратады. Жортар

тарға бұл алдынан кеп екі ауылдың таразысын иіскеп қайтқан.

Кордабай Сейілдің баласыз, әлсіз туысқаны. Сотқа жетпей Сейіл билік айтады. Жер мәселеңсіне билік айтады Сейіл. Қасында Сләм, Қабыш болады. Қабыш Әкімбек малдарын қорғайды. Келіспей айрылысады. Бұл бауырдагы күй, Сейілге қарсы бауыр осындай екі жік боп қалды. Сләм Қабыш қылығын Сейіл өз көзімен көрсін деп, ешбір жанды айтпайды. Тек құледі. Не үндемей томсарады.

II тарау

Сыртта. Тау сыртында. Сайлау. Ел іші жік. Ауыл-ауыл тартысып жатады. Жортар, Жақыпбек. Қалдыбай аулы болып қырқысқан. Төрттоқал, Қуатжан, Жақыпбек. Сләм сыр айтнаган, барын ашнаған Сейілге. Бұның қасында көп оқыған шәкірт, жас-кәрі, күлдіргі жігіттер жолдасы. Сот жатқан жерде сайлау. Сот тарихы. Судья, Қабыштар жағы қолға кондырган. Бұл араға көп оқыған тоқайласады. Сайлауны жаңында көп пысық. Сотты тоғыған сұліктер — Қабыштың тоңтары. Сот арзанды, жақынды, момынды ұстайды. Ең мықты, өз қасындағы үримен және барлық оқығаимен достасып жүретін Қабыштың оц қолы Жақынбектің ағасы Әлімбек аман жүреді. Одан көрмеу, дау-даулау ішінде жок. Соттың қатины, қосындарымен бай балалары бөрі Жақынбекті:

— Жақа, Жақып ага,— дейді. Бұның аулында үлкен үлтшылдың қатын-баласы қонақта жатады. Және Наурызбай аулында жатқан Гүлсім де жастармен осы сайлау басына келеді. Елдің қырқысқан тартысы болыспалком мүшелерін де қыздыргаған. Олардың партиядагысы да руқуларының колтығында. Сайлауны меңгерсе алмайды. Ол жап-жагынан Сейілге билік береді. Сейіл болса палком саллайды.

Гүлсім мен Сейіл. Сләм жағын Сейіл наразы қып кетеді. Әділдік көксегеші... Қабыш жағы құтырып кетеді. Құлке тарихы... Гүлсім, сайлаушы, Сейіл әңгімесі, қызыл отау бастығы әйел... Белсенді әйел. Әмір уақығасын есіткен. Қарсы. Сейілдің өзін кінәлайді. Сот ең ұры рудың үстінде тергеу жүргізеді. Қашқындар үшін ру ел жапсарында, колында. Каракүшік ит тоң-торыс. Иткөрмес, Құлайғылар. Ырду-дырдудан Құлайғыр қашып құтылады. Жақыпбек бұларды өзінше құлықпен қорғайды.

Сайлаудан соң ойын күндері...

Наурызбай аулында. Бұл ауыл тарихы... Ақтың, алашының тұсы. Мектеп салдырган. Қопактап отырып Тоқышқа жетеді. Эбіш оқыған. Тәңірберген, Қаратайлар — бұлар тарихы. Эбіш, Тәңірберген дос, жақын. Екі болыс ел, Қаратай мен осылардың араздығына қарап жіктелген. Құс салу... ит косып қасқыр алу... ел қызығына масаю... Қабыш пеп Сейіл.

III тарау

Сот пеп Наурызбай аулында кезек жүретін уақыгалар. Сот сайлаушы, мұғалім. Елге келген батырақ, комсомол Серік. Барлығына Сейіл ақыл косады. Сайлау үстіндегі осы мәселе қозгалған. Сейілдер Қабыш жағында. Сләм жағында мырза Қалтай. Арадан ірікten алған кісіні Жақынбектердің, Қабыштың жан салуында сан ұрды. Бенгендік «соган ынғайлы болыспалком, старшии сайлап алу қажет» деп койған. Енді Қабыштар елді жынып, шығынды үлестіріп салып, елді тагы жегізгелі жүрген. Бұл бір.

Осылардың кейбірі қашқындыққа бой ұра бастаған — үш ел жапеарында жатқан қашқын тек қашқын емес, оны ұстауга ел көмек стпейді. Қайта Қабыштың болыс қойғызам деген кандидаты Жортар, Кенжебек және Жақынбекке, қашқындыққа айналған осы рудың ку жігіті астыртып хабарласып жүрген. Сайлау үстіндегі Жортар руы қалпақтан Наршаның аулы деген ауыл жаза шегестің болды. Бұл штениң ұры ауыл. Соларга малды аздап төлетіп енді «сот ұстайды» дегендегі Жортар мен Жақынбек қашыртып жіберген. Олар Құлайғырды босатып күмға кетеді. Ишкім білмейді. Сейіл ғана сезеді. Жортарды сайларатып Сейіл. Жортар тарихы.

Кіші елі. Ел ішінің өрті, құп, жасақ... Партия мүшесіне өткен емес. Жортарды Гүлсім көзініше Сейіл қысады. Анау кесек, кесір жауап берді.

— Бәрің бірдей Қабыш болам дейтіп шығарсың. Жағынды айырып жіберермін,— дейді.

Сейіл:

— Түбінмен, копарармын,— дегендегі — туыскапындағы қара биені сотқа кестірмесең,— дейді.

Қабыш құлғыны осы жерден сезеді. Ол қара биенің түп несі осы Жортар.

Жортар Қабыш кісілеріне, өзге слеге хабар таратады.

— Сейіл менің соңыма түсті. Туысқаның қорғады. Ел партиясына араласты,— дес осы күйімен Наурызбай аулына Сейілдер келгенде қаладан, орталықтан дос елдерін қонақтап, өз еліне қайтып келе жатқан Жәкең кеп түседі. Айналасында Қабыш, Әбіш, Наурызбай, Тәңірберген, Жортар, Жақыпбек бәрі дос. Және Наурызбайдың әрі ағайындары, досы. Дәрігер Сыдық бірге келген. Жұрт мәре-сәре. Оқыған бай балалары, жастар Жәкең айналасында. Сейіл қасында комсомол Серік, батырақ тағы басқалар. Сейіл Жәкең әңгімесінде болады. Жортарды сөйтіп қарсы алғашып көреді. Ел іші шірік дейді. Қабыш мінездерін айтады. Жәкең: «өзгеппің бәрі Қабыш, Наурызбайдан садаға» дейді. Наурызбайдың актар өткендеңі қиыныш айтады. Сейіл келсе үндемей атқа мінеді. Өзге оқығандар Сыдық, Әбіш болып оны басады.

IV тарау

Гұлсім, Сейіл, Серік өзге дұрыс жастар өзге жерде қонақта. Гұлсім, Сейіл арасында жақсы жай. Наурызбай, Қабыштар бұлардың жақсы болғанын сүймейді. Жәкеңнің тәрбиесінде өскен қызы Гұлсімнің шет қалғанын қабылдамайды. Соңдықтан елдің өзге оқыған жастарын қосады. Олар араларын шіріте береді. Бір жағынан Сейілді өзімен жақындастырып, екінші жағынан өздері Гұлсімді хабарландырып отырады. Гұлсімнің салқындығын Сейіл апаларға оралғандық деп түсінеді. Сол түнде Сләмнің баласы (я інісі) Мәлік Қаратайдың ағасының қызын алып қашады. Ол қызы Наурызбайдың ағасы Сармырзаның келіні. Наурызбай тас-талқан. Сейілден көріседі. Мәлік қызды алып қалаға қашқан. Қызын қашырды деп бір жағынан Қаратайға Тәңірберген, Наурызбай жала жабады. Осы топалаң хабар дүрбесін беріп Сейіл жатқан ауылға жеткенде Наурызбай жігінің жастары Сейіл қасынан түн ішінде серпілісіп жөнеледі. Гұлсім мен Сейіл сөзге келісе алмай айрылып кетеді. Размолвка.

Наурызбай өзім деген елді жиып бастығы Қабыш баталасады.

V тарау

VI тарау

Осы күндерде партияның желігі Қалдыбай ауылышан бір пәле шығарды. Сейілдің өз слдеріне келе берген кезі

еді. 9 балалы Қалдыбай бұл елдің болған аулы. Қабыштың өмірбойы жұлысып өткен туысқанының аулы. Алаң, ақ түсінде Қаратаймен жалғасқан. Одан бұрын Сләмнің тоқал шешесін алып қашқан. Кісі өлтірген. Оқыған дегендерді жатырқайды. Кітап жағынаң есіткендері — скі молда ертегілері. Өздері сұық. Барып тұрган жуан. Бұрынғы кезде ұры сақтайтын.

Бәйбішден жалғыз бала қалған. Алты үл бір шешендеи — кіші катын. Бәйбішенің үлкен баласы өлгесі. Ол көп жыл болыс болып осы елді сыйырып өткен. Сақтаған осы Қаратайдың ұстазы. Қолы қатты ауыл. Ақтың қаша-тын тұста байып, тілмашты өлтіретін де осылар. Енді бәй-біше баласын Қабыш қолға ұстаган. Мұны Жортар әкеп тапсырган. Алты баланы Сләм ұстап қалған. Құрдасы — Жақыпбектің руы Тәрттоқал. Бұлар құтыртқан. Кіші қатын баласы Рашид, бәйбіше баласы Қамит. Партия осы елдер үстінде нық болған. Осы екеуі ерегесіп, бәйбіше ба-ласы «қашық та көп күшік табады» деп содан оны Ра-шийттің інілері ұрып жіберіп (себеп ат жоғалу) ел жаса-сып қалады. Өз қолын Сләм жиляды. Рашид жасағы.

Наурызбай бар-барлық достарын Қабышқа жібертеді. Жортар мен Жақыпбек тап ортада. Жақыпбектің бір жалғыз жігіті — Байжігіт, Куатжан деген дәулетмасы. Қамит сияқты боқтампаз, ұрдажық, ержігіт інісі бар. Бұл осы заманда әсірсесе құтырып кеткен. Ұрыс-тәбелес болып қалады. Сләмдер жағы қуып жібереді. Коммунист жігіт келіп қалады. Ол араласпайды. Әбіш, Сыдықты Жәкен жұмысайды. Ел татулығын еске алып, Сейіл бар, барлық басқа ел кісілері бол тоқтатады. Бос мөр қып басып жі-беріседі. Бұл істе де Қабыш жалғыздың, аздың досы бол шығады. Аналарды тентекке шығарады. Татулық сырттанғана. Иштей кікінісіп тараиды. Баласы көп ел мұғалім ек-пін алады. Серік те солай. Бұл Сейілден екінші рет туці-леді.

VII тарау

Пішег шабатын кез бол қалды. Серік, мұғалім болып, өрістен қала салмақ болады. Алдын ала жатақтарды үйістырады. Әмір, Сәлім, Сабыр сияқтыларды комсомол-ға кіргізіп алады. Корыққа көз тігіседі. Қабыш қорығы, екінші жағынаң Куатжан пішендігі. Кедейдің бірі кеп орақ салады. Бұл кедейлер ширап, пысып қалған. Алдын-

да передел болады деген хабар бар-ды. Бірақ мынау көшпелі елге ол іс әлі жете алмай келе жатқан. Ысмағұл, Шаяхмет, Сәлім де осының ортасында. Қуатжанды Қабыш түртіп жібереді. «Дәл иссі келгендеге аласың» дейді. Қедейлер омырауға сала алмайды. Жалғыз қедей малшы Сабыр, Әмірдің ағасы (...) сол кеп орақ салған еді. Оны Қуатжан ергісіп, сабап соққыға жығады. Сот хатшысы Әкімбек аулына күйеу болғап. Бұлар соған сенеді. «Қалага шабамыз» дегендеге Сейілге келіп, неше алуан айлаға салып, Қабыш жібертпейді. Серік токтағандар жағынаң жер бөлгіш келе жатыр дегенмен қарайлайды. Екіншіден бұған ата бол алған Жұпіс тоқтатады. Жұпіс момын. Бұрын бай болған ауыл, қазір орташа қоңыр шаруа.

VIII тарау

Сләм, Қадыр тізес біріктірген. Жастар жағына жамбастай жүреді. Қедейлер ішінеш өз қедейлерін де кіргізеді. Сейілді ағайынина жиренту үшін Әкімбекұлы және Қабыш болып Қадыр да Жармаққа мал даулатады. Сейілді би қылады. Сейіл Сләм көзінші Әкімбек аулында өтірік жаляға Қадыр кеп, ергіс үстінде Жармақты сабап, басын жарады. Әкімбек аулы тас-талқан. Бірақ соғыса алмайды. Қабыштар жиылып тағы баталасады. Сол кезде передел келеді. Облысқа жаңа бастық келген. Мықты жігіт Гүлсімнен дәмелі. Соның скіні. Қедей ата ұлын сілкінте-ді. Қабыштардың, Сләмдердің, оқығандардың сырларын ашады. Сот жаңғырады, болыс жаңғырады. Қабыш бастаған Жақыпбек, тағы басқалар абақтыға жабылады. Бірақ, қалғандары қедейлерді алдан-сулап жағынып, шөп үлесін тағы алады. Тобымен қалага айдалып, жуандар келеді. Сейіл кетеді. Кетерінде Самат ағасы ұсак даулармен басып қатырады. Қашқындар қуылады. Союзды құлады дегендер ұсталады, бірақ қашқын колға түспейді. Жортар хабарландырады.

IX тарау

Облыстық қалада жоқшылар шығады. Іс кіндікке ше-йіп барады. Гүлсім, Сейіл облыста кездесседі. Облысқа келген жаңа бастық, жақсы большевик іс сонікі. Бірақ қуғыншылар бастығы Жәкец болып, Қызылордадағы Қабыш, Жәкец достары болып, Қабышты шығартып

жібереді. Сейілді «партияға араласты, ол бетін бұра бастапты» деген хабарлар тарайды. Оқығандар ортага алғы құрықтай бастайды. Негізгі қайшылықтар — коммунистер ішінен Жәкен ықпалындағы Жұңіс, Сейіт әрекеті Сейілді исше сақта жүргіртіп, өсек тарату үшін жұртқа «агент» деп қояды. Сейіт өзі Нығметжаның күйеуі болуға айналған. Сақыпжамал — Нығметжаның қарындасы. Мұғалімдік үншестікде оқиды. Бұл — Жәкесімен елге келген, оқығандардың ішінде болған. Өз оязына — ел аралап бірге өткен. Эбішті көріп келген. Бұлардың арасы сайлау кезіндегі Гүлсім-Сейіл арасындағы шытырман хал болады. Ел Сақыпжамалды «келиң» деп те сөйлеген. Бірақ әлсіз жап емес. Сейіл облыс бастығының мінезіне сүйсінеді. Өзінің қолынан келмеген істі мышаниң істей білгені сүйсіндіреді. Гүлсім қоса тамашалайды. Бұрын дүмбіlez Сейілмен екі арасында дел-сал болады Гүлсім.

Бірақ Қабыштар ұсталғанмен ел материал бермей қояды. Облыс пен жоғары соттағы үлтышылдар шығаруға себепші болады...

Бұл құдалық болмай кеткен. Ол кезде Қызылордада Сейіт түсіп жүреді. Содан «қалыңдық» деп аталып қалған еді. Енді келіп соған тимек. Бірақ Нығметжан бұны тапи түспек. Жолдастарына мадақтайты. Өзгелер үнде-мей Сейіл жек көреді. Жұңіс құда болып құтырады. Ішкіш Нығметжан ел қамын жеген болып, өтіріктер сөйлейді. Мен «үйдедім, бүйдедім» деп келеді. Гүлсім, Сейіл жақсы коммунистен аныбын біледі. Отірікші екенін таниды. Сейітті жазықтыға сапайды. Анау мұны Жұңіспен, үлтышыл оқығандармен бірігіп жамандай бастайды. Гүлсімді де салқыннатып жібереді.

Облыс бастығы большевик, жақсы жігіт. Гүлсімнің сонымен жақындығы басталған. Сейілмен екі аралықта дел-сал. Латып мәселесі, смле жайы, жер жұмысы, сот ісі, оқу, мектеп, баспа, осының беріне жаңағы үлтышылдар қанат жайған. Елден хабар алғып, Сейіл солға тарта береді. Оқығандар бұның сыртынан өсектер тарата бастайды. Бұл, бірақ коммунистерге де жанасып кете алмайды. Үлтышыл жазушының жолын, өмірін көреді. Барлық үлтышыл ел деген жалпы дақпыртта екенін түсіне қарамайтын таниды. Шығар жолды Нығметжандар да, Аскар, Жәкесідер де айта алмайды. Елге келеді. Кетер алдында Гүлсіммен соңғы кезде сұық, ұғыспай айрылышу.

Х тарау

Каппескеге қарсы келеді. Облыс бастығы Әзімжан елді бауыр басып алған. Облыстар осы жүртшылықпен тұрып екшеліп қалған. Гұлсім де осында келген. Ұста большевик болып елге көшіп шыққан. Қалада. Серік те елде. Ел кедейі ауыл басы сайын үйімдастырып құраған. Кооператив жеушілер абақтыда. Қаратай, Тәңірбергендер қалада татуласып қалған. Ұлтшылдар барлық араздарды татуластырып, өздері Қызылордада Қабышқа хат-кісі қатынасады: «Араздарыңмен табыс, татулас» дейді. Айтысып келіп кеткен және Тәңірбергенді ашық корғауға кіріскеи. Бұлар Қызылордада жүргенде көктемге шейін госпланды отырып каппескеленетін байлардың тұрмысы жөнінде қырқысып шыққан. Бұларды азайтпақ. Сейіл бұнымен Қабыш, Тәңірберген жөнінде ұрыскандай боп айрылысқан. Сейіл оларды «кетсін» дейді. Екеуінің қайшылығы — тап сұықтығы сияқты. Ұлтшылдық тұбі сая келгенде туыспеі, тамыр-тобымен жуапта байланысты екенін тағы айтып сезеді.

Қабыш кіслері ауыл-ауылды тори бастаған. Болыс-полкомиан қорқады. Енді тығылып істейді. Союз кіслері абақтыға түскенде Жортар, Қабыш, Жақыпбек аман қалған. Үйткені өз аттары спексте жоқ. Қала болған ел бар. Сләмдер, Қадырлар соған кірген. Оның тұсында былтырғы күзде Жақыпбек, Қабыш, Жортарлар бөгет шығаратын боп Сейіл араласқан. Серік те көмекші боп, жер жөнін бітіріп берген. Бірақ қазіргі күнде ел жатырқап қарсы алады. Комсомол, партия адамдары Сейілді ел торығыш көреді. Екінші жағынан Қабыштар да құбызық көреді. Ел кедейін қолына ұсташа дағды болған. Әмір аулышан болыстық ячейка хатшысы Серік. Болысполком сыпайы, жұмыскер, мықты большевик. Бұл әсіресе сенбейді Сейілге. Қалаға облыс бастығына хат жазады. Өзі хабарласады. Гұлсім мен облыс бастығы жақын. Бұлар «Сейілге сену керек» деп елдегілерге басу айтады. Бірақ «сынаңдар» дейді.

Каппеске елге шықты. Қуатжан ілінді. Тәңірбергсін ілінетін болды. Қабыш басы екі үдайда. Оны алты қырдың астынаң қорғағандар шыққан. Осы кезде Сейілдің келіншегі Қаныш қайтыс болады. Сейіл белсенген.

— Қабышты каппескелемесsem кеңестің досы емеспіш,— дегенге келеді.

Куатжанды бұғып жүріп қорғаған Жақыпбектер талай нәле туғызады. Бес рет старшын қайта сыйланады. Батырактар арасын ылаңдайды. Болысполкомың елден сыйланған мүшелерін тартып алады. Қабыштар астырып. Ақыры керейдең келген өкіл және облыс бастығы елге келеді. Сейілмен, Серікпен сөйлеседі. Серікпен Ұста наизабасы бол алған. Бірақ Қабыш Серікке қарсы атасы Шаяхметті салады. Болмайды. Соңға соң бір старшиның бригадаларын шығартып, Серіктің атасы Жұпістің атын ататады. Серік күйіп арашалайды. Бәйбіше естиді. Қабыштың Даңияш қызы сот хатшысымен жақын бол, жаман байлау жасайтып түрі бар. Қазына екеудін еркін ойнатады деп бұл Әкімбек қызының қалада қалуына бейімдегені. Қабышпен араздаса бастайды. Кедейлерді сліне жібереді...

Қабыштар Серікке осы жөнпен пәле салады. Ел ішің қыркысын кеп Қабышқа келгендे үндемей қалады. Бірақ барлық жуап сол уақытта табысады. Әмірді ұры қып шығармақ, бұның әйелі өсіп адам бол алған. Ол белсенді. Сыпайы жұмысшы Серікті шетке қағады. Ел өшіктіре түседі. Серіктің атасы қатты қорқатындар арқылы Қабыш кіслері шағым жүргізеді, баталасады. Бұрынғы араздардың бәрі табысады. Серікті комсомолдан шығартып қалаға айдаған келе жатады. Дәл осы қарсыға облыс бастығы мен кіндік өкілі келеді. Балалары ол кедейлерді азғырады. Бірақ енді бұлдірушілер дегенде сөздерінен сұық хабар шығып қалады. Әр ауыл кедейін жиып соларға Серікті сұрап арыз етпек бол журеңді. Әкімбек, Сейіл ол жайын баяп етеді. Серікті айырып алған, малы толмайды деп алдыңғы өкіл қалдыруға айналған. Қабышты конгрескелейтін болады. Дәл конгреске күнінде Тәңірберген жылқысына милиция барғанда соғыс шығады. Тәңірберген кашқын. Баяғы қашқындар кеп бұның жылқысын айырып әкетеді. Түнделетіп кісі келіп Қабышты өздеріне косып әкетпек бол жатқанда Қабыштың қызы сот хатшысымен қашатып болады. Соның әлсігімен көндіре алмай бөгеліп қалады. Өйткені бұл қызы Тәңірбергеннің келіні болатын. Сот хатшысының бұрынғы қатыны Әкімбек қызы болады. Бұрын қалада дүмбілез бол шыққан хабар енді анықталады. Қасым аулы ашу шақырып, «Қабыш кеткелі жатыр» деп хабар қылады. Ол уақытта ГПУ адамдары келіп Қабышты басып қалады. Қызы жырылып қа-

лады. Қуатжан жөнеледі. Сараң кемпір шешесі сенделіп, есінен айрылып қалады.

Қабыштың арты араздық. Бірақ сыртынан бұрынғы араздың бері шуласып жылап көрісіп шығарады.

Тәңірберген қашқыни. Эбіш абақтыға алышады. Сләм Қабыш кетерде мүйізі сырқырап қимайды. Табысады. Серік пен Ұста оны қала қауымынан шығартып тастайды.

Осы күні қаланың азығы жүреді. Қедей тойы болады. Сеіл кеңеске шын келгенін айтады. Облыс бастығы осы тойда. Ғұлсімнен «тием» деген хат келеді. Сеіл көнілінде азғантай құлазығандық, қимағандық болады. Аз гана психология, бірақ оның жесіп ел жүрт тапқанына, тәңкеріске қосылғанына қуанып кеп Әзімжанға шын көңілмен құтты болсын айтады.

Қосымшалар

I тарауға және VII тарауға, VIII ге де

Екі жатақты біріктіріп, Ұста, Жұматай мен Серік жөнел батырагы Болат қала боламыз деген әрекетте жүреді. Жатақ көн рудан құралған. Бұлар қала боларда толып жатқан бөгетке үшырайды. Жер комиссарнаты қала болатын слғс, оның орналасуына заң ыңғайламаған. Бұлар үшіп ауылдың қорығынан пішіндік алмақшы, Қуатжан, Қабыш, Сләм жерлері, қала салатын жері Әкімбек аулының қыстауына жақын. Асылбек аулымен даулы жер. Тағы бір жартысы Калдыбай аулының баяғыда отыратын құзесу. Бұл күнде екі жар болған слдер берекемен жер бермейді. Қабыштар мұны құбыжық көрсіді. Қала болдырығысы келмейді. Отырмайтын қоныстарына енді кейін қыстау саламыз деген бол Жақыпбек туыскандары, Жортар туыскандары, Қуатжан, Бейсембілер орнамақ болады. Пішенді өздері алатын болады. Қектемде Смағұл, Жүсінгердің былтыр жыртқан ақыздарының бынан өздеріне бармей Жақыпбек, Жортар кеп егіп ектірген. Былтыр Әмір, Смағұл егінді жақсылаш жия алмай төгіліп қалған. Бынан былтыргы бидай мен сұлы аралас шығады. Құзде Қуатжан сабайтын Сабырдың уақиғасымен қатар осы егін жөнінде тағы шатақ бол екі қедей төбелеседі, Әмір мен Жортар туыскандары. Жортардың туысканды өледі. Облыс бастығы келіп Қабыштар жабылғанда бір жағында

осы шатақ та болады. Серік пеп Ұста пәлешің түбін қазып, Сейілдің бойына асырып жібереді істі. Сейіл келіп сыртқа жұрт журмestен бұрын бұларға көмек еткен. Өткенде бір землемер алдында келіп жерді кеспей кетеді. Қабыштар астыртып арыз бергізіп (бұнда Самат іс қылады, заң үйретеді), алам деген жерлерге кедейлер атынан дау шыгартып, землемер сөйлестірем дегендеге бармайды. Жөніп хабарлаған землемер қайтып кеткен. Сейіл қайтадаң землемер алғызып елдің барлық жуанын шакыртады. Ру-ру бастықтары. Бұлар пеше түрлі айлаға салып, жалтақтағысы келеді. Мыналар қоймайды. Жер кесілгенше жатақ азық алып жатады. Өз беттерімен, ойжобамен кіріскең. Қыны жұмыс. Байқустар халі.

Барлық заман бойында олар осымен алысып жатады.

Жәкең Сейілді Наурызбай аулында көргенде бұған да қарсы болады. Фылым жөніп айтады.

IX тарауга

Облыстық қалаға күз келгенінде Слэм, Қадырлар «кір-кір» дегенмен Серіктерді көндіріп, Сейіл кіргізіп кеткен. Содан қаладағы оқығандармен байланысын пайдалапып кредит әптертіп, гидротехник шыгартасты. Кооператив аштырады. Мектеп ісіне бастық қып мұғалімді белгіліейді. Бірақ Қабыш жабылатып қарсыда ол қаланың ісін мазақтап онға баспауын талап етеді. Жәкең сөзін сүйеу қылады. Тіпті болмаса Жортарлар егіндікке түндес жылқысын түсіріп жіберіп, қыскы мал жайылатын өрісіне мінбелеп, көрші кеп куып алып, тістеп-жұлып мазаларды кетіреді. Смағұл қарсы болғанда жасаса ғой деп Жортар қүшіп айтады. А나у ызага шыдамай: «шық-шық» дейді. Жортар қолып жиып барады. Аналар жоқ болады. Пішениші таяқ жеу, екі кедей төбелесу, осы уақыға бәрі бірақ күн ішінде болады.

ПЛАН

1

Жылдан-жыл балалық шағы шегініп, ұзап бара жатқапын Сейіл осылай ауылға қайтқан күні сезді. Балалық күндерде осы жайлаулардаң, не күзгі күзеуден қалаға қарай кету қандай еді. Әрбір көгал, әр төбе, тіпті,

әр түп ши, асық ойнайтын там, жасырынып ойнайтын жар-жыра, там соғатын, дөңгелек жасайтын қоғалы, сазды қасқа бұлақ — бәрі-бәрі де «кеттің бе, қалдық па?» дескендей болатын.

Бала көңілі туып өскен көрпе төсегінен кеткендей, жыртылып айрылғандай болушы еді. Оның есебіне жыл жүріп, не жарым жыл жүріп ауылға қайтқан қандай еді. Оны құдықтың майысқан шалғыны, қоңыр кайқының сары төбесінде тұргандай толқыған қылаң көде, көк қасқа бетегеге шейін «келдің бе, келдің бе?» деп, басын изесіп, күліп карсы алғандай болатын.

Одан бері келе, осындаған бірер жыл бұрынырак, алғаш рет Сейіл елге қайтқанда, құдікпен қайтты. Ауыл түрмисы — шытырман. Бұл жазық дала, жадағай адыр, жайдақ көлдер сыртынан ғана ап-ашық, ап-айқын сияқты. Ішіп көрсөн?! Ол — қын жықпыл, жыраның ондағы адамы гой. Өмірінің ғасырлар ылатын жиган, дертінен арылмаган. Арылайын деп ойламаған. Сол бір кірлігін сүйетін қын, шатақ тіршілігі гой.

Бұл жағынан қарағанда, Сейілге қыр қызығы біртіндеп тоналып, жұтаң тартқан сияқтанады. Сондықтан ол соңғы жылдарда құліп келіп, қүніреніп кеткендей болатын. Сонда да әлі қырға келуінен талмайды. Енді бұны суюін маскүнемнің ішкілік орын суюі сияқты да сезеді, біледі. Арты — өкініш, басы — мец-зец, жүрек тұнып, көз тұнжырап, көңіл шайлышып шығады. Бірақ сонда да бұл өзіне мұны әзір тарта береді.

Адамы дейміз. Адамның бәрі сондай ма? Бәрі емес, кейбірсулері. Ал олар болмаса қайтер еді? Болмаса бұл өмір Сейіл сүйгендей қалпында тағы тұрмайды... Өзгеше болады. Бұған таныс емес, жаңа, жат күйге ауысады. Оған Сейіл үйренген емес: қандай болады, не боп шығады? Сене алмайды, үйренген үяң емес. Құдік жецилмейді.

Жолшыбай естіп келеді. Сағынған ел, бұның алдына бірнеше сыбаға тартқалы тұр. Белге шықты.

Бу сағым көтергөн боз үйлер, жиңі отырған ауылдар әлдекаңдай, ертегі шаһарында болып көріле қалды. Ар жағы — алыстағы көк тау. Салт аттылар мен қара-құра мал да андыздан, мен мүндалаң, ереуілдеп тұр. Кей жерде асты-үсті бірдей көк теніз боп, ак үйлер аспанда дөңгеленіп, жұмырланып, жерден шардай боп үзіліп, жогарыладап, сөүлесеніп тұрган сияқты. Кейде қалқып шыққан тұтін де бүркөтіп, артышан жібек газ пердедей маздал,

шашырап қалады. Сазы мен жазығы осындаій боп құрылған сағымды көрініспен қарса алады.

Пар атты арба жақындаій түсті. Өрістегі қора-қорақой, одан жақындағанда елсіз бұлақ басында, өзен жағаларында жүрген бойдақ жылқы, шашыраған саяқтар көрінді. Сарыойдың екі жағы — қоныр таулар. Соның жүргіншілер келе жатқап жотасына қарай шөп түрі өзгеріп, ащылы қекбек, жусан, кара от боп кетеді. Қазір де соған Сарыой ауылдарының түйесі құлаған.

Тағы жақындаій түсті. Сағым айықты. Ауылдар. Бірақ топталыңқырап оқшауырак отырған бес ауыл — Кабынтар. Ақ үйлері көп. Шағын үйлер Смайылдар. Тағы бір топ екшелген осы ауыл — Сейілдің ауылдары. Асылбек, Әкімбек ауылдары. Одан әрі көп-көп ауыл. Кешкі өзенде өрлең алысқа, көк жиекке кете береді.

Жаңағы сағым — енді ауыл, үйірлеген жылқы, салақ ауылдардың құдықтарының басына қамалып тұрған түйе, сиыр боп шықты. Әзір ауыл жаңында шоқ-шоқ шоғыр бол үйірліген өргі басы саулық бол кетті.

Сейілдің есіне бір кітаптан оқыған әлдеқандай бір көрініс елес етті. «Алыстан — сағым, жақындаш келсең — адам». Иә, Толсой айтқан еді.

Бала күнім меп бүгінгі күнім де осы-ау. Өмірдің шынынан алыс бала шағымда бүл өмір сагымдаш шалқып, көз түнжырар еді. Енді қайнар, жер, тасына, ащылы-түщилі шындығына шомып келем. Сағымдай ғашығым кетіп барасың. Солай ма?.. Тозайын дегенің бе, қалай? Қоңіл исеге бұлк етпейді. Тотығайын дегенбісің, шіркін! Ақырын өзін-өзі әзіл сткендей, шынынды сездім-ау дегендей бол, іштен екі айырыла езу тартты.

— Жоқ, жоқ! Әлі қыр сұлу, әлі тәтті. Әлі де уатар, әлі де жұбатар, масайтар жырлар көп,— дес іштен тағы бір күй өкітеп шыққаңдай болды.

— Бәс!— деді Сейіл.

Ат тұмсығы үй сыртына тірелді. Қатын-қалаш, барлық ауыл, көрші ауылдар да бар. Барлығы жиылып қарсы алды:

— Жұдепті!
— Жұдеген!
— Жоқ!— десіп.

Балалар бата алмаса да қуанып секіріп, ерекші жесілгіп жүр. Экелген базарлық беріліп, жүртты үлкендер үрсип, таратып:

— Сейілге тыныштық беріңдер,— десіп еді.

Сондай ықылас, күту, пейіл арасында шай ішілді. Күн өлі ерте — кіші бесін.

Бұл жолы Сейіл өз аулындағы ағайын-туғанға үйді-үйіне кіріп амандасуды өзгеше бастау керек болды. Дағдыда өзінің үлкен үйінен — оң жақта отыратын үлкен әкесінің кіші үйіне кіруші еді. Был ол үй бөлек ауыл. Басқа жерде.

Сейіл ауыл шетіндегі үлкен бозғыл үйге қарай аяңда-ды. Қасына ерген ағасы Қадыр, қайны Әкпар және бір туысқан Сләм да сонда қарай бірге жүрді.

— Қашан жығылды?..

— Бес-алты күн болды.

— Е, шүкірлік, тәуір. Басында шошыңқыраган едік, мертікпеген көрінеді,— деп Қадыр тыныштық ажарын көрсетті.

Үйге келісті. Төр алдында — жер тәсек. Науқас тәсегі. Онда бала жігіт Сәлім. Қасында әкесі отыр. Босағада — қасқыр тартқан қой. Нафталин, карболка нісі. Смағұл Сейілмен көрікендеп, көзіне жас алды. Осы үйге келе жатқанда, Сейілге көп амандасып, қол берген шәкірт пішінді, қызыл сары бала жігіт бірге кірген. Ол Сәлімнің қасына отырып, жайды бүрүн сұрай бастады. Сәлім аттан жығылыпты.

— Элгі итті қуамын деп, балалық емес пе? Түнде шауып, жарға жығылыпты аты,— деп Смағұл Сейілдің естігеген жайын қысқаша өз аузымен айтты.

— Шімірікпес болар ма? Осы Саматты да оқыған дейді-ау. Не жаны шығып бара жатыр екен?— деп Әкпар сүрланип, жантая түсті.

— Оқыған? Не қылған оқыған! Оқыған зұлымдық ойласа, қара қазақтың не қу, не сұмынаи асыратын көрінеді гой,— деп Сләм да осы күйге күйінді кісінің бірі екен-дігін сездірді.

Сәлімге бұл сөздер жайсыз тиген еді. Алдында Сейілдің қолын ұстап қысып жатыр еді. Енді бетіне ашу белгісіндегі бір қызыл жүгіріп, шынтақтап көтеріліп, тап Сейілдің бетіне қарады. Басында үндей алмай, көзіне жас келіп, тамағы булыққан сияқтанды.

Сейіл бұның ойындағы толқынын сезіп, еңкейіп бетінен сүйді. Жаны ашыды. Сәлім Сейілдің қолын босатпай отырып, бетінен сорағытып аққан екі тарау жаспен бірге тілге келіп:

— Сейіл ага, мылтығың бар ма? — деді.

Смагұл ыңғайсыздып күліп:

— Кой қарағым! Не қыласың, — деді.

— Қалқам, мына Сейіл ағаш келді. Сен енді үйықта.

Ешиәрсес де ойламай әуслі жазылып ал. Сонаң соң ол Саматты көрерміз, — деп Қадыр да ыңғайсыздықты се-йілтисек болды.

Сейіл не дерін білмей, өзге жайларды ұмытып, Сәлім күйін сезінуде ғана еді.

— Әуслі жазылып ал, қалқам!.. Сонаң соң сөйлессе-міз. Не болса да бірге көреміз, — деді.

Сәлім өңі қуаттаның, қайта жайнады.

Жұрт басқа, бөгде сөздерге ауысты. Сейілден кала жайын, оқығандар жайын сұрастыра бастады Сләм мен Серік. Серік Сейілден газет сұрады.

Сәлім әңгімесін шай үстінде Әкпар тағы бір рет нобайлаш сөйлеп, согын өтті.

— Екі туысқаның құйрығын байластырып отыр, — деді.

— Е, ерлік ис? — десті Смағұл мен Қадыр.

Бұл мынау отырған адамдардың арасында шық ориа-ғап пікір сияқтаңды. Үлкен мазасыздықтың сыры осы жерде жатқаны Сейіл түсіне бастады. Қаладан шыққан-шап бері көңіліп құпті қылған құдіктің бірі осы.

Адам міңезін жаманға үйғаруда кейбірін әуслі сенгіш-тікке салып тәуірге үйғарып отыратын сенгіштік бар еді Сейілде. Ол — бір. Екіншісі — алыс-жұлысты сүймейтін момынға бейім мінезі бар. Оның үстіне алысса да негіз үшін, үлкен максат үшін алысу. Болмаса ғаялға кеп, қырдың алысина қатысады сүймейтін. Осының барлығы әлі беті-жүзі анық болмаса да, Сейілге шытырман, ши-лениекен түйін сияқты болып сезіліп, жаңағылардың сөзін елетпеді. Ол осындаиды оп-оцай жаман үйғара қоятын слінің әдеттін біледі. Соңдықтан қабағын шытып, паразы жүзбен:

— Үйғарып-ақ қойғанбысындар, — деп ызамен күлің-кіреп, — бұл өз баласын өзі саудалаған да айла. Кінә қоя-тын жеріне қою керек емес пе тіпті, — деп шынысын төң-керіп, папиросын суырды.

Жаңағы Әкпар айтқандағы сөздін Сейілге жақпайты-нын туысқандары біледі. Сейіл сөзі оны анықтады. Ба-ғында ол сөз айтылғанда шұғылырақ айтылып кетті. Бұны жайлап, жасқап Сейілге кейін үгыстыру керек. Бұн-

дайды шүгүл естігендеге, Сейілдің үркетіні анық. Осыны сезеген Сләм бірнәрсе айтпақ болғап еді, Серік ортадаң киіп:

— Басы — әйел бостандығы. Қімді сүйсө, соған кетеңі. Осындайға әлі әкес-шешенің кінәлай қоятын именең әдет екен?.. Сәлім оқып жүрген жас жігітсің. Соғап тіпті жол емес. Ендеше, сенің дертіңді өзіміз жазамыз. Не қыла-сың?! — деді.

Слөм бұл арада бөгде кісі боп өзгеріңкіреп:

— Оларың рас шығар, сендер көңілі таза адамсыңдар. Біз от басы аңдысып қалғап жанбыз. Жақсы сөз, жақсы мінездің ар жағында да бір пәле жатпасын дең қазбалап үлгереміз. Қабыштың өз басы жазықсыз болса болар,— дегенде Смағұл қолын сілтеп:

— Өз басы ма? Өзгесі ме? Бәрін бір де,— деді.

Бұнысы шын болуға мүмкін еді. Қарсы, дүниекүмар біреудің тәуіріне қызыққыш әйел бір есентен істесе, шын деуіп мүмкіп. Бұл тұста Сейіл де қарсы болған жоқ. Бірақ дұрыс болар деп ешиәрсе айтпады. Өзгелер де содан ақыры қайта қозғалған жоқ.

Томсарған ашулы жүзбен Смағұл, Қадыр тоқтады. Бұл әнгіменің аяғын Сләм өзінше қорытты.

— Эйтеуір, бұл біз білген жалғаңда не түк дарымайтын сезбес бол, не болмаса елден шыққан қу бол. Эйтпесе өмір сүргізбейді. Тұп жоқ бір тұңғының біздің бұл дала-ның өмірі,— деді.

— Иә, ессер есірік болмасаң, тіршіліктен пайда жоқ,— деп Қадыр қостады.

Бұнда да бірталайдың сырь бар. Сләм тегін айтқаң жоқ. Бірақ неге айтты оны? Сейіл бүгіш ойламады. Ойлағысы да келген жоқ.

Смағұллдікінен шыққан соң өз отауында Қаныш пен Таңсық та осы жайға басып өтеді. Олар Саматты кіпэлайды да, Қазиды ашық телуші дейді. Самат үялмайды. Үй-ішімен, мына жақпен дәм алмасатын кісі сняқты. Екі ағасының ат жогалғаңдағы мінезі.

Кемлір шешесі Сейілді тосады. Ағаларының Саматты өзгерткені, ол кім болғап. Қаныш, Таңсық. Ойын-қалжың. Үй-іші, шүйіркелесу. Қаныштың тусі. Ол жүдеу. Біртүрлі момындық та бар. Аздан соң Сейілге бір хат береді. Гүлсім хаты. Бере отырып қалжындаған болып өзінің назып білдіреді. Қаныш:

— Біз қара қазақпзыз, жаманға үйғарыппыз. Тым болмаса қыз ескерсе ше? Еркектігің бітпесін, Сәкем...— деп кекетеді.

Хат оқылады. Көз алдына Гұлсім келеді. Қоңілге қозғау салады.

2

Келесі күні таңертсан жұрт жиылды. Әкпар, Смағұл, Серік те бар. Бұлар қала болмақ ел. Самат та осының ішінде еді. Шырыктарының бұзып жатыр.

Қымыз ішіп, атқа міністі. Жолшыбай әнгімелесіп, Серік жайды айтады. Землемер кетіп қалыпты. Оның акысын бермей, жер жайын шатаққа айналдыруда айнытып кимыл еткен Самат, Қабыш біржолата қолына қопдырып алған.

— Қемек ет,— дейді. Смағұлдың қыңқылдары туралы Сейіл құз басын таба алмай сандалса, Серік тап жігі, байдың, жуашының кимылы, кенеске қарсылық деп шешеді. Оның қасындағы Әмір де дұрыс деп түсінеді, қостайды. Сейіл қала ісіне барынша қемек етпек боп Серікке үәде береді. Арық салмақ.

— Ол жұмысқа қауымдарың кірісे берсін,— дейді.

Асылбек ауылыша келсе, жоқ. Қарындағы Әмір де дұрыс деп түсінеді, қостайды. Сейіл қала ісіне барынша қемек етпек боп Серікке үәде береді. Арық салмақ.

— Қасындағы тастама,— деп жорта тиісті. Бұл да бір іргелі сөз.

— Оку бітірдін, енді бірге бол, бірге жүр,— деседі.

Дәметкен Смағұл мәселесі шыққанда, бірнәрсені қоныштар ат жеккізіп бірге келді.

— Қасындағы тастама,— деп жорта тиісті. Бұл да бір іргелі сөз.

— Қази бірге ойнатып жүр деген,— деп Саматпен Қабыш қызының екі арасын айтып, жұрт күдігін жарыққа салып отырады.

Әкпар тоқтатып тастамақ болады. Дәметкен өздерінің қыстау жайын сөз қылады. Бұл кезде Сләм да келген. Бұл қыстау тарихы. Асылбек, Әкімбек ауылшының тагы күрығының байланыстырып, арадап ата қыстауын тоқал баласы алып отыр деп, осы ағайын тегіс арманда. Әкпар тагы да тоқтатпақ болады. Билгін Сейіл айтсын депті.

— Енді шын билік қылсын, корерміз,— деседі.

— Ол да бір далбаса гой,— деп Сләм да қысқа қайырады.

Келесі амандастын ауыл — Экімбек ауылы. Сейіл бұған келгенде, аз кісімен келеді. Бұл да бассыз қалған ауыл. Бір жагы Қадырмен құда. Екінші жағынан, Саматтармен құда. Бәйбішепін бірінші баласы. Бұлар Сейіл Қанышты алар карсыда жақындастан. Сломді де Бәйбіш баласымен қосып келген сол кез еді. Ол уақыға тарихы. Қабыш қарындастың Сейілге берілгенін ұнатпаган. Бәйбіш баласы бел асып кетеді, екінші сырттаң атастырган құданы жылатқысы келмейді. Ел іші жіктеліп барын сот күшімен тоқтаскан.

Сейіл мен Қаныш махаббатының тарихы қысқа.

Бірақ, Қабыш қарсылығының тұсында Экімбек ауылының көзілі таза. Қабыштың бөтендік мінездерін көре келіп, Бәйбіш баласы баталасқанда, қыстауларын да бірыңгай қып алмақ болған.

Салмақбайдың үлкен отауы Экімбек пең тоқалға берген қыстауы бауырда. Асылбек бөлген орын Тасшоқыда болатын. Жолдың үстінде Асылбек ауылы. Сейілдің тірлігіне сеніл, өз қыстауын беріп қалған. Бірақ ол уақытта Экімбек баласы да уәде айтып еді. Енді сонікін ол орында майды. Бұрынғы жік енді өзгеше боп ауысқан. Бауырдагы ауылдың бұрын бәрі бір жақ еді, қарсылық жалғыз Қабышқа ариналған еді. Енді Самат ауылы Экімбек тілеулес болып екшеліп келе жатыр. Әсіресе, мына Қабыш қызын алатындығы солай боп шыгарды.

Ендігі бір кезең осы жер тұсындағы Гүлсім үстінде. Бір уақыт екі жагы:

— Қабыштың өзі жаіғасын,— деп Жақыпбекке айтқанда ол аяғына стыртпаган. Бірақ:

— Сейіл келеді. Билікті сол айтсын,— деген.

Бұл да шытырман саясат. Сейілдің қалай айтарты мәлім. Содан жиреніп, түціліп келсе, Экімбек ауылы шық келеді. Жалышты бола келеді деген есеп болатын. Бұл ұсынысты Қабыш дәл Самат оқиғасы шығысымен жасаған. Бұл — таразы бағу.

— Ексуин екі жағына алып отырып, билігінді айт,— деп Бәйбіш сөзін береді Сейілге. Сейіл астарын ойла-майды, айтпақны.

3

Сейіл қала болушылар ортасында. Уш-төрт ауыл — сыбыра жатак. Он бес шақырым жерде алмақ жерлері. Мұнда бір ұста келіп жатыр. Сол ертіп барған. Сейілдің

қалада түсіп жүретіп үйінің бірі. Тоғай алмақшы. Тоғандарын көріседі. Сләм ақылдастып, осыған кіріп ел болсам дейді. Сейіл береке қоса кіреді деп, дәлді байлау айтпайды. Бірақ жердің көбі осы ата Азына байдікі.

Екі ойлы. Қедейлер біріге алмай, жартысын Самат қорғап, тағы бірлерін Әкімбек ауылы баса, шегіншектестіп жүрген еді. Енді, міне, Самат әңгімесімен Смағұл да қобалжынқы. Әмір мінезінен қашқалақтаган Жетпісті — қатынынды ауылмен алып қаламыц,— деп Қазиды қолына тартып алғап. Қедейлерін тықпалап, Жортар, Жақынбектерді жағалайды. Землемерді ренжітіп Самат қа-йырады.

Сейілмен ақылдастып келгенде, бұл қалаға хат жазып, Серікті жүргізеді. Сол землемерді қайта шақырттырады.

Арық қазуды бастай берсіп,— дейді. Шаруа бастығы — талапкер ақсақал Құсіп. Бұрын бай болғап. Қазір момын шаруа. Оның қызы, Серік осы ауылдағы кедей ба-ла. Бұл пысық бола бастаған соң Саматтың, Жақынбек-тің союзына оның ағасын басқарма мүшесі қып кіргіз-ген.— Ол — Шаяхмет. Еті тірі. Ұста, Серік, Әмір, Смағұл өзге кедейдің ішіндегі саналылары. Шоқпұт жалғыз шал. Сейіл сөздерін жақсы көреді.

— Осының стегінен үстадым,— деп Сейілге баян сте-ді.— Құлагыма басқа сөз сіңбейді,— дейді.

Бірақ Әкімбек ауылы қатысына тоқтау салып, шегін-шектестіп жүрген. Жер туралы дауласпак, Қабыштаи, Куатжаннан, Сләмнан пішіндік алмақ. Талпақ, Төртто-қал, Азына бай қүзеулерінен қала салып, егіндік алмақ. Был Қабыш пен Жортар көктемде егінді жөнделеп салғызбалты. Енді осы күзден орынқпақ. Сейіл байлау жасатады. Ел кіслерін жер жөнінде байқап көрмек.

— Елім сендерсіңдер,— дейді.

4

Қабыш ауылына келеді. Қабыш Мәскеу, Қызылорда облыс жайларын сұрап әңгімелеседі. Шешен, пығыз. Шоқпұтты үрсип отырады.

— Қынызды жақтың,— дейді.

Жетім қызы Мәрзия, Рабиға көлбектейді. Мәрзия мен Самат уақиғасының тарихы. Қази ролі. Қабыштың бәй-бішесі кім? Құң халінде. Ол ықтиярсыз. Бірақ Қазидың өз қызы Рабиға — Тәңірбергениң келіні. Саматқа ба-

сында бұл да қосылып қала жаздайды. Қази о жерін өзі басқарып, Саматқа Мәрзияны телиді. Бұл осы жаңада болған.

Ауылдарында ойнатып, Самат ауылына сыбага апарызып Саматтар келгендеге, отауды босатып, алтыбақан тентіріп, бес-алты күн Саматты жібермей жатып әрекет еткен нәтиже жоғарғыдай.

Қабыш Сейілді сыртынан күте отырып:

— Мына туысқандарды жайға,— дейді. Сейілге қарсы Саматты бақап тіреу қылып, ауылын жіктеу, оны Әкімбек ауылымен достастыру. Әкімбек ауылын Сейілден жирипдіру. Бәйбіше баласын ала қылып, екеуінің наразылығын бір-біріне және Сейілге айдал салып, өзі ел көзінде Бәйбіше баласын жылдатты деген пәледен аулақ болу.

Осының бәрін әйел бостандығымен бүркеу. Сонымен қатар лағынет оқыдым деп акталады. Сләмдар Смагұл, Самат жайын малмен бітіргісі келеді. Сейіл:

— Өздерің біл. Мені осыдан құтқарыңдаршы,— дейді.

Сейіл соны өшіретін етсе, Самат ағасы осылайша істемек болатын. Ол да Қабыш пеп Қази айтқан жол еді. Мәселе осылай бітетін болады. Сырттаң Қабыш ауылы:

— Сейіл қалыңмал әперетін бопты. Бұл да өзіміздей қалтиған таз екен рой,— деп әзіл етеді.

Бұл — Сейілдің бір сыбагасы.

5

Сләм ауылы — таза, сыпайы ауыл. Бұрын бала оқыткан. Сүт машинасын, шөп машинасын елге шығарған. Қала байына қыз берген. Өздері бұрын сауда қылған. Азынабай ішінде өркөкірек ауыл. Қабыш сняқтылардың ас үстаяу, киім кию, үйді күту, конақты сыйлау сняқты мінездерінен бұл ауылдың қатындары тыжырынып, жирип отырады.

Бұрын Қабышқа елді көп әперген. Бірақ кейін Сләмнің ата жауы — Жортармен табысып кетті. Қалдыбай ауылының қамытын қолына үстады. Олар не ғып еді? Сләмнің жесір отырған тоқал шешесін алып қашқан. Ол кезінде үлкен пәле болған. Алашорда ат салысқан. Соңдагы дүшпанмен танысқаппан бері Сләмді тентек дегіш.

болған Қабыш. Осының бәрі наразылықтың астыңғы қабаты еді.

Бәйбіше баласымен сұысұында Қабыш:

— Сләмнің әрекеті, сенбейтін болды,— дейтін Қаныш мәселесінің тұсында Сләмнің Сейіл көмекшісі болын шыкты. Бұл алғаш сұысудың басы еді. Енді Қабыш Сләмді тастан, Бәйбіше баласын өзіне тартып алмақ.

Сләм барлық жерде Қабышқа наразылығын кейде түсніл, кейде ашиққа сала айтып отырады. Сол күй әйелдеріне де жайылған.

Айт күні Сләм тоқалы басты Қабышқа бермей, Сейілге береді.

— Басы осы екен,— дейді. Ойын-жынын. Онда Қабыштың торы бұл жайларда көбірек екені байқалды.

Сейіл өзін шөре-шөре сияқты көреді. Бірақ Қабыш жағының жастары оқыған, шала оқыған және Жақынбек сияқтылар бұны ортаға алғып, коршай береді. Өзге екі жақ адамдары сойлесіп, жылы ұшыраспайды. Қабыштың қауымы мәз. Басы Жортар, Бейсенбілермен бірге қасында Самат ағалары жүреді.

6

Бір түн оқиғасы. Әмір — Сейілдің кедей туысқаны. Өзге кедейлердің ішінде еті тірісі. Серікті сүйеу көреді. Сейілге бұрын туысқандықты сынайтын бедел салған емес. Жетпістің келінімен жақын. Жетпіс тарихы. Серіктердің қорамына кедей атап кіріп еді. Мұны басында:

— Кіргеншептің кейін келініне маза бермейді. Сейілдің туысқаны,— деп келгенде Қабыштар соның ішінде бол деген. Жайларын сұрап Серік ылғи закүп үйретеді.

— Байға, жуанаға қарсы бол! Жер сенікі, мал сенің еңбегіндікі,— деп айтады дегендерді естігеп соң, Қабыш пен Қази Азынабай жерін алам деп айтады дегенді тағы естігеп соң, әдейі тыңшы сияқты қып қойған. Ақыр бір күні шал Әмірді тағы ұстап алған соң, Қази қолына көшіртіп алған.

Енді шал мен баласы — құл, келіні — құң есебінде болатын. «Әмір бойы тапқан-таяшанын беріп алған кедейдің қатынын Әмірге алғызбаймыз» дейтін. Сол Әмір енді Қабыш аулын тори бастайды. Қабыштар астыртын аңдатады. Осы күні Самат бар, Құсаїни бар, кеп малины бар Әмірді ұстай алмай, атын басып қалады. Қнімі қалады.

Келінді туңде онашаға шығартып байына сабатады Қази. «Қайттым»— дегізеді. Әмір Серіктерді көмекке шақырады. Олар болысқа, сотқа шашпак болады. Серік комсо-молдар ячейкасын құрып алған. Соның атынан Қабыштарды құмак болады. Қабыш Сейілге:

— Иттің иесі болса, бәрінің тәсірісі бар. Мына кедейді жылатпасын,— деп Бейсенбіні салады.— Немесе малын беріп, қатынды әперейін,— дегізеді. Бірақ қатын тимекші емес, сертінен қайтып қапты. Ол бір. Сейіл сотқа жібермейді. Әмірді шақыртып ап басады. Аналар бұл тентек деген соң Әмірдің атын бермейді. Айт деп басып қалғысы келеді. Серіктер:

— Бұған тоқтамаймыз,— деп жатқанда, бір жағынан землемер келіп қалады.

Екіншіден, сол күні Жортар кеп, Әмірдің ағасы Кордабайдан кара бисепің көзін даулайды. Жортар кім? Тағы Сейілге келеді.

— Өзге тоқтататын ағайын жок. Немесе сотқа тартам,— дейді. Сейіл:

— Тартсаң тарт,— дейді Бірақ Кордабай қорғаңып өзі келеді. Үйткені Бейсенбімен акылдағанда, ол:

— Әдейі Сейіл алдында айт,— деген. Сейіл қара бисепің пұлын әпреді. Бұл бисепің соыылыс тарихы.

Серіктің бұл істерге наразылығы күшіндейді. Сейілді кінәләйді. Қабышқа деген кіңәпі кооператив союзданған бастағыды. Бәрі елді, кенесті жейді. Бәріне астам. Эйелді, кедейді жылатады. Оны айттар дейді. Мұны естіген Қабыш қала қылмауға байлайды. Жортар, Жақыпбек, Қуатжандар өзге жатак айналасындағы кедейлерден үйым құрап, землемер алдында да даулатпақ. Бұларды Жақыпбек, Жортарлар оқытады.

Екіншіден, Серікке қарсы Шаяхмет басына қауіп білдіріп қояды. Серік Шаяхметке паразы, ашы сөздер айтады. Жақыпбектен естіген. Ол Шаяхмет, Самат коса жегенін айтады.

— 300 кез пұл Шаяхметте. Өз намысы,— деген.

— Кусаң бәрімізді қоса қуасың. Қабыш басы бұл шатқатан және аман,— деген.

Осымен Серік дәл-салда қалады. Сейілге ақылдасады. Қаласын жерге ориаластыруын жайғап алыспақ.

Екі жердің екі дауы. Осындай кикілжің үстінде земле-мерге жәрдемдесу керек болады. Сейіл сонда барады. Куатжан, Жақылбек, Слэм, Жортар, Бейсенбі барлығында шақырттырады Сейіл. Сләмнен басқасымен кезек-кеzek сілкісіп отырып, түріп шығарады. Аналар Сейілдің айтқанына көнген бол тоқтайды.

— Бірақ, біздің де кедей туысқанымыз бар. Соларды да алыңдар,— дейді.

— Куатжан мен Төрттоқал жерсіз, есесіз қалған атамын. Аузыңды Слэмдар жаққа бұра тартпа, аяғыңы сына-ды, Сейіл!— деп қалжактап көнеді. Куатжан кім? Жер кесілестін болып кедейлер екшеліп қалаға қараї кетеді.

Смағұл, Жұсіп, Әмір, Ұста, Серіктөр ортасында. Арық жайы. Қөп кедей су шығара алмай алысып жатыр. Бір салған тогаишай су кетіп капты. Жөпдеп жүрмейді. Шоқпұт, Жұсіп, Сабырлар төстабаңдап алысып жатыр. Сейіл:

— Гидротехник шығартпай болмайды,— деп қайта-ды. Бірақ сибектеріне сүйсінеді.

— Ел болатын сендерсіңдер,— дейді. Ұста мәжілісте Сейілге кінә айтады.

— Осы ұлтшыл деген сіз екенсіз. Бірімізден болсаң скен. Қабыштарды қостайсың, кедейді осыларға жылаттырасың. Ұлтшылдық деген сол скен,— дейді. Сейіл дау айта алмайды. Бірақ:

— Осы сендер ел болши. Тіршілігімізді сендерге ко-сар едім,— дейді. Іште қобалжу. Ауылға келгенде:

— Мұжықтың қаласына су шықлады,— деп күлісіп жүреді.

Жер мәселесі шешілген сөң, кедейлер шоқталып, сені-мі артады. Бұрын Қабыш жайы осыны ылғи іріткіге себеп қып жүргең.

Сарыойға келгенде, Әкімбек, Асылбек балаларының жерінс билік айтуға тұра келеді.

— Жер қақ несіне бұлай бармайды. Және ондагы адамдар слдің партия басшылары,— деп Экпар қашады. Билік айтпаймын дегенге үй-іші, қайны наразы болады. Ақыры Слэм мен Қабышты алып отырып, сөздерін тыңдайды. Слэм бір ауыз үндемейді. Қабыштың кінәсі осы жерде скенін біледі. Тәртіптерінде жоқ бетке айту.

Соңдықтаи ол тыңдаушы ғана болмақ. Сейіл Қабыштың өзін сөйлеметіп көреді. Ол:

— Мен қиянат көрмеп пе екем? Әділет пе екен бұрынғы? — деп Сейілдің оқығандық сезіміне әсер етпек болады.

Сейіл Асылбек баласының пайдасына билік айтады. Қөнбейтін боп құр тыңдау айырылысады. Сейіл алданғанын сонда сезінгендей болады. Әкімбек ауылы ертеңінде Қабышты қонаққа шақырады. Қеліні Қазидікіне сыбага апарады. Жортар, Жақылбек мұнда болғап. Олар ел таразысын іскең болды. Әкімбек ауылында арак ішіп, мәре-сәре болысады. Саматты орталарындағы оқығандары деп көтеріп әкетеді. Ол Қабыш ауылына жасырын барап, қалыңдық ойнайды.

Сәлім оқуға кетеді... Слэм сыр ашпайды.

8

Ои бес кісі салт атты түн ішінде тау аралап келеді. Ән салады. Әңгіме айтысады. Құлліргі Күмісбек Болатбайдың әңгімесін айтады. Таңтерең кеп шығу. Түстену, қопактау. Сот жатқап жерге келеді. Бұл елдегі сот тарихы. Қазіргі көрінісі. Етікші сот. Жуан сот епдігі сот. Сейілмен екі арасы аңдысқандай. Осы елғе күйеу болғап. Бұл ел сот жұмысын молайтып тұрады. Жер жүзіндес сішір сот мұндаій көп іс бітірмес.

Айналасында жүрген қызметшілері: хатшы Қабдеш, іс жүргізуши Қалкен, атшабар Ерекара — бәрі де Жақылбек, Жортар, Қабыштардың достары. Қалкен Наурызбай аулының баласы. Бұлардың айналасында толып жүрген осы елдің оқыған жастары Қабыш, Наурызбай, Тәңірберген, Жақылбектің інісі, балалары. Ойынши, қызықшыл сотты «пәлеңшіше аға» деп сөйлейді. Комсомол жастарды мазақтаи жүреді. Дауға, бітімге араласып та қойысады. Осылармен бірге Гүлсім. Ол кім?..

9

Сайллаушы қала кедейі. Қасында мұғалім, комсомол жастар. Ел пысықтары Жақылбектермен кіндіктес кедей белсендерді жағалайады. Сайллаушының басы қатады. Мұғалім жайды ұғындырығысы келеді. Ішкіміне сене алмайды. Сотқа кеп жығылады.

Сейіл Гұлсімді ертіп кешке ауыл сыртында сейілдсійді. Бұлармен сотқа сайлаушы ел — ел жайын баян етеді. Жортар руы талпақ үстінде тартыс болған. Жақыпбек теріс. Төрттоқал тартысы. Қалдыбай аулында тартыс. Осы үш ауылнай сайлау бермей шатақ салып, сайлаушы белгілесген кісілерді алмай өздері белгілеп әлек салып жатыр. Үш ауыл тартысының желісі де тубі Қабыш пеп Сләмға барып тіреледі. Оны Сейіл сезеді. Бірақ айтнайды. Эрбір ауылдың ішінде тартысып журғендер Жақыпбек, Жортардың өзі смес, ығындағы кісілер, мышаларға қара смеск шығарған сайлаушы. Оны жастар тәлкек қып Сейіл көзінше де Жақыпбектерді қорғайды. Сот үндемейді.

10

Бұның тұтқынға алған ордері бар. Ішінде Құлайғыр. Кеш қайтып келе жатып Гұлсім, Сейіл соны көрген. Олар «қашқын құмда» дейді. Құлайғырдың ұсталуы. Тағы кімдер ұсталған. Ұсақ-түйек жаман өзі.

11

Бұл кезде Жақыпбек аулында үлкен ұлтшыл Асқардың қатын-баласы қонақташ жатады. Оларға араласып жүретін, әрі сottы, жастарды артынаш шұбыртатын Фазиз бар. Осы түнде Әкімбектен мал даулап келген құм елінің кісісін астыртып бітіріп жіберіп жатады. Әкімбек өзі емес көршісі үрлаған кісі болады.

Бұның көршісі жалғыз атты жатпас үры Шыныту және өз баласы Шаңтимес. Әкімбектен ешкім мал даулай алмайды. Мұны қорғамайтын кісі жоқ. Осы күнде бір жағынан Шаңтимес атанаپ мал әкеп жатады. Бұларды союз адамдары қостайды. Олардың бірі Жақыпбектің қайыны Жакаш (өзі үрлық істетеді) осы кезде үрлармен байлапыс жасап жүрген. Бұрын продкомды көп жеген, енді союзды жеушінін бірі. Қабыштар келіп осы кезде елден бұлар шығарған шығынды төлстіп, орыни жаппак. Соны әкеліп жүрген Фазиз осымен, үрлармен ауыз жаласады.

— Күндердің күнінде ерлік істейтіп селдер боларсың,— дейді.

Осыны Жақыпбек, Жортар жастарға, өзгелерге де миляндрып жүреді.

Союз кісісін қалага шақырта келгенде сішкім бармайды. Осылайша ұрыны қорғау Жортарға да сылтау болған. Ол сайлау үстінде өз старшының жегеді. Өзіп кара спектен шығартады. Болыс болуға Қабыш бар, Наурызбай барлығы осы Жортарды үйгәрган. Сейілдерге астыртын құрық салып, сыр өткізе, кінәлай жүріп Жортарды болыс қып алмақ. Сонда бір жағынан союз тынышталады. Екіншіден «осы заманға осындағы болыс керек» деседі.

Сләм бұлқынады, «өзі бұзық» дейді. Ел кедейінің бірлігі осы араға салмақ болады. Жалғыз бас сау кедей, бөтен елден келгеш батырақ Қанатбектің қасында мұғалім... Бірак бұларға да жала жапқыштап жүреді. Олар партиялы старшындардың сайлауын сайлаушымен бірге жүріп өткізеді. Қастарында қызыл отау әйелі Зейнеп бар. Сол бір старшынан (момын елден) қатындарды старшын қып сайлатады. Бұларды шыргалау үшін Газиз арқылы қонаққа шақыртады. Жақынбек. Олар бармайды.

Талпақ үстінің сайлауы болған. Ондағы хал. Жортар ұры ауыл Наршаны қолына ұстайды. Жакаш аулы көрші старшын (мыңстек руы) ол да партиялы кесел ру. Сол ру ішінде азғана ру Кондыбай бар. Бұларда батырақ көп, кедей союзы ашылған жастар бар. Азғана оқыған, оқымаған жастардың бәрі осында, сл-сл сайлауында осылар жүреді. Өз старшындарында Жакаштарды жеңіп болыс кандидаты Нұртайды алға шыгарып жүрген. Оны Жортарлар қолға қондырғысы келеді.

Жортар өз руының ішінде Нарша ауылын сотпен қорқытып, бұл кезде түнде сөйлесіп қолына қондырып алған. Ертең соңғы сайлау сонда. Мес, Қөктөрсік, Иткөрмес, Қаракүшік — бұзық ұрылар. Бұның алдында Жортар Сләм жағына шығам деген босаң ауылдардың малын ұрлатыңырап, жегізіп алған. Енді Жакынбек туысқандарамен астыртын қол жалғастырады. Сол кезде екінші жағынан сотқа тартқызып, сот алдына әкеп даугерлердің ақылтарын төлөтіп жақсы кісі болып та жүреді. Жакынбек, Жортар бол, Қабден, Қалкен бол Нарша ауылын

сөтқа қасқыр қып көрсетеді. Қашып кеткенше жылаулардың ақысы тисін дең жүреді.

Бұл Сейілге жеткенше болған хал. Сейіл сөтқа, сайлаушыға ақыл айтады. Ұры ауыл Наршаны құртыцдар дең тапсырады. Бұны астыртып Жортарға білдіруші жастар болады.

14

Сейілдер Наурызбай аулына қонаққа кетеді. Бұл ауыл тарихы Тәңірберген, Қаратай көрші болыс. Ойын-сауық. Актың, алаштың тұсында болған халдер. Қабыштың көрші елдегі достары Наурызбай, Тәңірберген. Әбін оның аулында қонақта болады. Қаршыға салу, ит жүгіртіп, қасқыр алғызы, қыр қызығына масаю.

15

Осы кезде мына болыста қыргын уақиғалар болады. Қалдыбай аулы бір шатқалаңға ұшырайды. Қамитты Жақыпбек, Жортар, Куатжан сүйейді. Бірге келе жатып Даркеш сүйейтін кедей ауылдың пішіндігіне өз аулын қоңдырады. Бұл қолтығынан шыққан, жазыны сол. Даркеш болысады. Ерекіспін, төбелесіп Даркештер сабайды Қамитты. Екі жақ жасасып қалады. Осы түнде Қаратай қызыны Сләмның інісі алып қашады. Сләм, Қаратай достығы. Ол жақ бұлінеді. Тәңірберген, Наурызбай Қаратайдан көреді. Сейілді де серікке алады. Баталасады. Осының ашуымен Қамит, Даркеш жасағына екі жақ та тегіс қосылады. Күш салады.

16

Дәл осы күнде Төрттоқал ішіпің Сләм корғаған адамдары Жақыпбек үстінен арыз снгізеді.

— Мектепке дең жүз кой жиып ап, жеп койдың, — дейді мұғалім бастық.

Осы шатақтардың үстінде Жортар Нарша аулының ұрыларын қашырады. Үйткені союз адамдарын кедейлер үстітпақ, кер кетпек болған. Мына ұрыларды бастап Жақаш түнде сот аулына келіп, Құлайғырды босаттырып алып бірге қашқан.

Ел іші өрттей боп лаулайды. Батырақ пен сайлаушы ашу шақырады. Қалаға кісі шаптырмақ болады.

17

Гұлсім, Сейіл жастармен Наурызбай аулының жаңындағы бір ауылда қонақта еді. Бұлар арасы бірнеше күнде көп жақындасадқан. Бірақ Жақыпбектер сүйемейді оны. Сондықтан Газиздерге шакас берген. Олар арада Сейілді Зәуренің қойнына апарып, осы кеште соны Гүлсімге білдіріп, екі арасы кешкі шай алдында репжісіп, ұғыса алмай қалып еді. Түндеге Қаратай қызы қашты деген хабар әкелгенде Наурызбай тілеуінде жастың бәрі жөнеледі. Гүлсім ерікіз солармен бірге кетеді. Аralары суыскандай болып қалады.

18

Соттар жағы елді бүруге айналып, сл бүлдірушілерді ауызга ала бастағанда Жәкен кеп қапты деген хабар шығады. Сейіл сотқа қарай келе жатқанда Жәкенен бұрын келген Сыдық «Жәкене аманда» деп және қонаққа шақырып Әбішпен бірге ауыльша кетеді. Қабыш, Наурызбайлар арқылы «токтатындар» деген.

— Бұлардың басына сен барма, жаманатты бола-сың,— деген сайлаушы мен сот бұған кісі шаптырады. Сейіл Гүлсімді, жастарды ертіп сайлау басына кетеді. Қалғандар кінәлап қалады.

19

Сайлау.

Сләм жағы «Жортарларға қарсымыз» деп өздерін сот сайлаушы Сейіл көзінде ауыл кісі қып көрсетпек болады. Бірақ көп тартысқан, партия жасаған. Сол үшін Сейілдің Сләмды көргісі келмейді. Серік женген, кедей жағы базымдайды. Қоидыбай жастары күш алады. Сләм айлаға салып «Нұртай болыс болсын» деген тілекті шығарады. Мына жақ Жортарды сайламақ. Сләм іштей «Нұртайды сайламас, сайласа да өзімізден кісі қосар» деген. Сондықтан өз кандидаты қып Даркешті белгілейді.

Әкімбек аулына Қабдеш күйеу, олар соған сөз салады. «Сайлайтын кісі Жортар» дейді. Құрдас, дос. Аяғы-

екі жақ та Сейілмен, сотпен жеке-жеке сөйлесіп сөзді Сейілдерге береді.

Серіктер, Әмірелер кедей бірлігін жасайды. Олар да сөзді береді, бірақ Сейілді сынамақ. Бұлар екі жағын да риза қылмай Нұртайды сайлайды. Жастар тілегін орындаиды. Гүлсім мақұл көрсіді. Сейіл мінезіне қайтадан жақсы қарай бастайды. Серіктер де риза болады. Қала жайын осы тұста пық байлайды. Болыс кедей қалаға көмектеснек. Мұғалім солай шығады.

Жортар Сейілмен ерегісіп қалады. Үйткені Сейіл Наршаның ұрысы қашқанын айта келіп Жортарға:

— Сен кінәлісің,— деген. Гүлсім көзінше екеуі сөйле-седі. Жортар:

— Ел партиясына араласқаның ба?— деп кеп арыла сөз сөйлеген. Соған орай Сейіл ашуланып:

— Ұрыларды сен қашырдын, басың аман қалса да жетеді,— деген. Жортар ерегісіп, сөз айтып:

— Ұрыны сүйемесен Қорабайды неге сотқа айдама-дын,— дейді. Сейіл алданғанын соңда сезеді. Бірақ ашумен:

— Түбінді қопаармын,— дейді

Қабыштар, оқығандар бір болады. «Ұлтшылдық ойы бүгін болған екен» деп жылап жібереді. Гүлсім екеуі бұрынғы позицияны қатты сынап, одан кетуге бекінеді. Гүлсім бұрынған соңдайға келіп қалған екен. Жылаған Сейілді уатып, қолын ұсынады. Сейіл ала алмайды. Әлі бекінбеген. Гүлсімнің жаны ашиды. Бірақ қайратсыздығына наразы. Соңда да келіп Сейілдің мәндайынан сүйеді.

Жәкец Наурызбай ауылына түсіпті дегеп хабар келеді. Сейіл ішінен ызалы Жәкеце. Бірақ соның елдегі мінезін көзімен көру үшін бірге жүреді. «Елді білмейді сор-лы» дейді. Жирену үшін «көремін» дейді. Жастар ереді.

Сейілдер Жәкециңің мәжілісінің үстіне келеді. Төскейде қымыз, қалың жиын. Жәкец айналасында Қабыш, Наурызбай, Тәңірберген, Сыдық, Әбіш те бар. Жәкеценмен бірге Сақыпжамал келген. Онымен Әбіш арасы. Бұрынғы достығы бар. Енді соңғы рет шырға сала келеді. Екеуі көбінесе окшау. Әбіш сақ, ел сөздерінен аулақ болғысы көледі. Жәкец кеше күні бойы, түні бойы, бүгін тағы да

100-ші аnekdot айтып отыр... Жақсы жолдастар жайынан сөйлейді. «Маркс табарыш үйдеген, бүйдеген» деп бүгінгінің үйлеспейтінің айтады.

Жортар келеді. Жәкең тұрып:

— Ал, табарыш, Жортар,— деп сүйісіп аманасады.

Сейілге салқын. Сейіл қасындағы Экбар сияқтылар ашық наразы. «Кешегі ұрымен де сүйісіп амандасты» дейді. Шаруа жайынан сөйлейді. Отырықшылықта қарсы. Фылым жайларынан дәлелдер келтіріп, әңгімелер айтады. Елдің жуаш аталарын мақтайды. Қарқылдан күліп отырады. Жүрт қошаметте. Жалғыз Қабыш қапа қалжың айта алады. Өзгелер ылғы сыйлаушы. Отырықшылық жөнінде Тәңірберген қалжак етіп, Сейілдің қала салғызығалы жатқанын айтады. Жәкең наразы бол:

— Ол ел босқа іріп-шіріп, науқас бол өледі,— дейді. Сейіл ызамен:

— Өзге құлық, сұмдық, ұрлықпен шірігенше сонысы артық деп білдім — дейді.

Ел ішінің мінезінің шірігін айтады. Қабышпен ашық қағысып қалады. Ашы сөйлеседі. Гүлсім Сейілді қостайды. Қабышты Сыдық сүйейді. Жәкең аяғында Сейілге ашық сездіреді. Не істесе де ел жайын Қабыштар біледі дегенге әкеледі. Коммунистерді жамандайды, мазақ стеді Жәкең. Сейіл кетерде оңаша сөйлеседі. Қабыш мінездерін айтады. Жәкең, Наурызбай Қабыштың ақ кетерде істеген ерлігін айтады. Ел болатын ол осы дейді. Сейіл:

— Аққа сіздер дос болғанда бұл жаулық етті. Бұл да принципсіз мақтау екен,— дейді. Жәкең ызаларапады. Дәріс теориясы педагогика закопын айтады.

— Құштілер жасасып,— дейді.

— Елдік осылардан шығады,— дейді.

— Мен өзгециң еш бірінді ол екеуіпің тырнағына да алмаймын,— дейді.

Сейіл өкпелеп кетуге айналады. Сыдық, Әбіш бұл сөзде болған. Жақыпбек те жағалап естіген. Ол Жәкеңнің туған інісіндей жабысып жүреді. Әбіштер Сейілді кіпәланқырап тоқтатқысы келеді. Сейіл ашу шақырғанда:

— Сен бәрібір ешкімді де жеңбейсің,— дейді Жақыпбек.

— Жақсы коммунистің өзі де Жәкең сөзін тастамайды. Осы кіммен күш айтады. Серік пен Нұртай ма ел?— деп тәлкек етеді.

Сейіл Гүлсіммен қоштасып кетеді. Гүлсім шығарып

салады. Эбіш пеп Сақыпжамал жақындасады. Ел Сақыпжамалды «келін» деп күнкіл қылып қалады. «Алады екен» деген дақпырт тарайды. Бірақ шыныда Эбіш Тәңірберген қарындасын, өз қатынын тастамақ смес. Сақыпжамал Жәкеңмен аттанғанда көзінің жасы дұрыстап кеппей, кірніктірі бір-біріне жабысқан күйде өңі қуарып атқа мінеді. Гүлсім де сонда еді.

21

Қайтарда Сеііл өз слідерінің жайлалауына сога өтеді. Сыдықты жіберіп, Тәңірбергенді жіберіп Жәкең, Қабыш, Даркеш, Қамитты тантырмак. Жасасып жүрген, сойыс жеп құтырынып жүрген Жортар, Жақаш, Фазиз, Қуатжан, Жақынбектер, Сләмдар кіжінісе-кіжінісселіп, Сыдық, Тәңірберген сөзімен тоқтайды. Сайллаушы мен жастар қалаға күш салатын бол, үріни құрытатын, союз жегендерді үстайтын бол кеткелі жатады.

Бұл уақыттарда Ұста да кеп араласқан. Бұлар байлауши Қалкен, Тәңірбергендеге жеткізеді. Союз Сыдыққа барып тіреледі. Оған жайсыз күй тууга мүмкін. Тәңірберген екесін ел жуандарына:

— Құтырып кеттіндер ме, пәлені өздерің бастайсың, кедей жігіп күштесің, тоқта! — деп програм сөзін айтатады. Бас салғалы отыр.

— Құтырады кедейлер. Пәлеге бір ұшыраймыз, — дейді.

Сонымен бір жағы жаңа бөлінген сотпен (Сыдық), екінші жағы Тәңірберген Жақаш, Жақынбек, Жортармен сөйлесіп, Жәкең сөздерін костап, өздерінше қорытады. Қуатжан ауылында болған бұл мәжіліс Қаракүшікке «Тәңірберген жайлалаудағы Тацатармен байланыссын» деп жасырын кеңес байлау жасайды. Жақынбек, Тәңірберген:

— Тұбі қандай болады. Неде болса слден кетпей отырып, жұлдызып каламыз, қолға түспейміз, — деп байласады.

— Кала пәле, сондыктан оған бөгет сала беріңдер, — деседі. Қуатжан сөз алады.

Бұл кезде Сыдық сырт жағынан ел-елді бітірген бол союз ісіп оң салуға тырысады. Қабыш келеді.

— Наурызбай ауылында жиылды жасап, біткендерің шыны болса, шығынды үлесін төлеңдер,— деп ұсыныс жасайды. Қоң момын Жортардаи, Қыцетектен, Төрттоқалдан шыққандар көнбекші, Сләм жағы көнбей, «шығын бермейміз» деп кетеді. «Шығын» деп Жақыпбек, Самат, Қабыш, Жақаш басын корғап қалмақ болады. Елден аздаш мал жиып та алады. Жақыпбек қалаға сол шығынды төлей кетеді. Сыдық келістірмек, қалаға достарына хат жазады.

— Жазаға тартқызыба,— дейді.

Бұның бәрі сайлаушы мұғалім, Нұртай және Батырақ көнбекендіктен, олар бірігіп бір шиетке бекінбекендіктен туған. Сайлаушы қалаға кеткенде «Сләммен жақын болып, үлтшыл Сейілдің ықпалына түсті» деп газетке мақала жазып, ояз сполкомына шағым жібертіспін те қойысады.

Ел іші жаман. «Бұрынғы жік, кекесін сиді сылтауымыз» деп ұлғайып жіктеленіп барады. Осымен сырттағы ел бауырға қарай қөшті. Сол-ақ екен ұры деген қақап кетті. Бұл күй осы елдің ішінде кезегімен болғыштап тұратын. Кейде ұры жок, тыныш, кейде қауырт қантап, бұрық стіп шыға қалады. Бұл жолы бәйге аттарды ала қашу көбейді. Іздің көбі Тацатарға қарай, одан да әрі асып кетіп жатады. Жау қуу, ұры түсіру, қалың елдің жаппалап көшикен жайлайында бір қызық жәрмеңке өміріпдей болды. Барлық уақығаларды осы басып кетті.

Ұрылар тобының тап ортасында Құлайғыр, Таңатар, Қаракүшік. Олар бәйге аттарды сатып та алады. Өздері сырт көзге аңшы, арқар атып, түлкі алғызып журген салбурыши есебінде. «Осы жазда Тацатар қырық арқар атыпты» деген дақпырт шықты. Қебінесе сайлауда шатақ шығарған ауылнайлар ұрланады. Ешбір малда із-тоз жоқ деңізден ары өтіп кетеді. Оның есебіне Жортар, Әкімбек жылқыларына, Жақаш аулына бақыр таңбалы жүйріктер косылыш жатты.

Екі ояз, уш ояз малын бірінен біріне сапырады ұрылар. «Күз пішен бөлінеді» деген дақпырт шыққан. Соған қарсы бір қам сияқты. Құлайғыр қарекетінен Тәсірберген, Жақыпбектер астыртын хабарлапып «ұрлықты сирет-

сін, ұсаққа ауыспасын» деп нақаз жібереді. Үйткені бауырға түсерде үйден текемет, кілем ұрлау, кой ұрысы, таңынша торпак ұрлығы молайып кеткен. Партия елдер бірінен-бірі ұрлайды. Жаман ұрылар шығып «Мен Құлайғыр» деп шабатын болған. Соның бірі Дүйсек екен. Оны Құлайғыр аңдып жүріп куып, аяғынан атып, жарапап кеткен. Осындай бітпес дау үй-іші, ауыл арасы, екі туысқан бірінен-бірі кетіп шым-шытырық бол бауыр күйіне ұласады.

Бауырға түседі. Құзесулер жақындаған келеді. Қанат тіресіп жік-жігімен келеді. Сырттаң бәрі де тыныш. Пәле түндерде. Дөң басында Қабыштар газет оқып, хабардар болп, тыныш жатқан кісімсіді. Ел мінезіне жылайды. Қалаға Сыдық қайтқанда Наурызбай, Тәңірбергендер сабалап қымыз жібертіп, тай жібертіп қала оқығандарын тоғайға қонаққа шығартып жатады.

— Алаштың тіреуіміз, елдің алды бізбіз,— дегенде Самат, Жақынбектердің кеудесіне наан піседі. Айтқан кісілері сайланбаса да бұлар көз. Біз жеңдік деген сенімде.

23

Беласар қаласы жаз бойы сцбекте. Бұл күнде Ұста, Жүсіп, Смағұл, Шоқпұт, Сабыр барлығы да қап-қара бол жүдеген, күнге күйгөн, қол аяқтары жарылған. Күн салқындаған барады. Бұлар ылғи лаймен, кірпішпеп алысқап. Жұз үй тегіс қала салып, тың қора, заниямкер тұрғызып жатыр. Жаз бойы землемер мен Серік жүріп, қаладаң орыс балташысы, нөгай бақшашы келіп істеді. Жас землемер көп жәрдем етті. Серік шаруасына ысылып алды. Енді мұғалім көшіп келген. Соңғы салатындары мектеп. Мал шығыны көп. Аздаған егіндері бар. Пішениге де кешен кіріскең. Жаз бойы әр рудан шыққан ел сыртының пәлесінен бөлініп жарыла жаздалап, землемерге ат беруде, кісі беруде мектеп салуға күш жиярда жарыла-жарыла жаздалап, Шоқпұт ұста, Серік қарекетімен ел бол келес жатыр еді.

Смағұл да енді екпінді. Арықты уақытша тоқтатқан. «Бірақ жеңбей қоймаймыз» деп дауласқан. Передел әнгімесі жақындаған келеді. Сабырлар заниямка салған. Жер Қабыштар қорығынша жақын. Осы кезде сырттағы ел мінбелеп келіп қалады. Бұрын күзеуге келмейтін Жортар,

Жақыпбек, Қуатжандар, Жақаштар, Қабыштар тегіс қала болатын елдің айналасынан құдық-құдыққа қонып алды.

Жәкен сөзі бір болып, елдің жас-кәрісінің аузында:

— Бокқа былғапын өлесіндер, қар астында қаласыңдар, аурулы боласыңдар,— деп мазақтайды. Жортар өз руынын кедейлерін қонаққа шақырып:

— Жұмыстарыңа жәрдем,— деп сойыс беріп алдап жүреді.

Шаяхмет:

— Шығыныңды төлеймін, кооперативтен шығамын,— дегендес Жақыпбек алдап шығармай қояды.

Ел айналадан мазақтай жүріп қызығады. Сләмдар Сейілге қолқа салады. Серікке жалынады.

— Ел боламыз, пәлені тастаймыз, қалаңа ал,— деген. Сейіл алғызған. Бұлар, Қадырлар да заимка салады.

Сол кезде Сабыр кеп землемер кеспеген жерден, Қуатжан корығынаң пішін шабады. Қуатжан кеп сабайды. Шатак ұшқындаі бастайды. Серік, Ұста мылтық ала шауып, қалаға жөнелмек болады. Осы тұста Сләм мен Қабыш жігі тагы ашыла қалады. Жүсіптер Серікті тоқтата береді. Қабыш салмақ салған.

24

Осы күндерде Эмір мен Жетпістің дауы шығады. Былтыр Эмір салған жерге биыл Жетпіс үшін Жортар сұлы експек. Соған бидай шығады. Былтыр жия алмай қалған. Шатак, тәбелес, Әкімбек баласы Жетпісті қостайды. Жетпіс баласы соққыға жығылады. Жортарлар ортасында.

Жортар істі шиелендіру үшін түнде Смағұлдар отырған жердің пішіндік егіндігіне жылқысын түсіріп жібереді. Смағұл күйіп, шаруасын тастап шапқаңда жылқыда Жортар өзі болып екеуі ерегіседі.

— Шын күйсөң соғыса ғой,— дейді Жортар. Смағұл:

— Шық! Шық!— деп ауылына шабады. Жортар кісісін бір сәтте жынып келіп күліп тұрады. Смағұл егіндеі кіслерді жия алмайды. Бидай түсіп төгіліп барады. Төрттоқал, Мынетектер де малдарын түсіріп мазаны кетіріп тұрады.

Сол күндерде соның хатшысы Қабдеш Әкімбек аулына қонаққа кеп жатқан күйеу. Бұнымен Қабыштың қыз-

дары ойын-сауық құрады. Самат ортасында. Экімбектің еншілесі Салтайға Қадырдан мал даулаттырады. Сләм Сейіл алдында сөйлеседі. Қалтай өтірік жала жабады. Қадыр ыза болып күйгенин сабап жібереді. Экімбек аулына барлық жуап жиылып баталасады. Экпардың шешесі үятқа қарамай Экімбек аулының даулы жері Тастықұдықтан пішен шапқызады. Экімбек аулы кінелап, бәрін жиып, артып алады. Экпар түк істей алмай қалады. Арасы қатты. Қабыштар сүйенетін Экімбектің ауылында Сләм мектепті салғызып землемерге жағады. Мұғалім бұны да көріп алады.

Осы кезде қаланың малы үрлана бастайды. Смағұл, Қадырдан бір айғыр үйірі жылқы тұтас жоқ болады. Қаракүшік жүр деген сез шығады. Қуады, соғысады, айыра алмай қалады.

Қабдеш пен Рабиға ойнас болады. Самат қайындағы қызық көреді. Рабиға оны тәуір көреді. Сейілден дәме қылады, қызығады. Сейіл ойы жүдеу, Қаныш сүйініп барада жатқан сияқты. Қемпір. Сүйген қызының беті осы сияқтанып, бұрынғыны бәрі біліп торықтырып бара жатады. Далада жалғыз келе жатқанында алдынан Гүлсім кездеседі. Қуаныш. Дос жүрек сырын, шерін шертеді Сейіл. Серік қалаға шауып кеткен. Болыстағы кедей Алтын үсталып келген.

Қалаға облыс бастығы боп Эзімжан келеді деген хабар келеді. Жылаулар бастығы Жетпіс келіні облыс бастықтарына шағым айтады. Жаңа келген облыс бастығына бұл халды білдіріседі.

25

Осы күйдің үстінде Саматтың ағалары Қадырдан, Смағұлдан, көрші кедейлерден пышақ-шақпактың дауын даулап тыным бермейді. Екі-үш күндей Сейіл аулы сияз боп жатады. Ерсілі-қарсылы дау. Базарға барғанда жеп қойған. Кой үрлаған. Тоқты үрлаған. Аяғы құдықтың бет, тасы барлығына шейін сез болады. Екі жетім кедей Саматтың нағашылары бұлар қолынан шығып Қадырға келген, соны тартып алу үшін істеген айла. Және Сейілді тұғандарынан торықтыру. Сейіл тілімен билік айттырып өздері тартып алмақ. Гүлсім көреді, ыза болады, жаны да ашиды Сейілге.

Кала болған елге барысады. Айнала үрлық. Жортар,

Жақыпбектер қыласыны қылып жүр. Қуатжан кедей-крестьяндардан қонақ шақырып, жынды Күмісбекке ма-зак еткізеді. Жасағанда, отырғанда анекдот істерді іс-тейді...

Осы кезде передел келеді. Әлімжанның өзі шыққан, елдің кедейлерін қалаға жиып алып бір болыс ел дүрік сілкінеді. Кедей тілі бір-ақ күнде шешілгендей болады. Құрықты бүлікке салады. Сабыр мұны, жетпіс келінің мұны. Жақыпбек қылықтары, союзды жеген Самат қылықтары бәрі ашыла бастайды.

Сейіл мен Әзімжан, Гұлсім мәжілістері. Сейіл мен Әзімжан бұрын жолдас. Әзімжан кінәлайды. Алашорданы мінейді. Сейіл түзелген сияқтанып, елдің басыпан жи-рену арқылы қостай береді. Ел жиыннанда Әзімжан ісінің күшін, кесектігін көрген Гұлсім сүйсіне бастайды.

Бірге журу. Әзіл. Жуандарды ұстасып айдату. Бірақ Жортар, Қуатжан аман қалады. Қедейлерді алдап-сулап жүріп тағы пішен алады. Қабыш Әзімжанға нық қарсы сөздер айтады. Сыдыққа, Наурызбай, Тәнірбергенге кісі шаптырып, «іс қылсам қайтеді» дейді. Сыдық тоқтатады. «Оқырғандарды салып шығартамын» дейді. Теріс облыстық қалаға айдалады. Жаңадан болыс сайлап, партия күшін молайтады. Елді баурап алған сияқтанады. Бірақ іштен бұғып, қысып, тұнып қалады партия елі. Жортар сыртқа кетіп олар үшін байланысады. Сейіл қалаға кетеді.

26

Облыстық қалаға Қабыш, Тәнірбергендердің жоқшылары шабады. Өз бетімен Әбіш, Сыдық ізденеді. Ғазиз сияқты жылпостар Қызылордаға шабады. Тағы біраз жастар Жәкенді хабарландырады. Қызметкерлердің пәтеріне тыным бермеу, кеңсе маңайларына шықпау, облыста бұрыннан қалған оқырғандардың барлығын Қабыштар жолына тілеулең қылып қою, біреуді-біреудің салып жүріп облыстық соттағы басқа казақтарды қолға қопдыра бастайды. Тіл алады. Жұмысшыдан жоқшы шығартады, елден приговор әкеледі. Қысқасы аз күн ішінде шоқиу болады. Бұл жайды Сейіл көріп жүреді. Оның өзіне кеп:

— Жоқшы бол, Әзімжанға сөйжес, тілінді алады,— деп ел кісілері Жортар, Бейсенбілер, Наурызбайлар сал-мақ салады.

Бірінен хат келеді. Оның өзі келіп сөйлеседі. Сейіл Ұстаниң үйінде жатады. «Пәле шығады» деп шынын ашып айтпайды, айта алмайды. Өз ойында «жатсын» дейді. Ұстага, Гұлсімге айтады. Олардан Ұста мұндай саясатты түсібейді, наразы болады. Гұлсім үндемейді. Оның өзін де елден Наурызбайлар алып келген.

Әзімжанға салып Қабыштарды іздетпек болады. Гүлсім Әзімжанды көреді. Бірақ екеуі де басқа жайдан сөйлеседі. Қоңілді уақыт өткізеді. Гүлсім мұнын мәжілісін тәуір көру арқылы тапсырган жайды сұрамайды, сөз қылмайды. Артынан аналар өкшелегенде өзі бір өтірік айта салады. Ел қулары оның да соцынан қалмай ізіне шөп салады. Облыста соның адамдары. Қызылорда біледі. «Сот алғызып босатса макұл болады» дейді. «Дұрыс ауыл» деседі. Қіндік сотында Жәкеңнің достары көп, соған ақылдаспақ бол бірнеше кісі Қызылордаға шабады. Сейіл, Әзімжан, Гүлсім мәжілісі, Әзімжан Сейілді тани бастайды.

27

Қызылордада. Сейіл келгенші бұнда Аскар, Нығметжан, Жұпіс тағы басқалар Қабыш мәселесінде төс табан араласып жүрген. Сейіл бұрынғы таныстық ретінде Аскар Нығметжанга келеді. Сейіт, Жұпіс партия ішіндегі бұлардың досы. Нығметжан үлкен бастықтармен сөйлеседі. Қіндік соттағы Ғұбайдолламен ақылдасып, ебін іздей бастайды. Ол кім? 19-жылы кеңестен қашып барып, Қабыштың елінде паналяған. Ордашылардан Сейіл келгенде Аскар үйінде кездесіп тыжырына қарайды. Өзін қаһарманым қып санайды. Бұрынғысы бір зор мактанды. Өздерін тарих адамымыз дейді. Иshedі, қарта ойнайды. Әйел-әйсл. Жұпіс, Сейіт бұлар ортасының жақсы көре-тін, досы санайтын кісілері. Сейіл, Гүлсім осында келіп бірге жүреді. Сакыржамал, Сейіт тарихы енді іс болуға айналған. Нығметжан Сейітті мақтайды. Гүлсім Сейіттің сырның ашады. Сейіт, Жұпіс өшігеді. Елден келгендер тонның ішкі бауында, Аскар, Нығметжанның қолтығында Сейілді өсекке айналдырып сынап, кекеп, мұқата беру көбейеді. Әбіштер жетеді. Үлтшыл оқығандар Сейілмен еппен араласып жүреді. Арапарынан кетіргісі келмейді.

Бірақ Аскар сияктылар елдің ішін өте жақсы біледі. Жетпіс келішінің арызы, союз ісі, жер мәселесі, сайлау. Бәрінде де Қабыш, Жақынбек аман бол шығып, оларды

Ғұбайдолла босаттырады. Сейіт-Сақыпжамал арасына Сейіл мен Әзімжан сөздері жаман тиеді. Нығметжан күйініп «жаман күйеу бола ма» деп торыға бастайды. Сейіт, Жұніс сол кезде «Сейіл агент екен» деген хабар шығара бастайды. Гұлсім де шошынады. Олар тагы салқын.

28

Үйткені Сейіл бұл уақыттарда төңкеріс бетіне шыға бастаған, ұлтшылдардың әралуан жайын зерттеген. Жер мәселесінде Әбіш істейді. Оку жұмысында Нығметжан, баспада тағы бір топ, сotta отырган Ғұбайдолла жоңғасы кезде латын мәселесі шығады. Сейіл басынан баспа-да, жиылыстарда айқын шығып, кенес досы бола бастайды. Бұны ұғатын коммунистерден көрі ұқпайтындар көп. «Айла» дейді. Жұністер «бұл нығайып кетпесін» деп жа-цағы өсекті таратады. Латын жайындағы бір айтыстан шығып кеп ішкілік болады. Нығметжан, Әбіш, Жұніс, Се-йіл, Ғұбайдолла қатты қактығысып, Жұніс төбелескәй Сейілге қатты сөз айтып, төбелесермен болып, ақыры «агентсыц» дейді. Сейіл шошып жылап жөнеледі. Бұл ор-таның кірін көреді. Жастардан дос таппак. «Біреуге бі-реу соқтықпай тыныш жүретін, қаппай, жарапамай мәдс-ни елше жүретін мезгіл, тіршілік болар ма, жоқ па, қазак неге осындаі» деп ойларға қалады. Әлі де арылмаған интеллигент жұмсақтығы. Ұлтшылдар ортасы бұдан жас-қалаңдап, бұға бастаған сияқты. Бұл араласатын бірнеше тәуір коммунисті Сейіт, Жұніс тағы жирентіп қойған. Сейіл күйінген күйректін бетінде атылғалы жатқанда Әзімжан, Гұлсім келіп бөгөп қалады. Бірнеше ұлтшыл жастармен мәселені терең-терең койып сөйлесіп, жауап бере алмайтынын көрген.

Сейіл енді большевик әдебиетін, Ленин, Марксті оқы бастайды. Казақстан саясатын қостап аналардан қашықтайтын. Қашайып десе тағы жібермейді. «Ел партиясына араласқан, шірік боп кеткен кісі» деп Сейіттер тағы ха-бар таратады. Орыс әйелімен рамай. Ескі заман, алда-ныш тапқысы келеді. Өсекші қазак қатындары аузынын дәмін алып сейлесп, орыс әйелімен де, Гұлсіммен де ара-сын бұзып жібереді. Гұлсімді өтірік өсекке танаңды. Бұлардың өсектерінде шек болмайды. Өздері тегіс ойнас-қып жүреді. Бұл мәжіліс Нығметжан үйінде. Татар қатын өсекші. Қартас тартқан әйел Гұлсімді бір жігітке таца-

ды. Сейілден қызғаныш шығармақ. Сейіл ашуланады. Нығметжан қатының корғайды. Сейілді «аурулы, первый» деп есептейді.

Чудовище түсінгендік. «Бұл да болады екен» деп араздасып кетеді. Баспада, жиылыста кеңес дос бола бастаған. Жұніс саясаты. Оңашада алаш дос. Жиылыстарда Сейілдең бұрынғы ұлтшылдық, алашордашылық негізін іздең пәле салғысы келеді. Өзге жастар, дұрыс коммунистер араласып Жұністің өзін сауырлайды. Сөйткен сайын «бұл агент, әлгінің бәрі агент» деп Жұніс ұлтшылдар арасына лақап таратады.

Қыс бойы конгреске мәселесі қатар сөйленіп, тұрмыс туралы Әбіштер, Нығметжандар, Жәкендер ашы тартысып келген. Наразы коммунистер бар, олар да бұл ұлтшылдарды тоқтатпаған. Бірақ елде тан тартысы, ел іргесі нығайған да кеңес беті дұрыс. Жаксы іске, өнімді іске заман тақап келеді. «Соны көрмей кетпейін» деп Сейіл бекіл алады.

— Қасымда жолласым жоқ, бірақ осымен, сана-сезіммен мен енді көп ел тантым. Таңытайши өзімді,— деп екіншіндең кетеді.

ТҮСІНІКТЕР

«ТҮРКІСТАН» СОЛАЙ ТУҒАН

Бұл шыгарма 1956 жылғы нұсқасы бойынша баспага ұсынылды. Шыгарма 1955 жылы «Әдебиет және искусство» журналының он екінші номерінде жарияланды. Очеркті сол жылы Қазактың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы жеке кітап етіп шыгарды. «Түркістан солай туған» 1956 жылы М. О. Әуезовтің алты томдық таңдаамалы шығармаларының бессінші томына кірді. Бұл шыгарманың жарияланулары арасында алушактық жок. 1955 жылғы нұсқадагы — «Москвандың түбінде, бір ауданда қызметке түрүн калған, жақсы табыс тауып, жақсы көңілді тірлік бастаған» деген сөздер 1956 жылғыда — «Москвандың түбінде тірлік бастаған» болып ықшамдалыпты. «Лодыры» деген сөздің орнына «жалқау» деген сөз алышыпты.

Очерктің баспага дайындалған колжазбасы мен баспа бетінде жарияланған нұсқалары арасында да айырым жок. Бұл басылым оп екі томдық шығармалар жинағы бойынша дайындалды. (1967 ж., 3-том), бірақ біраз тұстары түп нұсқамен салыстырылып түзетілді. Автор шыгарманы жазбас бұрын алдымен арнайы көлемді жоспар жасапты. Бұл жоспар бойынша әдейі сөз болмак — совхоз құру жұмысына шакырылып келгендерге босатып берген қазаңға шошқа етін асқандарға шамданып, Сөлменің шан-шүң көтеруі және кітапхана туралы жайттар баспага ұсынылған нұсқаға кірмекті. Мұны шыгарманың төмендегі жоспарынан анық аңгарасыз. (7),

П л а н

Очерктың бөлімдері мен қыска мазмұны — материалы

1-бөлімше

Қыс, желдеткен ак боран. Қар орасан калып, жана түскен қарға үксайды. Айнала құлан елсіз, бірде-бір із, жол — сорап, тіпті жүгірген аң із-шиірі де жоқ. Таулы, ойлы-қырлы, киын жолмен аса ауыр қозғалған трактор «ДТ-54» келеді. Артында ақылга сыймастай келеңсіз күйде, бес рельсіне қойылған үйдегі үлкен қызыл вагон.

Трактор сол вагонды сүйреп келеді. Осы тракторда болашақ «Түркістан» совхозының директоры Струков. Өзге адамнан екі тракторшы. Тракторшы — Новиков. Бұлар пәлен күнисен бері «Жонға» жете алмай келеді. Онда жұрт аш. Нан, отын енді біткен болу керек. Жүргіншілер көзіне жолдан екі шақырымдай жерде бір ерекше және сесі көрініп калды да, калып қарға қайта батты.

Струков жолдастарын тоқтатып, «Жаңағы адам» дейді. Тракторшылармен ойға салысады. Боранда адасып ұшып қалған адам болу керек. Струков: бұрылу керек, жәрдем ету қажет, дейді.

Новиков карсы. Жолдан бұрылса, қайта жол сүрлеуін таба алмай қаласың. «Бармаймын» дейді. Струков: «Анау адам, мүмкін өлім халінде шығар, тастамаймыз» — дейді. Новиков: «Алда да көп адам өлгелі жатыр, бұрылмаймын», — дейді. Екеуі де үш-үштен қайрысады. Струков трактордың алдына қарғып шығып (тапанишасып суырады), «Бұйырамын, бұрыл?!

Бұлар көп бейнетпен жолдан бұрылып, жаңағы жерге жетеді. Ұшып өлгелі жатқан казак кемпіріп тауып алады. Енді Новиков, Струков екеуі көтеріп әкеліп, вагонға кіргізеді. Спиртпен ыскылайды. Өлімші болған жанды зорға тірілтіп алады. Әлі де жол үзак, төрт сағат бойында өздері баратын жерден екі-ак шақырым жерде өлердей киналады. Ақыры кішикене ауылға жетеді.

Жданов атындағы колхоздың қыстагы, қазак қыстаулары. Осы арада кемпірдің ауылы — балалары, келіндері қуанып қарсы алады. Барлық ауыл қуанысып қарсылайды. Бар қазақ ауылдары кемпірдің табылғанына қуанады. Хабар тез тараиды. Ел жиылады. Оны тірілтіп әкелген Струковқа, Новиковқа бар бейілдерін береді. Кемпір бораннан бұрын, көрші «Актогай» колхозындағы бір жас әйелмен шықкан екен. Актогайдан бері шыққанда боран соғып, адасып өлермен бол жас әйелге ере алмапты. Ол бір белек кетіпті, мынау әлденеше рет «өлдім» десе де, қар астында қалып, қайта жылынып есі кіріпті. Бір ауық трактордың үйін естіп, соңғы күшін жып, түрекеліп қайта жығылған екен.

Енді бар ауыл совхоз адамдарына өзгеше бейіл береді. Жаңагы келген бірінші вагон бұл жерге жынылған тракторшы, дәрігер пункті, поча маманы, асхана қызметкері, механизатор ерек-әйелдер көп адам бол қалған. Бірақ баспана жоқ. Струков бір вагонге бір тобын кіргізіп, енді біразын қайда коярын білмейді. Ас пісірер жер тагы жоқ. Соңда кемпірдің тілесімен бала, келін, туыстары осы Жондағы Жданов атындағы колхоздың он қыстауының бесеуін босатып береді. Оның алдында колхозшылар қасаң болған.

Жүрт алғыс айтып жайғаса бастайды. Бірақ тағы бір жайсыз хал... Кемпірдің баласы қарасақал Сәлмен айғай салып ашуланып шыгады. Бұның босатып берген қазанына шошқаның етін асып жатыр екен. Струков түсініп соңшалық жалынып, кешірім өтініп қатты бір мінезділік көрсетеді. Бұл бөгесін, конфлікті де жеңілдейді, өйткені кемпір оқып жүрген немере қызымен келіп Сәлменге тыым салады.

Бұл жerde жүрт тіршілік бастай береді. Почта байланыс, медпункт, магазин, асханалардың ырымы: сиыр қорада, етқанада, шошалада, ауыз, үй, төр үй сиякты кішкене жер үйлерде алғашкы өмір белгісін көрсетеді. Екі-үш жерге үлкенде-кішілі: боз, сұрғылт, кок палаткалар орнай бастайды. Бірақ кар, боран әлі де қақап тұр.

2-бөлімшe

Струков қайтадан қозғалысқа кіріседі. Шоферлерге «Не тушить глушитель, только не тушить!»— дейді. Қайта тартады. Тағы қызыл вагондар әкелмек. Тағы толып жатқан мүлік тасымак. Тоқсан шақырымда ойлы-қырлы, тау-тасты жолсыз сапар. Шолақтауга қайта жөнеледі. Енді қасына ерген шофер Ткачепко: «мен барамын» деп тіленген казак шофер Матаibaев. Василий Захарович «ГАЗ-69» машинасында Струковты алып жүреді. Әлі де қалың кар, ак боран. елсіз, жолсыз қын сапар. Адам көбейген. Отын жоқ. Бірақ халықта ашу, не кінә, репіш-кейіс білінбейді. Комсомол қыздар, жастар жүргелі жатқан Струковқа келіп: «Наш отец Григорий Алексеевич не оставит, потерпим», дейді. Шоферлерді құрмет қып аттаандырады.

Жолда Матаibaев қайғылы. Кеше сегіз жасар баласы осында қайтыс болған. Әйелі агроном — Нина Петровна жылап тұрып, Валсияны «Бар, серік бол. Үйде отырсаң қайғыдан қиналасың»— деп жөнелткен.

Струков былай шыға шофердің қайғысы туралы бірге қамығатының айтады. Бұл екесуі көптен жолдас. Москва түбінде Чехов атындағы МТС-те Струков екі жарым жыл директор бол тұрғанда Вася сол жerde жолдас болғай. Оның әйелімен екесуі МТС-ке қызық жағдайда қызметкө кірген. Өздері жақсы тұратын. Москва түбінде

дачалары бар еді. Струковты жақсы көргениен М. К. Струковты целинага жіберетін болғанда Вася мен Ниша өздері тіленип ерген. Вася Семей облысы Ново-Шульба ауданында 1932 жылғы аштықта детдомға түсіп, әке-шешесіз жетім күйден адам боп шыккан казак жасы еді.

Казакстанға, тының онымен әйелі, тіпті сегіз жасар баласы Алешаға дейін, зор совет адамдарының санасы бойыниша, тіленіп келген. Сол Алешаға кешегі ак қар үстіндегі ауыр күн, үскірік боран дерг боп тиіп, бала қос өкпесінен круппоз соқпа болып, қайтыс болды. Кішкене карындасты үш жасар Надя әсірессе жылап тыным бермейді екен. Жол ауыр... бөгет мол... Струков күн жүрді, түн жүрді. Вася кап-кара боп жүдеген, солып-сөніп кеткен жүзі бар. Бірақ Струков «тынығайық, тоқтайық», десе де, Вася тоқтамайды. «Оқа емес, шыдау керек, шыдам керек»,— дей береді.

Сол снякты бұлардың артында тагы қызыл вагонды тартып келе жаткан комсомол Ткаченко галамат қайрат, төзім танытады. Үсті жалацаши екен. Төсі ашық. Струков оның гөсіне өзінің шарфысын ораймын десе де, Ткаченко алмайды. «Ешинарсе етпейді, тарта беріңіз»,— деп тозе береді. Бұлар тагы да үш сөтке жүріп, әбден жүдеген, талған күйде акборан ішінде Жонға жетеді. Ткаченко жалғыз фуфайкеде. «Ничего, товарищ Струков, все в порядке»,— деген сөзді ғана айтады да, Струковтың «Двигаться, не тушить глушитель!»— деген сөзін қайталай береді. Осылайша алғашқы жалғыз қызыл вагон жанына екінші қызыл вагон кеп орнады. Содан он күн ішінде он вагон кеп орнады.

Енді караса Жонда алғашқы кішкене көше пайда болған. Екі жакта палаткалардан, вагондардан құралған көше. Эр палатканың сырты брезент, астары қалың шұға, одан кейін ак мата ұсталған, үш кабат жамылшасы бар. Палаткалар ішіне таза қойкалар тұрып калған.

3-бөлімші

Тракторшылар Новиков, Ткаченко ағайынды Флингер және бұрынғы әскер катарында танкист болған Целигородцев, Кокарев, Попов келіп Струковка салмак салады. «Егісті бастаймыз»,— дейді. Струков пен агроном ерте гой деп корғанады. Жданов колхозының карттарын шақырып ақылдасады. Сәлмен, кемпір, Эсель де бар... Ол жер тез құрғайды деседі... Струков ойланады... Онда теренденеп батпаган гой су... «байкамак»: «тракторшылармен казактар бір... Аксакал кеңесін ашу... Вася аударушы... 5-мартта ең алғашқы боразданы Малец бригадасындағы Целигородцев «ДТ-54» тракторымен тартып жөнеледі. Барлық 300-ге жуық жаң зор салтанатты окиға есепті қабылдайды бұл істі. «Уралап», қуаныш сагаты соғады. «Шелді —

көлге, даланы — гүлге, ауырды — женілге, шалыныңты — айдаңға айналдырамыз» дейді. «Тек астықты аймак емес, мәдениетті аймакта айналдырамыз өлкемізді», — деседі.

Ерте егу керек екен, — деген байлау жасайды. Струков агроном Третубовец, Нинамен ақылдасады. Себебі топырактың дымдануы 35—40 сантиметрден ары емес. Ал 70 сантиметрде жер мүлде күрғақ. Ендеше бұнда ерте егу керек, дегенді айтып кеп Струков орыс крестьянының бір макалын айтады. «Сей в грязь, будешь князь».

Осы кезде сан тракторлар күндіз-түн Жонның жотасы мен коғысын, беткейі мен белесін, жазығы мен койын-колтығын, бөлек-бөлек квадраттарға өлишеп, кесіп бөліп тастап, кара топырактың сауырын таспадай тіліп жатыр. Сол күндерде электрші Селестин, Китаевтар кішкене жайды жарықпен қуанта бастады. Инженер Гольдин Ақбұлак сүнін өлишеп жүр. Осындағы Жамансары, Үшбас, Ақбұлак сияқты болымсыз бұлак-бастау кішкентай өзенсұмактарды көп көрекке жаратпак. Бұлар суды бөгеп, көл жасамақ. Ол көлден совхоз орталығына арық тартпак. Ауызсу да, суарғыш су да, кейін пәтерлерге кіретін мөлдір мол сулар да содай алышбак. Ол жакын шакта көл жасаудың камында. Тағы біраз суларды бөгеп: картоп, овошъ, бау-бакша дақылдарын суаратып коржасалып жатыр. Көлшікке кейін балық жіберіп, құс та өсірмек, құрылыш ісі ол да катарынаң қызу қолға алышған. Қазір материал, құрал-жабдықтар, машиналар қар кетіп, жер дегди бере молынан ағылды. Биыл бұл ретте тұрган үйлер, көңсе, аурұхана, монша, мектеп, мәдениет үйі, поча, баалалар бақшасы, ясли салынбак.

Кеште көшелерде лек-легімен жүрген социалистік құрылыш кайраткерлері. Олар тракторшылар, механиктер, шоферлер, құрылышшылар. Бірінші трактор бригадасынан өз бригадасында бірінші борзыда салған Воробик. Қазір озат тракторшы Воробик, Безродный, Новиков сияқтылар Пекшин, Леонтьев, Корияк, Кокарев, Измеровтар да сондай 150—200 процент норма орындан келеді.

Целиноградцев алғашкы екі күнде күндік норманы 300 проценттен асырды. «Земля подсказывает», — деп Струков: «Малец, Целиноградцевка олардың егіске асықтырганын мактайды. Комсомол үймының хатшысы Геннадий Безродный: «Кім батыл болса, сол женелі», — дейді. 5-апрельге жоспарлы егіс планы түгел әзір болды.

Енді 20-майға дейін пар айдауды жоғары сапада аяқтау үшін міндет алысады. Осы кезде Сарысудың аудан комсомолы совхоздың комсомол үймының құттықтау мен достық сый әкеледі. «Родина» радиоқабылдағышын, патефон, сагат, шахмат, домино және КССР-дың Қызыл туын сыйлайды.

Көп палаткаларда кей кештерде әдемі үгіт мәжілістер жүріп жатады. Сарысу ауданының хатшысы Қалдыбаев, райисполком басты-

ғы Алпысбаев совхозбен мидаій араласқан. Бар жақсылығын, кемшілігін де біледі. Совхоздагы партия үйімінің хатшысы Тұрсынов және агроном Трегубов, инженер Богданов, рабочком Меркаліров үнемі үтіт-түсінік кеңестерін өткізеді. Бұнда «Түркістан» атты қызырға газет және әрбір трактор бригадасында «Жауынгерлік листоктар» шығады. Әр жерде көрсеткіш тақталар үйімдастырылған. Демалыста дауыстап газет оқылады. Енді бір үлкен куаныш, совхоз орталығында тамаша жақсы кітапхана орналады. Мактапын айтқанда, өздері, оның көпшілігі брошура болса да, «10 мың дана» кітабымыз бар дейді. Әрине бір палатага, терезелі үлкен палата болғанмен де, оншалық кітап сыймас еді. Бірақ қатарда: Шекспир, Гете, Байрон, Бальзак, Шиллер, Гейне тұрса не дейсін? Марксизм-ленинизм классиктері, орыс әдебиет классиктері, совет жазушылары бәрі де бұл кітапханадан мол орын алған.

Тракторшылар ішінен Калугин, Ткаченко, Матайбаев, Воробик, Миненко, Подорожный снякты талай көрнекті адамдар бос демалыс сағаттарын кызықты кітаптар оқуға бөледі.

4-бөлімшесі

Коллективтің зор еңбегі жаздың ортасынан аскан шақта мол жемісін беріп жатыр. Самал тау, салқын бел — Жон деген өлке сары алтындаі жайқалған алтын астық даласы, өлкесі, кан-казына өніріне айналды. Жаңа қала өсіп келеді. Бірнеше үлкен үйлерін тастан да салып жатыр. Неше қатар болып, стандартты жеңіл, төрт пәтерлі ағаш, жалғыз қабат үйлер орналады. Рас, әлі де кеңсеге, мәденинет орындарына көпшілік мекендеріне жай жеткіліксіз. Әлі де таршылық пен тапшылық мол. Әсіресе Шолактаудай: азық-түлік, аспап-мұлік беретін ең жақын орталық — тоқсан шакырым жерде, қияни-ұзак алыста. Сондықтан бірде азықтан, бірде бүйімнан, бірде жағар май, ділгір қажет аспап-сайманиан тапшылыктар бола береді. Су коймасы ретінде Струков қаланың қасында «Жамансары» деген кішкене бастаудан көл жасатып жатыр. Сол көлдің табанын, көлемін белгілейтін байлауга, әсіресе бір ойпат қойнауга келгенде талас туды. Инженер-мелиоратор көлді жоғары, сай басынан алмақ болды. Бұл күнде Струков айналадағы қазак колхозшыларымен бар жайдан Вәсія арқылы тамаша ұзак сөйлесетін болған. Ол жергілікті іс жөнінде жаңа бір шаралар жайында кысыла бастанаса, ең алдымен Жданов атындағы колхоздың бес-алты колхозшысын шақырып алады. Өз міндеттін әлдекашан айтқан. Кейін адам, техника құштерін атаусыз шеф есебінде нық түрде де көмек етпек. Әзірше су, көл жөнін ойланады. Струков соны өзінше, қасындағы «аксакалский совет» деп атандырып алған, сол аксақал советінен жаңағы көлдің орны

туралы кеңес салғанда, колхозшылар инженерге карсы келген. Бұлактың көзін бастырып көл жасау зиян болады, кейін су астынан аршып ала алмайсың, күп салын ең әуелі бұлакты бөлек сақта. Бағынқағыл көзеп отыр, сонда судын көзі үздіксіз өнімі бар су болады деген. Струков осы «аксақал кеңесі» бойынша инженерді тыңдамай көлді казір төменин салғызып отыр. Ақсақалдармен кеңесіп совхоз қаласына арық жүргізбек. Енді Струков қиялы көшслерге тек қана жеміс ағаштарын орнатпақ. Одан да озған қиялым бар дейді ол: «өзіміздің жердің айналасына 50 метрлік қоршау тоғай орнатсам» дейді. Бұның бәрі — совхоздың кешегісі, бұғынгі жаңа тамаша көрікпен келешегі өзгеше күлім қағып, бұлың беріп қуанта тартып тұрган болашагы.

Бірақ енді осы жақсы совхоз бойында толып жаткан олқыныш пен мін де бар. Әсіреле адам тобының ішінде «қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» дегендей, немесе токсан тоғыз бір тараф болғанда, алдебір, бір шекім азғана селдір топтан шықсан сұрықсыз сүм мінездер де болады.

«Түркістан» совхозына Жамбылдан, Ташкенттен келген қайраткерлер, маман жұмысшылар көп еді. Қоқтемің орта тұсында калғын бір топ Ереваниан келген. Солардың ішінде бұғын де аса жақсы абырайлы ат алған Погосян, Грачек, Геворгиян, Ашот сиякты комбайншылар, Казарян тәрізді өте ынталы, үлгілі шоферлар бар. Осы топ ішінде Ереваниан үзімнің бір топ лозасын алып келіп Қазақстаниң сахрасына орнатамын деп, барынша жас атаулының бәріне үлгілі енбек етіп жүрген карт Старовойтов бар. Ол «Түркістан» совхозын тұракты мекен етпекші. Үй салып, отанын осы арадаи тауып тұрмакшы болған 47 семьяның ішінде бұғынде өз жанынан үй салып жатқан үлгілі енбекшінің бірі сол Старовойтов. Оның туыскан армия елінің көп ғасырлық, үлгілі бақшасынан әдейі ариап алып келген үзім лозасы казір Қазақстаниң «Жон» аталған кешегі жайын топырағына тамыр жайып гүл атты.

Осындаі әр тарапты туысып, табысып еңбек, тілек, тірлік қосып жатқан топтың ішінде Ашрафиян сиякты сүмдар да жоқ емес. Оның араласпайтын жері жоқ. Рабкоопка да, рабочкомга да, мәдениет кешіне де, дирекцияның басшылық ісіне де — бәріне де сұғанақ тұмсығын сұға жүріп, іздеғені әлек пеи бүлік. Өзі ішкіш, өзі соткар, соудыр тәбелескіш, шагымкор да жалакор. Оның бірталай адамдарға еткен жаман әсері де жоқ емес. Бұлар сиякты алаяқтар совхоздың кейбір қыншишылығын, кемшілігін пайдаланып, талай жанды, женил ойлы жетекке ергіш адамдарды аздыратыны да бар. Сондайлар Аспалара совхозынан, Қаратату совхозынан әркімдерді аздырып алғаш келген жактарына қайтуға шейін, қашуга шейін түртіп әдастырып жібергені бар.

Струковтың алдына да сондай сыйбаганы Ашрафъяндар тартқан еді. 10 кісінің атынаң тізім әкеліп: «мынау қалың тобымыз наразымыз, сендер айыштысың. Алладың, кінені сағап артамыз, кетеміз»,— деп жота көрсеткен. Струков солардың алдында топты жып алғып тамаша отты басшы азамат мінезін көрсеткен. «Мен мына тізімді сактаймын, Ереваниң жақсы жүртшылығының алдында сендердің каражұзді скендерінді әйтілеу үшін сактаймын. Осы күнде мынау тыныш, адад совет жұртының асыл азамат еңбегінің үстінде салған мынау бұліктерің үшін, бұдан сан есе артық сөбек стуге сендер мәжбүр боласың. Айлармен түзеймін деп ойламандар бұл айштарыңды. Дәл осында бір гана иттіктің өзі үшін кем қойса бір жыл, әйтпесе жылдар бойы кешірімнің еңбегін істейтін боласын шеттерінен»,— деген еді. Бірақ сол оның жетеуі қашып та кетеді. Осында жайлар Струковты бір күн суға салса, бір күн отқа салғандай да болады. Сондыктан да кішкене бойлы, ширак денелі, ұлken өткір көк кезді Струков қөктемесін бері 15 килограмм салмағынан айрылған. Далада астық. 12 мың центнер жабусыз түр. Комбайндар боздалап түр, самосвалдар жок... Қалаға таситын машиналар жок. Совхозрест қарамайды. Бейнет көп — ракмет жок әлі.

Эпилог орнына

Үшбас колхозының председателінің кең киіз үйінде бір топ үлгілі казак колхозшыларының ортасында шайды терлей түсіп, көсіле ішे отырып Струков бұл жақтан әдемі Отан тапқанын, айнала қазак жүртінан дос кауым тапқанын, өзінің Жданов, Үшбас, Актоғай колхозшыларына аса көп қарыздар екенін бір түрлі жақсы айтады. Бір жылдан соң ол казақша сөйлемекші. Жонның бар даласын, бар су саласын саусақпен санап біліп алған.

Қазак колхоздарының ағаш екпейтінін, үйді күтпейтінін катты сынаиды. Аудан хатшысы коса сынаиды... Облыс қазағы солай ағашка салақ... Сын — жолдастық қатты сын... Кемпірдің сінлісі... Осында катты сыйласу. Тәттілік...

Суды әсте бағаламайтын Москва түбіндегі өзі бастық болған Чехов МТС-ін Струков кінәлайды. Су қадірін білмегенін айып стеді. «Шелде жүрген дуадақ су қадірін не білсін, көлде жүрген қоңыр каз шел қадірін не білсін»,— дейтүғын ескі ақыздың елесіндегі ойлар келеді. Мынау өлкесінің қадір-қасиетін өзі біліп қана қоймай, Отанына, алыс-жақын халқына танытпак, социализм қорына, қоспак. Ол тіпті бұл өлкесінің жүгірген аңына дейін сүйеді. Кеәдескен арқар жайын, катал қыстап аяу келіп Жонды паналаган бөкен жайын да осы өнірдің ескі тұрғынындағы әңгімелейді. Струков «Тұркістан» совхозының бұл өлкеге әкелген партиялық, советтік коммуни-

тік кешегісі, бүгіні, жарқын келешегін соңшалық қызу қызықтырыш асем көрінгенде, не айлар, не жыл өткенде самал тау, салқын Жонға некылса кайта оралмақ бол қатты уәдемен айрылысты. (М. О. Эуезов архиві, п. 60, 101—115 б.).

«ОҢТҮСТІК САПАРЫНАН»

«Оңтүстік сапарынан» М. Эуезовтің соңғы жазған (1959) очерктерінің бірі. Ол әусел «Социалистік Қазақстан» газетінің 1959 жылғы октябрьдің 22, 23, 25, 27 күндеріндегі 248, 249, 251, 252 сандарында басылды да, кейін «Алғы шептегілер» аталған очерктер жинағына (Қаз. мемл. көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1960 ж. 3—36 беттер) енгізілді.

Бұл басылым жазушының он екі томдық шығармалар жинағынан алынды (1967 ж., 3-том) және тұпнұскамен салыстырылды.

Мұнда автор Оңтүстік Қазақстан облысының көп аудандарында болып, мал шаруашылығы, егіншілігі, өндірісі, жалпы экономикасы мен мәдениеті туралы өзі түйген жайлардан толық баяндайды.

Очерктің «Талап та, тақырып та — тек макта», «Қадімпен мәлім Қаратаяуда», «Қаратай тажы — Кентау», «Баға жетпес қасметтер жайында» делінген тарауларында макта үшін күрес, қой өсіру мәселесі, Кентау өнеркәсібінің қарқынды кимылы, оқтүстіктің шипалы сулы курорттары туралы жазушы келелі пікірлер айтады, өз бағасын береді, алдағы міндеттерін мензейді.

Бұл очерктердің «Өскен өркен» романын жазуга аса қажетті материалдар болғанын да шамалауға болады (103).

ШАЯНДАҒЫ ШЕШЕН КЕРЕКЕҢ

М. Эуезов «Өскен өркен» романына материалдар жинау максатымен Оңтүстік Қазақстан облысын бірнеше рет аралаپ танысқан. Соның бірі 1960 жылдың көктемінде. Осы очерк сол сапардан кейін туған. Ол бірінші рет «Қазақ әдебиеті» газетінде 1960 ж, 8 июльде жарияланды. Бұл басылымға сол газетте жарияланған нұсқасы бойынша беріліп отыр.

«ӨСКЕН ӨРКЕН»

«Өскен өркен»— М. О. Эуезовтің ең соңғы романы. Оз халқының революцияға дейінгі өткен өмірінен «Абай жолы» сыңды төрт томдық эпопея жазып, ұлы ағартушы Абай есімін әлемге мәшінүр еткен жазушының творчестволық ойлары мен жоба-жоспарлары мейлінше мол еді. Өмірінің соңғы кезінде жазған «Қазіргі роман және оның геройы» атты мақаласында автор бұл туралы былай деген

болатын: «Аяулы Абайыммен коштасқаныма міне екі жыл: содан бері бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деген ойдан бір күн ажырап көрген емесспін».

Жазушы қазак халқының революциядан кейінгі өміріне, советтік жаңа заман тақырыбына ариап құлаши кең жаңа эпопея жазу инициативада болды. Бірақ ол бұл ойларын жүзеге асыра алмай кетті. «Өскен өркен»— жазушы жоспарлап жүрген осы көп томдық еңбектің бір кітабы ғана.

Романда бүгінгі өміріміздегі әлі де болса үшырасып қалатын кейбір кедергі болар келенцісінде сюжет желісінен орын алып, окушы қауымның әділ қазылық өміріне үсненген.

«Біздің замандасымыз,— деп жазған еді жазушы өзінің аталған мақаласында,— барша қауымның бакытын тілсітін, жаллап дүниесін жан лебін жүрегімен үғынатын адам. Оны тебірентпейтін нәрсе жок — ел өмірі, достар мен қастар жайы ойын бөледі, саясатта, ғылым да, өнер де, еңбектегі жеңіс пен жетімсіздік те, коммунизм үшін һәм отаршылдықка карсы қарес те,— бәр-бәрі де оны толған-дырады... Жеңісіміздің әр сәті — совет еңбеккерлерінің жан жүрегінің жарқ еткен сәулесі, жалт еткен үшкynи іспетті. Ол өзі осындай адам!»

Расында да романдағы үнамды кейіпкерлерді жазушының өз мақаласынан келтіріп отырган осы үзінді айқын да толық сыпаттан берес алады. Шығарманың үнамды геройлары да дәл осындай адамдар. Мінс, сондықтан да болар, партияныздың орталық органды «Правда» газеті бұл романы бүгінгі заман тақырыбына шығарма жазамын деген жазушының кай-кайсысына болса да ой салатын, үлгі-өнегелік қызмет атқара алатын туынды деп бағалады.

«Өскен өркеннің» бірінші тарауы жазушы қайтыс болғанинан кейін «Жұлдыз» журнальында жарияланды да, 1962 жылы Қазактың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында жеке кітап болып басылып шықты. Көп томдық роман сол 1962 жылғы нұсқасы бойынша сингізілді. Текстің бір-екі жеріне болмашы ғана қыскарту жасалды. Орыс тілінде роман «Дружба народов» журналының 1965 жылғы 1-номерінде жарияланды (аударған А. Пантелеев). Ал 1966 жылы Москвада «Молодая гвардия» баспасында жеке кітап болып базылды.

Осыдан кейін 1977 жылы қазак тілінде жеке, орыс тілінде «Племя младое» деген атпен шыққан шығармалар жинағында және СССР халықтарының бірнеше тілдерінде аударылып басылды. Бұл басылым он екі томдық шығармалар жинағынан алынып (1967 ж., 3-том) көп тұстары түпнұсқа бойынша түзетіліп толыктырылды. Осы шығарманы жазар алдындағы жоспар жасау ерекшеліктерінің қандай екендігін мына тәмемделегі жазбалары жақсы көрсетеді.

Бірінші тарау жоспары

Кең күйлі машина «ЗИМ» Іленің жолымен Алматыға қарай ағызып келеді. Құн кешке тақаған, жаздың аяқтай келіп күзге ауыса бастаган шағы. Құн ашық, сондықтан тау енді сәт сайын ғажап құбылып, бояу ірекіндең шашшандықпен құбыла өзгереді. Бейне сол өртегідегі дилюлар колы көрінбей әрекет етіп түр. Бір түнде сарай салатын... сәтте сарай, түндей тоғай, тау орнатқан дилюлардай. Бояулар өзгергенде таулар акшыл қызығылт, содан коңырқай қызығылт, көкшіл қызығылт, қошқыл қызығылт, содан барып коңырқай көк, кара көк, кара қошқыл, кара барқын, кара қоңыр... қап-қара бояуларға ауысады.

Кей тауда бұлт, кей қатарда күнишуақ, кей қатарда тұтас созылған коңыр көлеңке — тау сондай ала-құла — бейне бүгінгі кеш сондай коңырала тәрізді. Кей таулардың бүгінгे кім екені мәлімсіз — сондықтан бастарында тұман, бірінің басын басып кесіп алған, бірінің шекесін қырыққан жарты шеке... Кей қырқа жүндес калып, дүм карагай — ол бүгінгеле де кейінгі заман иәсліне де нәр беріп жаткан ырысты тау... сондай жандарда мол тарихты...

Котыр тастар, тақыр таулар, тұлдыры тектүрлар — кара куыс жұтақ шаттар — адам мінездерін бейнелейді. Қызығанып, кастық карсылық, жікшілдік — кейіп-кескіндері тәрізденеді.

Алыска көлбеп шырқап кетіп жатқан тарих көңіл болмаса көзге елес берген смес. Енді сол көлбеп жатқан шырқау тарихты бір сәт басын көтертіп қырынан коя-коя караса... таулар, оқиғалар, адамдар Ашот, Туганхамон, Тан, Сун. Ал Македония — Элинова қосады — Аттила, Чингис, Тимур... Нерон да бар. Леонид Фермоғильский... Бергі, кешегі, аргы, баяғы, орта гасыр, багы қадым заман... кете береді. Солар ішінде осы таудай, таулардай көріністер... Рас олар бірдей емес. Оның есебіне тау, таулар да бірдей әсем-әдемі, ғажайып алып емес... Алыста ақбас биіктегі, тап-таза мәңгі, ледник — бір бас қанттай, сүттей — олар адамзат тарихына тоғбас сүлулықтар — айтайык Илиадалар... Тау өзі қандай — аралды, қарлы, зангарлар, бертін қызыл тасты тақыр шақаттар... Өсімдік жок, олар да көп... Одан бері альпийские луга, тақыр көгалды дәнді, нәрлі таулар қырқалар. Ал одан бері қарағайлы жондар, шоқылар биіктегі, тектүрлар, сенгірлер, серек тастар... Одан беріде жабайы же місті көп-көп жоталар, беттер, кіші төбелер. Алма, өрік... рябина тағы тағылар. Осы катар-қатар алыс-жақын таулар өуелі жүргіншілер көзіне құн сәулеcl түскен-түспегеніне қарай әр бояулы болды. Құн түскен алыс биік алтындаі сәулеcl, бертінде (құн түспей) бұлт

көлеңкесіл басқан ұзак қоңыр қырқалар {анау алтын болғанда} бұлар қорғасындағы қоңыр көкшіл. Одан бері тағы алтын жоталар қатарлары қатпарлы созылады. Сүйтіп кеш теңбіл ала, қоңырала кеш бол келеді. Қарпов соны айтады. Ол бір...

Екінші таудагы адамдар... кейін тұтас тау... кейбірі тау басына орнаған адамзат есінде еріксіз қалған татымсыз, залалды, зәрлі, зиянды жандар... Олар кей тау басына қонып, шөгіп отырып қалған қисық жартас. Жақпар тас, серек тастар... немесе қисық кескініз қоңыр қожалак бетті қиястар деуге болады... Солар жаңағы Аттила, Нерон, тіпті Герострат сияқтылар.

Кей қүйкалы қарағайлы қырқалар, ұзак жоталар ырыс әлемі. Адамзат бүгінгі бектер, бауыр, төменгі жазықтағы қапастай олардан көмек-қорек алуда. Олар ағаш та береді, су да береді. Салқыштық жауын... ар жағындағы биіктегі ырыс қарын да сақтайды. Бұл жандар бүгіндер де жанымызда, қасымызда жүр. Мысалы мынау қатар қарсы ағып келе жатқан Алматы, Қаскелен, Ақсай сұларындағы деседі.

Машинада шофердан басқа үш адам. Олар: Қарпов, Асанов, Әлимова. Тау суретін тамашалаған Қарпов жолдастарынан маслихат сұрайды да машинаны тоқтатып, тау суретін тамашалап жерге түсіп жай басып жура береді. Әлимова да түседі. Тау суреті беріледі. Кешкі, жазғы Алатау. Ашық кеште құбыла құлпырган іреңімен суреттеледі. Машинада тауға ойлана қараған қалпында Қарпов бір үлкен күрделі ой айтады. Онысы таудың осы көрініс беріп бір сәтке баяғы өткен адамзат тарихын әлемдік тарихымен салғастырса дейді. Сонда әр тау адамзат есінде қалған әртүрлі тарихи ұлы оқиғалардың, ұлы адамдардың, ұлы өнер ескерткіштерінің бейне-бейнесі бол елестейді. Кейбір реңі қара, басы қисық жартасы күдір біткен, қызыры біткен шоқы тектүрлар да бар. Олар тарихқа адамзат тілесеттілемесе де еріксіз кірген, өз аттарын тарихта қалдырган әралуан Аттила, Нерон, Темір, Гроздый тәрізденеді. Ал кейбір қалың түк қарағай ырыс басқан созылған жоталар кейінгі үрпакқа үлкен ой азық, нәр, мұра қалдырган Маркстер, Энгельстер, кешегі Лениндер тәрізденеді.

Тағы бір аппақ алыс биіктегі қиялдай ұзакқа шырқап шырқау барып орнаған әлдеқандай Иллиадалар тәрізденеді. Бергі таулар, ерікті, жайын жемісті немесе кегал, көкмайсалы аласарап шоқылар, қырқалар, дөңестер, белестер болып бері қарай сатылап түсे береді. Олар бүгін мен кешегі, бергі заман оқиғалары мен адамдары, мұралары, туындылары тәрізді әлі перспектива заңына түспеген әлі жырактап, биіктемеген болмыстар тәрізді.

Алексей Петрович Қарпов жолдастарына осындағы қызық тенеу ойлар айтады. Жандос үндемейді. Тек мекірене сүйсіне түскендей

Карповка оқта-текте жымия қарап үндемей қалады. Әсия бірге ойласқандай Карпов теңеулерін қатты қызыга, сүйсіне тыңдайды. Бірақ өзінің әр кездегі өз бетімен ойлағыш актив тапқырлығы бойынша ол Карповка ұсыныс айтады. «Сіз бүгіннен баяғыға қарай маңдаңыз. Ал бүгіннен келешекке қарай да сол сіз айтқандай болашак суретін осы таулармен салыстыруға бола ма деп едім. Шынында алдымыздығы Ұлытау бүгінен биғіне қарай өрлей береді. Ең арғы төрінде алтын күнмен күмбезделген алтын арай ак шатыр — коммунизмнің болашак биғі десе болмас па еді» деп ой жүргітеді.

Карпов оның түзеу, сынау ойларын макұлдай қарайды. Олай ойлауға мүмкін екендігіне мойындаиды. Жолаушылар енді қалаға кіреді. Қаланы Коммунист қошесімен аралай кеп Калининге түседі. Қалининмен бұрылып Ленинге келеді. Содан өздері үшеуі де кәзір де бірге тұратын Министрлер Советінің бірінші үйіне келеді. Карпов қаланы мактайды. Осы кезде шешіліп сөзге араласқан Жәкең қаланы сынайды. Ол Қалинин көшесі мен Ленинге шейін жүргенде жолдағы «Абай», «Карл Маркс», «Пушкин», «Ленин» көшелерінің бәрінің тұсында оц жакқа, сол жакқа да Карповқа көз салғызады. Осының барлығы орталық кешелер. Тек бірақ біреуі де бұрынғы қыстак болған Алматыдан көп өзгермеген. Содан таратып қала салушылардың ойсызыдығын баяндайды. Карповқа бүндай қатал сын қызық көрінеді. Оның жакындағы танысы — Жандос өзінің осындағы өзгеден мүлде бөлек өзіндік оқшау ойлары қызықтау көрінеді.

Жолаушылар осы кеш кино көруге бекініп, кеш салқында демалыс үйі алдындағы беседкаларда отырады. Қастарына Ильяс келіп біраз отырады. Қейіннес Айсұлу Жандостың қасына келеді. Екі жас үлкендердің әңгімесін ықласпен тыңдайды. Көп жайларға іштерінен наразы, дау айтқылары келеді. Ол — жастар жайы. Киноға қарай қозғалысады.

Тыста бір беседкада карта соғып отырған төрт адамды көріп етіседі. Преферанс ойнап отырған жазушылар екепін білісіп андасады.

Жанай сейлекен сөзде Жандос анау жоғарыдағы екінші демалыс үйі түгелімен преферансшы-карташыларға толған үй екенін сынай сейледі. Нил Петрович үндемей тыңдайды.

Әсия Айсұлудың оқшау тұрған жайын көреді. Бір топ қазак әйелдері Айсұлуды сыртынан сөз қып отыр екен. Әсия олардың өсек-аянға бейім мінез, ажарларын құлағы шалғанда жактырмай естіп қалады. Айсұлуға жаны ашып, өзі шақырып бүл жерде тұрма деп ертіп кетеді. Жаңағы бір топ әйел жоғары демалыс үйі мен осы үйде жартылай тұратын біріне бірі қонаққа келіскең қазақ әйелдері. Күйеулері жаңағы карта ойнап отырған жандар. Бұл әйелдер Айсұлуды құндізден байқайды екен. Шашы тілерсегіне жеткен,

жұан көс өрім. Кызылт коңыр сұлу түсті. Өзінің де бойы, жүзі өзгеше наәк сұлу. Жаңағы сөзқұмар әйелдер Айсұлуды құн бойы баққан екен. Оны түрпайлау бір әйел «бүндай жерге осындақтыңдар бай іздел келеді» дейді. «Ауданнан окуға кепті ғой»— деген біреуіне тағы қияс жауап айттысады. Окуға келе ме, сені мен біздің көзімізді шоқуға келе ме. Мынаған еректердің көзі түспесін де тек». Тағы біреуі «бай іздел келгенде де, окуға келдім, емделуге келдім, туғанымға конакқа келдім деп жамбастай келеді ғой. Осы күнде ауданда ит байласа түрғысыз жерде не ғып жүреді бүндай сұлу жастар. Столицаға, Алматыға келу керек. Машинасы бар, жауапты орны бар, жаңа қызметкерге тиу керек. Жақсы пәтер, кербез киім, ән-сән, би-куй, соны ізdemей нені іздейді бұлар» деседі.

Тағы бір өсекшісі «күндіз осыны бағып жүрген жігітті аңдағым» дейді. Айтуына қарағанда ол Ильяс болады. Бірақ ол оқушы әлі жайғаспаған жігіт жетістірер жағдайы болмау керек. Сондыктан одан мына қыз бойын аулак салып қашандап жүрді десіп те кояды.

Ойларында дәпене жок Ильяс пен Айсұлу жаңа тыста гүл бағының қасында сәлғана ұшырасқан-ды. Айсұлу өз қасына Ильястың келгенін жақтырмай жалт бұрылып тайып кеткен. Ильяс үялышы, қысылып калған. Оның ойында ешнәрсе жок еді. Тек үлкендері ертеде таныстырған соң Айсұлу жаңғызысырады ма деп жакындал еді. Қыздың салқын карап ызаланғандай наразы көз тастап кеткепінен сасып та қалды. Екінші жағынан өзінің жазықсыздығын ойлап ызланып қалды. Ауданда өсken қыз әдел, тәрбиені білмеген түрпайлық еткен тәрізденді. Жаңағы бір әзірде олар арасында болған осындақ жайды және де сырттан бағып қырағы, танығыш көзben андалап қалған сөзуар апайдың бірі енді және бір байлау жасаған. «Ана өзіндегі тені десе шынымен дегендегі студент жігіт жанасайын деп еді. Оны топшысымен кағып сыртын бір-ак берді. Ондай да тегін болмайды бүндай қыздың. Іздегенім сендей емес, шілтиген дегені ғой» деседі.

Әсия Айсұлуды әдейі баурай ішіне тартып аналар көзінше арнаулы ілтипат жасап, өз қасына ертіп алды. Онашаракта Жәкене жаңағынан казак әйелдерінің жалпы түрлайы өсекшілдігін айтты. Екеуі онаша бұл жөнінен недауір ойлар таратысты.

— Бүгінгі біздің қауымда нелер жақсы мәдениетті оқымыстылар, жауапты қызметкерлер, мамандар, жазушылар арасында да кейбір оқымаган апайлар бар. Олар өмірінде ешбір коллективте жұмыс істеп көрмеген. Бірақ күйеулерімен бармайтын курорты, қаласы, жүрмелітін ортасы болмайды. Театрларда, алдыңғы орын олардықі. Банкетте, жай конакта төрге де таласа отырысатын солар. Әсіресе ательелерде орашолақ тілдерімен қыскы-жазғы мода, фасон

дегендерді айтқыш та солар. Мектеп көрмегең, кітап бетін ашиайтын. Бірақ әйтеуір көп жыл бірге түрған тірлікте балалар тапқан. Құлакпен естігешпел шала-пұла алған әр жайдан ала-кула түсінігі болады. Міне осы апайлар қасіретке қараң көзге көп түседі. Және бір Қазақстан смес, бүкіл Орта Азия республикаларының жауапты қызметкерлер, жауапты, мәдениетті интеллигенция ортасын көрсекіз көп үшірайды. Шашы, беті, киген киімі мәдениетті адамдар тәріздеп жүреді. Ал дәлінде мысалы қазақты алсақ, біздің бар қауымыздың ішіндегі ең артта қалған отсталый топ осылар. Бұлар не бұрынғы халықтық мінезді, байсалды, ескіше өз сырпайлық жолын білген аналар емес. Не бүгінгі тәлім-тәрбие қонған европалық үлгі бойларына сіңген адамдар емес. Ал өздеріңің араласпайтын сезі болмайды. Әсіресе байларының бәсекесін бірі үлкей, бірі кіші дәрежесін, орын жағдайларын өмірдің жөндекі таразысын өте жақсы айыра білетін сөзуарлар. Бұлардың әсіресе бір жаманы есіп келе жатқан қазақтың жас әйелдерін, жас қауымын танымайды да, түсініп аңдамайды да, және аямайды да. Қебі өздері қыз берен үл туып өсірген боп отырса да, өзге жастарға ана есепті бола тұра есекаянан олардың ешқайсысы қорғамайды, қинайды.

Жандос пен Әсия осы ойларының кейбір шетін Нил Петровичке де айтысты. Ол Әсияның сезін іштей түсінсе де сырттай ашылып шешіле қоймады. Тек қана «сіздің тіліңіз ұстарадай. Сынызыдан ығыспауға болмластай» деп күлген.

Жәкен оны костай түсіп анығында әйелді әйел жақсы түсінумен бірге өте жақсы міней де біледі, деп әңгімені түйген-ді. Жандос келесі күні таңтертең Айсұлу мен оның шешесін өзінің қаладағы пәтеріне қайтарып жіберді. Оның және бір себебі түнде кинода сурет қарап отырғанда сыртқарап отырған кішкене ішіп алған қазақтың күндіз картада ойнап жүрген топтарының үш кісісі бір арада отырып, залда передвижканың ленталары екі-үш үзілгей шакта шам жағылған сайын дабырлап алдарында залда отырған жандар жайын сез қылыша отырған. Ишіңкіреп алған, демалыс кең байтақта жүрген бейбастақтау әкелер және де әлдеқалай Айсұлудың шашын сез қылышп отыр екен. Біреулері бойын, қайдан келгенін сұрастырады. Бейнебір жем аңсанған бөрілер тәрізді. Солардың кейбіріне Жандос қысқа қатаң ескертү жасады. Турагай болмаса да осы жөннен ызланғанын кино соңынан Әсияға сездірген.

Әсия кешке әйелдерден аңдағанын да өз есінде тұтып еді. Сонымен екеуі Айсұлудың бұл жерде жүрт көзіне қадалған сүйел снякты болмай қалаға қайтуын аз айттысып макул дескен.

Ильястың ойында Айсұлудың өзгеше сұлу бой ажары қалудан көрі бұны жазықсыз жазалап кеткендей кеше кешкі салқын сұық

наразы сұлу көзқарасы ызаландырып кеткен. Ол сол екіудай ала-
көңілмен қалды.

Көлдары бос, демалып жатқан кешегі үш адам бүгін филармо-
нияның концертіне келді. (Кешкі қала суреті.) Нил Петрович көзі-
мен қарағанда көрінген филармония үйінің кортық, жаман, тәмен
ажары. Ол бірақ қасындағы адамдарға олардың жеткілікті мәде-
ниетіне сенгендіктен келгеніне өкінген жок. Бірақ театрдың үйі ал-
ғаш кірген фоесінен жоғары шығатын директор үйінен бастап залы,
сахнасы, шымылдық қалпы бәр-бәрі де бұрын бұл ертерек кездерде
көріп өткен, бұл шақта бітті, таусылды деген аласа нашар ескі клуб-
тар қалпында екен. Екі бөлім концерттің басы капелла, аяғы атакты
кішкене бойлы, зор абыройлы даңқты көркем артистаның өнерімен
аяқтаған еді. Капелла әні тәуір болса да адам ажарымен ыза қыл-
ғандай. Бұнда әсіресе хорға алынған әйелдердің ажары сырт пішін,
мүсіні көзге сонша қораш еді. Біреуі жуан, біреуі арық кәрі, бірінің
көзі бітік, бірінің беті қисық. Арада бірен-саран тәуір жүз болса,
оларды өшіргендей. Қатар тұрған аяктары қисық, бойлары бүкіш,
нешеалуан қиқы-шойқы қазак әйелдері бар екен. Олардың кескін-
сіздігі сырттарында тұрған бірнеше еркектердің кескінсіздігін
ұмыттырғандай. Әрине біздің үш зрителіміз бұл жайды жақсы туся-
неді. Қапелла сұрыпта алған сұлудан құралмайды, талғап алған
әншіден куралады. Әрі ән, әрі сән бір арадан табылмай тұрғанын
көрмейсіз бе. Әрине іштегі көңіл әрі әншісін, әрі тымқұрса урод еме-
сін жиса, жиып көрсе тырыssa не болар еді деп ойлайды.

Нил Петровичке атакты үлт аспаптар оркестрі қатты әсер етті.
Аса ұнады. Ол бірде осы залда отырған жұрт санасына кіріп түсін-
гісі келді. Екінші жағынан өзі жүрген, көп көрген үлкен астаналар
сахранасында сондағы көрушілер алдында қандай тындалар еді, деп
те көлденен, талабы зор, бірақ әділ таразыдай, әрі білір, әрі талға-
ыш құлакпен де тындал көрді. Тағы бір кезек тіпті шетелдерге
шығарып бұл өзі шетелдерде де аз болмаған Шығыстың, Европаның
сахраналарынан тындал көрсе қандай баға ала алар еді деген түрде
де ойлай, барлай тындағы. Бар күйіне де қатты ырза болды. Әсіре-
се емірене сүйсінгені соңшалық көп кіслік, көп аспапты оркестр бо-
лумен бірге мазасызы, құлак жарап, мезі қылар дыбыстар жок, ас-
паптар жок. Ал кімін қолы сондай үн шығарып отырғаның андама-
са да оркестрге кей шактарда әсіресе жоғары ноталардың кейбірінде
адам үні, жақсы бір әйел үні сзызыла созылып араласып кеткенин аң-
дағандай болады. Оркестрдің әр номеріне Нил Петрович қатты қол
соғып қасындағы жолдастары бұрын байқамаға, мерзімінен тыс
сүйсінгендей білдірді, ашыла білдірді. Қейін үшеуі әңгімесінде бірақ
ол оркестрдің киіміне өте орынды сын айтты. Барқыт бешпет, шал-
барлар сахнадағы артист емес, жай адам киоден әлдекашаш қалған

бұл да. Оларды осы күнде орта қолды дивандар қаптауға, есік-тере-зеге партъер етуге жұмсайтынын білесіздер. Анығында плюш қаптаған диван да осы күнде мещандық вкус тәрізденеді. Сол барқытқа арзан жылтыр кешегі поптардың ризаларынан алынған оқаларды жапсырып, қонымыз бояулау о да тапқан ақыл емес.

Әйелдер киген тақиялардағы, кемзалдардағы, омырау, мандай-дағы әшекейлердің бәрі арзан. Ол елкада, балалар ойыншығында жүретін арзан жылтырактар. Қімдердің үлгісі халыктік. Бірақ оны да суретші стилизовать ету керек. Жарастық жеңілдікпен көркемдік болса батпиган, бадырайған сары-жасыл арзан бояулар емес, талғаулы, биязы, сыпайы ұстамды түстермен келісті құралу керек. Мынау күім қысқасы жақсы оркестрге лайық көркем сахналық күім емес, деді.

Екінші көп домбыра көп есу өзгерумен қосылады екен. Ал жалғыз домбыраның сахнаға күй тартып шығуы аса үнсіз, әлсіз, дәрменсіз. Бұндай европалық үлкен сахналық аспап емес, өзі екі-ақ ішекті, қоңыр фана аз үнді, әлсіз үнді аспап болғандықтан оны өз орнында жұмсау керек. Мысалы жалғыз балалайка, оның шанғырлаған темір ішегі дыбысын қайта қатты естіртеді. Бірақ сонда да сол сахнаға жалғыз шыға ма? Мандолина, жеті ішекті гитара, тіпті көп халыктар қолданатын гармоника-баяндар ділмар айтқыш емес пе. Бірақ солар сахнаға әсіреле филармониялық мәденинеті зор дейтін сахналарға шыға беруге бола ма?— деп бір қойды. Оны Әсия ішінен онша қабылданған жоқ. Ол бұндай сын ойды домбырағайында тегі ойлап көрмеген болатын. Ал өзі Батыс Қазақстаннан болғандықтан ертерек бала кезінде ауылда да, қалада да, аудан орталықтарында да бірталай көңілді мәжілістер тек домбырада күй тартумен фана өтетінін білуші еді. Сондықтан домбыра үнсіз, дәрменсіз және қызықсыз деп ойлап көрген емес-ті. Ал бар нәрсеге өзі сынап қарагыш, өзгенің тың сын ойларын андағыш Жәкен үндемей ойланып қалды.

Ол бір сәтке өзін Карповтың орнына қойып ойланғанда солай болса боларлық-ау, бұл кісі тың құлақпен көлденененің қарап біздің үйреншікті болып кеткен сынсыз қабылдайтын кей жайымызды оқыстаң қапысыз дәл көріп отыруы да мүмкін деп ойлады.

Ушеуінің бірігін машинаға міне бере айтысқандары филармонияның үйі-жайы еді. Оны Жәкен аямастан қатты қорытып: «бұл біздің столица Алматының 40 жыл жасаған мәдениетті республикасы Қазақстанның бүгінгі позоры — уяты деуге» батылым барады деді. Аса қатты ашумен айтылғаң өкім еді. Бірақ қамқорлықтан, намыстанудан филармонияның өнершілерін аяп суюден тұған ашулы өкім екені даусыз еді. Корытынды бір-ақ ауызбен бір-ақ сейлеммен соншалық салмақты айтылғандықтан Карпов та, Әлимова да үндемей отырысып қалды. Дұрыс деудің, дәл деудің енді қажеті де жоқ еді.

Келесі екі-үш күпшен соң қалаға жиі кетіп, ұзақ уақыт өкімет үйінде болып қайтып жүрген Нил Петрович Алматыдан жүретін бопты. Оны да өз аузымен айта қойған жоқ еді. Демалыс үйінің бар қонақтың бар жайын бүрін біліп жүретін сестра-хозаяйка Әсияға бүгін кешкі ас алдында айтты. Қейін түнгі астың соңында далаға шығып дағдылы скамьяда гүл бағының қасында отырысқаңда екі танысына Қарповтың өзі де айтты. Ол Түстікке қызметке барады екен. Андай келе оның обкомға баратыны және бірінші хатшы болатыны мәлім болды.

Әлимова сопысын бұл кісінің айтпай келгенін, сездірмей келгенін таң көргендей болды. «Біз де партия мүшесіміз, тым-құрса сездірсе не етуші еді» деген еді.

Жандос бұл оқыс жайлы хабарды салқын ой мен басырмен ұғынды. Ол Қарповтың жаратылысындағы және өмір дағдысындағы ұстамдылық, беріктік осылай болу керек деп аңдады. Шешілмей, болмай тұрып, болсам керек деп айтқаны лайық болар ма еді. Бола алмай қалса біз өзіміз де алдыңғы долбарын жеңілдік көрмес пе едік, деп ойлады.

Әлимованиң ойы оның жастығынан және өзінің әр кезде сеніскен жолдастыққа аса қымбат баға беретін және өзінің сондайға шынышыл бейімдігінен әйелдік турашыл таза және жастық көңілінен солай ойлаған еді. Жәкенің бағасын естігенде ол өзінің ішінен «А, мен асығыс ойлаптын-ау, жауапты адамдар сыр мінез, шын мінезде де ұстамды, сәл сараң, сырлы болуы керек шығар. Мениң әлі тәжірибем оған жетпегені, толмағыны болар»,— деп ойлады.

Жүрерінде Карпов бұларға бірнеше орындарда болып, бірнеше жауапты басшы адамдармен жұз көріскенін айтты. Ол Орталық партия комитеті, Министрлер Советі, Госпланғана емес, оларда қунде болатын бірнеше жиналыштарында да, мәжілістерінде болысып шыққан. Жоқ, ол және Ағарту министрімен, Денсаулық министрімен, Мәдениет министрімен жұз көрісіп танысып мол-мол сөйлесіпті. Ол академия басшылығымен де ұшырасып, сөйлескенін айтқан. Бірақ «көрістім», «сөйлестім» деумен кейдеға «толық сөйлестім, қызық сөйлестім» деген сияқтылардыға жарым сөйлеммен білдіреді де одан әрі жазылып ашылмайды. Мынау таныстарына аржақтарын қазбалап сұрастыруға орын да қалдырмайды. Қабак, үн, ажар, әр мінезге шек қоя, әр сөзге де жиек белгілей тоқтау салып қояды. Дәл қоштасарда Карповтың бұлармен ұшырасқан сөзі тіпті аз болды. Екеуіне де екі жерде кол ұстасып амандастып: «Сіздермен танысып, сөйлесіп жүру қадірлі болды. Қалғанын не айтамыз. Түстікке келсекіз күткен қонақ боласыз» деп Әсияға айтты. Жандосқа қоштасар жерде айтқаны «сізді мен өзім қызмет істейтін майданда әр кезде ұшыратсам ырза болалар едім» деді. Анау жөнін сұрағанда шынын айтайын ба, сіз-

дегі бір скепсис, маган көп оптимистікten біздің өмірде көп ауызбел күнде көп-көп айтылатын оптимистіктен керегірек, пайдалырақ, тәрізденді. Әрине өмірдегі бар дүниеге сіз олай қарамайсыз да. Сізге жаңе қарсы айтатын дау да көп болар. Бірақ сізде сол дәлі шынышылдықпен байланысты болғандығы үшін маган күтпеген қымбат жай есепті болды. Соның бәрі үшін сізге ракмет. Түстікке келуінізге, жиі келіп журууцізді тілер едім. Өйткені сіз еркін құссыз фой»— деп күліп барып Жандостың қолын ұзақ та қатты қысып қоштасты.

Екінші тараудың жоспары

Карпов облыста. Бұның алдынан шыққан облыс жайларының қынышылықтары әр шаруа, әр өндіріс, әр аудан, әр сала колективтер істерімен, жоспарларымен, бүгінгі күнделік болмысымен оралды.

Қорғасын заводының директоры жаңадаған обком бюросының қаулысы бойынша орынан алышыпты. Оған алғашқы себеп «Социалистік Қазақстанда» жазылған түстіктеі тілшінің кең салмақты, дәлледі мақаласы. Соны Москвада, Орталық партия Комитетінде оқып біліп, зор мән беріп, Орталық Комитеттің нұсқаушысы мықты өзбек жігітін жіберген. Ондағы үлкен айып — заводта үлт жұмысшылар кадры жоқ. Олардан мамандар өсірілмейді, жеке мамандарға жол берілмейді. Қазақ, өзбек жұмысшылары жиындарда қатты сын наразы сездер сөйлеген. Әсіресе ескі қорғасын заводы салынғаннан бері тұрақты бол істеп келе жатқан коммунист кәрі жұмысшылар қатты сын айтқан. Тілші осыны жазған. Бюро Карповтың көзінше соны қарап, бұрынғы хатшы завод директорын орынан алғызды. Бұл бір сала туйінді жай. Себебі жиынтыста цемент заводы, масложир комбинат, тоқыма фабрикасы, Пресс-автомат заводы, Химфарм заводы, бәрінің де директорлары, завкомдары, партия үйімінің хатшылары болысып, өздеріне кезекті сын боларлық ортак олқылықты мойындастып танысып кеткен.

Және бір сала ауыл шаруасы. Облыс үлкен тартыс — мақта жинау науқапының үстінде. 50 мың адамды Алматыдан Министрлер Советінен, республика көлемінен сұрап алып, шөлдегі үш ауданға айдаған жатыр. Бар облыс «мақта-мақта» қамында. Оның қызы, ауыр күп-түн дегізбейтін әлек ағымына түсіп алған жандар көп.

Карпов өзі де ең алдымен бар ықласты соғап берген. Бірақ облыста мал көп. Оның әсіресе терістік шеттердегі құмшектеріндегі аудандардағы жайлары көмек бейілді керек етеді. Қам жеткілікті ме жоқ па? Солардың хатшыларын, басшыларын қабылдап сөйлесу. Арада ұсақ та қынышылық бар. Химфрам заводынан көп килограмм морфий үрланған. Бұл қазына бағасымен алтынға бағаланғанда зор сома. Бұны үрлауышылар жай үры емес, бір шеті, киыры көршілес шығыстық шет мемлекеттерге шығып жататын операциялар.

Қалада жоғарғы оқу орындары, олардың үй құрылыштары жалпы қала қам-карекеті — бәр-бәрі алуан-алуан істерді көлденең тартады. Облыста Совиархоз бар. Оның да обкоммен көп жақты байланысы да, обкомга сүйснер, артар үміт салмагы да, көмек тілер қыншишылығы да көн. Оның өзіне наразы тонтар және мол. Қала өндірісінің кіндікtes сабагы Кентауда, Ашысай, Байжансайда, олар талантарының тағы да талайы обкомга кеп сарқады.

Карнов осылай жан-жақты қайнар өмір жегініне түсті. Дәл осы шақта түстік мақта ауданының бір колхозының фермасында студенттер тобы еңбек етіп жүр. Ұларда медпункт бар. Соңда Ильяс практикант, тынымыс жұмыс істейді. Ол күнге күйгеш. Сол қалпында өзгеше еңбек кімін күнде сүйкімді, өте мінезді еңбекші. Тыным жок. Бір сөт соган су техникі Сагит келеді. Ол қолын жарагаған. Соны емден жатқанда ойда жоқта колхоз бастығы Айсұлуды машинадан сүйен түсіреді. Ол жаңа макта тергіш машинадан оқыс құлап түсін, нығы шығып кеткен.

Ильяс танымай қалып, артынан танығанда қатты түршіге жаңы ашыны, үстіндегі кімін ерікіз өзі шешіндіріп қараса нығы емес, шынтағы шығып кеткен екен. Соны Ильяс өзі қолма-кол Айсұлудың қолын жүлқа тартып, оны бебеулетіп, ашуландыра айқайлаташып тұрып, шыққанын орнына салып жіберді. Қойлегі нығына шейін, кеудесінің жарымына шейін шешілген. Аппақ уыз жас еті бар Айсұлу Ильясты гана таң қылғаи жок, қолының жарасын таңдырып отырган су техникі Сагиттің көзіне елтіткендей әсер етті.

* * *

Сол күні кеште аудан орталығында Әбілмәжінің үйінде Сагит отырған. Женгесі Әсел семіз, келесті кінінген, толық нұрлы жүзді әйел Сагит пен еннесі екеуіне үй ішілік бір ой, сыр, ақыл қосып отыр. Онысы айнала дүние шырқ үйріліп жатқан науқанмен жұмысы жок, ермек, қызық керек. Сол ретте Сагитқа «оқу бітірдің, қызметіңе келдің, үйлен» дейді. Және үйленетін кісіні менің көреген көзім жаза баспай танын, тауып жүр. Ол «Қызыл жұлдыз» колхозындағы жесір қатын Нұрбүбінің қызы дейді. Сагиттың ишесі Нұрбүбінің біледі. Оның көңіліне Нұрбүбінің қызыдан бұрын ол шаруаның мығым болғаны, Нұрбүбінің үй іші жасаулы екені оралады. Әсел мен екеуі әсресе осы жәндеге тұмсық тиістіріп, келіс шүлгіса кетіседі.

Сагит дәқір, дүңк етпе, сөзбен, салқын жүзбен женгесін дарытпайды. Бірақ кейің болмаса, бүгінде ол ойланған жок, жатырқайда. Өзінің көз алдынан қүндізге көрінген Айсұлудың нығы кетінейді. Ол болмаса жар дегениң, қатын дегенінің түкке керегі жоқ дегендей еңесе-сі кеткен. Қүндізгі қатты қызығұына енді мыналардың үйлену керек

дегені бір жағынан қабысқандай. Бірақ олар Айсұлудан айыратын сияқты. Сондықтан көзір бұл жабыса берген Әселге ашулы сөз айтып үйден атқып шығып кетеді.

Әсел мен көрі шеше оңаша сейлескендегі Нұрбұбінің үйінде жасау мол екені кемпірге мәлім екен. Ол соларды санаң, қызыға сейлейді. Җүнисекүмар, көрсекзызар Әселді соған, әсіресе соған қызықтыра түседі.

* * *

Бар облыс өзінің бар ауданымен, қалаларымен, аудан, кала атаудыңғы коллективтерімен тұгелдей Тұстіктегі үш ауданға бар қайратты төтіп жатқан. Обком хатшылары, облисполком бастығы әр ауданиның бір секретары, бір райисполком орынбасары осы үш ауданиның колхоз, совхоз бөлімдерінде, фермаларында. Клубтар, мектептер, кинозалдар, әралуан кеңселер бор-бәрі үйді-үйлерін босатып беріп, облыстың әр тараҧынан келген көмекші жұртқа орын, ас, жай әзірлесіп берген. Қазір Алматыдан келген топтар да озгеше көп. Солардың бір тобы медицина институтиның коллективі. Ильяс осылар арасында. Бұлар «Қызыл жұлдыз» колхозының фермаларында макта теруде.

Айсұлу еңбектен мүгедек болып қалып скі рет Ильясқа келіп көрінді де, соңғы келгенінде тамагы ауырғанын білдірген. Оны Ильяс аудан дәрігеріне барып көрінуге жібереді.

Аудан орталығында кешкे обкомының бірінші хатшысы мен облисполком бастығы Ақан Сұлтанов. Әр ауызда бұл кеште сводка. Колхоздар, совхоздар сводкалары ауданға жылады, аудандар сол сағатта топтаган, корытқан сводканы Ақан Сұлтановтарға, обком, облисполкомға жөнелтеді.

Колхоз бен колхоз жарысын, үш аудан кезек озысып науқан қайнар шағында. Лепин ауданының орталығы жап-жактан шапқылап келіп жатқан, кетісіп тарап жатқан машиналардың сигналдарына толы. Айқыш-үйкыш жарықтары, борай үйтқыған шаңдары қайнар штаб бүркіраган қызы өмірін анғартады. Дәл осы шақта Әбілмәжінің үйінде Айсұлудың қатты қысылған, қиналған шағы еді. Ол тамағын көрсетуге рұқсат алып күпдіз емханаға келген. Кезекте көп отырып, кешеңде шығып колхозға қайтуды ойлағанда машина тез оралған.

Күн кешкіріп бара жатады. Аудан орталығында шешесінің туыстары бар еді. Онда жеңге бар. Соған барып қонбакқа беттеген Айсұлуга Әсел кездеседі. Ол Айсұлуды жақсы біледі. Шешесін, әкесін біледі екен. Асты-үстіне түсіп оралып, өзінің үйіне қонуга шақырады. Імыйртта сол үйге күйіндай асығып Сагит кіреді. Ол Айсұлуды көрсе тақатынан айрылғандай.

Айсұлумен сөйлеспек болады. Бірақ тұрпайы және арсыз омырау. Айсұлу бүндай мінезді көрген емес. Тыңқа шығып, кетіп қалайын десе кеш қараңғы тартқан. Апаларының үйі алыс. Сағиттан сескенеді. Бұнда да қала алмайды. Самауыр койып жүрген баланы оңаша шакырып алды, соны аласының үйіне жұмсайды.

Сағит пен Эсел бұған неше алуан жағымсыз жабықсан мінездер көрсеткен сайын іштей ашулы үнсіз берік түйілген Айсұлу жауап бермейді. Оның кеудесі толған қарсылық, ыза.

Сол кезде жеңгесі келіп ертіп кетеді. Бірақ қараңғы көшеден бұрыштан алдын орап, қараңғы қалың ағаш түбінен атқып шығып Сағит қолынаи үстайды. Бұл ашууланып, Сағит скенип танып жактан үріп жібереді. Сағит бұның білегіне пышак салып алады. «Жерге кірсек де сені мен аламын» деп қасқырша қомағай тілек айтады.

Айсұлу емханада емделеді. Жеңгесі мен екеуі ақылласып Сағиттың жамашилығын райкомолга айтады. Милиция орны біледі. Жігітті жауапка тартады. Бірақ прокурор ағалары араласып босаттырып жібереді. Бұл шақта Ильяс Айсұлуды жоғалтқан қалпында қатты іздесу, алабұрту қалпында. Ол өзіне не болғанын білмейді. Құндіз-түн кез алдынап Айсұлу кетпейді. Бірақ бұған сол колхозда істеуші бір жастың әкелген жаман хабары болады. Ол Айсұлудың жарасын өзінің кінәсінен деп Сағит пен Айсұлу арасын жақындық қалпында өсектейді. Бұл хабар тері әр ауызға тараған. Таратқан Эсел, Сағиттер.

Айсұлу одан да хабарсыз. Ильяс бұл хабардан жарадар болғандай. Ол өз көнілінен иекілса тез Айсұлуды шығармақ бол өз-өзімен арпапысады. Дәл осы түнде Айсұлу болса Сағиттың жауыздығынан жирену ретінде өз-өзіне себебі мәлімсіз күйде қайта-қайта Ильясты есіне алушмен болып еді.

Облыс макта майданында мақтанарлық табыска жетті. 200 мың міндетті жоспардан көп асырып, мақтанды аяқтады. Жарықсан Ленин, Қирров, Пактарал аудандары аяқтап келгенде Ленин озады десе де Қирровтың озуымен аяқтады. Киров ауданының хатшысы мактан алып шықты.

Көлбаев Мұхит емес, Баймұхаметов Мұқаш Киров ауданының хатшысы арық сөйлеп, семіз шықты. Асығыс келгеніндей қайтуда да жиналу, жөнелу асығыс болды. Ильяс алас үррап, ішінде от жанағандай қиналу күйімен реңіш, ыза тағы араласқан өкінішпен кетті. Ешбір байлауы жок көлденең тілеген арманды ойы іздеғені болмаса да колхозга көмекке келген көп жүрттың жөнеліп жатқан топтарына Айсұлу қимастық өкінішті реңішпен қарап қалды. Соңғы бір күнде ол өдөйі ізdemей оқыстаң жолы кезігіп медпункт жанынан өтіп бара жатып Ильясты көріп еді. Ол бұған өуелі анықтап қарап таныды да зорғағана бас шіп, салқып амандастып, тез бүржилеп кетті.

Айсұлу жүзінде қатты жүдегендей көрінсе де іштегі реніш мүсінекең жоқ. Айсұлу Ильясты тәкаппіар асқақ көріп, өзінші іштей кінәлаумен кеткен. Өткізіп койған бірденем бар ма, менің ол кімім еді. Оның соң қараған, теріс қараганында не келіп, кетері бар деп Ильясқа реніжи түсті де, іштей сол реніші үшін өзін кінәлай тартына түйіліп қалған.

Үзінші тарау

Макта жиналғанин кейін, облыс бұл жөндегі жоспарын толтырганин кейін бұрын бірінші секретарь Алматыға — орталыққа аудысады да, соның орынна Қарпов келген. Макта науқанында Қарпов істеген жоқ. Алматыдағы таныстарымен коштасын демалыс үйінен аттанғанда ол өзі де бір айлық демалыска кеткен. Обкомга баратыны анықталып болса да ол кезде қызы жүріп жатқан макта науқанын, макта ісіне, ауыл шаруашылығына тегі шебер және облысты жақсы білетін бұрынғы бірінші секретарь аяктан шыксын дескен-ді. Қарпов өзі де соны макұл көрген. Ол облысқа макта жоспары біткен соң келгені сол.

Жоғарыда екінші тарау басында Қарповтың алдынан шыққан облыс жаңаалықтары, қыншылықтары сол макта науқаны біткеннен кейінгі күзде басталады.

Облыстың ауыл шаруашылығы жөнінде мактадан сонғы ендігі үлкен қамды керек ететін мал шаруашылығы. Малдың жем, азық-коры аса қажет болатын қысқа катаң болса жұт болып кететін көтерлі аудандар бар. Ол терістік екі аудан. Малдары және қысқа қарлы болатын жолдарды бораны басып қалатын Қаратаудың аржағындағы елдер.

Карпов әуелі облыстың бір топ аудандарын танысу ретінде арамалақ болды. Сөйтіп ол Ноян ауданы, Ұзақ ауданы, Шенгелді аудандарын аралауга шыкты. Алматыда, облыста бұның көптен бері көп естін жүрген жайы мал жөні. Малда жүрген адам жөні. Және Қазақстандай мол құмы, даласы, таулары бар республикада сол табиғат күшін мал өсіріп пайдаланудың дұрыс жолы қандай болуы керек екенин Қарпов көп есітетін де, көп ойлайтын. Шопандардың өзі қандай жұрт, олардың өмірі, өмір жағдайы не? Қыста жұт болатыны бар, себебі не? Құтылу шарасы қандай? Сан мың жылдық мал өсіру тәжірибесі бар бакташы жұрт не ойлайды, не тілейді, неңі маслихат етеді? Қарпов көп жайды сол қысқы жағдайы қын болатын аудандардың жүртшылығымен сөйлесіп, кеңесіп бар шынды айтысып, ашысып білмек болады.

Ол қасына Алмасбек пен Ерімбетовты ертіп жолға шыгады. Жол жаман. Ноян ауданын көріп тау асып, Ұзақ ауданында кейін құмды

қыстайтын «Көнекент» совхозына келеді. Ол совхоздың директоры Есенов Эбді, әйелі сұлу келіншек Құндыз.

Аудан хатшысы Есдәулетов осында келеді. Екі ауданының басшылары облыс басшыларымен бас косқанда қысқы қамдары түгел орындалған сияқты сөйлейді. Карпов қатты қадала таңысып, терең ойлай бұларға ескерту жасайды. Жоспарларының бәрі де, әзірліктерін де, азықтарын да женил қысқа сенген есепке құрылған. Қыс қатты болса, кар қалың түссе азық жүретін жол бекіп қалатын болса, малдарың немен күп көру керек. Ол жақтарың шешілмеген. 100 процент кишиншылықта 100 процент қамсыз стетіп қор-азық болу керек. Ол жок. Сонымен алдағы қыс бәрімізге де син деп қайтады.

Ұзақтың хатшысы әсіресе Карповка дау айтып, орынсыз есептер атап көз бояй береді. Ноянын хатшысы мен райисполкомы Шәріпов, Жарасовтар Карповка шынды айтуға тырысады.

Осы жолда Карпов Ұзақ ауданында жік бар екенін айдайды. Оған арыздар түседі. Анықтағанда Есдәулетов пени райисполком бастығының аралары жөнді емесі байкалады. Карпов оларға қатты ызғар көрсетіп, бірінші істеу жөнін айттын кетеді. Бірақ аудандагы жіксімдік кейін совхоздан да өз бетімен өзіндік желісін табады. Мысалы «Көнекент» совхозында бірнеше адам арасында жайсыз күй бар. Совхоз директоры жас мығым зоотехник Эбді Есенов Құндыз деген қызға былдырып үйленген. Ол қызға зоотехник Асылбек көз салып ниет қып жүрген. Осы совхоздың белім бастығы Керімбек осы ауданың қазашы, ескі тәжірибешіл, білгір және ықсаяқ адам. Ол іштей Эбдіге наразы. Асылбек болса жау. Солар совхоз ішінде Эбдіге жақсылық келейін демейді.

Қысқа деген әзірлік, кам-карекет ретінде бұл қырынкабактық түбіндегі өз белгісін берердей. Ал Эбдіні аудан хатшысы Эріп Есдәулетов сүйен тууір көретін болғандықтан, Керімбек пени Асылбек райком хатшысына қырып қараң жүрген райисполком бастығымен іштей инеттес, іліктес болады.

Карпов осы жолда өзі баға бермесе де әйел мәселесінің бүгінгі үлкен жауапты совет қызметкерлерінің қарым-қатынасына, әлеуметтік мінездеріне әсер етерлік себебі болар деп сене қоймайды, елемейді. Өзі болса Құндыз бен Эбдіні аса жарастықты, сұлу жастарды жылы тартып, ұнатып кетеді. Осы санаарда Элім Ерімбетов пени Алмасбек Жайлыбеков сияқты Карповтың қасына ерген облыстық қызметкерлер Карповты Ұзақ жерін аралауга шақырады. Қысқы жол бұл өлкені Қазақстаннан, облыстар беліп, жырып тастанайтынын үлкен кишиншылық етіп айттын береді. Бұлар құмдағы Жуантөбе совхозының шегіне шейін барады. Қаратаяудың арты бетіндегі Шолаккорған, Ұзақ өлкелерін аралатады. Жол қындығын, шопандар өмірін көп көрсетуге тырысады.

Карпов көніліне үлкен ылғалды ойлар оралады. Мынау өлкесі, мынау тұрмыста сибекіші слдің мынау болмысында әлі социализм орнамағанын ерікіз мойындайды.

Осы жолы Карпов Бабата дейтін ескі корған орнына келеді. Бабата мешіті бір ескінің айғагы. Соның қасында совет археологі сай арасынан қазып, аршиған ескі хан сарайы танылады. Осы мешіт жайнида аз үйлі колхоз бар. Сонда отырын Кариов 1917 жылы қайғылы каза тапқан Үміттің сүмдүк өкігасын есітеді. Жакында бір-ақ белдің астында ғана қасқырлар заңы билеген өмір өзінің қызыр жолын, маскара корлық бұраң жолын қалдырып кеткені білінеді. Үмітке ариалған ел ақынының поэмасы бар. Соны бір мұғалім жырлап береді. Осы ақын өзінің бала шағында, жас бозбала ақын кезінде Үмітті көрген, Үмітке сыртынан асық болған, ашыла алмаган арманда зарлы шер шегіп қалған жастың өзі болады.

Сол кейін Үміт жайшиң өзінің жүрек канымен жоллар тізіп, жазып жырлаган ақын болады. Сол зар снадаң, қайғы-қасіреттен туган ақындық осының ақындығы есепті болады.

Аудандармен Кариов алдағы қыс жөнінде катты серттер айтты кесесін кетеді. Осы жолда атакты шопандармен өзі жүз танысын, үйлерінен дәм татысады. Кінің үйдің жайын әртүрлі сез еткен әңгімелер болады. Осы жолда облыс профсоветінің бастығы Алмасбек Кариовқа катты үнайды. Ол турашыл, сыны көп өзіне де, өзгелерге де талабы зор жас. Қазақ халқы бүгінгі тағдыры жөнінен Түстікке және қандай ескілік қалдыны қайшылықтар, ерсіліктер барын жасырмай, тұра әңгімелейді.

Екінші бір жолдасы Әлім Ерімбетов те үнамды адам. Ол мал шаруашылығының хатшысы да. Өзі бұрын флотта істеген. Мықты, төзімді, ете мінезді жігіт. Ол аудандардың өзірлігін жарамды деген жақта. Жаңа келген бірінші хатшыға ауданды, адамдарды, жалын қазақ халқын жақсы, үнамды етіп көрсетуге тырысады. Өзі әнші, кейде домбыра тартып та «Жоңып алды» сияқты сәнді әндерді жақсы айтады.

Алдағы қыс туралы шопандар аса жақсы сөйлемейді. Алмасбек иен Кариов содан көп нәрсе түйеді. Ал Әлім бұл жорамалдың көбін жақсыға жоруға тырысады.

Алмасбек құмды пайдалану өкімет тарапынан бүгінгіден әлдекайда зор кам-қарекет, үлкен қаражат жұмсаган шарттарды талап ететінің айтады. Осы Түстікте кар жауганда бүкіл бір аудан тау ішінің жолы бескілін қалып, облыстан, Қазақстаннан, жалпы Отанинан бөлек жырылып қалады. Арктикада, мұз үстінде Отанин жырылып қалған зимовщиктер халінде болады дегенге сенуге бола ма? Болмайтын сияқты. Ал мына отырган Ұзақ ауданының жүртшылығынан сұра-

ңыз, қыс Баскент пеш аудан орталығының өзі самолет болмаса басқа транспортпен мұлда катышаса алмайтынын айтқызып көріңіз.

Бұл қыныңылдықты аудан алдындағы қайшылық қана емес, Карпов обком алдындағы, жеке облыс жөніндегі барлық жауапты орындар алдындағы қайшылық, карсылық дең санайды. Бұл да Үмітті tragedиялық халға салған ескілік қынныр, қара қүштің табигат жағдайындағы жол бермес, мойынmas тоңмойын қара-карсылық бөгеті есепті аңгарылады.

Tortiñiň tarazu

«Қызыл жұлдыз» колхозында күздің үзак түні. Өзінің кішкене көрасында үлкен түн өрік ағашының баурында сынаның үстінде Нұрбұбі, Айсұлу, Арман үшеуі кешкі астарын ішеді. Арман аса жақсы бала. Ол 16 жаста. Бойы биік, өні Айсұлуға қатты ұқсайды да, бірақ еркек болғандыктан кесегірек. Әсіресе мұның мұрыны биік, көз ұсы да тереңдей түскең. Өзі ақшыл қызғылт Айсұлу сияқты шешесі рендерес. Тері осы екі баласы да шаштары ақшыл қызғылт өндері, бояуы жагынан кезінде сұлу болған Нұрбұбіге ұқсайды. Ал жалпы мұсін, пішін — бас, көз, мұрын, ауыз, құлак жактарынан скеуі де әкелеріне ұксайды.

Бұғынгі кешті де Айсұлу әлдебір орайда әкессін есіне алған. Содан кейін үшеуі де косыла әке жайын оңаша көп мүңдал еді. Нұрбұбі балаларынан қырындағы отырып, үнсіз жастар төккен. Ол әке кешегі ұлы соғыста, қан майданда өз орында ерлік көрсетіп қаза тапқан. Ол медицина фельдшері болатын.

Жаңдос бұларга әрі ага, әрі Айсұлудың әкесі Саттармен осы түстікте, ауданда да, Баскент қаласында да көп уақыт бірге жұмыс істеген. Сондыктан ол бұл үйдің балаларына әкесінің әкесіндегі қымбат көрінетін. Ол да үзап кеткен уақыттар ерте күнгі болашақ естегілері еді. Бір уақыт Айсұлу анасына, інісіне ренжімес үшін жұбаныш айтады. «Әкениң орын бар, ол осы жайда белгі калдырыды, ол өлген жок, өйткені үшеуіміздің жүргемізде қалды. Арман екейміз сол әкениң тірі қалған жан денесі, бөлімдеріміз» дейді.

Арман жайынында бүндай сырласуды ауыр көруші еді. Шешесін Айсұлу ашық сойлесетін де, бұл ішінде көп-көп толғанып қамығып ойлайтын. Әкесіз үйдің жетімсіремейтін панасы, қорғаны өзіммін дең өмірлік өз жауаптылығын жақсы ұғынатын.

Айсулудан аса жақсы ұғынганы бойынша ол барынша жақсы окуга тырысатын. Биыл тогызынышыны бітіріп, опыншиға ете жогары бағалар алушмен өткен. Енді опынши класс сабағын күздейтін еңбек соңынан үлкен бір қомағайлықпен ынтыға, қатты тырыса колға ал-

ған-ды. Ол шешесімен екеуі Айсұлулың биыл Алматыга барып жоғарғы окуға түссе алмай қайтканина әрі намыс ететін, әрі апасын аяп киналатын. Айсұлу болса Жәкең мен Әсияның кенесі бойынша яшварьга дейін катты әзірленуге, ол сол университеттеге кайта барып сырттай оку бөліміне түсін қайтпақшы. Осы жөнде Арман шаруашылық жайда ешкімің көмек керек емес. Үй іші, өзі шешесі екеуі Айсұлудың калага бару жолына, бір-екі ай оқып кайтуына және келесі жылы университеттің өзінде окуына осындағы сибек табыстарымен мейлінше камтамасыз көмек етіп тұруға серт беретін. Биыл жоғарғы оку орнына түссе, Арман өзі мойнына көтеріп алатынын уәде қылған еді. Арапары екі-ақ жас, Нұрбұйнің бұл екі баласы әрі аналық мактанды да, әрі тірек жарагастығы, кос шынары, кос алмалы өзі етіп, өзі есірген нісі, жемісі жадынан кетпес кос саулесі болатын:

Бұлар кейде әзілдесе, күліссе ақырын күбірләй сейлессе сынаға жайғасып жатысын калды. Түн ортасында Айсұлу түсінде өзін капсыра күшактап әкетіп бара жаткан түгі катты каға аюлы көріп, шошына айғайлай берейін десе үшін шыкнайды. Сол арада ояна бөрсө өзін шын жарім-жалақаш күйінде ана койынан жұлдың көтөріп алғып бара жаткан адамлы аңғарады. Караса Сагит. Айғайды салып, Сагиттың бетін кос колыммен шапалактап, жұдырыктая тыриай айғайлайды.

Шеше айғайлай оянып, шошынын суріне жығылып, артышан жүгірді. Кайта үмтұлып, көп жұлмалап Арманды оятады. Айсұлудың айғайлап көмек сұрап бара жатканын аңғарған Арман тұра үмтіләді. Есік алдында жүк машинасы түр екен. Соган такай берген Сагитты желкеден койып жіберіп дудыраган шашынан кейін карай жұлка тартады. Осы кезде бұлқынған Айсұлу арак демі аузынан аңқынған Сагиттың күшагынан босанып кейін қашады. Шешесі екеуі күшактасып бір сәт түрін калады.

Арманмен алыса түскен алиамсадай Сагит балзны бір сөтте колындағы темір қуралымен желкеден періп үрүп, мұрттай үшырады. Машинага міне сала кейін шегін дейді. Айғайды салған ана Арманға түр дегеніше машинаның алдыңғы дөңгелегі Арманның қеудесін күтірлестіп басып өтеді.

* * *

Осы өлімпің артындағы неше алуан шытырман жайлар. Тацат колхозшы аудан прокурорына, милицияға барады. Шофер мен Сагит үсталған. Әбілмәжіп, Әсес әрекеттеге кірген. Судья Әділ Бекбаев, прокурор Қасен Саматов бұл оқигалардың ортасында. Бұл істен райком секретары Қөлбаев Мұхит хабардар болады. Оған Нұрбұй мен Айсұлу келіп зар шеккен. Райком секретары Социалистік Еңбек Ері,

мыкты жігіт. Ол басында катты екпін ашумен сотка, прокурорға өте катал нұсқау береді. Екі айынкер үсталған. Бірак шофер панасыз, тұғансыз, жалғыз жігіт, ішкіш. Енді Сагиттың көп камкоры сусылдан сөзге араласып, іске кіріседі. Содан әүелі милиция актын жұмсарады. Кейін прокурор себепті көбейтеді. Судья шоферді 10 жылға кесіп, Сагитке 4—5 жыл береді де, оны амнистияға салады. Қыскасы енді үш айда Сагит шыгатын болады.

Айсұлу барыша ызалы, намыска толған жүрекпен Әсияға хат жазады. Жандосқа мәлім етеді. Таат шалды облыска баруга шешессімен ексуі көндірісі. Таат облыска әділестірілген кетеді.

Арада бірталай айлар өткен. Облыстың екі ауданы жұтқа ілінген. Облыс басшылары Сұлтанов пен Карпов аудандарға көмек үйіс тыруда. Мал шаруашылығы хатшысы Ерімбетов Ноян мен Ұзақ ауданына жіберілген. Бірак сводка нашар. Мал шығыны молайып барады. Казакстанның көрші облыстары жұтқа тегіс ілінген. Үміт Түстікте, бірак бұның екі ауданы және де азапта, каторде.

Аздаң соң Карпов өзі де ауданға аттанады. Ондағы бейнеттер. Коңыш бала адасып жүріп, үш күн жок бол кетіп, Карпов пен Ерімбетов, талқан жерде Қалдаяқовтың «Ақ мандайлым» әнін ызындалағайтып жүреді. «Кенскент» совхозы бәрінен көп жұтаган. Өз жерінде отырып жұтаган. Осы шығасыға қастық етіп отырған Керімбек пен Асылбек. Олар Құндызды алған директор Әбдігүл киястық жасап, солай, істеген. Осы сырдың ашылуы ұлкен оқиға. Ол талаіды шарпиды түйін. Райком хатшысы Эріп Есдаулетов осының көре алмаган.

Ноян ауданының райисполкомы Жарасов катты әрекет үстіндегі. Ол ауданының жері қашық. Құмдағы жүрт жайы ауыр. Мал төлдеуге тақап қалған. Бірақ қар кетпей, күн жылымай бейнет, шығын басымдал түр. Үйі көшіп кетіп, малымен далада қаңғып қалған шоандар бар. Карпов өзі машинасы қарға бағып, тек кана сексуел жагып бір сөтке отырады. Бұны Жарасов келіп құтқарып алады.

Ұзақ ауданы күзді күнгі Карповтың айтканы келіп, малды көп өлтірді. Әсіресе «Кенекент» совхозы жаңағыдай тұрмыс жағдайының кесірінен де бөгде шығынга үшіралды. Бұнда да әйел мәселе сі мемлекет тіршілігіне әсер еткендей жайға жеткен. Осыдан кайтканда обкомның пленумы болады. Соңда мал шаруашылығының казасы облыс колемінде катты сөйленіп, тексеріледі. Ұзақ райкомының секретары Эріп орнынан алынады.

Ноян ауданының хатшысы мен райисполком бастықтары Шәріпов, Жарасов катты сөгістер алады. Пленум мұнымен гана бітпейді. Облыска Жандос келген. Осы кезде командировкамен Әсия да келген болады.

Карпов Арманиң өлімін, аудан басшыларының мінезін Түстікте әйел мәселеسىнің дерті деп күз төртібіне койғызады. Қазірде обкомның үгіт-насихат хатшысы болған Алмаебек баяндама жасайды. Колхозның Таңат бар жайы осыған келіп білдірген де, ол ауданға арнаулы пұсқаушы жіберіп тексерктен. Газетке жазылған.

Обком пленумы Түстікте салт-сана, үй іші әйел мәселеі деген жайларды Карповтың озінің катал әділ сыйын бойынша өте жогары дөрежеде откізеді. Бар ауданының басшыларын сөйлестеді, сыйнатады. Нотижеде, Ленини атындағы ауданының райком секретары Социалистік Енбек Ері аса беделді, білгір, алғыр хатшы Қелбаевка катты сөғіс жариялады. Прокурорлар орыншан алады, судьяны орыншан алмы, партиядан шыгарады. Сагитке, ағасына, женесіне, шоферге Ленини ауданының орталығында користекті сот жасатуға қаулы алғызады.

Айсұлу оқигасы Әсеппанаң айтуышан бүршін Ильясқа жеткен. Және де Сагит пен Айсұлу арасы үғымеңз, бұлдыр жұмбак бол жетеді. Ильяс Айсұлулы бұл шакта да үмітта алмаган болса да миңнадай жаңижал, облыс көлеміндегі шулы оқигага соккай соң ішінен мулде туціліп, түйіліп қалған. Оған Түстікten кайтып келген, Әсеп айтып келген жайлар да көңіліндегі күпті түйткілді жадыратуға сенгік ете алмайды.

Төртінші тараудың кейінгі белімдерінің жоспары

Бұл белімдер үшін саты оқигаларды баян ететін болады. Әулілігі белімде Жарасовтың 6 марттан он күн ішінде басыңан кешкен халдері баяндалады. Мұнда көбінше Ноян ауданының малы, малишалары, совхоздарының қыс катаюшаша байланысты бастап кешкен бейшеттері айтылады.

Екінші саты әңгіміе Әлімнің барғанинан кейінгі мал үшін аудандар және облыс болып алысқан март аяғына такаганға дейінгі сор азап күндер әңгімеленеді.

Үшінші саты Карповтың өзі барғанинан кейінгі қыс аяғының адам баласына түскен бейшеттері, сор кынышылықтары және аудан қызметкерлерінің мал басындағы ер-әйелдердің көрнекті ерлігі мен ездіктері көріністін оқигалар баяндалады.

Енді бірінші саты оқигаларға келесек 7 март күні Нояншан құмдағы малга карай жәрдемге едәуір мол күш аттанады. Бұл істін басындарай исполнительный комитет бастыры Жарасов Элібек. Ол 5 март күні құмдағы инспекция бастыры Ержановтан: құмда хал жаксы, күн жылы деген хабар алған.

Алматыдан бірінші хатшы Касымов жаксы хабарды медеу стіл «маллы құмнаш бері Қаратай асырып алу керек» деп пұсқау берген-ді. Мұндағы хатшының бірі Есентаев Фұмар Жарасовка косылып малдың алдынан кетіседі. Алматыдан, ауданшан байласқан сез бо-

йыныша 10 марта күнинде малдың шеті үзіліп, бергі даға шығып калу керек. Нояннан Жарасовтар шыққан күні жер кара, бұл жакта кебу, сұық, аяз да жок.

Қасымов пен Жарасовтың аудан совхоздарына, колхоздарына берген бүйіркі бойыныша сол 6 март күні онда машиналар мен Бөгөн совхозының шебі жөне торт машинамен әр алуан жем, арпа тәрізді комбикорм жөнелтіледі. Осы машиналарға көмек үшін үш трактор жіберіледі. Есентасев пен Жарасов өздері М—72 машинасына мінгсін. Бар коліктің алдымен бұлар Қаратаяуга тартады да, «Тасқөмірсай» асуынан асын өтін Бабатага қарай тартады. Кейін «Алға» мен «Шеген» совхоздарының штабы тұрган Айгепеге жетеді. Бірақ Бабатадан сол Айгепеге келетін күні күн бұзылып, аспанда бұлт сұық қабакпен катты түйіліп қараснаның катты желі құтыра бастайды. Сол боранинде кесірінен 60 километр жолды жеті сағатта зорға дегендегенде жеңіл машиналардың өзімен әрен жетеді.

Боран, дауыл күнінде бет қаратпайды. Барысымен силі көшудің қамына кірісіп болған совхоздар мен колхоздарды ретпен, есеппен көшіру жайын колға алысады. 8 мартқа бар шопандарды жимақ. Хабар жіберісіді. Малды айдаудан бұрын ақылдарап. Бірақ 8 март күні боран какап кетеді де жиналыса алмайды. Енді Есентасев жеті мың қойы бар «30 жылдық Қазақстанға» атпен кетеді. «Мал қалай, отар қайда, күй қандай?»— соны біл деп жібереді.

Жарасов өзі 18 мың қойы бар Алғабасқа кетеді. Қасында бас малдәрігері Бурмистров «Красная Нива» колхозына кетеді. Онда он жеті мың мал бар. Бәрлери кешке қайта бас қоспақ болады. Жарасов ол күні қайта алмай өртсінде түс қайта оралады. Сол түнде боран былай тұрсын катты соққан қара дауылдың үстінде аяз 32 градуска жетеді. Қүндіз 18—20 градус. Қарды төгіп жібергенден күмниң өзінде қалыңдығы 45 сантиметр әк көрпе түседі. Қой халі қыңынған. Қойшылардың жалғыз мұны шөп, жем болғанмен шөпсіз оны қой жемейді.

9 март күні кешке қарай колхоздар мен совхоздардың бастықтарын жиын алады. «Бөгөн» совхозынан — Жақанов, «Қазақстаннан» — Досбасев, «Қызыл әскерден» — Қызаев, «Алғадан» — Болысбаев (ол колхоздан), «Алға» совхозынан — Байтанов бар еді. Бұл соңғы зазотон. Эңгімелескенде Қызаев күмді білмейді екен. Байтанов күмді білгенмен үйстыра білмейтін кісі боп шыкты.

Райком бюросының үш мүшесі осы шолак жиынтыстан соң онаша ақылдастып енді қойшылармен, аға шопандармен сөйлеспек болды. Керек шөпті «Көнекент» совхозынан тасып алатын шаралар жасалды. Жиыны 26 машина, 8 трактор сол шөпті тасуға кіріспек. Малшылармен кездескен жоспар бойыныша жол бойындағы кораларды есепке алысты. «Көнекент» совхозының директоры Әбді Есенов үлкен көмек-

ке бел байлан өз малына да, бұларга да жол мен жемді беріспек. Себебі мұның Қарповтың өз атынан алған нұсқауы бар еді.

Әлім Ерімбетов те оған рациямен сөйлесіп Есдәүлетовке осындай нұсқау берген. Жарасов, Есентаев шопандар бас косып отырып, қойды Қарагауга караңы жылжытқанда әрбір 5 километрден соң ашик қорага жетеді. Сол жерде тыныгады. Мысалы «Красная Ниваның» 25 отары бірі көшкен корага бірі жетіп іркес-тіркес жүріп отырады. Алдағы көшіп баратып жерді алдын ала адам жіберіп, кой жататын астын тазалап отырады. Осылай кезектесіп көшу бекітіледі. Қойшылар мұны дұрыс көрді. Тек, бірақ, әр корага шөп мезгілімен жетіп отыреши деген.

«Қөнекент» совхозы 150 тонна шөпті бермекке серт еткен. Бірақ іске келгенде атаган жерде шөп болмай шықты. Әбді Есеновтың өзін адастырган Керімбек Жанаев (белім бастығы), оның ішін Асылбек Жанаев (зоотехник) бұрын Әбдінің келіншегі Құидызды алмақ бўлышп, кейін Әбді алып кеткен соң жау бол қалған. Осылар Құидыздың ағасы Сыпатаевпен және араз. Айналып келіп Есеновты өтірікші етеді. Атаган жерлерде шөп жок бол шығады. Жарасовтар қыспакқа түседі. Мал әрі үздікіз үзак жүріп, әрі шөп, жем, ала алмайды. Енді шөп пен жемді 24 жүк машинасы, 8 трактормен екі есе алыс жерден тасуға кіріседі. 14 март күні бір сәтке кар ери бастайды. Бірақ түн 37 градус аяз болады. Кешегі ерігеннен кар 10–15 сантиметр, темен түседі.

Есентаев пен Жарасов мұнда құмдагыдан кардың аздығын байқайды. Жусан ашылып қалған екен. 15 март күні алыстан шөп алып кайта жүргендеге үш вездеход, легковоймен келे жатқанда қүн тағы онбай бұзылады. Тағы сүмдымқ жес, боран басталады, карды төгеді. Машиналар екі-ақ километр жүріп тұрып қалады. Жеті адам енді машинаниң тастап жаяу тартады. 6 километр жерді жеті сағат жүреді. Кешкі сағат 8-де Бұркіттің жонынан асып Жданов атындағы колхозға зорға жетеді.

Завмаг үйіне апарып шай береді. Бірақ сөйлесуге мұрша жоқ. 16 март күні дауыл тағы құтыра согады. Машинага кіслер жіберіп Жарасов өзі атпен «Қөнекент» тартады. Ауданга, облысқа хабар етпек еді. Рацияның уақыты өтіп кетіпті. Ертеңге шейін күту керек. Содан соң асығып түнделетіп аудан штабы Сарбасқа жетеді. Обкоммен сөйлеседі. Қайлыбеков Алмасбекпен сөйлескенде не керегіп сұрайды. «Палатка, палатка, жем, шөп» қажеттің айтады. Алмасбек көп көмекпен Әлімнің кеткенін айтады. Облыс палаткалар жіберген, 100 тонна жем жібереді дейді.

Ноянның өз адамдары да айтқан жерден шығады. «Алға» совхозының бастығы Жақанов өтірікші бол шықты. Жақанов қойды отар-отармен кезектеп беліп жіберу орынша өзінің бар койның бір-ақ катар

айдатыны. «Неге ақылдағыпайсыц, неге айтқайды, көзесиен байлаған» ды орындағысың» деген сөзді елемейді. Және койшылармен өзі кездесеппей сырттаған бүйрек стін қана жөнелткен. Шөп жеткізудің әрекетін істемеген. Жарасов онымен ұрыссады да енді Сарбаева тартады. 18—19—20—21 күндер борашыңың ең катты соккан сор күніне айналады.

Жакапов келеді. Бұлдірген де, титығы құрайған. Рашымен Карповпен сөйлесу. Бұл кезде кой сүйретіле отырын Мырзабайға шығын қалған. Отар басы 70—80 кой өлгөн. Жакаповпен катты ұрысу. «Тасбұлак» фермасының койшыларына келу. Койшылар дір-дір тоңған, койындарында тек таба нац, су орына кар жеп жүр, үйлері көшіп кеткен. Суық 30 градус. Қойыңың үсті қырау. Жұмаділов Наз деген Жакаповтың адамы жем апарған жүк машинасына машиналардың үйлерін, әйсілдері, балаларымен бәрін косын ілгері көшірген де жіберген. Койшылар сонымен баспаңасыз, ыстық ассыз қоймен бірге далада ашық аспан, ақырған аяз астында қалып койған. Енді мал жайы гана емес, адам халі де кательге түсті. Осы шакта Әлім келіп жестеді.

Әлім Шолаккорғанга келе бере Жарасовты шақыртып алады. Есдәулетовпен үш-төрт кісі бас косып отырып сөйлеседі. Ұзак ауданы өз жерінде отыру себепті Әлім енді көмекті Ноянға көрееттисек. Әлім «Көнекент» совхозының және Ұзак ауданының Ноянға үәделі көмегін, шебі мен қораларын дегендей бермегені үшін Әлім Есдәулетовке катты зіл тастайды. Бірақ үлкен сөз кейін болмак. Өзі малды, шопандарды тез аралаң көру үшін самолет алады. Жағдайды анық біліскенде «Бөгөн» совхозы машиналары үйсіз қалған қалпында үш күн ішінде екі мың бір жұп қой өлтіріпти.

Әлім өзімен бірге көп машина, бензовоз, тракторлар келтірестін болған. Қырық килограмм сары май, көп шұжық, жұздеген бөлек нац, киіз үй, шөп корын үздіксіз жіберіп осы өлкеге жеткізетін болып келген.

«Көнекент» пеш «Қалиниң» қораларын есепке алғы қора жетпеген жерлерге Әлім әкелген көп үлкен палаткаларды тіктіріп тастайды. Енді самолетпен Бөгениң өн бір отарын, панаңыз шопандарын іздеп шыгады.

Адам кательде. Баспаңасыз жүргендеріне бірнеше күн болған. Ең алдымен адам казасын болдырмау үшін самолетке азығын ала, қасына біресе Манасовты, бірессе Ұзактың райисполкомы Курмановты алғып алденеше рет үшіп шығады. Қай жерде кой көрінсе соған қоң дейді. «ЯК-12» самолеттің пилоты Петро екі рет, үш рет кой деген жерге, кар үстіне кона береді. Жеке койшыларға Әлім сөйлесіп май, шұжық беріп өздерін есепке алғы кетеді.

«Богениң» бір қойшысы елуге келген аға шопан бел шешнегенге

он жеті күп болды дейді. Ыстық ас ішпегенге де соиша бопты. Қорегі жалғыз наи — таба наи. Ішкені кар сұзы мен құдық сұзы. Бірак маддаи кетпеген. Қарасуан деген жерде ілгері баса алмаса да койға сәл талшық болғандыктан ілгері жүрмей койған. Малы өлсе де аз өліті. Соған да жылан жіберді. Өздерін тіпті айтпайды. Ең артта қалған отар осы еді. Тағы бір шопандың кездескендегі касындағы жас қомекшісі ауырдым деп Шолаккорғанға кетіп қалты. Жіргіт төзе алмай олеіздік еткен. Бірак оны Шолаккорғаннан қайта қайырады. Тағы бір жердегі койға оралады да Жарасов пеш Әлім «Красная Нива-пыш» бүрні табылмай жүрген малын табады. Конбак. Айнала үшады. Жері шокалак.

Әлім Петрога: «неде болса жол үстіне қонаілық!»— дейді. Петро бекінеді де копады. Бұлар шылса үлкен тересін бұлакқа самолет бессақ метр жерге кеп тоқтаған екен. Дәл осы жерде Шашты Әзиздің моласы бар-дым. Әлім қалжындаиды: «Бізді мына әулие үстап калды»— дейді.

Тағы да койшыға жәрдем береді. Енді жөн сұраса бір отар койжогалип кеткен. Уш күннен бері самолетпен де, атпен де іздел таппай кояды. Әлім Жарасовка сол отарды, белгілі жас койшы баксан отарды іздел тап деп ат-көлікпен жібереді. Тағы екі күндей қатты боран, сұық болады. Әлім жасаган комиссия шығынды санағанда 21 март күні «Бөгөн» совхозынан екі мың бір жұз кой өледі. Бір боранда бір мың тәрт жұз кой өледі. Енді қойлар мулде жүре алмайтын болады. Осы кезде Әлім Құрманов палаткаларды көп тіктіреді. Тапқап отарларға үй жібереді.

Ұзак ауданынан ойелдер де, ыдыстарын алып жанағы үйлермен он бір отардың койшыларына қомеккес барады. Кетіп қалған үйлерін қайта шакыртып машиналар жіберіледі. Бар койшылар есепте, қайсысы кай жерде екені енді Әлімдерге мәлім. Тек бір ғана койшы Медет дейтін былтыр онжылдық бітіріп койға келген шопан алты жұз койымен жоқ та жоқ. Оның ағайыны аға шопан Әлімге інісінің өмірі қатерде қалғанын қайғы етіп айтады. Тағы да іздеу басталады. Самолет таппайды. Жарасов бір бытқыл адыр арасына түсіп кетеді. Болса осы маңда бола ма деген үміті бар. Ең үлкен қатер тегінде адам қазасы. Оны рациямен сойлескендегі Қасымов және әсіресе Карпов өзгеше, ете қатты ескеретін жайы ең зор сын міндет деп тапсырган.

— Шопандар тірлігі үшін, өмірі үшін әрбір совхоз директоры, колхоз бастығы, аудандық басшы азамат өз бастарынмен, партия билестікмен жауап бересін,— деген болатын.

Жарасов пеш Есентаев әр жакқа кісі жіберумен бірге өздері және іздесуге кіріскең еді. Алдыңғы күндер атпен іздел таппаған сөнбүгін жанағы адырға шейін ве зехеодпен келген еді. Бір кеәде ма-

шина карға батты да түрүп қалды. Токтаган машиналардан жерге түсінде омбылаған күйде ызғырып соғын тұрған жел әкелген ызындаған бір алыс үн есітеді.

— Мына жакта адам үні бар. Осы адам үні. Әлде ұлыған қас-кыр үні болар ма?— десіп тыңдай-тыңдай түсіп белуардан карға бата омбылай белгे шыгады. Ар жағында тагы бір төбе, жаңағы дыбыс адаминың даусы екепі ацгарылады.

Келесі белгे шыга берсе қой көрінеді. Енді бір сәтте бетке каратай өрлеп шығып бара жатқан жас койшының жоны көрінеді. Ол ән салып барады. Аңдаса белгілі әнші бала койшы жогалған Медет екен. Айтып жүргені Қалдаяковтың «Ақ майдайлым» дейтін әні. Бұл койшының жогалғаны Әлімдер гана емес, ауданға, тіпті Карповка да мөлім етілген еді. Енді ол табылғанда Жарасов пен Есентаев куана жүгірісіп оны құшактап қуандарын айттыны:

— Айналайын, амансың ба!— десе береді.

Жігіт өні жер беттеніп, өзгеше тотығып жоне карты жүден кеткен болса да ажымдаған жас терісі жиырылыш апнақ кесек тістерін акситып сез кептір күле береді.

Жарасов сол сәтте таңырқаган куанышыны ірке алмай: «Сені өлі табамыз десек, әніммен бізді таитын гой. Жә өзге өзге осы жаңағы онің нер?»— дегенге жігіт, жай, баяу жауап айтады.

— Құмиан көшер алдында радиодан анықтап естіл жаңа гана үйреніп алып ем. Соны ұмытып қалмайын дең айта берем. Айтсам және жаңғызысырамаймын. Бойым да жылтынып қалғандай болады,— дегендегі Жарасов бала жігітті құшактаі алып бетінен сүйді. Оның омырауында Жарасовтың кеудесіне батырқыраган қатты бір бұылтық бар тәрізденіп еді. Наны ма екен десе, кітап екен. Қойныша салып оқып жүргені казак тілінде шыққан «Нагыз адам туралы аңыз». Наны да азайып қалған екен. Тіпті бітуге такау. Жас койшы Медеттің алты жүз койынан бір қой да өлмепті. Ол осы гана бір тіктеу колат қойтастар арасында бұта көде, жусан, селсө тәрізді қой талшық етер жем барын көреді де бар койын осы арадан шыгармай ілгері де, кейін де жылжымай жатып алады.

Жарасов Есентаев екеуі машинадарынан май, ет, азық әкеп беріп енді жакын жерге шатыр әкеп тіккізіп Медеттің малын амандан қалуга күн бойы көмектеседі. Ең алғаш ыстық сорпаны Медеттің ішкелі отырганы он бір күн откенде бүтінгі гана кеш еді. Ол шай ішін жылдынып, койларын палатка арасынан тыным алып жатқанын көретура тагы да ыңғысын «Ақ майдайлымды» қайталай жырлай жүрген еді. Бұл әнге әсіресе құмарткан басында бір радиодан ұғынын алып, артынан ұмытып қалған-ды. Бүгін таңертең Жарасовтар бүны табар алдында гана сол ән есіне өздігінен кайта оралып келгенде соны Медет күні бойы жырлап жүрген болатын. Жалғыз ән емес, сол әннің

ар жағында жас жаиның өз түкпіріндегі жұлдызыныңай ыстық жаңа маҳаббат себепкөрі де болатын. Ол мұның жетіжүлдікты биыл бітірген жас қалыңдығы Ноян орталығында калған сағынышты сүйіктісі Сағадат болатын.

Ноян ауданының қойшыларының Әлімдер жасаған көмек алғашқы бірер күндік қана азық көмек. Адамға ас жетті, бірақ май әлі өлүде, әлі қатерде. Қошшілігі Қаратай мен күмнің аралығындағы шексіз ұзақ далада қалып малтығын тұрган мал енді шөп-шөп керек етеді. Шөптің жакыннаң алынатын бір-ақ жері бар. Ол құм шеінде «Жуантебе», «Тасты» совхоздарының Шу аяғынан шапқызын жигізған мол запас шөбі. Бар машинани, тракторды сол жаққа жеткізу шарасын істей керек. Оларды жөнелтстін отгон орталығы ілгеріде Айгене деген жерде. Бұл штаб орталығы. Осыған самолеттегі Әлім Құрманов және Қаракөл тресінің бағыты Айтқазни қону керек.

Далада шеңберткемен алысқан күрес кезінде самолетпен нелер кнышға қонып сахраны жесіген қыран дес аталаған Петро Айгенеге қонуға қорғанды. Жер тар. Бірнеше айналып үшқанда Әлім оған есебін тап та қон деді. Петро тагы бір айналып төмендеп көтерілді дә сай арасындағы Айгененің самолет қонар алаңы теріс жері отыз-қырық қана метр скенін айтты. «Мен қонамын. Бірақ құмга тірсліп қонаам. Қейін үшінші шыға алмайтын болам. Бірақ жаңа бір такыр көрдім. Бес-алты километрде. Ұшарда мен жалғыз көтерілем, сіздер сол такырга барып мені содан тессатын боласыздар!— деген.

Айтқаныңай Айгенеге қонаады. Бұл кеш Әлім қакпаншы шал үйінде болады. Осы кыста, қалып жүттә қажымаган сергек жандарды осында көреді. Шалдың өзімен он жеті жасар қызы ексуі де аицы, мерген. Екі тарғыл көк шашақ кулақ жүйрік тазылары бар. Бұлар қасқыр, тұлға атаулыны қырып тастаған. Өзі де, қызы да әрі мерген, әрі бәйге ат үстайтын сергек жандар. Үйде гармон бар екен. Ас ішіп, жылынып жайлланған соң аицан келген қызы гармон тартып, ән салады. Гармонга Әлімнің аңдауыша наратайдай сыйылта қосылады. Абай әндерінің бастап, Қалдаяков, Жамақсаевтардың ең соңғы, ең сезімтал көркем әндерін жырлайды.

Әлім бұл қызды өзінің қалауы бойынша дәрігерлік техникиумына түсіруге серт етіседі. Таңертең құмнан Шуга жол ашу керек. Ұзақ ауданы бұл тұстан тауып берген шөп бітіп қалды. Нояннан жем келді. Әр отарға бөлек-бөлек палатка да тігілді. Екі жұз, екі жұз елу қозы, нашар кой сиярлық палаткалар теріс болған жок. Бұл кездे малдың тұрган жерлері Жданов совхозының, жайылма «Көнекент» совхоздарының жерлері Мирзабай, Уїлдік, Бүркітті дейтін қоңыстар.

Осы араға орналасқанмен шөп коры азайды. Жалғыз жеммен қой тірлік етпейді. «Бөгөн» совхозының Қайнарбұлақ фермасының соңада он жеті күн бел шешпеген қойшысы енді Әлімге «иңқысаң да

шөп тап шырагым» дейді. Сонымен «Бөгөн» совхозының «Фуртжир завхозы Науды он бес машинамен құмдағы шөнкө жібереді. Үміт сол болса да Нау ақтамайды. Екі күн жүріп, «жол жаман, өте алмаздық» деп қайтып келеді.

Содан екі машина, екі трактор, үш бензовоз алып Әлім өзі тартады. Түйешілердің жолымен тыңдан жол салып Ұзақпен айналмай, екі есе қысқа төте жол тауып бір күнде атаған жерге жетеді. Ол 114 километр. Колония соцында екі трактор бар еді. Соның біреуі бұзылып, біреуі соган айналып қалыпты. Шоферлеріне Әлім көмек жібереді.

Бұл марттың аяқ кезі. Әліммен бірге Құрманов барған-ды. Ол жолшыбай екі қаракүйрек атып алады. Абуталов деген шофері өнер көрсетеді. Шөпті алады. Бірақ қайта жүруге кешегі жол жарамайды. Еріп кеткен. Сонымен Сарысу ауданының «Көнекентті» басып жүретін жолымен бар көлікпен қайта тартады. Аса көп бейиңтке ұшырайды. Әлім озып кетеді. Машиналар алдынан трактор жібермек болады. Бұл жол тағы бұзылады. Бір жүк машинасы батып жатады. Ішінде өлген койы бар Сарысудың машинасы. Сол машинадан өтे берес Әлімнің машинасы да лық етіп барып, борбасқа түсіп кетеді. Құмда осы борбас ылай әсте қатпайды, жердің іріңі снякты ең жауыз қатердің өзі.

Түн болады. Аяз қатаяды. 40 градусқа жетеді. Бұлар сексеуіл ізден кетеді. Бір шал койшының үйін табады. Әйелі ауру. Шай іshedі. Шалдың түйесін зорға сұрап алып колонианы ізден кетеді. Үсте тои, аяқта етік. Сексеуіл көтеріп кешегі қалған машинаға келеді. Қараса «ГАЗ-63» тың машина түр. Онда Жарасов Әлімді ізден шыққан екен. Кешелер рациямен сөйлесіп хабарлағанда Карпов Жарасовқа «тез көмек ет те, Әлімнің соцынан бар!»— деген.

Сонымен бұл ізден шыққан екен. Содан кейін машиналар көле береді. Жарасов алып шыққан трактор мен женіл машина кейінгі колонианың батқан машиналарын шығарып алады. 100 аттық күші бар екі трактор екі-үш машинаны тіркеп бір-ак сүйреп шығады. Бар машинада шөп бар. Аяз қатты. Жарасовтың аяғы мазолы қанақашы шыққан жара, соны сексеуіл жағып ес жынып жылтырады. Осы кезде үстерінен баяғы Петро бұларды ізден үшады. «Егер орталарында обком хатшысы болса оң жаққа шығындар!»— деп записка тастайды.

Қысқасы бұлар сілі шөбімен, бар көлігімен Лігенеге жетеді. Малға отар-отар басына шөпті таратып беріп мал аузы жемге, шөпке қатар ілінеді. Бірақ осы кезде тагы бір сор болып кой қоздай жөнеледі. Март аяғы Ноян ауданының малына қорасын беріп көмек жасап келген Ұзақ ауданы сінді өзі апатқа ұшырай бастайды. Ол он бес мың бас майды бір «Көнекент» совхозының өзінен өлтірген.

Ұзак ауданының койы қаракөл оның Ноян ауданы койынан (бия-

зы жүн койынан) бір егде ерекшелігі бар. Қаракөл қозысы валюта-алтын. Онда «голова шкур» дейтін мән де бар.

«Көнекент» халі ауырлаған сайын Есдәuletovтың күзде Карповқа берген уәдесі, дерегі бекер екені анықталып ашыла береді. Шөп, азық бұл ауданда айтқан мезгілден бұрын бітіп қалған. Оның үстіне «Көнекент» малы қырыла бастады. Ноян ауданы ілгері жылжы алмай отыр. «Көнекенттің» болім бастығы Керімбек директор Әбдін алдаған. Оны жазалауға Есдәuletov карсы. Өзі сүйейді. Осымен бұл аудан қыс апатаңың үстіне жік әлегінші шырмауына ішінген. Бұл жайларды Әлімнен шет жағалап үшінгін Карпов өзі екі ауданға барып түсетін болады. Шолаққорғанға Карпов келіп Әлім, Жарасов, Құрманов, Есдәuletov, совхоз директорлары сонда жиылады. Карлов келумен жоғарыдағы үшінші саты оқиғалары басталады.

Карпов он бір кісімен келген. Келе сала Ұзақ ауданының хатшымы Есдәuletovты тыңдады. 25 мартқа дейін облысқа өтірік айттып келген. Екі мың бес жұз мал олғен деп хабарлаған екен. Қазір өткен малдың саны Есдәuletov кібертіктеп анықтап айта алмаганда Әлім білдірді.

— Бүгінде Құмкентте олғен кой саны он бір мыңға жеткен.

Карпов қыска әзірліктерің болмаған. Шебіміз бар, шопан жегілікті. Бар жерде су да жестеді. Коралар мол. Адам жеткілікті деп келгеніңдер. Бүгін бәрі өтірік бол шыкты. Су жок. Құмиан «Көнекент» койы жатқан жерден совхоз орталығына дейін 80—100 километр. Жолда су жок. Ұш күн айдаған. Бір шопан үш күн бойы аттан түснегең. Қозы да, кой да жолшыбай қырыла бастаған. Анығында күніне түске дейін 5 километр айдан суландырып, тынықтырып, түстен кейін тағы 5 километр жүріп отырып 8—10 күнде жету керек еді. Бұлар да үйлерді көшіріп әкеткен. Қойшы өзі де аш. Ишінде қозысы бар кой да өледі, қозы да өледі.

Карпов бар жұртты әр жерге таратты да Әлімді Ноян малына жібереді. Есдәuletov, Жарасов скеуін касына алды. Малды да, адамды да өзі көрмек. «Калини» совхозы Ұзақ ауданынықі. Содан кеп шопандарға араласты. Жасы 67-ге келген аппак сақалды бір шопан жылап жіберді. «Жәрдем көрмедік, қайдасыңдар!»— деді.

Карпов:

— Мынаны танимысын, бұл келіп жүрген жок па?— деп Есдәuletovты көрсеткенде танимай шыкты.

Енді бір кораға келсе бір кісі азгана шөпті кораңың төбесіне үйіп салып өз койына беріп, өзге койларды аш үстап отыр. Жақындағы Ноян ауданының шопандарына келді. Бар шопан Жарасовты таниды. Карлов Есдәuletovке сын айтады.

— Мынау ауданының малы өз жерінде емес. Жыракта бөтен жerde. Бірақ міне шебі де, тұзы да бар, жемі бар. Суды жылдытып та

беріп жатыр. Бұлар шаруаны системага келтірген. Сендер өз жерінде нағып жүрсің? Міне «Қөнекент» совхозы жол бойы тек өлген қойларын тасып жүр екен.

Жарасовка Қарпов колхоз малын көрсет деді. Оны да көріп Қарпов ырза болып тағы да Есдөустовке салыстырады да үрсады. Жарасов бұл жайды ынгайсыз көріп:

— Мен өз малымама кетейші,— деп қүндіз бірнеше отарларга соғады. Осылдан бірнеше күн бұрын Жарасовпен бірге киындықтарды кешкен Медет сияқты жас та, көп кәрі шопандар да мұныммен, Есентасевпен жақсы амандастып қарсы алады. Кешке уәде бойынша «Қөнекентке» Қарповка келеді. Келсе бұл совхоздың алауыз-қилаудының бәрі көриеккө шыққан. Жеке бір кісі, кейде екі кісі Қарповтың, Жарасовтың үстіне кіріп, «Карпов сіз бе?»— деп сұрап алыш: арызымыз бар, деседі. «Аттым Олжабеков, шопанмын!» Өз аты шынында Сарманов. Тағы біреуі атын өзгерти: «Шопан Күшібаев боламын!»— дейді. Өздері ішкіш, жалаңдаған қу адамдар да кездеседі. Бір сағаттың ішінде Қарповка бір уыс арыз жиналады. Қарпов соны түнімен, таңтертец де оқыды. Жамандағаны Әбді Есенов. Осы арыздарды жіберіп отырган Сыпатаевтарға ош, Әбдімен араз Қерімбек, Асылбек деген Жанаевтар.

Сыпатаев тегінде пәлекор адам. Ол полевод бол совхоз көлемінде жауапты кісі бол істейді. Қарнов жиналыс жасайды. Күн тәртібін атамайды. Жарасовка көмекті қалай үйстырыңың соны сөйле дейді. Бұл сол жерін айтады. Жыныста Қарпов екі ауданды да катты сыйнайды. Жарасов жолдагы судан кой өткізу керек, оған көпір салу қажет. Сол қаммен жыңғыл әзірледеді. Өткелі жатқан койды токтатып, «Қөнекенттен» ағаш алғызып көпір жасатады. «Красная Ниваның» 5 отар ісектерін өткізеді.

Қарпов трест совхоз бағытын да сыйнайды. Өзі малышлар жатқан жерлерді бірнеше күн жүріп аралаумен болады. Бұл кезде қар кеткен. Бірақ ол қарасуық. Екі жерде босана алмай жатқан екі әйслі қореді. Біреуі ісініп кеткен. Қарпов темір пеш алғызып береді. Біреуі үстінде қалың пальто, баласы бауырында кинжалып жатады. Енді соларға дәрігер, пеш сияқты қажетті Қарпов өз машинасымен алғызып, көмек етеді.

Шопандар жағдайы Қарповты қатты ауыр күйінш ойға салады. Жаны ашиды. Шалдар мен Медеттей жастармен әнгімелеседі. Оку бітірген жастың бұл жағдайда тұруы, шыдауы мүмкін емес екенин Медет ашып айтады. «Жоғарғы окуға түсү үшін өндірістік стаж алу үшін келіп едім, істедім. Бірақ өзініз ойлаңыз. Адам қасқыр емес, бұл жағдайда тұрып болмайды»— дейді.

Жас койшы және трактормен көп сибек істеген Егоров, Жұмаділов сияқты екі шофер Медетті қостайды. Самолет пилоты Петро же-

не де мұндағы тіршіліктің адам жайын ойламайтын топастықпен жүрген тіршілік екенін қатты айтсаады.

Айғенеде осы сөзге мергей қызы да қатынасады. Сол бір кеште Карпов көп-көп шынықты да естиді. Ауырталыкты да ұғынады. Аның, қақпашы шал Ұзак ауданының өзге совхоздары өлтірмей, тек «Көнекенттің» көп өлтіріп отыргаң себебін көлденеңпен әділ, қатты шынышыл сыймен жаксы ашады. Ол жіктің себебі. Жіктің бір жагы Есдәuletовтың өзіндегі. Бұрын кеткен райисполком Тоқбаевта. Сыпа-таев пен Жанаевтар сол жіктедің қалдықтары. Екеуінің кесірі малға тиді. Карпов тексеріп келгенде аудан жігінен басқа бұл екі адам араздығының себебі әйел бол шыгады. Әбдінің әйелі Құндызы. Қандай сұмдық жайлар. Құзде келгенде Бабатада ол уақыттағы сорлаған әйел жайын естіп еді. Енді мал атаулыны сорлатқан едеп ерекше «Көнекент» совхозының бүгін міне 11 мың койын өлтіріп отырган кесел-қырсықтың тағы себенишісі тағы да жазықсыз әйел. Бұл жайды Карповка осы кеште онаша сойлескендегі анықтап ұғындыраған Әлім Ерімбетов еді.

Әлім өзі бұл кезде шопандар арасында айға жуық жүріп үлкен өмір тәзінен өткендей. Даусы қарлығынқыран жуандаған, кол-беті қап-қара бол totыккан. Жұка сұлу еріні жарыла түскен. Жарасов та сондай айдан аса жүріп иеше түрлі бейнет кешіп әрі шынықкан, әрі ел таныған. Құмды білген. Шопан өмірінің бар бейнетін де бірге кешкен. Оның аяқтан кан ағызып жүріп сексеуіл ығында паналаганы, сексеуіл шоғының жанында жатын тыныс алғаны бәрі де Карповтарға мәлім еді. Бұл екі жас басшы қызметкердің екеуінің де өмірі біралуан. Бұларды жаксы әзірлеген. Карпов бүгін білді. Әлім моряк есебінде Балтық флотында бар согысты бастан атқарынты.

Жарасов армияда Военно-танковое училищенні бітіріп бар соғыс-ты бастан атқарған. 1942 жылдың 11 январында соғыска араласып 1949 жылдың 20 марта күні ескердең кайтқан. Алматыда Жогарғы партия мектебін бітірген. Кейін Баскентте обкомның бюросы болды, соңда Есдәuletов тағы да шынын айтқан жок. Әлім оны ұлтта қатты сыйнады. Әлім Ноян ауданы басшылығын да түгел актаган жок. Қасымов пен Жарасовтың койды құминаң айдауларын қателік, шығасының бас себебі дей келін, кейін, бірақ Жарасов кой басында, Қасымов ауданнан үдайы шәп, жем, машиналар, үйлерді мезгілімен жіберу арқылы көп малды амандал калуга себепші болды. Қателіктері бар, соның салдарынан «Бөгөн» совхозынан болса да аудан бойынша 9 мың кой өлді. Ұзак ауданнан бюро қараган күнгі есенте елген мал санын Карпов өзі жариялады: 20 мың кой өліпті. Сонымен бюро Есдәuletовты орынан алды. Қасымов пен Жарасовқа қатты сөғіс жариялады. Жұт аяғы әзірге осымен аяқталған еді.

Бесінші тарау (Қысқа варианты)

Бұл бөлімде бірнеше әңгіме, оқиға болады.

Бірінші оқиға

Қоқтем шагы. Айсұлудың көлхозы. Шөп көгеріп, өрік гүлдей бас-тагаи. Қайғылы Айсұлу мен анасы. Құзде болған оқиғаның жалғасы.

Сагит күзді күні Айсұлуға күнде хат жазады екен. Ол хаттарды Айсұлу оқымайтын. Қолыңа алғаш жерде жырта беретін. Ал сол хаттарында жігіт былтыргы қолың жарапағаны үшін «кеш, кеш, кеш» дей жазады екен. Жауап алмағанына карамайды. Жыртып тастайды деп те ойламайды. Ол өзінің бойына біткен сыңаржак, қыңырлық дәкірлігі бойынша қызды мүлде түсінбейді. Хаттарымды оқып жүр деп біледі. Сол себепті кейін үдайы бір нәрсөні және жаза береді. Оның «маган ти, мен сені аламын» деген сөздер болады. Ен соңғы үш хатында ол: «мен барамын да сені алым кетемін» дейді екен. Ен ушінші хатында «осыған жауап жазбасаң қарсылығынды айтпасаң менің дегенімек көнгенің» дейді.

Сонау анау сүмдүк түндегі іштің алым келгенде ол Айсұлу барды біледі деп, ұялғаниң жауап айтпай жүр деп, алым кетсем көніп көтеді деп өзінің топас ойымен берік байлау жасаған.

Енді бұл өткен айлар ішінде Айсұлу мен анасы қандай? Олар бәсінан кешкен қайғы салдарынан Айсұлудың жүргі дүниеге мұздаған. Шешесі Айсұлудың сауышылығынан қорқады. Ол бұл қыста қатты жүдеп жүзінде көк тамырлар, көз астында көлсөкке қалындағы түсті. Қоюланған берді.

Тек Арманың күмія құшып, иіскең бір жылайды. Шешесі Арманың көрпесі мен жастығын бауырына басып, тұншыққандай үншықпай Айсұлудан жасырын, құния қайғы шегеді. Айсұлу үшін Арманың бар кітабы, жазған жазулары, жатқан орны, бау ішінде, корада басып жүретін жолдары бері де ыстық та, қниайды да.

Қакпа алдына шықпауга тырысады. Дұшпан машиналың жан бауыры Арманды басқан жері, туган үйдің астынан азынаған көрдей, ажалдай созінеді. Шешесімен екеуі оңашада акырын сөйлескенде бұрынғы күніміз, өткен жазымыз, тіпті сол соңғы сор алдындағы кешіміз қандай ракат еді. Ол қандай бақыт еді деседі.

Тек соңғы жиырмада шақты құнисен бері гана Айсұлу кітапка қаралды. Сонысы шешесінің сол жұбанышындаиді. Бірақ Айсұлу ылғи ауыр, оқиғалы романдар оқитын. Бұл шақта абактыда отырған әлі соты бөлмаған Сагитқа сот болыпты. Ол соттың айналасында үлкен жауыз айлалы әрекеттер болады. Сагиттың ағасы, жәңгесі көптең іске кіріскең. Олар: кыз ырза болған. Уәделі күн байлаган. Інісі төбелес

шын арган. Сол жаңжал үстінде оқыста қаза болған деген лақаптар таратады.

Сагиттың туған нағашысы осы аудандың бастыры Бейсен жиені үшін қатты белесініп, іске араласады. Енді аудандық тергеуілі, прокурор, соттың да бастарын бұра береді. Осы сыйбысты естіп Тацат шал Нұрбұбімен сөйлеседі. Айсұлу жылан отырып, Тацатқа Арман үшін алысуды тілек етеді. Райкомга барыңыз, дейді. Ол райкомға барады. Райком хатшысы бұрын естіп жүрген жайды тыңнан Тацаттан сабырмен тыңдаш шығып, үгінады да талсырма бермек болады: үкім әділ болады, айынкер жазасын тартады, дейді. Өзі прокурорды шақырады. Бұған келер алдында прокурор мени СМУ-дың бастығы Бейсен арасында шытырмай сөз болады. Екеуі жерлес. Аудан соты Сагиттың ағайы болады. Ол да жінішкелеп, жезкармактан районполком бастығын өз жактарына ойыстырып койған болады.

Прокурор мени районполком әңгімесі болған. Енді, райком мени прокурор бұл жайдан сөйлесерде прокурордың Сагиттың жазасын жеңілдетер сиптаулары көбейген болатын. Сонымен сүмдік қылмыс болғаннан кейін үш ай өткенде сот болады. Сот шоферді мол жылдарға кеседі. Ол туралы ара түсін болыскан кісі болған жоқ-ты. Ал Сагитка барлыны үш жарым жыл кеседі де көбін кешеді. Енді екі-үш ай отырып, ол шығатын болу керек. Түрмеде отырып көзір ол Айсұлуға тағы да хат жазған. Тацат, Нұрбұбі, Айсұлу бұл хаттың үстінде енді жылзұ емес, ызага, алысу әрекетіне бекінеді. «Арман аруағы соны маған карыз етеді» деп Айсұлу барлық жайды айтты Тацатқа облыска, обкомға бар» деген тілек айтады. «Әділет ізле, әділет таң!» деседі. Өзі сот үкімінің әділ еместігін түгел айтты шешсі мени өз атынан Жәкеңе хат жазады.

Бұл хат өмір бойында Айсұлу жазған жүрек шерінің, шіміріккен санаасының, жан жарасының хаты. Жас жаиының шыңғырган үні, шырылдаган зары да сияқты еді.

Екінші оқиға

Жәкең Баскентте. Тацат обкомға келіп бұл шақта обкомның үгіт-насихат жөніндегі секретары болған Жайлышбеков Алмасбекке кіреді. «Осы дүниеде әділет деген бар ма?» деген сұраумен сөз бастап жайды айтады. Алмасбектің бұл әңгімені алғаш естігенді осы болса да аса қатты түршігеді. Айтқандарының берін қағазға түсіруді обкомда қызмет істейтін қазақ әйел Шалқароваға тапсырады. Ол шалдың сөздеріне жаңы түршігіп, күйіп барынча бұлар үшін алыспақ болады. Дәл осы күндерде Жәкең Әсия Әлимова екеуі Баскентте үшырасады.

Соңғы қүндерде Оңтүстіктергі Ленин атындағы ауданда болған Әсия ол жактагы көріп білгенін Жәкеңе айтып келеді. Жоғарғы бәлімде болған оқигаларға ең соңғы шақта қосылған жай Әсияның Нұрбұбімен, Айсұлумен ұшырасуы болатын. Тегінде Әсия Алматыдан Жоғарғы Советтен осы облыста салт-мәдениет мәселелері жөнінен келген комиссияның ариаулы мүшесі еді. Ол әйел халі осы облыста алғы аралуан сораки оқигаларды тұтызып жүргенін көп көрген. Салтка, үй ішін тұрмыска мәдениет, тазалик кіргізу жөнінде, аналыкты қастерлеу жөнінде жалпы казак қыстактарында балалар бакшала-рын, дәрігерлік орындарын дұрыстау жөнінде көп ойлап, ши-рығын жүрген.

Оңтүстіктің Ленин атындағы бай ауданы мәдениет жағына келгендегі өзгедең бүрін кемшілікке, наадандыққа бай, әртүрлі олқылыққа бай деп сөйлейтін. Ол Айсұлудың жайын естіп, үйлеріне өзі барған. Айсұлу мен Нұрбұбі екеуінің соңғы шақтагы тірлігінде жалғыз бір жақық кеш төрізді жылы шак осы Әсияның келіп отырган сагаттары еді.

Әсия Айсұлуды бауырына алғып, күшіп қысып, үлкен бір камкор апалық ақыл айтып, кайрат жиңуге, Арманды жақсы көргені үшін өлмеуі керек екенін жігерлендіре сөйлеген. Айсұлу сонда өлімді ойлайтынын, тірлікте қалғысы келмейтінін, көз жасы құргаган күйде өмірге сонша наразы, ызалы күйде айткан еді.

Әсия бұған кітаптар беріп кеткен. Кітап оқуға, ілгері қарай оқып өсуге және де көп өснептеген. Бірнеше күн әдей қасына алғып өз пәтеріне де апарған. Айсұлудың жүрек жарасын білгір бәлгер колымен сылағандай, сыйық қөнілін сылағандай болған-ды.

Сол жолда Әсия бұл үйге айтпай өз бетімен райком секретарыны, прокурорға жолықкан. Ол дәл сот болардың алдындағы үш күшінің іші еді. Әсия прокурормен ұрысын айрылысты. Прокурор Айсұлу мен Сагиттың арасын хат арқылы келіскең жақын жандар қалындағы хал етіп кисық баяндаган.

«Өлім әдей жасаған қастықтан туған жок. Ішіп алған шофердің мастиғынан» деген. Прокурорға наразы болған Әсия райком секретарымен зілді сөйлеседі. Өзі герой, өзі мақта шаруа жоспарларын бітірген, ауданы жақсы күйде отырган райком секретары будан қысылмайды. «Партия мен үкімет бізге бұдан үлкен мәсслені де сене білген. Сіз жалғыз келіп өздігінізben тергеу ісіне бас сұғасыз. Әйслдер үшінған үшқары, біржакты сөзді райкомға дәлелсіз, дерексіз алғып келесіз. Заң орындарын, ауданың жауапты, үлкен сенімді, тәжірибелі партия қызметкерлерін орынсыз сыйнайсыз. Әділетсіз тергейсіз. Осынысыз ие?»— деп өзіне қарсы кінә тастаган.

Ызаланған Әсия «дәл осы жұмыс оңай демеңіз. Прокурорға да, СМУ-га да әділет күші жетер» деп ауданнан түціліп қайтқан.

Айсұлудың хатынан басқа Жәкен Алматыда отырып. Әсиядан телефон арқылы жаңағы өзі көріп кайтқан халдерді біледі. Сонымен кәзір Баскентте әдейі Арманың жапқүйері, жоқшы әкесі есепті ариаң келген. Ол Таңатты, Әсияны тыңдал алып, енді Таңат атынан обкомға жазылған арыздың бір көшірмесін алды, Нил Петровичка барады да, барлық жайды баян етеді. Нил Петрович көп сөйлемей, көп шешу айтпай, үлкен салмакпен, катты ілтинатпен Жәкене іштей сене отыра бұл оқиғаны тыңдал шығады. Өзі Ноян, Ұзак ауданынан осы көктемде жана гана қайтып келген еді. Енді жаз шығып, мал атауларың аузы жерден шықкан көкке іліккен соң, күн жылдыған соң шопандардың да тіршілгі үлкен камқорлықты әзірше керек ете коймайтын.

Сонымен енді обкомның бір кеңірек бюросын шакырып, сол аудандардың жайларын тыңдай отырып, өткен тәжірибесінен жаңа байлау жасау керек деген іс соцында болатын. Енді жаңағы мәселелі естігенде былтырғы Бабатада естіп-білген әйел халі, әнеугі «Көнекент» совхозындағы жұттың себепшісі болған Күндышдай жазықсыз әйел жайы есіне түсті.

Мынау кайғылы қаза жаңа жағдайда, жаңа түрде әйел халіне қарсы ариналған кияс, кара күш қастығы. Осындағы ойда отырғанда Алмасбек Таңаттың арызын алды келеді. Екі секретарь қыска, берік байлау жасайды. Облыстық сот мүшесінен біреуді косып, тергейтін комиссия жібереді. Алда, жақында обком бюросы болмак. Соған барлық облыс қөлеміндегі аудандардың хатшылары мән председательдерін және үлкен әндірістердің директорларын, партия үйім бастықтарын шакыртады.

Ушінші оқиға

Арада он шакты күн өткен. Баскент қаласының көктем жылы күнінің ғүлдеген көрінісі. Совет көшесінде, Шмидт көшесі бойында қала бакшасы мен Пионер паркін ақырын, жаяу кезін әңгімелесіп жүрген Жәкен мен Әсия әйел халі туралы сын ойлар айтысады. Әсия өз аңдауы бойынша бір оқиғаны баян етеді. Биылғы қыста жақсы бір қойшы жас жігіт әйелінен айрылған.. Әуелі осы облыстың белгілі бір қаласында тұратын оқыған адамдар жақыны болады. Бірақ өзінің әке-шешесі бар. Қойшы жас Саматтан сый күтеді. Дәметкейн анық айтады. Қызды тәуір көрген табысы жақсы қойшы он мың сом бермек болады. Үйленіседі. Қойшы бес мыңды береді. Қалғанына той жасап, үй ішін безендіріп, ақшасын тауысын алады. Біраз уақыт өтеді. Қайны ақша дәметіп жүреді. Келіншегі босанып, кішкене қыз табады. Кейін қайын жұрты Саматқа ашуласады. Қызды қалаға шакыртады. Оқыған адамдар қолында қыз тұрып калады. Қойшыға әйелін қайырмайды.

Келіншек жақындарының азғыруына ереді. Қойшы неше рет келсе

бармай қояды. Киіз үйдегі қысқы тұрмысты катты сылтау етеді. «Ол өмір емес, қасқырдың іні. Бала жуынбайды. Өзінде тазалық жок. Үй сүйк, отын және жок!» · Қысқасы сылтауларының бәрі өзінше орынды. Калада өскен отырыкшы жайды мекені болған және оқып өскен жас әйел шынында койшының ауыр тірлігіне шыдай алмайды, көне алмайды. Бала және сылтауы болады.

Каладагы оқыган туысқандары оқытуышылар, партия мүшелері, ері-әйел екеуі де бұл келіншекті жақтайды. Оның сыртында әкенің калың мал алып болмаган, уәделі ақшаны алмаған өкпесі және бар. Ақыры койшы бірнеше ай әрі отарды сақтайды, әрі жалғыз әйелсіз өмір кешеді. Шыдамай қайта барады. Келіншегін тәуір көреді. Сейлеседі. Бірақ келіншек ермейді. Оқыган адамдар, үлкендер «зорлық ете алмаймыз» дейді.

Содан кейін бір жасар қызын койшы құшагына алып өзімен ертіп кетеді. Сол койшы Эсияға арыз еткен. Осындай кейде екі әйелмен тұру мысалдары да болған. Онда сылтау согыстан кейінгі халдер болады. Майданда өлген іні-аганың балаларына ие, көмек жасау үшін, пана болу үшін, қаңғыртып жібермеу, үшін алдық дейтін екі әйел алудың сылтауы болады. Мұндайлар біреи-саран болса да қазір картайып, кейбіреулері өліп, енді сиреген.

Айсұлу қайғысы облыс көлемінде әйел халіне ерекшеле көніл аудардың үлкен міндет екенін аңғартады. Жәкен мен Эсия екеуі де қазіргі жаңа когам жөнінде жауапты тұрде терең ойланатын азаматтар екенін аңғартады. Мұның екеуі де обкомының бюросын тосып қалған. Енді біразда жіберген комиссия қайтады. Ол Эсия естігеп халдер мен Таңаттың арызында баяндады жайларды түгел анықтап келеді.

Бірою болады. Әңгіме үлкені мал жұтатқан Ұзақ пен Ноян ауданы жөнінде. Бұл жай көп созылып айттылмайды. Ол аудандар кателіктерін, келтірген залалдарын биорода Әлім баяндайды. Үлкен сөзді Карпов өзі сейлейді. Шопандар халінің қынышылығын мал жайынан артық түршігіп айтады. Бұл облыс қызметкерлерінің бүгінге шейін көп басып адамдар аузынан естімеген сөзі. Карповтың зор азаматтық, лениншілдік сипаты адам камы жөнінде анық көрінеді. Ол Қазақстанда койылатын ең үлкен ескерткіш бүгінгі шопанга койылуғана лайық. Бұлардың өміріндегі біздің аз ескеріп жүрген және ең ауыр бейнетті, ең кесел қынышылықты және ең ұзақ еңбекті ерлік жок. Қой үнін алысу, адам үшін алысадан бастау керек дейді. Және Мойынқұмдай құмды, Қаратая, Алатаудай тауды немдене білу керек. Құм маңды асырайды, соның үшін құмның өзін де асырау керек. Ұзаққа баянды байлық жасау үшін Қазақстанда мал мәселесі мәнгі дұрыс орынды шешілу үшін үш шарт бар. Ең әуелі су, құмнан су шыгару. Екінші, жол. Нендей қымбатқа түссе де қысы-жазы маши-

шалар үздіксіз, іркүсіз жүретін жолдар керек. Үшінші, малга, адамға үй-жай керек. Тұракты үй-жай керек. Жалғыз ғана киіз үй жетеді, киіз үй қажет, соны беріндер деушілер мал қамын шындан ойлауышылар емес. Ол артта қалған көне күйді жактаушылар. Ондайлардың тіліне шок түссін!— деп ыздалана сойлейді.

Бұл жайлы өзі Алматыда, Орталық партия Комитетінде тыңдан, молынаң қаралатын мәселе етіп қоюды өз міндеттіне алады. Обком соган өкілдік тапсыруын өтінеді. Ал биылғы жылға келгенде Әлімнің айтқандары дұрыс. Ұзак ауданының секретары Есдәулетов көп мал елтірген үшін, бейкамдығы үшін және обкомға ұдайы үшікарды дәректер бергені үшін орнына алынады.

Ноян ауданының екі басшысы Қасымов пен Жарасов жаман еңбек істеген жок. Бірақ олар еңбекті мал жұттай бастаганда бастады. Қалайда малды жұтатып алды. Сондыктан екеуіне де қатты сөргі жарияланады.

Осы жыныс сеңінде сол кеңейтілген биорода жиналған секретарлардың, басшылардың бәріне де оқшау көрінген тың мәселені Карпов өзі күн тәртібіне қояды. Ол Арманиң өлімі. Осы жөнде Алмасбек Жайлышбеков баяндама жасайды. Комиссия деректерін айтады. Осы жынысқа әдепті қатысқан Әсия аудан қызметкерлерін әшікерелейтін жайларды косады. Алмасбек аудан секретарын, прокурорын, судьясын, Әблемәжінді, Бейсенді атап тұрып айыптаған еді.

Әсия сонын бәріне іштей нақтылы өмірлік дәл және психологиялық шірік тамырларды ашады. Ескінің қалдық санасты түстікте әйел мәселесінде азыр дерпті күйде арылмай жүргендерін өзі аралап қайткан аудандар халықиң баяндайды.

Айсұлу мен Нұрбұйнің халық аналық, бауырлық трагедиясы деп атайды. Аудан хатшысы Енбек Ері кібіртік сойлеп, әлсіз сүйық жауап береді. Бұл жөнде де Карпов үлкен терең міндеттер атайды.

Түстікте әйел правоносының шаралар айтады. Балалар бақшасы, әйелдер босанатын үй, бір жақтаң істелетін үлкен шаралар дейді. Екінші әйелдердің көпшілігін еңбекте тенелдіру керек. Бір жағына окуға, жоғарғы окуға көп тартылсын дейді. Жетіжылдықты бітіріп, тоқтап қалатын қыздар себептерін райкомдар айрықша аңдайтын болсын. Жоғарғы окуға казак қыздарын, мамандық окуға шала сауатты аналарды жіберу керек дейді. Колхоздағы жас әйелдер, қыздар арасында механизацияны меңгеруді зор үгіт ету керек. Сол үшін айрықша істер істелсін дейді.

Тұрмыста аналық әрекеттерде мәденинет күштейтілсін. Сол жөнде әйелдердің облыстық жиналысы өтсін. Әйел правоносы үшін обком айрықша жауапты шаралар атаулыны өз міндеттіне алсын, дейді.

Үзіліс уақытында Арманиң мәселесі жөнінде ол қысқа қatal ар

бүлгінде үкім айтқан. Бар күшін, зілін ауданиң хатшысына, партия басшылығына қадап тұрып, аса қатты салмақпен айыптап тұрып, басқа сокқандай батырып айтқан.

Үзіліс болады. Кулуорда мәжіліске катысадар әңгімелері жүре-ді. Бір-бір ауыз сөздерде «не болар екен» десіп сойлескендеге кейбі-реулер: «Ештеге етисайді. Осымен коя береді. Осы жетеді. Өтін кете-ді»— деп хатшыны жактай сөйлеушілер болады.

Кейін бюро байлау жасайды. Секретарға қатты қатал сөғіс беріледі. Прокурор, сот, Бейсен тегіс партиядан шыгарылады. Істері тергеуге беріледі. Сагит қылмысы қайта қаралатын болады.

Әсия, Жәкен Карновиен қала сыртынан шығып, біраз жүріп сейіл стін қайтысады. Романиң басындағы тәрізді сеніскеи, ойлы терең адамдардың жай мәселеде сыр ашып сойлескен үлкен мәнді, өнерлі, ойлы әңгімелері болады. Бұл сөздер, кездер Баскент айналасындағы сай мен тау, тогайлы бау, әсем гүлдер, хош ністі жабайы шоптер есекін жолдар бойында табиғат көркімен аралас баяндалып отырады.

Төртінші оқиға

Алматыда Үкімет үйінде білік кеңесін мәжіліс залында жауапты он-он бес қана адам арасында үлкен мәнді мәжіліс жүріп жатыр. Соңда Нил Петрович Карнов сөз алады. Мәселе мал шаруасының жайы. Окушымен бірге Карнов өзі өткен қыста Ұзақ пеш Ноңда көрін өткен жайды айтады. Бұл өзгеше бір ойлы, сынны, қатал түрде батыл айтқан өзара сын сөзі. Бұл сөздің осы мәжіліске бұрын айтылып көрмеген ауыр шыныдығы, мұлда тың, соны бір мәні болатын.

Карнов бірінші рет осы үлкен білік кеңеседе мал әңгімесі адамға байлағысты, малды айтудан бұрын ең алдымен шопанды айту керек, деп тұрып, өз көзі көрген шопан күйлерін санаиды. Он жесті күн бел шешпеген. Он күн бойында күн-түні баснанасыз жүрген, аязды боранда ыға жүріп, малын тастамаған көрін де, жасты да айтады. Екі жұмадай ыстық ішпеген, катып қалған таба наң сексеуіл кеміргендей талшығы болып, ішер сусыны қара суы да болмай қоймен бірге қар асан, күн кешсе де малды тастамаған. Қаңдай жауапты сана бастаған жандар. Сол кора-кора қойларды тастап кетсе, осы отырган біз не деп кінәлар едік, айынты деп айта алар ма едік? Солар сол еңбек ерлігін, азаматтық санаасын біздің үтітімізben істеді ме? Жок, тек қана советтік азамат арымен, қажырымен, тауандылығымен ғана атқарып шықты.

Әсіресе сол сүмдүк сұық, шарасыз дауыл боран астында жүргендеге совет малын тастап кеткен, дезертирлік жасаган бірде-бір шопан болмаған. Ал міне жаз шықты, жарым жыл өтті. Соңдагы бейнет

кешкен сан шопаниң біреуінен бір ауыз қыныдығын айтқан нара-зылығын жеткізген жалғыз сөз, жарым арыз болды мә!

Ендеше сол болмaganына сүйсніп, өздігімізбен ойламай, қысыл-май сол жандар үшін киналмай жүре бермекпіз бе? Қашанга шейін жүре бермекін? Ал өздері далада жүрген күйінде үйлері не күйде, семьялары не халде? Тіпті баспаңасыз болған киіз үйлері көшіп кет-пеген өз ауданында отырган, өз совхозы «Көнекенттің» жылдағы үй-реншікті консыныда, құдығында киіз үйін пана қып отырган аман деген шопандардың жаман күйі және қандай түршіктірелік. Қүнде де, түнде де шешіне алмай інгे кіргендей шеше тонының астынан кіріп екі-үш жасар, бес жасар балалар сүйк үйде дірдек қағады. Алты ай қыста жуынатын монша жок, жылы жагдай жок. Беттерде, бас-тарда жара бар, кірден болған. Ол ол ма, сол сүйк үйде, сүм жағ-дайда босанып жатқан аналар не күйде еді. Босана алмай ісініп кет-кен, шешінейін десе сүйк тиеді, шешінбессе бар киімі қысып терлен, кеткен. Исініп қабарып жатқан және өзі далада жүрген шопаниң жалғыз ғана серігі — жары.

Тағы бір әйелдің мен өз көзіммен көрген күні бауырында жаңа, ғана туған баласы жатыр. Ана қыбыр ете алмайды. Үй сүйк, Жаңа нәрестенің дымын құргата алмай, бойымен, өз стімен ғана жы-лытып, түнде ғана қоймен қайтып келетін күйеуін күндіз күрсін-түсіп қиналышп күттіп жатыр. Осының бәрі қашан бол отыр? Сондық-тан да үй, үй, үй, қойшының басына, оның үй ішінің басына күмда-да, далада да, тау бөктерінде де тіпті жазғы жайлалауда, жалғы жауын астында, бұршақ астында катты қара жел сағаттарында жау-рамасы үшін ыстық ас істерлік болымсыз мүмкіндігі үзілмес үшін. жылы, орынкты үй болу керек. Қойга да бар жерде есірессе көктемелі қоздар шакта түн баласында түгел сыйып ұдайы жататын қора, қора, қора керек.

Міне сол жағдайға адам мен малды қатар қойсак біз жүт деген масқарадан құтыламыз. Жол, су, қора-жай, жол болғанда қысы-жазы үзілмейтін берік мәдениетті жол. Тракторды керек етпейтін машина-лар бар, азық-жүгімен үнемі үздіксіз тауышан асып, даласын басып, күмдагы малга керегін тасып, қажет күнде деректі сағатта барды даяр қып отыратын жол-жагдай керек. Сонда жүт болмак түгіл женіледі, женілмек түгіл ұмтылады. Ал осы шаралардың бәрін, ең басын мал басындағы адам жөніндегі шарадан бастау шарт, дейді. Осы жынын тарихтық қаулы алады. Сол қаулыда әр жерлерде қора-лар салынып, шопан үйлері жасалу, дәрігерлік пункт, монша, мәдениет ошағы, көп жерлерде электр, радио, газет, журнал катышасы үзілмей түрү шаралары тегіс аталады.

Биылғы откен жұттың үлкен бір саналы, жауапты арлы ойдан, туган жігерлі байлауы осы еді.

Бесінші оқиға

Облыс нұсқауы бойынша Ноян, Ұзак аудандарында мал шаруасы жөніндегі үлкен шараптар басталады. Қоңыр жерлерде мал коралар салынып, тұракты орталық базалар іргесі қаланады. Әрбір базада мал кора, жем коры болумен қатар шопандар үйлері, монша, медпункт, радиолану, телефондану, лавкалар, пошта, мектеп сол жерлерде шынан, комбикорм алдын ала молынан төгілген болады. Адам үшін үн; кант, керосин, тагың сондай толын жаткан жағет заттар мол апарылады. Жақын жерлерде, босану үйі ескерілмек.

Карпов осы базаларға ерекше көніл бөліп, күш салады. Құдықтар қазғызу қамдарына көп қаражат құрастырып аду әрекетін жасайды. Ақша жетпей тұрса да бір жарым миллион сомды совхоз министрлігінен, облыс бюджетінен өз жауаптылығымен құрастырып шыгарады. Мал санын өсіруді жана совхоздар жасау арқылы бір Ұзак аудандарының өзінде жетіккілдік бойынша бір миллионға жеткізуді өздеріне шарт етеді. Сонымен қатар жылқыны өсіруді, калың табын қос-кос жылқылар басын өсіру шарт дейді. Ол күмдә әлі заманы кетпеген төлеуі жок көліктік құштісі, әрі халықтың жазғы қымыз, қыскы еті — жылқы етін ет комбинатында жаксылап пайдалануды, қазыны халықтың асы етуді, жаз күнінде қымызды Кентау сияқты өндіріс қалаларына дейін және бар шопандардың өздеріне мол жетерлік ас етуді шарт қыл кояды.

Сонымен қысты құнгі Ноян, Ұзак аудандарының қырылған койларының сүйегі жаткан жерлердің, өлкелердің бәрінде көзір жаз бойы күзге дейін базалар салудың әрекеті жүріп жатады. Халық науқаны есенті болады. Кей жерлерде комсомолдар ауысып келіп, жұмыстарға көмектеседі. Қоңыр жерде жергілікті заттар құрылышқа пайдаланылады. Тас коралар, құйған кірпіш құм ішінде сексеуілге шейін керекке жаратылады.

Карновтың үлкен бір мақсаты құмды суландыру, бар жерлерде құдықтар қазу программасын жасауға ауысады. Сол су болған жердің бәрінде ол жүгері екіншіге көншілікті үгіттейді. Ағаш орнатуды облыстың өзіндегі Шауілдір сияқты аудандағы Тұрсынбек Өмірзаков сияқты шопандарын ағаш еккен тәжірибесін пайдаланаады. Ол далада өзіне үш бөлмелі үй салған, ағаш еккен. Сондай әр жердегі үлгілі шопандарды мысалға атап Карпов өсіресе жаңалық ретінде ағаш егу, жүгері егу, шопандарға арнап үй салу жайларын қолга мықтап алғызады.

Осы қүндерде жаңағы істермен қатар мал баққан аудандарда казақ әйелінің халдері қындығын көп білайды. Сөйтіп бұл жөндегі шараптар бірнеше сала болып істеледі. Әуелі бес жүз әйел облыс аудандарынан Баскентке шақырылады. Әйелдер совенцаниесі салтқа

мәдениет кіргізу мақсатына арналады. Кеңесте Алмасбек баяндама жасайды. Карпов өзі сөйлейді. Осы жиылышқа келген Сағадат сөйлейді. Ол жиылыш соңында Баскентте окуга түседі. Осы шакта аудандан келген Медет келіп оған Әлім көмектесіп, ВУЗ-ға түсіреді.

Медет пен Сағадаттың Баскентте бақшада ұшырасқан кеші әңгімеленеді. Әйелдер жөніндегі үлкен шара облыс көлемінде балалар бақшаларын жасау.

Карповтың әрекеті бойынша аз уақыттың ішінде жиырма колхоз кеңесі балалар бақшасына беріледі. Облыс бойынша балалар бақшасын ашуудың тәжірибесін тарату үшін Ленгер, Георгиевка, Кептау сияқты аудандардағы жақсы бала бақшасының басқарушылары қазақ колхоздарын аралап жүреді. Ұйыстыру ісіне катысады. Кей колхоз бастықтары меп тәуір кеңесі бар ауылсовет бастықтары мен Алмасбек, Әлім, Карпов сияқты кісілер өздері сөйлесіп, үйлерін алып беріседі. Және бір үлкен шара 300 қызы шақырған мәжіліс болып, сонда Алмасбек, Оспанов, Демин, Әкішев сияқты облыстық газет қызметкерлері, Қадірбеков сияқты институт директорлары, облыстығы мәдениет бөлімін басқаратын Жексенбаева сияқты адамдар аудандарда жүріп, жақагы 300 қызы бас косқан кеңесін әзірлейді. Бұл қыздар ауыл шаруасындағы техниканы үйренуге байлау жасайды.

Бүкіл облыс қыздарына үндеу қабылдайды. Ауыл шаруасындағы механизацияны өз қолдарына алу шарасын істейді. Енді біразда 30 қыз комбайнер курсарын бітірген болады. Бұлар катарынан және де мақта тери машинасын баураған қыздар топтары белінеді. Солар өз ортасына Тұрсынай Ахунованы шақырады. Олардың ұшырасулары қазақ қыздарының осы аудандар көлемінде азamatтық батыл санаға басқашын анғартады. Бұл істе Карповтың қазақ әйел жөніндегі программдық өнімді мақсатының бір саласы болады.

Және де осы істермен қатар бір үлкен шара жақын аудандардан біраз оқып ауылда қалып қойған көп қазақ қыздарын қалага алрызып, жатақханаларда түркізады. Баскенттегі тоқыма өндірісі, химфарм завод, пресс-автомат, май комбинаты сияқты өндірістеріне болашақта маман етіп әзірлеу тәрбиесі әрекеті жүріп жатты.

Тұмаж айыгарда

Бұл шығарманың колжазбасы жазушының өз архивында (ЛММА, КПР — 1, папка № 128, 10—37 б.) сақтаулы түр. Жазылған мерзімі көрсетілмеген. Бірақ «Түнгі сарын» пьесасының планымен бір дәптерге жазылуына қарап 1933—1934 жылдары жазылды деп жорамалдауга болады. Осы шығармадан үзінді «Лениншіл жас» га-

зетінің 1966 жылғы 25, 27 сентябрьдегі сандарында жарияланды. Қазіргі басылым колжазба бойынша беріліп отыр.

Жазушы романда әңгіме болатын адамдардың кімдер екенін алдын ала, алғашқы бетте мына төмендегі снякты етіп жазған: «Тұман айыгарда. Тогыз тарау. Сейіл — Жоламан руы. Қадыр — Мамай. Смағұл — Сәлімнің әкесі. Самат — Сейілдің құрдасы — Бұзар. Қабыш — Салмактай руы, арғы атасы — Азибай, Тәрттоқал Азибайдан қосылады. Қаныш — Сейілдің әйелі. Әкбар — Қаныштың агасы — Асылбек балалары. Қасым, Қәрім — Әкімбек балалары. Қазына — Қази — Қабыштың тоқалы. Смайыл балалары: Слем, Әбіш. Сыдық, Әміржан, Гүлсім, Наурызбай, Тәсірберген, Қаратай — Тоқыш. Жәкец — Жансейіт. Асқар, Мәжит, Рашит, Нығметжан — үлтшыл оқығандар. Қамит — Атсары, Дәркеш — Қалдыбай балалары. Сепік — комсомол, Жүсіп — атасы. Жұматай ұста. Әмір — Сапар агасы. Жетпіс шал, Жамал — келіні. Сақыпжамал — Нығметжан қарындасы. Жортар — Қенжеталпак, Жакыпбек — Тәрттоқал. Облыс бастығы — Әзімжан, Өкіл Ескендір. Жұмысшы бастық — Қамбар. Қәрімқұл. Оспанбай. Сары. Карабала. Сатыбалды. Несібелді. Тансық. Ырысты. Әбдікәрім — Слем інісі, Мәрзия, Зәуре, Күмісбек құлдіргі.

МАЗМҰНЫ

Очерктер

«Түркістан» солай туган	7
Оңтүстік сапарынан	70
Шаяндағы шешен Керекең	102
Өскен өркен. Роман	107
Тұман айыгарда. Роман эскиздері	379
Түсініктер	422

Мухтар Әмархановіч Ауезов

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В ДВАДЦАТИ ТОМАХ

ТОМ СЕДЬМОЙ

Очерки и роман «Племя младое»

(на казахском языке)

Ответственный за выпуск
Акимов Талатбек

Редактор К. Узакбаев. Художник Т. Мухатов. Худ. редактор Б. Маралов. Техн. редактор С. Лепесова. Корректор Ж. Нургожина.

ИБ 1805

Сдано в набор 05.06.80. Подписано к печати 16.09.80. Формат 84×108^{1/4}.
Бумага тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 14,75+вкл. 0,19. Усл. п. л. 24,78+вкл. 0,31. Уч.-изд. л. 26,0. Тираж 30 000 экз. Заказ № 750. Цена 2 р. 50 к.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480049, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Мұхтар Әуезов Шымкент қаласы пионерларінің арасында. 1959 ж.





Мұхтар Әуезов «Октястік Қазақстан» газеті редакциясының жылдық көрнекіліктері арасында. 1959 ж.

Мұхтар Әуезов Шымкент қаласы пионерлардың арасында. 1959 ж.





Мұхтар Әуезов «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакциясының қызметкерлері арасында. 1959 ж.



Мұхтар Әуеев Шымкент қаласында Пресс-автомат заводының жұмыспары арасында. 1959 ж.



Мұхтар Әуезов әдебиетші, журналистер арасында. Солдан оңға қарай:
М. Жангалин, Е. Ысмайлов, М. Әуезов, Ф. Сармурзин.

Мұхтар Әуезов Шымкент қаласында Пресс-автомат заводының жұмышшылары арасында, 1959 ж.





Мұхтар Әуезов әдебиетші, журналистер арасында. Солдан онға қарай:
М. Жангалин, Е. Ысмайлов, М. Әуезов, Ф. Сармурзин.